ҰЛТЫМЫЗДЫҢ – ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

Қазақ елі ұлы ғұлама, ұлы ойшылдарының басқан жолы мен еткен еңбегін бағалап, елеусіз қалдырмай, мерейтойларын жоғары деңгейде атап өткен. Осыдан ХІ ғасыр бұрын өмір сүрген ойшыл ғұлама, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы және ХІХ ғасырда дүниеге келген қазақ әдебиетінің негізін қалаушы хәкім Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерей тойлары елімізде аталып өтілді. Осындай ғұламалардың ізін жалғастырушы, ұлт жанашыры, еліміздің келешегінің жанкүйері, ұлтымыздың – ұлы перзентінің бірі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстандағы салыстырмалы педагогика және оқулық сапасы мониторингі бағытының негізін салған, академик А.Құсайыновтың 70 жылдық мерей тойына арналған «Әлемдік білім кеңістігіндегі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа көкжиектері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілуде.

Бұл мерекенің әлемдік деңгейде аталып өтілуінің себебі, Академияның президенті А. Құсайынов 1976-1979 ж. Германияда жоғары техникалық мектепте оқып, неміс тілінде диссертация қорғаған. Салыстырмалы педагогика мәселелерін, оқулық жасау теориясын зерттеп, білім саласында оқулықтар мен монография еңбектерін жариялады. Академиктің жетекшілігімен шет елдердің білім беру жүйелері, Қазақстанның білім беру жүйелері зерттеліп, Қазақстанның білім беру саласын реформалау мен дамытудың жаңа үлгісін ұсынған. А. Құсайынов 31 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша ғылыми салалық терминологиялық сөздіктерін және қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздіктер сериясын шығаруға басшылық етті. «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» тақырыбындағы еңбегі жарық көрген.

Қазақ топырағында қаншама дана-данышпандар, ұлы тұлғалар артына өшпестей мол мұра қалдырған ойшыл ғұламалар аз болмаған.

Қазақ жерінің ұлы даласы қай дәуірде болмасын ұлы перзентерден кенде емес. Еліміздің Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы Қайнар ауылында дүниеге келген, 1991 жылдары Білім және Ғылым министрі болған Шайсұлтан Шаяхметов мырзаның өтінішімен білім беру сапасын көтеру мақсатында дұрыс шешімдер қабылдау үшін шет елдердің озық тәжірибелерін зерттеп, «Салыстырмалы педагогика» ғылымына еңбегі сіңген, А. Құсайынов ағамыз еліміздің ойшыл ғұламаларымыздың ізін жалғастырып келеді. 2018 жылы Педагогика ғылымдар академиясының президенті, академик А.Құсайынов білім беру сапасын көтерудің үздік әлемдік және отандық тәжірибелерін зерттей отырып, білім сапасын көтеру жұмыстарын ғылыми-тәжірибелік негізде атқару мақсатында Түркістан облысы бойынша Ордабасы және Төлеби аудандарында ішкі резервтерді тиімді пайдалану негізінде «Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбындағы эксперимент жүргізді. Басты мақсат– білім мен тәрбие сапасын көтеру, оның ішінде ауыл мектептерін басты назарда ұстап, ішкі резервтерді ғылыми-практикалық негізде жүйелі түрде пайдалану болды. Эксперимент тұжырымдамасы жасалып, бекітілді. Экспериментке қатысатын мектептің басшылығы мен мектеп мұғалімдерімен, ата-аналарымен ашық, еркін сұхбат құрды. Сұхбат барысында білім сапасы мәселесіне ғылыми негізде пікір білдіріп, бұл өте күрделі проблема екенін, білім сапасы қазіргі заман

талабына сай, жүргізілу қажеттілігін ескере отырып, «Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбында эксперимент жүргізілетіні туралы ашып айтты.

«Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбындағы эксперименттің тұжырымдамасы негізінде аудандық, аймақтық, мектепшілік жоспарлар түзіліп, ішкі резервтерді пайдалана отырып, білім сапасын көтеру мақсатында жоспарланған жұмыстар жүйелі түрде мерзіміне сай атқарылып отырды.

Экспериментті қолдау мақсатында мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету үшін Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасы, Педагогикалық Ғылымдар академиясы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті және Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰБ арасында төрт жақты Меморандум жасалынып, аталған мекемелердің тренерлері мен профессор-оқытушылары экспериментке қатысқан мектептердің мұғалімдеріне кәсіби қолдау көрсетті. Эксперименттің негізін қалаушы А.Құсайынов эксперимент жүргізілген жылдары, ай сайын бірнеше күнге келіп, сабақтардың өтілу барысымен эксперименттің жай-күйімен, тыныс-тіршілігімен, мұғалімдердің үнін тындап, қажеттіліктеріне құлақ түріп, тығыз байланыста бола білді.

«Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбындағы экспериментке өзім басшылық жасап отырған, Ордабасы аудандық «Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі де қатысты. Эксперимент барысында түйгенім, «Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбында жүргізілген эксперимент білім сапасын арттыруға оң ықпалын тигізді. Осы бағытта экспериментке қатысушылар алдындағы негізгі мақсат – эксперименттің негізгі идеясы: Орта білім беру жүйесі күрделі жүйе екені, оның 8 жүйе құраушысын ескере отырып жұмыс жасау болды. Тұжырымдама негізінде 6 бағыт құраушысының әрқайсысының сапасын, бір балаға, бір сыныпқа қатысты, көтеру мақсатында атқарылуы қажетті жұмыстар нақтыланды, оларды жүйелі түрде жүргізуге қол жеткізілді. Бір балаға сапалы білім беру үшін осы жүйе құраушыларының сапасын, сол балаға қатысты, жүйелі түрде көтеру үшін жұмыс жасалынды. Ол үшін мектеп, білім алушы, ата-ана үштік одақтың жұмысы басты назарға алынды. Ата-аналардың бойында мектепке деген ерекше көзқарас тудыру, білім алушының оқуға деген қызығушылығын арттырып, мұғалімдеріміз өз тәжірибесіне енгізген жаңа әдіс-тәсілдердің практикалық қолданысын кеңейтуі қажет болды. Эксперимент жұмыстарының негізінде мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген білім алушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, білім алушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір білім алушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін ескере отырып, жұмыс жасадық. Осындай жұмыстардың жасалуына ұйытқы болған академик А. Құсайынов, қажет жағдайда ата-аналармен кездесіп, ата-аналарды білімге шақырып, көркем, әдеби, ғылыми тілмен өз ойын, эксперимент мақсатын жеткізе білді. Эксперименттік зерттеу барысында академик А. Құсайыновтың елді болашаққа жетелейтін, бағыт-бағдар көрсететін көш-керуені, білім саласының ірі тұлғасы екеніне көз жеткіздім. Атқарған жұмыстарына, сөйлеу мәдениетімен, шығармашылық жолына үңіле отырып, академиктің білім деңгейіне, кеменгерлігіне, даналығына, ізденімпаздығымен, нағыз елдің патриоты екеніне таң қалмасқа болмайды. Адам баласын заман өсіреді. Асқарбек ағамыз әлемдік білім тәжірибесін, әдебиетін, мәдениетін, білімін зерттеген дарынды, жан-жақты білімді, парасаты мол, ұлтымыздың бағына біткен ұлы ұстазы деп танымын.

«Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбындағы эксперимент жұмыстары бағалай білген адамға аға буынға да, жас ұрпаққа да, келер ұрпаққа да құндылығын жоймайтын өмірлік бағдаршам.

Ұлт болашағы үшін игі іс жасау құрметі киелі үш жүздің басын қосқан Ордабасы ауданындағы біздің білім ошағымыздың, ұстаздарымыздың, білім алушыларымыздың басына қонған бақ іспетті. Бұл біз үшін үлкен мәртебе, тарихи маңызы бар жоба болды. Сондықтан білім сапасының артуы үшін еңбек еткен, еліміздің бағына біткен, өшпес мұрасы бар, дара тұлғаны, ұлтымыздың – ұлы перзентін әрбір ұрпақ білуге, оқуға, тануға, мақтануға міндетті.

Әдебиеттер:

1. Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов – Уикипедия WIKIPEDIA дерекөздері. <https://kk.wikipedia.org/wiki>.
2. «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» мақсатында Түркістан облысы Ордабасы және Төле би аудандарында 2018-2019 оқу жылында жүргізілген эксперименттің қорытындысы. – Алматы, 2019.
3. Білім сапасын ғылыми негізде көтеру. Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағы. Педагогикалық Ғылымдар Академиясы. Алматы, 2020.

*Н.С. Әлқожаева,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Педагогика және білім беру
менеджменті кафедрасының меңгерушісі*

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ АДАМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ БӨЛІГІ

Бүгінде бала тәрбиесіне қоғам дамуы, сұранысы тұрғысынан қайта қарау қажеттігі туындауда. Өйткені, баланың әлеуметтенуі, даму үдерісіне әсер ететін факторлар кеңейде. Орта (средовой подход) тұғырын, жаһандық мәселелерді жоққа шығара алмаймыз. Соның бірі әлеуметтік желілер, қазіргі таңда барлық жастағы балалар, тіпті үлкендердің өзінде бұл факторға тәуелді болып отыр. Оның үстіне әлемдегі болып жатқан пандемия қашықтан оқуды, білім алуды, жұмыс жасауды өзектендірді. Ал, бұл тағы да техника, цифровизация, ғаламтормен тікелей байланысты.

Рухани құндылық мәселесі кез-келген уақытта өзекті, сондықтан да оны мәңгілік мәселе деп қарастырамыз, ол кешегі мен бүгінгінің сабақтастығы. Бұл сабақтастық ешқашан үзілмеуі керек. Алғашқы ел Президенті өзінің «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында, «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді» [1], деп ұлттық рухтың жас ұрпақтың бойында қалыптасуы қажет екендігін және ол ғұламалардың мұралары негізінде жүзеге асатындығын, соның негізінде жастарды жақсы қасиеттерге баулуға болатындығына мән берген. Аталған ғұламалардың ой-пікірлері кейінгі ақын-жыраулар, жазушылар, ғалымдардың пікірлерімен сабақтасып отырады.

Еліміздің әлемдік ғылыми-білімдендіру қоғамдастығына енуі, ғылым мен білімнің дамуы жоғары мектепте білім беру парадигмаларының өзгеруіне алып келді. Ал, жоғары мектептің міндеттерінің бірі де тұлғаны рухани тұрғыдан дамыту болса, қолданысқа осы мазмұндағы білім беру парадигмалары ие болуы тиіс. Олай болса, әлемнің қазіргі заман талаптарына сай әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуы, өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің және қоғамның басқа да салаларының жаңа өлшемдерін талап етуде. Әлемдік экономикалық, қоғамдық, әлеуметтік даму барысында жастардың ортаға тез бейімделгіш, бәсекеге қабілетті болу қажеттіліктерді туындатты, адам капиталына, білім сапасына жоғары талаптар қойды.

Қазақстан Республикасы, әлемдегі басқа да мемлекеттер сияқты, заман талабына сай өзінің білім беру сферасын экстенсивті дамыту жолында. Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, халықаралық білім беру кеңістігіне ену тұрғысында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан білім беру жүйесіндегі көпсатылы реформалардың қазіргі кезеңі ең алдымен, бүкіләлемдік интеграцияға, оқу жоспары мен бағдарламаларын әлем тенденцияларына сәйкес түзету, сонымен қатар, жоғарғы оқу орындарында дайындалатын мамандардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату.

Қазіргі кезеңде жаһандану үдерісі – Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасуына жол ашты. Әлемдік өркениетке кірігуіне қатысты білім беру саласына қойылып отырған заман талабы-шығармашылықпен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп қалыптастыру [2]. Еліміздің ертеңінің тізгінін ұстар, өзіне сенімді, Отанымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қоса алатын, жан-жақты дамыған мәдениетті, білімді тұлғаны дайындап, тәрбиелеу қоғам алдындағы аса жауапты міндет.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев дамыған 50 елдің қатарына ену үшін «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, ...» атты жолдауында атап өткендей Ұлттық бәсекелестің қабілеті бірінші кезекте білімділік деңгейімен айқындалады деп баса айтуы – білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынасты қалыптастыруды көздейді [3].

Қазіргі заман «білім ғасыры», олай болса рухани құндылықтарды бағалауға бағытталған білім көлемі барлық білім беретін ұйымдарға тиесілі. Бұл берілетін білім деңгейі мемлекет пен қоғамның оңтайлы дамуының кепілі, десек теартық айтқандық емес. Бүгінгі таңда біздерге экономикалық және қоғамдық модернизация қажеттіліктеріне сай жаңа білім беру жүйесі қажеттігі айқын болып отыр. Мемлекеттің бүгінгі басшылыққа алып отырған стратегиялық, тактикалық міндеттері жақын арада және алдағы жылдары бәсекеге қабілетті әлемдегі елу елдің, отыз елдің қатарына кірігу болып отыр. Алдыңғы қатарлы, дамыған елдердің қатарына кірігу жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі негізінде әлемдік экономикалық рейтинг бойынша анықталады. Ал сол Индекстің он көрсеткішінің екеуі елдің

білім сапасы мен дамуына қатысты. Өйткені, бүгінгі өркениетті қоғамға сай болу үшін адамға күнделікті жан-жақтанағылып келіп жатқан ақпаратты, білімді жинақтап, қажеттісін ала білуі маңызды. Нарық заманында бәсекеге қабілетті болуы үшін де болашақ мамандар міндетті түрде білімді, қоғам сұранысына жауап беретін маман болуы тиіс. Осы орайда білім беру жүйесіне де өзгерістер енгізілуде.

Қазіргі таңда білімнің өркениеттіліктің өлшемі, тетігі, құндылығы есебіндегі алатын орны ерекше. Білімді құндылық ретінде қарастыруымыз – әрбір елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дәрежесі мен сол елдің білімі мен сол білімді сәтті қолдана алу деңгейі байланысының болуы есебінен туындайды. Және білімді нәтижелі әрі ізгі мақсаттарға сәйкес қолдануда жаңа нәрсеге қол жеткізу мүмкін болатындықтан да ол – құндылық бола алады.

Еліміздің білім беру жүйесіне өзгерістерді енгізу арқылы әлемдік білім беру кеңістігіне бағдар тұтуы білімге деген көзқарасты жаңаша тұрғыдан қарастыруды көздейді. Осыған сәйкес қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты жоғарыда айтып өткендей – білімді, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, дербес, ізденімпаз, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Ал жеке тұлға әлеуметтік ортада қалыптасады және білімдендіру үдерісі барысында, адамда саналы психикалық қасиеттердің пайда болып, биологиялық сапалар әлеуметтік сапаға ауысады. Бұл тұрғыда білімдендіру үдерісі субъективті қарым-қатынас жүйесі, яғни тұлғаның әлеуметтенуінің негізгі факторы мен реттеушісі болып табылады, демек тұлғаның әлеуметтік мәнін анықтайды және оның әлеуметтік жан иесі ретінде қалыптасуына жәрдемдеседі. Қарым-қатынас адамның тұлға ретіндегі жүйесін толықтырады. Осы параметр бойынша адамдар арасында салыстыру жүргізу елеулі айырмашылықтарды айқындайды. Яғни, білімдендіру үдерісі субъект-субъектілі қарам-қатынасқа негізделеді дегенді білдіреді. Осылайша білім беру үдерісінде гуманистік парадигмаға сұраныс туындаған.

Қоғамдағы өзгерістер ол ең алдымен адамды өзгертеді, сол қоғамға сай адамдардың болуын талап ететіндігін ескерсек, білім беру жүйесі – қоғамдағы адамды әлеуметтендіруші институт болып табылатындықтан онда да өзгерістер болатындығы айтпаса да белгілі нәрсе.

Білім беру саласындағы реформалар бір жағынан әлемдік білім беру кеңістігіне сай өркендеуге ұмтылса, екінші жағынан ұлттық болмысты қалыптастыру мақсатында мәдени-тарихи құндылықтарға сай өзіндік бет бейнесін сақтауды көздейді.

Қазіргі кездегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығы мен шығармашыл тұлғасын қалыптастыру мәселесіне қызығушылықтың артуы осы міндеттерді шешудің бағдары ретінде қарастырылып отыр.

Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев «...қазақтардың қайталанбас этикалық, психологиялық әлемі әлі жете зерттелмей, зерделенбей жатқан ғылыми дүние» [4] деп, атап көрсетуі де өте орынды. Яғни, өткенді жаңғыртып, зерттеу тарихи шындықты қалпына келтіру – қазіргі уақыт талабы.

Біздің ойымызша білім беру жүйесі мен мазмұнының өзгеруіне сәйкес жастардың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру арқылы болашақ ел иелерінің рухани ішкі дүниесіне белсенді түрде ықпал етуге және олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамытуға болады.

Білім беру жүйесінің, мазмұнының өзгеруіне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды халықтық идеологиядан, халықтық дүниетанымнан, салт-санадан, әдет-ғұрыптан бөліп қарастыру мүмкін емес. Сол себептен де тарихи-этнографиялық деректерді үнемі назарда ұстаған дұрыс. Сонымен қатар, педагогика ғылымы саласында жарық көрген зерттеулерге жасалған талдау, білім беру парадигмаларын басшылыққа ала отырып, рухани-құндылықтарды меңгерту мәселесі педагогикалық аспектіде зерттелмеген тың тақырып екендігі және психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен жоғары мектептердің жұмыс тәжірибесін оқып-талдау да, аталмыш мәселенің сырт қалғанын бүгінгі талап-тілектерге сәйкес келмейтінін байқатады.

Мемлекеттік оқу-тәрбие үдерісінде жастардың бойына рухани-құнды қасиеттерді қалыптастырудың теориялық негізі мен әдістері жасалған. Қазіргі білім мен тәрбие берудің мазмұны:

- еркін тұлғаны тәрбиелеу;
- рухани тұлғаны тәрбиелеу;
- ізгі, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеу сияқты нақты үш бағыттағы тәрбие мәселесін қамтитынын көруге болады яғни, жеке тұлғаны тәрбиелеп жетілдіру мәселесін рухани ізгілікке, ұлттық дәстүрге, дәстүр сабақтастығына, біртұтастыққа, жүйелілікке байланыстыра қарастыруды көздейді.

Рухани-құнды қасиеттердің қалыптасуы, жастардың мінез-құлық тәртібінің де сапасын анықтайды. Оның рухани-адамгершілік тәрбиесіне әсер ететін факторлар мыналар – қоршаған ортасы, табиғат, дене еңбектерінің түрлері, экономикалық жағдайлар мен ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар. Олар

жастардың мінез-құлқының, тәртібінің және қарым-қатынасы мен іс-әрекетінің өзгеруіне, адамгершілік жағынан жетілуіне мүмкіндік жасайды. Басқаша айтқанда оның қалыптасуына саяси, экономикалық, руханилық, адамгершілік факторлар мен биологиялық, психологиялық, физиологиялық факторларда әсер етеді, ал оның мәні, нәтижесі рухани-адамгершілік құндылық сипатынан көрінеді. Мысалы, жоғары мектеп студентінің рухани-құндылықтарды бойына сіңіріп қалыптасуы және дамуы – оның осы кездегі физиологиялық, психиканың дамуынан өзін қоршаған ортамен, отбасы мүшелерімен және жолдастарымен қарым-қатынастың дұрыс қалыптасуынан, оқу, білім арқылы өмірлік тәжірибе жинақтауынан және оны күнделікті қолдануынан көрініс табады[5].

Рухани-құндылықтарды тұлға бойына сіңіруде, олардың ішкі рухани қайшылықтары ықпал етеді, яғни рухани қажеттіліктері жатады, олар түрлі жан-дүниесінен орын алмайтын сыртқы әсерлердегі дағдылар мен әдеттер. Олар мұны өзінің жеке дағдысына, мінез-құлық ерекшелігіне сай келмегендіктен қанағаттанарлықсыз сипатта қабыл алады. Мұндай қанағаттанбаушылық өз бетінше дамуға деген қажеттілігін туғызып, дербес әрекет етуіне түрткі болады. Ал, оны орындауда ішкі қабілет ерекше рөл атқарады, бұл оның өмірінің шынайы белсенділігін танытады.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу – оқушылар бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру ғана емес, сонымен бірге олардың бойын жағымсыз қылықтарға, балалық еліктеулерден жұққан теріс мінез-құлықтар мен іс-әрекеттерден арылтуды талап етеді. Оларды рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеудің табысты орындалуы үшін, рухани-адамгершілік нормаларының белгілі-бір түрлерінің жастардың бойында, атап айтқанда, іс-әрекет үстінде, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас барысында, басқа ұлт өкілдеріне деген құрмет пен сыйластық сезімдерінде, сондай-ақ рухани-адамгершілік қасиеттердің қарапайым нормалары болып саналатын мейірімділік, қайырымдылық, сыпайылық, әдептілік, үлкен кішіні құрметтеушілік және қамқоршылық түрлерінде нышан беріп, көрінуін адамгершілік сана тұрғысынан сапалығын үнемі байқап, реті келгенде мадақтап, кейбір жағдаяттарды шешуде ақыл-кеңес сұрап, келісіп отыру[5].

Жоғары мектеп қабырғасында игерілетін білім мазмұны білім алушылардың ғылым негіздерімен қоса тәрбие заңдылықтарын да қамтиды. Білім – қоғам мәдениетін жасаушы, әрі сақтаушы, оны болашақ ұрпаққа жеткізуші басты құрал. Сонымен қатар білім беру арқылы оның іштей түлеуіне мүмкіндік бере отырып, оны рухани құндылықтарды жасауға насихаттайды.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар. «Егемен Қазақстан», 12 сәуір, 2017 жыл
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» Алматы. Литера, 2000.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2006 жыл.// Егеменді Қазақстан, 2006, мамыр
4. Назарбаев Н.Ә. Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу //Жұлдыз. – 2000. - №17. – 19-б.
5. Әлқожаева Н.С. Білім беру контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастыру: монография.-2-ші басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 208 б.

Б.А. Тұрғынбаева,
п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПЕДАГОГ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қазіргі білім көп деңгейлі, күрделі құрылымдардан түзілген, қарқынды дамып келе жатқан әлеуметтік, саяси, экономикалық үдерістер мен байланыстардан тұратын жүйе. Білім беру саласы серпінді, сондықтан да оның тұрақты өзгерістерге ұшырап отыруы заңдылық. Осындай өзгерістердің бірі 2017 жылдың 12 желтоқсанында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануымен байланысты білім берудің сандық форматқа ауысуы деуге болады. Аталған мемлекеттік бағдарламаның: «экономика салаларын цифрландыру», «цифрлық мемлекетке көшу», «цифрлық Жібек жолын іске асыру», «адами капиталды дамыту» және «инновациялық экожүйені құру» сияқты бағыттарда жүруі жоспарланып және оған қосымшада әртүрлі шаралар кешенін және жүйелі жұмыстар қабылдау болжанады [1].

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында білім беру саласында «цифрлық сауаттылық», «цифрлық педагогика», «цифрлық білім беру», «цифрлық дидактика», «цифрлық білім беру ортасы» ұғымдары кең қолданыла бастады. «Цифрлық педагогика» ұғымының мағынасы «электрондық педагогика»,

«виртуалды педагогика» және «технопедагогика» терминдері аясында қарастырылады. Осы терминдердің барлығының ортақ мағынасы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқытудың жаңа мүмкіндіктерін пайдалану дегенге келіп саяды. Демек, оқыту мен тәрбиелеудің формасы, әдістері, бағалау және басқару жүйелерінің басқаша айтсақ, педагогиканың дидактика саласының цифрлануы деуге болады.

Цифрлық дидактика білім беру процесінде заманауи сандық технологиялар мен құралдарды мағыналы және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді және «оқытудағы цифрлық құралдарды не үшін пайдалану керек?» және «оларды қалай қолдануға болады?» деген сұрақтарға жауап береді.

Білім беруді цифрландыру реформасы, ғалымдардың пікірінше, білім беру ұйымдарын сапалы бағдарламалық қамтамасыздандыру: білім беру ресурстарына, заманауи ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелеріне, әр түрлі тілдердегі электрондық ғылыми кітапханаларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелермен жабдықтау мүмкіндіктерін жасау. Білім беруді цифрландыру арқылы сапалы білім беру көрсеткіштеріне қол жеткізу сандық технологияларды, жасанды интеллектті, құралдарды виртуалды шындықты, сондай-ақ кең қол жетімділікті қамтамасыз ету және цифрлық білім беру ортасын құру, жекелей, даралай оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндіктерінің пайда болуы ретінде қабылданады.

Білімді цифрландырудың мына төмендегідей тиімді тұстары бар. Ең алдымен қоғамның *адами капиталын қалыптастыру* мәселесінің шешілуіне қызмет етеді. Адами капитал – бұл инновациялық еңбек қорлары, бәсекеге қабілетті және өнімді білім, зияткерлік капитал, барлық саладағы жаңа технологиялық үдерістер, сондай-ақ, әлемдік жаһанданатын нарықта мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін өмір сапасы. Сондықтан, адами капиталды қалыптастыру кез-келген елдің мемлекеттік саясатының түйінді мәселелерінің бірінен саналады.

Екіншіден, тұлғаның *өзін-өзі дамытуы мен тәрбиелеуіне* әсері мол. Себебі білім алушы бұл жүйеде өз бетінше жұмыс жасау, білімге ұмтылуды, іздеп табуды басынан өткізеді. Тұлғаның өзін-өзі дамытуы өзін-өзі жүзеге асыруы арқылы іске асса, өзін-өзі жүзеге асыру өз кезегінде шығармашылық әлеуетті ынталандырудың, шығармашылық ойлаудың маңызды шарты болып табылады. Мұндай әрекеттер тұлғаның білімі мен тәрбиесінің берік болуын қамтамасыз етеді.

Цифрлық технологиялар қазіргі кезде құрал ғана емес, сонымен қатар адам өмірінің *жаңа ортасы* болып табылады. Адамның қоршаған ортасы көбінесе оны қоршаған небір жағдайлардың, ықпалдардың жиынтығы деп ұғынылады. Ж.Ж.Руссо бірінші болып ортаны жеке тұлғаның өзіндік дамуының нәтижелі даму шарты ретінде қарастырған. Оның ойынша, баланың нақты мүмкіндіктері мен табиғи қажеттіліктері арасында теңдікті орнату негізінде әр жеке тұлғаға ерекше даму ортасы құрылғанда ғана тәрбиелеу жүйесі нәтижелі болады. Мұндай ортада жеке тұлға дайын білімдер алмайды, ол өзінің тәжірибесі негізінде тірі табиғатты бақылау процесінде білімдерді жинақтайды.

Сандық білім беру ортасы түбегейлі жаңа: сыныптағы оқудан кез-келген жерде және кез-келген уақытта оқуға көшу; білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын жеке білім беру маршрутын жобалау; білім алушыларды тек электронды ресурстардың белсенді тұтынушыларына айналдырып қана қоймай, сонымен қатар жаңа ресурстарды жасаушыларға және т.б. мүмкіндіктерді ұсынады.

2015 жылы 25-27 қыркүйекте Нью-Йоркте Әлемнің 193 Елінің БҰҰ Ассамблеясына, оның ішінде Қазақстанға тұрақты дамудың 17 Жаңа жаһандық мақсатына қол жеткізу бойынша мақұлдамалар келді. Цифрлық технологияларды дамыту осы тұрақты даму саласындағы 17 мақсаттың әрқайсысына қол жеткізуді қолдауға және жеделдетуге ықпал етеді. Солардың 4 – мақсаты *білімнің сапасын арттыру*. Ал білімнің сапасының артуы оқытудың жаңа технологиялары мен тиімді әдістерін шебер қолданумен тікелей байланысты. Сапалы білім беруді жүзеге асырушы, осы үрдістің басты кейіпкерлері педагогтар десек, олардың цифрлық оқыту жағдайындағы шығармашылығы мен креативтілігі алынғы орынға шығады.

Қандай да бір болмасын оқыту жүйесіндегі педагогтардың шығармашылығының маңыздылығы бірқатар мәндермен анықталады. Атап айтсақ, *әлеуметтік*, өйткені қоғамдағы болып жатқан түбегейлі өзгерістер мен сол өзгерістер жағдайында ерекше ойлау қабілеті бар жаңа адам қалыптасады; *ғылыми*, себебі зияткерлік және әлеуметтік саласындағы шығармашылық қабілеттерін танудың құралы ретінде қызмет етеді; *практикалық*, өйткені шығармашылықты тікелей дамыту үшін жаңа технологиялар қолданылады. Олай болса, сандық оқыту жағдайында да педагогтың шығармашыл болуы өте өзекті мәселе.

Белгілі ғалым М.М. Поташник әр оқушы, әр жаңа жағдай өзгеше болғандықтан, кез келген педагогикалық шешім қалыптан тыс жағдайдағы факторлардан туындайтындықтан мұғалім еңбегі

эрқашан шығармашылықпен байланысты деген пікір білдіреді[2]. Бұл пікірді әрі қарай тарқатар болсақ, мұғалімнің педагогикалық мәселелерді шешудің стандартты емес тәсілдерін, оқытудың жаңа әдістерін, формаларын, тәсілдері мен құралдарын бірегей үйлестіре алуы, белгілі әдістерді жаңа жағдайға сәйкес жаңғыртып қолдана алуы, білім алушылардың таңдана, таңырқай отырып ізденіс жасап, қызыға отырып тәжірибе жинақтауын ұйымдастыра білуі, сол жолда өзінің жоғары дамыған интуиция мен сәтті импровизациялау шеберлігін қолдана алуы шығармашылықтың көрінісі.

А.К.Маркова өзінің педагогикалық шығармашылыққа қатысты тағы бір пікірінде педагогтардың оқу мен өз бетінше оқуы педагогикалық ақиқатты өзіндік талдау, кәсіби өзіндік сана өз еңбегінде басқалармен қарым-қатынаста бола алуға бағытталуында екендігін атап өтеді. Кәсіби деңгейді қалыптастыруда ең басты роль тұлғаның өзін, өзінің кәсіби санасын жетілдіруіне, өз еңбегінде басқа адамдар мен жүйелермен қарым-қатынасын кәсібилендіруге беріледі деп тұжырымдайды[3].

Педагогикалық шығармашылық мәселесін белгілі бір сатыға көтерген ғалымдар В.А.Кан-Калик, Н.Д.Никандров бұл сапаның төмендегідей кезеңдерден тұратынын анықтаған. Мысалы: 1) педагогикалық ойдың пайда болуы; 2) түпкі ойды талдау; 3) педагогикалық ойды әрекетке айналдыру; 4) шығармашылықтың нәтижесін талап бағалау [4,5].

Цифрлық технологиялардың педагогтардың шығармашылығын дамытудағы әлеуеті зор. Олай дейтініміз, бұл технологиялар синхронды, асинхронды, әдістерді, мультимедиялық технологиялар, бұлтты технологиялар компьютерлер, ноутбуктар, ұялы телефондар мен басқа да электрондық білім беру ресурстарын қолдануды талап етсе, олар өз кезегінде педагогтардың бұл бағыттағы сауаттылықтары мен құзыреттіліктерін қалыптастырады және әрі қарай жетілдіреді.

Цифрлық технологиялар оқытудың әртүрлі педагогикалық нысандарын – сабақтар мен дәрістер фрагменттерінің бейне нұсқаларынан бастап тұтас авторландырылған базалық және элективті оқу курстарын әзірлеуге жобалауға және түрлендіруге мүмкіндік береді. Мұндай педагогикалық әрекеттер педагогтардың жаңа, стандартты емес, жаңаша ойлауына жол ашып, кәсіби мәселелерді шешуге шығармашылық тұрғыдан қарауға жағдай жасайды. Соның нәтижесінде педагогтар көптеген әдістемелік мақсаттарды сандық әдістер арқылы тиімді іске асырады.

Бүгінгі таңда оқытуда бейнедәрістер, чат-сабақтар, веб-сабақтар (қашықтықтан оқыту сабақтары, конференциялар, семинарлар, іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар, практикумдар және телекоммуникация құралдары мен Интернет желісінің мүмкіндіктері арқылы өткізілетін оқу сабақтарының басқа да нысандары), мультимедиадәрістер, слайдтарды синхронды көрсете отырып, интерактивті компьютерлік дәрістер белсенді қолданылады, бұл стандартты емес педагогикалық практикаларды әзірлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қашықтан жобалар жасай отырып, мұғалім бір уақытта өзінің шығармашылық деңгейін, бастамашылдығын арттырады. Осылайша цифрлы оқыту ортасы қарқынды білім беруді қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, сандық технологиялар оқушылардың да шығармашыл тұлға ретінде дамуына әсер етеді. Себебі олардың оқу іс-әрекетінің: жаңа материалды зерттеу, үй тапсырмасын дайындау және тексеру, өзіндік жұмыс, тексеру және бақылау жұмыстары, сыныптан тыс жұмыстар, шығармашылық жұмыс сияқты барлық түрлерін белсендіре алады. Дәл осы цифрлық технологиялар: электрондық оқулықтар, тренажерлер, презентациялар оқушыларға оқу материалының үлкен көлемін қызығушылықпен және тез игеруге мүмкіндік береді. Мұндай сабақтар қызықты хоббиге айналады, ал тақырып материалы баланың жадында ұзақ уақыт сақталады.

Қорыта келе, цифрлы оқыту, «ақылды», «SMART» технологиялар педагогтардың даралығын көрсетуге, педагогикалық шығармашылық стилін қалыптастыруға ықпал етеді деген қорытынды жасаймыз.

Әдебиеттер:

1. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Астана 2017 ж.
2. Поташник М.М. Педагогическое творчество проблемы развития и опыт. Киев. -1988. -189 с.
3. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: Знание, -1996. – 308 с.
4. Кан Калик В.А. Педагогическая деятельность как творческий процесс.–М.: – 1976. – 67 с.
5. Никандров Н.Д. Методологическое знание в педагогике. //Советская педагогика. -1984. №8 3-6 с.

*А.А. Булатбаева,
доктор педагогических наук, профессор кафедры
Пограничной академии КНБ Республики Казахстан*

ИНТЕГРАЦИЯ МИРОВЫХ СИСТЕМ ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Возникновение интеграции неразрывно связано с необходимостью удовлетворения фундаментальной потребности человека в социальном объединении, коммуницировании и взаимодействии. Кроме того, в современном взаимосвязанном и взаимозависимом мире интеграция становится ведущей закономерностью, основной тенденцией развития всех сфер социума, включая высшее образование.

Все мы знаем, сущностное значение слова «интеграция». Общее определение термина можно сформулировать как объединение, сближение или слияние частей, образующее общее, единое целое, но при этом сохраняя свою идентичность. Однако, данное понимание слабо отражает сущность интеграции в современных условиях. Страны могут сближаться, образуя при этом различные союзы, например, торговый, экономический, политический, культурный и так далее, сохраняя тем самым свою национальную идентичность. Основной целью интеграции можно назвать расширение объемов товаров и услуг.

В изучении интеграции как научной категории можно выделить три направления. Первое – рассмотрение логико-методологических и общетеоретических проблем интеграции (В. А. Энгельгардт, Г. Павельциг и др.). Второе – анализ вопросов интеграции дисциплин в отдельных отраслях науки и группах наук (Ю.А. Шрейдер, Г.Д. Гачев, Б.М.Кедров и др.). Третье – изучение педагогических аспектов интеграции (И.П. Яковлева, Н.К. Чапаев, Г.М.Добров, А.П. Беляева и др.) [1].

Остановимся кратко на некоторых определениях интеграции, наиболее значимых в контексте нашего доклада. Э.Г. Скибицкий, В.В. Егоров определяют интеграцию, как «совокупность последовательных системных действий, направленных на объединение отдельных информационно-образовательных сред в единое проблемное поле с целью подготовки специалистов высокого уровня компетентности в различных сферах профессиональной деятельности» [2]; М.Г. Жданова рассматривает интеграцию как «процесс, условия и социальный способ объединения различных элементов социальной реальности на уровне организационных форм их отношений» [3]; А.П. Лиферова, Е.И. Бражник интеграцию в современном образовании рассматривают как «процесс и результат межкультурного взаимодействия специалистов в области образования, который способствует развитию нового качества образования в европейском культурно-образовательном пространстве» [4].

Обычно выделяют статические и динамические эффекты интеграции в области образования. Так к статическим относят:

- расширение образовательного пространства;
- эффекты улучшения качества образовательных услуг.

К динамическим:

- рост и диверсификация образовательных услуг;
- развитие инфраструктуры;
- стимулирование НИОКР;
- поднятие качества грамотности населения.

Результатам интеграционных процессов в области высшего образования в Республике Казахстан можно отнести: реализацию кредитной системы обучения, переход на компетентностную модель подготовки специалиста, изменения в проектировании содержания высшего образования и развитие программ двойного образования, обновление социальных технологий управления обучением, а именно акцентирование внимания на развитие навыков академического чтения и письма для критического мышления, технологии диалогового взаимодействия и рефлексивного обучения, развитие массовых открытых онлайн курсов.

Интегрированная система высшего образования отличается следующими признаками:

- открытость – каждый обучаемый студент имеет индивидуальную программу обучения;
- направленность на самореализацию – профессионально-ориентированная среда позволяет получить максимум пользы индивиду и обществу;
- функциональная определенность – образовательный процесс в вузе ориентирован на решение конкретных образовательных задач;
- адаптивность – образовательные программы обеспечивают смежность и дополняемость специальности;

– диагностичность – студент сам самостоятельно может диагностировать уровень своих компетенций.

Анализ научных публикаций и докладов на научно-практических конференциях позволяет выделить **следующие направления изучения интеграционных процессов** в области высшего образования:

1) обобщение международного опыта интеграции образования и сравнение лидерства в области развития национальных систем образования;

2) влияние реформ в области системы образования на формирование конкурентоспособности и успешности национальных моделей образования;

3) теоретико-методические подходы к оценке эффективности формирования и функционирования интеграционных комплексов вузов;

4) оценка управления образовательным процессом высших учебных заведений по результатам подготовки и выпуска специалистов;

5) социально-психологические предикторы успешной интеграции и социализации учащейся молодежи;

б) вопросы академической интеграции.

Таким образом, интеграционные процессы в высшем образовании нацеливают вузы на новые, прогрессивные формы организации подготовки бакалавров и магистров, на внедрение в педагогическую практику форм, методов и средств открытого образования, на широкое использование в потенциала цифровой и когнитивной дидактики, информационных порталов и технологий. В этой связи, казахстанская сравнительная педагогика должна расширять и модифицировать данные и выводы специальных исследований и обеспечивать обратную связь с различными дисциплинами. Кроме того, сравнительные исследования должны быть ориентированы на анализ как положительных, так и проблемных аспектов международного сотрудничества, проектирования совместных программ и обучения иностранных студентов, механизмов сохранения национальной идентичности через создание казахстанского образовательного бренда.

Литература:

- 1 Чапаев Н.К. Педагогическая интеграция: методология, теория, технология: монография. – 3-е изд., доп. и перераб. – Екатеринбург: Рос. гос. проф.-пед. ун-т, 2019.– 372 с.
- 2 Скибицкий Э.Г., Егоров В.В. Интеграционные процессы в системы высшего профессионального образования//Сибирская академия финансов и банковского дела. – С.284-294.
- 3 Жданова М.Г. Понятие «Интеграция» в исследовании социальных процессов // JournalofSiberianMedicalSciences. 2009. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-integratsiya-v-issledovanii-sotsialnyh-protssessov> (дата обращения: 24.05.2021).
- 4 Бражник Е.И. Интеграционные процессы в современном европейском образовании. – СПб., 2001.– С. 53.

Кунакова К.У.,

д.п.н., профессор КазУМОиМЯ им.Абылай хана, г. Алматы

Кунакова Г.У.,

к.п.н., Академия логистики и транспорта, г. Алматы

ЗАКОНОМЕРНОСТИ ИННОВАЦИЙ В ОБРАЗОВАНИИ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН

Место образования в жизни общества во многом определяется той ролью, которую играют в общественном развитии знания людей, их опыт, умения, навыки, возможности развития своих профессиональных и личностных качеств. Реформирование образования в мировом масштабе обусловлено тем, что такие рыночные ценности, как производительность труда, эффективность, ответственность и конкурентоспособность, активно встраиваются в глобальные образовательные реформы.

В целях обоснования закономерностей эффективного реформирования системы образования в зарубежных странах были изучены результаты различных исследований в области сравнительной педагогики:

1) Мониторинговые исследования программы «Образование для всех на протяжении всей жизни» [1];

2) Отчеты и рекомендации, разработанные при исследовании качества образования в специальных проектах Международного бюро просвещения ЮНЕСКО (МБП), Международного института планирования

образования ЮНЕСКО (МИПО), Института ЮНЕСКО по образованию (ИЮО), Института ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании (ИИТО) [2];

3) Всемирные доклады Статистического института ЮНЕСКО (СИЮ) «Взгляд на образование» [3];

4) Проект ОЭСР «Показатели систем образования», или сокращенно ИНЕС (от английской аббревиатуры INES – Indicators of Education Systems). В рамках этого проекта была разработана (и соответствующим образом проверена) общая основа для определения показателей, сбора и анализа данных. Эти показатели предусматривают сравнение государственных и частных расходов на образование и исходные ресурсы (например, соотношение учащихся и учителей, соотношение учителей и административно-технического персонала, преподавательская нагрузка, годовая учебная нагрузка) [4];

5) Результаты международных исследований по математике и естественным наукам, или сокращенно ТИМСС (от английской аббревиатуры TIMSS – Third International Mathematics and Science Study) [5]. В состав этого крупного международного исследования входят три основных компонента:

- оценка знаний по математике и естественным наукам учащихся в возрасте 9 и 13 лет, а также учащихся выпускных классов средней школы;
- анализ учебных программ по математике и естественным наукам, включая содержание, последовательность изложения предмета и ожидаемые результаты обучения;
- анализ видеозаписей уроков в различных странах.

6) Источники по сравнительной педагогике по теме реформирования систем образования в зарубежных странах [6].

Изучение перечисленных источников позволяет ознакомиться с опытом педагогической науки и практики ведущих стран мира – США, Великобритании, Германии, Франции, Японии и др. Кроме того, на основании данной исходной базы возможно провести изучение сходства и различий в решении образовательных задач в разных государствах.

Как известно, роль образования, которая стала возрастать во второй половине XX века, нашло свое теоретическое отражение в ряде концепций социального и экономического развития, среди которых выделяются концепции постиндустриального общества, теория человеческого капитала, идеи деятельности общества и другие. Каждое государство, опираясь в качестве методологической базы на одну из обозначенных концепций, вырабатывает свою образовательную политику, как важнейшей составляющей политики государства, инструмента обеспечения фундаментальных прав и свобод личности, повышения темпов социально-экономического и научно-технического развития, гуманизации общества, роста культуры. Образовательная политика устанавливает на основе общественного согласия коренные цели и задачи развития образования, гарантирует их проведение в жизнь путем согласованных действий государства и общества. Следствием определения образовательной политики являются реформы образования.

Реформы образования – масштабная деятельность в форме социального проекта по изменению содержания, структуры, методов, форм образования; обычно эта деятельность носит государственный, в последнее время – межгосударственный характер. Реформы образования вызываются социальными потребностями, могут носить как эволюционный, так и революционный характер, могут инициироваться учеными, правителями, правительством отдельных стран, совместным решением правительств.

Новые цивилизационные вызовы закономерно приводят многие страны к новому «образовательному буму», к волне глубоких реформ систем образования – это происходит в различных странах: США и Великобритания, Германия и Финляндия, Китай, страны Восточной Европы, Юго-Восточной Азии и Южной Америки и т.п. Проводимые за рубежом образовательные реформы ориентированы на текущие и перспективные потребности общества, эффективное использование ресурсов, в том числе самих систем образования [7].

Обзор научной литературы позволяет выделить следующие закономерности эффективного реформирования систем образования в зарубежных странах:

1) осознание каждого уровня образования как органической составной части системы непрерывного образования, что предполагает решение проблемы преемственности между ступенями и уровнями образования. Одним из путей решения видится реализация индивидуальных траекторий образования как системообразующего элемента организации образовательной деятельности. Он присутствует, прежде всего, как технология, которой должны овладеть обучающиеся. Он реализуется через систему требований, критериев, ориентиров, которые находят отражение в зависимости от страны в тех или иных документах, нормативных и учебных материалах. Эффективность данного подхода выражается в появлении множества его сторонников в различных странах (США, Франция, Италия, Корея и др.).

Популярности индивидуальных траекторий образования активно содействует Болонский процесс в системе высшего образования.

2) индустриализация обучения, т.е. его компьютеризация и сопровождающая ее технологизация, что позволяет действительно усилить интеллектуальную деятельность современного общества. Примером тому можно привести реформы в системе образования Японии, экономика которой практически на 100% включена в процессы глобализации. Реформа образования в Японии направлена на формирование квалифицированных трудовых ресурсов, отвечающих современному уровню научно-технического прогресса и обеспечение наук творческими кадрами. Обращается внимание на раскрытие индивидуальных способностей личности, от чего во многом будет зависеть развитие страны в 21 веке. В эпоху информатизации, софтизации, венчурного бизнеса стране нужны не столько «трудолюбивые пчелы», сколько оригинально мыслящие специалисты.

3) переход от преимущественно информационных форм к активным методам и формам обучения с включением элементов проблемности, научного поиска, широким использованием резервов самостоятельной работы обучающихся. Исследования сравнительной педагогики показывают, что западноевропейские страны (Англия, Франция) отходят от консервативной системы обучения, обеспечивающей передачу знаний человеческой цивилизации, к гибкой, открытой системе, направленной на совершенствование качества обучения посредством повышения общенаучной грамотности учащихся, чтобы они понимали значимость постоянно возрастающей взаимосвязи и взаимозависимости науки, технологии и общества в современном мире.

4) стимуляция, развитие, организация творческой, самостоятельной деятельности обучающихся. В качестве примера можно привести скандинавские страны. Финская теория и практика педагогики призвана обеспечить политическую идею равенства. В качестве дидактической модели, обеспечивающий этот процесс, была избрана концепция американского педагога Блума «*mastery learning*», согласно которой центральным элементом учебного процесса является тщательная формулировка учебных целей и последующая детализация этих целей по отдельным шагам, где для каждого шага опять – таки точно формулируется учебная цель. Достижение этих целей должно быть своевременно отслежено. В Финляндии и Швеции «сильная школа» та, которая поднимает слабых и средних учеников на самый высокий уровень, до которого она способна подняться.

5) организация взаимодействия обучающегося и преподавателя и фиксируют необходимость организации обучения как коллективной, совместной деятельности обучающихся. Несмотря на традиционное восточное воспитание в духе уважения и почитания к старшим, нравственного поведения в программах по моральному воспитанию в Японии четко отражаются установки на «образование в целях формирования характера», «усвоения моральных качеств, желательных с точки зрения государства», создание основной гражданской морали». Современный курс морального воспитания предусматривает внедрение в сознание учащихся определенных социальных норм в виде моральных ценностей и формирования группового сознания. Учащийся должен отвечать за свои поступки и действия, занимать активную жизненную позицию, помня, что труд – основополагающая ценность, соблюдать базовые принципы повседневной жизни, учиться принимать решения без колебаний, при этом быть уверенным в своей правоте, сотрудничать друг с другом, способствовать порядку и дисциплине в группе. В Сингапуре же главной ценностью любой школы объявлен учитель, его профессиональное саморазвитие. Поэтому эффективность реформ образования зависит от учителя, как ключевой фигуры, а потому к учительской профессии надо привлекать «правильных людей», что незамедлительно повлияло на статус этой профессии. Население страны считает, что педагоги вносят большой вклад в развитие общества, чем представители другой профессии.

Закономерности реформирования образования в конце XX столетия основаны на общих принципах:

- интеграции всех воспитывающих сил общества, органическое единство всех социальных институтов с целью воспитания подрастающих поколений (Япония, Сингапур, Англия, Франция);
- гуманизации – усиление внимания к личности каждого ребенка как высшей социальной ценности общества, установка на формирование гражданина с высокими интеллектуальными, моральными и физическими качествами (Финляндия, Норвегия, Швеция, Япония);
- дифференциации и индивидуализации, создания условий для полного проявления и развития способностей каждой личности (Финляндия, Австралия, Англия);
- демократизации, создания предпосылок для развития активности, инициативы и творчества обучающихся и педагогов, широкое участие общественности в управлении образованием (США, Англия, Финляндия).

Реализация этих принципов предполагает изменение самого облика образовательной системы, ее содержания и организационных форм, что находит свое отражение в реформах системы образования. Воплощение в жизнь проводимых реформ востребует вливания финансовых средств, поэтому значительные изменения и новшества в образовании могут позволить развитие страны мира.

Считается, что расходы на образование оказывают как незамедлительное, так и отсроченное воздействие на капитал образования. Примерно две трети прямого эффекта реализуется в первые пять лет, остальная часть в течение следующих пяти лет. Например, прямое воздействие увеличения расходов на образование на 1 процентный пункт ВВП связано с повышением составного коэффициента охвата обучением на 6 процентных пунктов в течение пятилетнего периода и еще на 3 процентных пункта в последующие пять лет. По мнению экспертов ООН, «Увеличение расходов на образование на 1 процентный пункт ВВП связано с увеличением продолжительности обучения в среднем на 3 года и повышением годовых темпов экономического роста на 1,5 процентных пункта ВВП через 15 лет, что приводит к кумулятивному сокращению исходного числа малоимущих на 17%»[8].

Таким образом, выше изложенное позволяет сделать вывод об общих основаниях реформ системы образования в зарубежных странах. Ведущие страны мира сегодня ориентируются на новую философию образования, основанную на развитии способности к учению на протяжении всей жизни, формированию жизненно важных компетенций, созданию системы качественного образования. Приоритетами реформ в этой отрасли является построение широкого образования для всех и обеспечение индивидуализации обучения с учетом потребностей обучающихся, постоянное повышение качества образования в условиях глобализации экономики.

Выявленные особенности реформ системы образования в зарубежных странах на основе исследований в области сравнительной педагогики послужат основанием для разработки методологии инновационной стратегии развития казахстанского образования.

Литература:

1. Бражник Е.И. Особенности методов сравнительных педагогических исследований. // Исследовательская культура: методы, приемы, процедуры. – СПбю: – РГПУ. – 2005. – 267с. – с. 47-53.
2. Митина В.С. Развитие сравнительной педагогики в США // Методологические проблемы сравнительной педагогики. – М., 1991. – 93 с. С. 13-26.
3. История педагогики и образования / под ред. Пискунова А.И. – М., 2001
4. Мобильность для совершенствования обучения. Стратегия мобильности ЕПВО 2020.
5. Денисон Э. Исследование различий в темпах экономического роста.-М.,1971.-С. 245.
6. Петров В., Столбов В., Гитман М. Критерии оценки качества подготовки кадров высшей квалификации// Высшее образование в России.– 2008.– №8.– С. 13-19.
7. Андрейчиков А.В., Андрейчикова О.Н., Шленов Ю.В. Системный подход к оценке качества и конкурентоспособности образовательных услуг //Качество. Инновации. Образование. -2011 . -№2. – с. 2 – 8.
STEM жай ғана пәндерді біріктіру емес. Бұл XXI ғасырдың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін оқушылардың математикалық және ғылыми негіздерін дамыту үшін қозғалыс. Бұл қозғалыс оқушылардың өмірінде барлық салада ойлау жиынтығын, пікірталасты, командада жұмыс істеуді, шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді.

STEM сабақтары эксперимент сабақтарына ұқсап кетеді. Шынында да эксперименттік сабақтар болып келеді себебі ғылым тәжірибеге негізінде тұжырымдалады. Тәжірибе сабағынан STEM сабағының айырмашылығы неде? STEM сабағының ерекшеліктері:

1. Нақты сұрақтар мен мәселелерге бағыттау. STEM оқыту барысында оқушылар шынайы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешу жолдарын іздейді. Мысалы мынадай тақырыптар: мұнайдың төгілуі, судың ластануы, ауа сапасы, қоршаған орта тазалығы

2. STEM сабақтары инженерлік жобалармен басқарылады. Оқушылар мәселені анықтап алдын ала зерттеулер жүргізеді, бірнеше шешу жолдарын ұсынады, прототипін жасап қарастырады кейін тексереді. Оқушылар жоба барысында түрлі көзқарастарын білдіріп, қателіктерге бой ұрып оны қайта жөндейді. Оқушылардың басты назары шешімдерді әзерлеу болып табылады.

3. Практикалық жұмыстар және ашық зерттеу. Оқушылар бірлесіп жұмыс жасайды, бірге шешім қабылдайды. Оқушылар араласып ойларымен бөліседі, қажет болса жобаны қайта құрастырады. Олар практика барысында өз ойларын басқарады және өз зерттеулерін жүргізе алады.

4. Оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуі. Оқушылардың бірлесіп өнімді жұмыс жасауы әрдайым қиын. Сабақ мақсатты түрде өтуі үшін осы сабақты жоспарлаған мұғалімдер бірге үлкен жұмыс жасап сабақтың мақсатын анықтап бір тілде, бір рәсімде оқушы күткен нәтижеге бағытталған болса іске асады.

5. Математикалық және жаратылыстану пәндеріндегі білімдерін қолданады. Мұғалім мақсатына қарай сабақтарды математика, биология, химия т.б пәндермен интеграциялайды. Оқушылар пәнді жекелеген түрде емес бір бірімен байланысты екендігін көретін болады.

6. Бірнеше дұрыс жауаптар, қателерді болдырмау, қайта қарастыру STEM сабағының бөлігі болып табылады. Зертханалық жұмыстарда барлық топтарда бірдей жауап болады, бірдей нәтиже көрсетеді. Ал STEM де керісінше бірнеше жолдары мен жауаптары болады. STEM шығармашылық зерттеулерге мүмкіндік береді. Топтар жоба барысында қателесуі, мәселені шеше алмауы мүмкін бұл қалыпты жағдай. Қай тұста қателескендерін анықтап тәжірибені қайта жасайды. [3]

Әдебиеттер:

1. Таскенова Г.Е. «Функционалдық сауаттылық – тұлға қалыптастырудың негізі» – «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы, 2016ж.
2. Жунусова Ш.Т. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – өмір талабы», Алаша айнасы сайты 2018 ж.
3. Азизв Р. «Образование нового поколения 10 преимуществ STEM образования» 2015.

Ж.Ж. Абдраимов,

Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

ФАСИЛИТАЦИЯ СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУ ЖҰМЫСТАРЫН БЕЛСЕНДІРУ (ЖАНДАНДЫРУ) ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Замануи қоғамға өзгеше типологиялық құрылымдық тұлғасы бар оқытушы керек. Ол лабильді (икемді), өзін-өзі дамытуға және әрдайым қозғалыстағы, өзгермелі және әлеуметтік тапсырысқа ашық білім беру жағдайына қабілетті, өзінің кәсіби мақсатын түсінетін, педагогикалық қызметті маңызды басымдық деп түсінетін, үнемі қайта оқу мен жаңартуға дайын субъект болуы тиіс.

Бұл жерде студенттердің басым көпшілігінде сөйлеу, командада жұмыс істеу, талдау және мәселені шешудің оңтайлы нұсқасын табу қабілеттерінің жоқтығын мойындауымызға тура келеді. Сол себепті студенттерге оң қарым-қатынас тәжірибесін меңгеруге мүмкіндік беру өте маңызды.

Болашақ мамандарды олардың коммуникативтік құзыреті қалыптасу кезінде кәсіби қарым-қатынасқа даярлау білім беру процесі субъектілерінің тең құқылы ынтымақтастық жағдайындағы өзара қатынас түрінде қарастырылатын педагогикалық қарым-қатынас процесінде жүргізіледі [5].

Осы тұрғыдан педагогика мен психологияда ашылған фасилитация құбылысы (ағылш. *to facilitate* – жеңілдету, мүмкіндік беру, жердемдесу, қолайлы жағдай туғызу) қызықты болмақ.

Фасилитация термині латын тіліндегі «оңайлату, мүмкіндік беру, жылдамдату, ынталандыру» сөздерінен шыққан. Замануи еуропалық тілдерде бұл етістік әр кез ауыспалы, психологиялық мағынада «жеңілдету, көмектесу, мүмкіндік беру» мағынасын білдіреді [6]. Фасилитация дегеніміз қойылған мақсатқа жету үшін кедергі келтірмей, қайта жеңілдететін жағдайларды жасау және қолдау болып табылады [3].

Педагогикалық фасилитацияның мәні бірлескен қызметтің орындаушылық бөлігін білім алушыға дәстүрлі түрде бекітуден алыстап, маман-атқарымпазды қалыптастырудан белсенді, өзбетімен талдау жасауға және ерекше (стандартты емес) шешім қабылдауға қабілетті түлек даярлау үшін кәсіби білім беру [4].

Белсенді мінез-құлықтың қажеттіліктері мен мотивтері (себептері) өзара әрекеттесудің атқарымпаздық емес, бағдарлау бөлігінен құралады. Соған байланысты оқытушының міндеті – студенттердің

бойында пәнге деген терең қызығушылықты ояту және нақты оқудың мазмұнды мотивін тудыру мақсатында бірлескен бағдарлауға тарту, олармен бірқатар басқарушылық функцияларды бөлісу.

Біз педагогикалық фасилитацияны сапасы жағынан биік әрі замануи тәжірибелік талаптарға неғұрлым сай келетін кәсіпқой мамандар әзірлеу деңгейі деп санаймыз.

Іс жүзінде студентте оқыту процесіне қанша сұрақ пайда болса, яғни қандай дәрежеде белсенді болса, ол соншама білімді меңгереді. Егер білім алушылар қандай да болмасын себептермен тек қана дәріске қатысушы және оның мазмұнын машиналы түрде бекітуші салғырт тыңдаушы болып қалса, ешқандай материалды эмоционалды және логикалық құрып беру тиісті әсер бермейді. Әрбір адам материалды қабылдау үшін қанша саналық танытса, сонша білім алады [1].

Оқытуды фасилитациялау барысында оқытушы догматикалық әдістер мен тәсілдерді толық қолданбауға мүмкіндік алады, ал қажетті ақпаратты шығармашылық тұрғыдан меңгеруге септігін тигізген педагог, ойлау қабілетін қалыптастырып, белгілі материалдан мәселенің жаңа қырларын іздеуге баулиды. Ол оқытушыға студенттердің «үстінен» қарау емес, «бірге» болу позициясын иеленуге мүмкіндік береді және курс бойы талданып, жиі күмәндануға мүмкіндік беретін «іс жүзінде қалыптасқан мәселелерді білмейді» деген кінә тағылады деп қорықпауға үйретеді.

Сөйтіп, педагог зерттеуші болып қалады және ғалым ретінде өз келбетін жоғалтпайды, оқу бағдарламасының барлық сұрақтарына бір сарынды жауап беретін педагог-догматиктің бетпердесін тақпайды. Сайып келгенде, мұның бәрі студенттердің қызығушылығын арттырып, танымдық белсенділік көрсетуге жағдай туғызып, олардың кәсіби өзін-өзі тануын дамыту процесін оңтайландырады.

Педагогикалық фасилитация тұжырымдамасын жүзеге асыру бірқатар жағдайды қажет етеді: оқудың маңыздылығы, конгруэнттік, психологиялық қауіпсіздік, психологиялық еркіндік.

Оқыту процесінде фасилитацияны ұйымдастыру мақсатында осы жағдайларды сақтау дербестік, танымдық белсенділік, кәсіпті меңгеруге бағытталу сияқты қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл қасиеттер болашақ мамандарды дайындауда маңызды орын алады.

Оқытушы-фасилитатор оқытудың тиімділігін ең алдымен «оқытушы – студент» және «студент – студент» топтарында бірлесе жұмыс істеу үдерісін оңтайландыру есебінен арттырады.

Бірқатар зерттеулердің нәтижелері (НА. Баланюк, С.С. Бутко, Е.А. Гнатышина, Г.В. Дубовская, Е.Ю. Комарова, М.М. Кабанец, В.П. Тремясова, Ю.Н. Фролова, О.П. Шевченко және т.б.) фасилитацияны оқу процесінің әртүрлі нысандарында қолданудың орынды екенін растайды.

Фасилитацияның білім беру жүйесіне әсерін бірқатар авторлар өз еңбектерінде көрсеткен. Атап айтқанда, фасилитацияны педагогтың гуманистік әрекетінің құрамына енгізу «мәжбүрлеусіз көмек» идеясын, таңдау еркіндігін, жанама әсер мен белсенді педагогикалық әрекет, оқу-тәрбие процесін басқарумен біріктіруге мүмкіндік береді (О.О. Самсонова), оқу-тәрбие процесінде фасилитивтілік көріністерінің маңыздылығын және субъектілердің фасилитивтік және дәстүрлі қарым-қатынасының айырмашылықтарын баса айтады (В.М. Квас), фасилитация принципінің өзекті идеясы студентті оқу мінез-құлқының моделіне мәжбүрлеуден шықпайды, керісінше, нақты сенім мен қолдауға сүйеніп, оның әлеуетін ашып, өзін өзі тануға талпынысын қолдайды (Р.С. Димухаметов), фасилитивтік білім беру педагогтың білім алушылардың бар тәжірибесін өзектендіру бойынша ішкі жұмысынан, өзара топтық әрекеттесу негізінде өзбетімен білім алу процесіне бастамашылық студент тұрады (А.И. Каряка).

Фасилитатордың басты міндеті – студентке жоғары оқу орнында оқудың негізгі нәтижесі қарқынды да сауатты білім іздеу қабілеті екенін жеткізу. Білім алу мақсатын таңдауда статикалық білім емес, тұлғалық өзгерістер маңызды [4].

Әр кез және жылдам жүріп жатқан кең көлемді өзгерістермен сипатталатын қазіргі әлемде білім беру процесінде оқытудан гөрі білімге басымдық беру қажет, оқытуды ақпаратты тарату түрінде емес саналы білім алу процесін фасилитациялау (белсендіру, қамтамасыз ету және қолдау) арқылы ұйымдастыру қажет.

Қорыта келе, оқытуды ынтымақтастыру әдістемесін қолдану дәстүрлі тәсілден бас тартуды білдірмейтінін айтпақпыз. Барлық топтық оқыту мәселесін зерттеушілер мұндай қызмет түрі дәстүрлі тәсілдермен тығыз қатынаста ғана оң нәтиже береді деген қорытындыға келеді.

Әдебиеттер:

1. Зеер Э.Ф., Личностно ориентированные технологии в обучении // Повышение академического уровня учебных заведений на основе новых образовательных технологий: тезис докл. VI науч.-практ. конф. (Екатеринбург, 7–11 декабря 1998). Екатеринбург, 1998.
2. Выготский Л. С. Педагогическая психология.– М.: АСТ, 2012.– 156 с.

3. Rogers C. Freedom to learn: A view of what education might become. Columbus, OH: Merrill, 1969. 376 p. URL: <https://archive.org/details/freedomtolearnv000roge/page/n13/mode/2up> (дата обращения: 06.09.2020)..
4. Скопкарёва С.Л. Фасилитация в профессиональном образовании и система оценки качества образовательных результатов [Электронный ресурс]. URL: www.ipkpro.ru/library/method/tradnov/2012/2/Skopkareva.doc (10 июня 2014)
5. Райс О. И. Фасилитация как метод интерактивного обучения // Психология, социология и педагогика. 2014. № 7. URL: <http://psychology.snauka.ru/2014/07/3317> (дата обращения: 06.12.2020).
6. Чуева М.Ю. Педагогическая фасилитация. Опыт применения в высшей школе // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по мат-лам XXXIII Междунар. науч.-практ. конф. Новосибирск: Издательство СибАК, 2013. № 10 (33). С. 109–116.
7. Шахматова О. Н. Педагогическая фасилитация: особенности формирования и развития // Научные исследования в образовании. 2006. № 3. С. 118–125.

*Ш.Ж. Арзымбетова, А. Жақан,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ.*

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА КӘСІБИ БАҒЫТ БЕРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Кәсіптік бағдар – бұл мамандық таңдаудағы жеке икемділіктерінің, қызығушылығының, кәсіптік ынтасына және қоғамның әр-түрлі деңгейдегі квалификациялы және әр-түрлі мамандық кадрларына сұранысымен жастарды дайындаудағы бағытталған іс-әрекет.

Дүниежүзінде бәсекеге қабілетті ел болу үшін, бәсекелестік деңгейінде өнімдер өндіруге, бар байлықтың барған сайын құнды болуы, жаһандану үдерісінің талаптарына сай болуға шақырады. Ол талап мектепте оқушыларға кәсіптік бағдар беру ғана емес, нақтылы кәсіби бағдарлау міндеті болып отыр. Қазақстан Республикасы 12 жылдыққа көшу бағдарламасының жалпы білім III сатысында тереңдетілген кәсіби бағдарлы білім беріледі. Ол оқушыларды дара қабілеті мен өзіндік қызығуларына қарай негізделген кәсіпке даярлықты жүзеге асырады делінген [1].

Қазіргі егеменді еліміздің жағдайында кәсіпкерлік пен кәсіптік білімді жас ұрпаққа бере білуде, оларды мамандық даярлауда қазақстанның білім заңында айқындалып жазылды. Елбасының тікелей басшылығымен кіші кәсіпкерліктер, фермерлік шаруашылықтар құрылып, олардың әрқайсысының өздеріне маман даярлауға мүмкіндіктері бар. Демек, мұның өзі мектепте маман дайындау ісін жолға қоюды талап еткендік деп айтуға болады.

Кәсіптік бағдарды іске асыра отырып, төмендегілерді есепке алу керек:

- кәсіптік бағдар барлық оқушыларға қажет және ол тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасауы керек;
- кәсіптік бағдар барлық оқу-тәрбие жұмыстарының интегралдық бөлімі болып табылады, сондықтан да мектептің барлық оқу және тәрбие бағдарламасында мектептегі және мектептен тыс жұмыстарда басты орын алуы қажет.
- кәсіптік бағдар жұмыстарын бастауыш сыныптарданбаланы мектепте тәрбиелеу және дамытудан оқудың алғашқы жылдарынан, бастап жүргізу;
- тұлғаның қасиетіндегі негізі объективті критерийлері оқушылардың іс-әрекетінің айқын жағдайларындағы көрсеткіші (оқушыны жұмыста тексеру нәтижесі), яғни оқушылардың қасиетінің сабақтарда, мектеп шеберханаларындағы сабақтарда, оқу тәжірибе бөлімдерінде, пән көркемдік және техникалық үйірмелерде және қосымша курстарда, өндірістік тәжірибеде қоғамдық және қоғамдық пайдалы еңбектерде көрінуі;
- оқушы тұлғаны дамытудағы негізгі жағдай оның айқын жағдайлардағы іс-әрекеті болып табылады;
- барлық оқу-тәрбие процесі кезінде кәсіптік қызығушылықтарды икемділіктерді, мотивтерді оқушылар ойын сонымен қатар мамандық таңдау мотивтерін басқаруды тәрбиелеуді қалыптастыруға және дамытуға аса көңіл бөлу қажет;
- кәсіптік консультация, ұзақ жүйелік және оқу барысы кезінде оқушыны тәрбие және өнімді еңбек жан-жақты болғанда ғана іске асады;
- кәсіптік бағдардың іс әрекетінің, оның нәтижесін тексеру және бағалау, мектептің, отбасының және қоғамның нақты жоспарын талап етеді;
- кәсіптік бағдарды ғылыми басқару үшін кәсіптік бағдар қызметінің болуы керек [2].

Мамандық таңдау – жауапты да күрделі іс-әрекет. Кәсіп пен мамандық ұғымдарын қамтитын түрлі қызмет салалары өте көп. Тек кәсіптік техникалық оқу жүйесінің өзінде ғана 1500 – ден асатын кәсіптің түрі бар екен. Ал, жалпы қоғамдағы мамандықтың қазіргі кезде 30 мыңнан асады екен. Сол үшінде мектепті бітірген жастардың алдында қаншама кәсіптің ішінен өзіне қажетті біреуін таңдау міндеті тұр. Бір адамның бірнеше кәсіппен айналысуға білімі, қабілеті болғанымен соның ішінде біреуіне ғана ынтасы ерекше болады. Оқушылардың мамандық әлемінде адаспауы үшін оларға көмек беру керек. Ол үшін мынандай мәселелерге ерекше көңіл бөлу керек.

1. Оқушының таңдаған мамандығы еңбек рыногында сұранысқа ие ме? Сол аймаққа (өңір бойынша) қажетті мамандықтарды айту, мамандығының болашағы туралы, ол алдағы уақытта керек пе, жоқ па.

2. Мамандықтың адамға қоятын талаптары, яғни еңбекке даярланғының (жан-жақты; медициналық және т.б.) болуы. Профессиограммаларды білу қажет.

3. Мамандыққа оқыта отырып сол адамның қабілеттілігін білу. Мамандық таңдауда сынып жетекшісінің, пән мұғалімдерінің, ата-аналардың атқарар ролі ерекше. Әлеуметтік педагог мамандық таңдауда әр-түрлі әдістерді қолдануына болады. Соның ішінде анкеталық сұрақтар беру, жеке әңгімелер өткізу және т.б. Кәсіптік бағдар әдістері әр-түрлі. Оқушының (жеке тұлғаны) зерттеу мақсатында педагогикалық бақылауды, іс әрекет қорытындысын (талдауларын) оның оқу биографиясындағы нәтижесін, анкеталық, интервью алу, әңгімелесу, социометрия, психолог-педагогикалық және лабораториялық эксперименттер, психологиялық тестілерді қолданылады.

Кәсіптік ақпаратта әңгіме, демонстрациялау, лабораториялық және практикалық тапсырмалар, кітаппен жұмыс.

Кәсіптік консультация ұзақ жүйелік бақылау және түрлі оқып үйрену әдістермен жүргізілген бақылау көмегімен анықталған және нақтыланған, сонымен қатар консультация кезінде психологиялық және лабораториялық эксперимент, медициналық және түрлі әдіс көмегімен тұлғаның мінездік қасиеттерін есепке алады.

Кәсіптік бағдар беру әдістерінің сан қырлы салаларын екі топқа бөліп көрсетуге болады;

а) оқу процесіндегі іс-әрекет кәсіпорнындағы өндірістік практика;

б) сабақтан тыс жұмыстар барысы.

Ұжымдық әдіспен топ, бригада болып жұмыс істеу жақсы жетістіктерге жеткізеді. Кәсіптік мектептің оқу жоспарының кешеніне қоғамдық, жаратылыстану, математика, кәсіптік-техникалық білім салалары енгізіледі. Бұл салаларда кәсіптік бағдар берудің мақсат міндеттері айқындалады. Оқушылардың үздіксіз білім алу жүйесінде әлеуметтік кәсіптік тәрбие беру ісі оң нәтижелерін көрсетуде. Сондай-ақ жоғарыда атап көрсетілген жүйені мектептерде ғана емес, кәсіптік мектептерде де іс жүзіне асыру мүмкіндігі мол.

Оқу-тәрбие жұмысы кезінде арнайы кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу оқушылардың мамандық таңдауына үлкен әсері бар. Өндірістің ғылыми негіздерін үйрету оқушылардың қызығушылығының қалыптасуына, олардың икемділігі мен қабілеттілігінің артуына жағдай жасайды. Оқыту кезінде оқушылардың ғылымның көптеген жақтарына қызығушылығы артады: физика, математика, химия, биология, әдебиет, т.б. Оқу үдерісінде оқушылардың кәсіптерімен таныстыру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізу, кәсіптік ынта-ықыласын тәрбиелеп, дамыту – оқушыларды мамандық таңдауға әзірлеудің басты шарты. Әрбір елді мекендегі, аудандағы, қаладағы өндірістік айнала оқушыларды еңбек әрекетінің көптеген түрлерімен таныстыруға мүмкіндік береді. Мектептердің алдына халық шаруашылық қажеттіліктерін және шаруашылықта нақты жағдайларын ескере отырып кәсіптік бағдар беруді жүйелі түрде жүргізу міндеті қойылған. Бұл мақсаттар үшін жаңа пәнді оқып, үйренудің барысында кіріспе сабақтарын ойдағыдай пайдалануға болады. Оқылатын пәнге ынта-ықыласын тудыруда әдетте бірінші сабақтың маңызы зор.

Кәсіптік еңбекпен таныстыру мұғалім бағдарламасының көптеген тақырыптарын өткенде:

– электр тізбегін құрастыру;


– тізбектегі түрлі учаскелеріндегі тоқтың кернеуі мен күшін өлшеу;

– өткізгіштің кедергісін анықтау, т. б. [3].

Өткенде бұл білімдердің қайда және қандай өндірістік үдерістерде пайдаланындығына оқушылардың назарын аударады. Сонымен бірге контакт жүйесі дистанциясының кезекші техникі күн сайын кернеуді есептеп отыратындығымен таныстырады. Ол кезекте техниктің жұмысы жайлы толық түсінік беріледі. Кәсіптік бағдар беру үшін пайдалануға болатын сабақтардың келесі түрі тақырып, тарау, пән бойынша өткізілетін қорытынды сабақтар болып табылады. Мысалы: биологиядан «Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер селекциясы», «Генетика және медицина»,

«Биологияның перспективасы» деген тақырыптарды қорытуда немесе жағрафиядан «Туған жердің жоспарын шаруашылық әрекетте пайдалану», Қазақстанның еңбек ресурстары, олардың шаруашылықтағы дамуы мен орналасудағы рөлін және тағы басқа тақырыптарды қорытуда өтеді. Оқушыларға осындай сабақтарда шаруашылықтың белгілі бір саласының даму басшылығымен, олар кәсіптік еңбектің даму болашағымен және кадрларға деген мұқтаждықпен танысады. Алайда, мұндай сабақтарды өткізгенде, жекелеген кәсіптер бойынша толық сипаттама беруге, басқалары бойынша – тарихи анықтама берумен немесе кәсіптердің даму келешегін және оларға деген қажетсінуді көрсетіп жалпылама таныстырумен шектелуге болатындығын еске алу керек.

Оқушыларды еңбекке деген ынта-ықыласын және еңбек сүйгіштікке тәрбиелеуде адамдардың еңбектегі ерлігін, әдемілігі көрсетілетін, еңбекшілердің үлкен армиясына қосылу талабы тәрбиеленетін сабақтар үлкен рөл атқарады. Мысалы: мектептегі тіл және әдебиет пәнінің мұғалімдері еңбектің адам өміріндегі рөлін айқын ашып көрсетуге мүмкіндік жасайды. Оқушыларды еліміздің, атақты еңбек озаттарымен таныстырады. Сондай-ақ бұл сабақтарда «Біздің ата-анамыздың мамандықтары», «Мен қандай мамандықты қалаймын», «Кім болам» деген тақырыпта шығармалар жаздырылады. Онда оқушылардың, қызығушылығы мен бейімділігі анық көрінеді.



1-сурет. Кәсіби бағдар берудің формалары[4]

Оқушыларға кәсіби бағдар берудің негізгі формалары: оқу лекциялары, саяхаттар, пәндік сабақтар және техникалық үйірмелер, кәсіптік бағдар әдебиеттері, кино және сахналық қойылымдар, курстар, оқу өндірістік практикасы, конференциялар, олимпиадалар, тақырыптық кештер, диспуттар, әр-түрлі маман иелерімен, оқушылардың ата-анасымен мектеп түлектерімен кездесулер, қоғамдық пайдалы еңбек, әр түрлі жиындар, кәсіптік бағдар кабинеті немесе бұрышы. Осыған байланысты оны мына сызба арқылы көрсетуге болады:

Оқушылардың мамандық таңдауына және кәсіптік ойының қалыптасуына көптеген факторлар ықпал етеді. Олардың қатарына мыналар жатады: таныстары, достары, жолдастары, достық қарым-қатынас сферасы. Осылардың ішінде басты роль атқаратыны отбасы және отбасы дәстүрі. Олар оң немесе теріс де ықпал етуі мүмкін. Кәсіптік ойдың қалыптасуына еңбек тәрбиесі басты мәнге ие болып табылады.

Өйткені оқушылардың кейде белгілі бір білімге құмартып, соған байланысты өзінің болашақта мамандық таңдауда бейімделе бастайды. Сондықтан мамандық хабарлама жұмыстарын өткізуде оқушылардың осы қасиеттері үнемі басшылыққа алынады. Кәсіптік хабарлама жасауда мектептегі сабақ пен сыныптан тыс жұмыс түрлерінің ұйымдастырылу көлеміне байланысты жүргізу тиімді болады. Мысалы: сабақта белгілі бір өндірістің немесе халық шаруашылығының ғылыми негізін үйретуге байланысты сол кәсіптегі мамандық жөнінде хабарлама ұйымдастырады. Бұл жұмыс шағын көлемді қысқаша түрде, яғни сабақты өмірмен байланыстыру бағытында да іске асырылады.

Әдебиеттер:

1. Әубәкіров Мақсат. Мектептегі кәсіптік бағдар.//Қазақстан мектебі №3, 2013.
2. Рысбаева А. Кәсіби іс-әрекетте табысқа жету мәселелері. Ұлт тағылымы.-2003.-№2.
3. Мухаметзянова Г.В. Кәсіптік білім жүйесін дамытудың негізгі бағыттары.- Москва: Маман, 2009.
4. Абдугулова Б.К. Білім берудегі менеджмент. – №2, 2007.

Э.А. Аслан,

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының

2 курс докторанты

Мұқашева Анар Бекетбаевна,

п.ғ.д., Педагогика және білім беру менеджменті

кафедрасының профессор м.а.

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ИРЛАНДИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ

Қазіргі уақытта инклюзия барлық оқушылардың теңдігін мойындаудың әлемдік қозғалысына айналды. Инклюзия ЕБҚЕ бар баланы сыныпқа физикалық қамтуды ғана емес, сонымен қатар оның жеке білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқыту жағдайларын жасауды, бейімдеуді де қамтиды.

Соңғы екі он жылдықта Ирландия Республикасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға білім беруде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бұл ықпал айтарлықтай өзгеріс саясатының бастап параллель жүйелерінің арнайы және жалпы заңнамасында қолдау қосу бағытында білім беруді қамтиды.

Бұл саясаттың өзгеруіне бірқатар өзара байланысты оқиғалар әсер етті:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін инклюзивті оқыту ортасын құруға халықаралық қолдау (ЮНЕСКО 1994, 2005);
- заңнамамызды үшін құруға астам ғана қоғам және кемсітушілікпен және алдын маргинализацию;
- тиісті білім беруді қамтамасыз ету үшін балаларының атынан ата-аналардың сот ісін жүргізу;
- мектептерге алғашқы қосымша қолдау.

Ирландияда арнайы және инклюзивті білім беру саясатының дамуы 1990 жылдардың басынан бастап дамыды.

1990 жылы Ирландия Республикасы Еуропалық Одақ Министрлер Кеңесінің Жарғысына қол қойды, ол білім беру департаменттеріне мектептерде инклюзия тұжырымдамасын белсенді насихаттауды міндеттеді. 1993 жылы ол болды жарияланған комитетінің есебін бойынша арнайы мәселелері білім беру, SEN саясатына балалардың білім беруді дамытуда маңызы зор болды. 1994 жылы Саламанка декларациясының қабылдануымен Ирландия инклюзивті білім беруге көшті [1].

Ең маңызды кезеңі бойынша дамыту инклюзивті білім отыр қабылдау 2004 жылы ЕБҚЕ бар адамдарды Білім туралы заңға осы Заңның 2-талап етеді: «ЕБҚЕ балалар жоқ, балалармен инклюзивті ортада білім керек мұндай қажеттіліктер, егер баланың осы қажеттіліктерді қанағаттандыру сипаты немесе дәрежесі оған сәйкес келетін болса:

- осы Заңға сәйкес жүргізілген бағалауға сәйкес анықталған баланың мүдделері;

- бала оқуы керек балаларға тиімді білім беруді қамтамасыз ету »[2; 7].

Сонымен, «Білім туралы» (1998 ж.), «ДСҰ бар адамдарды оқыту туралы» (2004 ж.), «Мүмкіндігі шектеулі жандар туралы» (2005 ж.) Заңдардың қабылдануымен инклюзивті білім беру жүйесін қалыптастырудың құқықтық негіздері Ирландияда қаланды ...

Әдістеме

Ирландиядағы ғылыми тағылымдамадан өту кезінде инклюзивті тәжірибені зерттеу үшін біз мектеп директорларымен кездесулер өткіздік және сұхбат өткіздік (МихилНаофа мектебі , Атай ; Ирланд тілінің бастауыш мектебі, Атай ; Сент-Джозеф мектебінде , Карловта АСД бар балаларға арналған мектепке дейінгі бөлім; Бірге оқимыз) Бастауыш мектеп, Carlow; Coláiste Lorcáin , Castledermot мектебі , Kildare ; Ирландия Модель Elementary School шіркеуі, Атай), орталықтары (Қасиетті Angels Күндізгі Күтім орталығы, Санкт Carlow; Delta орталығы, Carlow), Ирландия мұғалімдер одағының өкілдерімен , Ұлттық мұғалімдер ұйымы. Арнайы білім беруді қолдау қызметтері Ирландия, арнайы білім беру жөніндегі ұлттық кеңес. Үй-жайларды, ғимараттарды, олардың қол жетімділігін, жабдықтарын тексеру жүргізілді. Қосымша ақпарат жоғарыда аталған ұйымдардың құжаттарын, есептерін және сайттардың мазмұнын талдау нәтижесінде алынды .

Сұхбат барысында барлық қатысушыларға келесі сұрақтар қойылды:

- Сіздің орталық / мектеп қашан құрылды?
- Орталықтың / мектептің мақсаты не, оның мақсаты? Олар уақыт өте келе өзгере ме? Олай болса, қалай?
- Балалар мектепке қалай жазылады?
- Дарынды балалармен жұмыс қалай жүргізіледі?
- Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс қалай жүзеге асырылады?
- Сіздің мектебіңізде мүмкіндігі шектеулі балаларға көмекшілер, мұғалімдердің көмекшілері, жеке көмекшілер бар ма? Бұл жүйе сіздің орталықта / мектепте қалай жұмыс істейді?
- Инклюзивті білім беруде жұмыс істеуге мұғалімдер қалай оқытылады?
- Болды , онда мәдени немесе тілдік өзгерістер жылы контингентінің студенттер мен қызметкерлер соңғы жылдары? Олай болса, оған не әсер етті және мектептің жауабы қандай болды?
- Соңғы жылдары инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясат өзгерді ме? Бұл сіздің орталықтың / мектептің жұмысына қалай әсер етті?
- Қандай қиындықтар кездесті орталықта/ мектеп мүмкіндігі шектеулі балаларға қызмет көрсету бойынша?
- Инклюзивті білім берудің барлық деңгейлеріндегі – балабақшадан бастап ересектерге дейінгі білім берудің толық жүйесін дамыту үшін үкіметке қандай кеңес бере аласыз?

Сондай-ақ сұхбат барысында алынған ақпаратты нақтылау мақсатында қосымша сұрақтар қойылды. Барлық сұхбаттар алдын ала келісіліп, білім беру мекемелері мен ұйымдарының әкімшілігімен мақұлданды. Сұхбат респонденттердің рұқсатымен аудиожазбаға түсірілді. Сұхбаттың стенограммасы сұраныс бойынша ұсынылды .

Зерттеу нәтижелері

Сұхбаттасудың нәтижелері кестеде келтірілген.

Инклюзивті білім беру саласындағы Ирландия мектептерінің, колледждерінің, университеттерінің жұмысының ерекшеліктері

Жоқ	Келу орны / сұхбат	Инклюзивті білім беру саласындағы жұмыс ерекшеліктері	
Мектепке дейінгі тәрбие			
Бір	2018-04-21 Аттестатта сөйлеу керек	3	Төрт
			орта мектепте негізгі пәндер қабілетке сәйкес оқытылады (өзіндік даму)
		ООР-мен ауыратын балалармен жұмыс	Жұмыстың екі бағыты: А) АСД балаларға арналған арнайы сынып – 6 адамға арналған 2 сынып; В) әдеттегі сынып: – тұрақты мұғалім + ресурстар мұғалімі (әдетте білімі бойынша бастауыш сынып мұғалімі) + оқытуды қолдау мұғалімі (академиялық қажеттілік үшін); – жеке оқу жоспарларын дайындау;

			<ul style="list-style-type: none"> – қабілет бойынша өлшеу (өзіндік даму); – ерекше бұзылыстары бар балалар үшін шағын сыныптар құрылады – 6 адамға дейін (кәдімгі сыныпта 30 адамға дейін); – қосымша сағаттар (аптасына 3 сағат) – нақты оқудағы кемістігі бар балаларға (дислексия, диспраксия және т.б.); – арнайы сыныптың балалары қарапайым сыныпқа кіруге тырысады
		Мұғалімдерді қосымша ынталандыру	Жоқ, кітаптар, ресурстар сатып алуға қосымша гранттар бөлінеді
3	бастауыш мектеп «Бірге оқимыз» Карлоу	Қор уақыты	2008 ж.
		Мақсаты мен миссиясы	<ul style="list-style-type: none"> – барлығы үшін бақытты және қауіпсіз мектеп – кез-келген себеппен (мәдени, діни және т.б.) ешқандай бала шеттетілмеуі керек; – балалардың қызығушылықтарын, қабілеттерін және жеке басын дамытуға ықпал ету
		Қаржыландыру	<ul style="list-style-type: none"> – білім және оқыту бөлімі; – ата-аналар қауымдастығы (қаражат жинау)
		Мектепке қабылдау	Қол жетімділікке байланысты
		Сыныптардың толуы	<ul style="list-style-type: none"> – 6 баладан аспайтын арнайы сынып; – тұрақты сынып (32-33 оқушы)
		ЕБҚЕ бар балаларға қолдау	<ul style="list-style-type: none"> – оқуда кемістігі бар дарынды және мүгедек балалармен жұмыс жасайтын ресурстарды оқытушы және оқытуды қолдау мұғалімі; – белгілі бір оқушыға бөлінген ЕБҚЕ балаларға арналған көмекші; – қолдау байланысты бойынша түріне құнсыздану: ШҚО балалар жақсы қолдау (қосымша қолдау аптасына 5 қосымша сағат) алуға; АЖЖ-мен ауыратын бұзылулары бар балалар арнайы сыныпта оқиды ; дислексикалық балаларға қолдау көрсетілмейді
		ЕБҚЕ балалармен жұмыс істеу әдістемесі	<ul style="list-style-type: none"> – ТЕЕАСН, АВА, HANEN, PECS және басқаларын қоса әр түрлі техникалар; – ЖАҚСЫ (дислексия)
		Жабдық	<ul style="list-style-type: none"> – мультисенсорлы бөлме; – интерактивті тақта, интернет

Қорытынды және талқылау

Зерттеу нәтижелерін талдау негізінде Ирландияда инклюзивті білім беру жүйесі бар деген қорытынды жасауға болады, оған мыналар кіреді:

- *Ирландияның білім беру және оқыту департаменті* – ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беруді баланың мүгедектік дәрежесіне негізделген бірқатар қолдау тетіктері арқылы жүзеге асырады.

Білім беру қызметінің сипаты мен деңгейі баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін кәсіби бағалауға негізделген. Департаменттің саясаты «БҰҰ-ны тәрбиелеушілерді оқыту туралы» Заңда көзделген интеграцияның мүмкін болатын жоғары деңгейіне қол жеткізуге бағытталған.

- *Білім беру ұлттық психологиялық қызмет* 1999 жылдың маусым айында құрылған және консультативтік-кеңесші бар қызмет үлгісін және қамтамасыз психологиялық қызмет мемлекеттік және жеке бастауыш және орта мектептер мен байланысты оқу орталықтарында. Білім беру және ғылым министрлігі қаржыландыратын мектеп қауымдастығымен жұмыс істеуге мамандандырылған бұл қызметтің психологтары мұғалімдермен, ата-аналармен және балалармен бірлесіп білім беру қажеттіліктерін анықтайды және осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін көптеген қызмет түрлерін ұсынады. Жекелеген оқушыларға қолдау көрсету (кеңес беру және бағалау арқылы), арнайы жобалар мен зерттеулер, мұғалімдер мен ата-аналарға кеңес беру, мектептердегі психикалық денсаулықты нығайту. Әрбір психолог мектептер тобына бекітілген. Қызметтің жалпы құрамы – 200 психолог.

- *Арнайы білім беру жөніндегі ұлттық кеңес білім беру және ғылым министрінің* 2003 жылғы желтоқсандағы бұйрығымен ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі жандарға білім беру қызметтерін көрсетуді жақсарту үшін, әсіресе балаларға назар аудара отырып, тәуелсіз орган ретінде құрылды.

Кеңестің негізгі функциялары:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру және қолдау қызметтерін жоспарлау мен үйлестіруді қамтамасыз ету;

- ақпаратты тарату бойынша ең үздік тәжірибелерге жылы қатысты білім арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар;

- ата-аналарға ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтарына қатысты ақпарат беру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қажет ресурстарды бағалау және қарау;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің үлгерімін қадағалауды қамтамасыз ету;

- мүмкіндігі шектеулі ересектерге білім берудің шолуы;
- білім беру мекемелеріне озық тәжірибе бойынша кеңес беру;
- мемлекеттік органдармен кеңесу;
- білім және оқыту министріне инклюзивті және арнайы білім беру мәселелері бойынша кеңес беру;
- нәтижелерін зерттеу және жариялау.

Ғылыми зерттеулер саласында Кеңес министрге әрі қарай осы зерттеулер мен ағымдағы саясатты іске асыру нәтижесінде жинақталған тәжірибелер негізінде кеңес беру қажет деп тапса, зерттеулер жүргізе алады.

Арнайы білім беруді қолдау қызметтері – негізгі бастауыш және орта мектептерде, арнайы мектептерде және арнайы сыныптарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істейтін мектеп қызметкерлеріне арналған кәсіби даму бастамалары мен қолдау құрылымдарының кең спектрін ұсынады.

Бұл қызметтің негізгі мақсаты мен міндеті оның миссиясында көрінеді: «Біз мектеп персоналын қолдау жөніндегі жұмысымыз арқылы біз ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр оқушының даралығын, әлеуетін және құндылығын қабылдауды қолдаймыз. Айырмашылықты таниды және бағалайды қызмет ретінде, біз жұмыс бұл принциптерді қамтамасыз ету үшін мектептермен және мұғалімдеріне арналған кәсіби дамыту және қолдау жалғастыру жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Біз арнайы білім беру қажеттіліктері бар студенттерге өз мүмкіндіктерін толық іске асыруға және олардың қатарына қосылуға мүмкіндік беру үшін біз оқытушылар құрамының білімі мен дағдыларын теориялық және практикалық тұрғыдан дамытуға икемді және студенттерге бағытталған әдісті біріктіруге тырысамыз. бүкіл мектептің өмірі»[3].

Әр мектепте оқытуды қолдау қызметі де бар. Бұл қызметтің мұғалімі оқуда қиындықтары бар балаларға бекітілген. Негізгі проблемаларды, мамандардың (психолог, еңбек терапевтері) болмауы атындағы сұралғандардың арасында, жеткіліксіз ресурстар көзделген үшін сай қажеттіліктерін барлық балаларға жылы, жүйенің қиындық ие, қолдауға қол жеткізу үшін қолдау әрдайым дұрыс емес бөлу мүмкіндігі шектеулі балалар, сондай-ақ жеке психологтардың қате диагнозы.

Болашақ мұғалімдерді ЕБҚЕ-мен жұмыс істеуге дайындау колледжде немесе университетте оқу кезеңінен басталады. Осылайша, болашақ мұғалімдер міндетті арнайы білім беру модулін оқиды және практика кезеңінде арнайы білім беру мұғалімдерімен өзара әрекеттеседі.

Ирландияда ЕБҚЕ балаларымен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың әртүрлі формалары бар: қашықтықтан оқыту, онлайн-оқыту, бетпе-бет бағдарламалар, қысқа семинарлар және т.с.с. Барлық сұхбаттасушылар балалармен жұмыс істеу үшін мұғалімдерді даярлаудың жоғары сапасын атап өтті Сервистің арнайы білім беруді қолдау курстарында ЕБҚЕ-пен бірге. Бұл ұйым бір ұсынады кең ауқымын қызметтер үшін мектептер мен тәрбиешілер жұмыс ЕБҚЕ балалармен.

Ирландияда балаларды алименттеуді үкімет қаржыландырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сыныпта болғаны және олармен жұмыс істегені үшін мұғалімдерге қосымша ақы төленбейді.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Ирландияда жаппай инклюзивті тәжірибелер мен тиімді инклюзивті технологиялар бар деген қорытынды жасауға болады. Ирландия Қазақстан мен басқа дамушы елдер үшін үлгі бола алады, инклюзивті білім беру жүйесінің моделі бола алады, оның ортасында бала және оның қажеттіліктері жатыр.

Әдебиеттер:

1. Гриффин С., Шевлин М. Арнайы білім беру қажеттіліктеріне жауап: ирландиялық перспектива. – 2-ші басылым. — Дублин: Жан және Макмиллан, 2011. – 312 б.
2. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту туралы» Заң, 2004. – [ER]. Қол жетімді: <http://www.oireachtas.ie/құжаттар/вексельдер28/актілер/2004/Apdf>.
3. Арнайы білім беруді қолдау қызметтері. – [ER]. Кіру режимі: <http://www.sess.ie/about-sess/about-sess>.

*Б.Р. Базарова,
«№15 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Семей қаласы*

ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру және әлеуметтік ортаның әсерімен адам тұлға ретінде дамып, қалыптасады. Өз іс-әрекетінің нәтижесінде адам қоршаған шындыққа белсенді әсер ете отырып, оны шығармашылық тұрғысынан қайта жасап, өзін де өзгертеді.

1980 жылы баланың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру және дамыту мәселесі бойынша шет елде мектепке дейінгі және кіші мектеп жас кезеңі көптеген зерттеушілердің назарын аударды (Ш.А.Амонашвили, С.П.Баранов, Е.А.Ануфриев, Р.Г.Казакова, В.И.Логина, В.С.Мухина және тағы басқалар). Мектепке дейінгі кезеңнен бастап әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру бойынша қажырлы еңбектеніп, мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізілуі керек. Осы кезеңнен бастап болашақ тұлға ретінде өзіне, адамдарға, қоршаған ортаға көзқарасы қалыптаса бастайды. Әлеуметтік ережелер мен қағидаларды меңгере отырып бала дамиды. Әрине, әлеуметтену процесі баланың қоршаған ортамен белсенді өзара әрекеті нәтижесінде жүзеге асады. Оқушылардың әлеуметтік белсенділігінсіз оның танымы да, шығармашылығы да, іс-әрекеті де дамымайды. Сондықтан балалық шақтан бастап белсенділік әлеуметтік маңызды сипатқа ие болуы керек.

Е.А.Ануфриев тұтастай алғанда белсенділік компонентіне баса назар аудара отырып, адам өмірін жоғары мәнге толтыратын, жағымды қоғамдық құндылықтарға бағытталған, қоғамдық дамуға жетелейтін белсенділікті ғана әлеуметтік деп түсіндіреді [1].

Кейбір зерттеулерде белсенділіктің әрекеттік және мақсаттылық компоненттерінің бірлігі атап көрсетіледі. Мысалы, А.П.Петров әлеуметтік белсенділікті «қоғамды қайта жасауға бағытталған қарқынды дамитын әрекет» ретінде қарастырады [2]. А.К.Рычковтың пікірі бойынша, «әлеуметтік белсенді тұлға – бұл өзіндік қажеттіліктері мен мемлекеттің сұранысына сай, қабілетті, алдына қойған мақсатына қол жеткізе білетін, жан-жақты дамыған тұлға» [3]. Философия, әлеуметтану ғылымдары әлеуметтік белсенділікті қоғамнан адамға қарай принципі негізінде қарастырады, адами факторларды белсендіруге арналған қоғамдық талаптарды зерттейді. Ал педагогика, психология ғылымдары тұлғаның белсенділігін адамнан қоғамға қарай принципі негізінде қарастырады, адамның әлеуметтік ортамен өзара әрекеті тұрғысынан тұлға ретінде қалыптасу заңдылықтарын зерттейді.

Әлеуметтік белсенділік тұлғаны қалыптастырушы факторлардың бірі ретінде және қоғам үшін адамды басты құндылық ретінде сипаттайды. Әлеуметтік белсенділік арқылы адамның өмірлік ұстанымы пайда болады, қоғам дамуына өзінің үлесін қосуға атсалысады, тұлға ретінде өз әрекетін жүзеге асырады. Әлеуметтік белсенділіктің мәні – тұлғаның жаңа қоғамдық міндеттерді атқаруымен байланысты мінез-құлық тәсілдері мен әрекеттер жиынтығының қалыптасуы, өзіндік «Мен» компонентімен тікелей байланысты мақсатының әлеуметтік маңызын сезінуі. Нәтижесінде тұлға өзіне нақты міндеттер жүктеп, жауапкершілік субъектісі болып табылады.

Әлеуметтік белсенділік өз бетінше пайда болмайды, өзіндік қызығушылық пен әлеуметтік бағдардың негізінде жүзеге асады. Жауапкершілік, саналылық, дербестік әлеуметтік белсенділікті сипаттайтын сапалар болып табылады.

Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру тәрбие мақсатының маңызды сапаларының бірі ретінде сипатталады, яғни нақ осы әлеуметтік белсенділік қоғамда адамның күнкөріс амалы болып, оның болашаққа деген талпынысын, тұлға ретінде шығармашылық мүмкіндіктерін ашып, тұлға мен қоғамды біріктіреді.

Сонымен қатар оқушылардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру педагогика және психология ғылымында ең күрделі және өте аз зерттелген мәселенің бірі болып табылатынын атап өткен дұрыс. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде белсенділік принципі талап етілгенмен, тәжірибеде толық жүзеге асырылмай келді. Адамнан белсенділік талап етілді, бірақ бұған қажет жағдай жасалған жоқ. Талаптың өзі орындаушылық аясында шектелді, ал тұлғаның ұсынысына қоғам қызығушылық танытқан жоқ.

Қазіргі таңда мәселе оңтайлы шешімге бетбұрыс жасады. Бұған қоғамды демократияландыру, адамның рухани өмірінің ізгіленуі, ашықтық және жариялылық себеп болды. Жаңашыл-педагогтардың алдыңғы қатарлы тәжірибелері, психологиялық-педагогикалық зерттеулері негізінде жасалған жалпы орта білім беру мен мектепке дейінгі тәрбие концепцияларының нұсқаларында аталған мәселе айқын көрініс тапты. Қоғамдық талаптардың өзгеруі мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердегі білім беру мен тәрбие мақсаттарының да өзгеруіне әкелді. Әлеуметтік индивидтің белсенділігін көрсететін білім

мен іскерлікті қалыптастыру мәселесі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік белсенділіктің әр түрлі формаларында қалыптасып, дамитын адамның жеке тұлғасы басты орынға шықты.

Нақты тәжірибе және арнайы жүргізілген психологиялық-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік белсенділіктің негізін қалыптастыруда мектепке дейінгі және кіші мектеп жасы сәтті кезең болып табылады. Мұнда бастамашылдық пен атқарушылықты дамыту үшін әлеуметтік қызбалық пен әлеуметтік енжарлықтың көрінуін жеңуде сәтті бастамалар жасалады. Әрине, балалардың белсенділігі үлкендердің белсенділігінен мазмұндық сипаттамасы және көріну деңгейі бойынша ерекшеленеді. Мектепке дейінгі және кіші мектеп жас кезеңінде әлеуметтік белсенділік көбінесе мөлшерлік деңгейде көрінеді және тұлғалық деңгейге өту үшін нақты талаптар қойылады. Сонымен қатар мөлшерлік деңгейді өтпеген адамнан болашақта жоғары деңгейлі белсенділікті күту қиын.

Тәжірибе жинақтамай, білім мен іскерлікті меңгермей өмірде, әлеуметтік жағдайларда, өзара қарым-қатынаста шешім табу қиын болғандықтан, ең алдымен орындаушылық жоғары қарқынмен дамиды. Соңынан тұлғалық құрылым ретінде қалыптасатын бастамашылдық пайда бола бастайды. Ойында, еңбекте, нәтижелі әрекет түрлерінде, қарым-қатынаста, оқуда балалар мейлінше сапалы бастамалар көтере бастайды. Бала әрекетті ұйымдастырумен және орындаумен байланысты ұсыныстар айтуға қабілеттілігі артады. Бұл ұсыныстар әрекеттің нақты мақсаттарына қол жеткізуге бағдарланған. Сонымен қатар біршама дербес айырмашылықтар бақыланған. Сапалы бастамалар мен атқарушылық қабілеттері көрінген балалар аз емес, бұл олардың қарапайым әлеуметтік ұстанымдарының қалыптасқандықтарына дәлел болады. Бірақ әлеуметтік белсенді емес деңгейде қалған балалар да бар. Көптеген ұлдар мен қыздардың сапалы бастамалар көтеруге және сапалы орындауға қабілетті болып, тұлғалық таңдауды жүзеге асыруда психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жағдай жасау мұғалімнің міндеті болып табылады [4].

Әлеуметтік белсенділік психикалық дамудың көптеген көрсеткіштерімен тығыз байланыста дамиды. Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік белсенді емес балалармен салыстырғанда айқын бастамасы және атқарушылығы бар балалардың функционалдық мүмкіндіктері, көрнекі-бейнелік және логикалық ойлауы, қиялы, қызығушылығы, құрдастарымен қарым-қатынас жасай алу іскерлігі біршама жоғары деңгейде дамыған. Мұндай балаларды құрдастарына әсер ете алу қабілеті бөліп көрсетеді. Әлеуметтік белсенді балалар барлық деңгейдегі құрдастарымен өте жақсы қарым-қатынас жасайды, сапалы бастамалар көтеріп, басқаның бастамасын қолдай біледі, оның орындалуына әсер етеді. Әлеуметтік белсенді емес балалар біріккен әрекетті қиындықпен үйлестіруі мүмкін. Әлеуметтік қызбалық танытатын балаларда бастамалар сапасыз сипатқа ие болып, орындалуында қиындықтар тудырады. Әлеуметтік енжарлық танытатын балаларда белсенділіктің бастамашылдық та, атқарушылық та компоненттері әлсіз көрініс табады.

Мектепке дейінгі және кіші мектеп жас кезеңінде әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру мәселесін қарастыра келе, балалардың қоғамдық міндеттерді шешуін қадағалай отырып, олардың тұлғалық дамуын жүзеге асыру керек деп есептейміз. Әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптасыру бұл мектепке дейінгі ұйымда, мектепте, отбасында тәрбие мен оқыту жүйесін үйлестіре отырып, қайта жасау болып табылады. Бұл тәрбиешілер мен мұғалімдерді арнайы оқытып, ата-аналарға кеңестер беруді талап етеді.

Әлеуметтік белсенділікті қалыптастырудың бірнеше бағыттарын ұсынуға болады.

Ең алдымен бала тұлғасының әлеуметтік белсенділігінің негізін қалыптастыруда сәйкес психологиялық жағдай жасау керек. Оның ішінде ең маңыздылары төмендегідей:

- Қоғамдық міндеттерді шешуде балалардың әлеуметтік тұрғыдан атсалысуы үшін алғышарттардың болуы;
- Мектепке дейінгілердің және кіші мектеп оқушыларының іс-әрекеттері мен мінез-құлық түрткілерін арттыру тәсіліретінде эмоционалдық қобалжуларын белсендіру;
- Тұлғаның өзін-өзі тануының ішкі механизмі ретінде өзіндік сананы дамыту.

Тұлғаның әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруда педагогикалық талаптармен қамтамасыз ету керек, бастамашылдық пен атқарушылыққа негіз болатын нақты әдістер мен тәсілдерді өңдеу қажет. Мұнда көп нәрсе педагог тұлғасына, балалармен ізгілікті, дұрыс қарым-қатынас жасай алу қабілетіне, белсенділіктің көрінуінің дербес ерекшеліктеріне зерттеу жасап, оның дамуын талдауға байланысты. Әрбір мұғалімнің баллада әлеуметтік белсенділікті қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттары туралы түсінігі болып және оны мектепке дейінгі ұйым мен мектепте жүзеге асыра алуы қажет. Мұндай талаптарға мыналар жатады:

- оқыту мен тәрбиелеуде мәселелік принципін енгізу;
- мектепке дейінгі ұйым жаттығулары мен мектеп сабақтарында ойынды қолдану;

- оқу сабақтарының әлеуметтік мазмұнының болуы;
- балалардың топтық өзара әрекетін дамыту.

Аталған талаптар аясында әрбір баланың дербес ерекшелігін есепке ала отырып, бастамашылдық пен атқарушылықты дамытуға бағытталған және іс-әрекеттің әр түрлі түрінде әлеуметтік белсенділіктің қалыптасуына негіз болатын арнайы әдістер қолданылады:

- балаларды танымдық сұрақтарының пайда болуына;
- бастамашылдықтың дербес көрінуіне;
- іс-әрекетті жүзеге асыру барысында ұсынылған бастамаға;
- ұжымдық бастамаға және біріккен әрекетті ұйымдастыру бойынша бастамаға ынталандыру.

Оқушының әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша мұғалімдерге көмек көрсетілуі керек. Осы мақсатта мектепке дейінгі ұйымда және мектепте арнайы психологиялық қызмет жұмыс жасауы керек, оның негізгі міндеті баланың психикалық дамуын зерттеу, баланың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру саласында түсінігін кеңейту үшін педагогтар мен ата-аналармен жұмыс және т.б. болып табылады. Психологиялық қызмет ата-аналармен жұмысқа басты назар аударуы қажет. Кейбір отбасыларда тәрбиеге, оның ішінде баланың белсенділігін қалыптастыруға жете көңіл бөліне бермейді. Мектеп, мектепке дейінгі ұйым, отбасы әрекеттерінің бірлестігі бала тұлғасын дамытудың басты қағидасы болып табылады. Психологиялық қызмет өкілдері тәрбиешілерге, мұғалімдерге және ата-аналарға ортақ педагогикалық бағдар жүйесін жасап, оларға балалардың дербес ерекшеліктерін зерттеуге, өзара түсінік табуға көмектесуі керек.

Мектепке дейінгі және кіші мектеп жас кезеңінде тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің негізін қалыптастыру және дамыту заңдылықтарын зерттеу басты мәселе болып табылады. Әлеуметтік белсенділікті қалыптастырудың психологиялық заңдылықтарын бөліп көрсету үшін адам тұлғасының қалыптасу тұңғышына тереңдеу керек. Мұнда мектепке дейінгі және кіші мектеп жас кезеңі басты орын алады. Қабылдау әрекетінен адамгершілік құндылықтың күрделі түрлеріне дейін, қарапайым ойлаудан шығармашылық қабілеттің көрінуіне дейін, алғашқы күлімсіреу мен жандану процесінен қарым-қатынастың қатпарларын түсінуге дейін, құрдастарымен және үлкендермен қарым-қатынас жасау іскерлігі осының барлығы балалық кезеңде алғаш рет көрінеді. Әлеуметтік белсенділік өзінен-өзі қалыптаспайды, ол баланың әлеуметтенуінің нәтижесі болып табылады.

Қорытындылай келе, әлеуметтік белсенділіктің негіздерін қалыптастыру бала тұлғасының жалпы дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан, балалардың өздері атқаратын қоғамдық міндеттерге қатысты қарапайым әлеуметтік ұсыныстарды өңдеп, олардың үйлесімді дамуы үшін бастамашылдық пен орындаушылық деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік беретін әдістерді ұсынған тиімді болып табылады.

Мұғалім әрбір сабақты жан-тәнімен әсер ететін құндылықтарды қалыптастыруды өзі үшін заң санауы қажет. Үлкен адам қай жерде болмасын рухани белсенділік танытатын болса, сол арқылы балаға тәрбие бере алады.

Егер мұғалім өз ойын, ұсынысын, пікірін, көзқарасын, ақылын оқушыға түсінікті, нақты және жетік жеткізе білсе, оқушы да сондай коммуникативті іскерлікті бойына сіңіретін болады. Қарым-қатынас заңдылықтарын түсіну, ана тілінің дәлелді жеткізе білу педагогикалық үрдісте жетістікке әкеледі.

Мұғалім оқушыға, оның келешегіне, мақсатына жетуіне, қиындықтарын жеңе білуіне педагогикалық әсер ете білуі қажет.

Әдебиеттер:

1. Ануфриев Е.А. Социальный статус и активность личности (Личность как объект и субъект общественных отношений). — М.: Изд-во МГУ, 1990. — С. 221.
2. Петров А.П. Социальная активность: сущность, содержание, критерии // Формирование социально активной личности: сущность, проблемы. — Ч. I. — М.: ВЛАДОС, 1995. — С. 14.
3. Рычков А.К. Некоторые методологические вопросы исследования процесса формирования социально активной личности. — М.: Педагогика, 2001. — С.
4. Битинас Б.П., Бочарова В.Г. и др. Социальное воспитание учащихся (основные теоретические положения). — М.: Просвещение, 1990. — 215 с.

Б.У. Бүргэд,

Баян-Улгийский филиал Ховдского Государственного Университета

ИССЛЕДОВАНИЯ ПО ИСТОРИЧЕСКОЙ ГЕОГРАФИИ В МОНГОЛИИ

Введение.

Развитие исторических вспомогательных дисциплин в любой стране является важным показателем уровня развития исторической науки вообще. Академик Ж.Болдбаатар в одной из своих статей писал, что «для того, чтобы углубить исторические исследования, развитие вспомогательных исторических дисциплин является неотложной задачей. Исследования вспомогательных исторических дисциплин, которые отдельно рассматривают тонкие вопросы предмета изучения, в нашей стране находятся только на начальной стадии развития. В последнее время, хотя вспомогательные дисциплины включены в учебную программу исторических специальностей вузов и колледжей, но они еще не сформировались как вспомогательная историческая дисциплина» и отметил, что «предстоит задача развивать их на монгольской почве»[1].

Исходя из этого, предстоит задача по изучению исторической географии, науки, возникшей на стыке истории и географии.

Основной целью настоящей статьи является уточнение и обзор вопросов о происхождении и развитии исторической географии, состоянии изученности её в стране и за рубежом, исследованиях и их монографиях, потребностях в дальнейшем развитии дисциплины и др.

Для достижения этой цели выдвигаются следующие задачи:

- Уточнение вопросов о происхождении и развитии исторической географии;
- Исследователи из этой отрасли, их концепции и работы;
- Предмет изучения исторической географии, метод, его классификация;
- Потребности в дальнейшем развитии исторической географии.

Основное содержание:

Историческая география является наукой сравнительно молодой. Французский географ 19-века Эмус Реклю писал: «История есть география времени. География есть история пространства». Ученый А.С.Барков отметил, что «география и история являются сестрами». Считается, что сравнительно высокое развитие историческая география получила в России. Используя методы исторической географии, Российские ученые проводили исследования по отношению к территории страны и результаты исследования были объединены, достигнуты единые выводы.

Возникновение науки исторической географии относится к 18-веку. Российский учёный Василий Никитич Татищев /1686-1750/ в своей работе «Предложения о сочинении истории и географии Российской» писал о том, что события отличаются во времени, но если взять основную историю, ... на вопросы в какой обстановке, в какое время и каком пространстве, как преодолевали природные препятствия, как учились мудрости народных масс, их таланту, почему перекочевали древние курганы, почему изменялись их названия, отвечают и уточняют географические источники, карты, мифы и летопись. Здесь знание о строении земли не может быть главным. Так он впервые выдвинул идею о тесной связи исторической и географической науки и справедливо считается, что таким образом была положена основа науки историческая география.[1]

В дальнейшем углубленном развитии этой идеи Татищева большую роль сыграл видный Российский ученый М.В. Ломоносов. Свой вклад в развитие исторической географической науки внесли такие ученые как А.Гумбольдт, Г.Риттер, которые определили историческую географию как науку не только о пространстве, но и о летоисчислении.

До конца 19-века ученые историческую географию рассматривали не как отрасль исторической науки. С этого времени Е.Е.Замыковский, Н.П.Барков, К.А.Невалин, В.О.Ключевский, М.К.Любовский и другие ученые в результате изучения исторических событий во взаимосвязи с географическими условиями, начали выдвигать идею относить историческую географию к исторической науке.

С начала 20-века историческую географию начали рассматривать как историческую отраслевую науку, возникшую между историей и географией. С этого времени в высших учебных заведениях России стали преподавать предмет под названием «историческая география». Дальше в России поочередно издавались монографии по исторической географии, которые были доступны широким массам. Вот некоторые из них:

- М.К.Любовский в 1909 году издал книгу «О связи исторической географии с колонизацией», где писал, что целью исторической географии является установление внешней и внутренней границ страны, определение местонахождения населенных пунктов и их населенности.

• С.К.Кузнецов в 1910 году в работе «Историческая география России» подытожил выводы предшественников.

• С.М.Середолин в 1910 году в книге «Историческая география» предметом изучения исторической географии назвал конкретную территорию, населенную каким-либо народом и вопросы отношения человека и природы.

• А.А.Спицын в 1917-году издал книгу «Историческая география России»

В середине 20-века ученые из Советского Союза В.К.Яцунский, М.Н.Тихомиров, А.Н.Несонов и другие проводили масштабные исследования по этим направлениям и благодаря этому историческая география становилась как самостоятельная отраслевая наука с предметом изучения и методом исследования.[3]

• В дальнейшем развитии исторической географии большую роль сыграл В.К.Яцунский, который опубликовал следующие работы: «Причинная связь исторической географии в разработке важных вопросов истории отечества», «Историческая география», «Предмет изучения исторической географии» и др.

Кроме российских ученых в развитие исторической географии внесли свой вклад зарубежные исследователи: голландец Х.Кеунинг, ученый из Германии Г.Егор, англичанин А.Смит, которые определили предмет изучения исторической географии как историческая территория.[4]

Таким образом, в настоящее время историческую географию, возникшую в 1700-ые годы, подразделяют на следующих 8 отраслевых наук:[5]

1. Физическая историческая география;
2. Политическая историческая география;
3. Историческая география населения;
4. Историческая география общества;
5. Экономическая историческая география;
6. Историческая география культуры;
7. Историческая география взаимосвязи природы и общества;
8. Историческая география места и др.

В развитии исторической географии в Монголии большую роль сыграл историк О.Пурэв. Он впервые в 1988-ом году стал преподавать студентам, будущим историкам, дисциплину «Историческая география», а в 1991-ом году защитил кандидатскую диссертацию на тему «Некоторые вопросы сухэбатороведения». /по методу исторической географии/. В 1994-ом году вышла в свет его работа «Политический центр Монголии», посвященная исторической географии города Улаанбаатара. В 1999-ом году им написана книга «Историческая география хошууна Боржигин сэцэн ван Сэцэн ханского аймака Халхи». /аймак, хошуун-территориальные единицы в Монголии до 1921г/. О.Пурэв написал монографию и защитил докторскую диссертацию на тему: «Историческая география Монголии». Он вместе с научной работой воспитал целую плеяду ученых-исследователей. Д.Сухбаатар и Ж.Гэрэлбадрах, защищавшие докторскую диссертацию под руководством О.Пурэвана темы соответственно «Исторические традиции внутритерриториального разделения Монголии» и «История территории и границы Монголии».

С 1990-х годов вышеназванные ученые проводят исследования по направлениям исторической географии. Но все равно остается неясным вопрос об определении с точки зрения исторической географии, большей части территории Монголии. До настоящего времени не вышла в свет работа, посвященная исследованиям исторической территории Монголии, которая дошла бы до читателя. С другой стороны предстоит задача, потребность по исследованию исторической территории нашей страны, вопросов по её охране и по её ономастике.

Заключение.

Ученых, в настоящее время занимающихся исследованием по исторической географии, можно считать на пальцах одной руки. Чтобы историческая наука в дальнейшем получила свое полномасштабное развитие, необходимо дать толчок интенсивному развитию вспомогательных и отраслевых исторических наук.

Для нашей страны исследования по исторической географии проведены на сравнительно низком уровне. Необходимо отметить, что хотя у нас в высших учебных заведениях историческая география включена в учебную программу как факультативное занятие, оно проводится поверхностно, только на теоретическом уровне и исследовательская сторона вопроса отодвигается на второй план. Это имеет прямую зависимость от дефицита учебного времени, недостатков методологии проведения историко-географических исследований. К настоящему времени у нас еще не опубликовано фундаментальных

работ по методике проведения историко-географических исследований, многие вопросы из этой области остаются не ясными.

Единственным пособием по исторической географии является работа О.Пурэва «Историческая география». Не представляется возможным для молодых исследователей заниматься научной деятельностью без методических пособий, учебников. Поэтому важно отметить необходимость углубленного изучения данного вопроса и проведения фундаментальных исследований по этому направлению.

Литература:

1. БНМАУ-ын түүх. 2,3боть. УБ.,2004
2. БНМАУ-ын нийгмийн бүтэц. УБ., 1984
3. Болд.Ж. Хоршоолосон ард ангийн нийгмийн бутцийн оорчлолт «Түүхийн судлал» сэтгүүл, УБ.,1984с-36-42.
4. Пүрэв О. Түүхэн газар зүй юуг судалдаг вэ?»Шинжлэх ухааны амьдрал» сэтгүүл УБ., 1989. №2 с-23.
5. Пурэв О. Түүхэн газар зүй. УБ., 2004.
6. Пүрэвдорж Г. Түүхэн газар зүйн лекц.Ховд., 2005.
7. Сүхбаатар Д. Монгол улсын нутаг дэвсгэрийн дотоод хуваарилалтын түүхэн уламжлал. УБ., 1999.

*М.Б. Бақытжан, А.Б. Мукашева,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.*

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ КОГНИТИВТІ ПРОЦЕССТЕРДІ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Елбасы Н.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Атап көрсетсек, «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз»[1].

Инклюзив сөзі – ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді, яғни мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті білім берудің мақсаты: мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Инклюзивті оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге ерекше оқыту қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр [2]. Инклюзивті білім беру адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылғанымен, мүмкіндігі шектеулі балаларды тікелей диагнозы мен қосалқы мәселерге байланысты басқа балалардан оқу процессінде артта қалып қояды. Мұның бірнеше себебі бар:1)танымдық іс-әрекетке мотивацияның болмауы 2) тапсырманы орындау уақыты баяу 3)ересектердің көмегін қажетсінеді 4)зейін қаситтерінің төменділігі (тұрақтылығы, аударуы, ауыспалылығы) 5)ойлау және тіл дамуының өте төмен деңгейлігі 6)инфантилизм 7)қимыл-қозғалыстың бұзылуы 8)өзіндік бағалаудың төменгі деңгейі 9) үрейдің жоғары болуы 10) айтқан сөзді ұғынбауы.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру саласын зерттеген отандық ғалымдар көп, оларға: Г.А. Қасен, А.Б. Айтбаева «Арт-педагогика және инклюзивті білім берудегі арт-терапия» [3], «Инклюзивті білім берудің негіздері» (А.Т. Исакова., Г.Закаева, А.Б. Айтбаева и др. [4]); «Инклюзивті білім берудің теориясы мен тәжірибесі» (Л. Н. Лиходедова [5]) және т.б. еңбектерін жатқызуға болады.

Сонымен, қатар инклюзивті білім беру: «Инклюзивті білім берудегі педагогика және психология» Д.З. Ахметованың редакциясымен [6], «Инклюзивті білім берудің теориясы мен технологиясы» (А.С. Сунцованың оқу құралы [7] «Инклюзивті білім беру» (Н.А. Борисова, И.А. Букина, И.А. Бучилова[20]); бакалав және магистратураға арналған оқулық «Инклюзивті білім беру» (Е.В. Михальчи [8]), және т.б. секілді ғалымдардың зерттеу нысандары болған.

Бірқатар ғалымдар, арт-терапияның мүмкіндігі шектеулі балаларды сүйемелдеуде, коррекциялауда пайдасының жоғары екенін атап өткен. Сонымен, арт-терапия сөзін ағылшын тілінен қазақшаға аударғанда «өнермен емдеу» деген мағынаны білдіреді. Оны ғылымға ең алғаш енгізген Адриан Хилл болатын. Арт-терапияның пайдасы мүмкіндігі шектеулі балалармен қолданысқа енгізген кездегі келесідей мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады:

- Когнитивті процесстерінің дамуы
- Сөйлеуді дамуы
- Саусақтардың үлкен және кіші моторикасының дамуы
- Өзара көмекке, ынтымақтастыққа арқау болады
- Дене схемасын игеру, кеңістікті бағдарлау алу қасиетінің жоғарылауы
- Позитивті «Я-концепциясының» құрылуы
- Эмоционалдық көңіл-күйді қалыпқа келтіру
- Тұлғааралық қарым-қатынас пен коммуникацияны жоғарылату
- Отбасында комфортты климат орнату.

Арт-терапияның мүмкіндігі шектеулі балалардың когнитивті процесстерін дамытудағы: изотерапия, куклотерапия, ойын терапиясы, гарденотерапия, құм терапиясы және мульттерапия жақсы көмектеседі [9].

Арт-терапияның бұл бағыттары тек қана балалардың танымдық үрдістерін жоғарылатып қанай қоймай, сонымен қатар балалардың саусақтарының үлкен және кіші моторикасын дамытады, өзіндік бағалауын жоғарылатыда, топпен жылы қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді және өзіндік жақсы көңіл-күй сыйлайды.

Арт-терапияның жаңа бағыты гарденотерапия ағылшын сөзінен «бақша» деген мағынаны білдіреді, мақсаты балалардың танымдық процесстерін бақшада отырып дамыту. Табиғат баалардың бірталай сенсорлы жүйелерін (иіс, дәм, көру, есту мүшелеріне) дамытады. Сонымен қатар, бақшада болу арқылы баланың қоршаған орта, экология туралы білімдерін жоғарылатады[9].

Психологиялық тұрғыдан арт-терапияны дұрыс өткізу арқылы жоғары көңіл-күй сыйлаумен қатар, өзіндік бағалаудың өсуіне әрекет жасаймыз. Жоғары өзіндік бағалау балалардың оқуға және емдлеуге деген мотивациясын жоғалытады, ал мотивация жоғары болған жағдайда үлкен нәтижелерге жетуге болатыны мәлім. Өзіндік бағалау мен когнитивті процесстердің байланысына келетін болсақ: М.И.Лисинаның көзқарасы бойынша өзіндік бағалау тұлғаның қалыптасуына, психикалық денсаулығына, қарым-қатынас орнату ерекшеліктеріне әсер етеді [10].

Мүмкіндігі шектеулі балалардың арт-терапия арқылы өзіндік бағалауын өсіруде, келесі ережелерді сақтау керек:


- Ыңғайлы жұмыс орнын қамтамасыз ету;
- Арт-терапия әдісінің түрін, мақсатын, алгоритмін алдын-ала ұйымдастырып қою;
- Қызығушылықты ояту;
- Жұмыстың диагноз ерекшеліктеріне сай жеңіл түрлерінен бастау алу;
- Әрбір кішігірім жетістіктер үшін мадақтап отыру;
- Уақыт аралығы 20-30 минут
- Қорытынды кезекте жасалған жұмыстарға бағалаудан, жарыстырудан аулақ болу;
- Жұмыс формаларын ауыстырып отыру

Ең бастысы балаларды бастаға ісін аяғына дейін жеткізуге, өз ойын еркін білдіруге үйрету.

Сонымен, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан арт-терапияның атқаратын рөлі келесі схема бойынша көрсетуге болады:

№1 кесте

Арт-терапияның когнитивті процесстерін жоғарылатудағы рөлі



Медициналық тұрғыдан арт-терапия кіші және үлкен саусақ моторикасы арқылы когнитивті процесстердің дамуына ықпал етеді. Саусақтарда жоғарғы орталық нерв жүйкесіне импульстарды жеткізетін көптеген рецепторлармен байытылған. Сонымен қатар, шығыс медицинасына сүйенсек саусақтарда ішкі органдарға әсер етеін акупунктарлы нүктелерге толы.

Адамның ми бөлімі бір-бірімен тығыз байланыста тұратын 5 бөліктен тұрады: 1) Үлкен ми сыңары; 2) Аралық ми; 3) Ортаңғы ми; 4) Көпір; 5) Сопаша ми, 6) Мишық. Соның ішінде саусақтар бөлімі мидың үлкен бөлігін қамтиды және ол маңдай бөлімі мен төбе бөлімдерінде орналасқан. Орналасқан орны арқылы төбе бөліміндегі сенсорлы сөйлеуге жауапты Вернике орталығы мен тактильді түйсіну мен ойлауға жауапты орталықтармен, ал маңдай бөліміндеі зейін тұрақтылығына, қимыл-қозғалысқа, моторлы сөйлеуге жауапты Брок орталықтарымен тығыз байланысты. Саусақ ұштары арқылы алынған сезімдер мидың сезімтал бөліміне ақпарат беру арқылы, жаңа нейрондық байланыстар орнатылып, көршілес жатқан орталықтарды тітіркендіреді. Адам миында неғұрлым жаңа нейрондық байланыстар орнатылған сайын, соғұрлым мидың дамуы, когнитивті процесстердің дамуы жоғарылай береді[11].

Медициналық тұрғыдан арт-терапияның когнитивті процесстерін дамуына ықпал етуі келесідей формула арқылы көрсетуге болады:

№2 кесте

Медициналық тұрғыдан арт-терапияның когнитивті процесстерін дамытудағы рөлі.



Қорытындылай келе, арт-терапия барысында балалар бойындағы қысым мен үрейден айырылып, өзінің ойын еркін білдіреді, өзін және басқаларды түсінуге, өзін қабылдап, тұлға ретінде құндылықтарын түсінуге ұмтылады.

Арт-терапияда диагностикалық және терапиялық процесстер бір мезгілде шығармашылық аурасында жүріп отырады. Соның нәтижесінде эмоциялық және сенімді коммуникативтік қатынастар орнатылады, жоғары психикалық функциялар дамиды.

Ал, когнитивті процесстерді дамытудағы арт-терапияның маңызы зор. Себебі когнитивті процесстерді дамыту арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтендіру үдерісін жоғарылатып, оқу мүмкіншіліктерін арттырып, мамандық алуларына септігімізді тигіземіз. Бұл мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауда маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.
2. <https://infourok.ru/azastan-respublikasindai-inklyuzivti-bilim-beru-2703405.html>
3. Қасен Г.А., Айтбаева А.Б. Арт-педагогика и арт-терапия в инклюзивном образовании. – Алматы: Қазақ университеті, 2019 – 184 с.
4. Исакова А.Т., Закаева Г., Айтбаева А.Б. и др. Основы инклюзивного образования: учебное пособие. – Алматы: L-Pride, 2013. – 280 с
5. Лиходедова Л. Н. Теория и практика инклюзивного образования: учебное пособие для группы специальностей «Образование». – Костанай: КГПИ, 2017. – 165 с.
6. Педагогика и психология инклюзивного образования: учебное пособие / Д.З. Ахметова, З.Г. Нигматов, Т.А. Челнокова, Г.В. Юсупова и др.; под ред. Д.З. Ахметовой. – Казань: Изд-во «Познание» Института экономики, управления и права, 2013. – 204 с.

7. Сунцова А.С. Теории и технологии инклюзивного образования: учебное пособие. – Ижевск: Изд-во «Удмуртский университет», 2013. – 110 с.
8. Михальчи Е. В. Инклюзивное образование: учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры. – Москва: Издательство Юрайт, 2018. – 177 с.
9. Артпедагогика и арттерапия в специальном и инклюзивном образовании : учебник для СПО / под ред. Е. А. Медведевой. – 2-е изд., испр. и доп. – М. : Издательство Юрайт, 2018. – 274 с. – (Серия : Профессии нальное образование).
10. <https://science-education.ru/pdf/2015/2-3/235.pdf>.
11. <https://bigenc.ru/biology/text/2095729>.

*Д.А. Биманов,
М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық
жоғары колледжі, Қызылорда қ.*

ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУ ҰСТАНЫМДАРЫ, ТЕОРИЯСЫ, ТӘЖІРИБЕСІ

Қазақстанды әлемдік бәсекеге мейлінше қабілетті елге айналдыру үшін елімізді индустриялық-инновациялық мемлекет ретінде ғана емес, сондай-ақ интеллектуалды мемлекет ретінде де дамыту қажет. Осы стратегиялық міндетті оңтайлы түрде жүзеге асыру үшін еліміздің білім беру саясаты әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жоғары дәрежелі мамандармен қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ бұл мақсатты бағындыру үшін әлемдік білім беру кеңістігіндегі ықпалдастыққа бейімделген білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін қалыптастыруға және оны болашақта жетілдіруге күш салу қажет.

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу, жаңа халықаралық білімдік ортаны ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың тиімді формалары арқылы қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан қазіргі уақытта білім беру, адам мен бала құқығын қорғау саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға қатысушы болып табылады. Бұл Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы, Бала құқықтары туралы конвенция, Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының Халықаралық декларациясы, Еуропа өңірінде жоғары білім беруге жататын біліктілікті тану туралы Лиссабон конвенциясы, Болон декларациясы және т.б.

Соңғы жылдары әлемдік қоғамдастықта және Ресейде жаңа білім беру реформаларының қажеттілігі туралы пікірталастар өзекті болды, олар бір жағынан білім беру практикасына, заманауи өркениеттің талаптары мен қажеттіліктеріне, екінші жағынан, елдік және аймақтық деңгейлерде әкелуі керек – үйлесімді және өзара интеграцияға қабілетті болатынын айтып өткен болатын.

Адамның өмір мен қызметтің үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік және экономикалық жағдайларына бейімделуі өзекті болып табылады. Осыған байланысты қазіргі білім берудің барлық сатыларында (мектепке дейінгі білім беру, бастауыш, орта, жоғары мектеп, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру) осындай мақсаттарға қол жеткізуге бағдарлануы маңызды. Адамның бейімделу қабілетінің мүмкін компоненттері: жүйелі ойлау, тұлғаның шығармашылық және зерттеу мәдениеті, ерте жастан қалыптасқан тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттері. Осы қасиеттердің арқасында жастар да, ересектер де әр жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда негізделген шешім таба алады.

Білім беру жүйесінің бағытына, компоненттердің біреуінің басымдығына сәйкес білім беру жүйелерінің барлық жиынтығын репродуктивті, шешуші және аралас деп бөлуге болады. Қазіргі білім берудің жалпы проблемасы-әлемдік білім беру жүйелерінің басым көпшілігі дамуға емес, көбею мен тұрақтандыруға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, дәстүрлі білім беру процесін жетілдіру оны ескірген көбею мақсаттарына жетудің тиімді құралына айналдырады.

Міне, жоғарыда айтылған әлемдік деңгейдегі білім беру жүйесіне мән бере отырып, өз мемлекетімізде білім беру жүйесін қалай әлемдік деңгейге жеткіземіз? – деген сұраққа толық тоқталғым келеді. Қазақстанның білім беру жүйесі несімен әлемге әйгілі бола алады?

Бұл сұрақтың жауабын мемлекетіміздің тұңғыш Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында толық түсіндіріп өтті. Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялаған болатын. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мемлекет көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асып келеді.[1]

Білім беру жүйесінде де рухани жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Оқу мен оқытуда болашаққа сенімді нығайтып, әлем мойындайтын ұлттық қасиеттерді

дамытып, болашаққа сенімді нығайтып, заманауи озық дәстүрлердің негізінде басқа елдерге де үлгі өнеге бола алатын жаһандық білім беру жүйесіне жаңғырып бару шартын көздейді.

Еліміздің білім беру жүйесін әлемдік, халықаралық білім беру ортасына жеткізуде негізгі бағытымыз:

– білім алушыларды заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын : ұлттық құндылықтардың негізінде, ұлттық дәстүріміз арқылы, ұлттық кодымызды сақтай отырып білім алуды дамыту;

– білім алушылардың бойында патриотизмді дамыту арқылы: еліне, тіліне, діліне, туған жерге деген сүйіспеншілікті, елін, жерін қастерлейтін, тарихын қадірлейтін тұлғаның дамуына мүмкіндік беру;

– ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алатын, материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Білімді азаматтардың қалыптасуына мүмкіндік беру;

– нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмін дамытуға жағдай жасау. [2]

«Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек» деп, өнеге қалдырған екен ұлы Абай. Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі екендігін бәріміз мойындаймыз. Қазақстан Республикасы Орталық Азия елдерінің ішінен ең бірінші болып Еуропалық жоғары білім аймағына еніп, Болон процесіне қосылды. Қазақстанның жоғары мектебі білімнің әлемдік биігіне жетуге талпынатын елдердің алдыңғы қатарына еніп отыр. Өйткені, халқымыз қашанда оқу-білімге құштар болған. Әлемдік білім кеңістігіне кірігу үдерісі күннен-күнге артып келеді. Қазіргі заманғы халықаралық ынтымақтастықтың ең маңызды саласы да осы болып тұр. Білімнің өркендеуі – елдің өркендеуінің алғышарты бола бермек.

Ортақ тарих, өзара экономикалық тартымдылық, мәдениеттердің тығыз өзара байланысы мен адамдардың жақындасуға ұмтылысы біздің халықтарымызға көпқырлы мемлекетаралық байланыстардың жаңа үлгісін құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда әлем бойынша білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі күннен-күнге артып келеді. Соның ішінде, қазіргі білім беру жүйесін жаңарту жағдайында білім беру ісін ақпараттандыру, сандық сауаттылық мәселелері әрі пандемия шарттары қашықтықтан оқыту нысандарын дамытуды алға қойып отыр. Ақпараттандыру және интернеттену дәуірінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялар қоғамның барлық салаларында прогресс пен инновацияның қозғалтқышы болып отыр. [3]

Бұл үдерістен білім беру саласыда қалыс қалмады. Алайда, өзгерістер білім беру саласының іргелі негізіне қатысты болмауы керек. Жаңа технологияларды енгізу дәстүрлі оқыту әдістерін қайта қарауды, дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыратын және ескірген әдістердің кейбіреуін тоқтата алатын жаңа педагогикалық технологияларды дамытуды талап етеді. Біз, шетелде ақпараттық білім беру инновацияларын ендіру тәжірибесіне сүйене отырып, білім беру инновацияларының келесі негізгі талаптары мен үдерістерін анықтадық:

1) білім алуға қол жеткізу. Қоғамдағы кез-келген адам қажет білімді өзіне ыңғайлы орында, уақытта, жылдамдықта оқи алады.

2) білім беруді жекешелендіру. 60 жыл бұрын Бенжамин Блум өз зерттеулерінде [3], бағдарламаланған және жеке оқу нәтижелерінің айырмашылығын көрсеткен. Жеке сыныпта оқыған оқушылардың 98% басқа сыныптарға қарағанда жақсы нәтиже көрсеткені дәлелденген.

3) таланттылар үшін соғыс. Оқу мекемелері өздерінің жаңа, инновациялық брендин қалыптастырып «білім беру нарығына» ұсынуды және дарынды адамдарды өз қабырғаларына тартуды қамтамасыз етеді.

4) «Цифрлық революция». Білім беру инновациялары ақпараттық немесе коммуникациялық технологиялармен байланысты болуы керек. Осылайша, сіз, оқыту процесінде ақпараттық инновацияларды енгізу үшін тиісті инфрақұрылымды құрайтын қашықтан оқыту, жаппай онлайн-курстар, электрондық кітапханалар, «бұлтты есептеулер» технологияларын қолданасыз. [4]

XXI ғасырда компьютерлер мен Интернеттің қолжетімділігі қашықтықтан оқытуды барынша қарапайымдатып, оның таралуын жеделдетеді. Интернет, радио мен телевидениеге қарағанда, айтарлықтай ауқымды серпінді жетістік болып тұр. Қайда болмасын, кезкелген білімалушымен байланысуға, одан керібайланыс алуға мүмкіндік пайда болды. «Жылдам интернеттің» кеңінен таралуы онлайн, қашықтықтан оқытуға үлкен серпіліс беріп отыр.

Қашықтықтан оқыту негізінен, білім беру үдерісіне қатысушыларының сырттай, қашықтықтағы өзара әрекеті ақпараттық-коммуникациялық желілерд қолдану арқылы жүзеге асырылатын технологиялардың көмегімен ұйымдастырылады. Интернетте күнсайын оқу үдерісін заманауи стрим-технологияларды қолдана отырып, табысты ұйымдастыруға арналған жаңа және жаңартылған веб-қызметтер мен бағдарламалар пайда болуда.

Қазіргі таңда қашықтықтан оқытуда жаңа технологиялардың көптеп пайда болып жатқаны белгілі. Олардың барлығы дерлік сандық технологиялар. Олар гипермедиа бағдарламаларынан тұрады. Бұл бағдарламалар білім алушыға ақпараттық қорды, Интернет және басқа желілер арқылы қол жетімді мәліметтер қорын, тіптен мәліметтердің кіріктірілген кешендерін меңгеру тәртібін өзінің бақылауына мүмкіндік береді және осы үдеріс Zoom стриминг платформасында колледж оқытушыларымен жүргізіліп жатқан вебинарларда, форумдарда айқын көрініс беруде. Білім алушылар видео курстармен, аудио материалдармен, мәліметтер қорымен және тағы да басқа бағдарламалық қамтамалармен өз үйінен, жұмыс орнынан тура қосылу барысында қолжеткізуге мүмкіндік алды.

Осындай қашықтықтан оқыту технологиясы мен методикасы білім беруді дербестендіруге бағытталған. Яғни әр адам қажет білімді өзіне ыңғайлы орында, уақытта, жылдамдықта оқи алады. Бүгінде әлемде осындай ашық университеттер жобалары белсенді дамып келеді, ал онлайн білім алушыларының саны тек артуда. Осындай үдерістер Қазақстандағы кәсіптік және техникалық арнаулы білім беру жүйесінде өзжалғасын табууда.

Қашықтықтан оқыту деген не? Қашықтықтан оқыту жүйесі дегеніміз не екендігін түбегейлі шешіп алу үшін, еналдымен оқыту үдерісіне деген көзқарасыңызды анықтап алғаныңыз абзал. Егер оқытуды өзара байланысқан бөлшектер мен үдерістер жүйесі ретінде қарастырар болсақ, онда осы жүйені басқаратын құралдарға деген қажеттілік айқын. [5] Сондықтан осы жерде классик Питер Друкердің «Өлшеуге келмейтінді басқару мүмкін емес» деген тұжырымы орынды сияқты.

Қашықтықтан оқыту жүйесін қолдану оқыту үдерісін басқару дегенді білдіреді және мұны оқу контентін жасаумен шатастыруға болмайды. Сіздің қолыңызда электронды курстардың, бейнедәрістердің немесе тесттердің толық топтамасы бар болған жағдайда да, осы материалдарды қолдануға жәй ғана рұқсат ету жеткіліксіз. Басқаша айтқанда, текшеде кітаптың тұрғаны жеткіліксіз, оны енді оқып шығу керек.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». <https://abai.kz/post/51228>
2. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2020, 18-28 бб.
3. Старостин А.М. Новые модели образования в современном мире: факторы формирования тенденции развития. Ростов-на-Дону. Изд-во РЮИ МВД России. 2007, с.27-25.
4. Бебнев А.Е. Массовые онлайн курсы как новая инновационная тенденция образовательной сферы Современные проблемы науки и образования. 2013. №6.
5. Полат Е. С. Педагогические технологии дистанционного обучения / Е. С. Полат, М. В. Моисеева, А. Е. Петров; под ред. Е. С. Полат. М.: Академия, 2006.

Р. Боранқұл,

«Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты

М. Шағырбаева,

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

ЖАС МЕКТЕП БАСШЫСЫНЫҢ КӘСІБИ САНА-СЕЗІМІНІҢ ДАМУЫ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Мұғалімдердің кәсіби қызметін зерттеушілер педагогикалық іс-әрекеттің гностикалық компонентін қалыптастыру, перцептивті-рефлексивті қабілеттерін дамыту үшін кәсіби өзін-өзі танудың маңыздылығын атап өтеді және олардың кәсіби «мен» ерекшеліктерін кәсіби шеберлік деңгейімен байланыстырады.

Білімнің әмбебаптығы, жалпы әмбебап тәжірибе және нақты практикалық қолдану арасында үздіксіз байланыс жоқ. Адамның қасиеттері, мінез-құлқы, мүмкіндіктері мен қабілеттері оның өмірінің материалдық жағдайлары сияқты объективті. Тұлға әрқашан белгілі бір адамға қолжетімді іс-әрекеттер, әрекеттер, шешімдер, соның ішінде, әрине, басқарушылық шеңберді анықтайтын

«субъективті шектеулер» жиынтығын қамтиды. Мектеп басшысының жеке басы оған қол жетімді деңгейді, басшылықтың «шегін» қатаң түрде белгілейді. Бұл «төбені» тұрақты түрде арттыру, басқару ғылымында жақсарту үшін кейде көшбасшы жаңа дағдылар мен әдістерді игере алмайды. Жеке құрылымдарды терең қайта құру, «субъективті шектеулермен» байыпты жұмыс қажет.

Жеке тұлға тұтастай алғанда жеке рефлексия актісінде ашылмайды, бірақ басқа адамдармен қарым-қатынаста, іс-әрекетте, әлеуметтік маңызды әрекеттерде барынша жан-жақты көрінеді.

Біздің ойымызша, жеке тұлғаны кәсіби қатынастар жүйесіне қосу кезінде өзін-өзі тану тексеріліп, түзетіліп, түзетілетінін атап өткен жөн.

Басшының өзіндік санасы, кәсіби қызметі және тұлғасы жеткілікті қарама-қайшылықтарға толы екендігін және өте қиын сараланатын бірлік болып табылатындығын атап өту қажет. Әрине, осы феномендердің әрқайсысын жеке зерттеу қажет. Алайда кәсіби қызмет қажеттілікке байланысты осы үш бірлікті талап етеді. Бірақ осы үш бірлікте кәсіби қызметтің әртүрлі кезеңдерінде жетекші фактор ретінде не өзіндік сана, не тұлға қатысады.

Осыған қоса өзіндік сана қызмет пен тұлға арасындағы буынды жалғастыратын байланыс ретінде қарастырылады. Басшының тәжірибелік қызметінде, біздің көзқарасымызға қарай, мұндай байланыстырушы буын ретінде кәсіби өзіндік сана қарастырылады.

Қоғамдық қызмет мәніне қарай практикалық болып табылатындығы, ал белгілі бір білімнің ақиқаты туралы сұрақ теория сұрағы емес, практика сұрағы болып табылатындығы туралы ереже аксиомаға айналды. Бұған орай, басқарушылық қызметтің тиімділік шарты ретінде өзіндік сана практикалық сұрақтар қашан және қайда шешілетін мәселе ретінде туындайды. Өзіндік ақиқат дереккөздерінде өзіндік сана – бұл ең алдымен практикалық мәселе, және ол адами қарым-қатынастардың кез-келген түрлерінде, адамның әлемді игеруінің барлық деңгейлерінде сол күйі қалады.[1.342б]

Сонымен, өзіндік сана мәселесін, біздің қарастыруымша, келесі түрдегідей қалыптастыруға болады: сөз бен ісі нақты бір жерден шығатын, өзінің кәсіби қызметінде белгілі бір білімдерді басшылыққа алатын, тәжірибеде теорияны қолданатын тұлғаның өзіндік санасы қандай болмақ? Басқарушылық қызмет жүйесінде өзінің нақты тұрмысын іске асыру келешегінде теориялық пайымдауды қарастыратын, мектеп басшысы қандай дүниетанымға ие болуы тиіс?

Теориялық білім, кез-келген жалпы білім секілді жеке мәдени-тарихи іске асыру алгоритмдері ретінде өзінің мүмкін практикалық мазмұнының нақты білімінен тұрмайды. Осыған қоса, өнеркәсіпте ғылыми нәтижелерді қолдану, әртүрлі еңбек операциялары үшін белгілі бір құралдарды пайдалану жеткілікті нақты фактілер болып табылады. Сәйкесінше, барлық қайталанбайтын өзіндік бейнесінде және әртүрлі білім түрлеріне ие басшы тұлғасының субъективті байлығында басқарушылық қызметті саналы өлшеу білу, жалпы мәдени білім әлемі мен өзінің өмірлік тәжірибесін біріктіре білуі тиіс.

Сонымен, тұлғаның кәсіби қалыптасуы – бұл өзіндік сана ықпалымен кәсіби қызметте бірізді сапалық өзгерістер болып табылады. Бұл өзгерістер ең алдымен тұлғаның тұтынушылық-мотивациялық, операциялық-техникалық салаларында орын алады.

Кәсіби қалыптасу мәселелерінің зерттеушілері бұл үрдісте бірнеше кезеңдерді бөліп көрсетеді: әртүрлі еңбек салаларында жалпы даму және бастапқы бағдар ықпалымен кәсіби ниеттердің туындауы және қалыптасуы; таңдалған мамандықты игеру ретінде кәсіби білім алу;

Қызметтің дербес стилінің қалыптасуын сипаттайтын кәсіпке ену және өндірістік пен әлеуметтік қатынастардың жүйесіне қосылу (кәсіби бейімделу); өзіндік кәсіби қызметті ішінара және толық іске асыру (білімдік шығармашылық қызметтің кезеңі). Кәсіби қалыптасудың әрбір кезең нәтижелері болып табылады: кәсіби өзіндік анықталу, оқушылық, өзіндік сананы дамыту негізінде біліктілік немесе құзыреттілік және кәсіби шеберлік.

Мектептің басшылығын енді бастаушы басшысы үшін белгілі бір ерекшелікке ие, оның кәсіби қалыптасуының бейімділік кезеңі тән. Мұғалімнің басшылық қызметке тағайындалуы жағдайында қызметтің басшылыққа толық ауысуы орын алады. Тағайындалу ұжымның ішінде орын алған жағдайда лауазымға бейімделу мәселесі бастапқымен салыстырғанда күрделілігі кемдеу болып табылады, себебі бейімделу нысандары ретінде ерекшеліктері бар жұмысты мектеп әлеуметтік-психологиялық бейімделу нысаны ретінде педагогикалық ұжым толығымен шектеледі; еңбек саласы үлкен өзгерістерді. Лауазымға бейімделу кезеңіндегі қиындықтар, ережеге сай, арнайы басқарушылық даярлыққа ие болмауына байланысты, және ол өзі үшін жаңа кәсіпті игереді, бұл оны қызметке алғашқы бейімделу жағдаятын бастан кешіруге мәжбүрлейді.[2.54б]

Кәсіби қалыптасу мәселелерін зерттеушілер маманның қызметті іске асыру тиімділігі тұтынушылық-мотивациялық, операциялық-техникалық және тұлғаның өзін-өзі тану салаларының

тығыз бірлігі мен өзара әрекеттесуінде қалыптасу деңгейіне тікелей тәуелді, осыған қоса қалыптасудың әрбір жеке кезеңінде олардың бірінің қалыптасу жоспарында жетекші рөл беріледі. Мұнда сөз мектеп басшысының кәсіби өзіндік санасы туралы болып отыр, тұлғалық «Мен» дербестігі «өзіндік сана» ғана емес, басшы-индивидтің эмпириялық санасында кейбір абстрактілі теориялық позиция ғана емес, қоршаған ақиқатта өзі мен өз орнын нақты түсіну болып табылады. Мектепті тиімді басқару үшін «жалпы» басшы болу жеткіліксіз, алайда жеке өмір тарихына ие, мектептің басқарушылық қызметін айрықша түсінетін және пайымдай білетін, барлығымен белгілі бір әлеуметтік-экономикалық, мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді бөлісе алатын, ақыл-ойы толыққан, басқарудың күнделікті, қалыпты жүйесіне қатыса білетін тұлға болу міндетті.

Басқарушылық қызметтің жанды үрдісімен бірігу мектеп басшысының кәсіби практикалық өзіндік санасына тарихи оқиға қасиеттерін береді. Біздің көзқарасымызша, мектеп басшысының кәсіби өзіндік сана мәселелерін шешу басқарушылық қызметтің күнделікті күйбің тірлік сұрақтарына барынша «енуде» жатыр. Демек, кәсіби практикалық өзіндік сана басқарушылық қызметтің тиімділік шарты ғана емес, сонымен бірге басшының сөзі мен ісінің бірлік негізі, болмаса, олардың бірлігі, бұл басқарудың жалпы қағидалары мен білімдерін білуден тартылатын қызметтің жай нәтижесі емес. Сөзден нақты іске көшкенде әрекет етуші субъектінің өмірлік тәжірибесі, оның дүниетанымы жатыр. Дәл осы әлеуметтік-практикалық және мәдени шектеулер басшыға өзінің таяу арадағы тұрмыс ерекшеліктерін бағалауға және, өзінің кәсіби өзіндік санасын мүмкін өзгерістер мәні етуге мүмкіндік береді.

Кәсіби өзіндік сана кәсіби қызметте өзін тұлғалық тану мәні болып табылады, ол келесілерді болжайды:

- Осы қызметке – қажеттіліктері мен мүдделері, ұмтылулары мен құнды бағдарлары, қызметтің қозғаушы күштері, өзінің әлеуметтік рөлдері туралы ұғымдарына өзінің ұмтылуын түсіну;
- Маман ретінде өзінің жеке қасиеттері мен сапаларын бағалау; кәсіби білімдері, біліктері мен дағдылары, кәсіби маңызды қасиеттер; қоғамдық дамудың заманауи кезеңімен осы кәсіпке объективті түрде қойылатын талаптармен бірге бағалау нәтижелерінің қатынасы;
- Қызметке қатысты сыртқы шарттарды ескере отырып мақсаттарды қоюдан және оларға қолжеткізу тәсілдерін анықтаудан тұратын, өзінің кәсіби қызметін реттеу; әрекет ету бағдарламаларын әзірлеу және қызмет барысында оларды түзету, сондай-ақ оның нәтижелерін, қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейлерін бағалау. [3.144б]

Біз кәсіби өзіндік сана сапасы біздің зерттеу аспектімізде өзекті мәнге ие, келесі типтерінде көрініс табады деп есептейміз:

- Өзіндік сананың жайлылығы;
- Өзіндік сананың ебедейсіздігі;
- Өзіндік сананың белсенділігі.

Басшының кәсіби өзіндік санасының осы типтерінің әрқайсысы басқарушылық қызметте белгілі бір рөлді ойнайды.

Белсенді өзіндік санасы бар басшы – бұл ақпараттың дереккөзі ретінде қоршаған адамдарға бағдар және өзінің өткен тәжірибесіне саналы сындарды қатынасы бар басшы. Бұл екі тарап өзінің басқарушылық қызметінде демократиялық қағидаларды бірізді іске асыратын мектеп басшысының мінез-құлқында нақты көрініс табады. Демократиялық басшының тәжірибесінде сындарлы өзіндік санаға, өзіндік сынаққа айрықша орын тиесілі. Бұл жағдайда басшының өзіндік сыны ретінде өз қателерін мойындауды ғана емес, есептеулерді талдай білу, одан іс үшін нақты пайданы көздеу, ішкі тұлғалық шиеленісті шеше білуді түсіну қажет. [4.200б]

Мектеп басшысы ұжымның нысанды көшбасшысы болып табылады, ол өзі басшылық етіп отырған адамдардың жұмысы үшін ресми жауапкершілікке ие. Ол, егер ұжымның қандай да бір қызметкерін марапаттағысы, ықпаландырғысы немесе жазалағысы, тежей тұрғысы келсе, пайдаланатын бірқатар ресми құзыреттіліктер мен ықпалшараларға ие. Алайда, оның өзіндік санасында ұжымның мүшелеріне ықпал етудің моральдық секілді, психологиялық тәсілдері мен негіздерін бекітілуі тиіс. Басқаша айтқанда, белсенді өзіндік санасы бар басшы бейформальды көшбасшының қырларына ие болуы тиіс.

Егер басшы кәсіби қызмет үрдісінде өз бойында көшбасшының қырларын салыстырса, сәйкестендірсе, таныса, онда осы арқылы кәсіби өзіндік санада оның тұлғасының бағыттылығы анықталады.

Сонымен, басшының кәсіби өзіндік санасы оның тұлғасының бағыттылығымен диалектикалық өзара байланыста болады. Басшы тұлғаның бағыттылығы оның барлық жетекші диспозицияларының жиынтығы болып табылады, ол оның кәсіби өзіндік санасын анықтайды. Осыған қоса өз бағыттылығын

істерде, әрекеттерде іске асыра отырып, басшы өзінің кәсіби өзіндік санасын қалыптастырады, тәжірибеде өз идеяларының бірінің дұрыстығын және басқаларының қателігіне көзі жетеді. Өзінің басқару әрекетімен кәсіби өзіндік санасын үнемі сынау – тұрақты кәсіби сананың қалыптасуының қажетті шарты.

Алайда басшының қабілеті өздігімен өзінің кәсіби өзіндік санасын күрделі практикалық сынақтарға тарту басқарудың осы актісіне қатысты басшының не ойлап, не уайымдайтындығына ғана емес, сонымен бірге ол туралы оның не ойлап және нені уайымдайтындығына тәуелді.[5.1206]

Бұл оның кәсіби өзіндік санасының айрықша сапасы туралы айтады. Ол, бұл сапа, және әдетте басшының дербестігі деп аталатын, белгілі бір басшының тұлғалық практикалық өзіндік сана сипатын анықтайды. Мектеп басшысының дербестігі біруақытта кәсіби өзіндік санамен қатар қалыптасады, сәйкесінше, басшы тұлғасының бағыттылығымен бірге дамиды.

Өзіне, өз өміріне, өзінің кәсіби қызметіне қатысты пайымдауларды тұлғаның қабылдауын педагогика мен психологияда өзіндік анықталу деп атайды. Өзіндік анықталу бірегейлік элементі болып табылады.[6.1186]

Кәсіби қызмет құрылымы және оның мазмұны өзгеріссіз қалмайды, олар сол кәсіптік аясында барлық жаңа қырларды, жаңа мәнді, жаңа нысандарды табатын, басшының жеке өсуімен өзгертіледі. Осылайша, тұлға дамуының өзіндік санасы кәсіби қызметтің түрленуін, ол туралы ұғымдардың тереңдеуін ынталандырады. Кәсіби қызметтің түрленуі, оның сапалық жаңа деңгейі, өз кезегінде, бұдан әрі тұлғалық өсуге (қызметтің операциялық аспектісінің түрлену есебінен ғана емес, сонымен бірге өз адамдардағы «бөгде тұрмыс», дербестену үрдісі арқылы) алып келеді, бұл өз кезегінде кәсіби қызметті жаңа мәнге, жағдаяттық мазмұнға толтырады. Сәйкесінше, субъектінің маңызды құндылықтары тұтас қызметті құратын заттар, құралдар мен тәсілдерді таңдаудың қорытынды қалыптастыру қызметін орындайды. Сондықтан адамның өзіндік дамуы кәсіби қызметтің түрленуін ынталандырады, бұл өз кезегінде, тұлға дамуының қозғаушы күштерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Доценко Е.Л. Психология манипуляции : Феномены, механизмы и защита. – М. : ЧеРо : Изд-во МГУ, 2009. – 342 с.
2. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя. – М., 1990. –54с.
3. Мартынов С.Д. Профессионализм в управлении. – ПИТЕР. – 2001. – 144с.
4. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. – М.: Флинта, 1998. – 200 с.
5. Молл Е.Г. Планирование своей карьеры руководителем // Вопросы психологии. – . 2008. – № 3. – 120 с.
6. Тонконогая В.П. Дидактические основы обучения руководителей общеобразовательных школ в системе повышения квалификации: дис. ... д-ра пед. наук. – СПб., 1992. – 118 с.

Л.Е. Ділдабай,

Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Қ. Сәтбаев атындағы жалпы орта мектеп КММ

ЖАҒАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.
Төле би*

XX ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгешеліктер жүріп жатыр. Жеке тұлға яғни дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. Болашақ жастардың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етудің ең биік шыңы – білім сапасын арттыру. Сапалы білімді қамтамасыз етуде қазіргі қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте мол, оқушылардың қызығушылығын арттыруда жаңа технологиялар да артуда, тек әр ұстаз, өз оқушыларына ыңғайлысын қолдана білуден ұтады. Оқушының білім сапасын арттыру – өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-

гумандық бағыттылығы жоғары, педагогикалық ақиқат пен ондағы өзінің іс-қимылын жүйелілікпен арттыруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды таба, таңдай, сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін мұғалімге байланысты. Білім беру үрдісінің субъектісін дамыту шарты – оқушының білім сапасын арттыру болғандықтан, сабақ жүргізетін кез келген мұғалім сабақ өткізудің ең тиімді, ең қызықты, ең қажетті, ең тартымды, ең өзекті үрдісін таңдап алу қажет. Мұндай үрдіс оқушының білім сапасын арттырып қана қоймайды, оның білімге деген біліктілігін арттырып, ізденімпаздылық пен шығармашылыққа деген іскерлік пен дағдыларын қалыптастырады, білім кеңістігіне жол ашады.

Оқыту сапасын арттыруда білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының ең үздік білім ресурстары мен технологияларына тең әлемде табысқа жеткізетіндігінен қанағаттану; жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру қажет. Білім беру үдерісінің сапасы мұғалімнің біліктілігі мен оқушылардың дайындық дәрежесіне ғана байланысты емес, сонымен қатар оқыту үдерісін ұйымдастыру және оны басқару деңгейіне байланысты. Сапаны басқару дегеніміз білім берудің кепілделген сапасын қамтамасыз ету үшін арнайы шаралар жүйесін құру дегенді білдіреді. Білім беру үдерісін жетілдірудің тиімді құралы ретінде оқушылардың оқу жетістіктерін жан-жақты талқылап, тоқсан сайын мониторинг жасау, білім сапасын салыстырып отыруды атап өтуге болады.

2019-2020 оқу жылында Академик Асқарбек Құсайыновтың бастамасымен білім сапасын көтерудің ғылыми негіздері тақырыбында 2, 6-сыныптарды эксперимент сыныптар болып, 2-сыныптарды қазақ тілі мен әдебиет, жаратылыстану, математика пәндері, 6-сыныптар бойынша қазақ тілі, математика, жаратылыстану, Қазақстан тарихы пәндері бойынша эксперимент басталды. Эксперимент сыныптармен жұмыс жүргізуге тәжірибелі мамандар таңдап алынды. Мектеп басшыларымен бірге психолог, социолог, ата-аналар мектептің басқа әріптестер тарапынан қолдау қорсетіліп отырды. Эксперимент сыныптармен жұмыс жүргізудің маңыздылығын түсініп пән мұғалімдері үлкен жауапкершілікпен жұмыс жасады. Сынып кабинеттері керекті ресурстармен жабдықталды. Білім алушылардың білім алуына жан-жақты жағдай жасалды. Дегенмен кейбір білім алушылармен жұмыс жүргізу қиындық келтіріп отырды. Ол қиындықтарды пән мұғалімдері ақылдасу сабақтары арқылы, кәсіби біліктіліктерін арттырып отырды.

Білім берудің қазіргі міндеті – білім алып, білім мен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікті ақпаратты өзі іздеп тауып, талдау және ұғымды пайдалану, тез өзгермелі қоғамға лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Ал бүгінгі мектеп – жаңа қоғам мектебі, болашақ мектебі, яғни мәдени саналы, халықтық мәдениетке интеграцияланған, жеке бағыттылық, баланың жеке тұлғасының дамуына педагогикалық жағдай жасайтын және өзін-өзі тануына көмектесетін, рухани жағынан таза, ізгілендірілген, білімнің жаңа мазмұнымен байланысқан, әлеуметтік өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақ өсіріп, дамытып, жетілдіретін мектеп болуға тиіс. Сол талапқа сай мұғалім де дайын болуы керек. Білімнің жаңа үлгісі өзіне сәйкес жаңа мұғалімді талап етеді. Ол мұғалім шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға, педагогикалық қызметтің барлық жақтарын зерттеп-меңгеруге ынталы, өзінің пәнін жетік меңгерген, кез-келген педагогикалық жағдаятты өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеті, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын ұстаз болуы тиіс. Сонымен бірге ол бір уақытта педагог– психолог және оқу үрдісін ұйымдастырушы технолог болумен қатар, оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа педагогикалық таңдау, қолдану тәсілдерін, мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталған теориялық-әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық шеберлікті меңгерген маман да болуы керек. «Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдында, айналсаң артыңда тұрғандай» – деп Сократ айтқандай ұстаздарымыз әлем дамуымен бірге дамуда. Мектептің білім сапасын арттыруда педагогтың жауапкершілігі зор болса, заман талабы педагогтан кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік педагогика мен психологияның негіздерін қолдана білу қабілетін талап етеді.

Мектебімізде білім сапасын арттыру, болашақ білімді азамат қалыптастыруда, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, құзырлығын арттыруда мектеп жұмысының, әдістемелік жұмыстың ұжымдық, топтық, жеке, белсенді түрлері мен әдістері кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар озат тәжірибелер бойынша іс-тәжірибе тарату жұмыстары, шығармашылық есептер беру, әдістемелік апталықтар, оқушылардың ғылыми жұмыстары, әдістемелік сипаттағы семинарлар, конференциялар өз жалғастарын табуда.

Білім сапасын арттыру бағытындағы бағдарламада:

- жеке тұлғаны, яғни дарынды шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлғаны қалыптастыру үшін ауылдағы 2-5 жас аралығындағы барлық сәбилерді тегін балабақшамен қамтамасыз ету;
 - ШО пен МАД топтарын оқу-әдістемелік және ақпараттық-техникалық құралдармен жабдықтау;
 - бастауыш сынып кабинеттерін жаңа үлгіде жасақтап, әр пән бойынша көрнекіліктермен толықтыру;
 - дарынды оқушылардың жұмысын жолға қою, әрбір оқушыны дарындылыққа жетелеу;
 - ШО, МАД және орта буын мен негізгі саты арасындағы сабақтастықтың жүргізілу формаларын әрбір мұғалімге міндеттеу;
 - барлық оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
 - педагог мамандардың сабақ беру шеберлігін арттыру мақсатында біліктілігін арттыру үшін қайта даярлау курстарын енгізу;
 - оқушыларды ойлау білуге және әртүрлі проблемаларды өздігінен шеше білуге тәрбиелеу;
 - гуманитарлық таным білімге негізделген сөздік қорларын көбейту;
 - сабақ үрдісінде жаңа технологияларды қолдану;
 - пәндерді тереңдетіп оқытатын сыныптар ашу;
 - математика пәндері бойынша сағат санын көбейту;
- Білім беру қызметінің негізгі бөлігі білім сапасын арттыру мақсатында негізделді. Бұл қызметтің жоспарында жұмыс бағыты мынадай принциптер бойынша атқарылады:

- тұлғаны дамыту;
- педагог мәртебесін көтеру;
- оқытып-үйрету әдістері;
- іздестіру жұмыстарына бағыттайтын ынтымақтастық;
- оқушы позициясы;
- жаңа ақпараттық-технология;
- бәсекеге қабілеттілік;

Білім сапасы негізінен оқу материалын игеріп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыдан дамуына, педагогтардың қарым-қатынасын ізгілендіруге оңды ықпал етеді.

Қай салада болмасын ондағы жұмыстың нәтижесі сапамен өлшенеді. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алып алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Сапаны көтерудегі ең өзекті мәселелердің бірі – мұғалімдерді даярлау және кәсіби шыңдау мәселесі болып отыр. Жаңа заман мұғалімі «дайын» білім көзі ғана болмай, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушысы және үйлестіруші бола білуі, білімнің құндылық ретіндегі сипатына терең мән беруі, нәтижеге бағытталған білім беруде жаңа жолдар мен әдістер табуға дағдыланған маман болуы қажет.

Ізденімпаздық – шығармашылыққа апаратын бірден-бір жол. Шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін оқушының өзін-өзі тануына өзіндік «менін» қалыптастыруға, сол «меннен» шығармашылық тұлғаға жетуіне ықпал жасау әр мұғалімнің міндеті.

Орта білім сапасын көтеру аса күрделі проблемалар санатына жатады. Егеменді ел болғалы оның сапасын көтеру мақсатында ондаған реформалар жүргізілді, бірақ, бірде бірі, күтілген нәтижелер бермеді. Неге? Елімізде оқушылардың білім сапасы неге көтерілмей отыр? Осы сұрақ мені де көп ойландырды. Оның жауабын табу мақсатында Отандық және әлемнің озық елдерінің білім беру жүйелерін зерттеу қажеттігін түсіндім.

В заключение хочется отметить, что хотя процесс глобализации трудный и противоречивый, тем не менее необратимый, и образовательное пространство стран Содружества неизбежно должно интегрироваться в мировое образовательное пространство. Диалектический принцип, который здесь важно реализовать, состоит в том, что отрицание старого новым необходимо осуществить не через уничтожение, как это нередко бывало на постсоветском пространстве, а через преемственность, через внедрение инноваций с опорой на традиционные методы обучения и воспитания.

Литература:

1. Арыстанбекова А.Х. Глобализация. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007.-280 с.
2. Макулова Р.К. Проблемы современной системы образования в условиях глобализации. // <https://www.sgu.ru/sites/default/files/conf/files/2019-03>
3. Глобалистика. Международный энциклопедический словарь. М.; СПб.; Нью-Йорк. 2006. – 256 с.

С.Т. Каненова,

*«Ордабасы ауданының адами әлеуметті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫНЫҢ ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ

Қазіргі ақпараттық қоғамда жаһандану жағдайында білім оның іргелі негізіне айналуға. Білім беру жүйесін жетілдіру – бұл экономиканы, мәдениетті, технологияны, әлеуметтік саланы дамытудың стратегиялық ресурстарының бірі, елдің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі элементтердің бірі. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев білім «біздің дамуымыздың шешуші факторына айналады» және «ұлттық басымдықтар санатынан білім беру әлемдік басымдықтар санатына көшуде» деп атап өтті.

Қазақстанның білім беру саясаты әлемдік кеңістікке интеграциялануға бағытталған. «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында» «келесі онжылдықтың мақсаты – бір жағынан, адамның прогрессивті дамуын қамтамасыз ететін және ұлттық білім беру жүйесінің интеграциясын қамтамасыз ететін біртұтас ұлттық білім жүйесін құру».

Қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі білім беру бір-біріне қайшы күйде. Бұл көбіне қоғамды жаһандану және ақпараттандыру процестеріне байланысты. Бір жағынан, білім адам қызметінің маңызды салаларының біріне айналды, осы саладағы орасан зор жетістіктер өткен ғасырға тән орасан зор әлеуметтік, ғылыми-техникалық қайта құрулардың негізін қалады. Екінші жағынан, білім беру

саласының кеңеюі және оның мәртебесінің өзгеруі осы саладағы мәселелердің шиеленісуімен қатар жүреді. Сондықтан бүгінгі таңда білім беруді дамытудың философиялық, стратегиялық проблемаларына қатысты ең маңызды анықтамалық және болжамдық тұжырымдарды ғылыми және ұйымдастырушылық тұрғыдан талқылау өте маңызды. Дәл осы мәселелерді шешуде білім берудің құндылықтары мен мақсаттарының мәнін түсіну, білім беру болашақта жұмыс істейтін әлеуметтік және табиғи ортаның даму тенденцияларына, атап айтсақ, тұлғаның рухани, адамгершілік басымдықтары, қоғамның ақыл-ой және мәдени кеңістігі туралы білім беру жүйесіне ықпал етудің нақты мүмкіндіктеріне байланысты болады.

Жаһандану – бұл дүниежүзілік экономикалық, саяси және мәдени интеграция мен бірігу процесі.

Тұтастай алғанда қазіргі әлемнің жаңа шындықтары, жаһандану және қазіргі өркениеттің әмбебаптануы білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуында жаңа міндеттер қойып, жаңа қайшылықтарды тудырады. Қоғамдық өмірдің барлық салаларының өзгеруі білім беру саясатындағы елеулі өзгерістерді болжайды, оның бірі ұлттық білім беру жүйелерін сақтауға және дамытуға ұмтылу және өз ұлты, халқы және этносы үшін планетарлық адамзат қауымдастығына ауыртпалықсыз кіруді қамтамасыз ету. Бұл мәселенің ғылыми және теориялық аспектісі де, соңына дейін шешілмеген, сонымен бірге практикалық маңызы да зор. Білім беру жүйесін реформалаудағы қозғалыс бағытын таңдау адамзаттың білім берудің ғаламдық әмбебап функциясы мен оның басқа этномәдени мұраны беру және ұлттық бірегейлікті сақтау тетігі ретіндегі басқа қызметі арасындағы қайшылықты түсінуге байланысты болмақ.

Интеграцияның үш қағидаты білім беруді өзінің іргелі қатынастарында оңтайлы түрде анықтайды: интеграция мен дифференциация бірлігі принципі білім берудің өзін-өзі ұйымдастыру тәсілін білдіреді; антропоцентризм принципі интегралды білім беру жүйесінде оқушы мен оқытушының позициясын анықтайды; сайып келгенде, мәдени сәйкестік принципі білім берудің оның мәдени ортасымен байланысын сипаттайды. Осылайша, мен білім беруді ұйымдастырудың үш негізгі аспектісін бекітемін: ішкі, адами, сыртқы.

Жаһандану процесі белгілі бір ұйымдастырушылық-әдістемелік шараларды ғана емес, сонымен қатар білім беру процесіне қатысушылардың барлығының санасын тиісті түрде қайта құруды қажет ететін ұлттық білім беру жүйелеріне үлкен әсер етеді. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіретін елдер жағдайындағы білім беру саласындағы коммерциализация, білім беру мекемелерінің жұмысы байыпты талдауды және теңдестірілген шешімдерді қажет етеді, ал ұлттық білім беру жүйелері, ғылым саласы сияқты, өзінің еңбегі мен әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін жоғалтпауы керек.

Болон процесі ажырамас бөлігі болып табылатын әлемдік және еуропалық білім кеңістігін құру әрекеттері білім беру саласындағы жаһанданудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету – бұл әлемдік ақпараттық ресурстарға қол жетімділікті, виртуалды академиялық ұтқырлықты, оқу бағдарламаларын біріздендіруді және әлемдік білім беру кеңістігін құрудың негізгі мақсаттарының бірі және қажетті шарттарының бірі болып табылатын бұл – оқыту технологиялары, қашықтықтан технологияларды кеңінен қолдану. білім беру және т.б.

Жаһандану білім мен ғылымға ықтималдық жағымды салдарлардан кем емес мынадай тәуекелге алып келеді:

- 1) жаһандану жедел қарым-қатынастың жаңа құралдарының пайда болуына байланысты білім мен ғылымның бірқатар мәселелерін тудырады;
- 2) жаһандану – бұл жаңа ережелермен пайда болған жаңа білім беру жүйесі;
- 3) дәстүрлі білім беру және ғылыми ұйымдар белгіленген иерархиялық құрылымға сәйкес келмейтін жаңадан құрылған мекемелердің қиындықтарына қарсы тұруға мәжбүр, ал құзыреттілік пен беделді жаңаша түсіну әрдайым академиялық білімге негізделмейді;
- 4) жаһандану білім беру процесінде орасан зор өзгерістермен қатар жүреді және осыған байланысты мамандандырылған білім беру мекемелерінің белгілі бір ымырасы бар.

Өркениеттері дамыған және дамушы елдер арасындағы қарым-қатынас бірінші кезектегі жағдайда әртүрлі мемлекеттердің тарих, география, әлеуметтік ғылымдар саласындағы мектеп біліміне шұғыл қажеттілік туындайды. Бізге оқушыларды әлеуметтендіруге, оларды әлем азаматтарына айналдыруға үлес қосатын бастауыш және орта мектептер үшін жаңа білім беру бағдарламалары бар жаңа педагогика қажет. Бастау үшін қоғамда әр түрлі ел азаматтарының бір-біріне деген қайырымдылық қатынастарына қол жеткізу маңызды. Жаңа білім беру бағдарламаларымен қатар қолданыстағы оқулықтарды қайта қарау қажет, осыған байланысты Еуропа Кеңесінің жобасын іске асыру тәжірибесі пайдалы, оның көмегімен әр түрлі елдердің оқулықтарын жаһандық деңгейде салыстыруға болады.

Қазіргі кезде білім қоғамның әлеуметтік-мәдени жаңаруы, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды, жүйені қалыптастырушы ресурсқа, инновациялық жүйені құрудың және елдің адами капиталын дамытудың маңызды факторына айналды.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. А. К экономике знаний – через инновации и образование: Лекция Президента Н. А. Назарбаева в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева (26 мая 2006 г.) // В кн.: Евразийский университет и мир Евразии.
2. Дворжак В. Роль образования и науки в процессе мировой глобализации. «Научная жизнь» № 2 2002 г

Б.С. Қожаназарова,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Кіріспе.

Бүгінгі заман – жаңа бағытқа бастау алған уақыт кезеңі. Әр заманның өзіне тән тарихи оқиғалары, адамды жаңашылдыққа, өзгеріске итермелейтін құбылыстары болатыны мәлім. Бұл сол уақыт кеңістігінің өмір сүрген кезеңіндегі қоғамдық тәлім-тәрбие, білім беру үрдісіне байланысты болып келеді. Тәрбиенің негізгі мақсаты толыққанды дамыған адамды қалыптастыру. Ал бұл міндеттердің табысты шешімін беру жеке адамның дамуы қалай өтетінін және оның қалыптасуына қандай жағдаяттар ықпал ететінін білумен байланысты. Яғни, баланың бойында жастайынан адамзаттық сипатқа тән қасиеттерін дамытудан бастау алады.

Қоғамдағы адамды жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін жеткіншек кезеңінен білім беру мен тәрбиені үйлестіре отырып отансүйгіштікке, адамгершілік пен табандылыққа, ортамен байланыс орната білуге баулу, өзінің бойындағы жеке қасиеттерін тани білуге үйрету маңызды баспалдақ болмақ. Балаға берілетін тәрбие үдерісін жүзеге асыру барысында ата-ана мен педагог мамандары жетекші рөл атқарады. Отбасында ата-ананың бойынан берілген рухани-адамгершілік тәрбие мен білім беруде ұстаз көмегімен алған тәлім-тәрбиені ұштастыра отырып бойына сіңірген бала болашағы жарқын болары анық

Педагогикалық қызметтің басты мақсаты – оқушылардың мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарына сай оқушыда оқытылатын пән бойынша құзыреттілігін қалыптастыратын және бір мезгілде олардың тұлғалық дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз ету [1, 18 б]. Жастайынан бала бойында ізгілік, мейірімділік, жан-жақтылық секілді тағы басқа игі мінездерді қалыптастыру болашағына үлкен бағыт-бағдар береді. Қазақ халқының ертеңін ойлаған қазіргі қоғам өкілдерінің іс-әрекеті кемел келешекке жетелейді. Адам ұрпағымен мың жасайды демекші, мәңгі ел болу жолында жасар маңызды қадам – соңымыздан қалар ұлт ұрпағын қазіргі жаңа заманға сай, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеу. Осы ретте Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «...жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады» [2] деп атап көрсеткен болатын. Мектеп қабырғасында білім алушылардың аталмыш қасиеттерге баулуды міндет еткен пәндердің бірі – өзін-өзі тану.

Негізгі бөлім

Өзін-өзі тану сабағы балаларды адалдық, кішіпейілділік, әдептілік, мейірімділік, қайырымдылық, қамқорлық, батылдық, еңбексүйгіштік, сенімділік, ұстамдылық секілді адамгершілік асыл қасиеттердің мәнін терең ұғынуға үйретеді. Оқулық мазмұнында берілген даналық сөздер, өнегелі аңыз-әңгімелерді оқып-білу арқылы өзін және айналадағы адамдарды, өмірді тануға мүмкіндік алады. Осы тәрбие беру, оқыту барысында оқушы жанына білім нәрін беретін ұстаз рөлі айрықша мәнге ие болады. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың: «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, керек құралдар, құралсыз іс істелмейді» деген сөзі ойға оралады. Аз ғана айтылған сөзде қаншама мән-мағына жатқанын аңғаруға болады. Мұғалім бойында болуы тиіс аталмыш қасиеттер мен оқыту барысында керек әдіс-тәсілдерді пайдалану қажеттігіне баса назар аудару – қазіргі заманның басты талабы болып отыр. Осы орайда қазіргі мұғалімнің бойында қандай қасиеттер болуы керек, өз пәнінің мақсат-міндеттеріне жетуде

қандай құралдарды пайдаланған дұрыс деген заңды сұрақ туындайды. Жалпы осындай бала бойында барлық ізгілікті тұлғалық қасиеттерді дамытатын өзін-өзі тану мұғалімінің сипаты қандай болу керек дегенге тоқталмасқа әсте болмас. Өзін өзі тану пәнінен сабақ беретін мұғалім айналасына мейірім шуағын шашып тұратын, балаларға жылы шырайымен, әдемі күлкімен ісер қалдыратын, жүзі жылы ерекше тұлға болу шарт. Пәннің баллаға берерінен бәлкі мұғалімнің де ықпалы едәуір мол. Ол бала бойындағы әрбір ерекшелікті байқай алатын, мінездегі тұйықтық болса да соны ашып, баланың дарынына деген ынтаны оята алатын еркін сұхбаттарды жүргізе алатын жалғыз тұлғалардың бірі деуге болады. Себебі мұғалім мен оқушы арасында ерекше жылы қарым қатынас болғанда бала ашыла түседі. Жіне ой пікірлерін емін еркін жеткізіп, өзінің жеке даралық тұлғалық қасиетін дамыта түседі. Өзін өзі тану мұғалімі әрбір бала бойындағы жат қылықтардан бойын аулақ ұстатып, ізгілікке баулуға ықпалын тигізеді. Оқушы бойына рухани адамгершілік қндылықтарын қалыптастырып, дамуына өрісін кеңейтеді. Сабақ үстінде мұғаліммен, құрбы-құрдастарымен ұдайы қарым-қатынаста болған баланың өмірлік тәжірибесі молаяды, дүниені өзінше түсіну, сезіну сияқты қасиеттері қалыптасады. Сол себепті мұғалім көп ізденіп, көптеген әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана алуы керек. Үнемі өзін дамыту және ізденіс үстінде болуы ауадай қажет.

Жас жеткіншектерді адамдарға, айнала қоршаған ортаға, бүкіл әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасауға баулитын өзін-өзі тану ұстаздарының бойындағы кәсіби шеберліктерін жандандырып отыру – ұрпақ тәрбиесіне үлес қосар игі істердің бірі. Әлемді тануға, айналадағы адамдарды және ең бастысы өзіңді тануға көмек беру, жағымды ойлау, жақсы сөйлеу секілді жалпыадамзаттық қасиеттер ең алдымен білім берушінің өз бойынан табылуы тиіс. Адам өзінде жоқ нәрсені өзгеге бере алмайтындығы себепті, егер бұл құндылықтар оқытушы бойында болмаса жақсы нәтижеге қол жеткізу ықтималдығы да төмен болмақ. Яғни, қарым-қатынас барысында әр баланың жанарына жылы шыраймен қарап, өзінің қимыл-қозғалысы, ым-ишарасы арқылы оған оң көзқарасын байқата отырып, сенімге ие болу керек [3, 21 б]. Әлемге жақсы көзбен, қамқорлықпен қарауға шақыра отырып, айналаға деген сенімін оята білуі тиіс.

Бастауыш сыныптан оқытылатын өзін-өзі тану пәні – бала бойында жалпыадамзаттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, айнала қоршаған ортаға, бүкіл әлемге ізгілікті қарым – қатынас жасауға, өмірлік мақсатын айқындауға, өз бейімділігі мен қабілетін ашуға және оны шындай түсуге мүмкіндік туғызатын оқу мен тәрбие үрдісі.

Мұғалім өзінің кәсіби мүмкіндігін арттыруда оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығы маңызды рөл атқарады. Кәсіби іс-әрекетінде нақты жетістіктерге жете білген педагогтардың тәжірибесіне сүйенсек, кәсіби өзін-өзі жетілдіруді өзінің педагогикалық іс-әрекетіндегі жетістіктер мен кемшіліктердің себеп – салдарларын терең талдаудан қажет екенін түсінеміз. Өз әрекетінің үрдісі мен нәтижелерін талдай отырып, оқытушы рефлексия жасайды. Осының нәтижесінде педагогикалық шеберлігін, өзін-өзі дамытуға қадам жасай бастайды. Өзін-өзі керекті жүйемен дамытып, өзін-өзі әрқашан тәрбиелеп отыратын ұстаз өзінен өзгелерге тәрбиелеу мәдениетін үлгі ретінде көрсете алады. Егер ондай болмаған жағдайды түсіндірер болсақ балаларға үйреткен ынталандыру жұмыстары өзінің дербес тәжірибесімен тұрақталмай, тек баяндаушы рөлінде ғана қалып қояды.

Өзін – өзі білімдендіру дегеніміз – педагогтың педагогикалық үрдісті жетілдіру үшін қажетті жалпыадамзаттық тәжірибені, әдістемелік және арнайы білімді, кәсіби біліктілік пен дағдыны меңгеруге байланысты мақсатты жүзеге асырылатын танымдық әрекеті. Өзін – өзі білімдендіру – оқытушының маман ретінде өсуінің негізі болып табылады. XIX ғасырдың ұлы неміс ғалымы, педагог Адольф Дистерверг (1790-1866) педагогтардың білімі мен тәрбиесіне үлкен мән берген. Осы мәселе бойынша жарық көрген көптеген еңбектері бар. Сонымен қатар ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинский (1824-1870) мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетін жан-жақты зерттегендердің бірі. «Мұғалім өзі үйреніп, оқып жүргенде ғана өмір сүреді» деп оқытушыларға ізденудің, талмай еңбектенудің әрдайым қажет екенін атап көрсетіп кеткен еді. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден байланысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Яғни, мұғалім өз бойындағы әлеуметтік мүмкіндіктерді дамытудың жолдарын анықтай алуы тиіс. Оқытушы білім-білігін жетілдіру және түрлі түрткілердің негізінде кәсібилік шеберлігін шындауға мүмкіндік алады. Үнемі өзін дамытып отырған педагог психологиясы анық сезіліп, кез келген жұмысты ынтамен атқаруға, өзгені биік дәрежеге талпындыруға деген қуаты еселене түседі.

Бүкіл білім бастауның, үрдісінің жалғыз темірқазығы ол эине мұғалім. Ұстаз сол қазіргі кездегі мектеп бағдарламасына енгізіліп жатқан әрбір жаңалықты, жаңа дәстүрді іске асырушы адам болып табылады. Тұрақты түрде өзін өзі дамыту және жетілдіру жалпы педагогтердің негізі ажырамас құрамдас бөлігі. Бұл айтылып жатқан кәсіби өзін-өзі дамыту өмі бойы жетістікке жетудің ең негізгі қағидасы. Өзін білмеген білімді біреуге үйрету мүлде мүмкін емес. Қазіргі кездегі әрбір мұғалім білімін кезеңімен жаңартып отырмаса оқушылармен де жұмс қиындай түседі. Себебі оқушылардың білімді қабылдауы, дүниетанымының өсуі өте тез әрі қарқынды орын алып жатыр. Сакбақ үстінде қоятын кейбір қиындардың өзінен мұғалім кәсіби түрде сол тығырықтан шыға алуының өзі кәсібилікке тұрақталады. Өзінің деңгейінде жұмыс жасай отырып, жақсы мұғалім болу-уақыт талабы.

Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабылдауы болып табылады. Педагогикалық шеберлікке пәнді жетік білетін, ойын оқушыға толық жеткізетін, оқыту мен тәрбиенің әдіс-тәсілдерін меңгерген, білгендерін қызықты да тартымды жеткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана қол жеткізе алады. Бұл мәселе жөнінде А.В.Луначарскийдің және Н.К. Крупскаяның мақалаларынан кездестіреміз. Педагогикалық шеберліктің мәселесі туралы А.С.Макаренконың пікіріне тоқталар болсақ: «бұл – тәрбие процесін шын мәнінде білу, тәрбие ісінде біліктің болуы» деп атаған еді. В.А.Сухомлинский педагог тұлғасы тәрбиеленушіні тәнті ететін, өзіне тарта білетін, рухтандыратын болуы керек деген пікір білдіреді. Сонымен қатар А.И. Щербаков, Ю.П.Азаров, Н.В.Кузьмина және тағы басқа көптеген ғалымдар маманның шеберлігі жөнінде өз ойларын білдірген.

Педагогикалық шеберліктің құрамында аса маңызды болып мұғалімнің кәсіби жарамдылығы саналады. Себебі, сол негізде ғана педагогикалық кәсіптіліктің жоғары деңгейі қалыптасып, жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. И.Ф. Харламов кәсіби жарамдылықтың мәнін педагогикалық шеберлікті қалыптастырудағы негізгі алғышарты санай отырып: «Бұл мұғалім еңбегінің жоғарғы тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған физикалық, жүйкелік-психикалық және ар-ождандық қасиеттері мен қабілеттіліктерінің қажетті кешені» дейді [4]. Оның көзқарасы бойынша, мұғалімнің кәсіптік жарамдылығы физикалық және жүйкелік денсаулықтың, жақсы сөйлей білу мәнерінің, салмақты мінездің және т.б. болуымен байланысты.

Педагогикалық шеберліктің құрамдастарын зерттей отырып, ғалымдар оның іргелі негізі мен маңызды компоненті мұғалімнің кәсіби білімділігі деген тоқтамға келген. Педагогтың кәсіби шеберлігі құрамындағы білімділік компоненті пән бойынша терең біліммен, психология мен педагогиканы жете меңгерумен, жалпы мәдени-танымдық білімдермен сипатталады.

Күн сайын ақпарат жаңарып алмасқан, озық технологиялардың дамыған, білек күші емес білім күші бәсекеге түскен дәуірінде қоғамды өзгеше бағытқа тәрбиелеу де үлкен мәнге ие. Бұл тұста мұғалімге жаңа ғасыр талабына сай, заманауи технологияларды жетік меңгеру дағдысы көмекке келеді. Әрдайым уақыт талабына ілесіп, оқушыларды жаңашылдыққа, ізденімпаздылыққа тәрбиелеу ұстаздың ұтар ұтымды тұсы болмақ. Мұндай жағдайда ақпараттық-технологиялық құралдарды дұрыс пайдаланса, білімді жетілдіру рөлін жақсы атқара алады. Бала бойында шығармашылық, интеллектуалдық, танымдық қасиеттердің дамуына ықпал етеді.

Өзін-өзі тану мұғалімдерінің кәсіби тұрғыда дамуын қамтамасыз етудің келесі бағыты біліктілікті арттыру. Күнделікті сабақ үдерісін оқушы қызығарлық әдіс-тәсілдермен түрлендіріп үйрету және оқытудың ең озық, ең тиімді тәсілдерін пайдалану педагогикалық тәжірибенің даму деңгейін көтеруге ықпал жасайды. Мектептің жүрегіне айналған ұстаздар қауымына артылған жүкті көтере біліп, өз пәнін үздіксіз ізденіс үстінде жетілдіріп отыру қажет. Мұғалім мамандығының әлеуметтік ортадағы рөлін түсінген ұстаз ғана білім алушының болашағына бей-жай қарай алмайды. Сондықтан да ол әр сабағын ерекше ізденіспен, жаңашылдықпен дайындауға күш салады. Мұғалімнің білім-біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған семинар, конференциялар, курстар, түрлі сайыстар жоғары нәтижеге қол жеткізуге, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдап, оның даму ерекшеліктерін, қабілетін, бейімділігін назарда ұстай білу қасиетіне ие болған оқытушы жақсы нәтижеге қол жеткізбек. Сонымен қатар, шәкіртінің бойында тіршілік атауына сүйіспеншілікпен қарайтын, үлкенге құрмет, кішіге ізет ете білетін, жолдастық, достық қарым-қатынас мәдениеті жақсы дамыған, адамгершілік сипатындағы дағдыларды қалыптастырған мұғалім – жан-дүниесінің тазалығымен, рухани байлығымен ерекшеленеді. Бойына ұлттық салт-дәстүрді сіңірген, оны білім беру барысында қолдана білетін, оқушыларды түрлі әдет-ғұрыптардың, халық мұраларының негізінде тәрбиелей білу де өзін-өзі тану мұғалімдерінің кәсіби көрсеткіштерінің бірі деп білеміз. Баланы тәрбиелеу мен оқытуда ата-ана мен

ұстаздар қауымы тарапынан адамгершілік, патриоттық, ұлттық салт-дәстүрді бойына сіңірген, қазақ халқының әдет-ғұрпынан хабар беру тұрғысынан тәрбие берілетін болса, қоғамға пайдасы тиер көрнекті тұлға қалыптасары анық.

Қорытынды

XXI ғасыр озық ойлы ұстаздың бойында көшбасшылық, ұйымдастырушылығы жоғары, танымдық қызығушылығы мен өз кәсібіне деген айрықша ынтасын, сөйлеу мәдениеті жоғары дәрежеде қалыптасуын талап етеді. К.Ушинскийдің «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады» [4] деген сөзін жанымызға жалау етсек, ұтылмасымыз анық. Ұстаз үшін басты мақсат – шәкіртіне сапалы білім беріп, өмірден өз орнын тапқан, тұлға болып қалыптасқан жан-жақты дамыған азаматты көру. Ел ертеңіне айналар жас ұрпақ бойында ізгілік, сүйіспеншілік, отансүйгіштік жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруда өзін-өзі тану мұғалімдері жақсылықтың жаршысы, игі істің бастауы негізінде үлкен жауапкершілік арқаламақ. Бойындағы қасиет-құндылықтарын дамыта отырып, жаңа заманға сай бола білу ұстаздар қауымы үшін үлкен жетістіктің алғашқы баспалдағы.

Әдебиеттер:

1. Каримов А.Н. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері. – Алматы, 2011 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан –2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 171 б.
3. «Өзін-өзі тану» журналдары №1, 2, 3, 4, 2012-2013 жж.
4. Сарсененова А.Б., Алтаева Д.Б. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру. – Алматы, 2011 ж.
5. Харламов И.Ф. О педагогическом мастерстве, творчестве и новаторстве // Педагогика. – 2007.
6. Ұлағатты сөздер. // <https://bilim-all.kz/quote/1887>

Бактыбаев Ж.Ш.,

к.п.н., доцент, КазНУ имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

МаХаньсюе

магистрант 1 курса, КазНУ имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

СЕМЬЯ В КОНТЕКСТЕ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Семья – это первая и самая миниатюрная группа, с которой каждый может вступить в контакт, и она играет важную роль в личностном росте. Различия в форме семьи вызовут различия в личностном развитии людей. В то же время семья – это ячейка, составляющая общество. Влияние на общество огромно. Однако сейчас мы сталкиваемся с тем, что современные семьи переживают огромный кризис. Увеличивается количество разводов, затрудняется общение между детьми и родителями, и они охотнее общаются со своими сверстниками. Все больше и больше молодых людей страдают от экономического давления и окружающей среды, и их ожидания в отношении брака и деторождения снижаются. Эти проблемы негативно сказываются на обществе и стране. Следовательно, в этом социальном контексте потребность в семейных исследованиях не уменьшилась, а увеличилась. В настоящее время очень актуальна подготовка семьи к психологическому просвещению. Потому что семья – сложная группа. Он имеет различные функции. Следовательно, для защиты семьи и повышения образовательной способности семьи требуется, чтобы профессионалы, ведущие семейную работу, обладали полной системой научных знаний и могли уточнить направленность работы.

Современная семья и ее проблемы – объект многочисленных научных исследований. Потому что семья очень важна как для человека, так и для общества. С точки зрения общества: наше общество состоит из множества семей. Семья – это ячейка общества. Она поглощает питательные вещества из общества и питает каждую семью, чтобы каждая семья могла быть защищена в обществе. Влияние семьи на общество также огромно. Гармоничная семья может способствовать социальной гармонии, а счастливые и красивые семьи составляют процветающее общество. На протяжении всей истории человеческого развития люди не могли создать такой социальной институт, который заменил бы семью и взял на себя ее сложные и разнообразные функции. По мнению ученых, семья – одна из величайших ценностей, созданных человечеством за всю историю его существования. Ни одна нация, ни одна культурная общность не обошлась без семьи.

Семья, как группа, имеет свои уникальные особенности. В первую очередь, когда человек рождается, определяется его статус и роль в семье. Во-вторых, семья полностью удовлетворяет физические,

психологические и материальные потребности людей. В-третьих, при частом взаимодействии и длительном общении между членами семьи безоговорочно отображается психическое состояние человека, личные мысли, эмоции и оценки. В-четвертых, семья полна естественных эмоций, основанных на браке и крови, с глубочайшим общением и самыми близкими межличностными отношениями, что делает семью привлекательной для ее членов. Она часто становится отправной точкой и целью познания, оценки и поведения людей[1].

Эти характеристики семьи определяют, что семейное воспитание играет важную роль в формировании идеологических качеств и личностных характеристик людей, оказывает чрезвычайно глубокое влияние на формирование установок личного характера и психического здоровья. Человеческая социальность сначала достигается в семье; человеческое «я» сначала формируется в семье.

В последние годы количество неполных семей не только увеличилось, но и причины этого увеличения разнообразны: усилилось экономическое давление, ухудшился социальный климат, и возросла терпимость людей к разводам. Неустойчивость семьи жестока по отношению к детям. У ребенка не может быть здоровой и стабильной среды обитания, которая не способствует его физическому и психическому развитию. Кроме того, в связи с постоянным развитием общества, экономики и культуры стандарты воспитания ребенка у людей постоянно улучшаются, что требует не только материальной, но и духовной безопасности. Это заставляет многие молодые пары бояться воспитывать детей и бояться брать на себя тяжелые обязанности. В некоторых семьях родители не могут эффективно общаться со своими детьми из-за неправильных концепций семейного воспитания и отсутствия образовательных знаний. У детей натянутые отношения со своими семьями, они не хотят общаться со своими родителями. Они более охотно общаются со своими сверстниками, полагая, что только друзья могут понять самих себя. Поэтому в современном обществе важность изучения проблем семьи не уменьшилась, а возросла. Нам нужна группа талантов, обладающих профессиональными знаниями в области педагогической психологии, чтобы работать с семьями в будущем, обеспечивать руководство и помощь семьям, а также улучшать семейные отношения. Позитивное развитие общества и страны, а также физическое и душевное здоровье людей неотделимы от крепкой и надежной семьи.

Семья является объектом исследования различных научных экспертов. Философия, демография и социология, экономика, юриспруденция, этика, история, этнография, медицина, физиология и генетика, образование и психология – все эти науки исследуют проблемы семейных взаимоотношений.

Семья имеет огромное влияние на детей. К факторам семейной среды относятся социально-экономический класс, род занятий родителей, экономический статус, уровень образования родителей, образ жизни и система, диета и привычки поведения, семейная атмосфера, условия жизни, личные увлечения и ожидания и отношения родителей к своим детям. Среди них наибольшее влияние на физическое и умственное развитие детей оказывают экономическое положение семьи, уровень образования родителей и качество культуры родителей, образ жизни и образования, диета и привычки поведения, семейная атмосфера и семейные чувства и т. д.[2].

Измерение домашней среды – это новая технология, разработанная за рубежом для оценки качества жизни семьи в последние годы. В исследованиях семейные факторы, оказывающие важное влияние на рост и развитие, были разделены на следующие категории:

- Грамотность родителей, включая род занятий, уровень образования и культурную грамотность;
- Семейная атмосфера, хорошо ли ладят родители, часто ли они общаются, семейные чувства и т.д.;
- Образ жизни, например, распорядок дня, диета и привычки поведения;
- Образование детей, включая дошкольное образование, рекомендации по потреблению и образу жизни, методы обучения родителей (ругать, баловать, невмешательство), последовательность в образовательных установках и т.д. ;
- Психологические факторы личности членов семьи, такие как эмоции, характер, поведение и воля.

Посредством исследований семейных факторов, влияющих на здоровый рост и развитие детей, а также этих неблагоприятных факторов окружающей среды можно сформулировать соответствующие планы вмешательства, чтобы дети могли не только нормально расти и развиваться, но и иметь здоровое физическое и умственное развитие.

Американский психолог Б.С. Блум сказал: «Некоторые дети, лишённые ранней интеллектуальной стимуляции, никогда не достигнут того высокого уровня, которого они должны были достичь». Родители должны уделять внимание нравственному воспитанию своих детей с помощью научных и познавательных игр для развития их интеллекта. Позвольте детям участвовать в соответствующем обучении и труде и развивать у детей навыки устного выражения. При осуществлении раннего обучения разви-

тию способности детской памяти способствует пересказ историй и запоминание новых слов. Формирование у детей хороших эмоций и культивирование благородных эмоций должно управляться и стимулироваться в действиях и поведении в живой манере и должно осуществляться в имитации. Кроме того, родители помогают детям расширять сферу социального взаимодействия и обогащать социальные связи, что является необходимым условием для воспитания здоровых, подвижных, умных и милых детей. Во второй половине дошкольного периода необходимо развивать у детей желание ходить в школу [3].

Ранний школьный возраст – это период, когда дети начинают брать учебу в качестве ведущей деятельности. В этот период у детей быстро развиваются чувства и восприятие, и их язык быстро развивается. Развитие их мышления проходит процесс от конкретного к абстрактному, от несовершенного к совершенному и от низкого уровня к высокому. Обильное воображение, неустойчивое внимание, неспособность уделять внимание предмету в течение длительного времени, имитация поведения особенно очевидна, а также уязвимость к внешним воздействиям – психологические характеристики детей младшего школьного возраста. В этот период школа и семья должны сотрудничать друг с другом, чтобы тело и ум детей могли хорошо развиваться. Педагоги учат детей слушать музыку, вести передачи, практиковаться в чтении вслух, пересказывать развитие языка, рисования, мышления и языковых навыков посредством длительного обучения; тренируют память; стабилизируют внимание детей. В этот период строгие и щадящие методы воспитания родителей способствуют формированию у детей здорового характера и поведения.

Средний школьный возраст (юношеский период) – это период, когда сосуществуют независимость и зависимость, сознательность и наивность. В это время для подростков учеба является ведущей деятельностью. Благодаря их пониманию и овладению предметом можно быстро развить абстрактное логическое мышление; значительно улучшилась память; начало меняться настроение, и начало укрепляться личное достоинство. Подростки имеют сильную тягу к знаниям и разносторонним интересам, им нравится соревнование. Их самосознание начало формироваться, нравственное сознание и нравственное поведение развились. Благодаря формированию моральных убеждений нравственное поведение подростков становится более принципиальным и осознанным. Их эмоциональные характеристики в основном живые, жизнерадостные и энергичные. Мышление подростков односторонне и поверхностно. Родители должны правильно направлять их, задавая вопросы и обсуждая, чтобы развивать у детей способность к абстрактному логическому мышлению, способность независимого мышления и способность решать проблемы. Родители должны обращать внимание на то, чтобы наблюдать за эмоциональными изменениями детей, и помогать им развиваться от изменчивых эмоций к устойчивым эмоциям; давать детям повод и возможности говорить, чтобы развить их навыки выражения и улучшить их способность оценивать других и себя. Родители должны проявлять внимание к разумному мнению детей и уважать их законные требования, не нанося ущерба их самооценке. Родители должны критиковать свои ошибки и пытаться заставить их принять и исправить. Необходимо создавать равноправную и гармоничную семейную среду. В процессе обучения родители должны подтверждать достижения своих детей, указывать на их недостатки и поощрять их к прогрессу.

Молодость – это период, когда человек начинает самостоятельно входить во взрослую жизнь. За этот период сознание и независимость молодых людей значительно выросли, их интерес к обучению стал шире и глубже, а их мышление достигло более высокого уровня. В этот процветающий период мудрости молодые люди чувствуют, что знания – сила. Они проявляют сильную тягу к знаниям во всех сферах деятельности. По мере того как возрастает интерес к изучению окружающего мира, молодые люди проявляют импульс, усердие и энтузиазм. Первоначально сложились мировоззрение и взгляды на жизнь. В этот период семейное воспитание должно соответствовать школьному социальному образованию, бережно относиться к их характеристикам, полностью раскрывать их энергию и раскрывать свои таланты, чтобы они могли освоить свои навыки как можно скорее.

Успех образования требует системы, и построение этой системы требует трех основных элементов: семейного воспитания, школьного образования и социального воспитания. Семейное воспитание – это основа школьного и социального воспитания. Школьное образование является ключом к повышению уровня семейного и социального воспитания. Социальное воспитание – залог успеха семейного и школьного образования.

Согласно закону роста детей, образование должно идти сначала в семье, затем в школе и в последнюю очередь в обществе. После того, как дети поступают в школу, взаимосвязь между семейным и школьным образованием становится очень тесной. Факты доказывают, что семейное воспитание является основой всего образования. Поэтому для того, чтобы хорошо выполнять семейное воспитание, мы

должны правильно определять взаимосвязь между семейным образованием и школьное образование.

Семейное воспитание играет очень важную роль в росте подрастающего поколения. Однако семейное воспитание имеет свои ограничения из-за культурных достижений родителей, образовательных концепций и методов и требует руководства и помощи со стороны школ. Учителя должны хорошо выполнять идеологическую работу разных родителей и учеников для отдельных учеников и особых семей. Учителям очень важно понимать положение семей учащихся. Это важная задача для руководства семейным воспитанием. Что касается учащихся, родители должны искренне обучать, уважать друг друга и совместно изучать образовательные вопросы со своими родителями.

Школьное образование тесно связано с семейным воспитанием и социальным воспитанием и дополняет друг друга. Только когда они сочетаются, мы можем полностью мобилизовать все аспекты силы для заботы и содействия здоровому росту подрастающего поколения.

Таким образом, семья – это ячейка общества. То, насколько полно семья выполняет свои функции, не только связано с воспитанием детей, но и влиянием на единство общества и здоровое развитие нации. Необходимо уделять большее внимание семейному воспитанию и направлять его с учетом социальных, правовых и образовательных норм и рекомендации.

Литература:

1. Антонов А.И. Микросоциология семьи: Методология исследования структур и процессов – М.: NotaBene, 1998. – 360 с.
2. Дружинин В.Н. Психология семьи. – М.: КСП, 1996. – 160 с.
3. Зверева О.Л., Ганичева А.Н. Семейная педагогика и домашнее воспитание: учебное пособие для студ. пед. учеб. заведений – 2-е изд., стереотип. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 160 с.

*У.М. Мамбетова, Б.А. Баймұратова,
«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ,
тарих пәні мұғалімі*

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ 12 ЖЫЛДЫҚ ОҚЫТУ ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

Әлем елдерінің тәжірибесінде әрбір мемлекеттің өзінің орта білім беру жүйесі, мектеп моделі және орта мектептерде қалыптасқан өзінің ішкі құрылымы бар. Әлемнің дамыған елдерінде жалпы білім беру ұзақтығы АҚШ, Англия, Швейцария, Канада және Германияда-12 немесе 13 жыл, Голландияда – 14 жыл, ал Кореяда, Жапонияда, Швецияда, Францияда, Италияда-12 жыл. Тек экономикасы жаңа елдерде орта мектеп 10-11 жылды құрайды. Мысалы, АҚШ XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап білім беру жүйелеріне жаңа бағыт беруге бет бұрды. XX ғасырдың 60-шы жылдары прагматикалық тәсілге негізделген білім беру моделі енгізілді.

Нәтижесінде «американдық прагматикалық педагогика» «үлгі», «асхана» деп аталатын білім беру жүйелерінде орнығып, білімнің негізін төмендетіп, жоғары сынып оқушыларының салғырт білім алуына әкелді. 1983 жылы АҚШ үкіметінің «ұлт нашар жағдайда, білім беру реформасы қажет» атты баяндамасы жарық көрді, білім беру саласын қайта қарауға үлкен қаражат бөлінді. АҚШ – та мектеп алды балалар яғни, мектеп жасына дейінгі балаларды дайындауға көп көңіл бөлінеді. Жалпы орта білім беру құрылымы 6+3+3, Оқу мерзімі 6 жылдан 18 жылға дейін.

Мемлекеттік оқу орындарында тегін, жеке мектептерде ақылы. АҚШ-та орта мектеп 2 бөлімнен тұрады: кіші және жоғары мектеп. Кіші орта мектеп 7-9 сыныптарда әмбебап бағдарлама, қалған таңдау бойынша сабақтар (элективті) жоғары орта мектеп 10-12 сыныптарда міндетті түрде 5 оқу пәні және практикалық, академиялық бағыттағы бейіндік пәндер ұсынылған. 9-сыныптан бастап Оқушылар болашақ мамандығына жақын бейіндік пәндерді таңдай отырып, 5 міндетті пәнді оқиды. Сыныпты жақсы бағамен бітіргендер грант алады. Мектептегі сабақтар 9 айға созылады, ал қалған үш ай демалыс күндері. Күнгізбелік жоспар жазу міндетті болып табылады. Журнал айына 1 рет тексеруге беріледі. Оқушының білімін бағалаудың негізгі әдісі-тест. Қазіргі уақытта тесттердің дұрыс емес жауаптары көрсетілмеген әдіс жиі қолданылады[1].

Германия XX ғасырда білім беруге ерекше назар аударған мемлекеттердің бірі болды. 80-ші жылдары бұл ел жеке оқу орындарынан бас тартып, тегін оқу орындарының санын көбейтті. Жалпы

орта білім 12 жылдық мектепке негізделген, алғашқы 4 жылдық білім барлық студенттер үшін міндетті болып табылады, өйткені болашақта балалар кәсіптік мектептерде оқуын өз қалауы мен қабілетіне қарай жалғастыра алады. Германия Федеративтік Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес барлық мектеп білімін мемлекет бақылайды. Мемлекетте міндетті тегін білім беру 9 жылдық оқыту болып табылады. Білім 3 сатылы құрылымнан тұрады: негізгі мектеп, нақты мектеп, гимназия. Оқыту әмбебап мектепте 6 жастан басталады (1-4 сыныптар), содан кейін аталған типтегі басқа мектептерде жалғасады. Негізгі мектептің 50% – ға жуығын (5-10 сыныптарда) жасөспірімдер құрайды, олар толық емес жалпы білім алуы одан әрі меңгергеннен кейін кәсіптік білім алуға жолдама алады. Ал нақты училищеде (5-10 немесе 7-10 сыныптар) физика, химия, биология, шет тілдері және басқа да академиялық пәндер оқытылатын кәсіптік-практикалық бағыттағы жалпы толық емес білім беріледі. Белгілі бір мектепті бітірген оқушы орта, содан кейін арнайы жоғары кәсіптік оқу орындарына түсе алады. Гимназия (5-13 немесе 7-13 сыныптар) толық орта білім береді және университеттік типтегі жоғары оқу орнына түсуге құқылы. Гимназиядағы міндетті пәндер: неміс тілі мен әдебиеті, тарих, география, математика, биология, дене шынықтыру, музыка, дінтану. Гимназияның бейіндік біліміне байланысты әртүрлі нұсқаларда оқу бағдарламалары әзірленді. Германия мектептерінде бейіндік оқыту барысында пәндер «Тіл-әдебиет-өнер», «әлеуметтік білім», «әлеуметтік-экономикалық» және б. блоктарға сәйкес біріктіріледі. неміс тілді студенттердің орта мектепте оқуға үлкен мүмкіндіктері бар, олар міндетті пәндерден басқа пәндерді қосымша оқи алады, соның негізінде олардың жеке ерекшеліктері жақсы дамиды. Бейіндік бағыттағы пәндерден басқа тілдік, әдеби-көркем, әлеуметтік-ғылыми, математикалық немесе Жаратылыстану пәндерін меңгере алады. Негізгі мектепті бітіру 4 пән бойынша емтихан тапсырумен аяқталады. 12 және 13 жылдық мектепті табысты бітірген оқушылар үшінші деңгейді бітіргені туралы аттестат алады. Бұл сертификат кез-келген профилді оқытуға жолдама болып табылады. ЖОО – ға түсу кезінде негізгі рөлді оқушы аттестаты, яғни орташа балл атқарады. Осылайша, Германияда он бір, он екі жылдық мектептер арасындағы бірізділік сақталғандығы байқалады.

Францияда ХХ ғасырдың ортасында білім беруді қаржыландыру 14 есе өсті, ал ақысыз оқу мен ақылы оқытудың арақатынасы 80-нен 20 пайызға дейін болды. Бұл мемлекет мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеумен айналысатын ең дамыған мемлекет. «Ана мектебі» балабақшалары бар. Францияда 12 жылдық білім беру жүйесі бекітілді. Онда орта білім 10 жылдық (6-16 жасқа дейін) мектеп тегін, ал 12 жылдық мектеп міндетті емес. Францияда 5 жылдық мектепті бітірген балалар 4-5 жылдық жалпы білім беру колледждерінде оқуын жалғастыруда. Толық емес орта мектеп біртекті жалпыға міндетті колледж – бастауыш сыныптар базасында құрылған. Түлектің (бакалаврдың) кәсіби мамандығына сәйкес диплом алған кезде олардың бірнеше секциялары болады. Бастауыш және орта мектеп деңгейінде оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын бағалау кезінде екі арнайы шкаланы қолданады. Мектепті бітіргеннен кейін барлық оқушылар бакалавр курсына сәйкес емтихан тапсырады [2].

Англияда және ағылшын тілді елдерде 4 түрлі мектеп жұмыс істейді: грамматикалық, техникалық, кешенді. Англияда орта білім алғаннан кейін, 16 жастан кейін балалар мектеп берген сертификатпен жұмысқа тұра алады. Шетелдік мектептерде жоғары мектепке оқушылар үлгеріміне қарай және мектеп берген мінездеме негізінде арнайы мемлекеттік комиссияның шешімі бойынша қабылданады. Оқушылардың үлгерім деңгейі бойынша оқуды жалғастыруға болатын елдердің қатарына Германия, Франция, Жапония сияқты елдер жатады.

Әлемдік тәжірибе мемлекеттердің экономикалық дағдарыстан шығуымен қатар білім беру саласын қаржыландыру жүріп жатқанын көрсетеді. Мысалы, 1955 жылдан 1985 жылға дейін Жапонияда білім беруді қаржыландыру 20 есе өсті. Бұл елде мектептің ең жоғары сатысы (10-12 сыныптар) 5 түрлі техникалық, сауда, ауыл шаруашылық, әскери-теңіз, қосымша мектептер болды. Жапонияда балабақшалар білім берудің маңызды бөлімі емес. Балалар балабақшаға ата-аналарының өтініші бойынша 4 жасында бара алады. Жапонияда тегін 9 жылдық білім беру, білім беру құрылымы 6+3+3 (6 жылдық бастауыш мектеп-чугакко, 3 жылдық кіші орта мектеп-чугакко, 3 жылдық жоғары орта мектеп-като-гакко). Бастауыш сыныптарда негізгі сабақтар жапон тілі, арифметика, қалған сабақтар – жаратылыстану, әлеуметтік зерттеулер, музыка, этика, дене шынықтыру, өнер, қолөнер. Кіші орта мектепке емтихансыз, жоғары орта мектепке емтихандармен. Білімді тексеру әдісі-жазбаша тест. Бастауыш және орта мектепте 5 дәрежелі масштабты бағалау қолданылады: S (өте жақсы), A (жақсы), B (қанағаттанарлық), c (жаман), D (өте нашар).

Кез келген елдің рухани – мәдени дамуы экономикалық дамуы сол елдегі оқыған білімді индивидумдар деңгейімен анықталады. Ал жеке тұлғалардың білімділігі кеңінен ойлану анализдей

білу мектеп қабырғасындаалатын біліміне тікелей байланысты. Яғни мектеп сол болашақ деп аталатын үлкен құрылыстың кішкене кірпіштерін дайындап шығарып жатқан фабрикасияқты.

Әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға терең әлеуметтік өзгерістерге толы қазіргі кезеңдеоқушыларға берілетін информация көлемі кеңеюде. Ал оны игеруге бөлінетін уақыт өзгеріссіз қалуда. Сондықтан білім берудің сапасын жақсарту, білім берудің әдістемелік негізін өзгерту заман талабынасәйкес туындап отырған қажеттілік.

Бұрынғы әдеткеайналған оқу үрдісінде мұғалім басты рөл атқарған болса, қазіргі оқу үрдісіндеоқушы белсенділік көрсетуге тиіс, яғни мұғалім көбіне кеңесші, бағдарлаушы рөл атқаруға тиіс. Қазіргі кезеңдеоқытудың басты мақсаты өз бетінше дами алатын, жеке шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру болғандықтан мектеп қабырғасындаоқушылар өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістері мен дағдыларын игеруге тиіс.

Жалпы білім беру саласындағы жаңасаяси ұстанымның біртіндеп іс жүзінеасуы егемен еліміздің өркендеу бейнесінің бір көрінісі. өркениетті елдермен тереземіз тең болу үшін әлемдік білім аясына кірігуді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытуды демократиялау, ізгілендіру арқылы жаңасапалы деңгейге көтеруді көздейді. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып, көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайдаоқушылардың топтық ерекшеліктерімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп – оңтайлы оқытуды ұйымдастыру – бүгінгі өзекті мәселе. Осы тұрғыдан зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі – оңтайлы оқыту мүмкіндіктерін ашу.

Қазіргі кездегі жаңа педагогикалық технологияларды оқу процесінеенгізу осы проблемаларды шешуге маңызды рөл атқарады. Оқу процесінде қолдану үшін ұсынылып жатқан технология түрлері өте көп.

Соңғы мәліметтерге қарағанда бес бағыттан бағдарланған 50 – ге жуық технологиялар ғылыми түрде негізделген. Сондықтан осындай жаңартылған технологиялардың ішінен өз қажеттісін таңдап алу – әр мұғалім үшін жауапкершілікті қажет ететін іс. В. Кодикованың "Саралап оқыту" – оқуының жан – жақты мүмкіндігін ескереотырып оқыту әдісі. Бұл дегеніміз – оқуға берілетін көмекті саралау, әрбір оқушы ең жоғары нәтижеге жету үшін мұғалімнің істейтін іс – әрекеттерінің жиынтығы [3].

Саралап оқытудың ең басты шарты – оқушыларды үш топқа бөлу. Бірінші топқа мынадай оқушылар топтастырылады: қабілеті жоғары, білім, білік дағдылары қалыптасқан, өз бетімен ойлау қабілеті бар, сабаққа деген белсенділігі күшті, мұғалім көмегін қажет етпейтін топ. Бұл топта жүргізілетін жұмыстың мақсаты – оқушы бойында ғылыми бағыттаойлау қабілетін қалыптастыру.

Т.Ғалиевтің жүйелі оқыту технологиясына көңіл бөлу белгілі бір жүйеге қалыптастырып, танымдық белсенділіктерін арттырады, өз беттерінше ізденуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландырады. Сонымен қатар оқушылар өз ойын, ой пікірлерін еркін жеткізіп, талдау жасауға, қорытынды шығаруға үйренеді. Белгілі бір сызба кестелер бойынша кез – келген заңдылықтарды жүйелі түрдеайтуға, оларды сапалы түрде қолдана білуге дағдыландырады.

Оқу барысындаоқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда талмай еңбек ететін – бұл пән мұғалімі болып саналады. Т. Ғалиевтің құрған педагогикалық технологиясын негізгеалаотырып кәсіпкеоқыту бойынша әр сабақтың мазмұнын анықтап, оқушылардың міндетті түрде білуге тиісті материалды жаңа үлгідесызба түрінде жасап, сол бойынша жұмыс жасаған [4].

М. Жанпейісова "Модульдік оқыту" – белгілі бір жүйенің, құрылымның өз бетінше болаалатын бөлшегі. Модульдік оқыту сабақтар барысындаоқушы мұғалімнен нені естесактау, нені жазу, нені қайдан табу, қалай тиімді әрекет ету, нені білу керектігі туралы жазбаша нұсқау алады. Мұғалім оқу элементтерінің мазмұнын, көлемін, ретін, олардың әрқайсысына кететін уақытты, жұмыс түрін анықтайды. Оқушылар үшін модуль соңында нені біліп, нені оқу керектігін көрсететін біріктірілген мақсаттар айқындалады. Тапсырмаларды орындау барысы мен модульдік игеру барысын тексеретін әр түрлі бақылау жұмыстары орындалады [5].

Оқытуды оңтайландыру тәсілдерінің жүйесі. Оқытуды оңтайландыру деп оқушылар мен мұғалімнің уақыт шығынын аз жұмсап, білім алудың, тәрбиелеудің және дамытудың қорытындыларын ең үлкен мүмкіндігінше жеткізетін оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыру жүйесін айтады.

Оқытуды оңтайландырудың әдістемелік негізі, оқу процесін басқарудың диалектикалық – материалистік жүйесімен әдіс – амалын таба біліп, оның нақты жағдайлардағы ең жақсы нұсқаларын таңдау. Бұндай таңдаулар нақты шындықтың әдістемелік сапалылығына жүгінеді. Мұғалім оқытудың заңдылықтары мен принциптерінесүйеніп, нақты педагогикалық жағдайларды және ғылым негіздерін талдауды үйреніп, оқу процесінің қорытындылық және үнемділік тұрғысынан ең жақсы нұсқасын таңдайды.

Әдебиеттер:

1. А.А. Айдарбекова. «Актуальные проблемы специального образования в связи с переходом общеобразовательных школ на 12-летнее обучение» // Проблемы обучения и воспитания лиц с особыми образовательными потребностями в свете реализации Закона Республики Казакстан «О Социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями». - Алматы, 2005.-С. 15-19.
2. Б. Р. Айманбетова, А. А. Бейсенбаева «Әдіснамалық негізгі тұрғысынан» «Қазакстан мектебі» 1993 ж. №9 20-24 бет.
3. А. Бейсенбаева «Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру» Алматы – 1995
4. Т. Сабыров «Оқыту теориясының негіздері» Педагогикалық колледждері мен училищелерге арналған дидактикалық оқу құралы Алматы 1993 ж. -15 бет.
5. И.Г. Елисеева. «Новый подход к созданию образовательных программ в систем специального образования» // Проблемы обучения и воспитания лиц с особыми образовательными потребностями в свете реализации Закона Республики Казакстан «О Социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями».- Алматы, 2005 – С.20-22.

Кудайбергенова А.М.,

әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті

Маханбетияр А.Б.,

7М01101– «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Білім маңызды әлеуметтік функцияны атқарады. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мамандарды даярлау сапасына және олардың кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру деңгейіне қойылатын талаптар жоғарылап келеді, олар көбіне кәсіби дайындықтың университеттік кезеңінде қойылады [1–4].

Интеллект пен ақыл-ой дамуы проблемасының маңыздылығы, ең алдымен, адамның әлеуметтік және жеке психологиялық мәселелерін шешуде атқаратын рөлімен анықталады. Эмоционалды интеллект – бұл әлеуметтік және басқа жағымды мінез-құлықтың алғышарты және оның дамуы болып табылады, сонымен қатар, тұлғааралық қарым-қатынасты оңтайландырады, бұған И.Н.Андреева, Д.В.Люсин, А.С.Петровскаяның зерттеулері дәлел.

Қоғамда жоғары білім беру біліктілігі адамның гуманистік дүниетанымы мен эмоционалды мәдениетін тікелей қамтамасыз ете алмайды. Адамзат рационалдылық идеясының қандай құндылыққа ие екенін, әлемге деген ұтымды қатынасқа қажетті амалдарды іздестіруінің нәтижесінде ойлаудың жаңа түріне көшуде. Ол рационалды, логикалық, интеллектуалды компоненттерден басқа құндылық аспектісін де қамтиды және сезімдер, эмоциялар, ойлаудың герменевтикалық жағы арқылы көрінеді. Осы тұрғыда **эмоционалды интеллект** ұғымы адам психикасының когнитивтік және аффективті жақтарының бөлінбейтіндігі туралы идеяларды қамтитын ойлаудың жаңа түрі болып табылады.

Философтар адамның эмоционалды тәжірибелерге ашықтығының маңыздылығын атап көрсете отырып, М.Бубер адам тек білу арқылы әлемге қатыспайды деп сендіреді. Білім – бұл қашықтық, соның арқасында адам өзінің өмірлік толықтығын жоғалтады. Осы тұрғыдан адамның өмірлік тәжірибесінде білімнің басымдығы, оны қолданушы субъектке айналдырады. Сондықтан да, адам кәсіби тәжірибесінде біліммен қоса эмоционалды интеллект негізінде оны қолдануы және қоғаммен конструктивті тұрғыда қарым-қатынас орната алуы қажет. Сонда ғана адам өзін толыққанды тұлға ретінде сезіне алады.

Жеке тұлғаның кәсіби жетістігі біліммен, қабілетпен, дағдымен және жалпы ойлау қабілетімен байланысты. Көп жағдайда басқалармен тиімді өзара әрекеттесу үшін жалпы интеллекттің жоғары деңгейі жеткіліксіз.

Өзін-өзі бақылау және өзара әрекеттесуді сауатты ұйымдастыра білу қабілеті кез-келген маманның жұмысындағы басты қасиет. Сонымен қатар, болашақ маманның тікелей қарым-қатынасты көздейтін қызмет саласына келгенде таптырмайтын құрал. Егер жалпы интеллект оқу жетістігінің факторы болса, онда эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейдегі дамуы кәсіби және жалпы өмірлік жетістікке жетуге мүмкіндік береді.

Студенттік – бұл адамның өміріндегі жоғары оқу орнында оқумен байланысты кезең. Көптеген зерттеушілер студенттік кезеңді 17 мен 25 жас аралығындағы жасөспірім кезеңімен байланыстырады [3]. Осы жаста адамдармен қарым-қатынасқа және оларды тануға деген қажеттілік ерекше артады, бұл басқа әлеуметтік қауымдастықтармен белсенді өзара әрекеттесуімен, университеттегі оқыту мен

тәрбиелеудің ерекшеліктерімен айқындалады. Қарым-қатынасқа деген қажеттілік алуан түрлі байланыстарды орнатуға, жолдастық қатынасты, достықты дамытуға ықпал етеді, білім мен тәжірибе, пікір, көңіл-күй алмасуды ынталандырады. Қарым-қатынас кезінде студенттер өздерін ғана емес, басқаларды да біледі, әлеуметтік өмір тәжірибесін игереді. Сонымен қатар, өзін-өзі тану және өзін-өзі растау мәселелерін тиімді шешу айналадағы адамдармен қарым-қатынастан тыс мүмкін емес.

Студенттердің эмоционалды интеллектісін зерттеу ерекше маңызды, себебі, эмоционалды интеллекткәсіби маңызды қасиеттердің дамуының өзіндік индикаторы болып табылады, студенттің өзін және басқа адамдарды жақсы түсінуіне көмектеседі, және байланыс процесін жеңілдетеді.

Эмоционалды интеллектінің қалыптатылуы тұлғаның мен бейнесімен өзін-өзі дұрыс бағалауды қалыптастырумен, өзін-өзі бақылауды дамытумен, эмоционалды ақпараттарды дұрыс талдай алумен, «пайдалы» мазасыздық, басқа адамдармен өнімді қарым-қатынас құра білу, өз эмоцияларын басқару қабілетімен сипатталады.

Эмоционалды интеллект даралық мәселесінде оның көптеген факторларының бірі – тұлғааралық өзара әрекеттесу тұрғысынан қарастырылады [5].

ЭИ-дің негізгі компоненттері болып когнитивті қабілеттер мен тұлғалық ерекшеліктері жатады, олар өз кезегінде мінез-құлық және эмоционалды компоненттерге бөлінеді. Әдебиеттерде осы құбылыстың әр түрлі әдістерін қолдана отырып, анықтау мен зерттеуге бірқатар тәсілдер сипатталған – Дж.Майер, П.Саловей, Бар-Он, Д.Карузо, Д.Големан, Д.В.Люсин [5, 6].

Д.В.Люсин эмоционалды интеллектіні өзінің эмоциясын, басқа адамдардың эмоциясын тану, түсіну және басқару қабілеті ретінде қарастырады. Сонымен қатар, психологияның әр түрлі бағыттары шеңберінде жүргізілген көптеген жұмыстарда проблемалар жеке тұлғаның эмоционалды сферасымен тығыз байланысты интеллектуалды және мінез-құлық дағдыларымен біріктіріле қарастырылады [2].

Дж.Мэйер мен П.Сэловей теорияларында [5] эмоционалды интеллект деп эмоцияны қабылдау және білдіру, эмоциялар мен ойларды сіңіру, эмоцияларды түсіну және түсіндіру, эмоцияларды реттеу қабілеті деп анықтады. Эмоционалды интеллект келесі компоненттерден тұрады:

- 1) эмоцияларды анықтау және білдіру;
- 2) эмоцияны түсіну;
- 3) ойлау мен іс-әрекеттің тиімділігін арттыру үшін эмоцияларды қолдану;
- 4) эмоцияларды басқару.

Д.Гоулман теориясында [6] төрт компонентті қамтитын эмоционалды интеллект құрылымын жетілдірді: өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау, әлеуметтік түсіну және қарым-қатынасты басқару. Бұл теория көшбасшылыққа ерекше назар аударады. Атап айтқанда, Д.Гоулман көшбасшылардың эмоционалды интеллектісін дамытуда келесі компоненттерді маңызды деп таниды: жеке дағдылар (өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау) және әлеуметтік дағдылар (әлеуметтік сезімталдық, қарым-қатынасты басқару).

Р.Бар-Он теориясында [5] эмоционалды интеллект кейбір жалпыланған жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде әрекет ете отырып, өте кең интерпретация алады. Бар-Он эмоционалды интеллект туралы өз идеяларын өмірде жетістікке жеткен адамның ерекшеліктеріне негізделгенін көрсетті. Психологиялық әдебиеттерді талдау негізінде сәттілікке ықпал ететін тұлғалық қасиеттердің төрт түрі анықталды, олар эмоционалды интеллектпен анықталды. Оның ішінде төрт компонент бар:

- 1) өзін-өзі тану (адамның эмоциясын сезіну, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі актуализациялау, тәуелсіздік);
- 2) тұлғааралық дағдылар (эмпатия, әлеуметтік жауапкершілік);
- 3) бейімделу мүмкіндігі (мәселелерді шешу, шындықпен байланыс, икемділік);
- 4) басым көңіл-күй ретінде бақыт пен оптимизм.

Д.В.Люсин теориясында [5] эмоционалды интеллект деп өзінің және өзгенің эмоциясын түсіну, өзінің эмоциясын және басқа адамдардың эмоциясын басқару қабілеті ретінде анықтайды. Люсин эмоционалды интеллектке әсер ететін үш факторды бөліп көрсетеді:

- 1) танымдық қабілеттер (эмоционалды ақпаратты өңдеудің жылдамдығы мен дәлдігі);
- 2) эмоциялар идеясы (құндылықтар және сіз және басқа адамдар туралы маңызды ақпарат көзі ретінде);
- 3) эмоционалдылықтың ерекшеліктері (эмоционалды тұрақтылық, эмоционалды сезімталдық және т.б.).

Бірқатар зерттеулер білім, медицина, құқықтану сияқты адамзат өмірінің түрлі салаларындағы жетістіктер ЭИ-нің жоғары деңгейінің дамуына ықпал ететіндігін анықтады. Сонымен

қатар, қызметкерлердің эмоционалды қабілеттерін дамыту олардың қызметіне оң әсер етеді [2]. ЭИ басқарушылық коммуникацияның тиімділігіне ықпал етеді.

А.С.Петровскаяның (2007 ж.) зерттеуінде ЭИ-нің басқарушылық қызметке әсерін зерттеу кезінде ЭИ-нің стратегиялармен және стресстік жағдайлармен күресу моделімен байланысы туралы мәліметтер алынды. Осылайша, эмоционалды интеллектісі орта деңгейлі және жоғары деңгейлі менеджерлер басқару қызметінде деструктивті стратегияларды қолданбауды жөн көреді [4]. ЭИ орташа коэффициенті және максималды тиімділік көрсеткіштері жағдайлық басқару стилі бар менеджерлерге арналған [3].

Бірқатар зерттеулер ЭИ өзін-өзі анықтауды дамытуға ықпал ететін жағдайдың бір түрі екенін анықтауға мүмкіндік берді. ЭИ өз күйлерін басқаруға және реттеуге, басқа адамдардың жағдайына әсер етуге мүмкіндік беретіндіктен, оның жоғары дәрежеде дамуы субъектілерге олардың өмірлік жолын тәуелсіз таңдауға ықпал ете отырып, өзіне деген сенімділік береді [6]. Студенттерді кәсіби маман ретінде дамыту үшін өзінің жеке сезімдерін, эмоцияларын, өзіндік сана-сезімі мен эмпатиясын жүзеге асыруға бағытталған жұмыс маңызды [5].

Студенттердің эмоционалды интеллектісін дамыту процесін шамамен бес кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең – өзіңді тану. Өзін-өзі тану процесінде адам «ояна» бастайды, өзінің ішкі әлемін, оның эмоциясы мен сезімін түсінуде қызықты жаңалықтар ашады. Бұл адамның өзін және айналадағы адамдарды жаңаша қарастыруға мүмкіндік беретін процесс.

Эмоциялар мен сезімдерді басқаруды үйрену – эмоционалды интеллект дамуының екінші кезеңі. Эмоционалды күйлерді басқара білу мақсатқа жету үшін эмоцияларды пайдалануға мүмкіндік береді. Өзін-өзі бақылау студенттің өзінің қазіргі кезде сезініп отырған сезімі мен қандай эмоцияларды бастан өткеріп жатқанын, сондай-ақ айналада не болып жатқанын түсінуге байланысты.

Бұл кезеңде студенттер арасында толеранттық қатынасты дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Толеранттылық адамның қарым-қатынас кезінде және басқа мәдениеттердің, этникалық топтардың өкілдерімен, басқа өмір салтын, пікірлерін білдірушілермен жағымды өзара әрекеттесу дағдыларын игеруі болып табылады [6].

Үшінші кезеңде студенттердің басқа адамдардың эмоциясын тану, қарым-қатынас серіктесінің сезімдерін түсіну қабілеттері дамиды, өйткені тек өзіне бағытталған позицияда тұру қиынға соғады, сондықтан да, әлемді басқа адамның көзімен елесте білу қажет. Басқа адамдардың сезімдері мен эмоцияларын түсіну проблемасы адамның тұтас қабылдау процесіне жатады, яғни психикалық рефлексияның барлық деңгейлерін қамтитын және қабылданған дүниетанымға тәуелді болатын қарым-қатынас серіктесінің бейнесін жасау болып табылады.

Студенттерінің эмоционалды интеллектісін дамытудың төртінші кезеңі – қарым-қатынас серіктестерінің жағдайын басқару қабілетін меңгеру. Басқа адамның жағдайын өнімді басқару үшін қарым-қатынас моделін талдау тәжірибесімен мүмкін болатын нақты мақсат, оған жету жолдарынан тұрады. Студент өзінің эмоцияларын тану, оларды басқару және өзара әрекеттесуде серіктестерінің эмоционалды күйін анықтау дағдыларын игергеннен кейін, басқалардың күйлері мен сезімдерін біле отырып, басқара алады.

Студенттерінің эмоционалды интеллектісін қалыптастырудың бесінші кезеңі – кәсіби шеберлікті дамыту.

Кәсіпқойлық – бұл мамандық таңдаған сәттен басталып, адамның белсенді еңбек әрекетін тоқтатқаннан кейін аяқталатын процесс. Мұнда шығармашылықтың рөлі маңызды, ол А.Маслоу бойынша дәстүрлі емес ойлау, проблемалық ситуацияларды тез шешу және жаңа идеялар тудыру қабілетімен сипатталатын шығармашылық бағыт болып табылады.

Эмоционалды интеллектті дамыту моделін құру арқылы эмоционалды интеллект мәселесі теориялық тұрғыда ғана талданып қана қоймай, тәжірибе жүзінде де іске асуы қажет. Бұл студенттердің болашақ маман ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Гудкова Т. В. Проблема оценки и дальнейшего развития профессионально-значимых качеств будущих педагогов / материалы IX Международной научно-практической конф. – Новосибирск : Изд-во НГПУ, 2013. – Ч. 1. – 220–225 б.
2. Кондратьева Т. Н. Профессиональная карьера в образовании : учебно-методическое пособие / Т. Н. Кондратьева. – Новосибирск : Изд-во НГПУ, 2014. – 148 б.
3. Доценко О. Н. Эмоциональный интеллект как детерминанта профессиональной успешности в социэкономических профессиях / О. Н. Доценко, И. Н. Бондаренко // Психология индивидуальности : материалы: IV Всероссийской научной конф. – М. : Логос, 2012. – 248–249 б.

4. Манойлова М. А. Акмеологическое развитие эмоционального интеллекта учителей и студентов педагогических учебных заведений : автореф. дис. ... канд. психол. наук / М. А. Манойлова. – СПб., 2004. – 26 б.
5. Андреева И. Н. Взаимосвязь эмоционального интеллекта и индивидуальных проявлений самоактуализации / И. Н. Андреева // Л. С. Выготский и современная культурно-историческая психология : проблемы онтогенеза морального сознания и поведения : международная научная конф. – Гомель : ГГУ им. Ф. Скорины, 2006. – 128–131 б.
6. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект / Д. Гоулман. – М. : АСТ, 2009. – 480 б.

*Молдабек Құлахмет,
Silkway Халықаралық университетінің профессоры, п.ғ.д.
Шымкент қ.*

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУЫ

Қоғамдағы болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру жүйесіне жаңаша қарауды, қол жеткен жетістіктерді саралауды, жастардың шығармашылық мүмкіндігін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап ететіні белгілі.

Соңғы он жылдықта мектеп өміріне еніп жатқан өзгерістер – жаңа педагогикалық ойлау – ең алдымен оқушыға деген қарым-қатынаспен анықталады.

Қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектептерді демократияландыру, негізінде қайта түрленіп жаңаруына, егеменді мемлекетте жан-жақты жетілген, іскер адамды тәрбиелеуге мүмкіндік тудыратыны анық.

XXI ғасырдағы қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер, әлемдік деңгейдегі білім берудің жаңа үрдістері туғызған реформалар негізінен мектепке көбірек назар аударуды қажет етіп отыр.

XX ғ. басында отандық педагогтар білім алушының шығармашылық потенциалына қаншалықты әсер ететіні туралы мәселелерді бірнеше рет көтерді. Я.Зеленкевичтің, В.В.Розановтың жұмыстарында оқытуды даралау мен дифференциациялау қағидаларының негізінде білім беру процесін жаңаша ұйымдастыру керектігін айтып өткен.

Білім беру арқылы тұлғаның шығармашылық белсенділігін көтеру және білім алушының шығармашылығын қалыптастыру мәселесін біртұтас педагогикалық процесс тұрғысынан қарау қажет деп санаймыз. Себебі оқыту барысында адамның дамуы қазіргі білім берудің басты мақсаты ретінде қарастырыла келе, білім беру процесін ұйымдастыруды ерекше дамыту бағытының басымдылығы тұрғысынан қарау керектігін айқындадық.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы білім беру саласының жан-жақты дамытылуы – тек білімде. Олай болса, сапалы білім беру мақсатында жұмыс жүргізуі үшін мектеп әкімшілігі мынадай негізгі мәселелерді шешуі тиіс:

- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- оқу-ағарту саласының барлық буындары үшін конкурстық негізде оқытудың әсерлі әдістемелік жүйесін қалыптастыру, оқу мазмұнының мемлекеттік стандартына сәйкес оқулықтармен, оқу құралдарымен, әдістемелік нұсқаулармен, көмекші құралдармен жеткілікті қамтамасыз ету;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау;
- жаңа талапқа жауап беретін білімді, білікті кадрларды тәрбиелеу.

Қазіргі кезде педагогқа қойылатын белгілі бір талаптар белгіленген, олардың орындалуы білім беру мекемесі мұғалімінің алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз етеді. Шиеленесушілікті зерттеу мәселелерін әзірлеуге ерекше көңіл бөлінді. Сұхбаттастық қатынас (диалог) оқыту әдістерінің жүйесін құрудың негізі ретінде ұсынылады.

Сонымен, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселесі өзара субъект-субъектілік ықпалдастық пен гумандылық қатынас негіздерін әзірлеу кезінде шешілуі мүмкін. Аталған тұжырымдамалық негіздемелердің жүзеге асырылуы оқу-тәрбие процесіндегі өзара ықпалдастық формалары мен әдістерін іріктеу есебінен оқыту мен тәрбиелеудің процессуалдық құрамды бөлігін ды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандай, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың біртұтастық тәсілін қамтамасыз ету қажет. процесін жүзеге асырып жатқан мектептерде бұл неден байқалады? *Біріншіден*, педагогикалық ұжым деңгейінде әрбір педагогтың ортақ мақсатқа жұмыс істеуінен – ықпал етуі емес, ортақ мақсатқа жетуді қамтамасыз етуінен көрінеді. *Екіншіден*, әрбір сабақта, сабақтар жүйесінде және сыныптан тыс шараларда әрбір бөлігі (сабақ) бүтінге (процесс) жұмыс істейтіндей етіп оқытудың, дамытудың және тәрбиелеудің міндеттерін кешенді шешуде көрініс табады. *Үшіншіден*, тәрбиелеу мен өзін-өзі

тәрбиелеудің, білім беру мен өз бетімен білім алудың бірлігінен байқалады. *Төртіншіден*, тек жай ғана бірлескен қызмет емес, педагог пен оқушылардың өзара белсенді қызметі (педагогикалық өзара ықпалдастық) болуы тиіс. Педагогикалық процестің тұтастығы осы барлық функцияларды табысты жүзеге асырғанда ғана туындайды.

Сонымен, біртұтас оқу-тәрбие процесінің жүйесін пайдалану тұтастықтың бірнеше деңгейін бөліп көрсетуге және адамның, біртұтас даралық қасиеттердің негізгі салаларының дамуын басымдылықпен анықтайтын жоғары дәрежеге бағытталған педагогикалық процесті жобалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысымыз жеке тұлғаның шығармашылық потенциалын дамытуға бағытталғандықтан, біз жүйелілік тәсіліне назар аудардық.

Зерттеу қызметінің әдісі ретінде жүйелілік тәсіл оның құрамдарының өзара ықпалдастығы мен өзара байланысын көрсететін жүйе құруды білдіреді. Сонда жүйелілік және біртұтастық тәсілдері жүзеге асырылады, бұл мектепті басқару қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Жүйелілік тәсілі барысында инновациялық қызметтің негізгі мақсаттары анықталды, яғни оқушының жеке тұлғасының :

- қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- жан-жақты дамыту;
- қабілеттерін ашуға мүмкіндік туғызу және білім берудің қазіргі даму кезеңінде оларды реттеу қажеттілігі айқындалды.

Жүйелілік тәсілін тиімді қолдану барысында талдаудың да маңызы зор. Талдау қызметінің формалары мен әдістері педагогикалық, ғылыми-әдістемелік кеңестерде, кафедра отырыстарында, ашық сабақтар мен іс-шараларда, педагогикалық консилиумдарда, шығармашылық топтарда, оқушылар ұйымдарында («Оқушылардың ғылыми қоғамы», «Жас өнер қайраткерлерінің одағы») талданатын мәселелерді тұрғысынан ұжымдық талдауға бағытталған. Жалпы мектептің жүйелілік талдаудың күннен-күнге артып отырған бөлігі мұғалім мен сынып тәрбиешісінің өзін-өзі талдау нәтижелерін басшының зерделеуі болып табылады. Өзін-өзі талдау жазбаша түрде де (қойылған сұрақтарға жауап беру, баяндама тезистері, әдістемелік құралдар), сұхбаттасу, тест, әңгімелесу формасында да іске асырылады. Ақпараттық-талдау функциясын табысты жүзеге асырудың міндетті шарты оны іске асырудың жүйелі тәсілі, сондай-ақ менеджментте пайдаланылатын жаңа талдау формалары болып табылады.

Мониторинг кез келген инновациялық қызметті ендірудің, соның ішінде оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған мектеп үшін де міндетті шарты болып табылады.

«Мониторинг» латынның *monitor* – *еске салушы, бақылаушы* деген сөзінен шыққан және қазіргі тілде адамның шаруашылық қызметіне байланысты қоршаған орта жағдайын байқауды, бағалауды және болжауды білдіреді .

Білім берудегі мониторинг – білім беру процесінің қалаған нәтижеге немесе бастапқы ұйғарымға сәйкестігін айқындау мақсатындағы тұрақты бақылау, қадағалау .

Мониторинг туралы қандай да бір инновацияны ендіру процесінде шынайы педагогикалық ортада жүріп жатқан процестер мен құбылыстарды ағымдағы байқау нәтижелерін тез арада басқарушылық қызметке кіргізу мақсатында оны

үнемі қадағалау кезінде ғана айтылады.

Педагогикалық мониторинг оқушы тұлғасы туралы біртұтас түсінік алу мақсатында элеуметтанушылық, психологиялық және медициналық мониторингті біріктіруші бастау болып табылады, бұл жеке тұлғаға бағытталған білім беру тәртібінде жұмыс істеп жүрген оқу орындары үшін аса қажет.

Жоғарыда мектеп генезисінің талдауы көрсеткендей, әртүрлі уақыт кезеңдерінде ол мемлекеттің, қоғамның қажеттіліктеріне және аса сирек – баланың өз мүдделеріне бағытталып келді. Соның ішінде неғұрлым жақсы нәтижеге жеткендер – басты назарға баланы (оның жеке-дара қабілеттерін дамытуды, ішкі дүниесін қалыптастыруды, оны қандай да бір қоғамда өмір сүруге емес, нақ қазіргі өмірге дайындауды) қойған мектептер. Бүгінгі таңда көп жағдайларда мемлекеттер арасында «шекаралардың жоқтығы», адамның неғұрлым мол еркіндік ала бастауы, мәдениеттердің өзара кірігуі мұндай тәсілдің дұрыстығын дәлелдеп отыр.

Сонымен, қазіргі мектептің оқу-тәрбие процесін ды қамтамасыз ететін тұжырымдамаларды іріктеуде олардың ішінде педагогикалық процестің мақсаты – бала болып табылатындары ерекше рөл атқарады. Оның үстіне гумандылықтың, дың мәнін зерттеу оның психологиялық, экзистенциалды табиғатын білуге мүмкіндік береді және тұжырымдама ішінен баланың психикалық дүниесін дамытуды педагогикалық құралдар арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігін басымды тұжырымдамалар

ретінде қарастыруды талап етеді. Білім берудің гумандылық парадигмасы тұрғысынан алғанда мұғалімнің басты міндеті балаға өзінің жеке-дара қасиеттерін дамытуға, өзіндік құндылығын арттыруға көмектесу болып табылады, сондықтан тиісті педагогикалық практика адамның жоғарғы күштерін дамытуға оқушының қажеттігін қанағаттандыруға, және жетілдіруге бағытталуы тиіс. Аталған талаптарды неғұрлым толық қанағаттандыратын әдіснамалық сипаттағы гумандылықты тұжырымдамалардың бірі – даралық педагогикасының тұжырымдамасы болып табылады. Даралық педагогикасында оқыту процесінің мақсаты ретінде мектеп оқушысының жеті саласын: ерік, интеллектуалдық, қызығушылық, экзистенциалды, көңіл-күй, тақырыптық-практикалық және өзін-өзі реттеу саласын дамыту қарастырылады. Педагогикалық мақсаттардың осы тұжырымдама негізінде әзірленуі оқушылардың жеке-дара қасиеттері саласының тиісті құрамдарын дамыту есебінен ды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен, оқу-тәрбие процесінде даралық педагогикасының тұжырымдамасын пайдалану дың аса маңызды қағидасын жүзеге асыруға, яғни педагогикалық процестің мақсаты ретінде оқушының жеке-дара қасиеттері мен оның шығармашылығын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпыға белгілі, оқу процесі мұғалім мен оқушының өзара әрекетінен тұрады. Олардың өзара әрекетінің жүйелілігін қамтамасыз ету, қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға көмектесетін білім беру процесін қамтамасыз ету педагогикалық жағдайда өз қызметін атқарады.

Оқытуды ұйымдастыру формаларының бірі – оқушылардың шағын топтарда жұмыс істеуі, мұны дәстүрлі оқытуда да, дамыта оқытуда да қолдану мүмкіндігі. Мұндай жұмыстың басты жетістіктерінің бірі – әрбір оқушыны нәтижелі оқытуға жағдайлар жасау. Шағын топтар жұмысының негізінде оқудағы өзара ықпалдастық қызмет жатыр. Ең басты фактор мұғалім мен оқушының әрекеттестігі болып табылады. Топтық жұмысты басқару негізінде тек қана өзара ықпалдастық, қолдау, көмек көрсету жатуы тиіс.

Мұндай іс-әрекеттің біртұтас жүйесін біздер оқу процесіне модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы жүзеге асыруға болатындығын аңғарамыз. Бұл технологияны қолданудың бір себебі – оқу процесінде оқушының шығармашылықпен жүйелі түрде жұмыс жасауына бірден-бір ықпалын тигізеді. Модульдік оқыту технологиясының басты маңыздылығы – оқыту процесінде оқушы мұғалімнің берген нұсқауы бойынша көзделген мақсатқа өз бетінше іздену нәтижесінде қол жеткізеді.

Модульдік оқыту технологиясының диалог (сөйлесу) бөлімінде мұғалім мен оқушының іс-әрекеттегі өзара қарым-қатынасын ұйымдастыруда негізінен Л.Фридманның төмендегідей ережелерге негізделген тұжырымдамасы басшылыққа алынды:

1. Оқу оқушының жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызметінің жүйесі ретінде қаралады. Олар оқушының қисынды ойлауын, көзге елестету қабілетін, жадын, шығармашылығын және т.б. қабілеттерін дамытуға, яғни білім берудің мақсаттары болып табылатын жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

2. Оқуды басқарудың психологиялық сенімді түрі – ең алдымен, оқушының қажеттіліктерін, қызығушылығын және қызмет мақсаттарын дамытуға жағдай жасау.

3. Оқуды басқару икемді болуы тиіс, бұл тек оқушылардың іштей өсуі жүргенде ғана, балалардың білім дәрежесінің артуына қарай мүмкін болады.

4. Оқушылар нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару жеке тұлғаға бағытталған болуы тиіс. Оқу процесін жеке тұлғалық басқару дәрежесі оқушылардың өсуіне қарай артып отыруы және оқудың жоғарғы сатысында жалпылама сипат алуы тиіс.

5. Оқыту процесін басқару балалардың ішкі қуатына және мүмкіндіктеріне негізделіп жүруі тиіс

Теория – проблеманы шығармашылықпен шешудің катализаторы болса, сөйлесу – әр түрлі көзқарастардың тоғысқан жері. Баланың пікірімен санасу, оны сыйлау – шығармашылыққа бастаудың негізгі кілті. Ал, ұжымдық іс-әрекет – шығармашылықты дамытудың негізі.

Еркін топтарда бала өзін еркін сезінеді, яғни мұғалімге тәуелдімін деген сезім болмайды. Мұғалім мен оқушының арасында бірлескен (сотрудничество) іскерлік қарым-қатынас орнайды және оқушылардың өзінің тұлғалық маңыздылығын сезінуі, өзін көрсете білуі мен өзіне деген сенімділігі артады.

Әдебиеттер:

1. Нұрғалиев Р.Н. Философиялық сөздік /құр. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1998. – 342 б.
2. Психология. Словарь. – М.: Политиздат, 1990. – 494 с.
3. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – М.: Просвещение, 1969.–659 с.

4. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность.—М., 1975.—301с.
5. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. — М.: Педагогика, 1989. — 488 с.
6. Выготский Л.С. Педагогическая психология. — М.: Педагогика, 1991. — 461с.
7. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. — М.: Педагогика, 1989. -

Қ.Д. Мүсілімова,
Т. Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі
Қызылорда қаласы, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі таңда елімізде жаһандану жағдайында жаңа мазмұнға негізделген білім беру жүйесі қалыптасуда. Бұл педагогика ғылымындағы елеулі өзгерістермен сабақтаса жүреді.

Педагогика ғылымында инновациялық технологияларды бастауыш жалпы білім беру кезеңінде оқыту процесінде қолдану мәселесімен Ж.Қараев, Ботабаев, А.Әлімов, К.Базаубақова және басқалар сияқты мұғалімдер мен ғалымдар айналысты. Заманауи АКТ технологияларын пайдалану мұғалімнің сабаққа дайындығын жеңілдетеді, әр оқушыға бағытталған, әр түрлі және белсенді жұмыс түрлеріне бай, нәтижелерімен маңызды сабақ өткізуге мүмкіндік береді, әртүрлі анықтамалық жүйелерге, электронды кітапханаларға және басқа ақпараттарға қол жетімділікті қамтамасыз етеді. ресурстар, оқытудың инновациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сабақта инновациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесі оқушылардың логикалық және сыни ойлауын, қиялын, дербестігін, жалпыға бірдей тәрбиелік әрекеттерін дамытуға бағытталған.

Қазіргі заманғы интерактивті технологиялардың білім беру үдерісіне әсерін ескере отырып, көптеген мұғалімдер оларды өздерінің әдістемелік жүйелеріне қосуға барған сайын көбірек ниетті [1,3].

Жаһандану жағдайында ғылыми ақпарат көлемінің ұлғаюы, мектептегі білім беру мазмұнын және іс-әрекет қағидаларын қайта құрылуының бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үдерістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда кез-келген оқу орындарында оқу үдерісін жетілдіру үшін жаңа педагогикалық технологиялар, сабақтың дәстүрлі емес түрлерін қолданудың тиімділігін практиканың өзі дәлелдеп отыр. Мұның өзі аталған мәселенің теориялық негіздемесін жасау қажеттілігін туындатады. Білім беру жүйесі дамуының қазіргі кезеңі жаңа парадигмаға өтудің жолдарын іздестірумен, яғни білім берудің жаңа мақсатының жетістіктерімен байланысты.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі таңда білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойынымызда. Білім беру саласында жаңа технологиялардың енуі оқушының ойлану стилін, мұғалімнің оқыту әдістемесін өзгертеді. Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану, оқытудың дәстүрлі емес түрлерін қолдану педагогика ғылымның шығармашылық сипатын айқындайды. Ол оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады.

Оқытудың жаңартылған мазмұны мен технологиясы бойынша оқытудың құзыреттілік-бағдарлы тәсілін ескере отырып бағалаудың жаңа формаларын ұғынбай жаңа мақсаттар мен міндеттерді шешу мүмкін емес. Сондықтан заманауи педагог кәсіби іс-әрекетінде білім берудің жаңартылған МЖМБС әдістемесі мен мазмұнын қабылдау, білім беру процесін бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етуді өзгерту, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен тәсілдерін өзгерту дағдысын қалыптастыруы қажет. Бүгінгі таңда әр педагогті төмендегі сұрақтар қызықтырады:

– жаңартылған білім беру мазмұнының және қазіргі қолданыстағы білім беру мазмұнының айырмашылығы неде?

– мектепте білім беру үдерісін ұйымдастыру тәсілдері өзгереді ме?

– «Нәтижеге бағытталған білім беру» ұғымы нені білдіреді?

– мұғалім білім берудің жаңартылған мазмұнын қандай бағытта және қалай жүзеге асыру керек?

Қазіргі уақытта біз оқу үрдісін технологияландыру туралы, қандай да бір педагогикалық инновациялық технологияларды енгізудің артықшылықтары туралы көп айтамыз. Біз оларды игереміз,

оқу үрдісінде пайдаланамыз, белгілі бір нәтиже аламыз, бірақ сонда да күрмеуі қиын проблемалар өте көп. Мысалы, оқушылардың мотивациясын арттыру, мектепте тұлғаның адамгершілік-рухани қасиеттерін: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыруды дамытуды ынталандыратын адамгершілік білім беру ортасын құру сынды сұрақтар барлық педагогтарды толғандырады[2, 43 б.]..

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын білім арқылы дамытуды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, педагогтың кәсіби іс-әрекетінің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі барынша маңызды екендігі айқын.

«Инновациялық іс-әрекет деп мұғалімнің өз тәжірибесінде әлдеқайда жоғары нәтиже беретін белгілі сатыда біртіндеп енген жаңалықтың сапалы өсу динамикасын айтады. Инновациялық іс-әрекет бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі межеден ауытқу тудырады. Инновациялық іс-әрекет жаңалықтың пайда болуы, іске асырылуы сияқты кезеңдермен ерекшеленеді. Педагогикалық үрдіс те басқа үрдістер секілді инновациялық іс-әрекетті талап етеді. Педагогикалық инновациялық іс-әрекет негізінен жаңадан пайда болу, өңдеу және тарату кезеңдерімен сипатталады»[3, 50 б.]..

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге ғана емес, сондай-ақ қазіргі ақиқатқа белсенді түрде ықпал етуге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты заманауи педагог қоғамның тапсырысын орындай отырып, болашақ мамандардың бойында креативтілік, әлеуметтік жауапкершілік, дамыған интеллектке ие болу, кәсіби сауаттылықтың жоғары деңгейі, танымдық қызметтің тұрақты уәждемесі сияқты қасиеттерді қалыптастыруды көздеуі керек. Білім беру мазмұнын жаңартуға көшу білім беруге құзыреттілік тәсіл шеңберінде жұмысқа жаңа талаптар қояды, педагогтарды денсаулық сақтау технологияларымен қамтамасыз ету, білім беру үдерісін дараландыру жағдайында жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру. Білім беру құрылымын жаңарту оқытудың дәстүрлі репродуктивті стилін меңгеруден және білім алушылардың танымдық белсенділігі мен ойлау дербестігін қамтамасыз ететін білім берудің жаңа дамытушылық, конструктивтік моделіне көшуден тұрады. Қарауға ұсынылатын білім беруді жаңарту бағдарламасы оқыту белсенді болуы тиіс, құрылған коллаборативті орта жағдайында өткізілуі тиіс, оқытуды саралау жүзеге асырылуы тиіс, жүзеге асыру процесінде пәнаралық байланыстар іске асырылуы тиіс деп болжайды[4, 77 б.]. Жоғарыда аталғандардан басқа АКТ-ны пайдалану, диалогтық оқыту, зерттеу әдістері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне дер кезінде ден қою міндетті болып табылады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың ішінен жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін педагогтан нәтижеге қол жеткізу үшін оқу мақсаттарын қалыптастыру, сондай-ақ оқу материалын меңгеруді ұйымдастыру бойынша оқу үдерісін құруды қажет етеді. Мұндай талаптарға оқу мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын дайындауды, оқу үдерісі үшін ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалануды, білім алушылардың тұлғалық-әрекеттік бағыттағы озық дамуы үшін жағдай жасауды да жатқызуға болады.

Заманауи педагог үшін оқу үдерісінде психологиялық жайлылық пен қолдау атмосферасын құру, білім алушыларды өздігінен білім алуға, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі іске асыруға дайындау және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ағымдағы нәтижелерді бағалау да аса маңызды. Жаңартылған мазмұнда білім беру аясында педагог арнайы біліктілік болып табылатын өз кәсіби қызметімен жоғары деңгейде айналысу және өзінің әрі қарай кәсіби дамуын жобалау қабілетіне, әлеуметтік құзыреттілік ретінде анықталған бірлескен (ұжымдық, топтық) кәсіби қызметпен айналысу, кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін пайдалану және ынтымақтасу қабілетіне ие болуы тиіс. Білім беру қызметінде инновацияның келесі түрлерін бөледі: 1. Оқытылатын пәннің ішінде көрініс тапқан пәнішілік инновациялар. Мысал ретінде білім беру мекемелерінің жаңа оқу-әдістемелік кешендерге көшуін және авторлық әдістемелік технологияларды меңгеруін келтіруге болады. 2. Дәстүрлі емес педагогикалық технологиялар арқылы педагогикалық практикаға енгізілетін жалпы әдістемелік инновациялар, мысалы, студенттер үшін шығармашылық тапсырмаларды әзірлеу, жобалау қызметі және т.б.

Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық қызмет кез келген оқу орнының білім беру қызметінің басты компоненттерінің бірі болып табылады, өйткені білім беру қызметтері нарығында қандай да бір мекеменің бәсекеге қабілеттілігін құру үшін негіз жасайды, мұғалімнің кәсіби өсу бағытын, оның шығармашылық ізденісін анықтайды, оқушылардың тұлғалық өсуіне нақты ықпал етеді. Сондықтан инновациялық іс-әрекет мұғалімнің ғылыми-әдістемелік қызметімен және оқушылардың сабақта білімді игеру қызметімен тығыз байланысты[5,3 б.]..

Сабақ барысында үнемі тиімді жүргізуге қолайлы оқытудың инновациялық әдістерінің келесі түрлерін атап көрсетуге болады:

1. «Дөңгелек үстел» әдісі – оқушыларға белгілі бір мәселе аясында ақпаратты алуды арттыруға бағыттайтын және олардың өзіндік көзқарасын қалыптастыратын, шешім қабылдауда қателіктен бой алмауына бағдарлайтын – талқылауды логикалық және шығармашылық мәдениетпен жеткізе білуге тәрбиелеудің тиімді жолы.

2. «Миға шабул» әдісі – оқушыларға сабақ барысында ашық және жабық сұрақтарды арластыра отырып қойылып, жүргізуге болатын әдіс. Тиімділігі оқушы жылдам әрі, нақты жауап беруге дағдыланады. Сабақ үдерісінде тақырыпқа оқушыларды дайындау мақсатында да жүргізілсе өте қолайлы әдіс.

3. Ассоциограмма әдісі – оқушылардың тақырыпқа негізделген негізгі ұғым туралы таным түсінігін айқындау арқылы қиялы мен елестетуін дамытуға, салған суреттердің өзара байланысын анықтай алуға бағдарланған әдіс.

4. Проблемалық оқыту – тақырыпқа қызығушылық туғызу. Оқытудың мәні мұғалім мен оқушылардың бірлескен қызметі барысында шешілетін проблемалық жағдайларды құру білу болып табылады.

5. "Бес саусақ" әдісі-көбіне кері – байланыс барысында қолданылады.

Бас бармақ – мен не үйрендім ? Маған не ұнады?

Балан үйрек – Бүгін мен не жасадым және неге қол жеткіздім?

Ортан терек – Менің көңіл-күйім?

Шылдыр шүмек – Бүгін кімге көмектесе алдым?

Кішкене бөбек – Қандай қиындық болды, оны жеңе алдым ба?

Бұл әдіс тақырып бойынша нені игергендігін қорытындылап, жүйелей білуге дағдыландырады, ойлауды қалыптастырады.

Осылайша, инновациялық шешімдер қабылдау, белгілі бір тәуекелге бару қабілеті жаңартылған білім мазмұны негізіндегі педагогтың инновациялық іс-әрекетін табысты іске асырудың қажетті шарты болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Тәжібаев Б.Т. Біз және цифрлық қоғам // Білім берудегі менеджмент – Менеджмент в образовании. – 2018. – №2 (89). – С. 74-76.

2. Бұзаубақова К. Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы, 2009. – 52 б.

3. Сапарғалиева А. Ж., Современные проблемы обновления содержания социального образования в Республике Казахстан // Высшее образование сегодня. – 2014. – № 2. – С. 48-52.

4. Казахстанская школа в условиях обновления содержания образования // Материалы республиканской научно-методической конференции. – Тараз, 2018

5. Э.Карабаева Обновленное содержание образования – требование времени // Новости Приишимья. – 19 сентября, 2018 г

Ф.М. Бердиева, Г.Б. Ниязбаева,
*«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы*

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Жаһандану, интеграция және білім беруді интернационаландыру соңғы онжылдықтың әлемдік тенденцияларына тән. Білім беруді интернационаландыру қазіргі таңда әлемнің білім беру саясатының маңызды құрамдастарының бірі болып табылады. Жоғарғы білімдегі интернационаландыру – салыстырмалы жаңа тұжырымдама болып табылады, бірақ концепция деңгейінде әртүрлі түсіндірулер болуы мүмкін. Соңғы жылдарда еуропалық жоғарғы білім беруді интернационаландырудың жан-жақты және стратегиялық тәсілін дамытудың негізгі драйвері Мари Кюри мен Эразмус сияқты ғылыми және білім беру стипендия бағдарламалары болды. Оларды әзірлеу элеуметтік-экономикалық жаһандану және қоғамдағы білімнің рөлін күшейту арқылы мүмкін болды. Интернационализацияның ең кең тараған «халықаралық, мәдениетаралық немесе жаһандық өлшемдерді мақсатқа, функцияға немесе жоғарғы білім беру жүйесіне интеграциялау үрдісі» анықтамасы болып табылады. Сонымен қатар,

интернационализация тұжырымдамасының күрделілігімен және оның жаһандану мен аймақтандыру өзара қарым-қатынасы, сондай-ақ осы екі үрдістегі жоғарғы білімнің рөлі туралы түсінік бар.

Жаһандану, немесе Глобализация (ағылш. Global – «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») – жаңа жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген америкалық экономист Теодор Левитт. Жаһанданудың жаңа сатысының түрлі аспектілерін 20 ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді. Олар ғылымға «интеллектуалдық индустриялар экономикасы», «ақпараттық қоғам», «техникалық революция», «ақпараттық жарылыс», «ғаламдық ауыл» деген ұғымдарды енгізді. Жаһандану-дүниежүзілік экономикалық, саяси, мәдени және діни интеграция мен біріздендіру процесі.

Интеграция дегеніміз: (латынша қалпына келтіру, толықтыру, бүтін) – педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіру. Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда жоғары оқу орындары мен орта буын оқу орындарындағы білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін ұстаздардың ғана жұмысы жемісті болмақ. Жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануының мақсаты:

1.Әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануының кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнын ұлттық құндылықтармен, мәдениетаралық түсінік-пайыммен, ақпараттық жетістіктермен, тілдік (ана тілі мен шетел тілдері) байлықпен толықтыру.

2.Жастардың бойында қоғамның экономикалық және әлеуметтік саласына деген практикалық таным негізін қалыптастырып, өзінің, отбасының, достарының, айналасының, жалпы қоғамның әлауқатын ойлайтын жауапкершілігін сезіндіру.

3. Шыққан әлеуметтік тегіне қарамай, талантты да белсенді, білімді де ойлы жастарды толық қолдау арқылы қоғамның әлеуметтік икемділігін қамтамасыз ету қажет. Осы арқылы жас буынның ақылды адам денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыру.

4.Білім мәдениеті мен қоғам алдындағы жауапкершілікке бағытталған кешенді іс-шараны жағымсыз нәрселерді (наркомания, бейәдептілік, т.б.) аластатуға бағыттап құру.

5.Білім – еркіндік пен таңдаудың көзі әрі дем берушісі. Білімге әлеуметтік тапсырыс беруші – жалғыз мемлекет емес, мүдделі мекемелер, ойлы да іскер адамдар болуы тиіс. Орта мектептер жаһандану заманындағы білім экономикасының өзегі болып, еліміздің инновациялық дамуының қозғаушы күшіне айналуының шарттары: Сондықтан мектептерде неғұрлым білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануы таза, серпінді, шығармашыл, толыққанды болса, ол келіп құятын білім айдыны да сондай дәрежеден табылады. Нәтижесінде отбасында, қоғамдағы өмірлік құндылықтар жақсарып, сапалық көрсеткіштер жоғарылайды. Бүгінде дүние жүзі мемлекеттері мен олардың білім жүйелері жаһандану үдерісіне үн қосып, бұдан әрі дамудың жаңа стратегиялары мен бағдарламаларын ұсынып отыр. Жалпы әлемдік даму бәсекелестікке негізделген. Білім саласындағы жаңа ойлар мен жаңалықтар – әлемнің бейбіт дамуының кепілі. Әрине, бұл дамудың және интеграциялануын уақыт пен жағдай анықтайтыны өз межесімен, өз бағамы аз емес екені белгілі. Сондықтан әлем айдынындағы тәуелсіз Қазақстан саясатта болсын, білім-ғылым ізденісінде болсын осы меже мен бағамның үдесінен шығуға бағыт ұстанғаны айдай анық. Алдағы уақытта да заман талабына сай білімді әлемдік деңгейге жеткізудің бірден-бір жолы, бұл – инновациялық қызмет. Сол үшін әр ұстаздың алдында оқу мазмұнын жаңарту, өзінің шығармашылығын дамыту мен шеберлігін шыңдап, озық технологияны жетік меңгеріп, әр күнгі сабағына тиімді әдіс-тәсілді пайдалану, тәуелсіз еліміздің ертеңі саналатын – білімді ұрпақ тәрбиелеу міндеті болып табылады. Біздің мектепте де оқытудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін іздестіру жұмыстары кең көлемде жүргізіліп келеді. Жас ұрпаққа топтық, ойын, тірек сигналдары, модульдік тестік жүйе, интерактивті, оқытудың компьютерлік, дамыта оқыту технологиялары бойынша білім беруде. Бұл Елбасы алға қойған міндет, заман талабына сай ғылыми – техникалық білім қалыптастыру. Білім берудегі интеграция-бұл сән емес, адам қызметінің кез келген саласы үшін сапалы мамандарды дайындау қажеттілігі. В.И. Вернадский білімнің саны мен сапасының өсуі ғылымның әр түрлі бағыттары арасындағы шекараның жойылуына ықпал ететінін айтты. Адамдар кейіннен нақты мәселелерге маманданатын болады. Білім берудегі интеграция технологиясы ғылымның жекелеген бөліктерін тұтас кешенге біріктіруді көздейді. Бұл әр түрлі білімнің механикалық қосылуы ғана емес, сонымен қатар олар өзара байланысты болып табылатын тәсілді қолдану және

белгілі бір проблемаларды шешу кезінде адам жүйелі түрде әрекет ете алады. Білім берудегі интеграция ұғымы өте айқын. Бұл түрлердің әртүрлілігімен байланысты. Мысалы, интеграция бағыттар, әдістер, тәсілдер, деңгейлер мен тәсілдер бойынша жіктелуі мүмкін. Неге мұндай саясаттың нәтижесінде шоғырлану керек. Интернационализация-бұл тең құқықты және өзара тиімді ынтымақтастық негізінде түрлі елдердің жоғары оқу орындары мен басқа да оқу орындары арасындағы екіжақты және көпжақты байланыстар мен байланыстарды кеңейту. Мақсаты-білім беру және ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігін арттыру, оны үздік әлемдік деңгейге жеткізу, профессорлық-оқытушылық және студенттік қызметкерлердің ұтқырлығын кеңейту. Мемлекеттер мен халықтар арасындағы өзара тәуелділік пен байланыстарды кеңейту, интернеттің, ұялы телефондардың, әлемдік телекоммуникациялық байланыстың, қашықтықтан білім берудің шекарасын танбайтын пайдалану кезеңінде – мұның бәрі де алыс емес – жоғары мектептің интернационализациясы жақын арада объективті қажеттілік бола бастады. [1] Білім берудегі интеграция-бұл адамдардың шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған механизм. Ол қарқындылықты тездетуге, оқу-танымдық қызметті жүйелендіруге және мәдениет грамотасымен меңгеруге бағытталған. Интеграциялау құрылымының бірнеше сатысын бөліп көрсетуге болады, олар неғұрлым ірі базистерге көлденең бірігеді. [2] Әр түрлі авторлардың кішігірім айырмашылықтарын кездестіруге болады, бірақ келесі бөлім тәсілімен танысуды ұсынамыз:

Тақырыптық интеграция. Бұл жағдайда екі немесе үш оқу пәні бір тақырыпты ашумен айналысады. Бұл иллюстрациялық сипаттама деңгейі деп мәлімдейтін балама сипаттаманы кездестіруге болады. Бірақ бұл тек синонимдік ұғымдар екенін түсіну керек.

Проблемалық интеграция. Бұл жағдайда бір мәселемен әр түрлі заттар айналысатынын түсінеді.

Тұжырымдамалық интеграция. Бұл жағдайда қарау олардың барлық әдістері мен құралдарын қолдана отырып, бірнеше заттармен жүргізіледі.

Теориялық интеграция. Бұл жағдайда әр түрлі теориялардың өзара қатынасы қарастырылады.

Диалектикалық интеграция. Бұл жағдайда білімнің әртүрлі салаларына жататын принциптер мен ұғымдарды пайдалану түсініледі. Балама ретінде тұтас сурет ретінде әлем ұсыну түсінігін кездестіруге болады. Интеграциялық тәсілдер оқушылардың кәсіби және тұлғалық ұмтылыстарын байланыстыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, істің қазіргі жағдайы мінсіз болып табылмаса да, ол бізге қоғамда және оның игілігі үшін өмір сүруге және еңбек етуге дайын адамдардың дайындығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Адам өз мүдделерін өзі анықтауы, оларды іске асыруға қол жеткізуі және бұл ретте қоғам игілігі үшін жұмыс істеуі үшін әлемге білім мен көзқарастың біртұтас жүйесін құру аса маңызды болып табылады. ЮНЕСКО, Дүниежүзілік банк, Еуропа Кеңесі, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы және т.б. ЮНЕСКО сияқты ұйымдарды атап өткен жөн. Аталған ұйым барлық мемлекеттер үшін өңірлік және жаһандық сипаттағы халықаралық-құқықтық актілерді әзірлейді.

Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беру жүйесі техникалық базаны жаңғырту, білім беру бағдарламаларында құзыреттілік моделін пайдалану есебінен жаһандану мен интернационалдыру жеделді үрдістеріне тиісті түрде жауап береді; студенттер мен оқушылардың ұтқырлығын арттыру, ақпараттық технологиялардың ролін арттыру, көптілділікті дамыту және әлемдік білім беру үрдістеріне сәйкес оқу-әдістемелік базаны жетілдіру.[3] Интернационалдыру форматы 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім және Ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында анықталған. Қазақстан Республикасының академиялық ұтқырлық стратегиясы 2020 жылға дейінгі қабылданды, білім берудің кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері бекітілді. Сонымен қатар білім беру парадигмаларының жылдам өзгеруіне байланысты жоғарғы оқу орындарына халықаралық дамудың жаңа бағыттарын қалыптастыру үшін халықаралық тәжірибені үнемі зерделеу және жоғарғы білім беруді интернационалдырудың ұлттық стратегиясын әзірлеу қажет.[4]

Қазақстан ұлттық деңгейде интернационалдыруды дамытуда елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Бұл процестің дамуын анықтайтын іргелі фактор 2010 жылы Болон декларациясына қол қою және Еуропалық Жоғарғы білім аймағының толық құқылы мүшесін мойындау болды. Болон процесінің белсенді мүшесі ретінде, интернационалдыру саласындағы Қазақстанның жетістіктері ерекше маңызды.[5] Елде студенттер мен оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын дамыту, қазақстандық және шетелдік жоғарғы оқу орындарының арасында халықаралық келісімдер жасасу, бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, шетелдік студенттерді тарту сияқты салаларда жұмыс істейді. Бүгінгі таңда еліміз ECTS ретінде кредиттік трансферттің қазақстандық үлгісін жасады, бұл біздің шет елдердегі дипломдарымыз бен біліктілігімізді айтарлықтай жеңілдетуге ықпал етті және

жоғарғы білімнің белсенді интернационализациясының басталуын белгіледі. Академиялық ұтқырлық бағдарламасының аясында университеттер студенттер мен оқытушыларға Еуропадан, АҚШ-тан, Оңтүстік-Шығыс Азиядан, Ресейден және басқа елдерден шетелдік мамандарды тартуға жібереді. 2009 жылдан бастап Қазақстанда бюджеттік қаражат есебінен қазақстандық жоғарғы оқу орындарына шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы бар. Әлемнің жетекші университеттерінің ғалымдары мен профессорлары қазақстандық студенттерге дәріс оқып, мастер-класс өткізіп, семинарлар өткізеді. Оқытушылармен бірлесіп оқу, ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді басып шығарады, бірлескен жариялау үшін мақалалар жазады, сонымен бірге бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Соңғы төрт жылда Қазақстанға 6 мыңнан астам шетелдік профессор келді. Соңғы деректер бойынша, 2016-2017 жылдары 13 мыңнан астам шетел азаматтары Қазақстан Республикасының ЖОО-да білім алды. Қазақстандық жоғарғы оқу орындарын ТМД елдері мен Ауғанстан, Үндістан, Моңғолия, Қытай сияқты шетел азаматтары таңдайды. Бүгінгі таңда қазақстандық ЖОО әлемнің 64 елінде университеттермен халықаралық келісім жасасты. Шетелдегі ресми өкілдігі Қазақстанның бір университетінде – С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Моңғолиядағы Баян-Өлгий аймағында филиалды қамтиды. Шетелдік миссиялардың жұмыс істеу тәжірибесі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де қарқынды дамыған. Шетелдік кеңселердің тізіміне Иордания университетінің Әл-Фараби орталығы, Пекиннің шет тілдер университетіндегі Қазақстан орталығы, Ыстамбұл университетіндегі Еуразиялық Фараби ғылыми орталығы, ҚазҰУ бірлескен химия зертханасы – Росток, Караки университетінің ҚазҰУ бірлескен зертханасы кіреді. Осы жетістіктерді талдай келе, жоғарғы білім беру жүйесі жаһандық үрдістерге, оның ішінде интернационаландыруға сәйкес дамып келе жатқандығы туралы қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж 14 желтоқсан)
2. Ниномия А. Новые стратегии интернационализации Хиросимского университета// Вестник ТГПУ. 2007. Выпуск 1 (64). С.41-47
3. ҚР-ның 2011-2020жж. арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Астана 2010
4. http://alashainasy.kz/ustazdar_ustahanasy
5. Ференц И. Развитие политики в области интернационализации высшего образования в Европе или «разноскоростная» интернационализация // Императивы интернационализации / Отв. ред. М.В. Ларионова, О.В. Перфильева. М.: Логос, 2013. – С. 162-186.

М.К. Нурғалиева,

*магистрант 1 курса, специальности «Педагогика и психология»
Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

ФАКТОРЫ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ УСПЕШНОСТИ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПОДРОСТКОВ

Актуальность темы формирования успешности учебно-познавательной деятельности подрастающего поколения обусловлена тем, что в Казахстане происходит процесс модернизации системы образования посредством внедрения в государственные школы инновационных технологий. В период пандемии коронавируса в Республике Казахстан под ударом оказались школы, тем самым показав острую нужду в необходимости создания новой модели организации учебного процесса ввиду «погрешностей» в виде неготовности к экстренным изменениям условий обучения. Системе образования государства, включая Министерство образования, администрацию школы и школьников, поневоле пришлось встретиться с проблемой изменения режима обучения с традиционного на онлайн-режим, которая повлекла за собой ряд трудностей, затронувших качество интернет обслуживания. [1].

Случившаяся ситуация позволила правительству под другим углом взглянуть на проблему обеспечения школьников качественным образованием. Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в своем послании народу Казахстана от 1 сентября 2020 года отметил важность и необходимость внедрения Концепции непрерывного образования с целью повышения уровня грамотности граждан, что в свою очередь, подразумевает овладение цифровыми навыками. Также было упомянуто, что немаловажным является самообразование и самообучение, и что следует подтвердить их статус официальности и действительности. Помимо этого стоит отметить, что данная концепция открывает возмож-

ности получения образования для всех школ на одинаковой основе. «Помимо решения насущных вопросов предстоит разработать и системные меры по обеспечению равенства возможностей для детей. Наши дети должны получать качественное образование вне зависимости от места проживания и языка обучения.», – отметил в своем Послании Касым-Жомарт Токаев [2].

Термин «успешность обучения» впервые был введен советским ученым Б.Г. Ананьевым в работе «Психология педагогической оценки». Также понятие успешности изучали многие другие исследователи, так, по мнению Б.Рубина, Ю. Колесникова успешностью можно назвать достижение качественного уровня жизнедеятельности в любой сфере. Видный советский психолог И.А. Зимняя, опираясь на свои исследования, видит результативность в итоговых оценках. Видными советскими учеными В.А. Авериним, В.П. Беспалько, Н.М. Пейсаховым при рассмотрении понятия «учебная успеваемость» большое внимание уделяется степени усвоения знаний по тем или иным учебным дисциплинам.

Большинство исследователей сходятся во мнении, что успешность учебной деятельности помогает росту и развитию личностной основы при формировании индивида, как целостного звена общества. Она способствует активизации внутренних ресурсов и потенциала подростка для самореализации, усиливая тем самым личностные достижения. Также учебная успешность считается немаловажным фактором для быстрого овладения человеком какой-либо специальности (Т.А. Нам, А.А. Орлов). Исследователи фонда «Общественное мнение» опубликовали результаты своих многолетних наблюдений, свидетельствующие о тенденции к снижению уровню успешности учебно-познавательной деятельности у большинства подростков.

Однако, стоит заметить, что период на который приходится подростковый возраст отличается активным становлением Я-концепции, что является плодородной почвой для качественного и эффективного психолого-педагогического вмешательства для достижения подростком успешности учебной и познавательной деятельности. В связи с этим, педагогу-психологу при сотрудничестве с учителями школы необходимо создать такие условия, благодаря которым подросток сможет не только осознать важность достижения собственного успеха, но и реализовать весь свой потенциал при достижении поставленной цели, объектом которой является ситуация успеха.

Так как достижение подростком ситуации успеха напрямую зависит от наличия благоприятных педагогических условий, появляется необходимость в изучении их создания. Понятие «условие» в философии означает некий звено, от которого зависит другое, обусловленное чем-то, звено, которое в совокупности с первым создает комплекс взаимодействующих между собой компонентов. Обычно условие философы рассматривают как внешний объект воздействия на предмет. Объединение различных условий создают некий купол, под которым и будет содержаться предмет, который обуславливает действие общественных или природных законов. Условие, как одно из правил детерминизма, образует, таким образом, момент всеобщей диалектической взаимосвязи.[3]

К факторам, способствующим формированию ситуации успеха в учебно-познавательной деятельности в подростковом возрасте, на наш взгляд, можно отнести социокультурную среду пребывания подростка, то есть семейное воспитание, школьное образование и средства массовой информации. А также, непосредственно, индивидуальные способности, таланты, интересы и уровень учебной мотивации.

На подростковый период приходится возраст, который характеризуется рядом особенностей, которые являются источником для развития таких психических качеств и свойств личности, выступающих предпосылкой для формирования благоприятного усвоения знаний и успешности обучения.

Однако не всегда особенности подросткового возраста, связанные с обучением, проявляются в конструктивной форме. Чаще всего наблюдается эмоциональная неустойчивость, педагогическая неуправляемость, сниженный уровень работоспособности и подростковом максимализме. Колебания в такой амплитуде несоответствия внешних и внутренних факторов и способностей организма в их преодолении, могут вызвать дезадаптацию, нарушения функционирования организма, девиантное поведение и снижение учебной успешности.

Опираясь на анализ литературы, предоставленной учеными, изучавшими данную проблему, мы приходим к выводу, что при изучении какой-либо информации необходима тщательная интеллектуальная обработка, в противном случае, пассивное изучение воспринимаемой информации сводит уровень познавательной деятельности к минимальному и препятствует достижению успеха. Это приводит к ситуации, в которой подросток много слушает, читает и видит, но мало запоминает. В данной ситуации особое внимание стоит уделить преодолению противоречий, возникающих в учебно-познавательной деятельности подростка.

Следует отметить, что при отслеживании динамики формирования успешности учебно-познавательной деятельности подростка, условия выступают определяющим фактором развития, так как они образуют некое поле возникновения, развития и существования определенных процессов и явлений.

При изучении данной темы, мы опирались на главные постулаты теории деятельности А.Н. Леонтьева. Ключевой идеей данного подхода выступает необоснованность того факта, что педагогические условия сводятся и ограничиваются обстоятельствами и положению дел, так как процесс формирования успешности зависит от гармоничного взаимодействия внешнего и внутреннего, объективного и субъективного, сущности и явления, возможного и должного. [4]

Анализируя отношение деятельностного подхода к психолого-педагогическим условиям, мы отнесли те условия, которые могли бы стать рычагом давления и запустить механизм обеспечения наиболее эффективного протекания процесса исследования.

Таким образом, мы пришли к следующему выводу, что условие подразумевает под собой не только процесс, влияющий на обстановку, но и то, без чего обстановки не может быть как таковой, ведь условие является основанием возникновения этой обстановки. Исходя из вышеперечисленного, мы можем сказать, что в зависимости от того, насколько хорошо подготовлены условия для формирования успешности учебно-познавательной деятельности, тенденция к творческой деятельности подростка возрастает.

В педагогической науке Республики Казахстан успешность учебной деятельности учащихся изучалась в рамках исследования целостного педагогического процесса (Н.Д.Хмель), педагогических технологий (Ж.У.Кобдикова, С.Н.Исламгуловой, М.М. Жанпеисова).

Проблема успешности учебной деятельности как категория педагогики раскрыта в монографии А.К.Рыспаевой. Имеющиеся в монографии отечественного ученого данные о роли успешности учебно-познавательной деятельности подростков в образовательном процессе и условия ее повышения и изменения позволяют провести исследование влияния определенных типов факторов на мотивационное обеспечение деятельности учащихся в процессе обучения, которое является стабильно важным аспектом практической деятельности школы по обеспечению качественного образования.[5]

Литература:

1. Е. Алексеева, А. Аскарлова «Интернет не приспособлен» Онлайн-уроки отменили в Казахстане URL: <https://www.nur.kz/1848930-internet-ne-prisposoblen-onlajn-uroki-dla-skolnikov-otmenili-v-kazahstane.html>(Дата обращения: 28.01.2021).
2. Токаев К.К. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. 1 сентября 2020 г. URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g(Дата обращения: 28.01.2021).
3. Фролова И.Т. Философский словарь/под ред– М.: Республика, 2001.– 720 с.
4. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Наука, 1982. – 304 с.
5. Рыспаева А.К. Успешность деятельности как категория педагогики. – КазНПУ, 2003. – 266с.

*С.Е. Кистауова, А.Д. Нуржанова,
«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы*

ЖАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Біздің міндетіміз – жаһанданудың дәстүрліктен тікелей бас тартуын түсіндіру, қоғамға азаматтылықтың қазіргі стандарттарын, қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік серіктестігі түсінігін жеткізу болып табылады. Осыдан әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мен пәндерге, ең алдымен, саясаттануға, құқық пен әлеуметтануға қазіргі қоғамның болашағына деген жауапкершілік түсіп отыр. Біздің алдымызда қоғамның дағдарыстан шығуы посткеңестік кеңістік қоғамының өтпелі кезеңін теоретикалық қамтамасыз етуді шешу міндеті тұр, біздің ойымызша, оның дамуы мен жолдары социомәдени негізде жатыр деп айтсақ та болады. Мұндай методологияға негізделген, дәстүрлі социомәдени құндылықтардың орталық зонасы қоғамның барлық саяси, құқықтық, әлеуметтік салаларындағы дәстүрліктің құралдары мен қазіргі тәсілдерін зерттеу болып табылады. Еліміздегі жоғары және орта білім беру жүйелері заманның жаңа талаптарына сай құрылымдық өзгерістерге ұшырады. Бұл шаралардың басты мақсаты – әлемдік білім беру мен ғылым кеңістігіне кіру. Әрине, бұл

әрекеттердің тиімді жақтарын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ білім беру тек жақсы маман дайындаумен ғана шектелмейтінін айта кетуіміз керек. Оның басты мақсаты – жан-жақты білімімен бірге үлкен азаматтық және әлеуметтік қасиеттерді бойына дарытқан тұлғаны қалыптастыру. Алай- да жаһандану дәуіріндегі нарық сұранысын қанағаттандыруға бағытталған білім беруде адамдық қасиеттерден гөрі маман ретіндегі бағалану алдыңғы қатарға қойылатыны жасырын емес. Бұл білім беру өзінің кең мағынасындағы маңызын жоғалтып, «шектелген» немесе Г. Маркузе тілімен айтқанда, «бірөлшемді» адамдарды өндіру корпорациясына айналып кетпей ме деген сұрақты алға қояды. Осы тұрғыда академик Ә.Н. Нысанбаевтың ортаға салған мына пікірі өте орынды деп ойлаймыз: «Мәдениет пен ғылым саласында либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының ықпалы артып отыр. Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен өзіндік мәдени мұраттары қатты қысымға ұшырауда, сондықтан олар өздерінің рухани мұраларын сақтап қалуға талпынуы керек. Бірақ, сонымен қатар олар батыс мәдениетінің нормаларымен де өзара әрекеттесіп, өзара толығыуы қажет. Мәселе батыс мәдениетімен бәсекеге қабілетті болу үшін құндылықтарды қайта қарап, қазақ мәдениетін қайта жаңғыртып дамыту туралы болып отыр. Қарқынды өріс алып отырған жаһандану жағдайында, Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының конструктивті сұхбаты өте қажет. Өтпелі қоғамның мәдениет саласындағы күрделі қатынастарын реттейтін және халқымыздың мәдениетінің қайталанбастығы мен өзіндік сипатын қамтамасыз ететін заңдар қажет» [1,92-б.]. Мәдениеттің өзіндік ерекшелігін сақтау, қоғамдық және мемлекеттік тұтастықты сақтау ұлттың ішкі рухани әлеуетіне және шығармашылық қуатына байланысты. Ұлттың қалыптасуында ортақ тарихи жадымен бірге ортақ мақсат-мүдделер, идеялар да үлкен рөл атқарады. Сондықтан қазіргі Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің болашағы осындай мақсат-мүдделер мен идеялардың өміршеңдігіне және олардың интеграциялық әлеуетіне тығыз байланысты болары сөзсіз.

Бұл, ең алдымен, Қазақстан мемлекеті мен қоғамның тарихи-субстанционалдық негізін құрап отырған қазақ халқына қатысты. Қазіргі қазақ зиялы қауымы мен саяси элитасы осындай ортақ мақсат-мүдделер мен идеяларды өндіруге және іске асыруға қаншалықты қабілетті, көп мәселенің түйіні осыған келіп тіреледі. Өмір сапасы өткен тарих пен бүгінгі күннің жетістігін қамти отырып, баянды болашаққа нық сеніммен қарайтын адам дүниетанымының іргетасына айналуы тиіс. Бұл категория жеке адамның сана кеңістігін бүкіл адамзаттың кемел рухани кеңістігімен жалғастырады. Сонымен қатар батыстық құндылықтарда қызметтік табысқа жету жоғары позициялардың бірін иеленген. Отбасы мен некеге деген дәстүрлі көзқарастардың өзгеруі, осы әлеуметтік институттардың қоғамдық мәртебесі мен құпиясының құлдырауы батыстық қоғамдар үшін бүгінгі күннің үлкен қасіретіне айналып отыр. Дүниеге деген көзқарас пен құндылықты қатынастың отбасында қалыптасатынын ескерсек, қоғам мен мемлекеттің бұл мәселені назардан тыс қалдырмай әрқашан қолдау көрсетуі дәлелдеуді қажет етпейді. Отбасы мен некенің жағымды көріністерін насихаттау мемлекеттік және қоғамдық маңызды ішаралардың бірі болып табылады. Екінші позицияға орналасқан жақсылық жасау құндылығы адам табиғатына тән және содан туындайды. Адами эгоизмді шектеп, оның бойындағы әлеуметтік бастауларды ашу, мейірімділік пен қайырымдылыққа баулу да қоғам азаматтарының өзіндік санасы мен сезімін қалыптастырудың маңызды тетіктері болып табылады. Бұл бұқаралық қоғамға тән адамдар арасындағы жаттану мен жалғыздықтың алдын алуға мүмкіндік береді. Адамдардың өзара тығыз қарым-қатынасы әрқайсысының басқаның тағдырына қатыстылығы сезімі қоғамдық мұрат-мақсаттарды жүзеге асырып, қиыншылықтарды жеңуге мүмкіндік беретін зор күш екені тарихтан белгілі. Қазіргі таңда Республикамызда салауатты өмір салтын қалыптастыру – мемлекет назарындағы маңызды бағыттардың бірі. Салауатты өмір салты Қазақстандағы ұлттық өркениеттік құндылықтардың маңыздыларының қатарынан орын алатыны сөзсіз. «Бірінші байлық денсаулық» деген халық мәтелі тек сөз жүзінде ғана емес, жеке тұлғалық және қоғамдық әрекетте жүзеге асуы қажет. Бастысы өмір сапасының ажырамас атрибуты болып табылатын салауатты өмір салты әлеуметтік енжарлықты жеңуге, тұлғаның жасампаздық қасиеттерін ашып, өз өмірі мен отбасының игілігіне жауапкершілігін арттырады деп үміттенеміз. Жаһандану үдерісінің келеңсіз жақтарының бірі профессор А.Г. Косиченко атап өткендей, «дүниежүзілік ауқымда адам енжарлығының бой алуы. Оның басты келеңсіздігі де осында. Ол адам мәніне – оның өз өміріне жауапты болуына нұқсан келтіреді. Қазіргі үдерістердің адам дамуына қалдырған көкжиегі тым тар. Адам барған сайын тұлғалық қайталанбастығын жоғалтып, унификацияланып барады. Өзін алдаусыратып, адамды өз мәніне әкелетін терең болмыстық көптүрліліктен бас тартуда. Жаһандану осы кереғар үдерістер үшін жауапты» [4, 191-б.]. Жаһанданудың бұл кереғар сипаттары адам мен қоғамның күш-қуатын байлап-матайтын үрейлі құбылыс емес. Оның осы сипаттары туралы айтқанда,

мәдени және керісінше, жаһандану үдерісінің артықшылықтарының ұлттық мәдениеттерді дамытуға үлкен мүмкіндіктер туғызатынын да атап өту керек. «Бұл жағдайларда еліміздің мемлекеттік мәдени саясаты ерекше маңыздылыққа ие болады. Қазақстан өзінің беделі мен егеменділігін, азаматтар мен халықтардың қайталанбас ұлттық ерекшеліктерін қамтамасыз ете отырып, толыққанды дамуы үшін мәдени жаһанданудың барлық бағытында әртүрлі өлшемдегі «сүзгіштерді» орнатуы қажет. Бұл кедергілер Республикамыздың территориясына белгілі бір уақытқа дейін кейбір жағымсыз құбылыстардың таралуын толық тоқтатар еді. Ұлттық құндылықтар мен мүдделерге сай тәрбие алған адамдар, азаматтық қоғамды құрып, мемлекетке пікір айтуға қабілетті адамдар, болып жатқан құбылыстардың мәнін түсінетін адамдар, соның ішінде мемлекеттік мекемелерде қызмет ететіндер жаһандану үдерісінің оның тиімді, пайдалы жақтарын алып, бүлдіруге бағытталған ниеті мен үдерістеріне қарсы тұра алады» [3,7-б.]. Жаһанданудың мәдени өзегі батыс мәдениеті, дәлірек айтсақ, АҚШ мәдениеті екені белгілі. Жаһанданған әлемдік мәдени кеңістікке ену батысқа ұқсап бағу дегенді білдірмесе керек. Отандық ғалымымыз атап көрсеткендей, ұлттық мәдениет әлемдік кеңістікке өзінің абыройы мен ар-намысын сақтай отырып та ене алады. Мұндағы бастысы – біреуге «ұнауға тырысу емес, өзінің ерекшелігінді сақтай білу. Өз мәдениетінің аумағымен тұйықталып қалуға да болмайды, әлемдік мәдени кеңістікке кіру керек, бірақ барыңмен кіруің керек, өйткені осы мазмұн ғана құнды» [4, 201-202-б.]. Қазақстан ойшылының бұл пікірі елімізді мекендеген ұлттық мәдениеттердің барлығы үшін өзектілігін жоғалтпайды. «Әрине, жаһандану үдерісі маңызды әлеуметтік өзгерістер қатарында тұр, әлеуметтанулық талдаулар жекелеген қоғамдарды зерттеуде шектелген, анағұрлым архайкалықты ұсынады. Көптеген фундаментальды мәселелер, біздің өмірімізде орын алып отырған, яғни экологиялық дағдарыс сияқты немесе кең масштабтағы әскери конфронтациядан сақтап қалу, өзінің көлемінде глобалды болып табылады. Сонымен қатар экономикалық және мәдени өзара тәуелділіктің өсуіне қарамастан, әлемдік глобалды жүйеде теңсіздіктің жарылуы, тек жалпы ғана емес қарама-қайшы мүдделерді де иеленеді» деген америкалық ғалым Ф. Гидденс [5. 392-б.]. Мұны ғалымның өзі де жаһандану теориясындағы басты нәрсеге – модерннің жергілікті әдет-ғұрып пен дәстүрге тигізетін ықпалына, жергілікті және жаһандық диалектикаға назар аудару керектігін баса айтқан. Себебі теледидармен киноэкранда батысқа еліктеушілік, батыс көрерменіне жағымды әрі түсінікті болу ұлттық сипатпен салыстырғанда басымдылыққа ие болып бара жатқан тәрізді. Өнердің халықты асқақ мақсаттар мен құндылықтарға тәрбиелеп келгені белгілі, бірақ қазіргі күні өнер бұқараны тәрбиелеуден гөрі бұқараның соңынан еріп бара жатқандығы қынжылтады. Қазақстан қоғамы алдында жаһандану талабына абырой– мен жауап бере отырып, өзінің тек өзіне тән кемелдену жолын таңдау мәселесі туындап отыр. Қазақстандық ғалым К.У. Биекенов өзінің кітабында: «Жаһанданудың мотиві мен мақсаты капитал, товар, қызмет көрсету, сонымен қатар жұмысшы күшінің ұлттық шекарада түйісуімен және трансұлттық сипат алуымен осы үдеріске негізделуі болып табылады. Олар құндылықтар ағымымен шығарып салынауда. Билік құрылымдары алдындағы басты міндет барлық әлем халқы үшін жаһанданудың позитивті факторларын қамтамасыз ету болып табылады», – дейді. [6.146-б.] Әрбір жаңартудың жаңа кезеңдерінде технологиялық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және әлеуметтік жаңашылдық жатыр. Осы жаңашылдықты ендіру мен жүзеге асыру технологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешумен байланысты екендігін ұмытпауымыз керек. Бүгінде әлемді жаһандану үдерісі қамтығанымен де, тәуелсіздік алған елдер әлемдік қауымдастықта интеграцияға ұмтылуда. Сонымен қатар жаһанданудың біздің қоғам үшін жаңа саяси стратегиясын таба отырып, Қазақстан халықтарының дәстүрлі мәдениетінің құндылықтарын батыс қоғамының құндылықтарымен қоса алып жүретін, бәсекеге қабілетті халықтың мәдениетін жаһандану контекстінде қалыптастыру керектігін түсініп отырмыз. «Дәстүрлі қоғамның нәтижелер, дәстүрлі мәдени құндылықтардың жинақталуы мен үйлесім табуы, дәстүрлік тәжірибесінің трансляциялануы, дәстүрлі мәдени нормалардың қалыптасуы, дәстүрлі саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік мәдениеттердің өзін-өзі ұйымдастыруы қоғамның өмір образдарының жиынтығын құрайды. Орталық зона мен қоғамның өзара әрекеттері мәдени үлгілерді ендіреді, индивидтердің бір-біріне деген тұрақты конфигурациясын анықтайды, олардың байланысы дәстүрмен қабылданған сәйкес кеңістік ортада жүреді, дәстүрлі мәдениет үлгілері мен дәстүрлі социомәдени құндылықтарды ұйымдастырады. Қоғамның негізінде дәстүрліліктің құндылықтынормативті аспектілері қалыптасады, қоғам мүшелері консолидациясы дүниетанымдық және идеялық негізде, мемлекет пен индивидтердің өзара әрекетімен толығыады. Оларды «дәстүрлі мәдениет кодексі» деп санауға болады, қоғамның жалпы информациялық-коммуникативті каналдарын және орталық зоналарды құрайды. Жаһандық азаматтық қоғамның әлеуметтік базасы қоршаған ортаны, бейбітшілікті, адам құқын және түпкілікті тұрғынның төл мәдени ерекшелігін қорғауға атсалысушы

әртүрлі қозғалыстар мен ұйымдар болып табылады. Э. Гидденстің пікірінше, бұқаралық символикалық интеракцияның және ортақ ақпараттық мәдениеттің негізінде ғаламдық қоғамдық жүйе қалыптасады. Бұрындары үстемдік еткен ұлттық мемлекет келмеске кетіп барады. Билік алдыңғы орынға ықпалды әлеуметтік қозғалыстар мен азаматтық бірлестіктерді шығаратын шағын, аймақтық орталықтар негізінде жүзеге асырылуда. Кеңістік шектеу және ұлттық мемлекеттік шеңберден шығу әлеуметтік ғылымда И. Канттың «бүкіләлемдік азаматтық қалып» жөніндегі идеясының жаңғыртылуымен түсіндіріледі. Жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауға негізделген халықаралық ұйымдар жүйесі ықпалын күшейтеді. Жаһандану әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктерді күшейтеді. Алайда әлеуметтік мәдени өзгерістер, адамдар тұрмысының өзгеруі, адамзаттың қоршаған ортамен қарымқатынасының күрделенуі де жаһандануға елеулі ықпал жасап отыр. Адамзаттық мәдени құндылықтар ортақтығының күшеюі үдерісі «менталдық» жаһанданудың бір көрінісі болып табылып отыр. Қазіргі қоғамда мәдени көптүрлілікті сақтап қалу өркениеттің жетістігі болып бағаланады. Жаһандану нәтижесінде болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам айтылып отыр. Бірақ ол ұлттар мен халықтар арасындағы этникалық және мәдени айырмашылықтар барынша жойылған жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін Мәдениеттің жаһандануы ол экономикалық жаһандануды да жалғастырады және толықтырады, бірақ өзіндік ерекшеліктерін иеленеді. Көптеген үдерістер мен тенденциялар көптеген формаларды қабылдайды. Мәдени жаһандану жоғары мәдениет пен толық бұқаралық мәдениеттің үстемдік етуімен де байланысты. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық рухани өсіп-өркендеуіміз бен кемелденуіміздің бағдарламасы ретінде қабылданып, халқымыздың қолдауына ие болып отыр. Аталған мақаласында Мемлекет басшысы ұлттық бірегейлігі мығым бір тұтас ел болу үшін болашаққа қадам басудың таяу жылдардағы міндеттері мен сындарлы басымдықтарын белгілеп берді. Бұл еңбектің негізгі идеясы – халқымыздың төл мәдениетінен, рухани қазынасынан нәр алған Қазақ елінің рухани тұғырын негіздеу. Бүгінгі таңда қоғамдық ой-сананың негізгі өзегіне айналып отырған мақаладағы бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы және сананың ашықтығы сияқты тақырыпшаларымен берілген Елбасы жазбалары терең толғамдарымен ерекшеленеді. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңыздыекі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу.... Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауы тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі плюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды», – деп жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, маңыздылығына тоқталды. Ұлттың игілігіне негізделген барлық тарихи және заманауи ақпараттар ұлттық код арқылы ұлттың зердесінде жинақталып, таратылып, өңделіп, жүзеге асып отырады. Ұлттық болмысынан қол үзбеген әр адам өз заманында алға ұмтылып, жетістіктерге қол жеткізеді және оны ұлт игілігіне айналдыраалады. Қазақстан қоғамы қазіргі жаһандану үдерісі жүріп жатқан кезеңінде, өзінің мүдделерін қорғай отырып, даму тенденцияларын өзіндік жүргізгені дұрыс болар еді. Мақаланың негізгі өзегі – ұлттық-рухани тамырымыздан нәр ала отырып, ұлтымызды жаңғырту мәселесі. Бүгінгі таңда материалдық құндылықтар алдыңғы орынға көтерілген қоғамда енді «ұлттық құндылық» деген түсінік өзекті дүниеге айналды. Байқасақ, мақалада «ұлт» сөзі көп қолданылған. Бұрын көп айтыла бермейтін «ұлттық код», «ұлттық дәстүр», «ұлттық-рухани тамыр», «ұлт жадының тұғырнамасы», «ұлттық прагматизм», «ұлттық бірегейлік», «ұлттық жаңғыру», «ұлттық сана-сезім», «ұлттық болмыс», «ұлттық рух», «ұлт перзенті», «ұлттық мәдениет», «ұлттық құндылық», «ұлттық бірегейлік», «ұлт мақтанышы» деген түсініктер алдыңғы қатарға шығып отыр. Ұлттық рух ұлтжандылық, отаншылдық, патриотизм, ол – мемлекетке адалдық, ол – қабылдаған заңдарға бағыну, бас ию деген түсінікті білдіреді. Ал әр адамның мінез-құлқының негізі, сондай-ақ, еңбекке, қоғамдық ортаға, адамгершілік, идеялық және рухани құндылықтарға деген қарым-қатынасы, ұлттық рухы отбасында, білім беру мекемелерінде, еңбек ұжымында қалыптасып, жетілетіні белгілі. Осы орайда сан ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүріміз, тіліміз бен діліміз, әдебиетіміз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгіге сақталып қалуы тиіс. «Абайдың даналығы,

Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», – деп Елбасы ұлттық код, ұлттық мәдениетті сақтамай ешқандай жаңғыру болмайтындығын ескертеді. Рухани жаңғырудың негізі – осындай ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан ұлттық мәдениетіміздің мәйегін келешек ұрпаққа аманат етіп жеткізуде жатыр. Президент мақаласындағы білімнің салтанат құруы жөніндегі тұжырымдары жас ұрпақ тәрбиесінің қайнаған ортасында жүрген біздер үшін бағыт-бағдарымыздың темір қазығы десек артық айтқандық бола қоймас. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін мәселелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деген Елбасының тұжырымы айрықша мәнге ие. Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады. Бұл жөнінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Рухы биік болмай, мықты тәуелсіз ел болмайды. Рухы биікелді ешкім жеңе алмайды. Рух деген – елдің тарихы, елдің тілі, елдің дәстүрі» дей келе, «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды шарты – бұл әлемдік бәсекелестік үдерісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күшті рух пен білім, яғни қазақстандық патриотизмді қалыптастыру», – деп атап көрсеткен болатын. Болашаққа мирас болып қалатын дүние, ол - мемлекеттің тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар. Яғни, тәуелсіздігімізді нығайту үшін қоғамда болашаққа деген сенім, рухтың күштілігі аса қажет. Рухани тұғыры берік, санасы ояу, білімі терең, мәдениеті озық елдің болашағы да баянды болмақ дегіміз келеді. Ендеше, қазақтың тілі мен ұлттық рухы рухани жаңғырудың негізгі өзегіне айналып, әлемдік өркениетте өз орны бар, Мәңгілік елдің жарқын болашағы үшін бәріміз жұмыла еңбек етейік. Өскелең ұрпақтың білімі ментәрбиесі терең, ұстанымы берік, рухы биік болғай!

Әдебиеттер:

1. Воронина С.А. Формирование интереса к учительской деятельности у учащихся педагогических классов. Автореферат диссертации кандид. педаг. наук. – М., 1991. – 24 с.
2. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. М., 1982. – 192 с.
3. Рубинштейн С.Л. Основы общей педагогики. Т1. М.: Педагогика. 1989. – 488

*А. Оразханова,
магистрант, «Бастауышта оқыту педагогикасы мен
әдістемесі» мамандығы
Н.А. Кулмышова,
п.ғ.к., қауым. профессоры м.а. Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университеті*

ОҚШАУЛАНУ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

Еліміздің келешек жас ұрпақтарының рухани байлығын одан әрі жетілдіруге, әлеуметтік қорғауға ерекше мән берілуде. Біздің мақсатымыз бала жанын түсіну, сезімін, көңіл күйін, ыстық ықыласын, тілегін, рухани қажеттілігін сезіну, жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру және қоғамнан тыс қалмауына жағдай жасау, әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету. Осыған байланысты қарым-қатынас барысында туындайтын оқшаулану, жалғыздық өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Философия ғылымында оқшаулану теориясы ежелгі мектептерде концепция мен бағыттарында қарастырады. Психологияда ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында оқшаулану жалғыздық ұғымымен байланыстыра отырып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Философиялық және психологиялық ғылыми-териялық негізінде адам өмірінде оқшаулану, жалғыздық феномені нақты мазмұндық сипаттамасымен ерекшеленеді.

Біздің зерттеу жұмысымыз жасөспірімдердің оқшаулану мәселесіне бағытталады. Жасөспірім кезеңінде Мен – концепциясының қалыптасуы ерекше орын алады. Жасөспірім жасқа қарай дағдарыс немесе дағдарысты кезең пайда болады. Бұл кезде адамның биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қайта құрылуы жүреді. Жалғыздық сезімін жасөспірімдер ерекше жанына жақын қабылдайды. Мінез-құлқында ерекшеліктер пайда болады. Олар көбінесе сенімсіздік, қорқыныш, ұяндық сезіміне бейім келеді [1].

Оқшаулану әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде кеңес ғалымдары А. Абульханова-Славская, Л.И. Старовойтова, Г.М. Тихонов, С.Г. Трубникова, Ж.В. Пузанова; оқшауланудың тарихи-мәдени теориясын Н.Е. Покровский, С.А. Ветров, Ю.М. Швалб, О.В. Данчева; жасөспірім кезеңдегі оқшауланудың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне И.С. Кон, О.Б. Долгинова, Н.В. Перешина, О.Н. Кузнецов, В.И. Лебедев, А.У. Хараш үлес қосты.

Жалғыздыққа қарсы ем жоқ. Бірақ сөзін В.И. Лебедев есімізге түсірейік: «Сенің жан дүниенде үлкен әлем бар. Бұл әлемді тек сен өзін ғана, қолмен соға аласың. Бұл әлемде сенімен уақыт арқылы бөлінген, ұлы кеңістіктің ойлары, әлем мәдениетінің өлмес те, өшпес бейнелері кездесіп, тілдеседі. Сені білмей олар сенің достарың болу үшін туылды өмір сүрді, адамзат арасында қалды. Егер де сен өз жан дүниенің ішінде олардың дауысын естісең, онда сен жалғыз еместігіңе сенімді болғайсың».

О.А. Кузнецов жалғыздық «ашық-жабық», «өзара қарым-қатынас», «сенім», «әлеуметтік қабілет» категорияларымен байланыстырады. Кеңес ғалымы О.Б. Долгинова ұжымдағы өзара қарым-қатынас негізінде қалыптасатын оқшаулану белгісі жасөспірім кезеңге тән екенін көрсетті. Ұлы орыс ғалымы Ю.М. Швалб 11-14 жастағы жасөспірімдер «жалғыздық», «изоляция», оқшаулану» өтпелі кезеңмен ерекшеленетінін дәлелдеді [2].

Шетел ғалымдары оқшаулану феномені әлеуметтік-психологиялық жағынан З. Фрейд, Дж. Зилбург, Х. Салливан, Э. Фромм, Ф. Фромм-Рейхман, Р. Вейс, В.Дж. Дерлега, С.Т. Маргулис, Л.Э. Пепло, Д. Перлман, К. Роджерс, Ж.П. Сартр, А. Камю, К. Мустакас, В. Франкл, И. Ялом сипаттама берілді.

Адамға бағытталған амал. К. Роджерстің феноменологиялық жетістігі. Карл Роджерс, өз теориясында оқшаулану ұғымын жалғыздық ұғымымен тығыз байланыстырған. Оның талдауы Мен-теориясына негізделген. Жалғыздық – бұл тұлғаның әлсіз бейімделуінің көрінісі. Қоғам адамға, оның тәуелсіз әрекет үлгісін шектеуші, әлеуметтік шындалған ережелерге сәйкес өзін тәрбиелеуге мәжбүрлеу арқылы әсер етеді.

Оқшаулануды әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде мәнін ашуға шетел ғалымы И. Ялом інез-құлық пен тән дамуы өзара тығыз байланысты және олардың кейбір кезеңдері біріне-бірі едәуір сәйкес келеді. Сондықтан, адамның мінез-құлқына табиғат пен орта бірлесіп ықпал етеді – адамның қандай да бір әрекетке бейімділігі қанында бар болса, ол ортаның әсерінен не артады, не кемиді деген ұғым орынды, – деп есептейміз. Яғни, адам дамуының күрделі де сан қилы процесінде биологиялық және әлеуметтік факторлар араласады, ой мен сезім айқасады, ішкі сенім мен сыртқы ықпал бірігеді. Бұл процестің ағымына қоршаған ортаның әсері зор, сонымен қатар оның әр адам үшін өзіндік сипаты бар. Осы арқылы даму процесі жүзеге асырылады. Ал, адамның дамуы әлеуметтік ортада да, адамның өз басында да бар көптеген факторлар әсер ететін күрделі, ұзақ және қайшылықты процесс. Адам дамуының көрсеткіші ретінде санадағы, мінез-құлықтағы, қызметтегі, оның қоршаған әлемге көзқарасындағы сапалық өзгерістерді – даму, ал өнеге, рух өзгерісін – адамның қалыптасуы деп атауға болатындығын көрсетеді [3].

Отандық ғалымдар «оқшаулану» ұғымын мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты көптеген ой-пікірлер қалыптастырған. Қазақ әлеуметтік-психология ғылымының жекелеген мәселелері Ә.Садықовты, С.Қожахметовтың, Ә.С.Балаубаева педагогикамен астарласа жазған бірнеше кітапшалары мен мақалалары жарық көрді. «Қиын балалар» атты мақаласында жасөспірімдердің психологиясындағы ұстаз тәрбие процесінде қиындық келтіретін кейбір жайттар талдауға алынып сөз болады. Бұл мақалада жасөспірімдердің ағзасында болатын жыныстық жетілулерінде туындайтын биологиялық өзгерістер, сондай-ақ, кейбір ақыл-ойы кеміс, балалардың түрлі топтарға бөлінетіндігі жөнінде кең түрде ой қозғалады. Психология ғылымының дамуына үлес қосып жүрген ғалымдар Ж.Ы. Намазбаева, С.М. Жақыпов, Х.Т. Шерьяданова, Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Бердібаева. Ғалымдардың ғылыми-теориялық зерттеулері оқшаулануды әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде қалыптастыруға елеулі үлес қосты деп ойлаймын. Мысалы, мінез-құлықтың әлеуметтік эмоционалдық реттеуші моделі (С.М. Жақыпов ұсынған). Бұл теорияның негізін баланың сыртқы ортамен қарым-қатынас кезінде туындайтын қиыншылық проблемалары құрайды. Бұл модельге сәйкес жасөспірім кезеңі әлеуметтік эмоционалдық дамуы интроиндивидуалды, интроиндивидуалды және макрожүйелік күштердің өзара әрекетімен түсіндіріледі [4].

Бұл теория бойынша әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде Я.Л.Коломинский ішкі және сыртқы факторларды есепке ала отырып, оқшаулануды жеке-тұлғалық қасиеттері: жалқаулық, қырсықтық, қыңырлық деп көрсетеді. Дәл осы жекетұлғалық қасиеттердің негізінде Д.Б.Эльконин, Т.В. Драгунов, Д. Тригер «жасөспірім кезеңді» жолдастар кодексі деп атаған. Әлеуметтік статуска тәуелділікті өзара қарым-қатынас пен өзара әрекетке байланысты деп есептеген. Теріс жеке

тұлғалық қасиеттер оқшаулануына негізгі себептердің бірі болып келеді. Дәрекілік, агрессивтілік, қыңырлық байқалатынын белгіледі. Керісінше, Д. Тригер өз тәжірибесінде достық қарым-қатынасқа моральдық нормаларды: сыйластық, адалдық пен шынайылық орын алу қажет деп білді. Социометриялық әдістің көмегімен А.Б. Ценципер өз тұжырымдамасында оқушының әр жас кезеңіне байланысты психологиялық ерекшеліктерді көрсетті. Кіші мектеп жасында-оқушы тек оқу процесіне белсенділік танытады, ал жасөспірім кезеңде жоғарыда айтып өткендей моральдық нормалардың қалыптасуы оқшаулануға себеп болады.

Зерттеу жұмыстарында Е.А.Горшкова негативті статус қалыптастыруға мұғалімнің тікелей қатысы бар екенін дәлелдеді. Оның айтуынша, оқшаулану әлеуметтік және психологиялық мәселеге байланысты болуы мүмкін. Ол екі фактор әсерінен болады. Сыртқы – оқушылар арасында мақтау, мадақтау, үлгі ретінде көрсету, ішкі-тұлғалық қасиет мақтаншақтық, менмендік басым болуына байланысты оқшаулану жағдайына әкеліп соқтырады. Эксперименттік зерттеулерінде Н.Ф. Фландерс, С. Хавумаки оқшаулану әлеуметтік статустың жақсарып келе жатқанын анықтады. Оқшаулану оқушылардың тек жеке тұлғалық қасиеттеріне ғана емес ұжымның ұйымшылдығы мен бірлестігіне байланысты болатынын В.М. Галузинский, Е.С. Махлах жұмыстарында көрсетті [5].

Біздің қоғамдағы ең өзекті мәселе қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық сипатымен байланысты. Еліміздің болашағы жастар екенін ескере отырып, әр түрлі топта, ұжымда қарым-қатынастың нәтижесінде кездесетін оқшаулану әлеуметтік-психологиялық жағынан түсінік беруіміз маңызды деп ойлаймын.

Бүгінгі таңдағы қоғамға әлеуметтік ортаға бейімделуі, қарым-қатынас негізінде оқшаулану жағдайына түсу, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр. Осындай жауапты жұмысты атқара отырып, біз оның табысына барлық қоғам мүдделі екенін есте ұстауымыз керек.

Әдебиеттер:

1. Немов Р.С. Психология – Москва: Владос, 2003.– С.221-229
2. Сапогова Е.Е. Психология развития человека: Учебное пособие. – М.: Аспект Пресс, 2005. – С. 360-3683. Ялом И. Экзистенциальная психотерапия. – Москва: Класс, 2002. – С. 320-322
3. Сейталиев Қ. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 2007.– Б. 280-283
4. Андреева Г.М. Социальная психология.– Москва: МГУ, 2000– С. 180 -186

*Д. Орумбаева,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.*

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Әр халық әлемдік өркениетпен және жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысты және өзін-өзі тану және басқалармен салыстыру арқылы олардың дамуына ықпал етеді. Әрбір жаңа ұрпақ өз өмірін басқа елдердегі өрлеу мен дамумен салыстырады және құлдырау себептерін іздейді. Егер дағдарыстың себебі дұрыс болса, ол өткен қателіктерін қайталамауға тырысады және оны түзетуге тырысады.

Өзін-өзі тану және ұлттық өзін-өзі тану проблемалары интеграциялық үдерісті жеделдете отырып, әлемнің барлық елдерін қамтыды. Тарихи үдерістегі ұлттық құрылыстың өзі интеграцияның нәтижесі екенін атап өткен жөн.

Бүгінгі күннің ең маңызды міндеті – Қазақстанның ұлттық бірлігін сақтау, қоғамның рухани жетілуі, бұл жас ұрпақта ұлттық сананы тәрбиелеусіз мүмкін емес. Қазақстан экономикасында, саясатында, мәдениетіндегі реформалар дәуірінде жас ұрпаққа өмірде өзінің лайықты орнын табуға, ұлттық және азаматтық шындықты өзгерте отырып, өмірді басқаруға мүмкіндік беретін ұлттық өзіндік сана-сезімнің осындай деңгейін қалыптастыруға көмектесу керек.

«Ұлттық сана» ұғымы адамдардың белгілі бір әлеуметтік-этникалық қауымдастыққа жататындығын және оның әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орнын сезінуін болжайды. Ұлттық өзін-өзі тану идеялардан, көзқарастардан, пікірлерден, сезімдерден, эмоциялардан, көңіл-күйлерден көрінеді және ұлт мүшелерінің мазмұны, деңгейін, олардың белгілі бір ерекшелігі мен басқа

қауымдастық өкілдерінен айырмашылығы туралы білдіреді; олардың әлеуметтік-этникалық қауымдастықтың мемлекетішілік, мемлекетаралық және ұлтаралық қатынастардағы орны туралы.

Ұлттық өзіндік сана-сезімнің дамуы түзу сызықпен емес, толқын тәрізді, синусоидалы сипатымен ерекшеленеді. Қауымдастық қаншалықты аз болса, соғұрлым онда ұлттық өзіндік сана проблемалары өткір сезіледі және оның өткір жарылыстары соғұрлым ықтимал. Керісінше, мұндай қоғамдастық қаншалықты үлкен болса, оның өкілдері соғұрлым сенімді сезінеді, бұл проблемалар туралы алаңдаушылық азаяды және олардың кенеттен өршу мүмкіндігі аз болады. Үлкен ұлт өкілдері, әдетте, өздерінің ұлттық ерекшелігін үнемі растау және өзін-өзі растау қажеттілігін қажет етпейді. Оған қатысты мәселелер ұзақ уақыт бойы тиісті мемлекеттік-саяси негізде шешіліп келген. Сондықтан олардың санасында ұлтаралық мәселелердің кең ауқымы алаңдауы заңды.

Этнос өкілдері олардың шығу тегі мен олардың мәдени және ұлттық тамырларымен органикалық байланысын жүзеге асыра отырып, ұлтты қалыптастыру процесінде тарихи мәдениеттің, тілдің, ұлттық ерекшеліктердің, менталитет пен ұлттық сезімнің айрықша сипатын мойындай отырып қалыптасады. Сана құрылымында, барлық компоненттердің ішінде ұлттық бірегейлік сезімі ең осал болып табылады. Ұлттық бірегейліктің сезімі шығармашылық зиялы қауым өкілдеріне тән, әр түрлі дәрежеде ол халықтың әр түрлі әлеуметтік категорияларының өкілдері арасында көрінеді.

Ұлттық бірегейлік – бұл ұлтты сақтаудың, оның еркін, демократиялық қоғам құрудағы шығармашылық әлеуетін ашудың маңызды құралы. Демократиялық, көпұлтты мемлекетте ұлттық бірегейлік бұлыңғырлануы мүмкін, маңызды емес бола алады, ал оның мәні салыстырмалы болады. Бүгінде Қазақстан өзінің мәдени және тарихи дамуында екі жолдың тоғысында тұр. Еріксіз түрде эпик кейіпкерінің бейнесі ойға оралады, ол тастың алдындағы барлық оң және теріс жақтарын салмақтап өлшейді, сол немесе басқа жолды таңдау перспективалары болжанады. Көрсету ұлттық идея болатын ұлттық бірегейліктің көрінуінің осы немесе басқа түрін білу және қабылдау көбінесе алдыңғы буындардың рухани тәжірибесін қаншалықты объективті бағалай алатындығымызға байланысты. Ұлттық өзін-өзі тану құбылысы дегеніміз – индивидтің өзіне тән белгілері бар белгілі бір этникалық қауымдастықтың бөлігі ретінде өзін-өзі сезінуі, басқа этностық қауымдастықтар өкілдерінің ұлттық ерекшеліктерімен корреляция кезінде осы белгілердің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын түсінуі.

Ұлттық бірегейлік әр түрлі әлеуметтік процестерді анықтайтын терең рухани құбылыс ретінде егжей-тегжейлі және жан-жақты талдау мен түсінуді талап етеді, өйткені ол этностың барлық күшті және әлсіз жақтарын, оның дағдарыстық сәттері мен әлеуметтік ауруларын, қоғамда пайда болатын кез-келген сипаттағы проблемаларды, оның ішінде экономикалық, саяси және рухани, бейнелейді. Этносаралық қатынастар мәселелері, олардың ерекшеліктері біздің көпұлтты қоғамымыз үшін өзекті екені сөзсіз.

Ұлттық бірегейліктің көрінісі ұлтаралық қатынастарда, демек, Қазақстанның барлық халықтары мен ұлттарының өмірінде тіпті күтпеген болып көрінетін оқиғаларды тудыруы мүмкін. Бұл асыра сілтеместен ұлттық бірегейлік посткеңестік Қазақстандағы этносаралық қатынастардың қалыптасуы мен дамуының факторларының бірі болып табылады, егер мұндай қатынастарды өзгерту немесе түрлендіру қажеттілігі туындаса, мұны ұлттық бірегейлікке әсер ету арқылы жүзеге асыру қажет деген тұжырым жасайды.

Ұлттық бірегейлік мәселесін зерттеудің өзектілігі қазіргі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар мен қайта құруларды жүзеге асыру кезінде халықтардың ерекшеліктерін ескеру қажеттілігінен туындайды, өйткені тарих сабақтарынан әр түрлі уақытта көптеген маңызды реформалар жүргізілгендігін көреміз, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық формацияларды өзгерту кезінде, Қазақстан халықтарының ұлттық ерекшелігін ескермегендіктен сәтсіздікке ұшырады немесе аяқталмады.

Естеріңізде болсын, Қазақстан – бұл бір-бірімен үйлесетін 125 халықты біріктіретін көпұлтты мемлекет, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар: тілі, экономикалық қызметі, материалдық және рухани мәдениеті, әлеуметтік және кәсіби құрылымы, ерекше менталитеті, бірақ сонымен бірге ұлтаралық қайшылықтар мен қақтығыстардың өсуінде айқын көрінетін қарама-қайшылықтар саны жеткілікті.

Қазіргі қоғамға тән барлық әлеуметтік өзгерістер мен қайшылықтар ұлттық санада көрінеді. Ұлттық өзін-өзі танудың мазмұны сонымен қатар ұлттар мен халықтардың бүкіл өткен дамуымен, олардың ішкі және сыртқы, қазіргі байланыстарымен, сайып келгенде, олардың ұлттық мүдделерімен анықталады, олардың қалыптасуы мен жандануының негізі әрқашанғыдай, әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы мәселелер. Демек, ұлттық жаңғырудың, сындарлы ұлттық өзіндік сананың

қалыптасуындағы басты және шешуші күш – бұл әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар процесінің мүдделері үшін жүріп жатқан қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-саяси құрылымы.

Ұлттық бірегейлік өзінің терең мазмұнымен және көп өлшемділігімен түсіндірілетін күрделі құрылымға ие. Ұлттық бірегейліктің құрылымы халықтың дамуының объективті заңдылықтарының әсерінен қалыптасады және ұлттық бірегейліктің мәнін анықтайды. Бұл халықтың эволюциясының ұзақ процесінің нәтижесі, оның қоғамдағы күрделі тарихи жолының нәтижесі.

Ұлттық бірегейліктің құрылымына:

- 1) ұлттың өзі туралы идеяларын білу;
- 2) ұлттың басқа ұлттар туралы идеяларын білу;
- 3) этносаралық қатынастар осы сананың өнімі ретінде.

Бұл идеялар туралы хабардар болу келесі әлеуметтік-психологиялық элементтер арқылы жүреді: ұлттық дәстүрлер, ұлтаралық қатынастардың қайшылықтары, ұлтаралық дағдарыстар мен қақтығыстар туралы идеялар.

Оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулерде атап көрсетілген: жеке тұлғаның ұлттық өзін-өзі тануы ұлттық бірегейлік идеясын, ұлттың тарихи өткеніне, оның бүгінгі мен болашағына қатынасты, белсенділікті білдіреді ана тілін меңгеру, халық мәдениетін зерттеуде, ұлттық мүдделер мен құндылықтарды сезіну мен қабылдауда бағдарлар.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, айта кету керек: соңғы онжылдықтарда қоғам барлық жағынан (моральдық, әлеуметтік, физикалық және психикалық) жастардың моральдық-рухани дағдарысының күшеюімен байланысты ауыр кезеңді бастан өткеруде.

Бұл мәлімдемеге негіздеме:

1) қазіргі жастардың белгілі бір бөлігі арасында ұлттық бірегейліктің, менталитеттің, азаматтық пен патриотизмнің төмен деңгейінің болуы. Бұл әсіресе қазақ жастарының ана тілін біліп қана қоймай, сонымен қатар өз халқының тарихын, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін дұрыс білмейтін, сол арқылы қарапайым шындықты елемейтін бөлігіне қатысты: халықтың өлімі үшін, оны толығымен физикалық жою қажет емес – оның жадын, ойы мен сөзін алып тастау жеткілікті, сонда адамдардың жаны өледі.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, өз халқының мәдениетін, оның өткені мен бүгінін білмеу ұрпақ пен адамның арасындағы байланыстың бұзылуына, уақыттың байланысына әкеледі, бұл адамның және жалпы халықтың дамуына орны толмас зиян келтіреді;

2) жастар арасында әртүрлі түрдегі діни көзқарастардың өсуі; кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың, алкогольді, темекі шегудің, есірткінің өсуі; суицид, жезөкшелік, қатыгездік, ашуланшақтық, агрессия және т.б. көріністердің көбеюі; жастардың Отанды қорғауға дайын болмауының тұрақты тенденциясы, бұл әскери қызмет пен әскери мамандықтарға деген теріс көзқараста, олардың дене дайындығы деңгейінің төмендеуінде көрінеді.

Жастардың адамгершілік-рухани деңгейінің төмендеуі тікелей деңгейден көрінеді:

- 1) ұлт денсаулығы;
- 2) ұлттың интеллектуалды әлеуеті;
- 3) ұлттың бәсекеге қабілеттілігі;
- 4) тұтастай алғанда елдің ұлттық қауіпсіздігі.

Менің ойымша, бұл мәлімдеме аксиомаға айналуы керек: бәсекеге қабілетті адами капиталы бар елге, өмірдің мүлдем басқа сапасына апаратын жол – ұлттың адамгершілік және рухани жаңғыруы арқылы ғана мүмкін болады.

Бүгінде жаһандану шеңберінде Қазақстан өзінің экономикалық және ұлттық қуатын қалыптастыру үшін білімді қолдана бастады. Әлем өзін ұлт саясаты мен жаһандану жағдайында, аумақтық тұтастықты құрметтеу жағдайында, өзін-өзі сәйкестендіру жүйесінде және оның кез-келген формасы мен көрінісінде сепаратизмнен үзілді-кесілді бас тарту жағдайында анықтады. Тізімде көрсетілген өзгерістер шындықты болжайды және факторлар болашаққа бағытталады және шындық көкжиегін кеңейтудің көзі бола алады.

Қазақстанның адамгершілік және рухани жаңғыруы мыналарға негізделуі керек: 1) қазақ халқының, Қазақстан халқының интеллектуалды күшін және қазақстандық мәдениеттің күшін өзін-өзі ұйымдастыруды ынталандыру; 2) ұлт пен елдің рухани, ғылыми-зияткерлік, ғылыми-шығармашылық және көркемдік әлеуетін жаңарту; 3) білім беру жүйесінің гуманистік бағытын арттыру, тәрбиелеу және Қазақстан азаматтарының ұлттық мәдениетті қайта түлетуге қатысуы. Кім ақыл-ой және адамгершілік білім беру мектебінен өтсе, ол ішкі тәуелсіз бола алады.

Әдебиеттер:

1. Сериков В.В. Личностно ориентированное образование: поиск новой парадигмы: монография. – М.: Логос, 1998. – С. 35.
2. Charles Adabo Oppong: *The Councilor: A Journal of the Social Studies* «The History Curriculum and Inculcation of National Consciousness in History Students in Ghana», October 2019
3. Хадикова И.М., Тебиева Л.Т. Анализ проблем духовно-нравственного воспитания в научной литературе // Научно-практический журнал «Интеграция наук». – Международный научно-издательский центр «Империум», 2019. – С. 161– 164. // URL: <http://in-sc.ru/konferentsii> – [Дата обращения: 09.04.2019].
4. Колесникова, И.А. Воспитание к духовности и нравственности в эпоху глобальных перемен / И.А.Колесникова // Педагогика. 2008. № 9. С.25-33.
5. Каткий словарь по философии / Под общ.ред. И.В. Блауберга, И.К. Пантина. – 3-е изд., доработ. и доп. – М.: Политиздат, 1979. – С. 362-363.
6. Назарбаев Н.А. Модернизация исторического сознания. Семь граней Великой степи. 21 ноября, 2018г. // URL: www.berbang-nur.kz/2018/11/24/семь-граней-великой – [Дата обращения: 14.04.2019].
7. Ольшанский Д. В. Основы политической психологии.– Екатеринбург: Деловая книга, 2001. – С. 294.
8. Овсянникова Т.А. Роль этнических стереотипов в межкультурном взаимодействии народов поликультурных регионов // Вестник Майкопского государственного технологического университета. 2015. № 3. С. 163-168.
9. Овсянникова Т.А. Соотношение национального и этнического в культуре адыгейского народа. Диссертация на соискание ученой степени доктора философских наук/ Ростовский государственный университет. Ростов-на-Дону, 2004.
10. Моисеева, Н. А., Сорокинина, В. И. Менталитет и национальный характер / Н. А. Моисеева, В. И. Сорокина // Социологические исследования. – 2003. – № 2.

К.Т. Рахимбекова,

*«Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,
Қайнар ауылы, Семей қаласы ШҚО*

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ХИМИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯНЫ ОҚИТУ

Жалпыға бірдей жаһандану мен жаңғырту жағдайында сыртқы шарттардың талаптарына сәйкес білім беру жүйесіндегі өзгерістер аса маңызды болып табылады. Адамзаттық капиталға, оның ішінде білім беру жүйесіне салынған инвестициялар экономика мен қоғам үшін маңызды қайырым беруіне септігін тигізеді. Бұл өзгерістер жылдам өзгерілетін әлемде бейімделе алатын, техникалық үдемелі, өндірістік жұмыс күшін құруға аса қажетті. Халықтың білім беруге, дағдылыққа, қабілеттілікке инвестиция салған елдер ғана болашақта жетісті экономика болады.

Әр түрлі көркемдік іс-әрекеттің барлық түрлері мен формаларының үйлесімді үйлесімі оқушының адамгершілік-эстетикалық келбетін байытады. Сонымен бірге, студент ақпаратты негізінен үш модальдылықтың (сезім, көру, есту) көмегімен игереді, өйткені әр адамның өзіндік модальдығы басым болғандықтан, материалды бір уақытта үш модальде көбейту керек – оны жақсы түсіну және оқу процесіне қатысушылардың барлығын игеру үшін. Осылайша, педагогика мен өнердің әр түрлі түрлерінің барлық көріністерінде үйлесуі бізге қазіргі заманғы және қазіргі заманғы жаңа оқыту мен тәрбиелеу әдістерін игеруге мүмкіндік береді. Осының арқасында оқытуды тиімді, шығармашылық және әр адам үшін қол жетімді етуге болады [6].

Сонымен қатар, артпедагогиканың айқын артықшылықтары оның сауатты және жүйелі қолданылуы жалпы педагогикада, атап айтқанда түзету педагогикасында жаңа шығармашылық жолдарды табу мүмкіндігін арттырады. Мұның бәрі балалар мен ересектердің ғылым мен өнерді жақсы игеруіне, сондай-ақ бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылатын рухани және адамгершілік дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский, Л.С. Психология искусства /Л.С.Выготский. – М.: Искусство, 1986. – 573 с.
2. Копытин, Е.А. Арт-терапия /Е.А.Копытин. – М.: Новые горизонты, 2006. – 336 с.
3. Гилфорд Дж. П. Природа человеческого интеллекта. – Нью-Йорк: Мак Гроу-Хилл, 1967.
4. Медведева Е.А., Левченко И.Ю., Комиссарова Л.Н., Добровольская Т.А. Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании. – М.: Академия, 2001. – 248 с.
5. Рамаханбетова Ш.Е., Наурызбаева Н. О роли уроков изобразительного искусства в воспитании школьников (на казахском языке) //Труды международной научно-практической конференции «Ауезовские чтения – 9». – Шымкент, 2011. – С.193– 196.
6. Шапиро М.С. Развитие творческих способностей ребенка на занятиях изобразительной деятельностью /М.С.Шапиро, М.В.Водинская. – М.: Телевинф, 2012. – 37 с.

А.Ж. Тұрысбаева,

ҚазҰлтҚызПУ, Мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.

А.С. Төлеген,

5В010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 4-курс студенті

АРТ-ТЕРАПИЯ – ЖАҢА ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

Арт-терапия – бұл көп салалы тәсіл өзіне әртүрлі білім салалары – психология, медицина, педагогика, мәдениеттану және т.б. Оның негізі – көркемдік тәжірибе, себебі арт-терапиялық сабақтар бейнелеу қызметі барысында балалардың қатысуымен жүзеге асырылады.

Алғаш арт-терапияны оқу, талдау, қолдану ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Принцхорнның, Германия, Австрия, Швейцария, Жапония ауруханаларында жан ауруына ұшырағандардың шығармашылық жұмыстарына анализ жасауға негізделген іргелі жұмыстарынан басталды (Prinzhorn, Н., 1922). Кейін келе Крепелин, Блейлер, Бумке, Кречмер сияқты атақты психиатрлар психикалық ауруға ұшырағандардың творчестволық еңбектеріне талдау жасай бастады. 1926 жылы Ресейде осы тақырыпқа орай Карповтың кітабы, алғаш монографиясы шықты, ол «Жан ауруына ұшырағандардың шығармашылықтары және оның ғылым мен техника дамуына тигізер әсері»– деп аталды. Карпов сурет салудың емдік әсері бар екендігін көргендердің алғашқыларының бірі болды.

«Арт-терапия»– термині (art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арт-терапия – адамның психоэмоциялық халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді.

Арт-терапия өнерге негізделген, бірінші орында творчество мен өзіндік өнерін көрсететін психотерапияның мамандандырылған бөлімі [1].

Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылады. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия, бимен терапия жүргізу т.б.) қолданыла бастайды. Бірақ, көптеген мамандар мұндай анықтамаларды өте кең әрі нақты емес деп санайды. Отандық психотерапиялық әдебиеттерде кей кездерде «Изотерапия» және «Сурет терапиясы» термині қолданылады, бірақ олар, ағылшын тілді аналогқа келіңкіремейді және мән мағынасын тарылтады. Тарихқа сүйенсек арттерапевт мамандар психиатрлар мен психотерапевттердің көмекшісі болған, оларға пациенттің диагнозын анықтауға немесе ем жүргізуге, олардың суреттеріне қарап, әдіс таңдауға көмектескен. Біртіндеп арт-терапевттер ешкімге тәуелсіз маман статусын иемденген. 1969 жылы арт-терапевт-практиктерді біріктірген американдық арттерапиялық ассоциация құрылды. Осы сияқты ассоциациялар кейіннен Англия, Голландия, Жапония және Ресейде құрылған. Онда арт-терапевттер қазіргі уақыттағы психотерапияның процестері мен жекеліктерін зерттеуге өз үлестерін қосуда. Қазіргі уақытта психотерапияда осындай күшті эмоциялық фактор, яғни өнер мен

творчествоны қолдану қажеттілігі көрініп отыр. «Арт-терапия – біздің ғасырымыздың жемісі», – деген тұжырымдар өте дұрыс қабылданған қорытынды.

Ал Дельфина – Бейли арт-терапияны қолдануда 4 негізі бағытты бөліп көрсетеді [2].

1. Пассивті (енжар) арт-терапия. Дайын өнер туындыларын пациентпен анализ және интерпретация жасау арқылы емдік әсерге қолдану.

2. Актив (белсенді) арттерапия. Пациентте өзіндік шығармашылығын ояту, мұнда шығармашылықтық акт негізі емдік фактор болып саналады.

3. Бірінші және екінші қағидаларды бір мезгілде қолдану.

4. Психотерапевттің өзіндік ролін, оның пациентпен шығармашылық жұмысын оқудағы қарым-қатынасын акценттеуі.

Арт-терапия әдісі – адамның ішкі өзіндік «Менін» сурет салуда, өлең жазғанда, скульптура жасағанда, ойланбай істесе де көрсетіп отырады деп сенімді тұжырымдайды.

Арт-терапияның мақсаты барлық адамды суретші немесе мүсіншіге айналдыру емес, оның мақсаты индивидтің творчестволық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ішкі көңіл-күйлерін ашып көрсетуге белсенділігін арттыру. Терапиядағы табандылық клиенттің өз қабілеттілігіне сай жеке творчестволық белсенділігін арттыруына көмектеседі, өзінің бір туынды жасап шығаруына бағыт-бағдар береді.

Гольдштейннің көзқарасы бойынша, творчество – адамның конфликтілі жағдайларда туындаған қорқыныш сезімдерінен құтылудың бірден-бір жолы. Шығармашыл адамдар өз күш жігерлерін ішкі және сыртқы қайшылықтарды, сонымен қатар конфликтілерді жеңуге жұмсайды.

Бүгінде балаларға арналған арт-терапия сабақтары балаларға психологиялық көмек көрсетудің ең қызықты, тиімді және үнемді әдісі болып табылады. Ол шығармашылық және ойын ойнауға негізделген.

Баланың психикасы әлсіздігімен ерекшеленеді, сондықтан оған мұқият қарау қажет. Өйткені, бала өзі ғана танысуды үйренеді, тек қоршаған орта мен басқа адамдармен таныса бастайды. Демек, балаларға бұрынғыдай аз өмір сүргенде, олар көбінесе отбасы немесе балабақшада олар үшін күрделі қиындықтарға тап болады. Ата-аналар өз балаларына көмектесуге тырысады, бірақ көбінесе мұны қалай істейтінін білмейді. түсіндіру немесе сендіру, белгілер және ескерту оқығаннан кейін көмектесе алмайды, және жалғыз бала анық олардың жай-күйі және оның қайсысын оған не болып себеп болды не екенін түсіндіруге қабілетті емес. Мысалы, балабақшаға не қараңғыда қорқатынына неге бас тартады? Бұл жағдайда қайталанбайтын арт-терапевтік тәжірибе болады.

Балаларға арналған арт-терапия сабақтары әдетте еркін түрде өтеді. Өртүрлі психологиялық қиындықтарды және мәселелерді талқылау және шешу ойынның немесе шығармашылық белсенділіктің аясында жүзеге асады. Балалар арт-терапия үшін арналған барлық сынып негізгі шарты балаларға арналған айқындық және қауіпсіздік, қорлар мен шағым болуы болып табылады. Балаларға арналған арт-терапия ең көп таралған және сүйікті әдісі, ол құм терапия сенген барлық осы талаптарға сай. Құмның арт-терапевтік тәжірибесін жүргізу үшін қажет нәрсенің бәрі кәдімгі құмсалғыш немесе құммен қоршалған. Құмды кесіп, құмыраларды немесе басқа да фигураларды жасай отырып, бала сезімтал сезімдерді дамытады, ол әлдеқайда жеңіл болады. Осылайша, баланың өзін-өзі көрсетуі орын алады [3].

Қарапайым қағазды және қарындашты талап ететін ең қолжетімді жаттығу – бұл кескіндеме. бала бір уақытта мүлдем тегін, соңғы нәтижеге туралы ойламай, қағаз парағында желілері күрделі клубка бояулар, содан кейін оған өз сипаттамасы кейбір жол, ажырата тырысады. баланы сипаттайтын барысында бөлектеніз контурлары, кейбір бөліктерін затемняющиеся, т.б. сызықтар ерекшелеуге, оны аяқтау үшін әдейі болуы мүмкін

Итеротерапияның тағы бір қызықты нысаны монотип болып табылады, ол аудармада «бір таңба» дегенді білдіреді. Бала Содан кейін беті тағы потереть дағы сияқты, парақтың қолданылады. үлгіні (дақтар, сызықтар, т.б.) бетінде сияны сіңіре алмайды, мұндай пластиктен немесе линолеум сияқты, сиямен, сия, т.б. акварели жасау керек .көшірмесін көрсету нәтижесінде қағаз ол оны көре алатындай, бала бере толықтыруға немесе кескінді аяқтау не болғанын сипаттайды тиіс.

Арт-терапия әдістерін негізгі мақсаты өзін-өзі білдіру дағдылар мен білімді қалыптастыру арқылы жеке тұлғаның үйлесімді дамуына құру жатыр.Классикалық психоанализді ұстанушыларынан, арт-терапиядағы психо-түзету әсерінің негізгі құралы сублимация механизмі болып табылады. К.Юнг «Мен» бейсаналық пен «Мен» санасы арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыруға негізделген жеке тұлғаны қалыптастыру процесін жеңілдету үшін өнердің жетекші ролін болжады. ең маңызды әдісі өнер емдік әсері Юнг бір-біріне «Мен» саналы және олардың салыстырып тексеру аффективтік өзара іс-қимыл арқылы өзара «Мен» бейсаналық қайшы бағытталған белсенді сурет техникасын, қаралады.

Арт-терапия негізгі әдіс немесе көмекші әдіс ретінде қолданыла алады. Бүгінде біз арт-терапия әдісіне тән екі адам, адам психикасына түзету әрекетін негізгі әдістерін ажыратуға болады.

Арт қақтығыстың травматикалық жағдайды қайталауға арнайы символдық түрінде көмектеседі және сіз клиент шығармашылық және шығармашылық қабілетін пайдалана отырып, осындай жағдайды айырбастау арқылы оны шешу жолдарын табуға мүмкіндік береді. Бұл арт-терапияның алғашқы әдісі. Екінші әдіс теріс және оң әсер әсерін өзгертуге мүмкіндік береді эстетикалық реакцияның, пайда сипатына байланысты. Арттерапия әдістері және т.б. кескіндеме, мүсін, музыка, қағаз, мүсін өнерімен, ағаш және тас модельдеу, шығармашылық жазу, ән, би, қамтиды

Арт-терапия сабақтары екі жолмен жүргізілуі мүмкін. Бірінші жолы клиентке берілген тақырып бойынша сызбасы белгілі бір материалдан жасалған бұйымдар дайындау мүмкіндігін ұсыну болып табылады. Бұл сіз таңғажайып ерекше түс құрамаларынан, сюжет және оның өзіндік түрінде бастапқы өрнек көруге мүмкіндік береді. Жоғарыда аталғандардың барлығы клиенттерге проблемаларын болуын және сапасын көрсететін әлемнің науқастың қабылдау, диагноз қою үшін қосымша ақпаратты қамтамасыз ету үшін таңбалардың сана құпия жеп бейнелейтін эмоциялар, сезімдер, қамқорлық, ерекшеліктерімен тікелей байланысы бар. Екінші жолы тақырып немесе сюжет қолөнері, материалды, құралдары құрылымсыз қызметі болып табылады. Бұл әдістің соңғы сатысы тақырыпты немесе сюжетті талқылау, орындау тәртібі, материалды таңдау [4].

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйін, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірде өз орнын табуға көмектеседі.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдары ұсынылады, сабақтардың мүмкіндіктері қарастырылады. Бұл істі нәтижелі етуде дамыта оқыту жүйесінің қағидалары тірек етіледі. Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Қабілеттер жайлы жазылған ойларды, тұжырымдамаларды, еңбектерді талдай келе, адам бойында табиғи мүмкіндіктер болады, олар тек белгілі бір әлеуметтік жағдайларда байқалып, әрі қарай дамиды, әр адам басқа адамнан өзінің табиғи психологиялық өзгешеліктерімен ерекшеленеді деген қорытындыға келеміз. Қабілеттер – білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері.

Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Психологтар қабілеттердің екі түрлі деңгейінің болатындығын дәлелдейді:

- 1) репродуктивті – іс-әрекетті, білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі;
- 2) шығармашылық – жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Шығармашылық – өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән.

Шығармашылық – төмендегідей ерекшеліктермен сипатталатын адам әрекеті:

- шығармашылықтағы қарама-қайшылықтардың болуы;
- әлеуметтік немесе жеке адамға деген мәнінің болуы;
- шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы;
- шығармашыл тұлғаның жекелік қасиеттерінің болуы;
- нәтиженің жаңалығы, соңылығы .

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттерін дамытудың негізгі факторы болып олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керекті саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз [5].

Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік сияқты қасиеттер. Бала өз ойын қорықпай, сеніммен айта алатындай ахуал болуы басты назарға ұстанылады. Ол үшін оның әрбір жауабы мұқият тыңдалып, дұрысы мақталып, қатесі түзеліп отырылады. Оқушы кішкентай бала деп қарамай, оның да пікірімен санасу, көзқарасын құрметтеу, оның дамуына орасан зор әсер ететіндігі дәлелденеді.

Әдебиеттер:

1. Копытин А.И., Свистовская Е.Е. Руководство по детско-подростковой и семейной арт-терапии. – СПб.: Речь, 2010. – 256 с.
2. Бейли А.А. Образование в Новом веке / Алиса А. Бейли. – Москва: ЛИТАН: Новый центр, 1998 – 176 с.
3. Байсакова З. «Арт-терапия» метод-пособие, 2004. – 112 с.
4. Арт-терапевтическая помощь детям с особенностями развития / под ред. Л.А.Раимовой. – Казань: Веда, 2010. – 146 с.
5. Михальченко К.А. Арттерапия в системе психокоррекционной помощи детям с проблемами в развитии //Актуальные вопросы современной психологии: материалы Междунар. науч. конф. – Челябинск: Два комсомольца, 2011. – С. 60-63.

Б.Е. Утеубекова,

*Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі КММ,
Биология пәні мұғалімі*

ЖАҢАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ЫҚПАЛЫ

Жер шарында халық саны көбейген сайын білім-ғылымға деген құштарлық пенсұраныс арта түсіп қана қоймай, жеделденген ақпарат пен ғылымның жаңалықтары баршаны ойландырып толғандыру үстінде.

Бүгінгі таңда интеграция мен жаһандану бір-бірімен тығыз байланысты болған кезде, мектеп, білім мекемелерінің білім сапасы мен деңгейін жан-жақты арттыратын, жаңаша ойлайтын, күнделікті жұмыста оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолданатын мұғалімдердің ғана жұмысы жемісті болады.

Тәуелсіздік жылдары ішінде егемен елдің, қоғамның әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Солардың бірі-білім беру саласы. Кез-келген кезеңде жас ұрпақты тәрбиелеу және білім беру қоғам алдындағы маңызды, жауапты іс болып қала береді. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңғырту жолындағы жаңашылдықтар мен түрлі өзгерістер еліміздің білім беру саласына өз әсерін тигізуде. Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне деген ұмтылыс, қоғам дамуындағы жаңа жағдайлар, жаңа проблемалар, өзгертін өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр[1].

Жаһандану жағдайындағы әлемдік білім берудегі әлемдік өркениетке енген Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамуындағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізуіне, білім беру деңгейін, оқыту әдіснамасын жетілдіруде жаңа ізденістер жасауға мүмкіндік беруіне байланысты мен өз алдыма мынадай мақсаттар қойдым:

- Жаңа технологияларды қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру;
- Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- Жаңа технологияларды қолдану саласында оқушыларға кәсіптік оқыту тетігін құру;

Осылайша, жаңа технологиялардың дамуы жаңа тәсілдердің пайда болуына ықпал етеді және сонымен бірге олардың сапасын арттырады.

Бұл технологияның өзектілігі қоғамды ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Түрлі пәндер сабақтарында жаңа технологияларды қолдану білім беру мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастырумен, сондай-ақ сапалы білім берудің жоғары мүмкіндігімен ерекшеленеді. Соңғы кезеңде қазіргі педагогика ғылымы мен практикасына түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Оның ішінде оқыту процесі ақпараттық – коммуникациялық жағдайларда жаңа пайымға қол жеткізу жолында басқаша жаңартылған, ХХІ ғасырдың талаптарына барабар уақытты үнемдеуге қабілетті, жаңаша ойлай алатын заманауи тұлғаны қалыптастыруға бағытталатын болады. Қазіргі жылдам, жанталасқан үрдістер, құндылықтардың бағалануы білімді бүкіл өмір бойына түгел алып шығуға мүмкіндік бермейді. Бұл, ендеше, биология пәнін оқыту үрдісін өзгертуді талап етеді, ол дегеніміз – басты міндет болып білімді игеру әдістемесі түр деген сөз.

Мектеп бағдарламасындағы негізгі іргелі пәндер жаратылыстану-математика пәндері болып табылады. Оларды халықаралық сарапшылар және беделді ұйымдар (PISA, TIMSS және т.б.) мойындай отырып, бұл пәндер (Биология, математика, физика, химия) біздің еліміздің стратегиялық саясатын, экономиканы нығайтуды, әл-ауқатты нығайтуды жүзеге асыратын бірден-бір пәндер деп атап көрсетті.

Соңғы кезде педагогика ғылымына «инновация» деген термин енді. Ол өткен ғасырдың 50-ші жылдарында АҚШ, Германияда пайда болды. Ғылымда пайда болған жаңалықтарды зерттейтін орталықтар жұмыс істей бастады. Инновация дегеніміз – кезкелген үрдіске, не процесске жаңалық

ендіріп мәселені жаңаша шешу. Қазір әлем қарқынды өзгеру үстінде. Ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан кезеңдері. Жас ұрпақ ұялы телефонсыз және интернетсіз сабақ жасай алмайтын дәрежеге жеткен уақыт. Сол себепті біз оқулықты оқушының қолынан көре алмаймыз. Ендігі кезекте оқушыға білім беріп, оны жан-жақты тәрбиелеу мұғалім жұмысының өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан мұғалім уақыт талабына сәйкес өзгеруі керек. Білім беру саласында қол жеткізілген бүкіл әлемдік бітімнің мәні оқушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде болуы. Жаһанда болып жатқан өзгерістер мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесіне де әсер етеді[2].

Қазақстан Республикасында білім берудің 2020-2025 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасында бала кезден бастап, ересек жасқа дейін адамның біліміне жасалған инвестициялар экономика мен қоғам өміріне елеулі өзгерістер енгізетіндігін әлемдік тәжірибеде дәлелдеп берген делінген[3].

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Әдістер белгілі бір негіз бойынша топтарға бөлінеді. ХІХ ғасырдың 20-30 жылдарында Б.Е.Райков, К.П.Ягодовский түсіндіру, тәжірибелік, зерттеу, зертханалық әдістерін жетілдірді.

Қазіргі кезеңде білім және ғылым саласындағы инновациялық педагогикалық технологиялар өзекті болып, педагогикалық технологиялар ұғымы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде кеңінен қолданылатын технологиялардың біріне айналды. Қазіргі қоғамдағы маңызды міндеттердің бірі ақпараттандыруда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану саласында педагог – біліктілігін арттыру болды. Әрбір мұғалім яғни өзіміз заманауи тәрбие мен таным саласындағы жаңа тенденцияларды игеріп қана қоймай, сонымен қатар оларды практикада қолдана отырып, білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруы керек.

Қазіргі уақытта оқыту парадигмасы өзгерді. Білім беру мазмұны жаңартылып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты мұғалімдердің алдында оқыту әдістерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды игеру, оларды тиімді пайдалану міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-бұл болашақ ұрпақтың заманауи талаптарына сай келетін жаңа бағдарлама.

Ал мен биология пәнінің мұғалімі ретінде өз сабақтарымда ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, мәдени мұраны жадында сақтаған білікті тұлғаны қалыптастыруға үйретуде жаңа амалдың 7 модулін қолданамын. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан айырмашылығы жеті модульде жатыр. "Сабақ – бұл мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің айнасы", – деді А.Сухомлинский, осы жеті модульдің ішінен мен өзімнің пәнім үшін пайдалы, оны жарықтандыратын, оқушының қызығушылығын тудыратын, білімін жетілдіретін нәрсе туралы көп ойлағаным рас. Саралау арқылы мен әр сабақта бірден бір немесе бірнеше модульді қолдануға болатындығын анықтадым. Бұл қолданыстан ұтылғанымнан ұтқаным көп болды. Әр мұғалім өз сабағының –көшбасшысы. Ал оқушыны дұрыс бағыттау білу ол мұғалімнің, яғни біздің өз шеберлігімізге байланысты. Жалпы, оқудағы менің міндетім-оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып түсіндіру.

Білім беру саласында озық технологияларды енгізу мұғалімнің ойлау стилін, оның жеке бағдарын өзгертеді. Биологияны оқытуда озық технологияларды қолданудағы басты мақсатым-оқушыларға білім беру процесінде көмектесу. Ерекше орын алатын: оқу бағдарламалары, виртуалды зертханалар, оқуда қолдануға арналған электронды оқулықтар, тексеру бағдарламалары мен тестер, өзіндік жұмыс.

Жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыру шеңберінде мұғалімдер биологияны және әрі жаратылыстану пәндерін оқытуда интербелсенді оқытуды келесі жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асыра алады:

- Бірлескен жұмыстар формасы (жұптық, топтық, барлық сыныппен);
- Жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары;
- Белсенді стратегиялар, әдіс-тәсілдер;
- Оқу, рөлдік және іскерлік ойындар;
- Пікіргаластар;
- Ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, интернет, құжаттар, мұражай т.б.);
- Шығармашылық жұмыстар;
- Жағдаяттар арқылы үйрену, нақты ситуациялар, кейс – стади;
- Презентациялар;
- Компьютерлік оқыту бағдарламалары;

- Виртуалдық зертханалар;
- Тренингтер және т.б[4].

Осылайша, оқу жылының аяғы да келіп жетті. Мен өзімнің еңбек өтілімнен алынған тәжірибем бойынша айтар болсам, интернет-платформалардың мүмкіндіктері өте тиімді. Себебі бүгінгі ұрпаққа білім беруде біз әлемдік көшбасшы елдерден тіпті бір секундқа да артта қалмауымыз керек. Сондықтан да мен оқушыларыма химия пәнінен сабақ беруде daryn.kz, [bilimland](http://bilimland.kz) және де әлі күнге дейін қолданатын басқа белгілі интернет-платформаларды пайдаланудамын. Осы платформалардағы бейнероликтер, тапсырмалар, тест сұрақтары оқушылар үшін түсінікті және қолжетімді жағдайда құрастырылған. Мұндай сабақтарды мұғалімдер өздері жасайды және әртүрлі сайттарға жүктейді, бұл қазіргі заманғы интернет жүйесімен басқа әріптестерімізбен қашықтықтан тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда ұсынған платформалар мен әдістерімнің мақсаты оқушының биология әрі жаратылыстану пәндерін ғана емес жалпы пәндерді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету болып табылады. Ақпараттандыруды қолдана отырып, әдіс-тәсілдерді қолдану оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Мұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша өз ойларын жеткізе алатындай, пікір – көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін дамытуға орайластырылып құрылады. Осы технологияларды, платформаларды сабақта қолдану барысында мұғалім жекелеген оқушылардың сабақ тақырыбын қабылдау ерекшеліктерін түсінуге ұмтылу, оқушылардың білім түсініктерін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұтымды және кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі сынды басымдықтарға ие болады.

Қорытындылай келе, мұғалім ең алдымен инновация туралы түсінікке ие болуы керек деп келесідегідей ойымды тұжырымдаймын. Қазіргі педагогикадағы инновация – білім беру, тәрбие жұмысына жаңашылдықты енгізу, яғни жаңа әдістер, құралдар, жаңа тұжырымдар жасау және оларды қолдану ретінде анықталады. Инновация құрал және процесс ретінде кез-келген жаңалық енгізу жұмыстарын қамтиды. Инновацияға деген қажеттілік белгілі бір мәселені шешу жолында туындайды. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік дағдылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Жаһандану жағдайындағы әлемдік білім беру жүйелерінің интеграциялық білім жүйесі күн сайын жаңарып тұрады. Күн сайын түрлі ашылымдар ашылады. Күн сайын жаңа жобалар жүзеге асырылуда. Сондықтан әр күнімізге жаңа көзқараспен қарауға дайын болуымыз керек. Себебі, бұл – заман талабы. Дегенмен, мектепте оқушылармен бетпе – бет отырып, дәстүрлі сабақ өткенімізге жетпейтіні белгілі. Бәрі де уақытша екенін білеміз, ендеше қашықтықтан оқыту да уақытша. Мәңгілік елдің ұрпағы – біздің болашағымыз! Еліміз аман болсын, аспанымыз ашық болсын. Мындаған жылдар көк туымыз көк аспанда мәңгілік желбірей берсін!

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарихтолқынында. Алматы, 1999. -12 б.
2. Е.Қ.Балапанов, Б.Б.Бөрібаев, А.Б.Дәулетқұлов. Жаңаинформациялықтехнологиялар: информатикадан (30 сабақ). Алматы-2000 ж.-56 б.
3. Абдыманапов С. А. Элитарный образовательный сектор – путь к интеграции и мировое академическое пространство // Социально– гуманитарные знания.-2016 № 1 С. 223–238
4. Әлімов А. Интербелсендіәдістемені ЖОО-да қолданумәселелері. Алматы 2013.-46 б.

Н.С. Уябаева,
Түркістан облысы Ордабасы ауданы, «Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ директорының бейінді ісі жөніндегі орынбасары, математика пәні мұғалімі, мектеп тренері

ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде заманауи технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әлемдік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында Қазақстан Республикасы отандық білім берудің озық дәстүрлері мен стандарттарын сақтай отырып, әлемдік білім беру тәжірибесіне бағытталған стратегиялық курсын таңдады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – заманауи педагогикалық технологиялардың нәтижесі болуы керек. Қазіргі заман талаптарына сәйкес бүгінгі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, «өмірдің өзгерістеріне дайын болатын», белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. «*Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек*», – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену – өмір талабы.

Ж.Аймауытов өз еңбектерінде «жақсы қойылған сұрау, жақсы жауап тілейді» дей отырып, балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға байланысты жақсы тапсырмалар мен жақсы сұраулар қойылса, соған сәйкес бала қабілеттіліктің жан-жақты, әрі мәнді көрінуіне әсерін тигізетіндігін дәлелдейді. «Оқыту адамдардың табиғатына қарай болсын» деп айтылған ойы бала бойындағы қабілет құрылымы, бағыты, жүйесіне орай тапсырмалар беру – баланың білімді тез әрі жеңіл меңгеруіне, қабілеттің айқындылығына себепші болады.

Педагогикалық технология, негізінен, сабақта мұғалімнің шеберлігі мен оқушының белсенділігі нәтижесін жоғары деңгейге жеткізуге бағытталған түрлі әдіс-тәсілдерді анықтайды. Осы ретте, В.П.Беспалько былай дейді: «Мектептегі жаңарту ісі мұғалімнің, қайдан шыққаны белгісіз, педагогикалық шеберлігіне үміттенуден емес, ол, қатаң түрде ғылыми негізделген, шығармашылық жетілдіру арқылы ғана мүмкін болады».

Ғылыми әдебиеттерде «*педагогикалық технология*» ұғымына бірқатар анықтамалар берілген:

- ол оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу үдерісін сипаттау (И.П.Волков);
- оқу үдерісін іске асырудың мазмұнды техникасы (В.В.Беспалько);
- оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру және жүргізу бойынша біріккен педагогикалық қызметтің моделі (В.М.Монахов);
- мазмұнды қорытындылау (Г.К.Селевко) және т.б.

Біз зерттеу жұмысымызда К.Өстеміровтың пікірімен келісе отырып, «*педагогикалық технология* дегеніміз – ұстаздың кәсіби қызметін жан-жақты қамтамасыз ететін және жоспардағы басты міндетті орындаудың басты кепілі бола алатын технологиялық іс-шаралар жиынтығы» деген анықтаманы арқау етеміз.

Педагогикалық технологиялар жайлы еңбектерді зерделей отырып, оның төмендегідей елеулі белгілерін атауға болады:

- технология нақты бір педагогикалық бағытта даярланады, оның негізінде автордың немесе ұжымның құндылық бағдары мен мақсаты жатады;
- педагогикалық технология алға қойылған мақсатқа сәйкес құрылып, нәтижеге жетуді қамтамасыз етеді;
- педагогикалық технология элементтерін кез-келген мұғалім өзіндік тәжірибесіне және оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай, кезеңдеп жүйелі түрде жүзеге асырады;

– педагогикалық технологияның негізгі бөлігі оқытудың стратегиясына сәйкес, іс-әрекет нәтижесін айқындаудың критерийлері мен құралдарын анықтайтын диагностикалық тәсілдер болып табылады.

Сонымен, педагогикалық технология жеке тұлғаны жетілдіруде белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер. Ендеше педагогикалық технология – оқу-тәрбие үдерісінің шығармашылық және оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі екенін көреміз. Яғни, технология – соңғы нәтиже алатын, ақырғы мақсатқа жететін әрекеттер жүйесі. Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Заманауи педагогикалық технология мақсаты – оқытуды оңтайландыру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Заманауи педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды оқытуда тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты. Заманауи технология түрлерін сабақтарда пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллекттік, ізденімпаздық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Педагогикалық технологиялардың классификациясы

Заманауи технологиялардың негізгі педагогикалық қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндігіне орай оқыту;
- барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;
- оқу үрдісін оқушының сезінуіне жағдай жасау.

Жоғарыда аталған технологиялардың ішінен математика сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлау, интерактивті оқыту, проблемалы оқыту, ақпараттық-коммуникативтік, деңгейлік саралап оқыту технологияларының мүмкіндіктері орасан зор.

Миға шабуыл стратегиясы – бұл топтық талқылау, мәселенің шешімін табуда қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Бұл әдіс жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызды әдістердің бірі. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандарты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Миға шабуыл стратегиясының қағидасы қиын емес. Мысалы, топтарға «Симметрия біздің өмірімізде», «Көлем ұғымының өмірдегі маңызы» т.б. тақырыптары беріледі.

Іс-тәжірибеден байқағанымыз бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады.

INSERT стратегиясы – түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v» – білемін, «+» – білмеймін, «-» – мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – білгім келеді – деген белгілерді қойып отырып физика пәнінен теориялық материал мазмұнын түсінеді. Мысалы, «Тартылыс заңы» тақырыбын өткен кезде, оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірлейді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстырады. Оқушылар тақырыпты оқып шығып, жұппен және топпен кеңесе отырып тиісті белгілерді қойып шығады. Кесте толтырады. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс.

Венн диаграммасы стратегиясы – бұл стратегияның мақсаты салыстыру, пайымдау. «Натурал және бүтін сандар» тақырыбын өткен кезде натурал және бүтін сандардың айырмашылығы мен ұқсастығы айтылады. Шеңберлердің екі жағы салыстырылып, ал айқасқан жеріне ортақ қасиеттері жазылады. Бұл стратегияны қолдану барысында оқушылардың ойлау қабілеттері терендей түсіп, салыстыру, біріктіру, айыру сияқты күрделі операция жүзеге асады.

Блум таксономиясы – сұрақтар стратегиясы. Блум сұрақтарды екіге бөледі. Олар жалпақ және жіңішке сұрақтар. Сұрақтар тізімі алдын ала жасалуы тиіс. Алдымен жіңішке сұрақтар, сосын жалпақ сұрақтар кетеді. Жіңішке сұрақтар – еске түсіруге арналған сұрақтар, жауабы нақты цифрмен немесе ия, жоқ деген жауап алынатын сұрақтар.

Компьютерлік технология арқылы мультимедиялық презентацияны математика сабақтарында жиі қолдану сабақтың сапасын елеулі түрде арттырады. Компьютерлік технология мотивацияның, коммуникативті қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді, дағды қалыптастыруға, білім қорының толығына, сондай-ақ ақпараттық сауаттылықтың дамуына мүмкіндік туғызады. математика сабақтарында слайдтардың көмегімен мысалдарды, есептерді тақтада көрсетуге, ауызша есептеу тізбегін құрастыруға, математикалық сергіту сәттерін ұйымдастыруға, бақылау, тест жұмыстарын жазған кезде оқушының білімін тексеруге болады. Мұндай сабақ уақытында сыныптағы қарым-қатынас жақсарады. Тапсырманы оқушылар өз сөздерімен түсіндіріп, компьютер алдындағы қорқыныш жойылады, аса күрделі тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға тырысады. Практикалық тапсырмаларды орындағанда өзін-өзі бақылау қалыптасады. Қортындылай келе елімізде бүгінгі күні қолда бар қашықтықтан онлайн-оқыту жүйелері ұстаздар мен оқушылар арасында тығыз байланыс орнықтыруға мүмкіндік береді, әрі нақты сабақ беру үрдісін қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқытудағы сандық білім беру тікелей ұстаздың сабақ беру шеберлігін, тәжірибелілігін арттырып қана қоймай, ғаламтор жүйесіндегі білім беру ресурстарымен сауатты сабақ өткізуге дағдыландырды. Сөз соңында айтарым, мұндай формат сабақ сапасына да жоғары деңгейге көтереді, өйткені әрбір сабақтың үдерісі оқушының да, ұстаздың да жауапкершілігін арттырады.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012, желтоқсан – 14.
2. Қазақстан Республикасы Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты //ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген. – Астана, 2012. – 25б.
3. Қазақстан-2030 стратегиясы. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған арнауы.

Д.О. Шарипова,

«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Қазіргі таңда әлемдегі жаһандану үдерісінің ерекше қарқын алуы кезеңінде және Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибені, көп ғасырларсынынан өткен халықтық мәдени дәстүрлерді ескере отырып жаңаруы жалпы білім беретін мектептерге де жаңа талаптар қоюда.

Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы оқушылардың танымдық белсенділіктері бойынша толық білім сапасынан және оны практикада пайдалана білу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруды талап етеді.

Елімізде соңғы жылдары IT технология мен нанотехнологиялардың қарқынды дамуына байланысты мемлекетті басқарудағы ақпараттық жүйені қолдану күнделікті жұмыс барысында пайдаланатын дүниеге айналуда. Сондықтан ақпараттық жүйенің дамуын жан-жақты мемлекетті басқарудың тәсілі жаңа-инновациялық әдіс ретінде өзекті мәселе. Бүгінде ең бастысы– дамудың нарықтық жағдайында маңызды болып есептелетін, ақпараттық технологиялық және техникалық құралдардың ұсынысы мен сұранымы негізінде мемлекетті басқарудың ақпараттық жүйесінің қажеттігі жаңа заман талабы.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың үдерісінің қарқынды дамуы дәлел. Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр.

«Қазақстанның орта мектептеріндегі оқыту әлі де тиісті дәрежеде тиімді болмай отыр. TIMSS және PISA зерттеулері нәтижесінде алынған деректер Қазақстандағы жалпы орта білім беру жүйесінің теориялық білім беру, оқушылардың ақпаратты есте сақтау, табу және зерделей білуін қамтамасыз ету деңгейінде жеткілікті дәрежеде тиімді екенін көрсетті. Қазақстан экономикалық тұрғыдан әлемдегі алдыңғы қатарлы отыз елдің санатына ену үшін білім саласындағы басты міндеттің бірі – функционалды сауатты, яғни алған білімін өмірде қолдана білетін, белсенді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, шығармашыл тұрғыда ойлай алатын және шешім қабылдай алатын, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеті бар, өмір бойы білім алуға дайын тұратын жеке тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Ал

оқушыларды осы дәрежеге жеткізу үшін стем бағдарламасы оқушыларға жаңа бағдар болары сөзсіз.

Адамзатқа және қоғамға орасан зор проблема әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Мектептер оқушыларды түрлімәдениет өкілдерімен әріптестік қарым-қатынас жасауда, алуан түрлі идеяларды, көзқарастар мен құндылықтарды ескеруді, адамдар өздерінің алуан түрлілігіне қарамастан, технологиялардың көмегімен кеңістік пен уақыт кедергілерін жеңе отырып, бір-біріне сенім білдіруін және ұжымдаса жұмыс жасауын қажет етеді. ХХІ ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек.

Дегенмен, бұл жүйе оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын игеру және қолдану мүмкіндіктерін, мәселен, биологиялық білімін тәжірибеде қолдану және биологиялық ойлауын дамыту немесе оқылым барысында мәтінді талдау және бағалау сияқты мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл бағдарламалардың мақсаты жоғарыда келтірілген функционалды сауаттылық сапаларын қанағаттандыратын ұрпақты дайындауға бағытталған.

Болашақтағы білім беру саласына көптеген реформалар қажет деп санаймын.

- 1) оқушыларды STEM-ге тарту және қызықтыру, қабілетін арттыру;
- 2) мұғалімдердің әлеуетін және STEM пәндерге оқыту сапасын арттыру;
- 3) мектептерде STEM-білімін алу мүмкіндіктерін қолдау;
- 4) ЖОО-мен, бизнеспен және өнеркәсіппен тиімді серіктестік қарым-қатынастарға жәрдемдесу;
- 5) мықты деректер қорын құру.

Қазіргі кезде еліміздің орта білім беру саласында жаратылыстану пәндері бойынша стем бағдарламасы енгізіліп, оқушыға берілетін білім, іскерлік және дағдылар жүйесіне қатысты көзқарастар түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Жаһандану, жаңа технологияларды енгізу, қарқынды нарықтық қатынастар, алдыңғы қатарлы елдер арасындағы бәскелестік, саяси және экологиялық мәселелер – осылардың барлығы оқушыларға ХХІ ғасырда қажетті білім, іскерлік және дағдыларды дамытуды талап етеді.

Оқу бағдарламалары дәстүрлі пәндер аясында жоғарыда аталған дағдыларды қалыптастыру және мұнан әрі қандай-да бір пәннің мазмұнына байланысты біртіндеп оқушылардың осы дағдыларының және тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге бағытталған. Дәстүрлі оқыту әдістерінен бірден қол үзіп кету бірден жүретін үдеріс емес және ол оңай емес, сондықтан жаңа көзқарастарға сай оқыту ескі әдістерді түрлендіріп оқыту арқылы біртіндеп жүруі қажет.

Еліміздің әлемдегі озық отыз елдің қатарына ену мақсатын орындау үшін жаңартылған білім беру бағдарламасында биология пәнінде келесі құндылықтарды оқыту білім беру үдерісінің табысты болуына өз ықпалын тигізеді:

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу.

Қоғамдағы, білім беру саласындағы инновациялық үдерістер мен реформалар педагогика ғылымына «инновациялық білім», «инновациялық даярлық», «инновациялық іс-әрекет», «инновациялық технология», «педагогикалық технология», «мұғалімнің инновациялық даярлығы» және т.б. жаңа ұғымдарды өмірге алып келді.

Білім беру жүйесінің міндеттері – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін технологияларды енгізу және тиімді пайдалану. [1] Қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Республикада «Дарын» ғылыми – практикалық орталығы құрылған. Мақсаты – еліміздегі талантты да дарынды балаларды тауып, сапалы білім беру. Көптеген авторлық мектептер, гимназиялар, лицейлер және жеке меншік мектептер ашылууда. Ең тандаулы жастар елге оқуға жіберіліп тұрады. Балаларды саралап оқытуда тестік жүйе кеңінен тарап келеді. Білім беру саласында әлемде болып жатқан үрдіске қосылуымыздың өзі егемендік алуымызбен тікелей байланысты. Саралап оқыту идеясы

әлемде 30 – жылдардан басталса, Қазақстан мектептері үшін инновациялық (жаңаша) бастамалардың нәтижелері аз зерттеліп отыр [2].

Қазіргі жағдайда мектепте оқушылардың білімін, таным қызығушылығын, шығармашылық іс-әрекетін рухани дамуын арттыруда жаңа технологияларды қолдануда. Қоғам өміріндегі болып жатқан әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістер мен аталған салалардың болашақтағы дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып есептелетін жеке тұлғаның даму деңгейіне тәуелді. Бұл мәселе қоғамдағы білімберудің талаптарын түбегейлі өзгертуді, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды, ол өз кезегінде, жеке тұлғаның қоғамның талаптарына сай жан-жақты дамуына жол ашады. Аталған міндеттің орындалуы оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған кәсіби құзырлығы мен педагогикалық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдердің қолында.

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа биология пәнін тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері пәндік білімнің жеткілікті түрде игерілуін қамтамасыз етуге жол ашады. Инновациялық әдіс-тәсілді алдыңғы орынға оқыту үрдісінде эроқушының жеке ойлауын дамытуды қояды. Егер инновациялық оқытудың әр кезеңінде оқушының жоғары белсенділік деңгейі сақталатын өзара іс-қимыл формасы басты рөл атқарады.

Қазіргі кездесабасты дұрыс жүргізуге қойылатын негізгі талап – оқушылардың белсенді іс-әрекеттік сезімін оята отырып, оларды басқара білу. Ол біріншіден, тек дайын ақпаратты фактілер, заңдар, ережелер күйінде ғана беріп қоймай, оқушыларды өз бетінше іздестіретін, одан жаңа ақпарат алатындай оқу материалын берудің құрылымын қайта құруды талап етеді. Екіншіден, оқушылардың іс – әрекетіне деген мұғалімнің іс – әрекетіне көзқарасын өзгертуді талап етеді. Яғни, мұғалім оқушылардың өзі белсенді жасампаз күш болатын, оқытудың ұйымдастырушысы және басқарушысы болуы қажет. Ол оқытудың әр кезеңінде: технология сабағында орындағанын тексерген кезде, оқушының жаңа білімді меңгеруге дайындығын, жаңа білімді енгізіп, оны тұжырымдаған және оларға сүйенген, алынған білімді қорытып, бір жүйеге келтірген кезде көрініп отыруы керек.

Қоғамды ақпараттандыру және жаңа технологиялар дамуының заманауи жағдайында білім беру жүйесіне жоғары білікті мамандарды даярлау міндеті тұр. Болашақ жастардың білім сапасын арттыру үшін алдымен болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын және ғылыми ұғымдар жүйесін қалыптастыру бойынша заман талабына сай жоғары деңгейге көтеруіміз қажет. Жоғары оқу орнында кәсіби білім беру жүйесі күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе.

«Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану» – сапалы білім негізі. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық технологияны тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Биология сабағында оқушылардың қабілетін дамыту тұрғысынан тиімділігін арттыру бүгінгі жоғары және орта мектепте биологияны оқыту теориясы мен әдістемесінің педагогикалық мәселелерінің бірі. Оқушы қабілеті дегеніміз оның педагогикалық ықпал аясында білім алу әрекеті, жеке тұлғаны дамыта оқыту әдістері, оның шығармашылық қабілетінің дамуына әсерін тигізеді. Сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін мұғалімнің үздіксіз ізденуі, шыңдалуы, шығармашылықпен айналысуы, білімін жетілдіре алу қажет.

Оқытудың жаңа технологияларын сабақ үрдісіне енгізу оқушылардың ойын дамытуға, өз беттерімен нақты тұжырымдар жасауына, ұжымдасып өз ойларын еркін жеткізулеріне, өз бетімен қосымша материалдармен жұмыс жасауларына және білімге деген құштарлықтарын арттырып, өзіндік зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді [3,4].

Жаһандану дегеніміз қарапайым сөзбен айтқанда жоғары деңгейге жеткен елдермен қарым-қатынасымызды нығайту. Күшті қарқынмен дамып келе жатқан әлемдік ақпарат технологиясының нарығымен бірге халықаралық ақпарат нарығы да өсуде, ал ақпарат үнемі жаңартуды қажет ететін, қымбат тұратын құнды тауар болып отыр және солай болып қала береді.

Ақпарат қоғамының ерекшеліктерін төмендегідей бірқатар өзіндік белгілермен сипаттауға болады;

– жастардың мамандықты жоғары деңгейде білім алуға мүмкіндік беретін, қоғамның ой-өрісі мен ғылыми күш-жігерін арттыруды ұдайы өндіретін білім беру жүйесінің дамуына қалыптастыру;

– жаңа компьютердік технологияларды құрастырып өндіру және әлеуметтік зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін ғылыми бөлімдердің, ғылыми орталықтардың, арнайы зерттеу жүргізетін зертханалардың барлық ұжымдарда қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет;

– тез әрекет ететін, жаңа құрылғылармен жабдықталған, арнайы бағдарламалармен қамтамасыз етілген, (SPSS бағдарламасы жүйесін қолжетімділігі, Big Date бағдарламаларына қол жеткізу)

ескесақтайтын тез қабылдайтын параметрлері бар сенімді қымбат емес компьютерлердің халыққа қолжетімді болу үшін көптеп өндірілуі т.б. мәселерді шешу кезек күттірмейтін жұмыстар.

Оқытудың озық технологиясын меңгеру мұғалімнің кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бұл әрбір ұстазды ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Осы орайда Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп тұжырым жасайды. Сондықтан мұғалім өз пәніне психологиялық тұрғыдан қарап, әдістемелік шеберлікпен келу керек.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды, психологиялық-педагогикалық диагностиканы игерген, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Қорыта айтарымыз, қазіргі жаңа қоғамда жастарға жаңа технологияларды меңгеруіне көбірек көңіл бөлуді қолға алу керек. Оларға «медиабілім» мен «медиа мәдениет»-тің негіздерін жан-жақты оқытатын жүйелі бағдарламалар жасап, іске асырылса, білім экономиканың ажырамас құндылығына айналары сөзсіз. Сонымен бірге, «білім экономикасы», "ақпараттық қоғам", "ақпараттық экономика", "ақпараттанған экономика" деген жаңа ұғымдардың мазмұны интерпретациялық негізде ашыла түседі.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы
2. Ж.Н. Садуова Жаңа педагогикалық технологиялар – болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралы // Ізденіс. – Алматы, 2007. – №4
3. Жумабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992.
4. Жунісова Р. Ботаника сабақтарында жергілікті материалдарды пайдалану: Мұғалімдерге арналған құрал. – Алматы : Мектеп, 1984. – 70 б. с.

А.Н. Нурланова,

к.ф.н, профессор, Қазақстанско-Американский свободный университет,

г. Усть-Каменогорск, Қазақстан

З.К. Чункурова,

старший преподаватель, Қазақстанско-Американский свободный

университет, г. Усть-Каменогорск, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ ҮРДІСІНІҢ ОРНЫ

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.

«Инклюзия» терминіне анықтама бере кетсек, инклюзивті білім беру (франц. Inclusif – өзіңе енгізуші, латын тілінен include – бекітемін, енгіземін) жалпы білім беретін мектептердегі ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқыту процесін бейнелеу үшін қажетті термин. Инклюзивті білім берудің негізіне идеология жатады. Ол балалардың кезкелген дискриминациясын жояды, яғни ол барлық адамдарға бірдей қалыпты қарым-қатынасты қамтамасыз етеді, бірақ ерекше білім қажеттіліктері бар балаларға ерекше жағдай жасайды. 1000 кісіге шаққандағы мүмкіндігі шектеулі балалардың саны жағынан облысымыз екінші орында тұр.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады. Инклюзивті мектептерде барлығы тең, соған орай мектепте: есту бұзылыстары бар балалар; керендер, саңыраулар, нашар еститіндер, Қимыл қозғалыс аппаратының функциясында бұзылыстары бар балалар, Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар, Ақыл есі кем балалар, Психикалық дамуы тежелген балалар, Іс-әретінде және эмоциялық – еріктік аймағында бұзылыстары бар балалар, Күрделі бұзылыстары бар балалар, Көру бұзылыстары бар балалар; соқырлар, нашар көретіндер.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылдары АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына инклюзивті білім беру бағдарламасын толық енгізді. Н.В. Борисова, С.А. Прушинский және М. Перфильева инклюзивті білім берудің негізгі ұғым түсініктерін қарастырушы ғалымдар болып табылады. Осы ғалымдадың редакциялауымен жарық көрген «Инклюзивное образование: ключевые понятие» оқу құралында ең негізгі ғылыми аппаратқа тоқтала отырып, ұғым түсініктердің мәнін ашты. Қазақстанда инклюзивті білім беру 2000 жылдардан бастау алады.

АҚШ-та мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың ерекшелігі – жалпы және арнайы білім беретін мекемелердің біріктірілуінде.

1991 жылы Ресейде бірінші рет инклюзивті білім беретін мекеме «Ковчег» ашылды.

Швецияда мүмкіндігі шектеулі балалар бәрімен бірдей кәдімгі мектептерде оқиды.

Францияда мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектепте оқытуға бағытталған саясат жүргізіліп жатыр.

Италияда да мүмкіндігі шектеулі балалар 1980 жылдардан бастап жалпы білім беретін мектептерде барлығымен бірге оқиды.

Литвада балалар 4-сыныпқа дейін арнайы сыныптарда оқиды. Одан кейін ата-ана баланы қай мектепке беретінін өзі шешеді.

Сонымен Қазақстанға оралатын болсақ, тағы да Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқығын қорғау комитетінің ақпараттарынан сүйенейік. Арнайы жүргізілген зерттеуге сүйенсек, Қазақстанда ата-аналардың 81,7 пайызы балаларын мүмкіндігі шектеулі балармен оқытуға қарсы емес. Бірақ балалардың 39 пайызы ғана мұны қолдайды екен.

Қазақстандағы инклюзивті білім берудің моделі келесі сатыларды құрайды: мектепке дейінгі білім, орта мектеп, жоғары немесе орта арнайы білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

Инклюзивті білім беру жүйесінің түрлері:

«Нүктелік инклюзия» -баланың өзінің сыныптастарының ортасына тек мереке кездерінде немесе бір ойын барысында қосылады.

«Бөлікті инклюзия» – баланың толық емес аптаның жартысында өзінің сыныбында өткізу. Мысалы теориялық сабақ негізін бала жеке түрде, ал шығармашылық сабақтарда бала толықтай сыныппен бірге болады.

«Толық инклюзия»– бала толық сабақ үдерісіне жеке өзі немесе біреудің қолдауымен сабаққа қатысады. Бала өзінің сыныбымен барлық сабақтарға бірдей қатысады. Соның негізінде балаларға қосымша әр-түрлі деңгейлі тапсырмалар, логикалық ойындар беріледі.

Инклюзивті білім беру жүйесін енгізудің артықшылығы:

1. Қоғамның мүгедектік мәселелерін түсіну.

2. Мүгедек емес балалардың қайырымдылық және түсінушілік қасиеттеріне тәрбиелеу.

3. Өзіне сенімді болу.

4. Өзінің жалпы мәдениеттің дамыта отырып өз сыныптастарымен қатар өсуі.

5. Құрдастарымен қарым –қатынаста болу.

6. Оқушымен мұғалімнің сандық ара қатынасы әр оқушыға көп мөлшерде назар аударуға мүмкіншілік береді.

7. Толық қанды білім алу.

8. Қоғам өміріне бейімделу және кіріктіру.

Инклюзивті білім беру жүйесін енгізудің кемшіліктері:

1. Мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын арнайы мектептер балалар тұратын мекеннен алыста орналасқан.

2. Баланың тұйықталған ортада болуы.

3. Білім мен тәжірибе шағын топтағы балаларға ғана таралады.

4. Балаларға әр кез отбасмен құрбы құрдастарымен кездескенде қайта бейімделу қиындық туғызады.

5. Балалар оқшауланған ортада болады.

6. Арнайы құрал-жабдықтарды орынды қолдану.

Инклюзивті білім беру моделі:

Бейімделу, Әлеуметтену, Интеграцияны дамыту, тәрбие және білім беру. Білім беру технологиясын жақсарту, денсаулық сақтау технологияларын жан-жақты қарастыру, балаларға көмек беру, алып жүру, мульти дисциплинаның мамандандырылуын қамтамасыз ету, педагогикалық классификациясының

жоғарлануы қажет, жеке жақындау, мамандардың ортақ жұмыс технологиясын қарастыру, мамандардың ортақ жұмыс технологиясымен алмасуы, және де әлеуметтік серіктестік қажет.

Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

- әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс;
- әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады;
- білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни ол мына принциптер:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістік кезетуөзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

Әдебиеттер:

- 1 Тұрсынбекова Н. Мектептерде инклюзивті білім беру ісін ұйымдастыру // Дефектология. – 2013. – №12. – С. 2-4.
- 2 Сағындықова А. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру жолдары // Білім. – 2016. – №1. – Б. 12-14.
- 3 Құлдашева Н.У. Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі жандарға психологиялық-педагогикалық қолдау // Өркен. – 2018. – №1. – Б. 4-10.

И.Б. Юнусов,

п.э.к., Silkway Халықаралық университетінің президенті

Шымкент қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адамның мәні оның қоғамдағы алатын орны, өткені, қазіргісі, болашағы, қалыптасуы, дамуы, адамзатты үнемі толғандыратын мәселелер қатарына жатады.

Ел басы Қазақстан халқына Жолдауында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында, «Білім» мемлекеттік бағдарламасында, мемлекеттік білім беру саясатының тұжырымдамасында және тағы да басқа стратегиялық құжаттарда мектеп ортасында жеке тұлғаның физиологиялық және рухани мүмкіндіктерін ашу, салауатты өмір салтын, қарапайым негізгі адами қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылық күш-қуатын ашуға қолайлы жағдай туғызу ең негізгі міндеттер екендігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының негізгі мақсаты: «әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарды белгілеу» – деп атап көрсетілген.

Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, ол әрбір оқушының жеке басының қасиеттері мен қабілеттерін дамытып, шығармашылығын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептен өз өмірін өзі реттей және басқара алатын, әлеуметтенген шығармашыл тұлға тәрбиеленіп шығады.

Жалпы білім беру жүйесі дамуының әр кезеңінде де бұл мәселе көкейкесті болып келді. Осы тұрғыда педагогика саласында зерттеулер жүргізіліп, оның нәтижелерін мектеп практикасына енгізіп оқу процесіне шығармашылық сипат беру ойластырылды.

Алайда оқытудың шығармашылық сипатын күшейтіп, сол арқылы бала қабілетінің дамуына жүйелі басшылық жасау, мақсатты бағыт-бағдар беру, педагогикалық ықпал ету негізінен күн тәртібінде тұрғанымен оның ішкі мазмұны ашылмай, көмескі күйінде қалып келді. Оның өзіндік себептері бар. **Бірінші** себебі оқу процесін ұйымдастыруға негіз болатын нормативтік-оқу құжаттарында оқушы шығармашылығын дамытудың тиісті дәрежеде ойластырылмауы болды. Осыған дәлел ретінде Л.В.Занковтың зерттеу нәтижелерін айтуға болады.

Профессор Л.В.Занковтың зерттеулерін зерделей келе соңғы жылдарға дейінгі оқу бағдарламаларында төмендегідей кемшіліктер орын алып келген деген тұжырым жасауға тура келеді. Олар:

1. оқу бағдарламаларында оқытудың жүйелік ұстанымының толық сақталмауы;
2. оқу бағдарламаларына, оқулық мазмұнына оқушыларды қызықтырарлықтай теориялық мәселелердің енгізілмеуі;
3. оқушылардың оқу-тәрбие процесінде алған білімдері олардың ой-өрісінің дамуына жеткілікті әсер етпеуі;
4. оқулықтағы тапсырмалардың оқушылар қызығушылығын оятарлықтай деңгейде ойластырылмауы;
5. оқу бағдарламасындағы кейбір материалдардың бірнеше рет қайталануы. Ал мұндай олқылықтар орын алып отырғанда оқушылардың шығармашылығын дамыту мүмкін емес.

Оқушы шығармашылығының тиісті дәрежеде дамуына әсер ететін **екінші** себеп – оқулықтардың сапасы.

Мемлекет басшысы мұғалімдердің III съезінде сөйлеген сөзінде білім беру сапасы көп ретте оқулықтардың сапасына байланысты болатынын атай отырып, шығарылатын оқулықтардың сапасына да назар аударды. Сонымен қатар оқулықтардың негізгі кемшіліктерін де атап өтті. Олар: зиянды дидактикалық материалдар, орфографиялық және стилистикалық қателер, тұжырымдары оқушы тіліне күрделі және т.б.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Ж. Жадринаның пікірінше, Қазақстан Республикасының төл оқулықтарының басты жаңалығы «тұңғыш рет әрбір оқу курсының мазмұны білім беруді, сараландыру, кіріктіру және гуманитаризациялау ұстанымдарын жүзеге асыруға бағындырылған оқу материалының құрылымы мен қисынын (логикасын) өзгерту арқылы жасалында».

Сондай-ақ ол оқулықтардың жаңашылдығы туралы, оқушылардың ой түйіндеу, ой толғау дербестігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тәрбиелік потенциалды күшейту керек екенін айтып өтті. Осыған орай *оқу субъектісі – оқушының шығармашылық белсенділігін арттыру құралы ретінде оқулық рөлін түйіндеу, терең түйсіну қажеттілігін айтады.*

Бұдан әрі ғалым оқулықтың негізгі қызметтерін:

- үйлестіруші;
- жүйелендіруші;
- дидактикалық қызметтерін толық іске асыратындай болуы тиіс дей келе, оқулықтың дидактикалық қызметін:
 - ақпараттық;
 - түрлендіруші;
 - бекіту және өзін-өзі бақылау;
 - өз бетімен білім алу;
 - кіріктіруші;
 - дамытушылық-тәрбиелік деп саралап көрсетеді.

Демек, қазіргі кезде оқушы шығармашылығын дамыту үшін әр пән бойынша оқулықтар жоғарыда аталған қызметтерін толық орындайтындай сапаға ие болуы тиіс.

Ғалымның ойынша, білім беруді ды жүзеге асыру дамушы жеке тұлғаның өзінің жеке құндылықтар жүйесіне (бақыт, әділдік, өмірдің мәні жайлы тұжырымдама және т.б.) кепілдік берілетіндей жағдайлар туғызуды талап етеді.

Ал, баланың шығармашылық әрекет жасай алмауының **үшінші** себебі – оқу процесінің ұйымдастырылу деңгейінің заман талаптарына сай болмауы.

Осы уақытқа дейін жалпы білім беретін мектептерде оқу процесі жаңаша педагогикалық ойлауға орай ұйымдастырылмады, оқу процесінде субъект-субъектілік қатынас жүзеге аспады. Өйткені, оқу процесі дәстүрлі оқытуға негізделді.

Ғалым Е.Ө.Жұматаеваның пікірінше дәстүрлі оқыту жүйесінің негізгі кемшіліктері:

- пікірдің қажеті жоқ, оған уақыт кетеді;
- күрделі оқу материалын мұғалімнің жеңілдетіп түсіндіруі;
- фактілерге жүгініп, білімді жинақтап қабылдауға мән берілмейді .

Ендеше мұндай олқылықтың орнын толтырып, оқушы шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызудың бір жолы – бұл оқу процесіне тұлғаға бағдарланған технологияларды енгізу деп ойлаймыз. Шығармашылықты дамыту мәселесіне арналған ғылыми-зерттеулерді саралай келе, біз оқушы шығармашылығын дамытудың ең маңызды шарттарының бірі ең алдымен оны дамытуға қолайлы ахуал туғызуды қамтамасыз ету үшін оқу процесін қажет деген қорытындыға келеміз.

Оқу процесін ды жүзеге асыру үшін жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиялары ендірілуі тиіс. Біз мұның мәнін ашпас бұрын алдымен жеке тұлға ұғымының мәнін түсінейік.

Өйткені баланың шығармашылығын дамыту мәселесін талдау ең алдымен «жеке тұлға», «қабілет», «нышан», «талант», «бейімділік», «дарындылық» ұғымдарының мәні мен ара жігін терең түсініп алуды қажет етеді.

Жеке тұлғаны қоғам дамуының бір бөлігі ретінде философия, әлеуметтану, психология, педагогика және т.б. ғылымдар өз тұрғысынан зерттейді.

«Тұлға» (латынша persona) – ертеден келе жатқан ұғым. Алғаш актерлер сахнада беттеріне киіп жүретін бетпердені осылай атаған. Бүгінгі таңда ол әлеуметтік мәні, қасиеттері бар нақты адамды білдіреді.

Жеке тұлғаның дамуына деген көзқарас қоғамның әр даму формациясында әр түрлі мәнге ие болған. Мәселен, ерте дүниедегі ойшылдар Платон мен Аристотель адамның дамуы алдын ала табиғи тумысынан белгіленеді, яғни нәсіліне байланысты дейді.

Джон Локк (XVII ғ.) пен Д.Дидро (XVIII ғ.) қоғамдағы адам дамуының шешуші факторы – орта, дәлірек айтқанда, адамдардың өмір жағдайы мен тәрбиесі деген пікірді дәлелдеді.

Джон Локктың пікірінше, дүниеге келген нәрестенің жаны ақ тақта сияқты таза, тек өмір жағдайлары мен тәрбие ғана адами қасиеттерінің көз. Ал, Д.Дидро: «Адам – жағдайлар мен тәрбиенің ғана жемісі», – дейді.

Философияның діни ағымының өкілдері А.Г.Спиркин, Д. Кішібеков, Ә.Х.Тұрғынбаев жеке тұлғаның дамуын дін мен мистикаға апарып тіреді. Олар адам – табиғат перзенті, сондықтан уақытша өзгерісте болады, ал енді адам жаны өшпейді, жойылмайды, әрі ол құдайдың құдіретімен жаралғандықтан, оның жеке тұлға ретінде дамуы да діни тәрбиенің әсерінен болады деген тұжырымды дәлелдейді.

Американдық прагматикалық педагогиканың негізін салушылардың бірі Джон Дьюи жеке тұлғаның дамуы жөніндегі теорияны туғаннан пайда болатын инстинктер мен қабілеттер арқылы негіздеп, тәрбиені де соларға тәуелді етеді. Ол жеке тұлғаның дамуын оның өзі өмір сүріп отырған қоғамға икемделуі деп түсіндіреді.

Демек, жеке тұлға мәселесін шешуде аталмыш ғалымдардың барлығы да адамның дамуын өз еркінше, ішке әрекеттен, қоршаған жағдайлардың әсерінсіз, адамдардың қатынасынсыз болады деп түсіндіреді.

Р.Н.Нұрғалиев философиялық тұрғыдан «Жеке адам дегеніміз – қоғамдық дамудың нәтижесі, белгілі қоғамдық қатынастардың жемісі. Жеке адамның дамуы үнемі жетіліп отыратын заңды процесс болғандықтан, оның әрбір саласы белгілі жағдайларға, іс-әрекетке, айнала қоршаған өмірге, адамдармен қарым-қатынасқа тікелей байланысты болады», – деп түсінік береді.

Философиялық сөздікте: «Тұлға – белгілі бір қатынастар тұсында өмір сүретін адамның негізгі 3 қырының: биогенетикалық нышандарының, әлеуметтік қатынастар әсерінің және психоәлеуметтік қасиеттердің біртұтас бірігуінің нәтижесі» деп көрсетсе, Ә.Т.Тұрғынбаев: «Тұлға – іс-әрекеттің, қарым-қатынастың, сана мен өзіндік сананың, дүниеге көзқарастың субъектісі», – деген анықтама берді.

Ал Р.Н.Нұрғалиевтің пікірінше, жеке адам – әлеуметтік индивид ретіндегі адам, қоғам мүшесі. Ол қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде биоәлеуметтік организм.

Сонымен, жеке тұлғаға философиялық тұрғыда берілген анықтамаларды талдай келе: жеке тұлға – қоғамдық дамудың, қоғамдық қатынастардың нәтижесі. Оның дамуы белгілі бір жағдайларға, іс-әрекетке, қоршаған ортаға байланысты болады деген тұжырым жасауға тура келеді.

Жеке тұлға мәселесі – психологияның да негізгі бөлігі. Әлі күнге дейін психологияда жеке тұлғаның маңыздылығы туралы зерттеу аяқталған жоқ.

Енді психологиялық зерттеулерге сүйенсек, адам мұндай күйге бірден келмейді, оған бірте-бірте жетеді деген ортақ пікірді аңғарамыз.

Мәселен, психологиялық сөздікте: «Жеке тұлға – әлеуметтік ортада қалыптасып, өзіндік ерекшеліктерімен (талғам, мұрат, мінез-құлық, қабілет, т.б.) сипатталатын адам», – делінген.

Ж.Пижае, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Б.Г.Ананьев сияқты психологтардың пікірлерін қорыта келгенде, бала өмірге белгілі бір табиғи қасиеттері бар жеке адам болып келіп, әлеуметтік факторларға байланысты қоғаммен субъекті ретінде қарым-қатынаста жеке тұлға болып қалыптасады және өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы өзінің ішкі «Менін» көрсетеді, бұл ең алдымен адамның әлеуметтік өмір жағдайымен, тәрбиесімен, қоғамдағы орнымен, оның психикасының, мінезінің тұрақты көріністері болып табылатын қабілеттерімен, қажеттіліктерімен, адамгершілік қасиеттерімен, моральдық және эстетикалық идеяларымен, ойлаудағы ерекшеліктерімен, эмоцияларымен, ерік-жігерімен анықталатын қасиеттер жиынтығы деуге болады.

Демек, жеке тұлға – өзінің мінез-құлқымен, темпераментімен, физиологиялық қасиеттерімен ерекшеленеді және қоршаған ортамен үнемі белсенді қарым-қатынас жасау процесінде қалыптасады екен.

Сонымен, жеке тұлғаны тек жеке адамның адами ерекше қасиеттерінің жиынтығы деп түсінуге болады.

Қазіргі педагогика жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеудің тек объектісі ғана емес, субъектісі ретінде зерттейді. Философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге сүйене отырып, жеке тұлға туралы біз:

біріншіден, жеке тұлға – «адам» ұғымына қарағанда кең ұғым;

екіншіден, адам жеке тұлға болып тұрмайды, қоршаған ортамен қарым-қатынаста, іс-әрекет барысында қалыптасады;

үшіншіден, жеке тұлға – ол қоғамдық қатынастың тек өнімі емес, оның субъектісі де;

төртіншіден, жеке тұлға – өзіндік ой-толғамы, көзқарасы, пікірі бар, саналы, еңбек және танымдық іс-әрекетке қабілетті дербес адам деген тұжырым түйіндедік.

Жеке тұлға ұғымының мәнін біршама аштық, енді осы жеке тұлғаның даму мәнін қарастыруға көшеміз.

Адамзаттың прогрестің, әрбір жеке тұлғаның дамуындағы негізгі қозғаушы күш шығармашылық болып табылады.

Ал мектеп табалдырығын аттаған баланың негізгі әрекеті оқу әрекеті болғандықтан оның шығармашылық сипатта болуының мәні зор. Өйткені шығармашылық сипаттағы әрекет баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпал ететіні ғылыми тұрғыда негізделген.

Тұлғаның шығармашылығын дамыту жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында ертеден зерттеліп келеді. Егер бұл мәселенің зерттелуіне ретроспективті шолу жасасақ, онда оның әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғанын, «шығармашылық теориясын» жасауға деген ізденістердің аз болмағанын байқаймыз.

Оқушының жеке тұлғасын дамыту үшін ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Ендеше баланың шығармашылығын дамыту мәселесін талдау үшін алдымен «қабілет» ұғымының мәнін ашу керек.

Философияда «қабілет» – жеке тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауына жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық-тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып әрі қарай дамып отырады деп есептейді.

Я.А.Коменский оқыту арқылы балада әртүрлі шығармашылық қабілеттерді қалыптастыруға болады деген идеяны ұсынады.

Қазақ ойшылы Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» атты дастанында барлық қабілеттері дамыған кісіні «толық пішімді адам» дей келе, оған жетудің негізгі жолы білім, ғылым екенін атап көрсеткен. Ол адамның ақыл-парасаты барлық нәрсенің мән-мағынасын түсінуге қабілетті деген пікірді дәлелдейді.

Адамның ақыл-ойын, қабілеттерін дамыту арқылы оны бақыт жолына жеткізу мәселесіне бірнеше еңбектер арнаған Әл-Фараби бабамыз қабілет өзінен-өзі табиғат тудырған қалпында бақытқа жеткізе алмайды, оларды бағыттау, тәрбиелеу, дамыту керек деген құнды пікір айтады.

Ал ұлы Абайдың «Жан қуаты әуелден кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам ол қуатын зорайтады, ескерусіз қалса, ол қуаттар жоғалады, не аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен еш нәрсеге жарамайтын болады. Адам ішіп-жеп тән қуатын ғана ойламай, жан қуатын да жетілдіру үшін қам жеуі керек», – деген тұжырымынан қабілетті дамыту қажет деген кесімді пікірді аңғарамыз.

Ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің «Бақша ағаштары» әңгімесіндегі әкенің балаға айтқан ақылы адамның тағдыры туысынан белгіленбейтіндігін, адамдық қасиеттердің, қабілеттердің қалыптасар жері – өмір талқысы, әрекет ету екенін ескертуі Фараби, Абай пікірлерімен үндеседі.

Қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Қабілетті дамыту үшін адамда тиісті білім жүйесі, икемділік пен дағды болуы керек. Ал, қабілеттілік – адамның өз бейімділігі негізінде, шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасау арқылы қалыптасатын қасиет.

Ресейлік психологияда қабілеттер жайлы ілім біркелкі дамыған жоқ. Мысалы: 1930-40 жылдардың арасында тұлғаға деген тұрпайы социалистік көзқарас қалыптасқан кезде қабілет жайлы мәліметтер психологиядан да, педагогикалық практикадан да алынып тасталған. Тек 50–жылдардың ортасынан бастап бұл мәселе бойынша іргелі зерттеулер жүргізілді.

Қабілет ұғымына психологияда түрлі анықтамалар бар. Ең алғаш қабілет мәселесін көтерген С.Л.Рубинштейн іс-әрекеттің қабілетті дамытудағы ролін нақтылап, қабілеттердің іс-әрекет барысында дамитындығы жайлы теорияның негізін салды.

С.Л.Рубинштейн: «Қабілет әрекеттің талаптарын қанағаттандырады және үлкен жетістіктерге жеткізеді. Ол қасиеттердің синтезі» дейді. Бұдан бөлек психологияда:

1. Қабілет – белгілі бір немесе бірнеше істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әртүрлі жеке қасиеттері.

2. Қабілет – адамның білім алуға қажетті психологиялық ерекшеліктері.

3. Қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті деген анықтамалар кездеседі.

Қабілет мәселесі көптеген зерттеушілердің назарын аударып келді, әлі де өзектілігін жойған жоқ. Кеңестік психологтардың қабілет жайлы еңбектерін шартты түрде 2 топқа бөлуге болады. Біріншілер қабілет мәселесін құрылымдық тұрғыдан талдаса, екінші топ өкілдері қабілетті теориялық негізде зерттейді. Енді сол еңбектердің кейбіреулеріне тоқтала кетейік.

Б.М.Теплов және оның шәкірттері қабілетті жеке адамның психологиялық ерекшелігі деп қарастырып, оның дамуындағы нышанның роліне ерекше назар аударады. Олар қабілет туа пайда болмайды, туа берілетін тек табиғи алғышарттар, яғни нышандар дейді.

Ал А.Н.Леонтьев басқа авторлардың қабілет ұғымына берген анықтамаларына тоқтай келе, оларды дамытудағы әлеуметтік жағдайлардың шешуші ролі ерекше екеніне назар аударуды ұсынды. Ол барлық психологиялық қасиеттер сияқты, қабілеттер де алдыңғы ұрпақ тәжірибесін меңгеруде қалыптасып, дамып отырады деген идеяны алға тартады.

Әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 20.01.04, № 6, Б.1-3

2 Назарбаев Н.Ә. Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылымда // Егемен Қазақстан. 13 қазан 2004 жыл, №225, Б.1-2

3 Заньков Л.В. Умственное развитие и обучение. – М.: АО «Столетие», 1995. – 205 с.

4.Джадрина М.М. Вопросы повышения качества школьного образования. //Материалы международной научно-практической конференции: «Среднее образование в XXI веке: состояние и перспективы развития».-Астана, 2002.-С.15-19.

4 Жұматаева Е.Ө. Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері /п.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.– Алматы, 2003.– 301 б.

5 Қараев Ж.А., Нурахметов Н.Н., Дүйсенбаев Б.М., Жадрина М.Ж., Байжасарова Г.Ж. Дидактические требования к разработке и экспертизе программ, учебников и элементов УМК /сост.– Алматы: Респ. изд. каб., 1998. – 54 с.

6 Джон Локк Толеранттылық туралы хаттар. *кіріспе, синтез және жазбалар Леонидас Монтес, Фернандо Роблес Отеро басылымы.* Мехико қаласы. Мексика. -2009

*М.Б. Юнусов,
Silkway Халықаралық университетінің вице президенті
Шымкент қ.*

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН АРТТЫРУ

Ғылымның кез келген саласы (математика, физика, химия, тарих және т.б.) білім берудің қалыптасқан айқын жүйесі болып табылады және жүйе ретінде оның, әрине, ішкі құрылымы, құрылысы бар, олар өзара тығыз байланысты әртүрлі элементтердің бірлігінен тұрады. Оқу пәні дидактикалық тұрғыда қайта жасалған ғылым материалы болып табылады. Сондықтан оқу пәнінің құрылымы мүмкіндігінше ғылым құрылымын көрсетуі керек. Әр пәннің құрылымында ұғымдар, гипотезалар, заңдар, ережелер, принциптер және т.б., сондай-ақ арнайы дайындық барысында пайда болатын шеберлік пен дағды көрінеді. Бұл білім мен шеберліктің болашақ маман үшін маңызы зор екені сөзсіз және оның болашақ кәсіби білімі мен практикалық қызметінің сапасын арттыра түседі. Мұның барлығы белгілі бір жағдайда болашақ маман даярлаудың ерекшеліктерін көрсетеді және бұл оқу процесінде жүзеге асады.

Біріншіден, білім көлемі пәннің барлық негізгі ұғымдарын, заңдарын, принциптерін және т.б. көрсетеді, бірақ арнайы пәндерді меңгеру үшін қажетті білім ерекше игерілуі керек.

Екіншіден, студенттің білімі, біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру кезеңі мен процесі тиімді әрі қарқынды дамуына мүмкіндік беруі қажет. Студенттің болашақ маман ретіндегі іс-әрекетінің тиімділік тәсілдері практикалық шығармашылықтың дамуына жағдай жасайды.

Үшіншіден, маманның практикалық қызметі күнделікті нақты міндеттерді шешу процесі ретінде қарастырылуы керек.

Л.Рубинштейн: «есепті шешудің жалпы үлгісі есеп шарттарын оны орындау талаптарымен сәйкес келтіру арқылы шешуде ... ал есеп шарттары мен талаптары талдау мен синтез арқылы жүзеге асырылады...», – дейді [1]. Олай болса, кез-келген практикалық есепті шешу анализ бен синтез шеберлігін болжайды, сол негізде нәтижені жобалауға мүмкіндік береді, бірақ барлық теориялық шешімнің «өзіне қажетті жинақтауды қалыптастырудағы алғы шарты болады... Жинақтау – негізгіні бөліп көрсететін анализ және синтез қорытындысы...».

Жинақтай білу, талдау жағдайынан негізгіні бөліп көрсету тәжірибеге және сол тәжірибені қолданудағы білімге негізделеді. Жобаланған қорытынды негізінде жобаланған нәтижеге жеткізетін жүріс жоспарланады. Бұл жерде жалпы, кәсіби және арнайы білімді, білікті және дағдыны шығармашылықпен жүзеге асыру керек. Соған орай, арнайы дайындық деңгейі интеллектуалдық біліктіліктің дамуын қамтамасыз етуі керек. Білімді практика жүзінде қолданудың жалпы дағдысы болып табылатын интеллектуальды шеберлік арнайы дағдының қалыптасу процесіне және оқу үрдісіндегі студенттердің өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыра білуіне де байланысты.

Интеллектуалдық дағдының бастауыш деңгейі шығармашылық қабілетпен тығыз байланысты. Физика-математика циклындағы пәндер шығармашылық қабілетті дамытудың бай мүмкіндіктерін береді. П.Л.Капица былай деп жазады: "Жаратылыстануда жастардың жалпы ғылыми шығармашылығын тәрбиелеу үшін ең қажетті пәндер математика, физика болып табылады" [2]. Оқу барысында студенттердің өзіндік оқу әрекеті негізінде пайда болған интеллектуальды шеберлік болашақ маманның шығармашылық мүмкіндігін арттыруға көмектеседі.

Оқып-үйрену нәтижесінде қалыптасқан білім, білік және дағды сапасының негізгі критерийлеріне қарап қолданылған әдіс пен тәсілдің тиімділігі туралы айтуға болады. Дидактикада бұл мақсатта білімнің, біліктің дағдының көлемі, жүйелілігі, ұғынылуы, беріктігі, қолданысы пайдаланылады.

Көлем (мөлшер) студент меңгерген білімнің сапалық сипаттамасынан тұрады да, оған факт, ұғым, заң, ереже, т.б. кіреді. Білім көлеміне сонымен бірге бағдарламада берілген барлық тәжірибелік және эксперименталдық фактілер, принциптер, әдістер жатады. Білім көлемінің жеткіліктілігі сапалы оқудың негізі болып табылады. Студент білімінің, оның ойлау қабілетін дамытудағы ролі зор. Ойлау қабілеті шығармашылық процесс, бірақ ... іздеу бос жерде болуы мүмкін емес" [3].

Жүйелілік ғылыми теория құрылымындағы білім орнын анықтауды ескереді. Мұнда білім өзінің тұрақты қызметін атқарады. Білімді меңгеруді ұғымдар арасындағы байланыс жүйесінсіз елестетуге болмайды, "тек байланыс (заттар қатынасы) әр танымның нақты мазмұнын, соның ішінде оқу барысында жүзеге асырылатын таным мазмұнын көрсетеді" [4].

Егер өзіндік жұмыстарында студент материалды жүйелі түрде қабылдайтындай етіп ұйымдастырса, оқылатын пәннің мазмұны кездейсоқтыққа әкелмейді. Мұндай жүйенің әр элементі, оның әр тәуелділігі өзінің қайталанбас ролін көрсетеді.

Өзіндік оқу іс-әрекеті студенттен елеулі білім жүйесін тұрақты бекіту мен оны қолдана білуді қажет етеді. Әр оқу пәні базалық, тіректі болып табылатын білім жиынтығынан тұрады. Бұлар пәннің негізін құрайды және студент есінде берік сақталуы керек. "Бізге жаттаудың керегі жоқ, бірақ бізге әр студенттің зердесін негізгі фактілер арқылы жетілдіру керек" [5]. Тіпті ең қарапайым есепті шығарудың өзі студент зердесінде кейбір білім жиынтығының болуын қажет етеді, бірақ қандай да бір болмасын ережені, заңды, т.б. тікелей пайдалану қажет болған қарапайым жағдайлардың өзінде анықтағыштарды қолдануға болады. Осыдан кейде негізгі білімді алдын-ала есте сақтаудың қажеті жоқ деген жалған пікір пайда болады. Бірақ мұндай жағдайларда оқушы формуланы түсінбей қолдануы мүмкін, ал сыртқы ұқсастығы жағынан ол есепте берілген шамамен байланысты. Зерттеу, есептерді шығару барысында базалық заңдарды, теңдеулерді, т.б. білмеу шығармашылық ойлау қабілетін дамыту үшін едәуір кедергі болып табылады.

Білімді ұғыну студенттің оқылған материалды түсініп қабылдауын қажет етеді. Ол оның тақырыпты терең түсінуін, материалды дұрыс жеткізе білуін, әртүрлі жағдайларда оны тани білуін, негізгі мен екінші дәрежедегіні айыра білуін, өз білімін құбылыстарды түсіндіру үшін немесе есеп шығаруда пайдалануды негіздеуін қажет етеді.

Түсінуді қалыптастыруды ең қарапайым есептерден бастау өте маңызды.

Тәжірибе көрсеткендей, түсініктілік бұл жерде үстірт, студент білімді интуитивті немесе сыртқы ұқсастығына қарай қабылдайды, өз ісіне нақты түсінік бере алмайды. Тапсырмаларды білім алушылардың дайындық деңгейін ескеріп беру керек. Бұл туралы Н.К.Крупская былай деп жазады: «Ең күштілерге оларды алға алып кете қоймайтын, тек олардың білімдерін тереңдететін, білім сапасын жақсартатын тапсырма беру керек» [6].

Білім беру мазмұны аясында студенттерінің өзіндік оқу жұмыстарын белсендіру проблемалары М.Г. Горюновтың осы мәселеге арналған зерттеулерінде жан-жақты талданып келтірілген [7].

Студенттің өзіндік жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыруы білімді танымдық және практикалық шығармашылықта қолдану шеберлігін көрсетеді. Ол студенттің өз білімін тек таныс жағдайда ғана емес, таныс емес жағдайларда да немесе есеп шартын аздап өзгерткен жағдайда қажет етілетін іс-әрекет ретінде көрінеді. Физика-математика пәндері бойынша білім қолданысы теориялық білімді әртүрлі қиындықтағы оқу есептерін шығару барысында қолдана білуінде көрініп, нақты құбылыс пен процестердің, тәжірибе мен бақылаудың қорытындыларын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Бұл "көрсеткіштерді меңгеру деңгейіне қарай айыруға болады". Әр деңгейде қаралатын сапаға пән ерекшелігіне, оның мамандықпен қатысына басқа да талап жүйелері қолданылады.

Біздің жүйелі жүргізген зерттеулеріміз бастауыш мектеп дидактикасында меңгерудің төрт деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, олар студенттердің өз бетімен білім алуын жаңғырта отырып, шығармашылықпен қолдана білуін талап етеді.

Меңгерудің бірінші деңгейі. Студент меңгеру объектісін танып, айырып қана қояды, олар туралы түсінік алады. Бұл деңгейдегі білім оны берудің материалдық түрінде көрінеді (тақтаға формулалар жиынтығы жазылады, бір түрлі ұғымдар ішінен қажетті дұрыс анықтама алынады және т.б.). Білімді меңгерудің мұндай деңгейі болашақ маман үшін қанағаттанарлық бола алмайды.

Меңгерудің екінші деңгейі – бұл білімнің зердеде жете түсінілген және қабылданған түрі. Мұндағы өзіндік жұмыс білімді жаңғырта білуде меңгерілген ақпаратты қарапайым есеп шығару барысында қолдана білуде көрінеді. Маманның дайындық деңгейінің мұндай деңгейі төменгі деңгей деп есептеледі.

Бұл деңгейде білім көлемі төмендегідей шеберліктерді талап етеді:

- ұғымға, көлемге, заңға, теоремаға, ережеге анықтама беру;
- қарапайым құралдар мен қондырғылар тетігін, құбылыстарды, тәжірибені, суреттеуді, жаңғырту әрекеттілігі.

Білім есептің жауабын табу тәсілдерін реконструкциясыз меңгеру арқылы қолданғанда көрінеді.

Білімді түсіну (ұғыну) интерпретация жасай білуде көрінеді. Бұл деңгейдегі білім жүйелілігі олардың бытыраңқылығына, бір параграф шеңберінде қолданылуына байланысты қалыптаспайды.

Меңгерудің үшінші деңгейі – ұғымдарды, ұсыныстарды, қасиеттерді жинақтауды, білімді практикалық жағынан қолдана білуді қажет етеді.

Бұл деңгейдегі білім көлемі теорияның негізгі қағидаларымен, оны қолдана білу деңгейінің көлемімен анықталады.

Білім жүйелілігі бір тақырып шеңберіндегі локальды білім жүйесін бөліп көрсете білу мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Білімді ұғыну алынған білімдер арасындағы байланысты түсіну, негізгі гипотезаларды, заңдарды, эксперимент тәжірибелерін түсіндіру мен негіздеу сияқты басты белгілермен көрінеді.

Іс-әрекет ету есепті жаңа субъективті жағдайға сай, ақпарат алу шеберлігі арқылы көрінеді. Бұл міндетті орындау үшін білім мен тәсілдерді пәнаралық және пәнішілік жағдайларға көшіру жүзеге асырылады.

Білімді меңгерудің бұл деңгейі білім мазмұнын толық меңгеру мен оның қолданылуының варианттылығын көрсетеді. Арнайы дайындықтың бұл деңгейін орта деңгей деп есептеуге болады.

Меңгерудің төртінші деңгейі – еркін байыптау және дерексіз ғылыми символика деңгейі. Бұл жаңа жағдайларды нысана етуге және жаңа, принциптік тұрғыдан өзгеріс– әрекет, бағдар жасауға мүмкіндік береді.

Бұл деңгейдегі білім дәрежесіне таным әдістері де енгізіледі. Білім жүйелілігі барлық бөлім бойынша білім жүйесін бөліп көрсетумен, оны салыстырумен сипатталады.

Білімді ұғыну заңдарды, теорияны негіздей білу, олардан қорытынды жасау, құбылыстар мен заңдарды, теорияны қатыстыра отырып түсіндіру, білімді қолданудың дұрыстығын негіздеу, сөйтіп, шығармашылық есептерді шешумен толықтырылады.

Білім сапасы бағдарламалық білім мен дағдының кең көлемділігімен сипатталады. Арнайы дайындықтың бұл деңгейін Бастауыш деңгей деп есептеуге болады.

Болашақ маманды арнайы дайындау мазмұнына енетін білім, білік және дағды таным шығармашылығы негізінде Бастауыш оқу орнындағы сабақтың барлық түрлерінде қалыптасады. Оқу процесінің әр түрінің өзіндік ерекшелігі бар. Барлық жағдайлар үшін ортақ қасиеттер ретінде студенттің шығармашылық дербестігін дамытатын, білім, білік және дағдысын қалыптастыратын құралдар мен әдістерді қолдану талап етілетіндігін атап айтуға болады.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыра білуі, танымдық дербестігі зерттеушілер тұлғаға тән қасиет деп түсіндіреді. Сондықтан студенттердің өзіндік оқу іс-әрекеті концепциясын қалыптастырудың негізі тұлға ұғымының құрылымы мен құрамы болып табылады.

Тұлға проблемасы өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап ғалымдардың назарын аударып бастады. Оны зерттеу әртүрлі жолдармен жүргізілді. Бір топ ғалымдар зерттеуді өздерінің әр түрлі теориялық білімдері негізінде жүргізгендіктен, тұлға және оның құрылымы ұғымының анықтамасы да әр түрлі беріле бастады, бұл өз кезегінде тұлғаны дамыту туралы анықтамалардың көбейе түсуіне әкелді. Ал екінші бір топ ғалымдардың зерттеулері үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру шарттарын іздеуге бағытталды.

А.Н.Леонтьевтің еңбектерінде [8] тұлға дамуының жаңа негіздері қалыптастырылды. Мұнда тұлға әлемге деген қоғамдық көзқарастардың табиғи жиынтығы ретінде қарастырылады және мұндағы қатынастар көп салалы қызметтің жиынтығы түрінде жүзеге асырылады. Бірақ тұлға ұғымына деген бұл жаңа көзқарас толық бола алмайды, себебі мұнда қоғамның жеке тұлғаға тәуелділігі, тұлғаның әлеуметтік құбылыстарға әсері ашылмаған.

Бұл жағдай тұлғаны зерттеудегі жаңа бағыт болып табылатын А. В. Петровскийдің жетекшілігімен жүргізілген ғалымдар зерттеулерінде ескерілді. Олардың ойынша, тұлға ұғымы төмендегідей үш ерекшелікті ескергенде ғана түсінікті болуы мүмкін: интратұлғалық, интертұлғалық және метатұлғалық.

Интратұлғалық әдісте тұлға жеке тұлғаға тән, одан бөлінбейтін қасиет ретінде қарастырылады, дербестік тұлғаның болмысына тікелей қатысты деп есептеледі. Интертұлғалық әдіс дербестікті тұлғаның болмысынан бөліп, оны тұлға аралық байланыс кеңістігінде қарастырады. Метатұлғалық әдіс тұлғаны тек дербестік объектісі шеңберінен шығарып қана қоймайды, сонымен бірге тұлғаны басқа тұлғамен байланыста қарайды, сөйтіп оны басқа тұлғалардың болмыстық кеңістігіне енгізеді. Тұлға субъектісінің басқа тұлғаға әсері, сонымен бірге, субъектінің өзіне деген үлесі болып табылады. Бұдан тұлға қалыптасуының маңызды шарттарының бірі тұлғаны басқа тұлғалармен әр түрлі байланыста қарау болып табылатынын көруге болады, себебі тек тұлға аралық байланыстар арқылы ғана адамның өзіне "басқа адам" ретінде қарауы қалыптасады, бұл өз кезегінде тұлғаның өзіне басқаларға және басқа да әр түрлі құбылыстарға деген көзқарасын өз бетімен реттеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Рубинштейн С.Л. О мышлении и путях его развития. –М.: АПН РСФСР, 1958. –247с
2. Капица П.Л. Эксперимент. Теория. Практика. –2-е изд. испр. и. доп. –М.: Наука, 1977. –351с.
3. Сохор А.М. Логическая структура учебного материала.–М.: Педагогика, 1974. –192с. 25с.
4. Арстанов М.Ж., Пидкасистый П.И., Хайдаров Ж.С. Проблемно-модельное обучение. – Алма-Ата: Мектеп, 1980. -207с
5. Пидкасистый П.И. Проблемное обучение: понятие и содержание . Аспекты логико-гносеологический и психолого-дидактический. – Вестник высшей школы, 1977, № 12, с.33-40. 38с.
6. Крупская Н.К. –Методика задавания уроков на дом.– Пед. соч., т.3, с.561-580.
7. Гарунов М.К. Исследования по проблеме активизации самостоятельной работы студентов в вузах страны.–М.: НИИВШ, 1976. – 65 с.
8. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975. – 304 с.

2-СЕКЦИЯ

ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ: ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН БАҒДАРЛАР

ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ: ЦЕННОСТИ И ОРИЕНТИРЫ

SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION OF YOUTH: VALUES AND GUIDELINES

*Е.В. Карпова, А.В. Невзорова,
Ярославский государственный педагогический университет
им. К.Д. Ушинского, г. Ярославль, Россия*

ОРИЕНТИРЫ ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ В РОССИИ И ЗА РУБЕЖОМ

В мировой практике нравственное развитие и формирование личности происходит главным образом под влиянием наиболее важных социальных институтов: семьи, церкви, школы [1]. В результате исторической практики первые два звена в российском обществе, да и во многих зарубежных странах, за редким исключением, оказались значительно ослаблены. Наиболее массовым институтом воспитания, охватывающим всех детей и подростков практически во всех странах мира, остается школа. Именно благодаря массовости и всеобщности возрастает ее значимость как инструмента влияния на общественное сознание, трансляции базовых национальных ценностей и формирования граждан своей страны.

Современные национальные образовательные системы во всем мире сходятся в необходимости решать задачи воспитания молодежи, признавая воспитательную функцию школы первостепенной в сложившихся социокультурных условиях. Изначально школа была не только средоточием знания, но и социальным институтом, гарантом стабильности развития общества, выполняющим функцию преемственности поколений, воспроизводства социальных норм, устоев, уклада жизни. России исторически присуще светское воспитание, осуществляющееся через школу. Учебные заведения в России, большинстве стран Запада, Индии, Китае, Японии отделены от церкви и религии. В этих государствах признается свобода вероисповедания и религиозного образования. Некоторые негосударственные школы учреждаются религиозными конфессиями. Светскость в школах Запада не предполагает запрета на религиозное образование. В США уроки религии могут проходить как в школе, так и за ее пределами. В Англии и Германии богословие носит элективный характер. В странах Востока имеют место другие тенденции во взаимоотношениях школы и религии. В большинстве государств исламского мира школа наряду с формированием научного мировоззрения несет в массы и религиозные взгляды, а мусульманское образование является обязательным. Перечислим некоторые ориентиры нравственного воспитания молодежи наиболее передовых стран в области школьного массового образования.

В США школьное воспитание осуществляется с позиции двух подходов: патернализма, воспитания в условиях требовательности, строгости и предоставления свободы. Большое значение в американских реалиях воспитания имеет так называемое коммуникативное воспитание, направленное на достижение двух главных целей: формирование познавательного (когнитивного) и эмоционального (аффективного) общения наставника и воспитанников. Нравственное воспитание направлено, прежде всего, на освоение искусства жить в гармонии с окружающими, а в случае неизбежных разногласий с достоинством выходить из конфликта без ущерба для себя и окружающих.

Педагоги Западной Европы придерживаются необходимости определенных регламентаций, поощрений и наказаний, но вместе с тем, возражают против жестких форм педагогического воздействия. В учебных заведениях Западной Европы традиционно сильны традиции гуманного воспитания. Достижение высоких целей воспитания, однако, далеко от осуществления. Британский ученый Дж. Холден отмечает наличие в школах немалого количества педагогов, формально относящихся к своим обязанностям наставника.

В педагогике Японии воспитанность – понятие многозначное, оно включает уважение к человеку и природе, эмпатию, поиск истины, способность ощущать прекрасное, самоконтроль, содействие общественному благу. Главным условием нравственного развития и формирования личности считается самовоспитание, для чего детей приучают к волевой концентрации. Особенность школы Японии – групповое воспитание, направленное на формирование ответственности, товарищества: реализуется идея общинного нравственного воспитания.

Успех нравственного воспитания в школе обусловлен целым рядом факторов, например, особенностями ценностных ориентиров родителей и семейного воспитания, единством установок школы и семьи, воспитательной системой школы, спецификой межличностных отношений в детском коллективе, а также, несомненно, влиянием личности педагога. Для учителя школы по любому школьному предмету основным источником нравственного развития и формирования личности является урок. Урок в течение всей школьной жизни человека выступает в качестве единой, нравственно развивающей и формирующей доминанты. Нравственная обстановка на уроке – это сильнейшая формирующая среда, которая должна рассматриваться как важнейший инструмент, педагогическое средство учителя в достижении целей нравственного развития и формирования личности [2]. Согласно широко известному исследованию Д. Хэтти, наиболее существенными аспектами влияния педагога являются ожидания учителя, его представление о преподавании, учении, успехах в учебе и учениках, открытость учителя, психологический климат в классе, ясные и четкие формулировки критериев успеха и оценки достижений, поощрение усилий школьников, вовлечение в учебную деятельность всех учащихся [5]. Сама личность педагога выступает для учеников в качестве эталона нравственной воспитанности и образца нравственного поведения. Необходимо обозначить и конкретные критерии нравственной культуры личности [2], которые можно сгруппировать следующим образом:

- принятие норм морали, ориентация на нравственное поведение, способность к нравственному выбору (личность, свободная в выборе нравственных убеждений, на направленных против общества; свободная в мировоззрении; приверженная демократическим ценностям; законопослушная; терпимая к нравам и обычаям других людей);

- направленность на благополучие себя и окружающих (личность, способная сочетать личные интересы с благополучием окружающих; доброжелательная, способная сопереживать; внимательная к окружающим, к нуждающимся в помощи и поддержке; обладающая чувством справедливости, умеющая слушать и слышать других; способная радоваться успехам других людей, быть благодарной, обязательной);

- направленность на саморазвитие (личность, стремящаяся к нравственному, эстетическому, общеобразовательному самосовершенствованию; культурная, осознающая себя частью культуры общества, испытывающая потребность в сохранении и приумножении культуры; испытывающая любовь и уважение, чувство признательности родным, матери, Родине);

- нравственная зрелость (личность, способная к нравственному самоанализу, духовно богатая, интеллектуально развитая; предприимчивая, инициативная, самостоятельная, ответственная, неравнодушная; характеризующаяся гражданственностью, целеустремленностью, настойчивостью в поиске, достижении целей).

Сейчас мы переживаем период стремительных изменений. Много появляется суждений о необходимости инноваций, непригодности старого опыта в новых условиях. Не можем не согласиться с тем, что современной школе необходимо меняться, готовить детей к освоению навыков 21 века, осваивать новые технологии и учитывать специфику современных социокультурных условий. Но отказаться от духовного наследия народа совершенно невозможно, напротив, именно оно дает возможность сохранить национальную идентичность, остаться самими собой, иметь твердую основу для понимания целей и ориентиров национального и общественного развития. В «Концепции духовно-нравственного развития и воспитания гражданина России» современный период характеризуется как этап, на котором необходимо учитывать преемственность современного национального воспитательного идеала по отношению к национальным воспитательным идеалам прошлых эпох, духовно-нравственные ценности, внешние и внутренние вызовы, стоящие перед нашей страной. Раскрывая систему духовно-нравственных ценностей, обратимся к еще одному документу – фундаментальному ядру содержания общего образования, где сформулированы базовые национальные ценности, систематизированные в группы по источникам нравственности и человечности, областям общественных отношений, деятельности, сознания, опора на которые позволяет человеку противостоять разрушительным влияниям, продуктивно развивать свое сознание, жизнь, систему общественных отношений [3]. Система традиционных источ-

ников нравственности представлена развернутыми характеристиками, в обобщенном виде концентрирующимися вокруг следующих понятий: патриотизм, социальная солидарность, гражданственность, семья, труд и творчество, наука, традиционные российские религии, искусство и литература, природа, человечество. В русле этих идей в Федеральных образовательных стандартах сформулирован «портрет выпускника»: любящий свой народ, свой край и свою Родину; уважающий и принимающий ценности семьи и общества; любознательный, активно и заинтересованно познающий мир; владеющий основами умения учиться, способный к организации собственной деятельности; готовый самостоятельно действовать и отвечать за свои поступки перед семьей и обществом доброжелательный, умеющий слушать и слышать собеседника, обосновывать свою позицию, высказывать свое мнение; выполняющий правила здорового и безопасного для себя и окружающих образа жизни [4]. С нашей точки зрения, эти формулировки должны восприниматься учителями как целевые установки воспитания, несущие глубокий смысл и выступающие в качестве главного ориентира всей воспитательной работы, составляя основы содержания воспитания.

Образование объединяет реализацию целей личности, общества и государства. Оно нацелено в будущее, это опережающее отражение действительности. Важно, чтобы будущая действительность сохранила черты национального воспитательного идеала. Школа своей систематической работой в формировании личности, души и интеллекта ребенка способна выработать иммунитет к безнравственным явлениям, дать направление самостоятельному развитию личности и идеалам человечности.

Литература:

1. Джурицкий А.Н. Сравнительная педагогика. – М.: Юрайт, 2014. – 440 с.
2. Ежеленко В.Б. Новая педагогика массовой школы. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2005. – 466 с.
3. Фундаментальное ядро содержания общего образования / Рос. акад. наук, Рос. акад. образования; под ред. В. В. Козлова, А. М. Кондакова. 4-е изд., дораб. М.: Просвещение, 2011. 79 с.
4. Федеральные государственные образовательные стандарты URL:<https://fgos.ru/> (дата обращения 01.03.21)
5. Хэтти Джон А.С. Видимое обучение: синтез результатов более 50 000 исследований с охватом более 86 миллионов школьников/ Джон А.С. Хэтти ; под ред. В.К. Загвоздкина, Е.А. Хамраевой. – М.: Издательство «Национальное образование», 2017. – 496 с.

*Л. Ангелова, Б. Ангелов,
Софийский университет «Св. Климент Охридский»,
Факультет науки, образования и искусства*

ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ СМИ И ИСКУССТВОМ В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ COVID-19

1. Introduction: civic engagement and sustainability in higher education

In academia, there is a growing attention over the role played by higher education on the socio-economic development of the communities in which they operate. According to the Principles for Responsible Management Education (PRME), higher education institutes are encouraged to shape the leaders of tomorrow by endorsing the values of social responsibility as promoted by the UN Global Compact and fostering the principles of sustainability as defined by the Sustainable Development Goals (SDGs). The core objective is to extend the traditional functions of the university, namely teaching and research, to include also activities aimed at directly engaging the academic world with civil society, thus turning university from an «enclave of learning» into a ‘key element of the city.’ [1]

Although there are different opinions on the matter, the raising perspective is that the higher education engagement with civil society should not be viewed as a merely «preferable option», but rather as a complementary function that reciprocally supports and strengthens the core mission of the university itself. [2] To accomplish such result, Goddard et al. (2016) identify seven key areas of intervention, which are:

1. the creation of a sense of purpose to solve the problems affecting civil society;
2. the support to an active engagement with individuals, institutions and groups from the local, regional and national communities in which the university operates;
3. the acceptance of a holistic approach where the development of civil society is an integrated and interrelated factor within the mission of higher education institutes;
4. the promotion of a sense of place aimed at keeping into account the specific features of the surrounding environment;
5. the willingness to invest in impactful projects and activities;
6. the use of an accountable and transparent approach based on specific benchmarks and measurable performance indicators;
7. the opening to innovative methodologies in order to maximize the achievable benefits. [3]

Despite some remarkable initiatives – such as, for example, The Sustainable Narxoz-2030 Strategy or The Academy of NGOs promoted by AlmaU – up to now, the higher education engagement with civil society is still extremely constrained in Kazakhstan. Only a few stand-alone initiatives got adequate public recognition and support. As a result, there is an urgent need to identify a model for transforming the higher education system so that it might produce direct and indirect benefits to the whole society. In this regard, one of the key challenges is how to create a cohesive system in which the principles of civic engagement and sustainability

might be pro-actively included in higher educational programmes. This article briefly examines the matter by critically assessing the new module on civil society and sustainability that AlmaU School of Politics and Law will introduce in the programme International Relations and Economics for the academic year 2021-22. Without the ambition to provide a blueprint valid for all, this section aims to simply offer an example about how to structure a coherent and cohesive academic module on civil society and sustainability that might offer students both theoretical knowledge as well as practical skills.

2. Case study: the module on civil society and sustainability at Almaty Management University

The School of Politics and Law of Almaty Management University is working on the promotion of civic engagement and sustainability through a number of initiatives. In the last academic year, for example, the school organized an international conference on the theme «Public Trust and Social Capital» with the participation of experts from academia, government and NGOs; it launched the platform «Imagine, visions for a better world», which aimed to spread new ideas about how contemporary society could be re-conceptualized in order to shape a more positive future; and it has directly cooperated in the organization and development of a project called Academy of NGOs, which intends to provide professional trainings to NGOs and CSOs operating in Kazakhstan.

From an educational perspective, the school already offered a course in sustainable development for students of regional studies as well as a course of service learning for all students studying at AlmaU. Concerning the course of sustainable development, the idea was to introduce students with the basic principles of sustainability and guide them toward the development of small projects that could contribute to the realization of the Sustainable Development Goals. About the course of service learning, students got the chance to learn more about the meaning of civic engagement and, even more important, they had the opportunity to give their personal contribution to the development of Kazakh civil society by practically cooperating with local NGOs in the realization of small projects. Among the successful projects developed by students it is possible to mention here:

- *+1 Happy Day for Orphans*: nine students organized a fundraising campaign on Instagram and used the collected resources to prepare gift boxes, with candies and Christmas cookies, for the orphans of Almaty Regional Orphanage 1;
- *Give Warmth*: eleven students gave help one hundred fifty homeless people of the Almaty City Center for Social Adaptation by providing them food and warm clothes;
- *CharitAble*: thirteen students organized an eco-tourism trip at Medeo with twenty-two children from «Amanat», social care home for children.

These laudable initiatives provide a concrete impact on Kazakh civil society, they enhance the spread of positive knowledge, skills and values, and they foster the attention on current problems affecting the local communities. As minor, from an educational perspective, these are independent precious initiatives which, nonetheless, suffer from the lack of a cohesive framework of intervention. For this reason, the School of Politics and Law decided to intervene on such a gap by launching for the next year an educational module on civil society and sustainability.

This new educational module is developed as a pilot project for the students of international relations and economics that will begin their studies in the academic year 2021-22. If successful, the module will be successively extended to the whole bachelor programmes of AlmaU. The core idea of the module on civil society and sustainability is to provide a coherent, reasoned and structured path of engaging educational activities focused on the development of civil society and the implementation of the sustainable development goals. Through the module students will acquire those knowledge, technical competency, soft skills and values that will allow them to successfully operate in the field of civic engagement and sustainability. After the completion of the module, students will have the capacity to operate as socially responsible leaders, regardless of the professional career they intend to pursue.

The module consists of five courses, which are going to be delivered from the 1st to the 3rd year of study. Table 1 provides some basic information about these courses. Multiple benefits for diverse beneficiaries might be achieved through the implementation of this module. First, this module offers students the possibility to turn into informed citizens by getting a better understanding of Kazakh civil society, to embrace a sustainable approach of life thanks to the acquired in-depth understanding of the sustainable development goals, and to learn market-demanded technical skills through practice on the field. Second, this module offers AlmaU the opportunity to enhance its contribution to the development of civil society through the implementation of impact-oriented projects, the cooperation with local communities and the transfer of knowledge in accordance with the PRME strategy. Third, this module offers civil society the opportunity to receive practical support from students' activities and to strengthen its relation with the academic world. Hence, as a whole, this module offers a win-win-win approach where all those engaged might receive some benefits.

Table 1. Module on Civil Society and Sustainability. Source: author.

SUBJECT	CREDITS	SEMESTER	BASIC EXPLANATION
Human Rights and Civil Society	3 ECTS	1 st year, Fall semester	Introduce the concept of civil society and the respect of fundamental human rights.
Service Learning	3 ECTS	1 st year, Spring semester	Engage students in the realization of practical projects in cooperation with NGOs and CSOs.
Sustainable Development: Principles and Practice	3 ECTS	2 nd year, Spring semester	Introduce students to the basic principles of sustainability and the main strategies for their effective application in diverse fields.
Sustainable Economy	3 ECTS	3 rd year, Fall semester	Introduce students to the principles of sustainable economy and how to foster progress without growth.
Fundraising and Project Development for Civil Society Organizations	5 ECTS	3 rd year, Spring semester	Explain students the basics principles of fundraising and project development in order to apply them on cases involving civil society organizations.

As for all new approaches, there are some challenges and risks associated with the realization of this educational module. Three of them are particularly relevant in terms of impact and probability:

- A lack of interest among AlmaU students (high impact; medium probability);
- A scarce support by AlmaU faculty members (medium impact; medium probability);
- A lower-than-expected impact on Kazakh civil society (medium impact; high probability).

These are serious risks that need to be addressed by planning diverse preventive and mitigation measures. Hence, the project will need to be supported by an engaging storyline, a system of incentives aimed to stimulate a renewed cooperation with civil society, and a valid mechanism for quantitatively and qualitatively assessing the achieved results. Nevertheless, on the whole, the expected benefits largely outweigh the possible risks.

3. Conclusion

Higher education institutes of Kazakhstan need to evolve if they want to survive in the highly competitive world of academia. As popularly claimed in the comic book Spider-Man, ‘with great power comes great responsibility.’ [4] Nowadays, university has a responsibility not only to provide high quality teaching and foster scientific research, but also to offer a positive contribution to the socio-economic development of the communities in which they operate. This new mission can be realized through a diverse set of actions. However, it is important to create a cohesive system among teaching, research and civic engagement in order to maximize the long-term impact on society.

The implementation of an educational path focused on civil society and sustainability is one step forward in the realization of such an objective. As a pilot project to be realized in the framework of the School of Politics and Law for the students of international relations and economics, it entails low costs and only a few acceptable risks. As benefits, such action would plausibly support AlmaU commitment to the United Nations Academic Impact, it would offer better chances to enhance AlmaU engaging activities with civil society, and it would increase students’ performances by providing appreciated knowledge, skills and values.

References:

1. Munck, R., Civic Engagement and Global Citizenship in a University Context: Core business of desirable add-on? – *Art & Humanity in Higher Education* 9 (1), 2010. – 36 p.
2. Nelles, J. and Vorley, T., From policy to practice: engaging and embedding the third mission in contemporary universities. – *International Journal of Sociology and Social Policy* 30 (7-8), 2010.
3. Goddard, J., Hazelkorn, E., Kempton, L. and Vallance, P., *The Civic University: The Policy and Leadership Challenges*. Cheltenham: Edward Elgar Publishing, 2016. – 312-320 p.
4. Priest, C. and Bright, M., *Spider-Man Versus Wolverine*. Marvel Comics 1 (1), 1987.

*А. Алмат,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Өзін-өзі тану және гуманды педагогика негіздері мамандығының
I курс магистранты*

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ГУМАНИСТІК ПОЗИЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Білім беруді ізгілендіру бүкіл білім беру жүйесінің маңызды сипаттамасы болып табылады. Ізгілендіру – мұғалімдер де, оқушылар да өздерінің шығармашылық тұлғаларын дамыту субъектілері ретінде әрекет ететін жаңа педагогикалық процестің негізгі элементі. Педагогикалық процестің негізгі мәні жеке тұлғаның дамуы болып табылады, оның өлшемі білім беру ұйымының жұмысының көрсеткіші болып табылады. Мұғалімнің кәсіби қызметі әрдайым гуманистік, жалпыадамзаттық принципті қамтиды.

Мәңгілік жалпыадамзаттық мәдениеттің қазынасы ретіндегі адамзат баласының рухани тәжірибесіне, ұлы ойшыл-гуманистердің еңбектеріне тереңдеп еңбестен «ізгілік» ұғымының мәнін жете ұғыну мүмкін емес. Осы тұрғыда көрнекті ойшыл Жүсіп Баласағұнидың адамның шынайы бақытын іздеуге арналған «Құтты білік» кітабы; ұлы ақын, ойшыл Қожа Ахмет Ясауидың ақиқатты танудағы дүниетанымдық көзқарастарын көрсететін «Диуани хикмет» шығармасы; ғұлама ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің «Әлеуметтік-этикалық трактаттарындағы» бақытқа қол жеткізу мақсатындағы адам баласының бірігіне, рухани кемелдікке ұмтылуының жарқын белгісі болып табылады. Сондықтан да ойшыл-гуманистерді адамзаттың Ұлы ұстаздары деп айтқан.

XIX ғасырдың көрнекті қазақ ағартушылары – Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтың ой-толғаулары жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыру жолындағы ғылымды және мәдениетті дамыту қажеттігін әділ көрсетті. XX ғасырдың басында қазақ ағартушылары, педагог-ғалымдары – Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев өз шығармаларында адамгершілік ұғымдар туралы терең ой толғады.

Педагогикалық қолдау көрсету шарттарына және болашақ мұғалімнің гуманистік ұстанымының дамуын айқындайтын факторларға сәйкес педагогикалық қолдаудың мынадай кезеңдері айқындалды:

- диагностикалық – проблеманың фактісі мен сигналын белгілеу, проблеманы диагностикалау үшін жағдай жасау, педагогикалық қолдау көрсету шарттарымен байланыс орнату;
- іздестіру – проблеманың туындау себептерін іздестіруді, оны көрсетуді ұйымдастыру (білім беру субъектісімен бірлесіп); білім беру субъектісінің іс-әрекеттерін жобалау;
- қызмет:

а) іс-әрекет білім беру субъектісінің өзіне беріледі: мұғалім оның әрекеттерін мақұлдайды, ынталандырады, бастаманы қолдайды;

б) мұғалімнің өзі: өзін білім беру субъектісінің орнына қойып, білім беру субъектісіне тікелей қолдау және көмек көрсетеді. [1]

Болашақ мұғалімнің гуманистік ұстанымын қалыптастырудың тиімділігін едәуір қиындататын қарама-қайшылықтар бар: гуманистік ұстанымы бар мұғалімге қоғамның объективті қажеттілігі мен педагогика ғылымында бұл мәселенің жеткіліксіз дамуы арасындағы; мұғалімдердің оқушыларды гуманистік бағытта өзін-өзі тану бойынша ұмтылысы мен университеттегі оқу процесінің ғылыми-әдістемелік жабдықталуының жеткіліксіздігі арасындағы. Білім беру процесінде болашақ мұғалімнің гуманистік ұстанымын қалыптастырудың тиімділігі келесі педагогикалық жағдайлармен анықталады:

- болашақ мұғалімнің балаға білім берудің құндылығы ретінде бағдарлануы;
- өзін-өзі тану мұғалімінің гуманистік әлеуетін өзектендіру;
- болашақ мұғалімнің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқыту технологияларын пайдалану;
- болашақ мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексивті қабілеттерін дамыту.

Гуманизм, адамның жетілмегендігіне қатысты абсолютті кешірім мен қайғыға бой алдырмайтын сияқты емес, сонымен қатар оның шығармашылық әлеуетін өз мүддесі мен қоршаған ортасы үшін еркін жүзеге асыру үшін оған белсенді оң және сындарлы көзқарас. Бұл түсінік мұғалімнің іс-әрекетімен тікелей байланысты, оның міндеті оны одан әрі өзгерту үшін басқаның мінез-құлқына әсер ету, яғни авторитарлық емес, гуманистік педагогикалық әсерді жүзеге асыру деп санауға болады. [2]

Беделділік пен авторитаризмнің түбір сөздер мен сабақтас ұғымдар ретіндегі жақындығы мұғалімнің билік идеясын қиындатты, оған этикалық өлшемдерді ұсынды. Студентті мұғалім олардың

құндылық жүйелері, мінез-құлық үлгілері мен бағалары сәйкес келетініне қарамастан қабылдауы керек.

Гуманды педагогиканың негізгі қағидасы-баланың айналасындағы ортаны ізгілендіру. Сыныпта адамгершілікке толы болмайтын бірде-бір сөз айтылмауы керек. Айтылғанның бәрі дамытушылық және тәрбиелік мәнге ие болуы керек. Сөздердің мазмұны әрдайым түсіндірілмейді, бірақ олардың ішкі мағынасы міндетті түрде балалардың санасына енеді. Ынтымақтастық өнері баяу, біртіндеп жинақталуда. Дамып келе жатқан пәндік орта туралы айту мүмкін емес – бұл жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі. Пәндік орта балаға одан ақпаратты "жинауға" мүмкіндік беруі керек.

Біздің елімізде білім беру жүйесін демократияландыру және ізгілендіру рухында реформалау барлық оқу пәндерін оқытуға қатысты болды. Бұған еліміздің бірінші ханым Сара Алпысқызы Назарбаеваның "Өзін-өзі тану" авторлық білім беру жобасын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу жарқын мысал бола алады. Педагогикалық идеяның дамуының осы кезеңінде руханият пен гуманизмді біріктірудің шұғыл қажеттілігі туындады. Бұрын гуманизм мен руханият екі қарама-қарсы философиялық ұғым болған. Рух ұғымы руханиятпен, адам ұғымы гуманизммен байланысты болды. Енді бұл ұғымдар бірлікте қарастырылады. "Руханият" пен "адамгершілік" ұғымы бір-бірімен байланысты. Олар бірге гуманистік педагогиканың мәні. Осылайша, заманауи мектеп өзін-өзі тану пәнін енгізу арқылы ынтымақтастық педагогикасынан рухани гуманизм педагогикасына келді. Білім беруді ізгілендіру-бұл оқушыға деген адамгершілік (адамдық) көзқарас, ондағы адамды көре білу және оны сол қалпында қабылдай білу және оны "түзетуге", қайта жасауға тырыспау. Жақыныңды сүю. [3]

Гуманистік тәрбие принциптері:

- Мұғалімнің әр оқушыға деген педагогикалық оптимизмі (әр баланың оң бейімділігі, қабілеттері бар)

- Баланың жеке басын құрметтеу. Оқушылардың іс-әрекеттерін талдау кезінде жеке тұлғаны тұтастай қарастыру.

- Адамның барлық әлеуетінің көрінісі (мүмкіндік ретінде адамға тән нәрсені жүзеге асыру)

- Оның психикалық жағдайын түсіну.

- Оқушының тағдырына қызығушылық.

- Мұғалімнің рөлінің өзгеруі (ол – оқытудың фасилитаторы, яғни оқушыларда айналадағылардың ықыласты және қолдаушы қарым-қатынасын табатын оқытуда белгілі бір атмосфераны құрушы);

- Табысқа жету жағдайын жасау.

- Адамгершілік педагогиканың негізгі қағидасы – баланың айналасындағы ортаны ізгілендіру. Сыныпта адамгершілікке толы бірде-бір сөз айтылмауы керек. Айтылғанның бәрі дамытушылық және тәрбиелік мәнге ие болуы керек. Сөздердің мазмұны әрдайым түсіндірілмейді, бірақ олардың ішкі мағынасы міндетті түрде балалардың санасына енеді. Ынтымақтастық өнері баяу, біртіндеп жинақталуда.

- Дамып келе жатқан пәндік орта туралы айту мүмкін емес – бұл жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі. Пәндік орта балаға одан ақпаратты "жинауға" мүмкіндік беруі керек.

Болашақ студенттің педагогикалық категория ретіндегі ізгіліктілігі кәсіби дайындық процесінің мақсатты бағытын және түлектің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды көрсетеді. Болашақ мұғалімнің ізгіліктілігі мәні психикалық салаларды (мотивациялық, интеллектуалдық, пәндік-практикалық, эмоционалды, ерікті, экзистенциалды және өзін-өзі реттеу саласы) сипаттауда жатыр, онда ерте ересек адамның психикасының жас ерекшеліктерімен қатар студенттің қасиеттері мен қасиеттерінің кешені және мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерінің жиынтығы бар оқу және педагогикалық қызметке байланысты. Болашақ мұғалімнің ізгілігі кез-келген басқа ізгіліктен бір уақытта оқу және кәсіби қызмет субъектісінің қасиеттерімен, кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастырумен ерекшеленеді. Болашақ мұғалімнің ізгілігі-бұл психиканың әртүрлі салалары, қасиеттері бір-бірімен байланысты күрделі, жүйелі білім. Бірлік, байланыс, жеке тұлғаның барлық компоненттерінің өзара шарттылығы оған сапалы сенімділік, тұтастық береді. Ізгілік икемділік, динамизм, өзгергіштік қасиеттеріне ие. [4]

Адамзаттың бүкіл тарихы гуманизм әрқашан жеке адамның да, жалпы қоғамның да өмірінде маңызды рөл атқарғанын және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде маңызды орын алғанын көрсетеді. Гуманизм идеялары адамның өмір сүруімен байланысты әртүрлі құбылыстарға қатынасын анықтайды. Олар оның қызметін ынталандырады, бағыттайды және негіздейді. Сондықтан гуманизм идеяларының мазмұны таза академиялық сипатта болмайды. Ол тәжірибеге тікелей бағытталған.

Қоғамдық санадағы гуманизмнің шешуші рөлін бұрын құрылған және рухани және практикалық көшбасшы рөлін талап ететін философиялық, саяси немесе көркемдік бағыттар өздерін гуманизмнің үлгісі деп жариялай алмағандығымен бағалауға болады. [5]

Мұғалімнің кәсіби ұстанымының гуманистік мәні оның табиғи атрибуты болады, бала "мұғалім" функционалды қатынасының объектісі болуды тоқтатқан сәттен бастап – оқушы және адамның барлық алуан түрлілігі мен бірегейлігінде табиғаттың ерекше жоғары туындысы ретінде пайда болады, автономды жеке әлемі бар, оның дамуында биологиялық тұлғадан жоғары рухани тұлғаға дейін жүреді және әлеуметтену және мәдениетке ену процесінде көптеген психологиялық қатынастарды көрсететін жеке қасиеттердің ерекше кешеніне ие болады.

Мұғалімнің гуманистік кәсіби ұстанымы феномені мамандық иесінің жеке өмірін мақсаттармен, жағдайлармен және оның кәсіби қызметінің негізгі объектісімен – баламен байланыстырады. Ол жүйелік логикада адамның жетекші идеясын жоғары құндылық ретінде мұғалім мен баланың тәрбиелік өзара әрекеттесуінің практикалық әдістерімен байланыстырады, бұл "адам-адам" қатынасын олардың өзара өмір сүруінің детерминанты етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Манифест гуманной педагогики. Бушети. Грузия, 2011.
2. Основы гуманной педагогики и самопознания: Учебник /П. Ш. Амонашвили, Г. А. Омарова, Н. Анарбек. – Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2019. – 128 с.
3. Алпысқызы Сара. Өмір әдебі: Әдеби эссе, толғаныстар. – Алматы, 2003. – 104 бет.
4. Ш. А. Амонашвили. Воспитание и образование. Истина школы. – М., 2017.
5. Коменский Я. А. Избранные педагогические сочинения в 2-х т. Т. 2. – М.: Педагогика, 1982.

*А.Ф. Аралбаева, Д.С. Худайбергенова,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Біз ғылыми-техникалық революция дәуірінде өмір сүріп жатырмыз, жасымыз есейген сайын, өмірдің әртүрлі қиындықтарына кезігеміз. Осындай заманда адамдарға ойлаудың ұтқырлығы, үлкен және кіші мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарас талап керек деп ойлаймын. Шығармашылық ақыл-ойы дамыған адамдарға, кез-келген жұмысты құлшыныспен алып кету оңайға соғады. Қазіргі уақытта жас ұрпақты қоғам өмірінің барлық салаларында шығармашылық қызметке дайындауға көп көңіл бөлінеді. Басты мақсат – белсенді, шығармашыл, жаһандық бәсекеге сай, жан-жақты дамыған жастарды тәрбиелеуге басты назар аудару. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «XXI ғасыр жастары, үш тілді жетік меңгерген, белсенді, әлемдік бәсекеге сай болуы керек» деп, өз жолдауында айта кеткен болатын. Басқаша айтқанда, проблемалық жағдайдан шығудың жолын таба алатын, ойланбайтын, стандартты емес шешімдер қабылдай алатын, шығармашылық ойлауға қабілетті адамдар қажет. Осыған байланысты еліміздің белсенді, шығармашыл, жаңашыл ойлайтын жастарды тәрбиелеуде мектептің рөлі артуда.

«Қыран – түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз – шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған талаппен ұрпақтың алысқа ұшатынын меңзеген сияқты. Еліне қорған, ұлтына қамқор болар ұрпақтың қашанда көңілі ояу, айналасындағы өзгерістерге сын көзбен қарай білуі, пікір, қорытынды айтып, шешім қабылдай алуы қажет-ақ. Міне, бұл биік – оқушының шығармашылығы арқылы келетін іс. Ендеше оқушыларды шығармашылыққа баулуды алғаш мектепке келген сәттен бастап-ақ қолға алу керек.

Баланың шығармашылық қызметін, ұлттық мәдениеті мен рухани құндылықтарын тәрбиелеу ана тілі арқылы жүзеге асырылады. Бұл пәннің мәні туралы Ж.Аймауытов былай дейді: "Оқытылатын пәндер – бәрін білетін және білетін барлық адамға қажет ана тілі екені даусыз. Ана тілін жақсы білместен, басқа пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілін үйрену – бұл сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдылықтарын білу ғана емес, сонымен бірге бала сансыз ұғымдарды, ойларды, сезімдерді, тіл заңдылықтарын игеретін тілді үйрену". Ана тілін оқыту арқылы шығармашылық белсенділікті қалыптастыру дегеніміз-өмір шындығында өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылу, іздеу. Осыған байланысты В.В. Давыдов: "Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттер оқу іс-әрекетінде көрінеді, даму өнімі-оқуға деген ұмтылыс, мотивация", – деп атап өтті. Шығармашылық әр баланың табиғатында болуы мүмкін [1].

2010-2011 оқу жылынан бастап бастауыш мектептер жаңа білім беру стандарты бойынша жұмыс істей бастады. Жаңа стандарттың маңызды бөлімі "бастауыш жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар" бөлімі болып табылады. Бастауыш мектепте дамытушылық оқыту бастауыш мектеп оқушысының жеке басының қалыптасуына қол жеткізуге, оның жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін негізгі стратегиялық бағытқа айналады. Оқу процесін жетілдірудің қайнар көздерінің бірі-дамып келе жатқан оқыту тұрғысынан белгілі бір түзету мен жетілдіруді қажет ететін қолданыстағы әдістер мен құралдарды қолданудың жаңа тәсілі. Осы тұрғыдан алғанда, танымдық міндеттерді шығармашылық қабілеттерін дамытудың ең тиімді құралы ретінде қолданудың қалыптасқан тәсілдері үлкен қызығушылық тудырады.

Кіші мектеп жасы-білім жинақтау кезеңі. Бастауыш мектепте ақыл-ой әрекетінің әдістері қалыптасады, сондықтан бастауыш мектеп жасында шығармашылық ойлауды дамыту өте маңызды. Бастауыш мектепте оқу процесін жаңарту дамытушылық оқытудың теориясы мен практикасында жүргізілетін ізденістерге негізделеді. Дамыта оқытудың тиімділігіне, ең алдымен, оқушылардың оқу іс-әрекетін жандандыру арқылы қол жеткізіледі. Оқушы мұғалімнің жаңа білімді түсіндіруін дайын түрде пассивті қабылдамауы керек, бірақ бұл білімді қол жетімді тәуелсіз жұмыста игеріп, түсінуі керек. Осылайша алынған білім механикалық жатталғаннан гөрі бірнеше есе жақсы есте сақталады және игеріледі. Дәл осы кіші мектеп жасында жасалады психологиялық негізі болады. Қиял мен шығармашылық ойлау дамиды, құбылыстарды бақылау және талдау, салыстыру, фактілерді жалпылау, қорытынды жасау, іс-әрекетті, белсенділікті, бастаманы іс жүзінде бағалау дағдылары қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін сәтті қалыптастыру мұғалімнің балалар шығармашылығының негізгі ерекшеліктерін және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы орталық мәселелерді шешу негізінде ғана мүмкін болады. Шығармашылық қабілеттерін дамыту орындау дағдылары мен қабілеттерін қалыптастырудан ажырамас. Оқушылардың қабілеттері мен дағдылары неғұрлым жан-жақты және жетілдірілген болса, олардың қиялдары неғұрлым бай болса, олардың жоспарлары неғұрлым нақты болса, балалар соғұрлым күрделі тапсырмаларды орындайды.

Шығармашылық-бұл әртүрлі жоспарлар мен масштабтарда жаңасын құру. Шығармашылық тек әлеуметтік маңызды жаңалықтарды ғана емес, сонымен бірге адам өзі үшін жасайтын жаңалықтарды да сипаттайды. Шығармашылық элементтері балаларда ойын, жұмыс, оқу іс-әрекетінде көрінеді, онда белсенділік көрінісі, ойдың тәуелсіздігі, бастама, пайымдаудың өзіндік ерекшелігі, шығармашылық қиял орын алады.

Эксперименттік зерттеулердің нәтижесінде адамның қабілеттері арасында ерекше типтегі қабілеттер анықталды – ерекше идеяларды қалыптастыру, дәстүрлі схемалардан ойлау қабілетінен ауытқу және проблемалық жағдайларды тез шешу. Мұндай қабілеттер – креативтілік яғни, шығармашыл деп аталады. Шығармашылық қабілеттердің сәтті дамуы олардың қалыптасуына қолайлы белгілі бір жағдайлар жасалған кезде ғана мүмкін болады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде мұндай жағдайлар:

1. **Оқушының рөлін өзгерту.** Бастауыш сынып оқушысының сабақтағы рөлін өзгерту, оған сәйкес ол өзінің қызығушылықтары мен қажеттіліктерін таңдауға, қанағаттандыруға, өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндігі бар танымның белсенді қатысушысы болуы керек.

2. **Ыңғайлы психологиялық орта.** Қабілеттердің дамуына қолайлы психологиялық жағдай жасау: балалардың шығармашылыққа деген ұмтылысын ынталандыру, оқушылардың күші мен мүмкіндіктеріне сену, әр оқушыны сөзсіз қабылдау, оның қажеттіліктерін, мүдделерін, пікірлерін құрметтеу, ескертулер мен айыптауларды болдырмау. Теріс эмоциялар (мазасыздық, қорқыныш, өз-өзіне күмәндану және т.б.) шығармашылық іс-әрекеттің тиімділігіне теріс әсер етеді, әсіресе бастауыш мектеп жасындағы балаларда, өйткені олар эмоционалдылықтың жоғарылауымен сипатталады.

3. **Балаға ішкі сенімділік беру.** Өзін-өзін іштей жоғары бағалауға, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға дамытуымыз керек. Оқытудың ішкі мотивациясын құру.

4. **Әр түрлі жұмыс формаларының үйлесімі.** Шығармашылық тапсырманы орындау мақсатына және оның күрделілік деңгейіне байланысты сабақта фронтальды, топтық, жеке жұмыс формаларының үйлесуі.

5. **Пәнаралық байланыс.** Шығармашылық мәселелерді шешу барысында әртүрлі салалардағы білімді қолданыңыз. Тапсырма неғұрлым күрделі болса, оны шешу үшін көбірек білім қолданылуы керек.

6. **Табысқа жету жағдайын жасау.** Шығармашылық сипаттағы тапсырмалар бүкіл сыныпқа берілуі керек. Оларды орындау кезінде тек сәттілік бағаланады. Әр балада мұғалім даралықты көруі керек.

7. Мазмұны жағынан да, күрделілігі жағынан да шығармашылық тапсырмалардың әртүрлілігі. Шығармашылық және қарапайым оқу тапсырмаларының үйлесімі даму мүмкіндіктерін қамтиды[2].

Барлық сабақтарда және сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылық тапсырмаларды қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолайлы жағдай жасау қажет – бұл міндеттерді әр бастауыш сынып мұғалімі өз алдына қоюы керек. Мұғалім нәтижеге жету үшін белгілі бір тәртіппен қолданылатын педагогикалық әрекеттер мен құралдар жүйесін құруы керек. Мұғалім оқушыға өзінің қабілеттерін білуге, оны қызықтыруға және қолдауға, оның жұмысының нәтижесін, өсу перспективаларын көрсетуге көмектесуі керек. Бұл тұлғааралық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді, оқытудың шығармашылық басталуына серпін береді, оқушылардың өзіне деген сенімін, өзін-өзі бағалауды қалыптастырады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыс әр сабақта және сабақтан тыс уақытта әр түрлі әдістерді қолдана отырып жүргізілуі керек. Қазіргі мектептің бастауыш сыныптарында оқушылардың танымдық белсенділігіне, олардың эмоционалды саласына белсенді әсер ететін тиімді әдістердің бірі-шығармашылық ойын. Бұл мектеп оқушыларының эмоционалды көңіл-күйін қалыптастыруға ықпал етеді, орындалған іс-әрекетке оң көзқарас тудырады, жалпы өнімділікті жақсартады, сол материалды монотондылық пен зеріктірместен бірнеше рет қайталауға, оның берік ассимиляциясына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, математика сабақтарында тапсырмалардың әртүрлі түрлері ұсынылады: тест құрастыру, сөзжұмбақтар, математикалық сипаттағы өлеңдер, синквейн. Сондай-ақ, шешілмеген мәселемен, тез тапқырлықпен мәселелерді шешу ұсынылады.

Бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастағы сезім байланысын орнатып, үйлесімділікке қол жеткізуге Ш. Амонашвилидің мұғалімдерге берген кеңесін берген кеңесін де басшылыққа алуға болады. Ол: «Педагогикалық процесте баламен тіл таба білу, яғни балаға өз ойын, талғамын, көңіліндегісін айтуға мұрсат беру тәрбиешіден көп шеберлікті талап етеді. Осынау қарым-қатынаста бала жанының қозғалысы ұстаз жанының қозғалысымен үйлесім тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық жігер қуатының жемісін көруге мүмкіндік алады. Басқаша айтқанда, бала шығармашылығы мұғалім шығармашылығымен ұштасып кетеді. Мұндай жағдайда рухани тұтастық пайда болады» – дейді[3].

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың қай пәнінде болсын оқушылардың танымдық шығармашылық қабілетін дамыта оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, ойын, ынтасын, дамыта түседі. Мұғалім өз сабағын шығармашылықпен өткізе алса, өзінің білімін сарқып жұмсаса, үнемі ізденіс үстінде болса, шәкірттерді анасындай аймалап жүрек жылуын бәріне бірдей шаша білудің қорытындысы – бағбанның жақсы ағаштан жиған сапалы жемісі іспеттес.

Бүгінгі күннің мұғалімі – шығармашылық адамы. Ол қанша ізденсе, болашақ ұрпаққа соншалықты сапалы білім бермек. Ендеше мұғалім күш-қуатын көңіл-күйін әрдайым жоғары көтере білсе, сонда сабақ беру сапасы арта түсіп, еңбегі жанады.

Әдебиеттер:

1. «Бастауыш сынып» журналы №1-2009, №2-2005, №2-2006, №2-2009, №3-2004
2. С. Қарапаев Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу маңызы. /Бастауыш мектеп. 2006ж №1/
3. Р. Омарова. Шығармашылық –басты мақсат. /Бастауыш мектеп. 2006ж №3/
4. Г.Нұрахметов Шығармашылық жұмыстар –оқушының қозғаушы күші. /Бастауыш мектеп/ №2-2006

Ш.Ж. Арзымбетова, Г. Мырзабекова,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ИМИДЖІ ЫҚПАЛЫ

Дүние жүзіндегі өркениетті мемлекеттерде тәрбиенің теориясы мен практикасындағы жетекші тенденция – әлеуметтік педагогика рөлінің артып отыратындығын көрсетіп отыр. Қоғамдық өмірдің жан-жақты демократияландыруы мен гуманизациялау процесінде сонымен қатар Қазақстан Республикасының білім жүйесінде адами-тұлғалық қатынастың атмосферасын объективті тұрғыдан жасалуын талап етеді. Бұл өз кезегінде кәсіби мемлекеттік-қоғамдық әрбиелеу құрылымдарының өмірден, отбасынан, әлеуметтік-мәдени ортадан алшақтауын жою арқылы балалар мен жастарды

әлеуметтік тәрбиелеу жүйесін өзгерту жолдарын іздестіруді қажет етеді. Білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагог мамандығының енгізілуі, бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамға әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр [1]. Бұл жұмыстарын жүргізуге өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге тықпал етуге қажеттігінен туындап отыр. Бұл жұмыс мамандық қана емес, сонымен қатар, бұл біз қол ұшын беретін, адами проблемаларын бірге шешетін, проблемаларды тиімді, дұрыс шешілу жолдарын табатын адамдар тағдыры. Осындай жауапты жұмысты атқара отырып, біз оның табысына барлық қоғам мүдделі екенін есте ұстауымыз керек. Болашақта әлеуметтік педагог мамандығы мұғалім мен медицина қызметкерлері секілді бұқаралық сипатқа ие болады. Себебі қоғам үшін «әлеуметтік эпидемиямен» күрескеннен, «әлеуметтік аурулардың» алдын-алу әлдеқайда тиімді екендігі белгілі.

Әлеуметтік педагог балалардың әлеуметтік тәрбиесін ұйымдастырушы және әлеуметтану процесінің жоспарды және мақсатты түрде өтуіне жағдай жасайтын маман.

Негізгі қызметі – адамды өмірге, қоғамға бейімдеу. Мектептегі әлеуметтік педагогтың басты мақсаты – оқушының әлеуметпен жан-жақты қарым-қатынас ортасын құру. Әлеуметтік педагогтардың негізгі жұмыс нысаны балалар мен жасөспірімдер болып табылады. Ол-әртүрлі әлеуметтік-мәдени орталардағы балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыратын маман, жеке тұлғамен оны қоршаған шағын ортаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді, оқушылармен тәрбиелену-шілердің қызығушылықтары мен мұқтаждықтарын, мінез құлқындағы ауытқушылықтарын, шиеленісті жағдайларды анықтайды және уақтылы көмек көрсетеді, жеке тұлға мен білім беру мекемесінің, отбасының, ортаның билік органының арасында делдал ретінде әрекет етеді; оқушылардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуына ыңғайлы және қауіпсіз жағдай құрады; олардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, жалпыға білім берудің орындалуына, салауатты өмір салтын насихаттауға көмектеседі; балалардың таланттарын дамыту үшін оларға жағдай жасайды [2].

В.А.Сластенин әлеуметтік педагогқа қойылатын талап ретінде төмендегіні көрсетеді: өзінің жұмыс нысаны болып табылатын тұлғаның жеке құндылығын, оның қайталанбас ерекшелігі мен шығармашылық мыңздылығын түсіну; таңдалған мамандықты саналы түрде сезініп қабылдау; көптеген жүйкелік және психикалық шыңындардың болуын ескерту; өзімен тұрақты жұмыс істеуді талап ететін кәсіби қызметінің шығармашылық табиғатын ұғыну қажет.

Әлеуметтік педагог төмендегі ережелерді сақтау тиіс:

- ата-аналар мен балалар өзін зерттеу объектісі ретінде сезінбеуі тиіс;
- зерттеу мақсаты, жоспарлы, үздіксіз және жүйелі жүргізілуі тиіс;
- зерттеу әдістері халықтық дәстүрлі тәрбие әдістерімен байланысты болуы тиіс;
- психологиялық, педагогикалық әдістер әртүрлі, санкилы және кешенді пайдалануы тиіс [3].

Әлеуметтік педагогтың әрекет ету кезеңдері:

1 кезең – оқушылардың әлеуметтік өмірінің шынайы болмысын зерттеу.

2 кезең – зерттеу материалдарының қорытынды құжаттарына сәйкес мақсат-міндеттерді анықтайды; проблемалық шешуге тиіс жағдай болғанда, тіркелген субъектілердің әлеуметтік өмірінің мүмкіндіктерін есепке алады және жұмысты жоспарлайды.

3 кезең – әрбір іс пен әлеуметтік педагогикалық қызмет кезеңдеріндегі зерттеу нәтижелері мен жоспардың іске асырылу барысында жеткен жетістіктерді конструкциялау жұмысын жүзеге асырады.

Кез-келген әдістемені жүзеге асыру үшін әлеуметтік педагог мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарды жақсы меңгеруі тиіс, сонымен қатар оны іс-әрекет барысында қолдана алуы тиіс. Оқушылардың әлеуметке бағдарланған мінез-құлқының қалыптасуына әлеуметтік педагог имиджінің ықпалы әдістемесін жетілдіру жолдарын ұсыну үшін зерттеу жұмысымызды бастадық.

Бірінші анықтау кезеңінде әлеуметтік педагогтың әлеуметке бағдарланған мінез-құлқының қалыптастыруы барысында қолданатын құжаттарымен және жұмыс барысымен таныстық. Оның ішінде мемлекеттік құжаттар, сынып жетекші, әлеумет мәселелері бойынша мектеп директорының орынбасары, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогі, педагог-психологпен бірге атқаратын жұмыс жоспары, атқарған жұмыстарының есебі мен толтырған акт, хаттамаларын да қарастырдық.

Қазіргі уақытта мектептерде тек оқу-тәрбие жұмысы мазмұнымен ғана шектелмей әр бағытағы жұмысты ұйымдастыру, әдіс-тәсілдерді, қажет құралдарды пайдалану негізінде шешіледі. Оқушылардың әлеуметке бағдарланған мінез-құлқын қалыптастыруда әлеуметтік тәрбие берудің әр түрлі әдістерін, жаңа технологияларды пайдалану, әртүрлі ақпараттандыру құралдарын пайдалану біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі педагогикалық әдістеріне сәйкес болып табылады.

Мектептегі әлеуметтік педагог маманының жұмыс жоспарына, мектеп оқушыларына зерттеу жүргізе отырып әлеуметтік педагогтың тәжірибесінде құрастырылған бағдарламаны қолдану әдістемесін жетілдіру жолдарын ұсынамыз.

1-кесте

Оқушылардың әлеуметке бағдарланған мінез-құлқының қалыптасуына әлеуметтік педагог имиджінің ықпалын негіздеу бағдарламасының мазмұны

№	Жұмыстың тақырыптар реті	Жұмыстың өткізілу формасы, жауаптылар
	I	II
1	Оқушылардың әлеуметке бағдарланған мінез-құлқының қалыптасуына әлеуметтік педагог имиджінің ықпалы деңгейіне мониторинг жүргізу	Сауалнама, тест, әңгімелесу, бақылау
2	«Әлеуметтік педагог маманының оқушы тұлғасына ықпалы»	Бірлескен мәжіліс, дөңгелек үстел; Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, әлеумет мәселелері бойыншамектеп директорыныңорынбасары, педагог-ұйымдастырушы. қосымша білім беру педагогі, педагог-психолог
3	- Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет қатысушыларымен бірлесе отырып заңнамалық-нормативтік құжаттарды талқылау; - Арнайы сабақ «Әлеуметке бағдарланған мінез-құлқының қалыптасуын әлеуметтік-педагогикалық іске асыруды қажет ететін әрекеттер тізбегі»; - «Әлеуметтік педагогтың жұмыс ерекшелігі» семинар-тренинг (оқушылар мен ата-аналарға).	«Әлеуметтік педагог маманы кім?» түсіндірме апталығы Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, әлеумет мәселелері бойыншамектеп директорыныңорынбасары, педагог-ұйымдастырушы. қосымша білім беру педагогі, педагог-психолог
4	- «Шынықсаң шымыр боласын»атты тақырыпта суреттер сайысы - Волейбол элементіқосылған пионербол ойыны. - Шах және Мат сайысы	«Эстет» Спорттық эстафета апталығы; Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, әлеумет мәселелері бойыншамектеп директорыныңорынбасары, педагог-ұйымдастырушы. қосымша білім беру педагогі, педагог-психолог
5	- Атаулы мерекелер өту бағдарламасын құру; - «Менің болашақтағы арманым» бейне-роликтер сайысы (жоғары сынып оқушылары арасында); - «Үлгі тұтар тұлғалар» тақырыптық кездесу; - «Біздер елдің келешегі» флешмоб (5-11 сынып оқушылары арасында).	«Мектепшілік өзін-өзі басқару апталығы» Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, әлеумет мәселелері бойыншамектеп директорыныңорынбасары, педагог-ұйымдастырушы. қосымша білім беру педагогі, педагог-психолог
6	- «Менің елімнің 5 кереметі» ашық-тәрбиелік сабақ; - Қазақстан – байтақ далам! (өлкетану, экскурсия).	Мәдени бос уақытты ұйымдастыру апталығы Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, әлеумет мәселелері бойыншамектеп директорыныңорынбасары, педагог-ұйымдастырушы. қосымша білім беру педагогі, педагог-психолог
7	- Ғылыми-педагогикалық-техникалық ЖОО-ы, Кәсіптік техникалық, педагогикалық колледждердегі «Ашық есік күні»; - – Әлеуметтік, экономикалық, психологиялық-педагогикалық, медициналық-физиологиялық бағыттағы мекемелерге экскурсия.	«Мен болашақ кәсібім!»апталығы Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, әлеумет мәселелері бойыншамектеп директорыныңорынбасары, педагог-ұйымдастырушы. қосымша білім беру педагогі, педагог-психолог
8	- С.Торайғыров «Бір ел – бір кітап» акциясы; - «Менің арманым мен болашағым»тәрбие сағаты; - «Жас өнертапқыш» байқауы; - «Жас талант» сайысы;	«Мен айналысатын хобби» апталығы Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, әлеумет мәселелері бойыншамектеп директорыныңорынбасары, педагог-ұйымдастырушы. қосымша білім беру педагогі, педагог-психолог
9	- «Біз жарқын келешек үшін» қайырымдылық жәрмеңкесі; - «Бала құқығының қорғалуы» тақырыбындағы жоғары сынып оқушылары мен әлеуметтік педагогтың тізім бойынша үйлерді аралауы; - «Әлеуметтік көмек – әлеуметтік қолдау» бастамасымен ашық есік күні	«Мен және әлеуметтік педагог» апталығы Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, әлеумет мәселелері бойыншамектеп директорыныңорынбасары, педагог-ұйымдастырушы. қосымша білім беру педагогі, педагог-психолог

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері орта сынып оқушыларының әлеуметке бағдарланған мінез-құлқын қалыптастыруда бірқатар әдістерді ұсынуға мүмкіндік береді: әлеуметтік педагог имиджінің оқушылардың әлеуметке бағдарланған мінез-құлқының қалыптасуына ықпал етуі мақсатында мектептерде педагогикалық тренингтер, сабақтан тыс іс-шараларды, нақты мақсатқа бағдарланған жоспарлы бағдарламаларды пайдаланған тиімді.

Алдағы уақытта әлеуметке бағдарланған мінез-құлқын қалыптастыру жұмысы баланың балабақшаға барған сәтінен бастап бастау алса тиімдірек болар еді. Себебі, әрбір бала оқу-тәрбие үдерісіне енген сәттен бастап кез-келген қарым-қатынасқа бейім, өзін әлеуметтік субъект ретінде сезіне алатын тұлға болып тәрбиеленгені маңызды.

Әдебиеттер:

1. Булатова, О. Имидж педагога – мода или необходимость? / О. Булатова // Директор школы. – 2003. – №2. – С.74
2. Г. К. Ахметова [и др.] Педагогические стереотипы. Педагогический имидж: теория и тренинг: монография. - Алматы: Қазақ университеті/Қазақ университеті, 2013.-102 с.
3. Литвак Р.А. Социализация личности ребенка в деятельности детских общественных объединений / Р.А Литвак. – Челябинск: ЧГТУ, 2009. – 168 с.

А.А. Ахинова, Г.Е. Рысбек,

«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ЖАСТАРДЫ ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН ШЫНАЙЫ ПАТРИОТИЗМДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Елбасымыз Н. Назарбаевтың жаңа «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу. Яғни, егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Назарбаев жариялаған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты деген бағыттары айқындалған болатын, онда қазақстандық қоғамның өсіп, дамуының бірегейлі талпынысы сипатталған.

Бұл бағдарлама ұлттық сана-сезімді, ұлттық кодты жоғалтпай, оны Қазақстанның игілігі үшін әлемдік құндылықтармен үйлестіре отырып, сананы жаңғыртудың өзекті мәселесі болып табылатынымен құнды дер едік.

«Туған жерге туынды тік!» – деген дана халқымыз. Бұл – әрбір адамның кіндік қаны тамған туған жеріне деген сүйіспеншілікті білдіреді. «Туған жер» деген кезде әрбір азаматтың, әрбір адамның жүрегінде тулаған шабыт пен сезім ұялайтыны анық. Себебі, адам өзінің туған жерінің перзенті, сол даланың, сол жердің, сол мекеннің бір бөлшегі.

Біз, мұғалімдер, әр түрлі ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді жан-жақты біліп қана қоймай, сонымен қатар балаларға туған жерге деген адами құндылықтарды терең сіңіріп, таза жаны бар адамды тәрбиелеуіміз керек.

Бүгін қазақстандықтар еліміздің тарих толқынында жаңа бір өркениетті дәуірдің дүниеге келуіне куә болды. Оның күші жаһандану процесінде Елбасы жариялаған үш бағытты бір уақытта жүзеге асырудан тұрады: экономиканың жаһандануы, үлкен саяси жаһанданудың негізін қалаған конституциялық реформа және қоғамдық сананың жаһандануы. Үш тұғырдың ең соңғысы - ең қиыны, ең күрделісі. Өйткені Қазақстанда мұндай жауапкершікті жоба ешқашан болған емес. Әр бөлімнің жаһандануды жүзеге асыруға ықпал ететін өз жобалары бар. Олардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі – «Туған жер». Жобаның мақсаты – Қазақстандықтарда шынайы патриотизмді тәрбиелеу. Бағдарламалық мақалада: «Патриотизм өз өлкесіне, ауылына, қаласына, өңіріне, туған жеріне деген ыстық махаббаттан басталады», - делінген.

Елбасымыз Н. Назарбаев «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», – деген болатын[1]. Мемлекет басшысы отансүйгіштік сезімнің кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталатынын қадап айтты. Аталған бастама аясында қолға алынған жоба қазақстандықтарды туған өлкесін дамытуға тартуға, мемлекет пен азаматтық қоғамды жергілікті жерлердегі әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмылдыруға бағытталған.

«Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқын асуықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» – деп көрсетті Елбасымыз.

Қазақ халқында туған жерін, елін қорғауға өз үлесін қосып, өз өмірлерін құрбан еткен ержүрек бабаларымыз аз емес. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Абылай хан, Бөгенбай, Наурызбай, Есет, Қабанбай, Жәнібек, Олжабай, Райымбек және басқалары шықты. Ғұндар, Сақтар, Қыпшақтар, Оғыздар заманынан бері мәдени мұралар мен патриоттық тәлімді бүгінгі күнге дейін жеткізді. Мәселен, қазақ патриотизмін жоңғар қоңтайшысына дана Қазыбек би былай сипаттаған еді: «Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімгесоқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басынан сөз асырмаған елміз. Достығымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күн боламын тумайды! Ұл мен қызды қаматып отыраалмайтын елміз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар – жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітімдіайт, не тұрысатын жеріңдіайт».

Ұлттық сезім, Отанға, Туған жерге деген сүйіспеншілік негізінде Алаш Орда қайраткерлері нақты істер жасап, тарихтың жарқын беттерін жазаалды. Сонымен қатар М. Дулатұлы: «Оян, қазақ!» ұлттық сананың бір белесіне шақырса А. Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ашып, баршаалаш жұртын тәрбиелеген еді.

«Туған жер» бағдарламасы өте жоғары деңгейде қабылданды. Мен өз тәжірибемнен «оқушыларды патриоттық тәрбиелеудің маңыздылығы» тақырыбында өткізілген жұмыстар туралы ғылыми-педагогикалық көзқарастарымды жазып отырмын, ол маған бірнеше жыл қатарынан өз жұмысымды, сынып жетекшілігін жүргізу кезіндегі әрекеттерімді тиімдіету үшін пайдалы болды.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі - Отан, оның мазмұны - Туған жер, табиғат, оның байлығы, тілі, дәстүрлері, тарихи ескерткіштері, туған өлкенің әдемі киелі орындары, оның рәміздері.

Патриоттық тәрбие – бұл көптеген мәселелерді, мұғалімнің кәсіби шеберлігін, үлкен ізденісті талап ететін процессекенін айтқым келеді. Патриоттық тәрбие бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс түрлерін шығармашылықпен трансформациялай және дамыта отырып, ол өз нәтижелерін берді.

«Педагогика кітабында» қазақ ғалымымыз мұрат тұтқан Ш.Аленұлы: «Патриоттық тәрбиесабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да үздіксіз болуы тиіс. Бұл ұлттық мектеп қойған басты мақсат, маңызды міндет болады», – деген еді.

Бүгінгі таңда балаларды патриоттық тәрбиелеу патриоттық сананы, Отанға, Туған жерге деген адалдық пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастырады. Қазіргі жағдайда азаматтық борышқа және негізгі конституциялық міндеттерді орындауға дайындыққа көп көңіл бөлінеді. Атқарылып жатқан жұмыстар ел азаматтарының бойында патриоттық сананы қалыптастыру жөніндегі стратегиялық міндеттерді толық орындауға бағытталған.

Әлемде азаматтардың бойында патриоттық сезімді, ұлттық рәміздер – Ту, Елтаңба, Әнұранды, ұлттық мерекелерді құрметтеуді мақсатты түрде қалыптастыратын дамыған елдер аз емес. Көптеген елдерде Мемлекеттік рәміздер мемлекеттің оң бейнесін жасаудың негізі ретінде пайдаланылады, ұлттық мақтаныштың символы болып табылады, патриоттық сезім мен ерік-жігердің көрінісі ретінде пайдаланылады. Мемлекеттік рәміздердің көмегімен оқушылар өз еліне деген патриотизм мен мақтаныш сезімін дәйекті және табанды түрде тәрбиеленеді.

Елдің бейнесі мен Отанымен ажырамас байланыс сезімін мемлекет пен қоғам, ең алдымен, білім арқылы қалыптастырады. Осыған байланысты білім беру мекемелерін Білім алушыларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, елдің мемлекеттік рәміздерін танымал етуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа белсенді тарту қажет. Білім беру ұйымдарында қазіргі заманғы қазақстандық қоғамдық және мәдени болмыстарға негізделген және қазақстандықтардың тілімен байланысты дүниетаным мәдениеті мен толеранттылығы бойынша мазмұны бойыншасапалы, тиімдіақпараттық-дидактикалық материалдардың жеткіліксіздігін, балалар мен жастарға арналған, олардың санасында патриотизм, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін оятуға, өз Отанына Туған жеріне пайда келтіруге талпыныс жасауға ықпал ететін кітаптардың аздығын атап өткен жөн. Педагогикалық оқыту бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірін қозғайтындығына сәйкес, құқықтық мемлекеттің негізін қалаушы оқушылар мен олардың ата-аналары болып табылады[2].

Өзімнің еңбек өтілімнен алынған тәжірибем бойынша айтар болсам, сабақ беретін сыныптарда ашық сабақтар мен тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар өткізу арқылы оқушыларға өз халқына деген махаббатқа, өз тегінің бірлігі мен ортақтығына, туған жерге, тілге, өсу ортасына, мінез-құлқына, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктеріне тән ерекше тарихи ұлттық дәстүрмен тығыз байланысқа назар аударамын. Ұлттық сезімдерді танусүйгіштік, Отанға, Ұлтқа деген махаббат арнасына дұрыс бағыттау үшін мен осы ерекшеліктерді жақсы білу және оларды баланың санасына сіңіре білу қажет екендігіне, халықтар арасындағы достық-әрбір оқушыны өз жеріне, отандастарына деген сүйіспеншілік, басқа ұлт өкілдерімен достық арқылы патриоттық тәрбиелеуде таптырмас құрал екендігіне көз жеткіздім.

Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Бұл – ел болу өте маңызды ұғым екені. Оның іргетасы-мемлекет, яғни ұлттық мемлекет болу. Тек мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа өркениеттіелдермен терезесі теңеседі. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар. Ресейге отар ел болып тұрғанымызда «туған ұлт», «ұлттық», «ұлтшылдық», «ұлттық идея», «ұлттық мүдде», «ұлттық тәрбие» мәселесі туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Өйткені, бұл жайында сөз қозғау отарлаушы елдің «жасампаз» интернационалистік идеологиясына қарсы шыққандық деп есептелетін. Ал, бүгінгідей тәуелсіздіктің ақ таңында өмір сүріп отырған қоғамда өз ұлтының ұлттық қаймақтарын, соның ішінде тіл, дін, діл, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие сияқты негізгі құндылықтарын бетке шығармаған ұлт өз мәртебесін жоғалтады[3]. Сонд ай-ақ, ұлттық мүддені сақтау және оны қорғау сол ұлттың әрбір азаматының адамдық борышы. Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің дүниетанымдық, кәсіптік деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуі керек. Білімді болғанымен, ұлттық мәдениетті бойынасіңіре білмеген болса, ондай адам ұлт алдында мәңгірт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін, Жүсіпбек Аймауытовтың айтқан сөзін еске түсірейік: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», – деген екен. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ғылыми педагогика және халықтық педагогикаарқылы жүзегеасырылады.

Еліміздің әрбір азаматы «Туған жер» бағдарламасын жүзегеасыруға өз үлесін қосуы тиіс. Біздің дана халқымыз «Отан отбасынан басталады» дейді. Яғни, отанға деген сүйіспеншіліктің іргетасы ең алдымен туған жерге деген сүйіспеншіліктен қаланады. Сондықтан мемлекет басшысы ұсынып отырған «Туған жер» бағдарламасы көп қолдап, алып кетуі тиіс. Біріншісі бұл – білім беру саласындаауқымды өлкетану жұмысын жүргізу, экологияны жақсартуға жәнеелді мекендерді абаттандыруға баса назар аударуды және жергілікті деңгейде тарихи ескерткіштер мен мәдени объектілерді қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің үздік үлгісі-орта мектепте туған өлкенің табиғатын, тарихын зерттеуден басталады. Туған жердің әр шалғыны мен жотасы, таулар мен өзендер бір оқиғаны баяндайды. Әр жердің атауы туралы көптеген аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқынасуықта пана, ыстықтасая болған, есімдеріел есіндесақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Қорытындылай келе, жас ұрпақты ұлттық контексте тәрбиелеу – қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі, ал балалық шақ – бұл Отанға деген асыл махаббаттың іргетасы берік болатын кезең. Бала кезінен бала өз өлкесін, туған ауылын, туған жерін, Отанын жақсы көреді, адамгершілік қасиеттерге ие және, әрине, «Алтын орда – алтын ұясы» септігін тигізеді. Мектеп – бұл бала өсіп, дамитын орын ғана емес, мектеп-әрбір өсіп келе жатқан бала рухани байлықты бойынасіңіріп, үлкендерге деген құрметті, Отанға деген сүйіспеншілікті нығайтатын қасиетті орын.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру:» мақаласы 2017 жылғы 24 сәуір 2017 ж.
2. Қазақстан тарихы:әдістемелік журнал, №11, 2017 жыл. – 186.
3. Қазақстан тарихы:әдістемелік журнал, №2, 2018 жыл.– 656.

*Е.Е. Джаркинбаев,
Ғұмарбек Даукеев атындағы КеАҚ АЭЖБУ, Алматы қаласы
Әлеуметтік пәндер кафедрасының аға оқытушысы*

МӘДЕНИ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІКТІҢ ӘЛЕУЕТИ

Қазақтың дүниетанымындағы дәстүрге негізделген рухани ізденістердің ерекшеліктері ауқымды түрде пайымдаулардан өткізіледі. Халқымыздың өмір салтымен тұрмыс тіршілігінен бастау алған әлеуметтік – мәдени жаңарулармен оның қазіргі қоғамға тигізген әсері және қазақы дүниетанымындағы инновациялықтың барысын қарастырып, олардың өзара байланыстылығын сөз етемін. Кейінгі руханилықтағы ізденістермен дәстүрлік, дүниетанымдықтың өзара қиылысу мәселелерінің маңыздылығы қарастырылады.

Классикалық философиялық дәстүрдегі философияның әлеуметтік маңызды интеллектуалды феномен ретіндегі рөлі қазіргі күні өзгерді. Бүгінде философия мәдениет феномені ретінде қарастырылады. Қазіргі уақытта адамзат мәдениеттің ерекше дәуірін басынан кешіріп отыр. Ол мәдениеттің терең негіздерінің өзгеруімен байланысты. Заманауи әлеуметтік-мәдени жағдай жаһандану, ақпараттану, адам өмірінің, тіршілігінің негіздерінің радикалды қайта қарастырылуымен, дәстүрдің жаңаша трансформациялануымен, жалпы құндылықтардың қайта бағалануымен сипатталады. Философия адам мен қоғам дамуының осындай өзгерісті кезеңінде, «мәдениеттің өзіндік санасы» болғандықтан, ерекше қызмет атқарып, ерекше рөлге ие болатыны сөзсіз.

Философия – адам мен әлемнің бейнесін негіздейтін рухани сала. Сондықтан ол мәдениет жүйесінде өз орнын алады, ал қазіргі рухани дағдарыс жағдайында қазіргі мәдени даму кезеңінде оның маңыздылығы артады. Әрине, ғылыми-техникалық, технологиялық дамудың жаңа сатысында философия адамның өзіне, өмірге, әлемге деген қатынасы қайта қаралуы тиіс. Өйткені қазіргі даму адамзаттың өзіне қатер тудырып отыр: дүниетаным өзгеріп, дегуманизация орын алды, адами құндылықтар дискредитацияға ұшырады.

Философияның мәдениеттегі рөлі мен орнын қарастырудың өзектілігі «философияның соңы» туралы тезисті алға тартқан постмодернизмнің өкілдеріне қарсы антитезистің дәлелі ретінде пайымдаудың қажеттілігінен туады. Постмодернистердің пікірі бойынша, философия өзінің мағынасынан айырылды, қазіргі мәдениет оны қажет етпейді, сондықтан философия жоғалуы тиіс, не болмаса өзгеріске ұшырап, басқа нәрсеге айналуы тиіс, әдеби сын, ғылым, мәдениеттанумен алмастырылып, ығыстырылуы керек. Бірақ дәл бүгінгі әлемдегі өзіміз куә болып отырған жаһандық мәселелер адамзаттың алдында туындаған мәселелерді философиялық талдау мен пайымдау арқылы ғана шешілетіндігін көрсетіп отыр. Мәдениеттің басқа салалары (дін, ғылым, саясат және т.б.) философияны алмастыра алмайды. Философия өзінің пайда болып, даму тарихы арқылы өз рөлін, орнын қоғамда дәлелдеп келеді.

Қазіргі мәдениеттегі өзгерістер философиядағы дефиницияларды, концепцияларды қайта қарастыруды талап етеді. Ал өз кезегінде философия қоғамдағы дәстүрлерді де қайта қарап, жаңашыл көзқарасты қалыптастыруды талап етеді.

Философия өркениеттің, мәдениеттің және адам руханилығының құлдырауына, дағдарысқа қарсы бағытталған. Философия – бұл рефлексия, адамның еркіндікке қол жеткізуі. Қазіргі әлем білімнің алуан түрлілігімен, өмірлік ұстанымдардың, дүниетанымдардың ерекшелігімен күрделі, сондықтан әлемнің интеграцияланған бейнесін жасау өте қиын. Бірақ бұл мәселені шешу керек, өйткені, адамзат технократизм мен сциентизмнің салдарынан моральдық тұрғыдан құлдырауға ұшырауда.

Адамзат философияның рөлі мен маңыздылығын толығымен түсінген кезде одан әрі ілгері жылжу мүмкін болмақ. Қазіргі философияда рухани мәселелерге бет бұру кездейсоқтық емес, бүгінгі күні экзистенциалды вакуумның өсуіне кедергі болатын этикалық және эстетикалық мазмұндағы көптеген шығармалар пайда болды.

Қазақстан қоғамының рухани жаңғыруыәсіресе қоғамдық сананы модернизациялаудағы дәстүрмен жаңашылдықтың ара-қатынасын ашуға, көрсетуге қатысты болмақ. Қоғамдық сананы жаңғырту уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызды тақырып. «Елбасы рухани жаңғыруды жүзеге асыруда, әлемде ешкімге ұқсамайтын дербес ұлт болуымыз үшін «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру міндетін қойып отыр.

Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдықты танып-білуге ұмтылыс қазіргі Қазақстан жағдайында қалыптасқан мәдени-тарихи процестерден туындайды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев бекіткен «Мәдени мұра» бағдарламасының басты міндеттері ретінде «.. қазіргі таңда ұлттық

философияны, ондағы құндылықтарды, ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды» зерделеу бүгінгі күннің негізгі мақсаттарының бірі болып келеді. Қазіргі әлемдегі жаһандану үрдістерінің тегеурінді белең алған жағдайында қаймағы бұзылмаған Қазақстан мәдениетін, оның философиясының бітім-болмысын сақтап қалу үшін ұлттық философияның дәстүрлі құндылықтарына назар аудару қажет.

Әл-Фарабидің Орта Азиядағы жаңғыру кезінде өмірге келуі, өрістеуі тарихи кездейсоқ емес. Орта Азиядағы Жаңғыру (IX-XIII ғғ.) араб мәдениетімен (VIII-XIII ғғ.), тіпті Қытайдағы мәдени жаңғырумен (VIII-XIV ғғ.) үйлеседі. Оның бір кезеңі мен бағдары Шығыс пен Батыс мәдениетін тоғыстырған «Жібек жолының» тарихымен тамырлас. «Жібек жолы» сауда-саттықтың күретамырына ғана жарап қоймады. Ол Отырар, Түркістан, Таразы сияқты көптеген еуроазиялық кеңістіктегі қалалардың бойында өркениет өрісін әрдайым сабақтады. Ел аңсарына қозғаушы күш болған ғұламалар араб, түрік, парсы мәдениетін ислам рухында жинақтады, халықтың рухани сабақтастығы аясында жүйеледі. Ақындар да, ғұламалар да жергілікті дәстүрдің әлеуметтік және діни мазмұндарын ортақ мағынада қабылдады, әрі ортақ бағытта қолданды.

Орта Азия мен Қазақстанда исламның ерекше түрі – сопылық дәстүр, мәдениеттің ұлттық сипаты күш алды. Ахмет Иассауи адамды әсем сөздер, ар-ұждан мен ізгі істер көтеретінін еске салды. Исламмен қатар гуманитарлық білім мен әдебиет қоғамға қозғау салды, рухани күштің қайнар көзіне айналды. Ауыз әдебиеті адам болмысының мәдени келбеті мен үлгісін қалыптастырды. Тұрғын халық көшпелі болса да өз жері мен еліне қажетті игілік, әділдік үшін күресті, қиыншылықта қайғырып қоймай, қайсарлық танытты.

Ислам діні мен көшпелілердің мәдени дәстүрі адамның этикасы мен мәртебесін жоғары деңгейге көтерді. Табиғаттың қыр-сырын көріп, сезініп, оқып, үйрену арқылы адамның беделі ұлықталынды. Талпынған адам ортаны өзіне бағындырудың жолын қарастырды. Орта ғасырда адами құндылықтар тазалық пен үйлесімділікке, дарыған түйсікпен шеберлікке телінді. Рух пен ар-ұжданды бетке ұстағандар өзара жәрдемдесу хикметін жоғары тұтты. Осындай ортада, қауымдастықта дархан жүректі, терең ойлы, жаны жайсаң азаматтарды тәрбиелеп шығару қастерлі ұғымға, өнегелі салтқа айналды. Өнегелі салтта сенімге деген рухани қажырлық, жүрек пен рухты емдемек, өз еркін дұрыс қолданбақ талпыныс жоғалған емес. Рухани қажеттіліктен туындаған ауызбіршілік межелі күшке, сөнбес қиялға айналды. Орта Азиялық жаңғырудың мәні мен ерекшелігі осында.

Мәдениет тарихында жаңғырудың түрлі үлгілері болғаны анық. Әрбір мәдениеттегі жаңғыру үдерісі сол мәдениеттің дамуындағы шешуші сәттерді айқындады. Антропоцентризм Еуропалық ренессанс дәуіріне сәйкес десек, қазақ қоғамының қазіргі модернизациясында «...мультимәдениеттілік мәселесін еңсеру толығымен мәдени және ұлттық бірегейліктің ерекшеліктерін анықтауға, нақтылауға, мәдени кеңістіктегі плюрализмнің мүмкіндіктерін айқындауда мүмкіндіктер береді» [5]. Өкінішке орай мультимәдениеттілік туралы отандық ғылыми айналымда пікірлер негативті сарындарға толы. Оны тек батыстық құбылысқа ғана телушілік орын алған. Дегенмен, мультимәдениеттілік Батыс жұртында артта қалған елдердің жаппай еуропаға миграциясы салдарынан XX ғ. жүзеге асқан саяси жоба ретінде XXI ғ. екінші онжылдығында дағдарысқа ұшырай бастады. Мемлекеттік деңгейдегі саяси қайраткерлер мультимәдениеттілік жобасы жүзеге асуға мардымсыз дегенге сайып келетін мәлімдемелерін баяндап та үлгерді. Р.Э. Бараш дағдарысты ең алдымен эралуан сипаттағы көпэтносты қоғамдағы «өзін-өзі жазу» үдерісінің жүзеге аспауынан, үлкен құндылықтардың кіші құндылықтармен санаспауынан, өзара сұхбаттың әлсіздігінен, мәдени коммуникацияның төмендігінен, неолибералды құндылықтардың әмбебап еместігінен шыққанын тілге тиек етеді. Бірақ ең алдымен жобаның басты мақсаты жекелеген өзге этностық құндылықтарды жергілікті ұлттық құндылықтарға жаппай интеграциялау, деформациялау болғанын автор жасыра алмайды және кешенді түрде қарастырмайды. Дағдарыстың осы тараптан басталғанын жіті байыптамайды және сол арнадағы шаралардың сәтсіздіктерін ашып бермейді.

Әйткенмен, мынадай асығыс қорытындыға қол жеткізеді: «түрлі мәдени дәстүрлер қажет болса көптеген уақыт шеңберінде бір-біріне бейімделе алады, бірақ олардың сәтті коммуникациялануының кепілдемесіне өзіндік дифференциация (әлеуметтік тәртіп үшін еркін сөз бостандығының белгілі бір бөлігінен саналы түрде бас тарту) мен олардың коммуникативті жүйелерінің шеңберлеріне ықыласты көзқарас таныту жатады» [6].

Постколониалды мемлекеттің модернизацияны жүзеге асыруы үшін колониалдылықтың ықпалы мен тақсиреттерін, элементтерін санада, мәдениетте игеру керектігін мойындауымыз қажет. Кеңірек әрі толығырақ байыптасақ олар ұлттық экономикада, саясатта, әлеуметтік және мәдениет қабаттарында жүзеге асуы тиіс. Бұдан шығатын жолдар қалай жүзеге асуы қажет деген сауалдарға жауап беретін

кешенді зерттеулер жекелей болмаса елімізде жоқтың қасы. Ұлттық мәдениетке қатысты жобаларымыз көбіне өткенді түгендеумен шұғылданып келеді, постколониалды кезенді өткермедік деген қоғамдық санадағы пікірлерді терістей де алмаймыз. Дегенмен, 90-жылдары кейбір зерттеулер мен қазақ жазушылары осы мәселеге қатысты жазған соны шығармалары мен еңбектері жоқтан бар болғанымен, бос кеңістіктің орнын толықтай толтырды деп айта алмаймыз. Мәселен, Мекемтас Мырзахметовтың «Қазақ қалай орыстандырылды?» (1993) [7] зерттеуін, Мұхтар Мағауиннің «Сары қазақ» (1990) [8] романын және т.б. зерттеуші, жазушылардың еңбектерін атап кеткеніміз жөн. «Ұлт үшін азаттық дегеніміз – өз еңбегінің өзіне бұйырып, өз жүрегіндегіні жасқанбай айта алуы. Өзгенің сені түсінбегені – жаман, ал өзінді өзің түсінбегенің – қасірет», – деген белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің эмоцианалды пікірі ащы шындықтан туындаса керек [9].

Мәдени жарақат теориясы постколониалдық теориясымен мазмұндас болмаса да зерттеу нысаналары бір арнадан шығары сөзсіз. Және де мәдени айығудың психологиялық, медициналық аспектілері де бар. Мәдени жарақат тұжырымдамасын отандық ғылыми айналымда еңсеру кезегін күтіп тұрған мәселелердің бірі екенін атап өткіміз келеді.

Ұлттық мәдениеттің тірегі – елдің тәуелсіздігінде, ұлттық сана-сезімнің нығаюында, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастың орнығуында. Қазақстанның ел болып жаңаруына, өзіндік даму жолын қалыптастыруға ұлттық мәдени дәстүр, рухани фактор, этносаралық қарым– қатынас мәдениеті ерекше ықпал етті. Үш фактор түрлі тарихи кезеңдерде қалыптасты. Бүгінде олардың арақатынасы қоғамның саяси тұрақтануына, рухани тұтастануына арналуда.

Қазақстанның ХХІ ғасырда тұрақты дамуына жүйелі негіз және ықпалды қоғамдық орта қажет. Жүйелілікке бастама – Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» жолдамасында [1] белгіленді, қоғамдық орта – қазақ халқының қалыптасу және жетілу тарихында. Жүйелі негіз – қазақстанның табиғи байлығында, мәдени-дүниетанымдық ерекшелігінде, әлеуметтік-саяси тұрақтылығында, рухани бітімінде. Қазақстан әлемдегі демократиялық және республикалық мемлекеттердің жағымды саяси– мәдени бағыт-бағдарын, озық тәжірибелерін бетке ұстап, өзінің республикалық кескінін нығайтуда. Ел еңсесінің көтерілуі, экономикалық әлеуеттің өсуі, ұлттың рухани бауы қоғамда жаңа ортаны қалыптастырып келеді. Қарқынды жаңару аясында Қазақстан өзіндік келбеті мен позициясын сақтады, әлемге танымал елге, мемлекетке айналды [10].

Қазақ қоғамының модернизациясының негізгі мәселесі – адам құндылығы мен ұлттық мүддені қатар өрбіту; өмірдегі, өнердегі, ғылым мен білімдегі, мәдениет пен бизнестегі дәстүр сабақтастығын жетілдіру. Мұндай мақсат – тұтас қоғамның ортақ мәселесі, ұлттық интеллигенцияның басты бағдары, мемлекеттік саясаттың тұғырнамасы. Ойланатын нәрсе – мәдени дәстүрдің халықтық үлгісін қалыптастыру, ойландыратын проблема – қоғамды жаңа индустриалды-инновациялық экономика жағдайында өмір сүруге дайындау, Қазақстанның үдемелі экономикалық дамуы арасындағы тепе-теңдікті сақтау және азаматтарды қоғамдық үйлестікпен қамтамасыз ету.

Адамгершілігі артық бағытта іркілмей іздену, адамның тұтастығына бірлесе ілгерілеу – гуманистік дәстүрдің түбірлі тоқтамы. Адамның адамгершілігін арттыру, оны азаматтық және кәсіби дамудың кепілдігіне айналдыру – ата-ананың тілегі, әріптестіктің бағдары, қоғамдық сұраныс. Мәдениеттің осындай ұлттық үлгілерін тұтас зерттеу, оған ықпал етудің тәлімді тәжірибесін іріктеу – әлеуметтік-философиялық талдаудың проблемасы. Гуманизмнің философиялық, әлеуметтік, мәдени, этикалық аспектілерін талқылай отырып, гуманизмді адам өмір сүруіндегі әлеуметтік және әмбебап құбылыс ретінде қарастыру және оның «құбылмалы» үлгісін ұсынады. Байыбына тоқтасақ, діни плюрализм мен мәдени әралуандылыққа саяси, мәдени, психологиялық дем беріп отырған мемлекетімізде аталмыш құбылысты тереңдеп зерттеу өзекті болып отыр [3]. Елдің ұлттық мәдени дәстүрі үш сабақтастықта – табиғатпен тілдесіп жарасқанда, қоғамда ашық жүйе орналасқанда, адам еркіндігі жетілгенде үнемі жаңғырмақ. Мәдени сабақтастық – өмір заңы. Адамның ойы мен мінез-құлқы ортақ адамзаттық мүддеге жұмылғанда, өлкелік өркениетпен мәдениет түрлерінің өзара ықпалдастығы жоғары мәртебеге жеткенде елдік мәдениет тамыр жаяды. Елдік дәстүр мәдениетке деген тұтас, межелі жол салынғанда өзіндік сипат алады. Адамзатқа деген тарихи көзқарас қалыптасқанда, этностар мен өлкелік мәдениетке жаһандық тұрғыдан талдау жасалынғанда, елдік мәдениеттің ерекшелігін ұғынушылық артады. Ерекшелік біртектілік пен үйлес заңдылықтан құралады.

Тәуелсіздігін нығайтып жатқан қазақ қоғамы үшін «біз кіміз, қайда барамыз және қайда болғымыз келеді?» деген сауалдардың мән-мағынасы күн өткен сайын анағұрлым артып келеді. Жаңа әлеуметтік-мәдени үлгіні қалыптастыруға деген нақты мүдделілік, оның жаңа қағидаттарына көшу қажеттілігі айқындалуда. Қазақстан еуроазиялық кеңістікте Шығыс пен Батыстың дәнекері ретінде өрісін қалыптастырды, әлі де қос өркениеттің үлгілерін өз болмысына әрқалай икемдеп, үйлестіріп келеді.

Жетістіктің алғы шарты осы үйлестік пен сабақтастықта.

Ұлттық дәстүрдің өміршендігі оның мәдениеті мен тілінің, ділі мен руханиятының сабақтастығында жатыр. Шығыстық дәстүршілдіктің ерекшелігі ол өткен дәуірлерде экономикалық, әлеуметтік-саяси және идеологиялық қатынастарын ішкі дәстүр деңгейінде ұзақ дәуірлерде өз бойында қайта қорытып отырды; адами болмыс пен өмір сүру салты өзінің әлеуметтік тобымен тығыз байланысты болды және оған бағындырылды; дәстүрлі қоғамдағы адамның дүниені қабылдауы оны қоршаған табиғат пен өзіндік тәндік табиғатының біртұтастығымен сипатталады

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғамдық сананың басқа түрлерімен тығыз бірлікте болып, халықтың еркіндік жолындағы қозғалысымен сабақтасқан қазақ философиясы ғылыми құндылығымен бірге, жоғары азаматтық қасиетімен, әлеуметтік әділеттікке жету жолдарын іздеуге деген ұмтылысымен, өзінің рухани әлеуетімен ерекшеленеді.

Ғасырлар бойына қилы кезеңдерді басынан кешірген қазақ қоғамының ой өрісі қаншалықты шындалғандығын қарастыруда «не нәрсені үйрендік, не нәрседен жирендік» деген сұрақ қоя отырып, рухани мұраларымызды заманауи қоғамға үйлестіру жолында көптеген жобаларға куә болып келеміз. Бүгінде бәсекеге қабілеттігімізді арттыра отырып, алдыңғы қатарлы елдерден озық мәдени үлгілерді игеруді салыстырмалы түрде бағамдадық. Қазақстан қоғамы рухани жаңғыруының қайнар бастауларын, өтпелі кезеңдерін үзілген сәттерін, жаңа бағыттарын сараладық.

Қазақ философиясындағы дәстүрмен жаңашылдықты танып білуге ұмтылыс қазіргі Қазақстан жағдайында қалыптасқан тарихи мәдени процесстерден туындайтын ескеріп, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев бекіткен «мәдени мұра» бағдарламасының басты міндеттері ретінде «қазіргі таңда ұлттық философияны, ондағы құндылықтарды, ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлермен әдет ғұрыптарды зерделеу, бүгінгі күннің негізгі мақсаттарының бірі. Қазақ халқының философиялық бітім болмысын, мәдениетін сақтап қалу үшін ұлттық философиялық дәстүрлеріне назар аударды. Ұлттық сана сезімімізге әсер етудің мүмкіндіктерін айқындадық. Ұлттық рух пен ұлттық идеяны қайта жандандыру мен жаңғыртуға, адамгершілік рухани сабақтастықты жалғастыруға, келешек ұрпақтың бойына отан сүйіштікті дәріптеудің философиялық астарын ұғындық.

Ұлттық мәдени жаңарудың кеңістіктік – уақыттық ерекшеліктеріне тоқталып, интеллектуалды мәдениет дамуының практикалық факторларын сараптадым. Мысалы: репрезентативті және рефлексиялық. Интеллектуалды ресурстардың рухани құрамы ретінде ұлтымыздың мінез құлқын негізге алу қажет.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // [Электронный ресурс]. – 2015. – URL: <http://www.akorda.kz> (дата обращения: 23.05.2015).
2. Сейтбеков С. Иман негіздері – Алматы Көкжиек баспасы 2008-376 б.
3. Нысанбаев Ә. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Он томдық: 3-том. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001-720 б.
4. Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану және жаңару философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 282 б.
5. Кирабаев Н.С. Аль-Фараби и развитие античной философской традиции // Аль-Фараби: Философия. Культура. Религия: Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию КазНУ им. аль-Фараби / Алматы: Қазақ университеті. – 2009. – С. 32.
6. Бараш Р.Э. Культура и мультикультурализм: от философского к системно-теоретическому осмыслению // Вопросы философии. – 2016. – №1. – С. 36–41.
7. Мырзахметов М. Қазақалайорыстандырылды? – Алматы: «Атамұра-Қазақстан», 1993. – 128 б.
8. Мағауин М. Сары қазақ // Шығармаларжинағы: Он үштомдық. 1960 – 2002 ж. – Алматы: Қанағат – FMO баспасы, 2002. – Бесінші том. – Б. 332–497. 82. Сейдімбек А. Қазаққоғамыныңөмірбаяны // Тілжәнеқоғам. – 2004. –№2. – Б. 13–16.
9. Сеңгірбай М. Мәденижарақаттықалайжазамыз? // [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <http://egemen.kz> (дата обращения: 06.01.2017).
10. Сейдімбек А. Қазақ қоғамының өмірбаяны // Тіл және қоғам. – 2004. – №2. – Б. 13–16.

А.Т. Ережен, С.Ж. Асамбаева

*«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ,
Түркістан облысы Ордабасы ауданы Шұбарсу ауылы*

ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕГІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

XXI ғасырға аяқ басқан Қазақстан күрделі тарихи бетбұрыстар мен қоғамдық жаңғырулар тұсында тұр. Бұл кезеңде рухани адамгершілік қасиеттерін дамудың жаңа бағытын айқындай көзделіп тұр. Сондықтан біз өзіміздің зерттеуге алған мақалада адамгершілік тәрбие проблемасының мәні мен мазмұнын жаңа кезең жағдайына байланысты қарастыруды көздедік. Адамгершілік тәрбиесі адамзат қоғамының барлық кезеңінде де көкейкесті мәселе болған, Әр тарихи дәуірде өмірдің әр кезеңіне байланысты қоғамның мақсаты мен құндылықтары да өзгеріп отырды. Адамгершілік туралы тарихи дамуды зерделесек, философиялық, қоғамдық, психологиялық, экономикалық, әлеуметтік және педагогикалық ғылымдар саласында жан-жақты зерттелгенін байқаймыз.

Ұлы ойшылдар ілімінің құрамды саласының бірі адамгершілік тәрбиесінің проблемасы болып келгені айғақ.

Қоғамның тарихи даму тәжірибесі адамгершілік тәрбиесінің проблемалары үнемі жаңа адам тәрбиелеу міндеттерімен байланысты болып келгенін дәлелдейді.

Соның ішінде философия ғылымы адамгершілік тәрбиесін ең негізгі проблема деп қарастырады. Ал, жалпы педагогика мен психология адамгершілік тәрбиесі теориясын жеке адам және қоғам туралы ғылымдардан бөліп қарамайды, оның ажырамас бөлігі деп есептейді. Ол әр уақытта да философия, социология, психология мен физиологияның табыстарына сүйенеді.

Біздің еліміз әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа құрылысын жүргізіп отырған шақта адамдардың адамгершілік саналылығын тәрбиелеу қоғам дамуының ең бір басты айқындаушы міндеті болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру жолдарын жаңаша қарастыру үшін ең алдымен адамгершілік, оның негізі немен анықталатынын зерттеу қажет.

Ғылыми психологиялық әдебиеттерде адамгершіліктәрбиесі жалпы тәрбиенің аса маңызды құрамды бөлігі екендігі айқындалған.

Адамгершілік деген ұғым педагогика, психология, философия ғылымындағы арнайы категория, сондықтан мұның анықтамасына талдау жасауда оның қандай факторлармен байланысты екенін анықтап алу керек. Ең алдымен, адамгершілік, әлеуметтік, экономикалық бағытпен байланысты. Бұл адамгершіліктің әлеуметтік негізін көрсетеді. Тарихқа көз жіберсек, адамгершілік ұғымы көп ғасырлар бойына діни көзқарас негізінде түсіндірілді, одан біртіндеп таптық негізде түсіндірілді, ап қазіргі ғылыми адамгершілік ұғымын қоғам дамуының жаңа бағытымен байланысты қарастырады.

Сонымен қатар А.С.Макаренко адамгершілік тәрбиесін кең көлемде әлеуметтік жағдайлармен, жеке тұлғаның жан-жақты дамуымен тығыз байланыста қарастырып, жаңа қоғамға жоғары қоғамдық сезімді ояту, қоғам мен жеке тұлғаның арасында туындаған қарама – қайшылықтарды дұрыс шеше білуге талаптану мәселелерін психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік негізде дәлелдеген [1].

А.С.Макаренконың еңбектерінде адамға адамгершілік сеніммен, сүйспеншілік сезіммен, адам баласын сыйлау, адамның жоғары санасына сенім білдіру идеясын теориялық және нақтылы педагогикалық тәжірибесімен дәлелдеген. А.С.Макаренко адамға неғұрлым көбірек талап қойылса және оны орындай алатынына сенім білдірілсе, ол адамгершілік жағынан көркейе беруге тиіс деп дәлелдеген.

Аталмыш мәселе психолог ғалымдардың (В.М.Бахтерев, Л.С.Выготский, В.А.Крутецкий, А.В.Петровский, Л.И.Божович, Ж.И.Намазбаева, Қ.Б.Жарықбаев т.б.) зерттеулерінде жеке тұлғаның адамгершілік дамуының өзіндік ерекшелігін, мінез-құлқын реттеуші басты құрал ретінде қарастырылған.

Психолог ғалым Б.Г.Ананьев жеке тұлғаның адамгершілік тұрғыдан дамуының мақсаты адамның психологиялық даму күшінің деңгейіне сәйкестендіріліп, өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін басқаруға бағытталуы керек деген ойды тұжырымдайды [2].

Ал, Л.И.Божович өзінің зерттеулерінде бастауыш сынып оқушылары өздерін қоғамның азаматы ретінде бағалап, жалпы адамгершілік категорияларға саналылықпен қарау, өзінің тәжірибесін және өзін қоршаған ортаның тәжірибесі негізінде өзінің көзқарастарын жинақтап, адамгершілік дүниетанымның біртіндеп дамитындығын көрсетеді. Сонымен Л.И.Божович бастауыш сынып оқушыларында адамгершілік дүниетанымның қалыптасуы негізінде осы жас кезеңінде толық жеке тұлға деңгейіне көтеріледі деп пайымдайды.

Келелі мәселелері бар күнделікті өмірде, адамдармен достасып, оларды сүйе қуана білетін, барлық жағдайда бақытты бола білетін – адамның мінез-құлқына сай жаңа үлгілерін қалыптастыру. Егер адам өзін, қоршаған әлем мен ондағы адамдарды сүйе білсе, оның, ішкі дүниесі еркін және энергия толы болса, ол өзінің не үшін өмір сүретіндігін біледі және өз мәселелерін өзі шеше алады, айналасындағыларға да көмектеседі.

Оқыту – тәрбиеден бір елі де бөлінбейтін бүртұтас үрдіс. Сондықтан тәрбиені оқытудан бөліп алып, сынып сағатына ысыра беруге болмайды. Әл-Фарабидің:

«Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат»,– деген сөзі сабақты ұйымдастырудағы басты мақсат – оқушының жан дүниесін түсінуі екендігін меңзейді.

Рас, оқу үрдісінде адамгершілікке тәрбиелеу мақсаты ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бірақ «адамгершіліктің» «элементтерін» «қолданамын» немесе «адамгершілік тәрбие барлық сабақ тақырыбына сай келе бермейді» деген жаңсақ пікір де орын алып келеді. Адамның бойындағы рухани құндылықтар оның жаратылысымен бірге пайда болатынына көңіл аудармай, оны сырттан іздеп келеміз.

Бірақ біз– педагог қауым бала жанының бағбаны екеніміз рас болса, сол адамгершілік дәнін қалай сеуіп, одан қандай өнім алып келеміз?

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған жас бүлдіршін, жүрегі таза, ниеті ақ, пейілі кең, пәк періште күйінде азамат қатарына қосылып кетіп жатыр ма?

Егер мұғалім өзінің Адам қалыптастыруындағы міндетін өз дәрежесінде атқарып келе жатса, қоғамдағы жат қылықтылар қайдан шығып жатыр?

Қарапайым мысал, Мектепке келген кезде сондай сүйкімді, тілалғыш, жүрегі таза, сезімі пәк жас бүлдіршік орта немесе жоғары буынға келгенде өзгеріп сала береді.

Сол кезде мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті?

Мынадай жаман әдеттерді қандай үйреніп ала қойды? Неге озбырлық жасауға бейім болып алды? Деген сияқты сауалдар жиі мазалайды.

Әрине, оның себептерін жан-жақты іздеуге болады. Ата-анасын, жүрген ортасын қосқанда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Олардың барлығы бір мақсатта болып, бір ойдан шығуы мүмкін емес қой деген пікір де туындап жатады. Бірақ баланың қалыптасуына ықпал етіп, дамуына үлес қосатын мұғалімнің есте ұстар жағдайлары аз емес. Солардың ішінде ең негізгісі – балаға деген жүрек жылуы. Ол қашан да қажет және ешқашан артық болмайды.

Ата-анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата-анам да осындай болса, деп армандауы мүмкін. Мұғалім тек жақсы қырынан таныған осындай болса, деп армандауы мүмкін. Мұғалім тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді.

Ал бүгінгі күнгі мұғалімнің басты мақсаты– өзіндік адамгершілік құндылықтарын бала бойына дарыта отырып, оның жүрек түпкіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарын дамыту.

Адамгершілік жиынтығы – борыш болып табылады. Адамгершілік тәрбиесінің негізгі міндеттері:

- адамның– адам алдындағы, қоғам алдындағы, отан алдындағы борышы;
- ата-аналардың балалар алдындағы немесе балалардың ата-аналар алдындағы борышы;
- жеке адамның ұжым алдындағы, ұжымның жеке адам алдындағы орындайтын негізгі міндеттері болып табылады.

Адамгершілік тәрбиесін бүкіл тәрбие үрдісінің саналы да, негізгі өзегі болуын назардан тыс қалдырмау қажет. Олай болса адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – жақсылық атаулыға деген сезімді дамыту, өзгеге болмайтын жамандық атаулыға жол бермеу деген сөз. Әрбір адам адамгершілік ұстанымдарды бұзу – жамандықтың басталатын межесінен аттау екенін сезіну қажет.

Адамгершілік – қоғамдық өмірдің жемісі. Ол қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып, жаңа мазмұн алып отырады. Бізге мәлім, бұрын өткен әлеуметтік-экономикалық формацияларда адамгершіліктің мақсат-міндеттері, мазмұны бірдей болмаған. Алғашқы қауымдық кұрлыс кезінде адамгершілік тәрбиесі сол қоғамның мақсатына сай қарапайым түрде болса, ал өзінен кейінгі өткен құлиеленушілік, феодалдық, капиталистік қоғамдарда таптық сипатта болды.

Жоғары сезімдер арасында адамгершілік сезімдер ерекше орын алады. Бұл туралы К.Д. Ушинский "Біздің өзімізді, біздің дүниеге қалыптасуымызды, біздің сезімімізді де, ойымызды да, тіпті қылығымызды да сезімдей анық және дұрыс білдіре алмайды, біздің сезімдеріміз де жеке ой ғана, жеке шешімдер ғана емес, адам жанының мазмұны, оның жүйесі түгелдей көрініп тұрады" – деп дәл сипаттама берген [3].

Жас ұрпақтың адамгершілік тәрбиесіне, ұлттық болмысымызға тән тәлім-тәрбиелік құндылықтарды игеруіне мүмкіндік жасайтын, балалардың танымдық ерекшелігін ескерген арнайы көркем эстетикалық сапалы бағдарламалардың ақпарат көздерінен орын алуы тиіс деп санаймыз.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты– мемлекеттің әлеуметтік және кәсіптік проблемаларын өз бетінше тұжырымдай отырып, іс-жүзінде шеше алатын жоғары білімді әрі бәсекеге түсуге қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға неғұрлым қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Қазақстанның мәдени және эканомикалық өміріндегі жетістіктерді, көп жағдайда адамгершілік мәдениеті биік, сонымен бірге, бәсекеге қабілеті жоғары технологиялық экономиканы ғана емес, асқақ рухани құндылықтарды да қамтамасыз етуге бағытталған жоғары білім беру жүйесін түбегейлі қайта құрумен тығыз байланысты. Бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде, оқу бағдарламаларын өзгертуді, сондай-ақ оқушылардың алатын білім сапасын көтеру, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейтіндігі Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында айқын көрсетілген. Бұл білім беру жүйесінің негізіне алынған шығармашылық әрекетінің басқаша методологиясы және ол өзгеше адамгершілік және ерік қасиеттерін қалыптастыруды, адамның рухани дамуын талап етеді, ал мұнда білім беру жүйесінің өзі инновациялық жүйеге айналады.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл теория мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды:

– білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылауымен байи түсуде;

– ақпараттық дәстүрлі әдістері-ауызша және жазбаша, телефон және радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

– баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

– жоғарғы оқу орындарында, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;

– қоғамдық біліммен бара бар технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның роліне мән берілуде;

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі заманғы оқыту технологиялары педагогикалық және психологиялық ілімдер негізінде жасалған дамытушы, тұлғалық бағдарлы, мақсатты технология болып табылады. Адамзат дамуының жаңа кезеңіне жаңа білім беру жүйесі, жаңа оқыту жүйесі, жаңа білім беру философиясы және жаңа білім үлгісі сай келуі тиіс.

Оқу процесі көп уақыттан бері техникалық және технологиялық мәселелерді қамтиды. Оқушы еңбегін жетілдіріп, оның тиімділігін арттыратын көрнекілікке ұмтылу, әр түрлі құралдарды қолдану білім жүйесі пайда болғаннан бері іске асып келеді. Дегенмен қазір ғылыми-техникалық заманда технология мәселелері өте үлкен мәнге ие болуда.

Оқыту технологиясының әдіснамалық қызметі жалпы стратегиялық үлгі-оқытуды жобалау, ұйымдастыру және жобаны жүзеге асыру арқылы анықталады. Оқыту бағдарламасы оқыту қызметінің жобасы ретінде төмендегі арнайы ерекшелігіне ие:

– әлі пайда болмаған объектілерді бейнелейді,

– ең болмағанда нормативті түрде жүзеге асырылған болуы мүмкін,

– сәйкес іс-әрекеттің орындалуының қолайлы деңгейін белгілеп отыратындықтан нормативті болып табылады.

Бұл ерекшеліктерді оқыту технологиясының дамытушылық қызметі сияқты өзіндік ерекшелігімен толықтыруға болады. Технологияның бұл сипаты оқыту барысында жеткілікті дәрежеде көрінбейді, бірақ жаңа технологияның маңызды белгісі болып табылады.

Оқыту мен тәрбиелеуді технологияландырудың келесі бір әдіснамалық бағдары іс-әрекеттік ықпал болып табылады, себебі білім беру процесінің негізі – іс-әрекет. Соңғы кезде білім беру жүйесі

бөліктерінің-мақсаты, мазмұны, әдіс түрлері мен оқу құралдарының бірлігі туралы түсінік берік қалыптасқан. Қазіргі уақытта жалпы білім қоғамдық қажеттілік қана емес, сонымен қатар, жеке адамның өзіне де қажет, оның қоғамдық мәдени өмірге, кәсіптік еңбекке қатысып, білімін одан әрі жетілдірудің мөлшері болып табылады. Сондықтан да, білім беретін білім мазмұнын жаңарту үшін нақты әлеуметтік жағдайларда дамитын әрбір оқушының талғам тілегін, оның табиғи биологиялық-генетикалық негіздерін, қабілетін, денсаулығы мен психологиялық ерекшеліктерін барынша ескере отырып, жеке тұлғаның шығармашылықпен іс-әрекет ету білу мақсаты басшылыққа алынады.

Оқу процесіндегі мұғалім әрекетінің психикалық әрекет және іс-әрекет тұрғысынан алғандағы сипаты, жұмыс әдісі, ұстанымдары оқытудың мақсаты мен мазмұнына қарай әр алуан болып өзгередіні белгілі. Бұл дамыта оқыту мен дәртүрлі оқытуды салыстырғанда өте айқын білінеді. Мұғалімнің басты міндеті-оқу материалы мазмұнын оқушыға дайын күйде жеткізу, түсіндіру, іс-әрекет үлгісін дайын түрде көрсету емес, оқушымен бірлесе жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіну, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру. Жалпы алғанда, оқу мазмұнының мақсаты оқушының қабілеттілігі мен табиғи алғырлығын, ынтасын дамыту, мүддесі мен қызығушылығын жүзеге асыруын қамтамасыз ету, шығармашылық ойын қалыптастыруға қажетті білім, білік және дағдылармен қаруландыру арқылы кез-келген салада қызмет етуге және тез өзгеріп отыратын заман талабына бейімделе алатын түлекті тәрбиелеу.

Оқыту технологиясы деңгейінде оқыту процесінің компоненті айқындалады. Жеке қарым-қатынас жасау кезінде бір теорияға негізделген бірнеше технология ойлап табылуы мүмкін. Өзіндік бағыт дамытушы технологиялардың негізгі тиімділігі интеллектуалдық және эмоционалдылығын –таландылық даму білімді және кәсіптік біліктілікті қалыптастыру білім беру процесінің құндылығын бағалауды қамтамасыз ету, белсенділікті арттыру болып табылады [1].

Кез келген технология адамның психикалық дамуын анықтайтын деректер, алғашқы себептер туралы түсініктерден пайда болады. Дамудың негізгі жетекші факторларына байланысты технологияларды төменгіше бөлуге болады:

– Психиканың дамуы биологиялық тұқым қуалау арқылы анықталады деп қарастыратын биогендік технологиялар.

– Жеке тұлғаны қалыптасуы адамның әлеуметтік тәжірибесіне, оқып-үйрену нәтижесіне байланысты деп қарастыратын социогендік технологиялар.

– Даму нәтижесі адамның өзіне, тәжірибесіне, өзін-өзі психологиялық жағынан жетілдіруіне байланысты анықталады дегенді жақтайтын психогендік технологиялар.

– Жеке тұлға және оның қасиеттері материя емес деп ұғындыратын идеалистік технологиялар.

Бүгінгі күні оқытуды ақпараттандыру үрдісіне ерекше көңіл бөлінуде. Оқыту үрдісін ақпараттандыру – қазіргі қоғамды ақпараттандыру үрдісінің бағыты болып табылады. Ал барлық арнайы ақпараттық-техникалық құралдарды (ЭЕМ, аудио, бейнефильм, кино) қолданатын технологияларды тәжірибеде ақпараттық технологиялар деп атаймыз [2].

Ақпараттың – компьютерлік революция басталғаннан кейін заман талабы күрт өзгереді. Алайда революция – компьютердің технологиялық механизмімен қазіргі коммуникациялық құралдардың толық жарақтан-дырылған техникасна тікелей байланысты. Демек, бұл технологизациялау компьютерлік дамудың ең алғашқы даму кезеңіне тән құбылыс. Қазір бұл мүлде басқаша көрініс тауып отыр. Ақпараттық технологияда білім факторы ғылым болып табылады. Өз кезегінде ол ақпарат технологиясы арқылы өндіргіш күштердің, оған қатысты өндірістік қатынастардың түбегейлі өзгерісіне түсінуі әсер етеді.

Электрондық оқулықтарды қолдану кезіндегі ой-әрекеттер мен операциялар жасау жұмыстары оқушылардың ақылының даму дәрежесін анықтайды. Оқушылар алған білімдерінің негізінде өз бетінше компьютер-мен қарым-қатынасына болуы, қалаған нәтижесін жолын тауып орын-дауға жаңа білім алудың көзін іздеуге икемделеді. Электрондық оқулықтарды оқыту процесіне енгізу қажетті жаттығу жұмысының ауқымын кеңейтеді және ол оқушылардың дербес, өз бетінше жұмыс жасау барысында өтіледі, сондай-ақ рецептивтік дағдының қалып-тасуына, жазбаша қарым-қатынас жасау дағдысы қамтуға мүмкіндік береді.

Ақпараттың-коммуникациялық технологияны қолдану кезінде мынандай диалог қолданылады – «Адам – компьютерлік орта». Осы түсінікке қарап біз ақпараттандыру, компьютер және интернет технологиясының барлығы байланысты екенін көреміз.

Әрбір тұлға өзінің кемшіліктерін анықтауы қажет. Өзін-өзі бағалау барысында студенттер өздері жойғысы келетін кемшіліктерін табады. Бұл кемшіліктердің шығу табиғаты әр түрлі болуы мүмкін. Бір жағынан, студент өз кемшілігін жағымды қасиеттің даму мөлшерінен қалып қойғаны ретінде

қабылдауы мүмкін. Екінші жағынан, ол кемшілік ретінде өзінің идеалындағы бар қасиетке қарағанда өзіндегі жағымды қасиеті жеткілікті дамымаған деп санайды. Мұндай, жағдайда кемшілікті маңайындағылар байқамайды, сондықтан оны жоюдың өзіндік бастамасы маңызды рөл атқарады.

Оқушылардың жағымсыз қасиеттерін кейде оның кемшілігі деп түсінеміз. Өзін-өзі тәрбиелеу мақсатында жағымды қасиеттерді дамыту қажеттілігіне қарағанда, мұндай жағдайдағы өзін-өзі тәрбиелеу бойындағы жағымсыз қасиеттерді жоюды, яғни қайта тәрбиелеуді қарастырады. Қайта тәрбиелеу дегеніміз ескі жағымсыз таптаурынды жою деген сөз, міне осыдан келіспеушілік пайда болады.

Қайта тәрбиелеу бірнеше кезеңдерден тұрады. Дайындық кезеңі ішкі келіспеушіліктің пайда болуына себеп болатын алғышарттардың қалыптасуымен сипатталады. Тәрбиенің арқасында студенттің бойында ескі машықтары мен бейімділіктері қайшылықта болатын мінез-құлықтың жаңа түрлері қалыптасады. Екінші, келіспеушілік кезеңінде, оқушылар жағымсыз машықтарынан бас тартып, адамгершілік қасиеттерін тұлғасына сіңіреді. Қайта тәрбиелеудің үшінші кезеңі өзінің жағымды идеалдарына әліктесп, өз кемшіліктеріне риза болмай, өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылады.

Кемшіліктерді жоюды мақсат ететін өзіндік тәрбие өзін-өзі тәрбиелеудің бағдарламасы бар болса ғана жүзеге асырылады. Ол өзін-өзі тәрбиелеуге қатысты белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруды өзінің алдына міндет етуден, өз-өзіне сөз беруден тұрады. Көптеген адамдарға өзінің алдындағыға міндеттері мен өзіндік ережелерін жазбаша түрде жасап қоюының әрекеттері өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасын анығырақ құрастыруға, есінде жақсырақ сақтап қалуына, өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасы мен ережелерін «зандастыруға» мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Ушинский К.Д. Шығармалар жинағы. М.; Л., 2012. 27 б.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. М., – 1986. -240 б.
3. Бехтерев В.М. Избранные работы по социальной психологии / Отв. ред. Е.А. Будилова, Е.И. Степанова. РАН, Ин-т психологии. – М., 2014. – 399 б.

А. Ережепова

*магистрант, «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ*

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ ІС-ӘРЕКЕТ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ

XX ғасырда әлеуметтік өмір формалары мен мәдени құндылықтардың пайда болуының негізі, қайнар көзі – іс-әрекеттің күрделенуімен жүзеге асты. Бұл ұстаным бірқатар ғылымның қалыптасып дамуына негіз болды. Күнделікті өмірде «іс-әрекет» сөзі – қозғалыс, әрекет, іс, еңбек деген қарапайым ұғымды білдіреді. Ол адамның болмысымен байланысты қарастырады, онымен ғылымның бірнеше салалары: философия, тарих, мәдениеттану, психология, педагогика және т.с.с. шұғылданады. Іс-әрекет мәселесі, көбінесе, гуманитарлық ғылымдарда зерттелген, онда іс-әрекеттің түрлерін анықтауға бірдей негіз болмаған: бір жіктеуде – ол ойын, оқу, еңбек; екіншісінде – таным, еңбек, қарым-қатынас; ал әлеуметтанушылардың еңбектерінде – еңбек, көркем-өнер, саяси, ғылыми іс-әрекет және т.б.

Іс-әрекетке әртүрлі анықтамалар беріледі. Іс-әрекеттің философиялық анықтамасында ол «айналадағы дүниеге адамның ерекше адамгершілік түрдегі қарым-қатынасы» деп көрсетіледі [1]. Қазақ совет энциклопедиясында: «Іс-әрекет – айналадағы дүниеге, қоршаған ортаға белсенді ықпал етіп, оны белгілі мақсатқа сай өзгертудің тек адамға ғана тән формасы. Іс-әрекеттің мазмұны мен нәтижесі бүкіл адамзат қоғамының тарихи қалыптасуы мен дамуы арқасында жүзеге асып отырған. Табиғаттағы өзгерістер мен өркениет, материалдық игіліктер дүниесі адамзаттың бүкіл мәдениеті мен рухани қазынасы» – делінген [2]. Педагогикалық энциклопедияда: «Іс-әрекет адамдардың қоғамдық-тарихи болмысының ерекше түрі, олардың табиғи және әлеуметтік шындықты бағытты түрде өзгертуі», – деп анықтама берілген.

Қандай да болмасын, іс-әрекеттің мақсаты, құрал-жабдығы, нәтижесі және оның орындалу үдерісі болады. Сондықтан да оған тән ерекше қасиет, ол әр уақытта саналы түрде жүзеге асырылады. Іс-әрекет – қоғамдық прогрестің нақтылы қозғаушы күші және қоғамның өмір сүруінің негізгі, қажетті жағдайы.

Әрбір жұмыста өз ісін жетік меңгерген шебері болады. Бұл іс-әрекеттің кәсіби түрі, яғни кәсіби іс-әрекет. Кәсіби іс-әрекеттің алуан түрлері бар. Кәсіби іс-әрекет осы кәсіпке байланысты функцияларды орындау үшін қажетті білім, білік, дағды жүйесін меңгеруді талап етеді. Адам іс-әрекеттің жоғары нәтижелеріне және

кәсіби деңгейге қол жеткізу үшін теориялық және практикалық тәжірибе алу арқылы, өз бетімен білімін көтеру және тереңдету білігі арқылы меңгереді.

Кәсіби іс-әрекеттің бір түрі педагогикалық іс-әрекет, оның мазмұны – білім беру, оқыту, тәрбиелеу және дамытумен сипатталады. «Кәсіби іс-әрекет» ұғымының ауқымы «педагогикалық іс-әрекет» ұғымынан гөрі кеңірек, өйткені мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті осы мәселені зерттеген мамандардың пікірінше: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, әлеуметтік-мәдени, психотерапевтік және т.с.с. функционалдық элементтерден тұрады [3].

«Педагогикалық іс-әрекет, – Л.А.Беляеваның пікірінше, – педагогикалық шындық болмысының тәсілі. Педагогикалық іс-әрекеттен тыс тәрбие туралы да, педагогикалық шындықтың басқа құбылыстары туралы да айтуға болады» [4].

Педагогтың іс-әрекет объектісі – студенттің іс-әрекеті. Педагогикалық іс-әрекетті бейнелеуге, құрастыруға, бағдарлауға және басқаруға болады. Бұл тәсілдердің әрқайсысы мұғалімнің белгілі бір іс-қимылының негізі болып табылады.

Педагогикалық іс-әрекет аясында оқытушы білім алушылармен қарым-қатынас үдерісінде ғылым әлемін байланыстырушы рөлін атқарады. Ендеше оқытушы білім мазмұнын бере отырып, ұжымдық субъектілердің іс-әрекетін жеке субъектілердің іс-әрекетіне айналдыру үдерісін ұйымдастырады, сөйтіп жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді.

Педагогтың іс-әрекет жүйесі мынадай түрлердің жиынтығын құрайды (Л.К.Гребенкина):

- мақсат қою іс-әрекеті – бұл жеке тұлға мен ұжымды тәрбиелеудің, дамытудың жақын және алыс мақсаттарын анықтау;

- болжау іс-әрекеті – оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, формаларын және нәтижелерін алдын-ала қарастыру;

- диагностикалық іс-әрекет – оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мен ұжымды және жеке тұлғаны оқып-үйренуге бағытталған бағалау тәжірибесі;

- жобалау іс-әрекеті – білім беру жүйесінің тұжырымдамасын және бағдарламасын құру, баланың және балалар ұжымының келешектегі дамуын болжау, оқытудың стратегияларын анықтау;

- құрастыру іс-әрекеті – оқу-танымдық іс-әрекеттің жетілдірілген түрлері мен мазмұнын, оқу үдерісінің технологияларын, педагогикалық ықпал мен өзара ықпал ету әдістерін тандап алу, тәрбие жұмысын жоспарлаудың негізгі бағыттарын анықтау;

- ұйымдастыру іс-әрекеті – оқу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған оқытушы мен жоғары педагогикалық білім алушылардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру

- түзету іс-әрекеті – оқу жұмысына түзетулер енгізу, жеке тұлға мен ұжымның жағымды сапаларын, құндылық бағдарын қамтамасыз ету, жағымсыз құбылыстарды болдырмау;

- рефлексиялық іс-әрекет – меншікті әрекеттер мен жағдайларды талдау;

- қарым-қатынас іс-әрекеті – тіл табысудың демократиялық стилін, ізгілікті қатынастарды қамтамасыз ету, табысты жағдайды, жағымды мотивацияны жасау [4].

А.Н.Леонтьевтің теориялық көзқарасына сүйенетін болсақ, кез-келген іс-әрекеттер пәндік және құрылымдық мазмұнын түзеді.

Іс-әрекеттің пәндік мазмұны төмендегі бөліктерден тұрады:

1) мотив – іс-әрекетке бағытталған қозғаушы күш немесе қажеттілік пәні;

2) мақсат – іс-әрекеттің нәтижесі туралы (неге қол жетізуге болады?) елестету;

3) мақсатқа жетудің маңызды тәсілдерінің бірі болып табылатын іс-әрекетті жүзеге асырудың объективті-пәндік шарттары;

4) іс-әрекет міндеттері. Міндеттердің орындалуы әрекеттер мен операциялардың көмегі арқылы жүзеге асады.

Іс-әрекеттің құрылымдық өлшемдері төмендегі бөліктерден тұрады:

1) мотив өлшемдері арқылы туатын жеке әрекет;

2) әрекет – мақсатқа бағынышты үдеріс; салыстырмалы түрде өз бетінше бола алады және іс-әрекеттің әрбір түріне енеді;

3) операциялар – әрекеттердің жүзеге асу тәсілдері, нақты мақсатқа жетудің шарттарына байланысты [4].

Іс-әрекеттің табыстылығы индивидтің оң нәтижеге қол жеткізуін көрсететін педагогикалық категория болып табылады. Іс-әрекет табыстылығының белгілері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- жаңа білімді іздеуге талпыну;

- бұрынғы білімді жаңамен байланыстыра отырып, жаңғырту;

- ұғымдар жүйесі мен белгілерін түсіну;

- жаңа жағдаяттарды шешу үшін таныс жағдаяттарға сүйене білуге дағдыландыру;

- күрделі іс-әрекет құрамында әрекеттер мен тәсілдер туралы білімді ашық және жабық күйінде пайдалана алу;
- жағдаятқа немесе тақырыпқа байланысты өз ойын жинақтай алу;
- ойын дамыта отырып, соған байланысты сөздік қорын жинақтай алу;
- шығармашылық жұмыстағы қажетті операциялардың минимумын меңгеру;
- шығармашылық іс-әрекетте белсенділік таныту;
- өзінің жетістіктерін бағалауға тырысу;
- ереже және әрекеттер жүйесі бойынша іс-әрекетті орындай алу.

Осы аталған белгілер іске асқан жағдайда студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін табысты қамтамасыз етуге мүмкіндіктер туады.

Ақыл-ой әрекеті оқытуда – жетекші, ал сөйлеу ой жеткізу құралы ғана деген пікір ғылымда қалыптасқан. Материалды әрекет болса, тек өндірістік практика кезінде білім алушыларды дайындау барысында ғана пайдаланылады. Алайда бұл жағдай кейбір кездерде ғана әділетті. Мысалы: белгілі білімді және өндірістік оқу жұмыстарындағы дағдыларды бекіту қажеттілігі туындаған уақытта ғана материалды әрекет дұрыс болып табылады. Материалды әрекет мәселесі қарапайым емес, сондықтан оның жан-жақты талдауын жасамай-ақ, шешудегі кейбір теориядағы бар амалын қарастырған жөн. Әрекеттің бұл 3 формасы объективті түрде қоғамдық, ғылыми және еңбек әрекеттерінің формалары ретінде (өндіріс, ғылыми, мәдениет және т.б.) өмір сүретіні белгілі. Ал бұл қоғамдық, ғылыми және еңбек әрекеттерінің формалары қоғамда да, оқытуда да анықталған ерекше қызметтер атқарады. Сөйтіп, әрекет оқыту үдерісінің барлық жақтарына өз ықпалын тигізеді. Бұл ықпал студенттердің практикалық даярлық сапасына қойылатын талаптар түрінде тура немесе оқу пәнінің мазмұны мен оқыту формалары арқылы жанама түрде де жүзеге аса алады. Әрекеттің қоғамдық формалары оқу үдерісіне жалпы, бір-бірімен байланысқан түрде әсер етеді. Осылайша, дәріс сабақтарында ғылыми мәселелер, әдетте өмірден, техникадан алынған осы заманғы мысалдармен түсіндіріліп, өндіріс үдерістері оқу пәндерінің теориялық ақпараттарын қолданумен баяндалады.

Әдебиеттер:

1. Гришина Н.Ю. Диагностика успешности учителя. // Педагогический поиск, – М.: 1997.
2. Лемберг Р.Г. Методы обучения в школе. – Алма-Ата, 1958. .
3. Ильин В.И. Успешность деятельности компенсации и компенсаторные отношения // Вопросы психологии. – 1983. – № 5
4. Рысбаева А.К. Интерактивное обучение как фактор успешной учебной деятельности студентов // Вестник. КазНПУ им. Абая. – 2007. – № 4(16).

Ш. Ешенгазина,

*«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»
мамандығының магистранты*

Н.А. Құлмышева,

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТ ҰҒЫМЫНА ТҮСІНІК

Интеллект – адамның ақылды әрекет етуі, рационалды ойлауы мен тіршілік сұрақтарын дұрыс шешудегі жеке қабілеті. Жалпы қабілеттің бір көрсеткіші интеллектік қабілеттер жаңа өмірлік жағдайға бейімделуді негіздейді. Интеллектінің негізіне – белсенділік, ортаның өзгеруіндегі интеллектік мінез-құлық, бейімделгіш әрекет жасауға мүмкіндік беретін ортаның мүмкіндіктері жатады. «Интеллект» ұғымы көпжоспарлы, интеллектінің формалды сипаттамасында оны қабілет, ал мазмұнды сипаттамасында нақты танымдық іс-әрекет деп қарастырады.

Ақыл немесе интеллект (лат. *intellectus* түсіну, ұғыну, танып білу, ақыл-ой) жоғары дамыған және күрделі нерв жүйесінің қызметінің айрықша функциясы; ақпар алуға, оны сақтауға, өңдеуге және беруге, жаңа білімді қорытып шығаруға, жеткілікті негізделген шешімдер қабылдауға, алға қойылатын мақсаттарды тұжырымдап, соларға жетуге бағытталған іс-әрекеттерді қадағалауға, қоршаған ортада болатын хал-ахуалдарды дұрыс бағалауға қабілеттілік [1].

Ақыл-ойдың өндейтін хабардың аса маңызды қайнар көзі және ол қорытып шығаратын білімдерді, шешімдер мен мақсаттарды қолданудың объектісі – объективтік дүние. Осы тұрғыда адамның ақыл-ой немесе интеллектілік қызметі объективті шындықты өзгертуге бағытталған қызметтің негізінде бейнелендіру болып табылады.

Интеллект – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді. Интеллект адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті. Интеллект функциялары:

- Оқуға деген қабілеттілік;
- Қоршаған болмысының заңдылықтарын белсенді меңгеруге қабілеттілік. Бірқатар психологиялық тұжырымдамаларда интеллект ақыл-ой операцияларының жүйесі мен теңестіреді [2].

Ал, интеллектіні биологиялық функция ретінде қарау әлемге бейімделумен байланысты, мұнда көптеген зерттеушілер интеллектіні сезім мен ерікке қарсы қояды.

Оқушылардың білімін жетілдіріп, интеллектуалды дамуын қалыптастыруда қазақ халқының ірі тұлғалары әл-Фараби, М.Қашғари, Ж.Баласағұни, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және т.б. еңбектерінің алатын орны зор. Себебі дәл осы ірі ғалым – ойшылдардың мұралары жастарды оқу білімге шақырып, интеллектуалдығын дамытуда сіңірген еңбектерінің зор екендігін дәлелдей алады. Әсіресе, А.Құнанбаевтың педагогикалық мұраларының ықпалымен қазақ халқының ағартушылар М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов т.б. [3] еді.

Ы.Алтынсарин «Білім дегеніміз – өзімізді қоршаған шындықты танып білу» – деп анықтама берсе, Ж.Аймауытов «Адам – табиғатқа бағынған денесі бар зат» деп анықтама береді.

Интеллектуалды даму мәселесін 19 ғасырдың соңында неміс психологы Г.Эббингауз зерттеген. Сол кезеңде интеллект мәселесін шетелдік психологтар А.Бине, М.Вертгеймер, Д.Дьюи, В.Келер, Т.Симон және т.б. қарастырған болатын [4].

В.В.Давыдов редакциясымен басылған психологиялық сөздікте интеллект ұғымы тар және кең мағынада қарастырған. Кең мағынада жеке адамның барлық танымдық қызметтерінің бірлігі, яғни, түйсіну мен қабылдаудан бастап, ойлау мен қиялға дейін. Тар мағынада – ойлау ретінде түсіндіріледі. Ал, «Білім және Ғылым» энциклопедиялық сөздігінде – интеллект ой-өрісі:

- 1) индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің салыстырмалы тұрақты құрылымы;
- 2) ойлауға тиімді танымдық қабілеттілік.

Психологиялық-педагогикалық оқулықтарда интеллектуалды даму мәселесі маңызды орынға ие. Интеллектің педагогикалық, психологиялық, неврологиялық, т.б. теориялары бар. Интеллектің «жұмыс» анықтамасын беру үшін оның мағыналық ерекшеліктеріне сипаттамалар берілген.

Сонымен американдық невролог К.С.Лешлидің есептеуінше, «интеллект қандай – да бір дифференциалданбаған нервтік энергияның қызметі» және ол мидың атқаратын функциясы болып табылады. Ол мида интеллект үшін арнайы «орталық» бар екен деген пікірмен келіспейді. Оның интеллект адамның туғаннан бастап берілетін жүйке жүйесінің биологиялық ерекшеліктерінің қызметі деген түсіндірумен келіспеуге болмайды.

Э.Клапаред және В.Штерн интеллекті жеке адамның психологиялық қабілетінің жаңа жағдайларға бейімделу қасиеті деп анықтайды. Э.Клапаредтің пікірінше, психикалық функциялар соның ішінде интеллект және ерік ағзаның қандай да бір қажеттілігінің қанағаттануы үшін дамиды [5].

Френсис Гальтон интеллекті танымның әрбір мәселесін шешу үшін қажетті әмбебап қабілет деп қарастырады. Оның дәлелдеуінше, бұл қабілет жеке адамның ішкі қасиеті және ол оның жүйке жүйесінің биологиялық ерекшеліктерімен анықталады.

К.Пироковский интеллекті ақыл-ой қабілеттерінің ең жоғары түрі деп анықтама береді. Ол қиыстыру қабілеті, талдауға қабілеттілік, ұғымдардың пайда болуын және т.б. адамның ақылдың барлық функцияларын жүйелі түрде танитындай әдіс ұсынды.

Ал интеллектінің маңызды сапаларына тоқталатын болсақ.

– әуестік, құмарлық – маңызды қарым-қатынастағы бір құбылысты жан-жақты білуге ұмтылу. Бұл қасиет белсенді таным әрекеті нәтижесінде негізделеді;

– ақылдың тереңдігі – негізгісін ажырата білу, кездейсоқтың ішінен қажеттісін таба білу қабілеті;

– ақылдың икемділігі және қозғалмалылығы – жаңа байланыстар мен қатынастарда заттарды ойлап табу, тәжірибелерін кең қолдана білу, бір қалыпты ойлаудан арылу қабілеттілігі;

– қисынды ойлау – ойлардың бірізділігі қатаң сақталуы, зерттелетін объектінің барлық маңызды жақтары, оның өзара байланысының мүмкіндіктері сипатталады:

– дәлелді ойлай білу;

– сыни тұрғыдан ойлай білу;

– ойлаудың кеңдігі [6].

Сонымен біз оқушылардың интеллектуальды даму деңгейін анықтап, баға беру үшін интеллекті жоғарыда айтылған қасиеттерін ескеретініміз сөзсіз. Сондай-ақ біз оқушылардың интеллектуалды даму деңгейін сипаттау барысында, ең алдымен, олардың оқу іс-әрекетінің табыстылығына сүйенгеніміз дұрыс деп есептеймін. Тағы бір ескеретін жәйт, оқушы қандай ұғымдарға сүйенетінін, оның сөздік қорын, сөйлем құрау қабілетін, өз ойын жетік білдіре ала ма, салыстыруға тіл байлығы жете ме, эстетикалық жеткізілу деңгейі, т.б. қасиеттерін есепке алған жөн. Интеллекті адамның шынайылықты тануының негізгі формасы ретінде оқушылардың оқыту үрдісіндегі интеллектуалды іс-әрекетін ең алдымен ойлауы ретінде, бірақ ойлауды психикалық үрдіс ретінде емес, оқушылардың барлық психикалық сферасын, яғни керісінше, оқу-танымдық іс-әрекетіне біріктіріп қарастырады.

Әдебиеттер:

1. Дружинин В. Н. Психология общих способностей. – 2-е издание. – СПб.: Питер, 2002.
2. Қазақстан жоғары мектебі, 2012, № 2, 102 – 106 бет.
3. Слямбекова Т. С. Педагогикалық-психология – семей 2010
4. Интеллект и речь, Психология, Вып. 2. Алма – Ата, КазПи им. Абая, 1972, 117с.
5. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста СПб, 2000 г
6. Хокинс Д. Блейкли С. Об интеллекте. М.:ООО "И.Д.Вильямс, 2007, 240 с

*М. Жолбарысова,
магистрант, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Қарым-қатынас – біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы үрдіс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы. Қарым-қатынастың үш жағы бар – интерактивті, коммуникативті, перцептивті. Қарым-қатынастың түрлері – әлеуметтік бағдарлаушы, жеке бастық бағдарлаушы, топтық, топаралық және т.б. Қарым-қатынастың деңгейлері – макро, микро, стандартты, шаблонды, жабайы, рухани, іскер, ойын, т.б.

Өмір сүру барысында дамитын тұлғаның ерекшеліктерін меңгеретін білімнің көлемі мен сипаты, қызығушылығы, кез келген ортада қарым-қатынасқа түсе білуі, зейін қасиеттерінің жоғарғы деңгейде болуы, адамгершілік қасиеттері осылардың барлығы адамның белгілі бір жағдайға еркін жауап қайтаруына белсенді және мақсатты түрде әсер етеді.

Сондай-ақ қарым-қатынасты зерттеуде оның құрылымдық компоненттерін анықтау керек. Осыған байланысты зерттеу барысында М.Андрееваның қарым-қатынас құрылымын талдау нәтижесіне жүгіндік. Ол қарым-қатынасты бір-бірімен өзара байланысты үш жағынан қарастырды: коммуникативтік, интерактивтік және перцептивтік.

Қарым-қатынастың коммуникативтік немесе тар мағынадағы коммуникация мәлімет беру – алмасу мәселесімен анықталады;

Интерактивтілік қарым-қатынас жасаушы индивидтердің өзара әрекеттестігінің ұйымдасуымен қорытындыланады;

Перцептивтілік адамдардың бірін-бірі қарым-қатынас арқылы қабылдап, тануы және осы өзара танымның негізінде қалыптасуы. Ғалым бұлай жіктеп, бөлудің шартты екендігін, қарым-қатынас үрдісінде оның үш жағы да көрінетіндігін дәлелдеді.

Р.С.Немовта қарым-қатынас құрылымын жіктеуге аса назар аударды. Яғни, ол мазмұны бойынша. Қарым-қатынастың келесі түрлерін бөледі: материалдық зат пен іс әрекет өнімдерін алмастыру, когнитивтік білімдерін алмастыру, кондициондық психикалық және физиологиялық жағдайларды алмастыру, мотивациялық мақсатпен, қызығушылықпен, мотивпен, қажеттілікпен алмасу, іс-әрекеттік әрекетпен, операциялармен, іскерлікпен, дағдымен алмасу. Мақсаты бойынша, яғни адамда белсенділік неден пайда болады деген биологиялық және әлеуметтік қарым-қатынас деп бөледі. Тәсілі бойынша кодпен хабарлау, жіберу мәліметтің шифрді ашу амалымен қарым-қатынас тура және жанама болады [1].

Мектепке дейінгі балалардың жеке басы дамуының аса маңызды факторы – оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі, ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен, жолдастармен

қарым-қатынас орнатуға бағытталады. Мектепке дейінгі кезеңнің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық әлеуметтік негіздерін қолданады және олардың қалыптасуының жалпы бағыты белгіленеді.

Қарым-қатынас – адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасуына және іс-әрекет жасасуына мүмкіндік беретін өзара тіл табысуды орнату және дамыту процесі болып табылады. Тіл табысу арқылы адам өзіне белгілі бір мақсат қояды. Оның ішінде ақпарат беру, алмасу және оны талқылау; іс-тәжірибемен және эмоцияларымен бөлісу; өзінің, өзгенің және қоғамның қарым-қатынасын қалыптастыру; өзінің немесе өзгелердің көзқарастарын, іс-әрекетін өзгерту.

Тіл табысу үстірт және терең болуы мүмкін.

1. Үстірт тіл табысу – бір-бірімен сыр алмаспай, өзара сенімнің төменгі деңгейімен ерекшеленеді.

2. Терең тіл табысу – әріптестер бір-біріне сеніп қана қоймай, сонымен қатар, қарым-қатынастан көңілі жайланады, риза болады, олардың арасында әңгіме бір қалыпты және жеңіл жүреді, сөздер бірінен соң бірі ауызға өзі түседі. Бұл жағдайда кейде бірін-бірі түсіну үшін жымиюдың, қимыл әрекеттерімен және көзқарастарымен көрсету жеткілікті болып табылады. Мұндай қарым-қатынас, әсіресе, бірін-бірі жақсы танытын, жақын адамдар арасында жиі байқалады. Қарым-қатынастың пәнінде оны жүзеге асыруды қажетсіну, қарым-қатынас жасаудың себептері, қарым-қатынас әрекеті, міндеттері және құралдары, сондай-ақ нәтижесі де қарым-қатынас элементтері ретінде қарастырылады. Қарым-қатынас механизмдері оның тиімділігін анықтайтын, өзара түсіністікті сипаттайтын күрделі психологиялық құрылым.

Қарым-қатынас негізінде ақпарат берудің және алудың екі формасы болады. Вербальды сөз арқылы және вербальды емес сөзсіз, яғни сөзге қосымша немесе оны алмастырушы ретінде қарастырады.

Вербальды емес қарым-қатынасқа мыналар кіреді: мимика бет бұлшық еттерінің қозғалысы, пантомимика поза, дене қозғалысы және қимыл арқылы көрсету, проксемика әріптес екеуі арасындағы тұрыс және ара қашықтығы, паралингвистика дауыстың тембрі, ырғағы, жуандығы, жіңішкелігі, диапазоны және қаттылығы, әңгіменің жылдам немесе баяулығы, көз арқылы қатынас көзқарас алмасуы.

Жан – жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу, психология ғылымының аса мәнді теориялық және практикалық міндеттерінің бірі. Кеңес психологиясында балалардың қабылдау мен сезіну мәдениетінің қоғамдық – тарихи тәжірибесіне, «әлеуметтік меңгеру» процесіндегі қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлінеді Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин [2]. Сондықтан, қоғамның қазіргі заманға лайықты даму сатысында, қоғамның практикалық негізгі міндеттерін шешу жолында, қарым-қатынас мәселелерін шешіп алған жөн. Қарым-қатынас қоғамдық өмір құбылыстарының бірі. Бұл құбылыс адам өмірінің, іс-әрекет жағдайларының материалдық әсерінен тарихи тұрғыда пайда болады. Біріккен іс-әрекет еңбек негізінде, адамдардың қарым-қатынас қажеттілігі пайда болады.

А.А.Леонтьев, қарым-қатынас іс-әрекеті бұл – ең алдымен сөздік іс-әрекет, өйткені онда іс-әрекетке тән элементтердің барлығы бар әрекеттер, операциялар, мотивтер және т.б. десе, Б.М.Ломов қарым-қатынас пен іс-әрекеттің бірлігін мойындап, осы процестерді өзара байланыстырмай, адамның әлеуметтік болмысының екі жағы ретінде, оның өмір салты ретінде қарастырады [2].

Балалардың ересектермен қарым-қатынас қажеттілігінің мазмұны, балалардың жетекші іс-әрекетінің сипатымен деректер делінеді. Мектеп жасна дейінгі балалардың ересектермен қарым-қатынасындағы жетекші мотивтері ретінде іскер және жеке мотивтері көрінеді.

Д.Б.Эльконин бойынша, мектепке дейінгі бала өзінің бала-бақшадағы жұмысын қоғамдық мәнді, қатаң түрде міндетті іс – әрекет ретінде қабылдай бастайды да, оның бойында жаңа қоғамдық сезімдегі мотивтері көріне бастайды [3]. Б.Г.Ананьев, балалардың мектепке дейінгі оқу-тәрбие процесі олардың бүкіл өмірін жаңаша ұйымдастырып, баланың жанұядағы орнын өзгертетіндігіне ерекше көңіл қояды, өйткені онда жанұядан тыс міндеттер, яғни міндетті ойын еңбегі пайда болады.

Ойын теориясын көптеген психологтар Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Б.Д.Эльконин зерттеген. Олардың ілімі бойынша эволюциялық даму барысында ойын әрекеті тұқымқуалаушылық құрылымдарда орын алғаны дәлелденген және оның ерекшеліктері жеке тұлға дамуындағы жас кезеңдеріне байланысты көрініс береді деген. Сонымен қатар ойын биологиялық даму заңдылықтары бағдарламасына тәуелді болғанымен, жоғары әлеуметтенген іс-әрекет түрі болып табылады [4]. Оның үйретушілік, дамытушылық және коррекциялық мәні өте терең. Ойын арқылы қимыл әрекеттер меңгеріліп, оны жетілдіру жаттығулары жүргізіледі, қоршаған ортамен танысу және әрекеттесуге негіз болатын әрекеттер комплексі қалыптасады. Сонымен қатар, ойын барысында әлеуметтік қатынас элементтері меңгеріліп, жеке тұлға мінезінің ең маңызды көріністері жаттығады.

Ойынның дамытушылық мәні оның екі жақтылығымен түсіндіріледі. Біріншіден, ойын шынайы іс-әрекеттің түрі болғандықтан оны орындау нақты мәселерді шешуді талап етеді, екінші жағынан – ойынның көптеген сәттері шартты болады да, шынайы жағдайлар мен жауапкершіліктерден ойнаушылар құтылып, олардың көңілдері басқа жаққа, ойынның шарттарына аударылады.

Құралымдық жағынан ойынға үш ерекшелік тән:

1. ойын барысындағы қатынастардың реттілігі;
2. ойынның ішкі сыры барлығы (қатынас екі деңгейде жүргізіледі де, олардың біреуі жасырын сыр болады);
3. ұтыс бар.

К.Гросстың «Сақтандыру теориясында» ойынның дамытушылық функциясын жас ағзалардың өзін жетілдіру формасы деп түсіндірген. В.Штерн, З.Фрейд және оның шәкірттері ойынды адамның терең жатқан инстинктерінің көрінісі деп тауып, оны бейсаналылыққа жатқызған. Бұл тұжырымдамаға негіз болатын бір нәрсе бар. Барлық ойындар негізгі үш тақырыпта дамиды: «жыртқыш-құрбан» ойынаушылардың біреуі қашып жасырынады, екіншісі оны қуалап немесе іздеп жүріп ұстайды; «некелік–серіктестік» танысу ритуалдары, үй салу, егін егу, мал бағу; «ата-ана мен бала» қамқорлық көрсету, қоректендіру [4]. Ойын барысында өмірлік тәжірибені меңгеру – оның әлеуметтік мәні барлығын дәлелдейді. Ойынның өте тиімді психодиагностикалық және психокоррекциялық әдіс болуына оның осы екі жақтылығы негіз болады.

Мектепке дейінгі жас кезеңдер шақ – даму кезеңіндегі ең күрделі кезең. Осы кезеңде адамгершілік қасиеттер, мінез-құлық нормалары ерекшеленеді, адамдардың қоғамға қатынастары анықталынып, жетекші іс-әрекет түрі – қарым-қатынас болады. Қарым-қатынас іс-әрекеттің барлық түрінде баланың тұлғалық және психологиялық жаңа сапаларының қалыптастырушы негізі. Мектепке дейінгі балалардың ересектермен қарым-қатынасты дамытуы, сонымен қатар ойын барысында әр түрлі себептермен байланысты әрекеттер араластырылып қолданылады.

Әдебиеттер:

1. Мұқанов М. Жас ерекшелік және педагогикалық психология. Мектеп, Алматы, 1990.
2. Выготский Л.С. Детская психология М., 1985.
3. Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Жас ерекшелік психологиясы. Қарағанды, 2005.
4. Бахтаева А. «Қарым-қатынас мәдениеті» Валеология. 2004.

*А.Қ. Жолдыбаева,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
«7М01101-Педагогика және психология» мамандығының
1 курс магистранты*

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ДАМУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы 1 қыркүйекте жарияланған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деп аталатын Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру сапасын жақсарту» мәселесі көтерілген. Жолдаудың «Қолжетімді әрі сапалы білім» деп аталатын V тарауында Президент: «Өскелең ұрпақтың спорттық, шығармашылық әлеуетіне аса назар аудар қажет», -дейді [1]. Сонымен қатар ЖОО, колледждер мен кәсіптік білім беру мекемелерін бірізділендіріп біріктіру, кадрлар даярлау ісі, мемлекеттік еңбек нарығының сұранысына сәйкес емес факультеттер мен мамандықтар санын азайту және жаңашаландыру бүгінгі білім беру жүйесін өзгертудегі ел саясатының басты талабы болып саналады. Осы орайда сапалы кадрлар мен білікті мамандар даярлау үшін кәсіби білімнің тереңдігінен бөлек, мамандардың шығармашылық қабілетін жетілдіріп отыру маңызды саналады.

Заманауи колледждерде оқитын студент белгілі бір деңгейдегі тұлғалық қасиеттерге ие болуы тиіс. Олар:

- өзіне қажетті білімге ие болу арқылы теориялық білімді практика жүзінде шебер жүзеге асыра алуы;
- берілген ақпаратты сауатты пайдалана алуы, синтез бен анализ жасау қабілетінің болуы, өз бетінше заңдылықтар құрастыра алуы;

- сыни тұрғыда ойлау, пайда болған мәселелерді көру және оны шеше алу қабілетінің болуы;
- жаңа көзқарас пен тың идеяларға ашық болуы, кәсіби шығармашылығының дамуы;
- өзінің адамгершілігі, интеллекті мен мәдени деңгейін жоғарылата алуы;
- адамдармен қарым-қатынаста ашық болуы, әртүрлі әлеуметтік топтармен байланыс орната алуы;
- кез-келген жағдаяттан шыға алу қабілетінің болуы.

Жоғарыда келтірілген студенттердің тұлғалық қасиеттері білім беру жүйесін дамытудың басты бағытын айқындайды. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі студентті жалпылама емес, жекелей зерттей отырып, әр студенттің ерекшелігіне қарай тұлғалық-бағдарлы білім беруді басшылыққа алуды ұстанады. Тұлғалық-бағдарлы білім беру студентті жеке тұлға ретінде дамытуды, яғни танымдық, шығармашылық қасиеттеріне баса назар аударып, жаңа қырларын ашуды көздейді [2, 17].

Колледждер мен кәсіптік білім беру мекемелерінің басты мақсаты да осы – болашақ маманның жеке қасиеттерін дамыту және соған сай жағдай жасау болып саналады. Кәсіби даярлығы мықты болашақ маман шығармашылық әрекетіне сүйене отырып, өз мүмкіндіктерін толықтай жүзеге асыра алуы тиіс. Шығармашылық әрекеттің оқу әрекетінен басты айырмашылығы болашақ маманның өзінің қабілеттерін іске асыра білуіне, әрекет жасай алуына, өз идеяларын жүзеге асыра алуына басымдық береді. Сондықтан оқу әрекеті барысында студент оқуға, үйренуге машықтанса, шығармашылық әрекет жаңа шешімдерді іздеу мен табуға, тиісті нәтижеге қол жеткізуге, жағдаятқа басқа қырынан қарауға жол ашады. Кәсіби шығармашылыққа даярлаудың басты мақсаты осыдан шығады – шығармашылық тұрғыда еркін жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқытушының студентпен жасалатын жұмысы төмендегі әрекеттерді қамтиды:

- студенттердің ойлай алу, анализ жасай алу қабілеттері мен білімін практика жүзінде қолдана алуы;
- танымдық, зерттеушілік және шығармашылық әрекетті дамыту;
- кез-келген мәселеде ерекше шешім ұсына алуға тәрбиелеу;
- шығармашылық әрекетке қатысу үшін қызығушылығын ояту.

Шығармашылық қабілетті дамыту үшін студенттердің академиялық қабілеттерін шындау маңызды болып табылады. Сонымен қатар олардың интеллектуалды қабілетін дамыту үшін ерекше сабақтар, әртүрлі формалар мен әдістерді қолдану маңызды. Оқу үдерісінде студенттердің шығармашылығын дамытуға жағдай жасау және альтернативті формалар мен тәсілдерді қолдану қажет.

Студенттің кәсіби шығармашылық тұрғыда дамуына оның осы қасиеттерін байқап, онымен жұмыс жасайтын оқытушы тікелей жауапты. Бұл қасиеттерді бұрын аудиторияда дамытуға болатын болса, қазіргі қашықтықтан оқыту кезеңінде аудиториядан тыс дамыту жолдары қарастырылады. Бүгінгі практик педагогтар ынтымақтастықта оқыту, студенттердің зерттеу қызметі және жоба әдісін ұстанады. Осындай оқу әрекетінің негізінде студенттердің жеке және кәсіби тәжірибесі, танымдық және шығармашылық қабілеттері дамиды. Студенттер өз бетімен ізденуге, жаңа білімді игеруге және сыни ойлау қабілетін дамытуға бейімделеді.


Онлайн оқу кезеңіндегі ең тиімді және колледж студенттерінің кәсіби шығармашылық әлеуетін бағдарлап, анализ жасап, онымен жүйелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін әдістердің бірі – «жоба» әдісі. Осы әдістің көмегімен қазіргі Білім жүйесінің моделіне сәйкес студент пен оқытушы арасында субъект-субъектілі қарым-қатынас сақталады. Сонымен қатар студент оқытушының берген тақырыбына өз бетімен ізденіп, жаңа білімді игеру арқылы таңдауы мен көзқарасын білдіре алады. Осындай жоба жасау арқылы студенттің сыни ойлау қабілеті мен шығармашылық потенциалы дами түседі. Жоба әдісінің негізгі мақсаты да осы – студенттің теориялық білімді практикада қолдана алуына, белгілі бір мәселелерге ғылыми көзқарас танытуына, ақпараттық кеңістікті бағдарлай алуына, ақпаратты жинақтау және өңдеуге, топтағы іскерлік қарым-қатынасты нығайтуға, жинақталған тәжірибе мен өзі ұсына алатын шешімді көпшілікке таныстыра алу қабілеті және питчинг қабілетінің дамуына жағдай жасау.

Біз Қ.Дүтбаева атындағы Атырау педагогикалық колледжінің базасында бірінші курс студенттерінің шығармашылық қабілетінің даму динамикасын бақылау диагностикасын жүргіздік. Аталған зерттеудің өзектілігі педагогикалық мамандықта оқитын студенттердің жеке тұлға ретіндегі шығармашылық интеграциясын қадағалау болып табылады. Өйткені мұғалім мамандығы – шығармашылықпен тікелей байланысты мамандықтардың бірі.

В.А.Сластенин мен И.Ф.Исаевтің пікірі бойынша педагог жұмысының нәтижесі оның өз кәсібіне деген шығармашылық қарым-қатынасынан көрінеді [3, 89]. Сонымен қатар педагог қызметіндегі шығармашылық дәрежесі оның кәсіби мақсат-міндеттеріне жету үшін өзінің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін қолдана алуы арқылы бағаланады. Сондықтан да шығармашылық қабілет педагогикалық

қызметтің кәсіби ерекшелігі болып табылады. Зерттеу барысында біз А.С.Лачинстің ойдың икемділігін анықтауға арналған және Д.Джонсонның шығармашылық сауалнамасын басшылыққа алдық. Респондент ретінде алынған 14-15 жастағы бірінші курс студенттеріне оқу жылының басында және соңында диагностика жүргізілді.

А.С.Лачинстің ойдың икемділігін анықтауға арналған сауалнамасын [4, 340] жүргізу үшін студенттерге қолайлы психологиялық атмосфера жасалды. «Аулада қар еріп жатты» деген сөйлемді 4 түрлі етіп жазып шығу тапсырмасы берілді. Бұл әдіс әр тапсырмадағы әріп санын, 3 тапсырманың орташа ұпайын, ой икемділігінің пайыздық үлесін есептеуді қажет етті.



А.С.Лачинстің ойдың икемділігін анықтауға арналған сауалнамасы бойынша жүргізілген диагностика

Бірінші зерттеу кезеңінде студенттердің 41,3%-ы 0,5-1 аралығында нәтиже көрсетті. Бұл сандық мәлімет студенттердің осы тобы ой икемділігінің арқасында бір тапсырмадан екіншісіне оңай ауыса алатынын және жеңіл шешім қабылдай алатынын көрсетеді. Респонденттердің 58,7%-ы төмен дәреже көрсетті. Олар өзгермелі жағдаятқа бейімделмеген және өз бетімен шешім қабылдауда қиындықтар кездескенін білдіреді.

Оқу жылының соңындағы нәтиже бойынша біз студенттердің шығармашылық қабілеті мен ой икемділігінде нақты динамика бар екенін көре аламыз. Орташа көрсеткіштен (0,5) төмен респонденттер саны 47,4 %-ға азайғанын байқаймыз.

Бұл сауалнаманың нәтижесі бізге шығармашылық ойлау қабілетін анықтауға мүмкіндік береді. Бірақ сауалнамада қателік жіберген және шығармашылық қабілетін көрсете алмаған респонденттерді шығармашылық ойлау қабілеті дамымаған деп айта алмаймыз. Дегенмен бірінші курс студенттеріне жүргізілген осы диагностика нәтижесінде олардың шығармашылық қабілетінің бір жыл ішіндегі нақты динамикасын бақылауға мүмкіндік алдық.

Д.Джонсонның шығармашылық сауалнамасын [5,38] жүргізу барысында тікелей бақылауға қолжетімді психодиагностикалық құралдарды пайдаландық. Сауалнама студенттердің өз шығармашылығын бағалау қабілетін көрсетуге негізделеді. Арнайы шығармашылық пен қабілетті анықтауға арналған 8 түрлі сипаттамадан тұратын сауалнама студентті жеке тұлға ретінде идентификациялауға мүмкіндік береді. Д.Джонсонның сауалнамасы шығармашылықты анықтаудың екі түрлі жолын ұсынады:

- Э.Торренс бойынша [5, 37] шығармашылық қабілеті ақпарат пен білім жеткіліксіз болған кезде қосылады;

- Әлеуметтік қарым-қатынас барысында шығармашылық өзіне деген сенімділіктің арқасында өздігінен пайда болады.

Диагностика нәтижесінде студенттердің шығармашылық қабілеті бастапқы кезеңде төмен болса, оқу жылының соңында жоғары және өте жоғары екенін көре аламыз. Өте жоғары нәтиже бастапқыда 0 адамда, екінші кезеңде 15 адамда болғанын көреміз. Ал жоғары деңгейлі нәтиже бірінші кезеңде 14, екінші кезеңде 22 адамнан анықталды. Өте төмен және төмен деңгей бірінші сауалнамада 60 адамның 35-і, ал екінші сауалнамада 13 респонденттен байқалады.

Д.Джонсонның шығармашылық сауалнамасы бойынша жүргізілген диагностика

Шығармашылық деңгейі	Студенттер саны		%	
	I кезең	II кезең	I кезең	II кезең
Өте жоғары	0	15	0	25
Жоғары	14	22	23,4	36,7
Орташа	11	10	18,3	16,7
Төмен	23	11	38,3	17,3
Өте төмен	12	2	20	3,3
Студенттердің жалпы саны	60			

Екі диагностиканың нәтижесі студенттердің колледжге түсу уақыты мен бірінші курсты аяқтау аралығында шығармашылық қабілеттерінің ілгерілегенін көрсетеді. Бұл колледждің оқытушылық құрамының мынадай педагогикалық шарттарды ұстанғанының нәтижесі:

1. Студенттердің жеке тұлғалық даму ерекшеліктерін ескере отырып жасалған, шығармашылық қабілетті анықтауға және онымен жұмыс жасауға бағытталған арнайы курсты оқу жоспарына енгізу;
2. Студенттердің кәсіби бағдарлануына жағдай жасай отырып, оқу үдерісін дифференциациялау және тұлғаландыруды басшылыққа алуы;
3. Студенттерді оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу әрекетіне тарта отырып, оқытушылар мен студенттердің арасында субъект-субъектілік қарым-қатынас құру;
4. Шығармашылық қабілетті анықтауға және арттыруға арналған арнайы оқу құралдарының (дидактикалық материалдар мен компьютерлік бағдарламалар) болуы;
5. Оқыту барысында онлайн режимде жоба жасау тапсырмалары мен аудиториядан тыс тапсырмалардың орындалуына назар аудару.

Қорытындылай келе, колледж студенттерінің кәсіби шығармашылық қабілетін дамыту қазіргі таңда білім беру жүйесінің маңызды да жүйелі мәселелерінің бірі екенін растаймыз. Соның ішінде педагогикалық мамандықта оқитын студенттер шығармашылық қабілетін шыңдауға және оқытушы тарапынан кәсіби шығармашылықты ілгерілететін тапсырмалар мен ойындардың оқу бағдарламасына көптеп енгізілуі қажет. Өйткені кәсіби шығармашылық студенттің жеке тұлғалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін анықтап, олармен жеке жұмыс жүргізгенде ғана жүзеге асырылады.

Әдебиеттер:

1. Akorda.kz ҚР Президентінің ресми сайты;
2. А.В. Хуторский. Развитие творческих способностей. М.:Владос, 2000. 226.
3. В.А. Сластенин. Педагогика:учебное пособие для пед. высш. уч. зав. М.: «Академия» баспа орт., 2002. 576 б.
4. Е.П.Ильин. Психология творчества, креативности, одаренности. СПб.: Питер, 2012. 434 б.
5. Е.Е. Туник. Психодиагностика творческого мышления. Креативные тесты. СПб.: Дидактика Плюс, 2002. 43 б.

М.Т. Жуматаева,

*«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы*

БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢАРТУДА – РУХАНИ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Заманның ендігі тетігі бүгінгі күнмен тірлік ететін адамды емес, болашақты кеңінен ой елегінен өткізетін тұлғаны, келешекті кемел ойлай білетін, дүние өзгерістерінің себеп-салдарын жекелік талғаммен емес, жалпы адамзаттық өлшеммен қабылдайтын жандарды қажет етеді. Олай болса, мемлекетті әлемдік өркениет көшінің алдына шығаратын оның адами ресурстары – бұл педагог мамандар.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа Жолдауында ел үшін маңызды саланы дамытуда шешімі серпін беретін бірінші кезекте шешілуі тиіс бірқатар мәселелерді айта келе, білім мен ғылымға баса назар аударды. Парламенттің бесінші шақырылымының бірінші сессиясының ашылуына қатысып, сөз сөйлеген Елбасы «Білім саласы белсенді түрде модернизациялануда» деп атап өтті. [1]

Білім беру деңгейі экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екені белгілі. Ол – мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім берудегі артта қалушылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына ықпалын тигізеді. Сондықтан білім берудің

дамуы – үлкен ұлттық мәні бар міндет. Осы жерде Жүсіпбек Аймауытовтың «Ел ісін түзеуді білім беру ісін түзеуден бастау керек» деген даналы сөзі еске түседі. Педагогикалық мағынада – білім беру өзін-өзі оқытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға, адамгершілік, рухани азаматтық талғам жасауға және осы талғам үшін жауапкершілікке, қазіргі жаһандық проблемаларды мойындауға, өз кәсібін және өзінің тиісті қызметін өзі анықтауға үйрету. Өйткені, мұның бәрі өзгермелі өмірде өзінің орнын табуға және елдің өркендеуі мақсатында болатыны сөзсіз.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Әлеуметтік тұрғыдан – бұл әлеуметтік ең мәнді игіліктердің бірі, ұлттық адам капиталын өсірудің іргетасы және негізгі құралы болса, әлеуметтік-саяси мағынада – бұл азаматтық құндылықтар мен азаматтық сананы, азаматтық және демократиялық қоғамды жасау мен қалыптастырудың бірден-бір құралы болып табылмақ. Енді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, бұл елдің экономикалық өсуінің, оның байлығы мен бәсекелестік қабілетінің қайнар бұлағы және негізгі ресурсы болмақ.

Ал, өркениеттік мағынада – мәдениеттер мен өркениеттер жалғастығының негізі, бүгінде қоғамның жаңа қалыпқа – «білім қоғамына» және оған сәйкес «білім экономикасына» өтуді қамтамасыз ететін алтын көпір болып отыр. Осы себепті бүкіл әлемдік өркениетте экономикалық прогресс пен әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа ұмтылатын мемлекет пен қоғам білімнің дамуына мүдделі болып қана қоймай, онда өздерінің тұрақты қатысуына мүдделі. Бұл елдердегі білім саясаты әлеуметтік саясаттың тек ажырамайтын бөлігі болып қалмай, оның базалық негізін құрайды.

Білім саясатының негізгі мағынасы – ұлттық білім берудегі әлеуметтік идеология мен әлеуметтік басымдықтарды жасау және оны іске асыру. Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде білімнің рөлі елдің демократиялық қоғамға, құқықтық мемлекетке, нарықтық экономикаға өту міндеттерімен анықталады. Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек.

Сондай-ақ, көптілі және мультилингвалді білім қоғамда түрлі тіл мен мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Осыған орай, ұлтаралық қатынастарды жақсарту және полиэтникалық қоғамдардың біртұтастығын төмендегіше нығайту ұсынылады:

1. Әр тұлғаның қоғамға қажеттігін сезіндіру, сонымен қатар әр адамның әлеуетін дамыту үшін біртекті мүмкіндікті қамтамасыз ету;
2. Әлем мәдениетін мойындайтын, бағалайтын және дамытатын жалпыға міндетті білім беру кеңістігін қалыптастыру;
3. Мемлекеттегі аз ұлт оқушыларына мемлекеттік тіл және ұлтаралық тілмен қатар өз ана тілдерін меңгерулеріне мүмкіндік беру;
4. Түрлі орта білім беру мекемелерінде білім беретін мамандардың даярлығын қамтамасыз ету;
5. Өзге шет елдерден оқу материалдарын алу және қызығушылық танытатын елдер оқытушыларымен байланысу үшін екі жақтама келісім жүргізу;
6. Қызығушылық танытқан жақтардың қатысуын қамтамасыз ету және тарту.[2]

Ұлы орыс педагогы К.Ушинский былай деген: «Балаларды оқыту қажеттігі құрметіне бөленген «Барлық ғылымдарды шешуші байқаудан өткізу қажет. Біз баланың басына түкке тұрмайтын кез келген қоқықты үйе саламыз, одан соң адам не істерін білмей қалады». Соңғы кезде баспасөз бетінде Америка мен Батыс елдерінің ғалымдары «өскелең жастарды рухани және адамгершілікке тәрбиелеуде Шығыс елдерінің тәжірибесін зерттеп, оны пайдалану дұрыс болар еді» деген ой айтуда, өйткені, бұл фактор білім беру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

2012 жылдан бастап үздіксіз білім беру жүйесін жетілдіруге едәуір күш жұмсалып келеді. Оның негізгі мақсаты – білім беруді дамытудың заңнамалық базасын қалыптастыру, оны тұжырымдамалық-бағдарламалық жағынан модернизациялау, стратегиялық бағдар беру, ғылыми-педагогикалық, әдістемелік құралдармен, кадрмен қамтамасыз ету, білім беру мекемелерін қаржыландыруды және олардың материалдық-техникалық базасын жақсарту.

«Қазіргі өмір ескі білім жүйесінің дәрменсіздігін көрсетіп отыр және онан болып жатқан өзгерістердің табиғаты мен қарқынына сай келетін жаңа жүйе жасауды талап етіп отыр», – деп Нобель сыйлығының лауреаты, белгілі американдық ғалымы Алвин Тоффлер. Ертеңгі күннің мектебі тек ақпарат беріп қоймай, онымен жұмыс істеу әдістерін де үйретуі тиіс.

Сондықтан да қазіргі таңда білім беру саласында бірқатар жаңаша қадамдар жасалып отыр. Атап айтқанда:

- бүгінгі кеңестік теория мен практикаға негізделген жаңартылған білім беру жүйесіне көшу;
- жаңартылған білдім беру бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар пакетін жасау;
- жаңа мазмұндағы оқулықтар мен қамтамасыз ету;
- мектептерге ер мұғалімдерді көптеп тарту (озық елдердегі білім беру ұйымдарында ер мұғалімдер ұстаздар ұжымының жартысын құрайды);
- ақылы оқу орындарын бітіріп келген жас маман үшін қосымша сынақ жүйесін ұйымдастыру;
- бағалау жүйесін қайта құру.[3]

Осы аталғандарға көңіл бөле отырып, мұғалімдердің мәртебесін сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де көтерген, оның абырой-беделін өз дәрежесіне биіктеткен дұрыс. Себебі, оның шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә. Инновациялар мен оқу – білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. – Егемен Қазақстан. 2006 ж. 27 мамыр.
2. *Люблянские рекомендации ВКНМ ОБСЕ по интеграции разнообразных обществ, 2012 ж.*
4. «Оқу тәрбие үрдісін жаңаша ұйымдастыру – заман талабы», //Мектеп № 06 (82) 2010 ж.
5. Ваганова Н.А. Изучение особенности проявления творческой одаренности. //Киев. Знамя. 1995г.
6. Бурдакова О, Джалалова Ж, Рауд Н. Методика интегрированного обучения предмету и языку в Нарвском колледже ТУ, 2014.
7. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділіктерін арттыру жолдары, Алматы: Мектеп, 1978, 110 б.

К.С. Казанбаева,

*«Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ*

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ

Рухани-адамгершілік тәрбие беру – бұл үйлесімді жеке тұлғаны қалыптастыруға, оған рухани-адамгершілік және негізгі ұлттық құндылықтарды жеткізу арқылы оның құндылық-семантикалық саласын дамытуға бағытталған мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттестіктің мақсатты процесі.

Рухани-адамгершілік оқу-тәрбие беру проблемасының өзектілігі қазіргі әлемде баланың өмір сүріп, дамып келе жатқандығымен, оған әсер етудің көптеген жағымды және жағымсыз көздерімен қоршалғандығымен байланысты (бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникация, ұйымдастырылмаған экологиялық оқиғалар), олар күн сайын жасөспірімнің дамып келе жатқан ақыл-ойы мен сезімдеріне, оның қалыптасып келе жатқан адамгершілік аясына әсер етпей қоймайды. Біздің қоғамда орын алған ең үлкен мәселе – бұл тұлғаның адамгершілік-рухани құндылықтарының жойылуы. Қазіргі уақытта рухани құндылықтардан гөрі материалдық құндылықтар басым, сондықтан жастар мейірімділік, жомарттық, әділеттілік, азаматтық және патриотизм туралы бұрмаланған түсініктерге ие болып жатыр. Қылмыстың жоғары деңгейі қоғамдағы агрессия мен қатыгездіктің жалпы өсуінен туындайды. Жас ұрпақ қазір жеке тұлғаны дамытудың басты факторы – рух тәрбиесін жоғалтуы.

Руханилық дегеніміз – адамның өзін-өзі тану ойы, сөз бен іс-әрекетте өз көрінісін табуы. Ол адамдардың рухани мәдениеттің әртүрлі түрлерін: философияны, өнерді, дінді, мектептерде оқылатын пәндер кешенін және т.б. игеру дәрежесін анықтайды.

Рухани тәрбие дегеніміз – музыка, театр, кескіндеме, сәулет өнері және т.б арқылы тәрбиеленетін адамның жеке басының адамгершілік қалыптасуы.

А.Қ. Құсайыновтың 70 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік білім кеңістігіндегі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа көкжиектері» атты ғылыми-практикалық конференциясы жастарымызды рухани-адамгершілік тәрбиеге бағыттайды. Болашақ жастарымызды рухани-адамгершілік тәрбиеге бағыттауда ұстаздарымыздың қосар үлесі мен оқушыларға берер тәрбиесінің маңызы

зор. Мектебіміз 2018 оқу жылынан эксперимент тобына енген болатын. Содан бері эксперимент сыныптарға тәрбиенің 8 бағыты бойынша тәрбие сағаттары өткізіліп, «Адамның адамшылдығы-жақсы ұстаздан», «Отбасы – кішкентай ел», «Желтоқсан – Тәуелсіздік бастауы», «Менің Президентім» тақырыптарында іс-шаралар өткізілді. Бұл тақырыптардың аясында оқушылардың бойында ұжымдық пен басқаларға жауапкершілік және сезімдік, достық тұрғысынан өз еркімен жұмыс істеуде қабілеттілігі қалыптастырылды. Сыныпта ортақ қолайлы психологиялық ахуал орнатуға ықпал жасалып оқушыларға құзыреттілік қасиеттер қалыптастыруда көмек көрсетілді. Сыныптағы оқушылардың үлгерімі мен жалпы даму динамикасына жүйелі түрде талдау жасалынып жүзеге асырылып отырылды. Әр ай сайын эксперимент сынып ұжымының және оның белсенділерінің жұмысы ұйымдастырылды.

Адамгершілік – бұл адамның басшылыққа алатын ішкі, рухани қасиеттері, этикалық нормалар, осы сапалармен анықталған тәртіп ережелері. Адамгершілік тәрбиесі адамгершілік сананы мақсатты түрде қалыптастыру, адамгершілік сезімдерін дамыту, адамгершілік мінез-құлық дағдылары мен дағдыларын дамыту ретінде анықталады. Адамгершілік тәрбиесінің ең маңызды міндеті – Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Бұл сезім өз халқына, тіліне, табиғатына деген сүйіспеншілікте, халықтың бақыты үшін қаза тапқандарды еске алуда, ежелгі ескерткіштерге – халықтың қаһармандық тарихының тілсіз куәгерлеріне мұқият қарауда, бүгінгі күн туралы ойлауда жатыр және өз елдерінің болашағы. Бүгінгі таңда әр мұғалімнің алдында мынандай міндеттер тұр:

- өз оқушыларын адал, қайырымды, шыншыл адамдарға тәрбиелеу, адамдардың пайдасына жұмыс істеуге, жақсы жолдастар болуға деген құштарлықты ояту.
- Жоғары сынып оқушыларына адамгершілік тәрбиесін ұйымдастыруда олардың жас ерекшеліктері, даму деңгейі, қызығушылықтары, мүмкіндіктері ескерілуі керек.
- Бұл жастағы адамгершілік даму сенімнің рөлінің күшеюімен, адамгершілік санасының өсуімен сипатталады.

Мектеп оқушылары әртүрлі сезімдермен, өмірдің әр түрлі жақтарына эмоционалды қатынаспен, тәуелсіз пікірлерге, жазушылар, суретшілер мен музыканттардың шығармашылығына баға беруге деген ұмтылысымен ерекшеленеді. Табиғатқа деген сүйіспеншілік, оны құрметтеу, тіршілік иелеріне қамқорлық жасаудың адамгершілік маңызы зор. Табиғат сұлулығы – шабыт пен жағымды эмоциялардың сарқылмас көзі. Ол адамның талғамы мен сезімін тәрбиелейді. Табиғатқа деген сүйіспеншілік туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады.

Табиғат арқылы балаға педагогикалық әсер етудің тамаша үлгісін В.А. Сухомлинский: «Азамат тәрбиелеу – бұл ең алдымен адамның санасында адамның шынайы адамгершілік сұлулығын, өмірдің сұлулығын ашу», – деп көрсетті.

Әдебиет дүниетанымды, адамгершілік бейнесі мен мінезін, эстетикалық талғамын және идеялық сенімін қалыптастыруға ықпал етеді, адамдардың бай рухани әлемін ашады, гуманизмді алға тартады, әсемдік әлемін ашады. Кеңес әдебиеті барлық жанрлар мен стильдерді қолдана отырып, жас ұрпақтың адамгершілік тәрбиесіне белсенді әсер етеді. Адамдар мен қоғам үшін рухани-адамгершілік құндылықтардың маңыздылығы туралы мәселе күрт көтерілген қазіргі кеңестік әдебиеттің шығармаларын сыныптан тыс жұмыстарында қолданғанда мұғалімдер дұрыс әрекет етеді: Ю.Бондаревтің «Жағалауы», Ш.Айтматовтың «Ақ пароходы», «Өмір сүріп, есінде сақта» Распутин, В.Быковтың «Таң атқанша», И.Шемякиннің «Атланттары мен Карятидтері» және т.б. жеке тұлғаның рухани-адамгершілік негізі, өмір сүрудің мәні туралы, жақсылық пен жамандық туралы, ар-ождан туралы – адам болмысының мәңгілік сұрақтарына сенімді және нақты жауаптар табу қажеттілігі болып табылады.

Дене шынықтыру және спорт мектеп оқушыларын сабақтан тыс уақытта адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Олар денсаулықты нығайтады және дене қабілеттерін, төзімділікті, ептілікті, рақымдылықты дамытады, жақсы қалыптың дамуына, жас ұрпақ бойында адамгершілік және ерік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Алайда тәрбиелік ықпалдың тиімділігі мұғалімнің өзі мұндай қарым-қатынас үдерісіне қаншалықты дипломатиялық және ұқыптылықпен қарайтындығына және тәрбиеленіп жатқан баланың бойында адамгершілік жеке тұлғаны дамытуға қаншалықты дұрыс жағдай жасайтындығына байланысты болады.

Моральдық-этикалық тақырыптарға арналған тәрбие іс-шараларын дұрыс ұйымдастырудың үлкен тәрбиелік мүмкіндіктері бар. Мектепте балалардың моральдық қалыптасуына кепілдік беретін жақсы ойластырылған сыныптан тыс байланыс жүйесі болуы керек. Мұнда мектеп ұйымдасқан қарым-қатынас орталығы ретінде көрінеді, мұнда дамушы тұлға пікірталастар, даулар, тәжірибелер, аяндар

әлеміне енеді, басқалармен бірге адамгершілік және интеллектуалды тәжірибе жинақтайды. Дұрыс және жүйелі түрде ұйымдастырылған қарым-қатынас мектеп оқушыларына тәжірибе жинақтауға, тәжірибе алуға, бай тәжірибе игеруге және құндылықтық қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл байланыс тәрбиелік ықпал ету элементтерін қамтитын осындай педагогикалық қарым-қатынас ретінде түсініледі.

Мұғалім мен оқушы арасындағы дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас жеке тұлғаның адамгершілік дамуына ықпал етеді және оның басқа тұлғалармен бірігу қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Адамның өзін, оның ішкі әлемін білуге деген ұмтылысы оның бойындағы жоғары рухани мұраттардың адамгершілік қалыптасуының бастапқы нүктесі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Синенко В.Я. «Духовно-нравственное становление растущей личности в системе взаимодействия семьи и школы. // Семья, школа, церковь.
2. Педагогика и психология высшей школы. Махачкала, 2011

Ш.Т. Таубаева, М.А. Қазтай,

Казахский национальный университет имени аль-Фараби

ФОРМИРОВАНИЕ САМООРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ КАК ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

Глобальные преобразования, происходящие во всех сферах экономической, социальной и духовной жизни Республики Казахстан, вызвали закономерную необходимость модернизации профессионального педагогического образования. В этой связи в государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2016–2019 гг. отмечалось необходимость ориентирования на «результаты, обеспечивающие личное саморазвитие, самостоятельность в приобретении и знании». «В условиях ценностного образования школа обеспечит вклад в реализацию общенациональных идей и будет способствовать воспитанию открытых, доброжелательных граждан своей страны».[1].

Наиболее общие вопросы самоорганизации учебной деятельности освещены в исследованиях В.И. Андреева, Ю.К. Бабанского, П.Я. Гальперина, В.В. Давыдова, Н.В. Кузьминой, Ю.Н. Кулюткина, Г.Н. Серикова, Г.С. Сухобской, Н.Ф. Талызиной, Д.Б. Эльконина и др. В последние два десятилетия появились работы С.С. Амирова, В.И. Донцова, Н.С. Копейной, О.Я. Устиновой, посвященные изучению самоорганизации у студентов вузов.[2]

Человек, имеющий опыт творческой самостоятельной деятельности, всегда находится на более высоком уровне, чем те, кто использует стандартные методы. Кроме того, специалист, обладающий определенным интеллектуальным уровнем и способностью творчески его повышать, может рационально воспринимать, разрабатывать и внедрять передовые технологии, это может стать стимулом к прогрессу. Таким образом, общество, состоящее из индивидов с высоким творческим потенциалом, может обеспечить достойные условия жизни. Этим объясняется большой интерес педагогических наук к процессу формирования творческой самостоятельности любого человека.

Самостоятельность определяется в педагогике как одна из характеристик личности. Эта характеристика определяется двумя факторами. Первый фактор включает в себя базовые навыки, которыми обладает человек. Второе – это отношение человека к процессу деятельности, результату и условию реализации.

В исследованиях психолого-педагогического направления самоорганизация представляет показатель личной зрелости человека, интегральная совокупность природных и социально приобретенных свойств человека, воплощенная в осознаваемых особенностях воли и интеллекта, мотивах поведения и реализуемую в организации деятельности, поведения (А.Т. Асмолов, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Л.С. Рубинштейн, Г.И. Щукина и др.) [3].

В исследованиях научно-технического направления самоорганизация представляет собой «процесс упорядочения элементов одного уровня в системе за счёт внутренних факторов, без внешнего специфического воздействия» [4].

В понимании Н.М. Пейсахова она выступает как «сознательное упорядочение состава, нахождение и выстраивание подсистем и элементов в наилучшем порядке, возможном для данных условий» [5].

В работе С.А. Ломина предложено следующее определение данного понятия: «Самоорганизация – принцип организации личного труда руководителя или специалиста, заключающийся в необходимости использования в повседневной работе рациональных приемов и методов планирования и распределения рабочего времени» [6].

По мнению А.М. Новикова и Д.А. Новикова, самоорганизация выступает «как процесс, в ходе которого создается, воспроизводится или совершенствуется организация сложной системы» [7].

В социальных науках самоорганизация выступает неким показателем зрелости человека в совокупности природных и социально-приобретенных свойств, воплощенная в осознаваемых особенностях и интеллекта, воли, мотивах поведения и реализуемой деятельности [8].

Самоорганизация относится к числу волевых качеств личности. Проявление воли («силы воли», волевого усилия) в различных специфических ситуациях заставляет говорить о волевых качествах (свойствах) личности. В процессе социально организованного обучения, которому в едином процессе развития отводится особая роль, человек постепенно учится управлять своим поведением, ставить и решать сложные задачи. Начав развиваться под контролем взрослых, личность, постепенно приобретая такие качества, как самостоятельность, регуляция деятельности, способность быть активным творцом своей жизни, становится субъектом. Категория «субъект» разработана в трудах С.Л. Рубинштейна, его последователя А.В. Брушлинского и др. [9].

Другими словами, самоорганизация выступает неким показателем зрелости человека в совокупности природных и социально-приобретенных свойств, воплощенная словами, самоорганизация выступает неким показателем зрелости человека в совокупности природных и социально-приобретенных свойств, воплощенная в осознаваемых особенностях воли, интеллекта, мотивах поведения и реализуемой деятельности.

А.Байтұрсыновтың «Маса» атты еңбегінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік ойлар, оның азаматтық және ұлттық идеялары айтылады. Онда «Қазақ салты», «Жұртыма», «Туысыма», «Оқуға шақыру», «Жұбату», «Анама хат», «Тілек батам» өлеңдерінде туған халқын сүю, оны өнер-білімге шақыру, халықтық салт-дәстүрлерді қастерлеу, анаға мейірімділік, бата тілектің маңызы, қазақ халқының даналығы, оның тәрбиелік мәні туралы кең сөз болады. Сол өлеңдер бастауыш мектеп оқу бағдарламаларына ендіріліп оқытылса, олардың оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі маңызы ерекше болар еді.

Сонымен А.Байтұрсынов өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастарында ұлттық тәрбиені кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолында бар өмірін арнаған ғұлама ұстаз, халық педагогы, «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға» болған екен деп қорытындылауға толық болады [2].

М.Жұмабаевтың «Педагогикасы» нағыз ұлттық тәрбиені насихаттауға бағытталған, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында мектеп мұғалімдері мен тыңдаушыларға арналып жазылған тұңғыш халық этнопедагогикалық еңбек деп толық айтуға болады. Өйткені, Мағжан «Педагогикасының» басты ерекшелігі – оның қазақ топырағымен тығыз байланыстығында, өзі айтқандай, қабысып жатқанында. Оқулықтың басынан аяғына дейін ұлттық тәрбие басшылыққа алынып, оған сүйеніп, ұлттық тәрбие беруге мұғалімдерді даярлау туралы ой-пікірлерінің айтылуы қазіргі кезде қазақ мектептерінде оқу-тәрбие үрдісіне ұлттық мазмұн беру қажеттілігімен сипатталады.

Оқулықта қазақ ауыз әдебиетінің басты жанрларының бірі ертегі туралы жазғанында да ол баланың өмірі үшін ертегінің маңызы ерекше екендігін айтады. «Бала ертегіні жан тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзін желге айтқанмен бірдей. Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», – дейді М.Жұмабаев.

Баланың жақсы оқуы үшін оның ойлау қабілетінің де болғаны қажет. Ойдың пайда болуын зерттей келе, Мағжан ой шығару үш түрлі жолмен болады: 1) дедукция, 2) индукция, 3) аналогия, – деп бөледі. Міне, осы үш түрлі жолды әрі қарай дамыта отырып, баланың саналы азамат болуы үшін осы ұғымдардың қажеттілігін дәлелдейді.

Мағжан өзінің оқулығында тіл туралы ерекше тоқтап, оның тәрбиелік және саяси мәндерін былай көрсеткен: «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құрып бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. ... Қазақ тілінде қазақтың сары қайран даласы, біресе желсіз түнде тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр. Күндерде бір күні түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына иманымыз берік», – деп жазды ол.

Мағжан сонымен қатар үлкен әдіскер болған. Мысалы, кітаптың «Ішкі сезімдердің біреуі – іш пысу, яки зерігу» деген бөлімде былай дейді: «Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, бала мезі болып, іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруге емес, еппен басқыштап білдіруде. Сабәқ оқытуда мұғалім сөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың назарын өзіне қарата алады.

Әдебиет:

1. «Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауы II Халық аралық «XXI ғасыр ұрпақтары даму тенденциясы атты ғылыми-практикалық конференция материалы. Сәуір. 2009ж.

К.А. Бертлеуова,

М. Әуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Алматы қаласы

М. ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АНТИҚАҺАРМАН

Кейіпкер көркем шығармада түрлі болмысымен алға шығады. Жазушы парасатты, жаны ізгі кейіпкер жасаумен қатар, жан-дүниесі қарама қайшылыққа толы, күрделі қаһарманды да сомдайды.

Әдебиетте қаһарманның интеллектуал образға қарсы бейнесі антиқаһарман деп аталады. Ол туралы М.Оразбек «Автор мәселесі» еңбегінде: «Антиқаһарманның табиғаты шығарма мазмұнында көбіне кейіпкердің жан дүниесі мен ақыл-есін бейнелей отырып ашылады. Кейіпкер қандай іс-әрекетке бармасын оның іс-әрекеті, әрбір қимыл-қозғалысы кезіндегі жан әлемі, психологиялық күй ерекшелігі суреткердің назарынан тыс қалмайды. Қаһарманның ойы, толғанысы, ішкі психологиялық күй қайшылығы – түп-түгел суреткердің есінде тұрады да, шығармашылық процесс кезінде автор қаһарманның үнемі ішкі әлеміне үңіліп, онымен санасып отыруға мәжбүр болады. Өйткені антиқаһарман – күнделікті өмірдегі жай ғана адам бола тұра психологиясы, мінез-құлқы күрделі, өзіне ұнаған немесе өзі қалаған әрекеттермен айналыса беретін көркем тұлға. Ал оның әрекеті айналасындағы басқа елге, қоршаған ортасына зиянын тигізуі де мүмкін» [1,144],– деп көрсетеді. Демек антиқаһарман – өмірде тыйым салынған, қоғамдық нормаларға қайшы нәрселерді істеуге болмайтынын біліп тұрып істейтін адам образы. Олар әдебиетте ұрылар, ел тонаушы қарақшылар

немесе құмар ойын ойнаушылар ғана емес, билік басында отырғандар, яғни «игі жақсылар», «абыройлы адамдар» немесе оқығандар болуы әбден мүмкін.

«Олар көбіне басқаны емес, өздерінің жеке басын ойлайды. Сондықтан олардың табиғатында эгоизм басым, ақылынан гөрі сезімдеріне ерік бергіш немесе өздерін билеген әртүрлі ой соңына түсіп, сезімдері мен тілегін тежей алмайтын немесе қасақана тежегісі келмейтін адамдар типі» [1,144].

Мұхтар Әуезов 20-30-жылдары жазған әңгімелерінде ел ішіндегі болыс, атқамінерлер мен ауқатты бай адамдардың және қазақ оқығандарының сатқындығы мен жеке басының қамын ойлайтын эгоист бейнесін жасаған болатын. Ол туралы жазушының досы, белгілі ғалым Қ.Мұқаметжанов: «Тегінде, М.Әуезов ешбір шығармасын ойдан алып, қиялмен жазған емес, оның әрбір шығармасының негізі шын өмірде болған және болатын оқиғаның көркем әдебиеттегі шежіресі, оның әрбір кейіпкері, өмірде болған адамдардың, ұлы жазушының құдіретті қаламымен мүсіндеген көркем образдары», [7, 27], – десе, ғалым М.Оразбек: «Қазақ қаламгерлері де ХХ ғасырдың басында-ақ өз шығармаларында өмірдің күңгірт, көлеңкелі жақтарына тереңірек мән беріп, сол кездегі қазақ қоғамындағы түрлі жағдайлардың ел ішінде сұрқиялылық пен сұмдық атаулыны қоздырып, адамдар санасына селкеу, арасына іріткі түсірген кеселдің бетін ашуға, тамырын тануға ұмтылған болатын» [8, 188], – деп Әуезовтей шығармашылық тұлғаның өмірде көргені мен түйгенін әрбір шығармасына қазық еткенін көрсетеді.

Демек, жазушының «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Үйлену», «Кім кінәлі», «Жетім», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» әңгімелері қазақ ішінде болған, елді күйзелтіп, қайғыға ұрындырған адамдардың өмірінен алынғандығын байқау қиын емес. М.Әуезовтің шығармаларындағы антиқаһармандарды төмендегідей жіктеуге болады.

Шығарма атауы	Антиқаһармандар
«Қорғансыздың күні»	<i>Ақан күндегі өмірінде бұл секілді талай жауыздықты көріп, өзі де сондайлардың ішінде болып жүргендіктен, мына естіп отырған сөзінің бәрі көңіліне таныс, таңғаларлық тамашасы жоқ. Оқып кеткен сабағы секілді атшабар Қалтай</i> <i>Дүйсен «мылжың Дүйсен деген баласы бар зой. Қатынша жыбырлағаннан басқа, істейтін адам сияқты бір мінезі, бір ісі жоқ. Жаннан асқан дүниеқоңыз. Үйіне бір қонақ қонса, соған асқан бір жілікке жаны шығып, тыжырынып отырады. Үйіне қонақ қонған күні қатынына тыныштық жоқ: етті көп асасың, мені құртасың деп мыжиды да отырады</i>
«Оқыған азамат»	<i>Жұмағұл жаратылысында қу, сөзінде шынынан өтірігі көп.</i> <i>Әміре мен Қамарияның біріне-бірі айтпай, ақырын құпия қылып, ойлап жүрген жайларының бәрін қоңыраулатып, сыртқа шығарып отыр. Бұлардың көз алдарына үлкен байлықтың, салтанаттың да қызықты суреттерін елестетті.</i> Қадиша
«Кім кінәлі»	Ысмайыл <i>Ысмайылдың дөң басындағы ойы – ішінен шыққан Ғазизаның көз жасына жібiген ой емес. Қайта соның «бала» деген атынан бездіретін, әкелік жүрегін тас қылып мұздатқан суық, қатал ой</i> Жақып <i>Жақып қыздан бұл сөзді естіген соң, бұдан арғы ірілікке шыдай алмай, орнынан ұшып тұрып, Ғазизаның қолынан қатты жұлқып кеудесіне жұдырықтап:</i> <i>— Сен мені қалай басынасың, емекіткенге асқақтап кеткенің бе? – деп жығып салып жұдырықтап, тепкілей бастады.</i>
«Жетім»	Иса мен Қадиша <i>Исаның балалары көп, малы жоққа жақын кедей болатын. Ұрысқақ долы қатыны Қадиша мен Иса Қасымды алғашқы қолына кіргізіп алысымен малды өз малындай, өз мүлкіндей баурай бастады.</i>
«Үйлену»	Оспан Жәмилә

«Қорғансыздың күні» әңгімесінде антиқаһармандар: болыс Ақан мен оның атшабары Қалтай, Ғазизаның әкесінің туысы мылжың Дүйсен, әйелі өлген, тобықтының жуаны Мәрден. Аталған қаһармандың барлығы – атышулы қылмыскерлер емес, ел ішіндегі «сыйлы» адамдар немесе ауқатты, тұрмысы жақсы адамдар.

Жазушы ХХ ғасыр басындағы жүдеп, тозған қазақ ауылдарында қылмыстың кез келген түрінен тайсалмайтын антиқаһармандарды жоқ-жітік, жетпей жүрген әлсіз, момындардың ішінен емес, елде «жақсы» атанып жүрген адамдардың ішінен танып, түстеп көрсетеді. Оның себебі сырттай байлығымен, билігімен аты шыққан адамдардың ішінде пасық, ашық жауыздықтан бас тартпайтын адамдар болатынын ескертіп, солардан сақтандыратын сияқты. Авторлық субъективизм адамдар

арасында білінбей жүрген «игі жақсылардың» ішіндегі зұлымдығы мен ниетінің бұзылуы заманның қиындауына әкеліп соқты деген ойға жетелейді.

Ол туралы М.Оразбек: «Автор басты назарға алып отырған антиқаһарманға тән характер – Қалтай мен Ақанның өздері істеген қылмысын сезінбеуі, оны қылмыс деп ұқпауы, тіпті қорланған бейшара қыз ардан аттап кіре алмаған үйге екеуі еш түйсінбей, жайбарақат келіп жатып қалуы – жазушының жан әлемінде қазақ қоғамын қаталдық пен қатыгездіктен гөрі арсыздық пен түйсіздік жайлап алғанын аңғартқан асыл сезімі көрініс тапқан деуге болады. Панасыз жандардың жат түгілі жақындарынан да жапа шегіп, кемді күн кешкен отбасының дүниесіне қызығып отырған ағайын-туыстарының қорлығы аздай, бір үйлі жанның ең соңғы үмітінің де өшуінен, ошағының күйреуінен Әуезовтің өз де кесірлі заман келбеті мен келешек қазақ қоғамы тағдырынан түңіле түксінгендей күй танытады» [1,151],– деп заманның бұзылуына қазақ қоғамындағы осындай адамдардың билікке келіп, елді әлеуметтік-тұрмысы жағынан ғана емес, моральдық жағынан да тоздыра түсті деген ойға келеді. Антиқаһармандардың болмысы да осы ойды дәлелдей түседі.

Автордың өз сөзімен айтсақ: «Сезімді адамның жүрегін шаныштырып, тіксіндіретін, жұртты мінезінен жирендіретін, түңілдіретін жауыздықтар, ауыр халдер Ақанға көп әсер бере қойған жоқ. Бірақ күндегі өмірінде бұл секілді талай жауыздықты көріп, өзі де сондайлардың ішінде болып жүргендіктен, мына естіп отырған сөзінің бәрі көңіліне таныс, таңғаларлық тамашасы жоқ. Оқып кеткен сабағы секілді» [9,25]. Көріп отырғанымыздай, Ғазизаның кәрі әжесінің «сезімді адамның жүрегін шаныштырып, тіксіндіретін» сөздері Ақан мен Қалтайдың көріп, біліп жүрген жауыздығы деп баяндайды. Антиқаһарманның болмысын ашуда авторлық баяндаудың да ерекшелігі зор.

Жазушы баяндау тәсілін баяндаушы арқылы ғана емес, кейіпкерлердің әңгімесі арқылы сипаттайды: «Менің қайнымның мылжың Дүйсен деген баласы бар ғой. Қатынша жыбырлағаннан басқа, істейтін адам сияқты бір мінезі, бір ісі жоқ. Жаннан асқан дүниеқоңыз. Үйіне бір қонақ қонса, соған асқан бір жілікке жаны шығып, тыжырынып отырады. Үйіне қонақ қонған күні қатынына тыныштық жоқ: етті көп асасың, мені құртасың деп мыжиды да отырады» [10],– деп туыстық қасиеттен жұрдай Дүйсеннің мылжың қылықтарын жіпке тізгендей етіп айтқан сөзінен антиқаһарманның көлеңкелі болмысы анық аңғарылады.

Мұхтар Әуезовтің авторлық субъективизімін анық жеткізетін «Оқыған азамат» әңгімесіндегі Жұмағұлдың, әке-шешесі Әміре мен Қамарияның, досы – Ақтайдың бейнелері. Жазушы: «Бұрынғы Мақсұттың жолдастарынан осы күнде бұл үйге көбірек келетін – Жұмағұл мен Ақтай. Бұлар әуелгі кезде үйге келгенде қайғылы болып отырысып, жүре-жүре үйренген соң, аз-аздап әңгіме айтып, кейде Қадишаға оңашарақта күлдіргі сөздер айтып та, қаралы әйелдердің көңілдерін көтеріп кететін болған» деп авторлық баяндаумен бұрынғы жолдастарының өзгеше көңілін білдіре кетеді. Осылайша Қадишаны айналдырған Жұмағұлдың жолы болып, көздеген ниетіне қол жеткізгеннен кейінгі әрекетін: «Енді бұлардың бәрінің көңіліндегі бір-ақ арман – қаладағы кемпір қолындағы мүліктің басын ашуда. Жұмағұл мен Қадиша бұрын бұл жайдан көп сөйлеспейтін болса да, қырға келген соң, үлкендерден ашық сөзді үйреніп алып, оңаша жерлерде ақылдасып, айла іздейтін болған» [10],– деп екеуінің де ниеті бір екенін көрсетеді. Автор Жұмағұл мен Қадишадан басқа Жұмағұлдың әке-шешесі Қамария мен Әміренің де ойлары Мақсұттың кәрі шешесінің дүние-мүлкіне ие болу екенін олардың айтқан ақылдарынан түсіну қиын емес: «Енді уақытты босқа өткізбей, таныс жолдастарыңа сөйлесіп, ана дүниелерінді жиып алыңдар! – деп ақыл берді» деген сөздерінен олардың көкейін тескені баласының артында қалған жалғыз басты ананың дүние-мүлкі екенін байқаймыз. Қалаға келген Жұмағұл мен Қадиша ізденіп осы дүние-мүлікті алудың жолын ойластыруы да антиқаһарманға тән қасиет. Жәмиләні алып Мақсұттың үйіне барған Қадишаның жағдайын былай баяндайды: «Барған жерде кемпірдің зар қағып жылағаны, Жәмиләні бауырына тығып, құшақтап қысып, Мақсұтты жоқтағаны Қадишаның қатып қалған көңілін жібіте алған жоқ. Оның бұл үйде көп отыруға іші пысып, кемпірден тез жалығып, үйіне қайтқысы келді» [10]. Көңілінде аяныш сезімі жоқ, мейірімсіз, есіл-дерті дүниеге ауған Қадишаның адамды түңілдіретін осы мінезі антиқаһарманға тән болмыс болып табылары сөзсіз.

Жазушының антиқаһармандар бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы надандықты, антиқаһарман бойындағы махаббаттан ада, өзімшіл, менмен, өктем мінез «Кім кінәлі?» әңгімесінде айқындала түседі. Әңгіме атастырған күйеуіне тимеймін деген қызының сөзіне ренжіген әкенің баласын іштей қарғауынан басталады. Шығармада ол Ысмайылдың ішкі монологі арқылы суреттеледі: «...естіген сөзіне шыдай алмай қапаланып тысқа шығып, ауылдың бет алдындағы кішкене төбенің басында жалғыз өзі отырған. Күн батып, қас қарайып келе жатқандағы жым-жырт тартқан табиғат өзінің ауыр салқын түсімен қайғы-қапыдан қажыған кәрі көңілдің күйіне үйлескендей болды. Ысмайылдың дөң басындағы ойы – ішінен шыққан Ғазизаның көз жасына жібіген ой емес. Қайта соның «бала» деген

атынан бездіретін, әкелік жүрегін тас қылып мұздатқан суық, қатал ой. Дөң басында малдас құрып отырып, ашулы суық пішінмен күнбатыстағы ақ таңлаққа қарап көзін алмай, қадалып ойлаған ойы:

— Жаратқан! Сенен мен бала сұрағанда, басыма кесел қылып бер деп сұрап па едім? Тырнақтай ақылы жоқ, жын-шайтанның жетегіне ерген есуас қызға ата-бабаның аруағын сындыртып, адамшылық абыройымды жойғызайын дедің бе? Бұл күнге шейін ағайын ортасында шайқалмаған бағымды кетірейін деген екенсің! Осы турадан істеген ісім кінәлі іс болса, жазамды тарттырарсың. Бірақ алақаныма салып, өсірген қадірімді білмеген ақылсыз қыздың күйігін көріп күнде өлгенше, бір-ақ күнде балалығынан безермін!.. – деп қатал ойға бекініп, жаратылысындағы асау қаны тасып, сазарып алды». [9,93]. Жазушы қатал әкені осылай сипаттайды.

Ғазиза әкесінің қатал мінезіне қарамастан, ұрын келіп жатқан атастырған күйеу жігітке өзінің оны мүлде сүймейтінін, оған күйеуге тимейтін ойын батылдықпен айтып салады. Себебі ол Ісләмді сүйетініне біржола сенген еді. Ғазизаның өзін сүймеймін деген сөзін естіген сәтте: « – Сен мені қалай басынасың, емексіткенге асқақтап кеткенің бе?– деп жығып салып жұдырықтап, тепкілей бастады» [9,98]. Антиқаһарманға тән томырық, қатыгез мінезіне салып, нәзік қызды аяусыз тепкілеген жігіттің әрекетінен жазушы оның бойында титтей де махаббат атаулының жоқ екенін, бойын өшпенділік жайлап алған қатыгез адам екенінен сыр ұқтырғандай. Шынында қызға сөз салып келген жігіт ұрғанымен қоймай, үстіндегі камзолын шешіп алып кетті. Артынан қаладан келген Ісіләм Ғазизаны оқытты деген өсек таратты. Өсекке сенген ел іші оқып келген жас жігітті ел ішіне сыйдырмады.

Қиянат пен қорлыққа шыдай алмай, намыс отына күйіп, Ғазиза науқасқа шалдықты. «Өмірдің барлық тірегінен айырылған» Ғазизаның адамдық рухы тапталды. Күйеу жігіттен тепкі көрген жас қыз енді өмірден біржолата түңілді. Ақыры әкесінің қарғысы келіп, «... бұ дүниедегі бір-ақ күнде балалығынан безіп», тірлікте тартқан аз күндік қуанышы мен жұбанышына, ер-азамат та көтере алмас қайғысы мен тауқыметіне қош-қош айтып, о дүниеге кете барды.

Бұл туралы өз зерттеуінде М.Оразбек: «Ақиқатында әкесінің дөң басында отырып: «Осы турадан істеген ісім кінәлі болса, жазамды тарттырарсың»,– деп «қадалып ойлаған ойы» тура келіп, жазықсыз жан жазаланып», ақыры ақиретке бет бұрды. Демек, әкесінің әйелі өлген Жақыпқа қызын бермек болған әуелгі ісіне қызы қарсы келіп, кінәлі болып көрінсе де, шындығында, қатал әкенің өзі кінәлі еді. Антиқаһарман әке өлім себебін өзі дайындап береді. Автордың «Кім кінәлі?» дейтіні де терең ойға жетелейді. Оқиға барысында қыз әкесіне қатысты бұл ой қаперге алынбай, бар ынтамыз Ғазизаның қасіретіне ауады. Осы қасіреттің басы астамшыл антиқаһарман әке ойынан басталғанына шығарманың соңында ғана көңіл аударуға тура келеді» [1,156]. Сырты сыпайы, іші дөрекі Жақып сияқты ел ішіндегі байлығына сенген жуандардың қатігездігі сол қалпында жалғасын таба берді. Ақ-қарасын тексерген адам жоқ. Өсек аяңға сенген ел іші Ғазизаның өлімін Ісләмнән көрді. М.Әуезов өз шығармаларында бұрын-соңды қазақ әдебиетінде болмаған осындай антиқаһарман бейнелер арқылы өзінің заман туралы, елдің жай-күйі, хал-ахуалы туралы, ғылым-білімнен кенже қалып келе жатқан қазақ қоғамындағы ағайын араздығы мен күңкіл сөз бен күйкі тіршілікті авторлық идеясына, авторлық субъективизіміне арқау етті. Қазақ қоғамындағы бай мен кедейден кеткен кеткен мейір мен пейілді шығарма сюжетіне өзек етті.

Әдебиеттер:

1. Оразбек М.С. Автор мәселесі.– А.: Эверо, 2017.-252 б.
2. Әуезов М. Көксерек. <https://alashainasy.kz/proza/muhtar-aeuzov-kokserek-52914>
3. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества.– М.: Искусство, 1986.
4. Боров Ю.Б. Эстетика. –М.: Политиздат, 1969.
5. Ахметов З. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания. – А.: «Наука», 1984.
6. Әуезов М. Оқыған азамат. <https://abai.kz/>
7. Мұхаметханов Қ. Ұлы ұстаз, қамқор аға // «Абай» журналы, 2004, №2
8. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс. –А.: Атамұра, 2006.
9. Әуезов М. Қорғансыздың күні: Әңгімелер мен повестер. – А.: «Атамұра», 2002.
10. © adebiportal.kz <https://adebiportal.kz/kz/news/view/18848>
11. Юнг К.Г. «Психология и поэтическое творчество. –М.: «Политиздат», 1991.

Қ.Ш. Молдасан,

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

п.ғ.к., аға оқытушы

Ж.К. Конисбаева,

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Педагогика және психология мамандығының 1-курс магистранты

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК «МЕНИ»

Қазіргі таңда дарынды оқушының өзіндік «Менінің» қалыптастыру ерекшеліктерін білу және ескеру әр түрлі жағдайларда адамның мінез-құлқын болжауға, оның маңызды оқиғаларды түсіндіруін, өз іс-әрекетінің нәтижелерін бағалауды, тұлғааралық қарым-қатынас стилін болжауға мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық жағдайларды түсіну және дамудың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды оқушылардың өзіндік «Менін» қалыптастыру құралдарын жасау қазіргі педагогикалық психология мен тәрбие тәжірибесінің маңызды міндетіне айналады.

Қазіргі уақытта дарындылық мәселесі өзекті бола түсуде. Бұл, ең алдымен, қоғамның ерекше шығармашылық тұлғаға деген қажеттілігімен байланысты.

Қазіргі қоршаған ортаның белгісіздігі адамның жоғары белсенділігін ғана емес, сонымен қатар оның дағдыларын дамытуды, стандартты емес мінез-құлық қабілеттерін де қажет етеді.

Дарындылық–адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Бұл қасиетті байқап, оның бар екеніне көзжеткізіп, бойындағы дарынын одан әрі өрбітіп, ұштау, дамытуда мұғалімнің қажырлы еңбегі қажет.

Дарындылықты генетикалық құбылыс деп қарастырып, оны белгілі бір даму сатысының соңғы нәтижесі деп түсіндіруге де болады, себебі, Платонның өзі ақындықты «өнер мен білімнің арқасында емес, құдайдың анықтауы мен кернеген сезімнен» туындайды деген. Сократ болса, өзінің ерекше қасиетін түсіндіргенде «маған көмекке әрдайым мейірімді перім – уникум (гений) келеді» деген екен[1].

Дарынды балаларды оқытып, тәрбиелеуді ұйымдастырудағы басты міндетіміз – тұлғаның қабілеті мен талантын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың ерекшеліктерін (түрі, деңгейі және т.б.) анықтау мен айқындау керек.

Өзіндік «Менді» немесе «Мен тұжырымдамасын» көп жағдайда «Мен бейнесі» немесе «Мен көрінісі» деп атайды.[2] Яғни тұлғаның өзіне немесе өзінің жеке қасиеттеріне байланысты қатынасын өзін-өзі бағалауы немесе өзін-өзі қабылдауы деп атайды. «Мен-тұжырымдамасы» тек тұлғаның өзі жайлы елестетулерін ғана анықтамайды, сонымен қатар ол өзі жайлы не ойлайды, болашақтағы даму мүмкіндіктері және жаңа бастамаларына қалай қарайтындығы жөнінде[3].

Дарынды балалардың ынталандырушылық белгісі – танымдық қажеттіліктің жоғары деңгейі, көп білуге деген құмарлық, өзінің ұнататын ісімен ынтызарлықпен айналысу. Дарынды балалар ерте жастан білуге, мәселеге зейін қоюда таң қаларлық қабілет байқата отырып, ерекше қызығушылық танытады. Дарынды балалардың басым бөлігіне жоғары «перфекционизм», яғни әрекетті орындауда кемелділікке ұмтылу тән. Кейде дарынды бала аяқталған жұмысын бірнеше сағат бойы жетілдіру үшін қайта жасауы мүмкін. Бұл болашақтағы кәсіби жетістіктің жоғары деңгейінің кепіліне айналатын жағымды көрініс береді[5].

Бұл, ең алдымен, қоғамның, ғылымның ерекше креативті тұлғаға деген қажеттілігімен байланысты. Ғылым субъектісі – ғалым. Ал, ғалым дегеніміз – кемелденген дарынды тұлға. Осы орайда, ғылымның өзінің белгілі дербестігі болады. Мұның айғағы ретінде, ғылымның өзінің ішкі заңдары мен ұстанымдарына сүйеніп дамитынын және қызмет ететінін айтуға болады. Дарынды оқушы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың, рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады[4].

Саясатқа келсек, дарынды оқушы және саясат бір-бірімен тығыз байланысты. Саясат адам үшін жүргізіледі, адам арқылы іске асырылады. Дарынды оқушының саяси санасы – оның саяси сезімі, көзқарастары. Саяси қарекеттің талаптары әр түрлі болуы мүмкін: альтуристік, яғни риясыздық, я болмаса эгоистік, яғни тек өзінің жеке пайдасын ғана мүдде ету. Дарынды оқушыны гуманистік тұлға деп қарастырсақ, ол басқаларға зиян келтірмеуге тырысады, мейірімділік көрсетіп, көмектесуге және қорғауға ұмтылады. Оның іс-әрекеттері рақымшылдық, ізгілік, ар-намыс, борыш, парызға сәйкес келуін

қажет етеді. Қазір адамзат қоғамы өркениетті дәрежеге жетіп, демократияланып жатқанда саясаттың ең алдымен адамгершілік бағдары болуы қажет. Саяси әлеуметтену – дарынды оқушының саяси өзіндік «Менінің» қалыптасуы деуге болады.

Ал, мораль – тарихи құбылыс, этиканың зерттеу объектісі. Яғни, моралдың субъектісі де – өзінің адамгершілік таңдауын жасайтын жеке адам немесе дарынды тұлға. Мораль ылғи жеке дара болып келеді, оның субъектісі және жауапкершісі – өзінің адамгершілік таңдауын жасайтын дарынды тұлға.

К. Маркс қабілеттіліктің әлеуметтік мәнін талдай келіп, оны адамға ләззат беретін, «ұйықтап» жатқан түрлі сезімдерді оятатын, адамның «мәнді күші» деген.

Адам қабілеттілігі А.Н. Радищевтің, В.Г. Белинскийдің, Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың еңбектерінде де әлеуметтік тұрғыда талданған. Абайдың шығармаларында, әрбір қазақ азаматының өзінің қабілетіне сай, бала бағу немесе мал бағу, білім қуу, өнер үйрену, егін егу, сауда жасау сияқты белгілі бір кәсіппен айналысу қажеттігі айқын көрсетілген Кеңестік психологияда «Мен – тұжырымдамасының» мәселесімен Б.Г.Ананьев, И.С.Кон, Д.А.Леонтьев, В.В.Столин, А.А.Реан айналысты[6].

С.Л. Рубинштейн пікірінше тұлғаны психологиялық зерттеу мәселесі тұлғаның психикалық ерекшелігін – оның қабілеттіліктерін, темпераменті мен мінезін зерттеумен ғана емес, ол тұлғаның өзіндік сана-сезімін ашып көрсетумен аяқталады.

К. Роджерс өзіндік сана-сезім жайлы, «Мен-тұжырымдаманы» индивидтің санасында бар өзіндік фигура мен фон және «өзіндік Менді», сондай-ақ ол түсе алатын қарым-қатынасты, сонымен қатар өткеніндегі, қазіргісіндегі, болашақтағы «Меніне» қатынасымен және түсінетін сапалық қасиеттерімен байланысты позитивті және негативті құндылықтарды қосатын күрделі құрылымдық бейне деп түсіндіреді. «Мен-тұжырымдамасы» өзіне «Шынайы» және «Идеалды Менді» қосады.

Данышпандар өздерінің анализдік қабілеттерінің арқасында ғана емес, сонымен бірге олар өз уақыттарынан озып кеткендіктен және олардың ашылулары мен туындылары болашақтан алынған сияқты.

Генийдің негізі-дарындылық пен таланттың өте жоғары деңгейі, ол әртүрлі іс-шараларда көрінеді. Данышпан барлық нәрседе жетістікке жете алатын сияқты. Мысалы:

Леонардо Да Винчи тек суретші ғана емес, сәулетші де, идеялары өз заманынан жүздеген жылдар бұрын болған көрнекті өнертапқыш болды.

Джордано Бруно сол кездегі ғылымның даму деңгейімен салыстыруға келмейтін идеяларды айтқан тамаша астроном ретінде ғана емес, ақын және философ ретінде де танымал.

Күн жүйесінің планеталарының қозғалыс заңдарын ашқан Иоганн Кеплер әйгілі математик, механик және оптик ретінде танымал болды[7].

Көрнекті философ Рене Декарт әлі де аналитикалық геометрияны жасаушы, физик және тіпті физиолог болған. Айтпақшы, орыс физиологы И. П. Павлов оны өзінің алдындағы адам деп санады.

Ең жарқын орыс данышпандарының бірі – Михайло Ломоносов поэзия мен механика, химия мен тарих, кескіндеме мен металлургия, география және астрономия салаларында қабілеттерін көрсетті. Дарынды оқушының өзіндік «Мені» – қарым-қатынас және қызмет барысында жинақталатын тұлғаның психологиялық кейпінің маңызды құрылымдық элементі, индивидтің өзі жайлы идеалды елестетулері. Өзіндік «Мен» адамдар арасындағы қызметтің алмасуы кезінде туындайды, субъект «басқа адамның айнасы ретінде көрінеді және осылайша өзінің «Мен бейнесін» талқылайды, нақтылайды және түзетеді». Осындай талдаулар нәтижесінде адам өзінің «Мені» жөнінде біршама білімдермен танысады.

Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Кемел адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады.

Адам өзін-өзі тану арқылы менмендік, кекшілдік, ашу, өтірік, жамандық, құмарлық сияқты адамның ішкі әлемін балталайтын пессимистік психологиядан арылады. Иасауи ілімінде адамның кемелдікке жетуі теориялық (шариғат) және практикалық (тариқат) таныммен қаруланып қана қоймай, оны өзінің хәлі арқылы рухында сезініп, жүзеге асыруы шарт. Яғни, таным «суық теория» мен «құрғақ практика» шеңберінде қалып қоймауы керек. Осы тұрғыдан, дарынды оқушының өзіндік «Мені» қалыптасуы үшін алдымен тұлғаның рухани құрылымын анықтап алуымыз керек. Тұлғаның рухани әлемін қалыптастырудың негізі – қоғамдық сананың мәні[5].

Иманды мұғалім ізгі кемел ұрпақ тәрбиелесе, иманды дәрігер науқасқа мейірімділік танытып, сырқатын емдесе, иманды басшы халыққа қалтқысыз қызмет етсе, иманды құрылысшы өз ісіне адал болса, міне, сол кезде ғана адамгершілік сапасы биік ұрпақ қалыптастырар едік. Өмірін дінмен

байланыстыра білген ата-бабаларымыз әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін өшпес өнеге қалдыра білді[6].

Қорыта келе, дарынды баланың өзіндік «Менінің» қалыптасуы – әрекеттің белгілі бір саласында айрықша нәтижелерімен ерекшеленетін бала. Дарынды оқушының өзіндік «Менінің» жоғары болып қалыптасуы оның үнемі ізденісте болып, үнемі өзінің талантын, шеберлігін дамыту. Сонымен қатар, дарынды баланың «Менінің» қалыптасуы, дамуы және өзгеруі интроверсиялық және экстраверсиялық құбылыстарға (ішкі және сыртқа бірнеше себептермен) қамтамасыз етіледі. Олар: әлеуметтік орта, отбасы, мектеп. «Мен-тұжырымдамасының» негізінің қалануына «отбасының» ең басты әсерін тигізеді десек қателеспейміз.

Әдебиеттер:

1. Дружинин, В.Н. Психология общих способностей /В.Н. Дружинин.-2-е издание, расширенное, доп.– С-Пб: Издательство «Питер», 2000.– 368 бет.
2. Концептуальные подходы к работе с одаренными детьми / В. К. Омарова// Одар. ребенок. – 2010. – № 6. – 22-28 бет.
3. Вспомогательные средства воздействия в развитии одаренных детей / К. С. Нурахметова// Одар. ребенок. – 2010. – № 6. – 122-127 бет.
4. Одаренные дети – будущее Казахстана, Дарынды балалар, Алматы : ТОО "Ред. энцикл. "Одаренные дети – будущее Казахстана", 2012 ж
5. Одаренность, талант, гениальность с точки зрения психологии (psychologist.tips)
6. Қ.А. Ясауидің – діни философиясындағы «кемел адам» концепциясы | Статя в журнале «Молодой ученый» (moluch.ru)

Қуаңбаева Марта Мырзабекқызы,

*М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің
информатика пәнінің оқытушысы*

Алиакбарова Нұрайым Жомартқызы,

М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті

ЖАС ҰРПАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ ОРНЫ

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселенің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық және адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру – үлкен қажеттілік.

Жастарға рухани-адамгершіліктік тәрбие және білім беру ерекшеліктері: білім берудің ғылыми-кәсіби және рухани-адамгершілік мазмұнының ынтымақтасуына; рухани қауіпсіздік қабілеттерінің дамуы; жастардың адамгершілік, кәсіби және өмірлік көзқарастарының қалыптасып ықпалдасуына негізделеді. Жастардың рухани мәдениетін құраушылардың бірі құндылықтық бағдарлар болып табылады яғни, белгілі-бір мәндерді өмірді ұйымдастырушы бастамалар ретінде қабылдау және өзін соған сәйкес ұстау. Адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті. Оның негізгі белгілерінің бірі – өзі үшін ғана емес, ел, қоғам үшін өмір сүру, адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға дайын болу. Арлы адам – ардақты адам. Адамгершіліктің асыл қасиеттері: Отансүйгіштік, мейірімді, адал, еңбекқор, ақылды, әділ, парасатты жас ұрпақтарымыздың бойынан табылуы тиіс. Басқаша айтқанда, бүгін біз тек өзара түсіністік пен сыйластықтың, бір-бірімізге деген құрметтің арқасында ғана тіршілігімізді жалғастыра алмақпыз. Сондықтан да, еліміздің болашағы үшін жастарды тәрбиелеуде рухани, дәстүрлі құндылықтардың маңызы зор және біз күнделікті өмірде оларды қолданудың аясын кеңейтіп, үнемі назарда ұстап отыруымыз қажет.

Құндылық – бұл қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулылығы, пайдалылығы және қымбаттығы. Ол әлдекімнің бағалылығын, объективті болмысты және сонымен бір мезетте оның әлдекім үшін құндылығын, яғни субъективті бағалауды білдіреді. Дүние құндылыққа толы – материалды, табиғи, көркем және адами құндылықтар. Бір нәрсені екіншісінен артық көру жалпы тірі табиғатқа тән. Осы орайда, құндылықтың адамға тән екендігін баса айту қажет, өйткені барлық жаратылыстың ішінде адам ғана табиғи және мәдени туындыларды, идеялар мен амал-әрекеттерді, жалпы басқа адам мен қоғамды, сондай-ақ өзін-өзі бағалауға қабілетті. Адам құндылықтарға мүдделі

әрі мұқтаж болып табылады. Олар құндылықтар, дін, тіл, әдет-ғұрыптар және қоғамдық институттар сияқты ұғымдарды пайдалана отырып, өздерін анықтайды

Әр этнос өз алдындағы мәселелерді өзіндік бір түрлі әдіспен шешіп отырады. Мәселен, бір мәдениетте ақшаға деген құштарлық басым болуы, келесінде – мәңгілік өмірге деген құмарлық үстем келуі мүмкін. Сонымен қатар, кез келген мәдениетте мінез-құлық пен ақыл-ой, рух пен білім өмір тәжірибесі нәтижесінде қалыптасады, ал мінез-құлық пен рух халықтың өн бойында еншілеп жатады. Себебі, халықтың мінез-құлқы дәстүрге келіп ұласады, дәстүр адам болмысының әлеуметтік мәдени және ұлттық тарихи субстанциясын құрайды.

Құндылық ұмтылыстар мен мақсаттардың, абсолюттік мағынасында болмыстың мәні болып табылады. Ал жоғары рухани құндылықтар: махаббат, жақсылық, өмір мәні, ақиқат, еркіндік, сұлулық, адамның өзіндік құндылығы, лайықты өмір сүру, жалпы адамгершілік және т.б. Ұлттық құндылықтар: ұлттың тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиеті, музыкасы, ата мұрасы және т.б. Осы құндылықтардың мәні не, маңызы қандай, мақсаты неде дегенге келетін болсақ, құндылықтардың әрқайсысы адам баласының өмірлік ұстанымына тікелей әсер-ықпал етіп, жеке тұлғаның бағыттылығын, оның сенімдерін, дүниеге көзқарасын, идеалдарын, ұмтылыстарын, өмір сүру түрін еркін таңдай алуын өз бетінше іске асырып, жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді. Осы орайда қазіргі жастардың дамуын, олардың құндылықтарға деген көзқарасын зерттеудің көптеген жолдары бар, сондай-ақ, өз кезегінде «жастар» ұғымының маңыздылығының анықтамасы да сан алуан болып келеді.

Еліміздің білім беру жүйесінде жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде руханилық пен адамгершілікке бағдарлап білім-тәрбие беру ісі өткір мәселе саналады. Осы тұрғыдан алып қарағанда ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне айналдыруды, оның тереңдігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сіңіруді мұрат ету маңызды. Бұл орайда, ұлттық тәрбие беру желісі нені тұтқа етеді деген мәселеге келсек, мұндағы басты құрал оқу материалдары, яғни тақырыбы мен мазмұны жағынан жастардың рухын тербететін, жанын елжірететін, масаттандыратын, табындыратын, әсемдік сезімін, ар-намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ақкөңілділікке, ерлікті көксеуге, күш-қайратты шындауға ұмтылдыратын өз бойынан ата-бабасының қаны мен рухын сезінетін, даналарының өнеге-үлгісін ұстанатын, елінің тағдырына, тарихына жаны тебіренетін т.б. болуы шарт. Жас ұрпақты өмірге дайындауда жаңа сапалық белгілер қалыптасып, дербестікті дамыту, кәсіптік бағдар, білім алу және өздігінен білім алу, қабілеттерді анықтау және дамыту сияқты мәселелерге ерекше маңыз бере бастады. Мектептің, отбасының және жұртшылықтың тәрбиелік қызметінің біртұтастығы мектептің мақсатты түрде жүргізген жүйелі жұмыстарының нәтижесі. Ал, бұл нәтиже қазіргі заманғы білім беру ұйымдарына қойылатын басты талаптарда көрсетілген. Белгілі педагог В.А. Сухомлинскийдің еңбектерінде «мектептік-отбасылық тәрбие» ұғымы кең қолданылады. Оның пікірінше тәрбиені мектептік немесе отбасылық деп қарастыруға болмайды, өйткені бала тұлғасы біртұтас және оны қалыптастыру үдерісі де біртұтас сипат алады.

Жалпы, жастар құндылықтарындағы өзгерістер мынадай төмендегідей негізгі қасиеттерге не:

- 1) Әр түрлі құндылық бағдарлары;
- 2) Құндылықты субъектив және өзіндік сана;
- 3) Материалдық жақсартуды қадағалау арқылы рухани маңыздылықты назарға алу;
- 4) Жауапкершілік сезімін арттыру.

Осылайша, барлық тіршілік иелерінің ішінде адамға аса жауапты міндет жүктелген, оның өлшемі кісілік құндылықтармен айқындалады. Адамның тіршілік ортасына қарай жалпыға ортақ құрылым атаулары қалыптасқан. Мысалы, топ, ұлт, мемлекет, ел. Әр елдің өзіндік құндылықтары және осы құндылық оның тұрмысы мен мәденетінің орнын айқындайды. Осыған орайда, қазақ мәдениетіндегі кісілік құндылықтар мәселесін де қарастыра кеткеді жөн көрдік. Осы уақытқа дейін әрбір ғылым салалары өз тұрғысынан қарастырылып келеді. Оларға тарихи-этнологиялық көзқарастар, филологиялық, педагогикалық, философиялық және тағы да басқа көзқарастарды жатқызуға болады. Құндылықтар әлемі алуан сынды болғандықтан әр ғылым саласы өзіндік қызығушылық мәселесін таба алады. Қазақ халқы тарихындағы жалпы адамзаттық мәнді кісілік құндылықтар мен абсолютті құндылықтарды мәдениеттанулық талдау – уақыт сұранысы. Бүгінгі ғылым салалары жаратылыстық, объективтік, рухани болмыс мәселелерінен, адамның тылсым ішкі әлеміне бетбұрыс жасап, ізденіс өрісін кеңейту мүмкіншілігін қамтамасыз етуде. Жоғарыда Қытай ойшылы Конфуций айтқан ілімдегі адамгершілік құндылықтар қазақ халқының тарихында қашанда кісілік қасиеттерде көрініс тауып

келеді. «Адам», «тұлға» ұғымдары «кісі» ұғымымен салыстырғанда, қазақ мәдениетінде экзистенциялық қасиетке ие болып есептелінеді. Адамның басты кісілігі оның қоршаған ортамен қарым-қатынасының субъектісі деңгейіне көтерілуінен көрініс табады, ол өзіне көпшіліктің назарын қарата алады. Адам бұл үшін «жарқын жүзді, шуақ көңілді, ыждаһатшыл, жылы және арайлы жүзді игі мақсатты, иманды» болуы керек.

Қазақ халқының мәдениеті – оның ұлттық тарихының өнімді өзегі, құрамдас бөлігі, маңызды саласы. Жетпіс жылдай тоталитарлық жүйеде болып, тәуелсіздік алуға орай демократияның оң әсерімен батыстық дүниесіне есіктің айқара ашылуы – төлтума мәдениетіміздегі құндылықтарымызды ығыстыра бастаған секілді. Әрине, өмір-сүру салты, әдет-ғұрып, қадыр-қасиет және т.б. құндылықтарымыз жоғалып кетті десек, қателесеміз.

Әл-Фарабидың адам әрекетінің түпкі мақсатының бірі – бақытқа жету, сол бақытқа тек білім мен игілік нәтижесінде жетуге болады деп есептеп, жастарға тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп және сол тәрбиені беретін адамды өте жоғары бағалауы болып табылатын «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» туралы трактат теориялары мен қағидаттары, Ж. Баласағұнның білім, ақылдың қасиеттері жақсылық және жамандық, адамгершілік қасиеттер, адамгершілік құндылықтар туралы мәселелер қарастырылған «Құтты білігі», сонымен қатар, М. Қашқаридың адамгершілік, тәлім-тәрбие, психологиялық қасиеттер, адамның бойында кездесетін жағымды және жағымсыз мінез-құлықтары сипатталған «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбектері жастарға құндылықтарды дәріптеу аясындағы теориялар әдіснамалық негіз болып табылады.

– Әлеуметтік-экономикалық даму үдерісі екі ел жастарындағы индивидуализм мен прагматизмнің құндылық бағытының күшеюіне алып келді. Прагматикалық құндылық бағдарына және өзіндік өсу мен өзіндік қажеттілікке ұмтылу белең алып, қазіргі жастардың жеке тұлғалық санасы үздіксіз артып келеді, құндылық практикалық және прагматикалық сипат алып келеді, құндылық тұжырымдамасында прагматизм тенденциясы анағұрлым айқын көрінеді.

– Жастар бойында дәстүрлі құндылықтарды сақтап қалу, жоғары моральдық қағидаттарды ұстануды уағыздау – екі елдің де басты міндеттерінің бірі болып қалады. Сол міндетті жүзеге асыруда екі ел де жастар саясатына қатысты стратегиялық бағдарламаларды іс жүзінде асыруға бар мүмкіндігін жұмсайтын болады. Себебі жастар – ел болашағы.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру. Қазақстан Республикасы жалпы білім беру тұжырымдамасында жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, рухани-адамгершілікті қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндетінің ерекше аталуы біз көтерген мәселенің қоғам талабынан туындап отырғандығын дәлелдейді. Оның үстіне қоғамдағы рухани құндылықтардың табиғаты, мәні және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеулердің адамгершілік пен руханилық мәселелерімен тікелей байланысты қарастырылып, осы кезге дейін күн тәртібінен түспеуі біздің мәселеміздің өзектілігін арттыра түседі. Өйткені, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселелері көптеген ғылыми зерттеулерге арқау болған.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі қоғамның барлық сатысында зерттеу нысаны болып отырғаны баршаға белгілі. Рухани-адамгершілік құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазақ ғұламаларының, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтарының ой-пікірлері мен көзқарастары бар. Бүгінгі таңда сұраныс қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, оқу-тәрбие жұмысын рухани-адамгершілік тәрбие негізінде ұйымдастырып, жоғары сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігін айқындап отыр.

Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Рухани тәрбие – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез-құлқын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» – деп Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туғанынан басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал, үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік,

мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Осы мақсатта мектептегі балаларды адамгершілік сана-сезімін оятып, жағымды мінез-құлқын қалыптастыруда «Мен Отанымды сүйемін», «Сабырлық пен ұстамдылық», «Ойнайық та, ойлайық!» ойын-сабақтары өтті. Мұның бәрі адамгершілікке бағытталды.

Халқымыз «баланы ойын өсіреді» деген сөзі тегін айтылмаса керек. Бала ойнап жүріп, ойланады, жүйкесі тынығады, ойы сергиді, денесі шымырланады. Өздерінің құрбы-құрдастарымен жақсы араласуды үйренеді. Сан алуан ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып, жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға, мақсатқа жетуде төзімділікті ұлғайтуға тәрбиелеуде ерекше мәні бар. Ең бастысы, ойын баланы жан-жақты, тез ойланып шешім қабылдауға, ойын шыншыл ойнауға кешірімді, жанашырлыққа тәрбиелейтіні анық.

Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар – мектеп мекемелері мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары сөзсіз. Бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, мектептің, барша халықтың міндеті.

Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, өскен ортасына байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, оң бағыт беріп, теріс жерін дереу жөндеп, демеп жіберу ата-ана мен оқытушыға жүктелер міндет. «Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақыт та қонады» деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылықтар болса одан арылту қажет.

Қорыта айтқанда, құндылықтар әлемі таусылмайтын бұлақ іспеттес. Ол әлі талай зерттеулердің арқауы болары күмәнсіз. Қай елде болмасын білім беру жүйесінде жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде руханилық пен адамгершілікке бағдарлап білім-тәрбие беру ісі өткір мәселе болып саналады. Осы тұрғыдан алып қарағанда ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, білім мазмұнына енгізу арқылы жастарға ұлттық тәрбие беруді, оның тереңдігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сіңіруді мұрат ету маңызды.

Әдебиеттер:

1. В.Т. Лисовский. Социология молодежи. Санкт-Петербургского, 1996 г.
2. Конфуций. Өмір. Ілім. Ойлар. Нақыл сөздер. – Минск, 1998
3. Ж. Исахметұлы. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие және адамгершілік, гуманизм мәселелері. Алматы, 2010. – 11 б.
4. «Яссауи әлемі» журналы, 2010. – № 3-4(5). – 102 б.;

А.А. Қуанышбаева, Л.Д. Төлеубекова,

КТУ «Средняя общеобразовательная школа №15» отдела образования по городу Семей управления образования Восточно-Казахстанской области

МЕДИАТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЕ ШКОЛЫ

В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Лидер Нации Н.А. Назарбаев отметил, что «на наших глазах мир начинает новый, во многом неясный, исторический цикл. Занять место в передовой группе, сохраняя прежнюю модель сознания и мышления невозможно. Поэтому важно сконцентрироваться, изменить себя и через адаптацию к меняющимся условиям взять лучшее из того, что несет в себе новая эпоха».

Сегодня подростки развиваются в совершенно иных условиях жизни. Среда, окружающая детей, весьма агрессивная. Этому способствуют такие, как цифровизация общества, уход от живого общения, влияние фильмов, компьютерных игр, в основе которых заложено насилие и общество потребления. В настоящее время актуальной стала проблема высокой конфликтности в школьной среде. Участились

конфликты между детьми, учителями и учениками, родителями и учителями. Одним из наиболее эффективных способов снижения конфликтности является внедрение медиативных технологий в качестве способов разрешения конфликтов и споров в школьной среде.

Представленные медиативные технологии ориентированы на формирование компетенций у участников образовательного процесса по управлению конфликтами, их эффективному разрешению, а также на формирование компетенций в организации служб школьной медиации.

Что такое служба школьной медиации?

Служба школьной медиации – это структура, созданная в образовательной организации и состоящая из педагогов, учащихся и их родителей. Она призвана оказывать помощь всем участникам образовательного процесса в разрешении конфликтных ситуаций путем применения медиативных технологий.

Какие именно конфликты способны разрешать школьная медиация?

Основная сфера медиативных технологий разрешения конфликтов в образовательном учреждении – это конфликты бытового характера, субъектами которых выступают участники образовательного процесса, при этом по степени эскалации конфликты могут быть совершенно разной степени.

Перед службой школьной медиации не лежит задача разрешения конфликтов административно-правового или уголовно-правового характера. Надо помнить, что участники службы школьной медиации не обладают надлежащей квалификацией, компетенцией и полномочиями для разрешения такого рода конфликтов.

Основная цель работы школьной службы медиации – через применение медиативных технологий при разрешении конфликтов, распространение знаний и навыков управления по принципу «равный – равному».

Данная цель реализуется через выполнение следующих задач:

- обучение участников образовательного процесса медиативным технологиям разрешения повседневных конфликтов, возникающих в образовательной среде;
- проведение информационно-разъяснительной работы о возможностях разрешения споров и конфликтов путем применения процедуры медиации;
- снижение уровня конфликтности не только за счет собственно применения медиации при разрешении возникающих конфликтов, но и путем обучения основам медиации;
- профилактика девиантного поведения среди несовершеннолетних;
- координация работы семьи и школы в разрешении трудных жизненных ситуаций ребенка;
- укрепление института семьи через осознание родителями последствий конфликтного взаимодействия родителей и ребенка.

Медиация – это альтернатива административным способам разрешения конфликтов. При последних, участники конфликта как правило лишены возможности принимать решения по его разрешению, а полномочия для принятия решений по спору делегированы третьему лицу. Сегодня административные способы разрешения показывают свою несостоятельность, особенно в образовательной среде. При применении административных методов происходит эскалация конфликта, а не его разрешение.

Медиативные технологии в воспитательном процессе позволяют приобрести навыки управления конфликтом.

Метод школьной медиации – это инновационный метод, который применяется в разрешении споров в качестве современного альтернативного способа.

Школьная медиация не ограничивается территорией школы. Важную роль в интеграции метода играет вовлечение семьи, при условии, что родители (законные представители) будут обучены основам метода. В школе конфликт будет разрешаться успешнее, если родители будут ориентировать ребенка на медиативный поход.

Таким образом метод школьной медиации позволяет школе и семье воспринимать друг друга как партнеров, стремящихся к одной цели, и объединить их усилия для обеспечения безопасности и благополучия ребенка.

Алгоритм открытия школьной службы медиации:

1. проводится обучение потенциальных участников службы школьной медиации медиативным технологиям в рамках тренинга «Школьная медиация – как способ снижения уровня конфликтности в школьной среде». Обучение в школе медиатора;
2. принимается решение педагогического совета школы;
3. издается приказ директора школы о создании службы школьной медиации, в котором обозначается состав службы и ее куратор;

4. директором школы утверждается «Положение о службе школьной медиации» (приложение 1);
5. составляется план службы школьной медиации;
6. начало работы службы школьной медиации;
7. открытие кабинета или уголка службы школьной медиации.

Школьная медиация – еще один шаг к развитию гражданского общества и вовлечению в этот процесс молодого поколения. Метод школьной медиации предлагает максимальное вовлечение детей и подростков в распространение принципов медиативного подхода, позитивной социализации школьников, осознание ими собственной значимости, ценности человеческой жизни, чувства ответственности.

Развитие школьной медиации позволяет снизить конфликтность в школьной среде и как следствие – снизить количество правонарушений среди несовершеннолетних.

Приложение 1.

Методический материал.

Положение о создании службы школьной медиации.

1. Общие положения

1.1 настоящее Положение определяет цели, задачи и организационную основу деятельности служб школьной медиации (далее – СМШ).

1.2 СМШ создается в образовательном учреждении в целях обеспечения защиты прав детей и создания условий для формирования безопасного пространства, равных возможностей и защиты интересов.

It is a unique means, which produces an overall impact on the development of physical, mental and moral qualities of a person. It is also an educational and upbringing means, meeting the modern pedagogical requirements in self education, enriching the pedagogical – social situation on didactic basis.

Every nation has its own means of upbringing the young generation. The most effective ways of influencing the children were the labour, native language, oral poetic creation, nature and music.

Progressive ideas and images which have found their bright reflection in many works of oral national creation, are the essential factors of developing moral qualities in a modern personality. Progressive traditions, standards of behavior and customs are getting wide range of confession, are deepening and increasing, deeper recognized by people and effectively used in upbringing the young generation.

National moral upbringing didn't lose the traditions accumulated over the centuries; they are actual in our modern life. Nazarbayeva Sara Alpysovna, remembering her childhood and basic principles of relationships in the family, which were in keeping peace and mutual understanding, says that her mother often repeated: «Үлкендерді сыйла, кедейлерге көмектес. –Respect older people, help the poor ones» and «always behaved in accordance with this principle and sacredly believed that with words of gratitude, which she heard in response, people overshadow and bless us – her children» [3]

So, the whole progressive beginning of the national wisdom it is necessary to use successfully in the practice of children's upbringing under the modern conditions, promote the individual's development, actively disclose his creative aptitudes and form his outlook and humanistic relations based on common human values.

References:

1. Abay Kunanbayev. Book of Words. – Almaty, 2018, – pp.35, 54-55.

2. Nazarbayev N.A. An Address of the President N.A.Nazarbayev to people of Kazakhstan: Kazakhstani path – 2050: common goal, common interests, common future.
3. Nazarbayeva S.A. The Pearls of Self cognition. – Astana, 2018. – p.31
4. Aliyev A.A. National traditions, customs and their role in the formation of a new person. – М., 2004.

*А.О. Куленова,
«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ*

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Тәрбие – аға ұрпақтың жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәжірибені берупроцесі. Жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарайдамуын қамтамасыз ететін процесс. Тәрбиені тар және кең мағынада ажыратып түсіндірудің де маңызы ерекше. М.Жұмабаев бұл жайында: «Тәрбие – кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді адамзат туралы айтылғанда адамның баласын кәміл жасқа толып, өз-өзіне қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынаны білдіреді» деген пікір айтқан [1].

Бабаларымыздың бала тәрбиесіне келер болсақ, ұлттық ойындарда, салт – дәстүрлерде, әдет-ғұрыптарда, халық – ауыз шығармашылығында сау дененің сұлулығы туралы, мінез – құлық мөлшерлері мазмұндалады және салауатты өмір салтының барлық факторларының мәні толық көрсетіледі, оның өскелең ұрпақ бойында қалыптасу мәселелері ашыла түседі. Біздің пікірімізше, жинақталған халық тәжірибесі қазіргі таңда өзінің көкейтестілігін жоғалтпақ түгілі, мәселені шешудің басты құралы болып табылады және тәрбие жұмыстарында кеңінен қолданылады.

Рухани-адамгершілігі жоғары, жалпыадамзаттық құндылықтарды терең игерген адамның ғана түпкі санасы оянып, мәңгілік құндылықтарды уақытша құндылықтардан, өтірікті шындықтан ажыратып, өзін де өзгелерді де бақытты ете алады. Демек, бүкіл адамзаттың жалпығаламдық бірлігі – адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған асыл рухани қазынасын негізге алып, тамырына тағлым етіп дарытып, ойы, сөзі, ісі бір, нағыз тұлға дайындауында.

Қазіргі ұрпақ ұлттық сипаты, рухани құндылығы жоқ «Батыстың» тәлім-тәрбиесін қомағайлана жұтуда. «Батыс» демекші, технология әлемін, теледидарбеттерін жаулаған рухани құндылыққа зәру жарнамалық дүниелері – бейне бір жер шарындағы іргетасынан өз тілі, діні, ұлттық мәдениеті бар елдермен күреске түскендей. Осы орайда «Батыс мәдениетін» дүние жүзіне таралған жайылмалы дертті ісік екенін мойындағандай боласың. Мәселен: парасатты, кішіпейіл, сыпайы тағы басқа ибалық мінездердің бәрін иманды қаракөз қыздарымыздың арасында сақтаулы. Өкінішке орай, біреуден көргенімізді қайталап істеу керек болып тұрады. Артымызда өсіп келе жатқан сіңілілеріміздің өзі есепшіл, өркөкірек, сезімге сенбей «ақшаға» ғана сенетіндерқатары көбеюде. Тәрбиені ата-анасынан емес, теледидар, компьютерден алыпкеле жатқан жастар буыны қалыптасып келеді. Бүгінгі қыздарымыздың жүріс-тұрысы, киген киім-киісі, тәрбиесі қазақ халқына мүлде жат. Әрине көпке топырақ шашудан аулақпыз. Алайда, бұл ащы да болса шындық. Қыз тәрбиесі жайлы көп айтылады, бірақ, нәтиже шамалы. Бұған не себеп? Қазірде «Заман солай ғой» деген сөз тіркесі шықты. Біз неге тәрбиедегі кемшілігімізді заманға жаба саламыз? Сонда бізді тәрбиелеп отырған әке-шешеміз, ата-әжеміз қайда? Міне, осындай сан мыңдаған сауалдар ешкімді бейжәй қалдыра алмайтыны анық.

Балалар мен жастардың отбасындағы тәрбиесі салауатты өмір болмысына негізделіп, дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібін, спорттық жаттығуларды, дене шынықтыруларын т.б. қамтиды.

Отбасындағы сана – сезім тәрбиесі ата-аналардың өз балаларын білімдермен байытып, соны ақпараттарға деген тұрақты қажетсінуін қалыптастырып, оларды үздіксіз жаңалап бару ұмтылыстарын баулуға негізделеді. Танымдық қызықсыну, қабілет, бейімділіктер мен нышандарды дамытып бару бала тәрбиесіндегі ата-аналардың аса өзекті шаруасы.

Қазіргі кезде кейбір арулардың қысқа етеккі белдемше киіп, алкогольдік ішімдік ішіп, шайтандар үйін паналауы бұл ең бірінші ата-анаға және адамның өз ортасына байланысты. Біз кінәні алыстан іздемеуіміз керек. Себебі, осындайорны толмас оқылықтар ең бірінші тәрбиенің жетіспеушілігінен болады. Ұлы Абай атамыз: «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, ата-ананың қызынан қапы қалма» деген екен [2]. Ар жолынан аттамаған, ұятты білген қазақ едік. Алайда, қазіргітаңда қазақы тәрбиені шетке ысырып қойып, батысқа еліктеу тоқталар емес. Қазіргі күні денесін жартылай ашып, шайтан суға мас болған, шашын дудыратып ұйыстырған, ұнамсыз ерсі киім киіп, аяғын бірінің үстіне бірін салып, темекі түтінін құмарлана жұтып отырған сылқым бикештерді жиі жолықтыруға болады. Ал, енді

осыны көрген жас қыздарымыздың бұларға еліктемесіне кім кепіл?

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерте кезден-ақ мән беріп, үлкен жауапкершілікпен қараған. Қазақ қызды ибалы, инабатты, нәзік, кішіпейіл етіп тәрбиелеген. Халқымыз өте жоғары бағалаған қасиеттердің бірі – кішіпейілділік. Кішіпейіл кісіні барлық жерде сыйлаған, қасиеттеген, үлгі тұтқан. «Кішіпейілділік» кішілік емес, кісілік қасиет», «кішіпейілділік кісінің көркі», деген нақыл сөздерден халқымыздың кішіпейілділікті қаншалықты қастерлегені айқын байқалады.

Қазіргі бүкіл әлемде болып жатырған саяси-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық өзгерістер елдегі діни сана-сезімді терең де жан-жақты зерттеуді талап етеді. Өйткені жастардың ұлттық діни сәйкестілігі қазіргі өзгермелі заманда еліміздің болашақ бағыт-бағдарына ықпал етуі әбден мүмкін. Атақты әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби мен Абай айтқандай, адам әуелі қанағат сезімін тәрбиелеу керек. Оны профессор Т. Кәкішұлының өз сөзімен айтсақ: «Жалпы, бізге не жетпейді? Білім жетпейді. Оның ішінде діни білім жетпейді. Осы жағын нығайтуымыз керек» – дейді. Діни білім, бұл имандылықтың алғашқы сатысы ғана. Жетілудің алғашқы деңгейі. Әл-Фараби де Абай да адамды осы деңгейге көтерудің жолынкөрсеткен. Оны әл-Фараби «камали нисан» немесе кемел адам десе, оны Абай «толық адам» – деп есептейді.

Ал енді рухани жолға, Абайдың сөзімен айтқанда, «малың түгіл басынды да қинағанда» соның орнына адамның алатыны не? Ол мәңгілік, өлшеусіз ләззат, толық білім. Мұның шексіз жол екенін айтқанда әл-Фараби мен Абай. Бірақ бұл сатыға көтерілген адамдар өте сирек. Әл-Фараби де Абай да осы жолға жеткен хакім.

Бала тәрбиесін қалыптастыруды орыс әдебиетінің әлемге аты шыққан жазушысы Л.Н.Толстойдың пікірінше «Тәрбие –біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал ету... Тәрбие – бізге мәлім адамгершілік әдет-ғұрыптарын меңгеруді мақсат көздеп, бір адамның екінші адамға ықпал етуі» деген[3]. Тәрбиенің негізгі берілу көзі ол баланың ата-анасы, жақындары яғни бала тәрбиенің көп бөлігін отбасынан алады. Б.А.Молдағалиева, Л.М.Маденова, Ж.Ж.Жароллаева, Қ.Р.Қажымованың құрастырған» Психологиялық– педагогикалық сөздігінде»: «Отбасы –туыстықбайланыста болатын (күйеуі, әйелі, ата-анасы,әжесі т.б) бірлесіп әлеуметтік –тұрмыстық өмір сүретін адамдар», ал отбасындағы тәрбие – қажетті нәтижеге жету мақсатындағы ата-аналармен отбасындағы басқа да мүшелерінің балаларға әсер етуінің аталуы. Отбасы тәрбиесінің мазмұны демократиялық қоғамның басты мақсатымен анықталады, яғни жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру» деген анықтамалар берілген [4].

Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық технологиялар саны жеткілікті әзірленген. Өзара ақпарат алмасу барысында көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың, пікірін еркін білдірудің, жаңашыл жобаларды, шығармашылық ойларды іске асырудың түпқазығы ретінде Қазақстанда қолайлы ақпараттық орта қалыптасып келеді. Бұл, өз кезегінде, жастардың талаптары мен қызығушылығына барынша жауап беретін білім берудің прогрессивті жүйесі болыптабылады.

Оқушылардың тұлғасын дамыту мен тәрбиелеу бірнеше бағыттарда жүзеге асырылады, мысалы: сабақ, мектептен тыс жұмыс, сыныптан тыс іс-әрекеттер және оқу-тәрбие үдерісі ұйымдастырылатын кеңістік. Тәрбиелеу ісінде нәтижеге қол жеткізу үшін жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде барлық бағыттар бойынша оқу-тәрбие жұмысының жалпы жоспары іске асырылып, тұлғаны тәрбиелеу міндеті шешіледі.

Оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін (ынтасы, ақпаратты қабылдау жылдамдығы, дайындығы, т.б.) ескеру арқылы жаңа материалды өтуде оқытуды ұйымдастыру инновациялық әдістер мен құралдарды қолдану. Бұл тұста проблемалық оқыту, компьютерлік ойын элементтерін қосу, эвристикалық әдістер, т.б. туралы айтуға болады;

Оқушылармен оқудан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстарының барынша көптігіне қарамастан жүзеге асырылатын бірқатар ортақ ұйымдастыру формаларын бөліп көрсетуге болады. Салтанатты кештер мен мерекелер – бұлар қалың көпшілікті қамту, әзірлік жұмысына барлық сыныптарды тарту тән. Бірнеше параллель сыныптары бар ірі мектептерде көбінесе қос параллель сыныптар біріктіріледі. Осындай біріктіру әдісі мектеп мекемелеріне әзірлікті жақсырақ ұйымдастыруға, оқушылардың жас ерекшеліктері мен көңіл қалауларын ескертуге көмектеседі. Тақырыптық кештер мен ертеңгіліктер ең алдымен бір нәрсені біле түсуге бағытталады және белгілі бір арнаулы жеке тақырыпқа айналады. Олар бір сыныптағы оқушылардың инициативасымен және күшімен де өткізіледі.

Сабақтан тыс жұмысты өткізудің формасын тандағанда ең әуелі тәрбие жұмысының нақты мақсаттары мен міндеттерін есте ұстау жөн, ұйымдастыру тәсілдерінің біразы көбінесе шағын шеңбердегі тәрбиелеу міндеттерін шешу үшін қолданылатыны күмәнсіз. Мысалы, этикалық әңгімелер көбінесе адамгершілік тәрбие мақсаттары үшін қолданылады.

Балалар мен жасөспірімдер қоғамдық ұйымдары, мектеп пен жанұямен бірлесіп, саяси-экономикалық, білім және тәрбие жүйесінде өздерінің орнын тауып, жастардың мүддесіне және тілегіне сәйкес балалар мен жасөспірімдер ақыл-ойын, шығармашылығын, қабілеттерін дамытуға нақты үлес қосулары қажет. Мектепте осы негізде тәрбие жұмысын жүзеге асыратын диагностикалық талдау жасалынып, жоспар жасалды және оны жүзеге асыратын тәрбие орталықтары құрылды. Осы тәрбие орталықтары арқылы тәрбие беру бағытында жүргізілетін жұмыстардың ерекшелігіне тоқталайық. Бұл орайда ата-ана комитетінің рөлі ерекше. Мектеп жанына құрылған ата-ана комиеті бала тәрбиесіне ықпал етуде көптеген игі істердің бастамасы болуда.

Мектеп, жанұя және қоғамдық ұйымдардың тәрбие берудегі біріккен іс-әрекеттерінің әртүрлі әдістері қолданылады. Оны екі топқа бөлуге болады: бірінші әдістерге оқушыларға ата-аналардың педогогикалық мәдениетін көру арқылы әсер ету жатса, екіншісіне – тікелей әсер ету жатады.

Тәрбиенің қоғамдық институты ретінде мектепте, диагностикалық, үйлестірушілік, кіріктірушілік және бағытталушылық рөлі беріледі. Оқушының тұрмыста, үйде, жақын айналасында қалай тұратынын терең және жан-жақты білуді, осы заманғы отбасылық тәрбие мәселелерінде жақсы бағдар алуды, отбасының, мектептің, қоғамның өзара әрекетін тиімді ұйымдастыра білуді және т. б. мұғалімнен ерекше талап етіледі.

Бүгінде болып жатқан пандемияға байланысты оқушылар қашықтықтан білім алып, тәрбиеленуде.»Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтықтан оқытуды қоса және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз»– дейді Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында, бұл батыл ой, талап, оны орындау-мақсат, жауапкершілік, жаңа саяси бағытқа жетуабырой. Кез келген ғылым саласы секілді педагогика ғылымының да өз дамуында қолданатын зерттеу әдістері бар және олар өзіндік ерекшелікке ие. Қазіргі уақыттағы басты мәселелердің бірі – бәсекелестікке барынша қабілетті, келешекте өз білімін еркін қолдана алатын, өзін-өзі басқара алатын оқушыларлы тәрбиелеу болып табылады. Қазақстан Республикасының болашағы білімді, білікті, саналы, патриот Қазақстандықтарды тәрбиелеу ерекше жауапкершілікті қажет етеді, ол білім алушы жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға, жоғары білімді, алған білімдерін іске асыруға үйретуді міндеттейді, ол өз кезегінде кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруды жүзеге асырады. Жалпы алғанда, тәуелсіз елімізге білімді, саналы, парасатты адамды тәрбиелеу үшін ұшқыр ойлы, тәні таза, денсаулығы мықты, адал да терең білімді шәкірт тәрбиелеу басты міндет болып саналады.

Әдебиеттер:

1. С.Әбенбаев, Ж.Әбиев «Педагогика» Астана, 2009, 7-бет
2. К.Кенжеахметова, Қостанай таңы газеті «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» 10.08.2014
3. Қ.Бөлесев «Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбиесі» Алматы, 2014, 116 б.
4. К.Кенжеахметова, Қостанай таңы газеті «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» 10.08.2014
- 5.

Н.А. Кулмышева,

п.ғ.к., қауым. профессоры м/а.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ОҚШАУЛАНУ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

Еліміздің келешек жас ұрпақтарының рухани байлығын одан әрі жетілдіруге, әлеуметтік қорғауға ерекше мән берілуде. Біздің мақсатымыз бала жанын түсіну, сезімін, көңіл күйін, ыстық ықпалын, тілегін, рухани қажеттілігін сезіну, жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру және қоғамнан тыс қалмауына жағдай жасау, әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету. Осыған байланысты қарым-қатынас барысында туындайтын оқшаулану, жалғыздық өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Философия ғылымында оқшаулану теориясы ежелгі мектептерде концепция мен бағыттарында қарастырады. Психологияда ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында оқшаулану жалғыздық ұғымымен байланыстыра отырып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Философиялық және психологиялық ғылыми-териялық негізінде адам өмірінде оқшаулану, жалғыздық феномені нақты мазмұндық сипаттамасымен ерекшеленеді.

Біздің зерттеу жұмысымыз жасөспірімдердің оқшаулану мәселесіне бағытталады. Жасөспірім кезеңінде «Мен» – концепциясының қалыптасуы ерекше орын алады. Жасөспірім жасқа қарай

дағдарыс немесе дағдарысты кезең пайда болады. Бұл кезде адамның биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қайта құрылуы жүреді. Жалғыздық сезімін жасөспірімдер ерекше жанына жақын қабылдайды. Мінез-құлқында ерекшеліктер пайда болады. Олар көбінесе сенімсіздік, қорқыныш, ұяндық сезіміне бейім келеді [1].

Оқшаулану әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде кеңес ғалымдары Л.И. Старовойтова, Г.М. Тихонов т.б., оқшауланудың тарихи-мәдени теориясын Н.Е. Покровский, С.А. Ветров т.б., жасөспірім кезеңдегі оқшауланудың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне И.С. Кон, О.Б. Долгинова, В.И. Лебедев т.б. үлес қосты.

Жалғыздыққа қарсы ем жоқ. Бірақ сөзін В.И. Лебедев есімізге түсірейік: «Сенің жан дүниенде үлкен әлем бар. Бұл әлемді тек сен өзін ғана, қолмен соға аласың. Бұл әлемде сенімен уақыт арқылы бөлінген, ұлы кеңістіктің ойлары, әлем мәдениетінің өлмес те, өшпес бейнелері кездесіп, тілдеседі. Сені білмей олар сенің достарың болу үшін туылды өмір сүрді, адамзат арасында қалды. Егер де сен өз жан дүниенің ішінде олардың дауысын естісең, онда сен жалғыз еместігіңе сенімді болғайсың».

О.А. Кузнецов жалғыздық «ашық-жабық», «өзара қарым-қатынас», «сенім», «әлеуметтік қабілет» категорияларымен байланыстырады. Кеңес ғалымы О.Б. Долгинова ұжымдағы өзара қарым-қатынас негізінде қалыптасатын оқшаулану белгісі жасөспірім кезеңге тән екенін көрсетті. Ұлы орыс ғалымы Ю.М. Швалб 11-14 жастағы жасөспірімдер «жалғыздық», «изоляция», «оқшаулану» өтпелі кезеңмен ерекшеленетінін дәлелдеді [2].

Шетел ғалымдары оқшаулану феномені әлеуметтік-психологиялық жағынан З. Фрейд, Дж. Зилбург, Х. Салливан т.б. сипаттама берді.

Адамға бағытталған амал. К. Роджерстің феноменологиялық жетістігі. Карл Роджерс, өз теориясында оқшаулану ұғымын жалғыздық ұғымымен тығыз байланыстырған. Оның талдауы «Мен»-теориясына негізделген. Жалғыздық – бұл тұлғаның әлсіз бейімделуінің көрінісі. Қоғам адамға, оның тәуелсіз әрекет үлгісін шектеуші, әлеуметтік шындалған ережелерге сәйкес өзін тәрбиелеуге мәжбүрлеу арқылы әсер етеді.

Оқшаулануды әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде мәнін ашуға шетел ғалымы И. Ялом мінез-құлық пен тән дамуы өзара тығыз байланысты және олардың кейбір кезеңдері біріне-бірі едәуір сәйкес келеді. Сондықтан, адамның мінез-құлқына табиғат пен орта бірлесіп ықпал етеді – адамның қандай да бір әрекетке бейімділігі қанында бар болса, ол ортаның әсерінен не артады, не кемиді деген ұғым орынды, – деп есептейміз. Яғни, адам дамуының күрделі де сан қилы процесінде биологиялық және әлеуметтік факторлар араласады, ой мен сезім айқасады, ішкі сенім мен сыртқы ықпал бірігеді. Бұл процестің ағымына қоршаған ортаның әсері зор, сонымен қатар оның әр адам үшін өзіндік сипаты бар. Осы арқылы даму процесі жүзеге асырылады. Ал, адамның дамуы әлеуметтік ортада да, адамның өз басында да бар көптеген факторлар әсер ететін күрделі, ұзақ және қайшылықты процесс. Адам дамуының көрсеткіші ретінде санадағы, мінез-құлықтағы, қызметтегі, оның қоршаған әлемге көзқарасындағы сапалық өзгерістерді – даму, ал өнеге, рух өзгерісін – адамның қалыптасуы деп атауға болатындығын көрсетеді [3].

Отандық ғалымдар «оқшаулану» ұғымын мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты көптеген ой-пікірлер қалыптастырған. Қазақ әлеуметтік-психология ғылымының жекелеген мәселелері Ә.Садықовты, С.Қожахметовтың, Ә.С.Балаубаева педагогикамен астарласа жазған бірнеше кітапшалары мен мақалалары жарық көрді. «Қиын балалар» атты мақаласында жасөспірімдердің психологиясындағы ұстаз тәрбие процесінде қиындық келтіретін кейбір жайттар талдауға алынып сөз болады. Бұл мақалада жасөспірімдердің ағзасында болатын жыныстық жетілулерінде туындайтын биологиялық өзгерістер, сондай-ақ, кейбір ақыл-ойы кеміс, балалардың түрлі топтарға бөлінетіндігі жөнінде кең түрде ой қозғалады.

Психология ғылымының дамуына үлес қосып жүрген ғалымдар Ж.Ы. Намазбаева, С.М. Жақыпов, Х.Т. Шерьязданова, Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Бердібаева. Ғалымдардың ғылыми-теориялық зерттеулері оқшаулануды әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Мысалы, мінез-құлықтың әлеуметтік эмоционалдық реттеуші моделі (С.М. Жақыпов ұсынған). Бұл теорияның негізін баланың сыртқы ортамен қарым-қатынас кезінде туындайтын қиыншылық проблемалары құрайды. Бұл модельге сәйкес жасөспірім кезеңі әлеуметтік эмоционалдық дамуы интериндивидуалды, интроиндивидуалды және макрожүйелік күштердің өзара әрекетімен түсіндіріледі [4].

Бұл теория бойынша әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде Я.Л.Коломинский ішкі және сыртқы факторларды есепке ала отырып, оқшаулануды жеке-тұлғалық қасиеттері: жалқаулық, қырсықтық, қыңырлық деп көрсетеді. Дәл осы жеке тұлғалық қасиеттердің негізінде Д.Б.Эльконин,

Т.В.Драгунов, Д.Тригер «жасөспірім кезеңді» жолдастар кодексі деп атаған. Әлеуметтік статуска тәуелділікті өзара қарым-қатынас пен өзара әрекетке байланысты деп есептеген. Теріс жеке тұлғалық қасиеттер оқшаулануына негізгі себептердің бірі болып келеді. Дәрекілік, агрессивтілік, қыңырлық байқалатынын белгіледі. Керісінше, Д.Тригер өз тәжірибесінде достық қарым-қатынасқа моральдық нормаларды: сыйластық, адалдық пен шынайылық орын алу қажет деп білді. Социометриялық әдістің көмегімен А.Б. Ценципер өз тұжырымдамасында оқушының әр жас кезеңіне байланысты психологиялық ерекшеліктерді көрсетті. Кіші мектеп жасында – оқушы тек оқу үдерісіне белсенділік танытады, ал жасөспірім кезеңде жоғарыда айтып өткендей моральдық нормалардың қалыптасуы оқшаулануға себеп болады.

Зерттеу жұмыстарында Е.А.Горшкова негативті статус қалыптастыруға мұғалімнің тікелей қатысы бар екенін дәлелдеді. Оның айтуынша, оқшаулану әлеуметтік және психологиялық мәселеге байланысты болуы мүмкін. Ол екі фактор әсерінен болады. Сыртқы – оқушылар арасында мақтау, мадақтау, үлгі ретінде көрсету, ішкі-тұлғалық қасиет мақтаншақтық, менмендік басым болуына байланысты оқшаулану жағдайына әкеліп соқтырады. Эксперименттік зерттеулерінде Н.Ф. Фландерс, С. Хавумаки оқшаулану әлеуметтік статустың жақсарып келе жатқанын анықтады. Оқшаулану оқушылардың тек жеке тұлғалық қасиеттеріне ғана емес ұжымның ұйымшылдығы мен бірлестігіне байланысты болатынын В.М. Галузинский, Е.С. Махлах жұмыстарында көрсетті [5].

Біздің қоғамдағы ең өзекті мәселе қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық сипатымен байланысты. Еліміздің болашағы жастар екенін ескере отырып, әр түрлі топта, ұжымда қарым-қатынастың нәтижесінде кездесетін оқшаулану әлеуметтік-психологиялық жағынан түсінік беруіміз маңызды деп ойлаймын.

Бүгінгі таңдағы қоғамға әлеуметтік ортаға бейімделуі, қарым-қатынас негізінде оқшаулану жағдайына түсу, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр. Осындай жауапты жұмысты атқара отырып, біз оның табысына барлық қоғам мүдделі екенін есте ұстауымыз керек.

«Әлеуметтік изоляция», «оқшаулану», «ұялшақтық» – жалғыздыққа душар болған адамның жағдайын сипаттайтын терминдердің бірі. Әлеуметтік қобалжу, қоршаған орта алдындағы қорқыныш, қауіптенушілік сезімі – семантикалық жағынан жақын түсініктер.

Психология ғылымында осы бағыттағы зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Дегенмен қарым-қатынас мәселесіне байланысты анықталатын қарым-қатынасында өзгешелігі бар екенін сипаттайтын түсініктер кездеседі.

Түсіндірмелі сөздіктерде «изоляция» ұғымы медициналық және құқықтық терминологиялық мағынада түсіндіріледі. «Изоляция» – термині ауру адамды немесе қылмыскерді әлеуметтік ортадан мүлдем бөлектеп тастаумен сипатталынады.

К.Рубиннің ойынша «Әлеуметтік изоляция», «Әлеуметтік оқшаулану», «Тұйықтық», «Тежелгіштік», «Ұяндық» сияқты терминдер шындыққа келгенде, әртүрлі феномендерді белгілейді. К.Рубин өз еңбектерінде «Әлеуметтік изоляция» терминін «Әлеуметтік оқшаулану» терминімен алмастырады. «Әлеуметтік оқшалану» термині зерттеуші топ үшін жалғыздықты сипаттайтын әртүрлі формаларды жалпылаушы ретінде көрсетеді.

Т. Гутеил және Р. Шейдер еңбектерінде изоляция ұғымын жан-жақты түсіндіруге тырысады. Олардың айтуы бойынша адамдардағы бостандықты шектеу – әрдайым үлкен жауапкершілікті іс. Тәрбие саласында баланың қандайда бір теріс қасиетіне байланысты өз бөлмесіне қамап қою, яғни бір өзін болдыру жазасы қолданылады. Көптеген балалар мұны қатаң сөгіс, жазалау деп қабылдамайды. Дегенмен кейбір балалар өзін мен қажетсіз адаммын, маған бәрі теріс қарайды деп сезінеді.

Әдебиеттер:

1. Немов Р.С. Психология. – Москва:Владос, 2003.– С.221-229
2. Сапогова Е.Е.Психология развития человека: Учебное пособие. – М.: Аспект Пресс, 2005. – С. 360-3683. Ялом И. Экзистенциальная психотерапия. – Москва: Класс, 2002. – С. 320-322
3. Сейталиев Қ. Жалпы психология.-Алматы: Білім, 2007.– Б. 280-283
4. Андреева Г.М. Социальная психология.– Москва: МГУ, 2000– С. 180 -186

Л. Нәби, М. Кылышбаева,

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

М. ҒАБУЛЛИННИҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ ҚАТЫСТЫ ОЙЛАРЫ

Бүгінгі қоғамда болып жатқан игі өзгерістер халқымыздың әсіресе жастардың ұлттық тарих пен тәрбиеге деген көзқарасына үлкен серпіліс беріп жатыр және соның нәтижесінде ұлттық тарих, ұлттық философия, ұлттық психология, ұлттық педагогика мәселесі қайта қаралып, жаңаша тұрғыда зерттелуде.

Мәлік Ғабдуллиннің дәстүрлі қазақ мәдениеті жайлы ойлары, отбасы тәрбиесі үлгілеріне қатысты идеялары оның баршаға кеңінен танымал еңбектерінен басқа тағы бір құнды жәдігерден танысуға болады. Кеңес одағының батыры атағын алған күннен екі апта өткеннен кейін жазылған сұхбат стенограммасынан мынадай ой түйіндеуге болады[1]. Майдан шебінен жаңадан оралған жас офицердің өмірі, ұрпақ тәрбиесі жайлы терең тебіреністері, сол отты жылдардан түйгендері ешбір өзгертусіз берілген. М. Ғабдуллин өміріне арналған біршама еңбектерді зерделеу барысында осы сұхбатта баяндалған жайттармен айтарлықтай айырмашылықтар барына көз жеткізілді. Дегенмен қазақтың біртуар ұлы, батыр, ғалым, педагог, заманымыздың асқақ азаматының аңсағаны – ұлт мәдениеті мен әдебиетінің биік дәрежеге көтерілуі, еді. Бұның өзегін ол ұрпақ тәрбиесінен, халықтық педагогикадан көрді.

Ресей тарихы институтының Ғылыми архивінде сақталған стенограммада берілген ерекше деректер – Мәлік Ғабдоллаұлының өзінің балалық шағы мен оқу жылдары жайлы баяндаған жайттары. Олар отбасылық тәрбиенің этномәдени ерекшеліктері, көшпенді халық ұрпағының сабақтастығы мен санасындағы ұлттық фольклордың алатын орны турасында біраз сюжеттерді қамтиды.

Бала Мәліктің қалыптасуына және ересек өмірінде жастар тәрбиесіне айырықша көңіл бөлуіне әсер еткен тұлға – әжесі Мәдиян болатын. Ел анасы өз өнегесін барлық ауыл балаларына жеткізетін. Жомарт ана кешқұрым балаларды ошақ басына жинап алып, алдымен қымыз, қаймағынан дәм татқызып, содан кейін ертегі айтуға кіріседі екен. Ертегілері тегін емес, ауылдың қай баласы тентектік танытып, оғаш қадам басып қалса, әңгімесін соған арнайды. Бар деректерді өмірден алып, теріс қылықтың жағымсыз жақтарын шебер көрсететіні соншалықты, бала, аты аталмаса да түсініп ұялатын болған. Осылайша ертегі, әсірелеу арқылы балаға үлкен сабақ берілетін.

«Біз батыр-қаһармандар, бір көзді айдаһарлар туралы, сол айдаһардың қара күшін жеңетін қарапайым адамдар туралы тыңдауға ынтық болатынбыз. Баяғыда бір айдаһардың пайда болып, Күн мен Айды құртқысы келгенде, қарапайым адам келіп оны жеңіп, адамдарға бақыт сыйлайды. Мұндай кейіпкерлер туралы біз үлкен құрметпен тыңдайтынбыз...» дейді батыр[1, 33 б.].

Әже – отбасының алтын қазығы. Әже тәрбиелеген бала сөздің мәнін біледі. Бала үнемі үлкендермен бірге жүріп, олардың өнегелі әңгімелерін, тарихтан шерткен сырларын, ән-жырларын, шежірелерін тыңдап өседі, онымен қоса әже шаңырақтағы қарым-қатынасты реттейді, балаларды мейіріммен, ақылымен өмірге бейімдейді.

Әжелер батырлар жырын айтып баланы ерлікке баулып қана қоймайды, ата-бабасының тарихынан хабардар етіп отырған. Әдетте әже тәрбиесін алған баланы жұрт «тәрбиелі бала», «көргенді бала» деп баға беріп жатады. Өйткені әженің мейіріміне бөленіп, тәрбиесін алып өскен бала өжет, рухы биік батыр әрі мейірімді, адал болып өседі. Сондықтан әжелерді таптырмас тәрбие мектебі дейміз. Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып кележатқан ұлы құндылық, халықтық педагогиканың қайнар көзі [2].

Ұлттық тәрбиенің көрінісі ретінде М. Ғабдуллин өз балалық шағынан мынадай оқиғаны келтіреді. Ауылында Құрманғали атты жігіт үйленіп, өзі отбасымен сараң екен, балаларды тойына шақырмапты. Көңілді ауыл кештерін, мерекелерін үлкендердің жанында ойын ойнап өткізуге үйренген олар, той иесінен есесін қайтаруды ойлайды. Арасында Мәлік бар төрт бала болып, түнде киіз үйдің түндігін ашып ішке енеді. Қымызды сыртқа шығарып төгіп, бар жиналған майын ұрлап әкетеді екен. Сондағы ойлары: «Біз де үлкен болдық, тойына неге шақырмаған?» деген.

Келесі күні ұрлық туралы хабар тарап, ауыл у-шу болып жатқан кезде, төрт баланың біреуінің – Әлмайдың анасы балаларды үйіне шақырады. Ұлына ештеңе деген жоқ. Жылы шырай танытып, ыстық нан мен қаймақтан татырады. Кішкентай кек алушылардың ойлары сан саққа жүгіреді: «Неге осыншама мейірім танытты?» деп таңданыпты. Енді тұрып кетейін деп жатқанда анасы: – Балалар, сендерге бір шаруам бар еді. Біреу анау жас отбасының қымызын ішіп, майын ұрлап кетіпті. Көрген, білгендерің бар ма?– деп сұрапты. Балалар «жоқ-жоққа» басты. Әлмайдың анасы бар аналық сезімін,

мейірімін салып, жылы-жылы сөйлеп, ақыры шындықты айтуға тура келді. Ол, қылмыс жасалған үйден барып кешірім сұрауға кеңес берді. Осылайша намысшыл жеткіншектер кешірілген еді.

Әңгімесінде осы оқиғаға ұқсас тағы бір жайтты баяндайды. Дәл осы төрт бала ауылдан алшақ жерде ойнап жүріп, жерде жатқан барқыт шапанды тауып алады. Ондайды ауылдастарынан бұрын көрмеген олар шапанды бөліп, жыртыстарын қалталарына салып алады, кейіннен оны да керек қылмай, лақтырып тастайды. Шапанды бөлісіп жатқандарын алыстан біреу көріп қалып, келесі күні ауылдың барлық бабаларын сұрақтың астына алады. Төрт сабазымыз да қарсы айтылған сөздерден қаймықпай, тіпті: «Бізді ұры деп пе едіңдер? Әлде нәрселеріңді күзететін қарауыл деп пе едіңдер? Шапандарыңда шаруамыз жоқ. Киімдеріңе ие болыңдар!» деп те айтып қояды екен.

Мойындамағаннан кейін, шапан жоғалтқан келіннің қайынатасы оңдыртпай соққыға жығады. Қанша жыласа да, балалар мойындамайды. Ауылда Өтежан Ысқақов деген азамат болыпты. Өзі ауылға сыйлы, мәдениетті, жақсы адам болатын. Жас пен кәрінің барлығы сол адамның сөзіне құлақ түретін. Бір күні ол балаларды үйіне шақыртып, дәмді дастархан басында анекдот, ертегі айтып, әнмен көңілдерін көтереді. Соңында бабалардан шындықты айтуды өтінеді. Осымен бірге жасаған істерінің қаншалықты бұрыс екендігін, адал болудың, нағыз азамат болудың дұрыстығы жайлы өнеге айтады.

Мәлік бастаған өжет балалар қателіктерін түсінеді, жүректерінде кек сақтамай өтеді. Жылы-жылы сөйлеп, жыланды інінен шығара білген дана қазақтың тәрбие мысалы осындай. Соғыстың отты жылдары халықтық тәрбие үлгілерін Мәлік Ғабдуллин, жас политрук болған сәтінен бастап қолдана білген. Туған ауылы орыс, украин, мордов, татар мекендерімен жақын етене аралас болғандығынан, жастайынан әжесінің батырлық, ерлік жайлы дастандарын құлаққа құйып ер жеткендіктен болар, майданда да сан түрлі ұлт өкілдерінен құралған солдаттар арасын айрандай ұйытып ұстау – қазақ батырының ерекше қабілеті еді.

Ұрыс алаңына шығарда өз майдандас достарының рухын көтеру үшін, баяғы әжесі Мәдиян тәрізді Амангелді Иманұлының есімін арқау етеді. «Батыр Аманкелді өзінің жауынгер сарбаздарын қасына алып, қазақ халқының намысын және бостандығын қорғаған кезде ол төрт-ақ жаста. Бірақ ол сегіз-тоғызға келгенде Аманкелдінің өжеттік ерлік, әділдіктері туралы көп әңгімелер естіді. Әділдік, теңдік үшін күресіп және сол жолда қаза тапты деп, ел әрдайым оны аңыз ететін» [3, 24 б.]. «Ерлік тәрбиеден туады» деген М. Ғабдуллиннің ойы, халық арасында тарап, қанатты сөзге айналды [4].

Борис Полевой 1943 жылы 25 сәуірде «Правда» газетінде жарияланған «Эпостың тууы» атты эссесінде Маликтің бейнесі жаңа эпостың кейіпкеріне айналуда деп жазған. Оның азаматтық келбеті, жан-жақты қабілеттері, зерттеу таланты, белсенді табиғаты керемет түрде жеткізіледі. Батыл және шешуші іс-әрекеттер, шынайы командирлік ұстамдылық, оның жауынгерлік жолындағы ең қиын кедергілерді қалай абыроймен жеңгені шынайы баяндалады.

Автор бұл жерге Малик біздікінен төрт есе мықты жау күштері орналасқан күшті бекіністерге батыл шабуыл жасаған жағдайды келтіреді. Шабуыл керемет жетістікке жетті, бұл көшбасшының жолдастарының – таймас жауынгерлердің рухани қуатына деген үлкен сенімін көрсетті [5].

Дегенмен, Мәлік Ғабдуллин тұлғасына қарап, жастардың бұл алыптың табиғатынан осылай жаратылған, рухы мықты, ақыл-ойы терең, дара туған деп ойлап, бойларында сенімсіздік, өзін-өзі төмен бағалау тумау керек. Мәлік те әрдайым ел мақтан етер Мәлік боп дүниеге келген жоқ. 15 жасында казкоммунаға оқуға түсер алдында орыс тілінен зачет тапсырады. Ол кезде кітап, газет оқып білімін қазақ тілінде өз бетімен тереңдете білген оның орыс тілінен білімі аздау болатын. Стенограммадағы естелігінде былай дейді: «*Біздің ауыл*» деген тақырыпқа шығарма жазу қажет болды. Не жазарымды білмей жобалап: «*наш аул, хороший аул, недалеко от г. Кокчетая, местность хорошая, природа замечательная*» деппін. Болғаны осы. Мұғалім апай қызыл қарындашпен сызып, мынадай баға берген: «*очень плохо, не умеет писать*». Міне, халқының ардақты ұлдарының бірі, әрі ғалым, әрі батыр, елінің ертеңін білімді жастардан көрген дарынды педагог та даңқты өмір жолын тыным таппай үйренуден бастаған. Баланың қабілеттерін бағалауға келгенде, қазақтың дара ақын қызы Фариза Оңғарсынованың мына өлең жолдары еріксіз ойға келеді.

Баланың еркелігін шытынап, көтермейміз.

Үш жаста-ақ ел сенімін ақтаса екен дейміз.

*Ойлаймыз: жүгірмесе, сұрақтар бермесе көп,
көр-жерге үңілмесе, жаныма келмесе деп.*

Жүр дейміз арыстан боп, қарғитын қара құздан.

Өзіміз данышпан боп, туғандай анамыздан.

Біз өмір сүріп жатқан озық ақпараттық технологиялар заманында өскелең ұрпақтың таңдауына тарам-тарам, әр қилы жол тұр. Елдің атын әлемге паш етіп жүрген ұл мен қыздар қаншама.

Қазақстанның туын желбіретіп жүрген оларға, ортамызда ер жетіп келе жатқан ұрпаққа артатын үмітіміз бен тілегімізді білдіру үшін М. Ғабдуллиннің «мен қазақпын» деген ұстанымға қатысты әр уақытта өзекті ойын келтірейік:

«Мен қазақпын» деген сөз менің түсінігімде былай: өзінің халқыңа (ұлтыңа) деген махаббат, өз халқыңның ерлік дәстүрлеріне деген құрмет, оның сан ғасырлық мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне деген сүйіспеншілік, ұлтың өзге ұлттардан кейін қалып қоймауы үшін оған абыроймен адал қызмет ету, қамқорлық жасау, халықтар достығын жан-жақты нығайту, тату халықтарға барынша көмек пен жәрдем жасау, қажет болған жағдайда онымен бірге ортақ жаумен шайқасу.

«Мен қазақпын» деген сөзді айтқан кезде мен ешқашан өз ұлтымды соншалықты артық бағалай көтермелеп, өзгеден барынша аспандатып отырған емеспін. «Қазақпын» деген сөз мені түсінігімде менің қай ұлт өкілі екенімді білдіреді. Осы арқылы мен өз ұлтыма деген сезімді білдіремін; бұл сөз қасық қаным қалғанша соған қызмет етуге тиіс ұлттың ұлы екенімді білдіреді...» [7].

Ұлттық тәрбие мәселесі әр қазақтың көкейінде тұрар сұрақ болуы тиіс. Әр адам: ата-ана, ұстаз, көрші, дос, тіпті баланың қасынан жанай өтетін жүргінші болсын – жас қалыптасып келе жатқан сана үшін үлгі екендігін ұмытпаса, ұлтымыз өркендей түспек.

Әдебиеттер:

1. Аманжолова Д. Кеңес Одағы батырымен сұхбат стенограммасы // Қазақстан архивтері, 2017. –№2 (42), 31-55 бб.
2. Қошанова Ж., Әже – қазақы тәрбиенің бастау бұлағы // Молодежная – Жастар.– 2019.– 28 наурыз.
3. С. Негимов, Мәлік Ғабдуллин музейі. Қазақтың Оқжетпесі. – Алматы : Тау-Қайнар, 2018 . – 237 б.
4. М. Ғабдуллин. Шығармашылық және эпистолярлық еңбектер. Күнделік беттерінен (мақалалар, рецензиялар). IV том. 79б.
5. Негимов С., «Наш Малик», [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.kazpravda.kz/fresh/view/nash-malik/?print=yes>
6. Оңғарсынова Ф., II –томдық таңдамалы шығармалар, «Жазушы» баспасы, 1987ж. 25 б.
7. [Электрондық ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/malik_gabdullin_hattarin_dagi_ulttik_ruhaniyat_maseleleri

*М.Д. Мурзагулова, А.С. Алқожаева, А.Б. Борантай,
әл-Фараби аындағы ҚазҰУ*

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Тәрбие мәселесі кез-келген уақытта өзекті болып табылады, алайда әр кезеңде қоғам сұраныстарына сай мақсат мен міндеттеріне өзгерістер ендіріліп отырады. Бір айта кететін жайт ғұламалар, ағартушылар тәрбие мен білімнің ана тілінде ұлттық құндылықтарды ескере отырып берілуі тиіс екендігіне мән берген. Бұл тұрғысында тұңғыш Президент «Қазақстан – 2050» – стратегиялық жоспарда жастарға тәрбие беру жүйесі ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асырылу керек, деп тұжырымдағаны да баршамызға мәлім. Мұндағы ұлттық негізге: тіл, дін, салт-дәстүр, тарихи ескерткіштер, жазба мұралар т.б. жатқызуға болады. Ғұлама, философтардың пікіріне сүйенсек, мысалы Аристотель: «Баланы жүргеннен бастап жақсы қасиеттерге баулуға болады, сонымен қатар бала жеті жасқа дейін өзінің отбасында тәрбиеленуі керек, ең бастысы, кішкентайлар үшін олардың дене мүшелерін дұрыс жетілдіру, дұрыс тамақтандыру, шынықтыру керек» [1] – деген. Платон балаларды аңыз-әңгімелер, қисса-жырлар, ән айту, тыңдау, би билеу, түрлі ойындар арқылы тәрбиелеу керек деген тұжырымын айтқан болса, әл-Фараби адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы және адамды тәрбиелеу үшін «...ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», деген қағиданы ұсынған. Сонымен қатар, тәрбиеге – халықтардың бойында білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту, адамның кісілігін қалыптастыру деген анықтама береді. Мұндағы этникалық ізгіліктер деп отырғаны, ұлттық құндылықтар жүйесі деп түсінуге болады. Сонымен қатар, елімізде ұлттық тәрбиені Мағжан Жұмабаевпен байланыстырамыз, себебі өзінің «Педагогика» аты еңбегінде тәрбие, ұлттық тәрбиеден бастау алу тиіс деген ойын нақты білдірген. Мағжан Жұмабаев: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [2]. Қазіргі кезде де тәрбиедегі мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер, адамзаттық, ұлттық құндылықтар және рухани-мәдени мұралар негізінде тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие мәселесі туралы А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов т.б.

еңбектерінде орын алған, әсіресе ұлттық тәрбие беру ұлттық мектептерде жүзеге асырылуы керек, деген тұжырымды көруге болады. М. Дулатов қазақ ұлттық мектебінің мақсаты: «...жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру» ал, міндеті «...жас баланың ойыны, қанына, сүйегіне ұлт рухын сіңіріп, ана тілін үйретіп шығару», деген сонымен қатар, «...оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылу», ұлттық тәрбиенің нәтижесі деп түйіндеген. Ж. Аймауытов, «...тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу», «...баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек», деген ойдың авторы. М. Жұмабаев мұғалімнің ұлтжанды және білімді болуы туралы, «...әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», деген тұжырым жасаған. А. Байтұрсынов: «...ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім» деп айтып өткен [3]. Қазақтың ұлы ағартушы-педагогтары сонау ХХ ғасырдың басында өз халқының болашағын ойлай отырып, ұлттық мектеп жасау, онда жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, ол үшін білім беру мазмұнын халықтың ұлттық мәнімен, оның ұлттық рухымен байланыстыру, ұлттық тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді даярлау қажеттігін дәлелдеген. Яғни, ұлттық тәрбиені өз бойына сіңірген маман даярлау өзектелінуде. Тәрбиенің ең тиімді әдістерінің бірі үлгі екені баршаға мәлім, яғни өзінің бойында ұлттық құндылықтар сіңірілген маман бала тәрбиесінде тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Ж. Наурызбайдың басқаруымен бір топ ғалымдар тобының «Қазақстан Республикасындағы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасын» ұсынып, онда этникалық білім берудің негізгі міндеттері: жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу; тұлғаның өзіндік төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдай жасау, мәдениеттер алмасуына, олардың бірін-бірі байытуына бағдар беру; ана тілінде еркін ұғынысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу, деп сипатталған.

Маман даярлау мәселесі күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі, әсіресе мәңгілік мамандық иесі болып табылатын-мұғалімдерді даярлауда аса маңызды. Пән мұғалімдерін даярлауда гуманитарлық, жаратылыстану бағыттар бойынша ерекшеленгенімен, тәрбиелеу бойынша мақсат түйіседі, яғни – рухани-адамгершілікті тұлға қалыптастыруды көздейді.

Сонымен қатар, болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындау жұмысында Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, З. Әбілованың «Қазақ этнопедагогикасы», Қ. Жарықбаев, С. Қалиевтің «Қазақ тәлім-тәрбие тарихы», Қ. Бөлеевтің «Қазақ халқының этнопедагогикасы», К.Ж. Қожахметованың «Қазақ этнопедагогикасы: әдіснамасы, теориясы, практикасы» және т.б. қомақты еңбектер жарық көрген. Бұл еңбектердегі негізгі тұжырымдама – мектепте ұлттық тіл, тарих, мәдениет, ұлттық салт-дәстүрлер негізінде оқыту арқылы жастардың ұлттық санасын дамыту және қалыптастыру [4,5]. Демек, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне өзінің үлесін қоса алатын ұлттық құндылықтар және жалпы адамзаттық құндылықтарды ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ал, бұл мақсатқа қол жеткізі үшін, бірнеше міндет алға шығады:

-мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілін дамыту;

– тарих, мәдениет, ділін, салт-дәстүр, дінді құрметтеуде жастардың ұлттық зияткерлік мінез-құлқын қалыптастыру;

– ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелей отырып, білім және рухани– мәдени тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету;

– қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаевтың «Тәрбиенің басты нысаны – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу», деген пікірін құптауға болады [6]. Ұлттық тәрбиенің негізгі құралдарына -әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық жазба мұра т.б. жатады. М. Жұмабаев: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі, бала тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті», – деп ұлттық тәрбиенің, халықтық педагогиканың басым жақтарын көрсеткен.

Еліміздің қазіргі жағдайында, ҚР Конституциясы саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани т.б. мәселелерді ұлттық тәрбие негізінде қарастыруды көздеп отыр.

Қоғамда мәдениеттің өмір сүруінің қажетті шарты ретінде тәрбие басшылыққа алынады, соның ішінде біз ұлттық тәрбие арқылы қарым-қатынас жасауға үйренуі тиіс деген ой тұжырымдаймыз.

Қарым-қатынас адам болмысының ұлттық-рухани, мәдени формаларын біріктіре отырып, оның қажеттілігін дәлелдейді. Бұл мәселеде акмеологиялық тұрғыдан зерттеуші ғалымдар, педагогикалық этика, қарым-қатынас, коммуникативтік құзыреттілік тұрғысынан жаңа тұжырымдар ұсынған.

Жеке тұлғалық-гумандық амал тұрғысынан алар болсақ, мұғалімнің өзінің бойында ұлттық құндылықтар болуы тиіс және оны Ш.А.Амонашвили төмендегідей ұстанымдар арқылы жүзеге асыруға болады деп санайды [7].

1. Шынайы адами таным (шыншыл, әділетті, ғылыми, адамгершілікті, мейірімді, қажетті).

2. Сен өзінді өзің үшін және басқалар үшін, табиғат үшін, мейірімді қарым-қатынас үшін, еңбек үшін, өмірді адамиландыру үшін өзінді адам ретінде таны.

3. Дара, қайталанбас тұлға екенінің көрінісі тұрғысынан.

4. Адамның өз уақытында және жан-жақты жамуы үшін адами жағдай жасау, табиғаттың берген барлық жасампаздығын қодану.

6. Баланың асоциалды әрекеттерге бармауының алдын алу. Бұл ұстанымдарды ұстану арқылы мұғалім балаларды рухани-адамгершілік қағидаларға, ұлттық сыйласымдылыққа тәрбиелейді (Ш.А.Амонашвили) [7].

Жалпы дайындық деген ұғымға тоқталар болсақ, кіші академиялық сөздікте «даярлық – шешім қабылдау және шешімді жүзеге асыру», деп берілген [8].

Д. Н. Ушаков «дайындық» бұл «бір нәрсе жасауға келісім беру, бір нәрсені алға жылжыту ниеті» деп анықтама берген [9], ал С.И. Ожегов «дайындық» ұғымын «кез-келген әрекетті, тапсырманы орындауға дайын болу», «бәрі жасалған жағдай, бір нәрсе жасауға дайын болу», деген мағына береді деп түсіндіреді» [10]. Осы айтылған түсіндірмелерге сай, «дайындық» ұғымына контент-талдау жасалды (кесте 1).

1-кесте

Ғалымдар еңбектеріндегі «дайындық» ұғымына контент-талдау

№№	Авторлар	Анықтама-түсінік
1	Дьяченко М.И., Кондыбович Л.А. Дьяченко М.И.	«Дайындық-бұл белгілі бір іс-әрекеттерге арнайы білім, білік, дағды және көңіл-күй жиынтығын қамтитын жектеу тұлғаның сапасы» (1976) [11].
2	Сластенин В.А.	«Қызметтің құрамдас бөлігі болып табылатын кәсіби-педагогикалық біліктердің жиынтығы ретінде шеберліктің жоғары деңгейінде педагогикалық міндеттерді шешуге дайындығы» (1976) [12].
3	Деркач А. А., Исаев А. А.	«Педагогикалық іс-әрекетке дайындық- тәрбиеші тұлғасының барлық аспектілерінің, танымдық, эмоционалды, мотивациялық компоненттерінің тұтас көрінісі ретінде» (1981) [13].
4	Дурай-Новикова К.М.	«дайындық-бұл күрделі құрылымдық білім, оның негізі оң көзқарастары, мотивтері және педагогикалық еңбектің құндылығын түсіну. Дайындық құрамына кәсіби педагогикалық білім, дағды мен біліктер кешені, сондай-ақ оларды практикада қолданудың белгілі бір тәжірибесі кіреді. (1987) [14].
5	Пуни А. Ц.	«Дайындық-бұл адамның өзіне деген сенімділігі, психикалық күйі және ол төзімділікпен, саналы мотивациямен, мақсатқа жетуге деген ұмтылысымен сипатталады» (1993) [15].
6	Чичикин, В.Т.	Дайындықтың үш компоненті: 1) мотивациялық (субъектінің іс-әрекетке қажеттілігін, оның ішінде өзін-өзі тану және өзін-өзі түсіну қажеттілігін көрсетеді); 2) операциялық (іс-әрекет тәсілдерін және нақты білі және дағдыны игеру шарасын сипаттайды); 3) ақпараттық (субъектінің қызмет мәні туралы білімі мен идеяларының деңгейін білдіреді) (1995) [16].
7	Хмель Н.Д.	«Мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығы мотивациялық, мазмұндық және процессуалдық компоненттердің тұрақты бірлігі ретінде» (1998). Педагогтің біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асыруға дайындық критерийлерінің жиынтығы: теориялық даярлық; практикалық даярлық; шығармашылық қызмет тәжірибесі; педагогикалық мамандыққа мотивациялық-құндылық қатынас тәжірибесі [17].

Ұлттық тәрбие еліміздегі көптеген мәселелердің бірі, айталық: ана тілі, ұлт тарихы, ұлттық салт-дәстүрі т.б. Ал, мұны білмеген жастар, ұлттық құндылықтарды да бағалай алмауда. Ұлттық тәрбие негізінде тәрбиеленген жастар иманды, инабатты, білімді, ақылды, патриот, еңбекқор, кішіпейіл болып

өсетіні сөзсіз. Сол себептен де, ұлттық тәрбие, ол – елдің болашағы. М. Жұмабаев «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деп, атап өткен [2].

Қазіргі ақпараттық-техникалық ғасырда ұрпаққа тәлім-тәрбие, білім беруді жетілдіру бағыттары айқын, ол педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру тұрғысындағы көкейкесті мәселелердің бірі. Демек, бұл дегеніміз болашақ ұрпақты ұлттық, халықтық тәрбие тұрғысынан тәрбиелеу дегенді білдіреді. Ұлттық тәрбие берудегі білім ұрпағымызды, жастарды әсемдік, эстетиканы игеруге, сұлулықты сезінуге оны құрметтей білуге, өз бойына сіңіре білуге бағыттайды, ол өз кезегінде эстетикалық, рухани, имандылық, дене, патриоттық тәрбие беруді басшылыққа алу арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да, маман даярлау үдерісінде осы мәселелер ескерілуі тиіс.

Әдебиеттер:

1. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. -185 б.
3. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998.
4. Ұзақбаева С., Қожаметова К. Использование материалов этнопедагогике при изучении педагогических дисциплин. – Алматы: Өнер, 1998.
5. Бахтиярова Г.Р. Халық-тағылымы тәрбие қайнары. – Алматы: Ғылым, 2002.
6. Назарбаев Н. «Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек»// «Егемен Қазақстан» 31 мамыр 2000.
7. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. – М.: Издательский Дом Шалвы Амонашвили, 2001. – 464 с. – С.112., с.180-181
8. Малый академический словарь. – М.: Институт русского языка Академии наук СССР. Евгеньева А.П. 1984.
9. Толковый словарь русского языка: в 4 т. / под ред. проф. Д. Ушакова. – М.: Терра, 1996. – Т.1. – 824 с.
10. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка: 8000 слов и фразеологических выражений / Российская АН.; Российский фонд культуры; 2-е изд.; испр. и доп. / С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова – М.: АЗЪ, 1994. – 928 с.
11. Дьяченко М.И., Кондыбович Л.А. Дьяченко М.И. Психологические проблемы готовности к деятельности / М.И. Дьяченко, Л.А. Кондыбович. – Минск: изд-во БГУ, 1976. – 176 с.
12. Сластенин В.А. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. – М., 1976. – 358с.
13. Деркач А. А., Исаев А. А. Педагогическое мастерство тренера. М.; Издательство «Физкультура и спорт», 2004 -375с.
14. Дурай-Новикова К.М. Формирование профессиональной готовности студентов к педагогической деятельности: автореферат на соискание степени доктора пед. наук: 13.00.01. – М., 1987. – 32с.
15. Пуни А. Ц. Психологическая подготовка к соревнованию в спорте. М., 1993.-346с.
16. Чичикин, В.Т. Теоретические основы формирования профессиональной готовности специалиста в системе физкультурнопедагогического образования: Дис. ... д-ра пед. наук / В.Т. Чичикин. – Нижний Новгород, 1995. – 500 с.
17. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – 320с.

*А.С. Магауова, Т.И. Мурзина,
КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы*

ВКЛАД ВЫПУСКНИКОВ КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ В РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

Есть ценности важные во все времена. Воспитание – это наивысшая ценность сегодняшнего дня. Именно от воспитания зависит какие мотивы будут управлять человеком, каким ценностным ориентирам он будет придерживаться по отношению к себе, своей семье, к обществу, к своей Родине, к своей профессиональной деятельности. Ведь вся сила нашей страны заключена в подрастающем поколении, молодёжь – это будущее нашей страны, и от них будет зависеть какимбудет это будущее.

С обретением независимости Казахстан стал быстро развиваться во всех сферах, ставить и достигать положительных результатов. На сегодняшний день Республика Казахстан социально-экономически развитое государство, главной целью которого является воспитание молодежи. Возникает важность использования положительных примеров в процессе воспитания, которые пробудят в молодом поколении чувства причастности и ответственности к судьбе своей страны, патриотизма и самостоятельности суждений.

Процесс воспитания как мы все знаем начинается с самого рождения ребенка и продолжается в течение всей его жизни. Но есть факторы, которые отрицательно влияют на духовно-нравственное становление личности. Постоянный неконтролируемый поток информации, отрицательные примеры «героев» сегодняшнего дня кого хотят быть похожими современные подростки, изменение социального пространства и времени исходя из текущих потребностей мира стали причинами сбоя в ценностных ориентиров у молодежи.

Именно поэтому на сегодняшний день уделяется огромное количество времени духовно-нравственному воспитанию молодежи. Формированию ценностных ориентиров, которые помогут сориентироваться в системе социального пространства и выделить для себя главное. Воспитать в каждом подростке, такие качества как патриотизм – уважение к стране, к культуре своего народа, к процессу обучения, к профессиональной деятельности.

Как говорил известный Британский педагог Джон Локк, что наиболее действенный метод воспитания, это личный пример: *«Бесцельно со стороны воспитателя говорить об обуздании страстей, если он даёт волю какой-либо собственной страсти; и бесплодными будут его старания искоренить в своём воспитаннике порок или непристойную черту, которые он допускает в себе самом».*[1]

В данной статье я бы хотела привести в пример студентов, учившихся в университете КазНУ им. аль-Фараби, которые являются поистине героями нашего времени и примером для подражания. Их деятельность направлена на воспитание духовно-нравственного гражданина которым будет гордиться не только университет, но и страна.

Первый о ком хотелось бы рассказать, выпускник КазНУ им. аль-Фараби, общественный деятель, человек, который внес огромный вклад в социальную жизнь университета, нашей страны и делает это по сей день – Мади Ахметов. В 2017 году окончил факультет журналистики, а в 2019 году защитил магистерскую по специальности «политология». Еще обучаясь на бакалавре Мади активно участвовал в студенческой и общественной жизни университета. Работал в команде организационного комитета I, II, III Международной школы журналистики и коммуникации (2013-2015 годы). Был в числе организаторов I Национального Экологического Форума молодежи Республики Казахстан в рамках проекта Алии Назарбаевой «Жандану», экологическое просвещение молодежи, формирование экологической культуры, активное приобщение студентов к решению актуальных экологических проблем.

Так же являлся участником I Международного Гуманитарного форума «Национальная идея – «Мәңгілік ел»: проблемы формирования культурного капитала» который прошел 4 декабрь 2014 года. IV Всемирного форума Тюрков (Турция, Стамбул 23-24 апреля 2015 год).

С 2015 по 2017 год был руководителем Республиканской студенческой научно-исследовательской экспедиции «Қазақелі», целью данной экспедиции было изучение, популяризация и сохранение нематериальных культурных ценностей казахского народа.

Итоги экспедиции были изданы в информационной компании «Ауылға хат».

Являлся организатором республиканской научно-практической конференции «Наследие Бауыржана Момышулы и проблемы формирования нового казахстанского патриотизма» посвященной 105-летию Бауыржана Момышулы.

В 2014 году под редакцией Мади был издан сборник лучших сочинений студентов «Талпыныстынысы», приуроченный к 80-летию Казахского Национального университета, и юбилейный журнал студенческого профсоюза «Сункар» тиражом 500 выпусков.

В 2018 – создал проект «JasQadam», целью которого является поддержка и реализация государственной молодежной политики, организация и продвижение социально значимых проектов.

С 2019 года Мади Ахметова расширяет горизонты своей деятельности, и становится председателем Алматинского городского филиала молодежного крыла «ЖасОтан», и избран членом Общественного совета города Алматы. Занимается волонтерской деятельностью, принимает участие в оказании помощи пострадавшим в городе Арысь, в Мактааральском районе Туркестанской области.

С января 2021 года Мади Ахметов является самым молодым депутатом Мажилиса Парламента Республики Казахстан седьмого созыва, член фракции партии «NurOtan».

За достигнутые результаты в своей трудовой деятельности награжден медалью «Халықалғысы», благодарственными письмами Первого Президента Республики Казахстан-Елбасы Н.А. Назарбаева, Президента Республики Казахстан К.К. Токаева.

Ерасыл Болат – еще один выпускник КазНУ им. аль-Фараби факультета высшей школы экономики и бизнеса, и неравнодушный человек к проблемам молодежи и развития общества. Занимается волонтерской деятельностью и приобщает к этому современную молодежь. Является организатором благотворительных и спортивных мероприятий в рамках программ «Туғанжергетуындытік» «Руханижаңғыру».

В 2017 Ерасыл впервые организовал благотворительный турнир по дзюдо с приглашенными спортсменами Казахстана, для студентов города Алматы. Молодые студенты могли показать себя, а спортсмены поделились спортивным опытом. Все средства, собранные в ходе турнира, были переданы малоимущим семьям Карасайского района.

Организовывал бесплатные мастер-классы для молодежи в своем родном селе Георгиевка с участием мастеров спорта Республики Казахстан.

Ерасыл состоит в команде общественного фонда «Шугыла». Цель фонда формирование сознательного и здорового образа жизни в обществе, особенно среди молодежи. Реализуется цель через оказание материальной и социальной помощи малообеспеченным семьям, поддержка молодежи не имеющих доступа к качественному образованию, в получении образования дистанционно.

Помимо благотворительной деятельности, Ерасыла очень образованный, знает 5 иностранных языков, является одним из граждан Казахстана с самым высоким IQ – 150 баллов.

За свои заслуги награжден благодарственными письмами от Президента Федерации Дзюдо Республики Казахстан КожамжароваКайрата, ректора КазНУ им. аль-ФарабиМутанова Г.М., директора АО «Спорт Пойнт» Али Мирзаев и акимат города Алматы.

Зауре Туреханова окончила с красным дипломом бакалавриат и магистратуру в КазНУ им. аль-Фараби, факультет экономики. Но свой вклад в развитие Казахстана внесла не в экономике. Зауре победительница независимого литературного конкурса «Алтын Калам 2014», лауреат литературной премии «Алтын Тобылғы 2017» в номинации «Лучшая детская литература года». Автор первого отечественного детско-юношеского романа «Амина Туран в стране номадов», а также двух книг патриотической серии «Мой Казахстан». Через свои книги Зауре прививает подросткам любовь к чтению и литературе, развивает тягу к получению новых знаний. Самая заветная мечта Зауре это познакомить читателей всего мира с культурой, традициями, сказками казахского народа посредством серии книг о приключениях «Амины Туран». В своем последнем интервью Зауре сказала: *«Наши дети хотели бы читать о героях, которых зовут так же как и их, которые ходят в те же школы, живут в тех же городах, говорят на том же языке... вот это и есть вернуться к своим истокам»*. [2] В этих простых строках заключается огромный вклад ЗауреТурехановой в формирование ценностных ориентиров молодежи, формирование патриотического сознания.

Сейчас Зауре возглавляет волонтерский казахско-венгерский проект по созданию двуязычного литературного сборника для школьников двух стран. Книга «Карантинные человечки» стала лучшей детской книгой в литературной премии «Алтын Калам-2020», в номинации «Дарабоз» — лучшая детская и подростковая литература. Особенностью книги является позитивный посыл, и явная цель которая прослеживается на протяжении всего рассказа в виде обучения, развития, воспитания, развлечения и даже оказание психологической помощи и поддержки детям и подросткам.

В завершении хочется процитировать нашего первого президента Н.А. Назарбаева, который говорил: «Истинный патриотизм живет не в громких словах, а в реальных делах и ответственных поступках». [3]

Мади Ахметов, ЕрасылБолати ЗауреТуреханова – вот они герои нашего времени, патриоты своей страны, трансляторы культуры и духовно-нравственных ценностей. Именно с них нужно брать пример для подражания, на таких стоит равняться молодежи.

Литература:

1. Локк Дж., Мысли о воспитании/Хрестоматия по истории зарубежной педагогики. – М., 1981. – 86-87 с.
2. МайсеитоваА., ЗауреТуреханова: Книга учит с детства. – URL:<https://kazpravda.kz/articles/view/zaure-turehanova-kniga-uchit-s-detstva>
3. Выступление Президент РК Н. Назарбаева на 16-ой сессии Ассамблеи народа Казахстана (г. Астана, 20 октября 2010 года)
4. Сто новых лиц Казахстана. -URL:<http://100esim.kazcontent.kz/ru>(дата обращения 18.05.2021)

Налибаев К.К.,

Адамның үйлесімді дамуы институты, Ғылыми-әдістемелік бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, п.ғ.к., аға оқытушы

А. ЯНУШКЕВИЧТІҢ «КҮНДЕЛІКТЕР МЕН ХАТТАР» АТТЫ ЕҢБЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ

Сайын дала төсінде мал-жан, тіршілік қамымен көбінесе аттың жалы, түйенің қомында көшіп-қонып жүрген дарынды халқымыз көршілес батыс пен шығыс елдеріне қарағанда жазу-сызу мәдениеті кенжелеу дамығанымен, мазмұны мен сапасы, көлемі жағынан алғанда қай халықтыкінен болса да кем түспейтін, олқы соқпайтын орасан бай дүниетанымдық мұралар жасады. Тумысынан ойшыл, дана

халқымыз өзі өмір сүріп отырған орта, саялы табиғат, тұрмыс-тіршілік болмысын, ел-жұрт арасындағы қарым-қатынас, ел басынан өткен қилы-қилы кезеңдерді, жақсы-жаман жағдаяттарды ой-сана елегінен өткізіп, оған деген өзінің көзқарасын білдірді. Халықтың өмірі, тарихы, елдің тұрмыс-тіршілігі қазақ көкрегінен жыр-дастан, өлең-ән, ертегі-аңыз, күмбірлеген күй болып төгілді. Табиғатынан көзі ашық, көкрегі ояу, өзінің кең жазира туған даласындай дарқан дарынды ойын-сауықшыл халқымыз осы баға жетпес қазынаны киелі дүниедей қастерлеп, ұрпақ санасына сіңістіріп, болашаққа мәңгі өлмейтін мұра етіп қалдырды. Барша қазақ мәдениетінің түп қазығы саналатын осы теңдесі жоқ қазына бүгін халқымыздың рухани сусындайтын шалқыған шалқар дариясына айналып отыр.

Орыс империясының көрсоқыр кеудемсоқ төрелері кемсітіп көшпенді, жабайы халық деп санап келген қазақтардың табиғатынан үлкен дарын иесі, салт-санасы биік дамыған, ғажап өнерпаз, сауықшыл халық екендігін қазақ сахарасына оның тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін зерттеп, танысуға келген талай шетел, орыс ғалымдары, тағдыр тәлкегіне ұшырап өмірінің біраз бөлігін қазақ жерінде өткізген жазушы, журналистері, ойшылдары мойындап, әділін айтуға мәжбүр болған.

Осыған дәлел ретінде тағдыр тауқыметімен келгендердің бірі ғана емес, бірегейі поляк журналисі А.Янушкевичтің төмендегі айтқандарын келтірсек те жетіп жатыр: «...Осының бәрін мен дүниежүзі тағы және жабайы санайтын далада көшіп жүретін халықтың ортасында өз құлағыммен тыңдадым ғой! Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры есітпеген шешендерге таңқалып, қол соққанмын. Ал, бүгін, оқи да, жаза да білмейтін ақындар менің алдымда өнерлерін жайып салды. Олардың жыры жаныма жылы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады, сонсымен өзімді тәтті етті. Сонда бұлар тағы, жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған, маңдайына түкке тұрғысыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады...»[1].

Адольф Янушкевич 1803 жылы бұрынғы Минск губерниясындағы Несвижде туған. А.Янушкевичтің балалық шағы Тадеуш Костюшконың көтерілісіне (1792-1794 ж.ж. Орыс патшалығына қарсы ұлт-азаттық күрестің қолбасшыларының бірі) іш тартқан отбасында өткен. Польшаның бостандығы мен тәуелсіздігі жолында шайқасқан Костюшконың жауынгерлік істерін естеріне түсіріп, отбасындағы жасы үлкен адамдар бұл оқиғаны жырдай ғып айтады екен. Себебі Адольфтың анасына едәуір туыс болып келетіндіктен, Костюшконың есімін бұл отбасы мақтаныш тұтатын.

Адольф 1832 жылы Вильно университетінің филология факультетін бітірген. 1930-31 жылдары Польша ұлт-азаттық көтерілісіне қатысады. 1831 жылдың аяғында жаралы халде қолға түседі. 1832 жылы 4 мартта үкім шығарылып, А.Янушкевичті дворян атағынан айырып, өлім жазасына кеседі. Бірақ соңынан «кешірім жасалып», дүние-мүлкі тәркіленіп, оралу мерзімі көрсетілместен Сібірге жер аударылады.

А.Янушкевичтің өмірінде бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі кезең болды. Алғашқысы – 1831 жылға дейінгісі, отбасы, сүйікті қалыңдығы, университет, адал достар ортасы, шетелдерге саяхат, туған елдің азаттығы туралы тәтті армандар.

Ал 1831 жыл оның өмірінің екінші кезеңінде түрме, аяғы кісенделіп, қияннан-қиянға жол шегу, сотталып, айдауда жүреді. Ол өмірінің жиырма бес жылын айдауда өткізді. Тәтті армандардың бәрі артта қалып, туған-туысқандарымен өмірінің ақтық шағында ғана қауышты.

1846 жылы шекаралық бастық генерал Вишневский басқарған экспедицияның құрамына еніп, Омбыдан шығып, қазақ даласына келеді. 1856 жылы маусымында кешірім жарияланып, еліне қайтады. Бірақ барған сәттен төсек тартып қалады. Айдаудан оралғанына бір жыл толмай жатып, А.Янушкевич дүние салады.

Ол қайтыс болғаннан кейін, Есілде айдауда бірге болған ең жақын досы Густав Зелинский оның күнделіктері мен хаттарын Париждегі Адольфтың туыстарына табыс етеді. Бұл қайсар адамның атын мәңгі қалдыру үшін, туыстары оның біраз материалдарын іріктеп, оларды өз қаржыларымен бастырып шығарады. Бұған А.Янушкевичтің университетте бірге оқыған әріптесі жазған өмірбаяны қоса беріледі. Бұл кітап «Адольф Янушкевичтің өмірі және оның қазақ даласынан жазған күнделіктері мен хаттары» деген атпен 1861 жылы Парижде поляк тілінде басылды [2].

Осы естеліктерінің басында: «1848 жылдың шілде айынан қазан айының ортасына дейін олардың мал санын алу экспедициясына жолбасшы болып, қарт би Бейбіт жүрді. Ол түнде жұлдыз бен желге қарап бағдар алатын. Ол орыс патшасы Александрдан сыйға семсер және шапан алған екен. Өзі кере-

мет сөзуар еді. Бұдан қырық жыл бұрын Петербургтегі қазақ елшілігінің мүшесі болған кезінде Александр патшаның қабылдауында ол бірден алты корольді көргендігін маған айтты. Патша Орда елшілеріне былай депті: «Тыңдаңдар! Әкемнен, атамнан және арғы атамнан мен үш нәрсе алдым. Олар: Петербург, әскер және көпестік. Мен сендерден алыста тұрамын. Сондықтан сендер өздерің тұрған даланы басып өтетін көпестерімнің керуендерін күзетіңдер... Ал енді еркін сауда жасауға болмайтын болса, онда сендердің үстеріне әскер төгуге тура келеді». Келесі рет Петербургға келгенде, 22 ай 17 күн күтсе де, ол патшаны жолықтыра алмапты. Күте-күте еліне қайтыпты. Россия монархы шетелден келе салысымен елшінің болып кеткенін есітіп, Сұйық Абылайханов сұлтаннан сәлем жолдап, семсер және сый шапан беріп жібереді. Сұйық (Аманқарағайдағы Әбділда екеуі) – Абылай ханның ең соңғы ұрпағы» – деп қазақ жолбасшының тапқырлығы мен беделіне тәнті болған.

Қазақтардың ынта-жігерін, байыппен, шешен сөйлеуін тағы да аталған еңбектегі жолдардан көреміз: «Қазақтар ойлау қабілетінің кереметтігіне менің барған сайын көзім жетті. Сөзге дегенде ағып тұр. Әрбір қазақ өз шаруасын түбін түсіре түсіндіреді, ал қарсы жақтың сылтауын бет қаратпай табан астында жоққа шығарады. Тіпті балаларының ақылы да ерте толысады. Бүгін мен жұмыспен айналысқанмын. Осы жердегі бір байдың баласы қасымда тұрып алып, кітапқа тесіле қарады».

А.Янушкевич қазақ даласына мал санағымен жүргенде Құнанбаймен сұхбаттас болып, бала Абайды көрген екен. Ол кездесу туралы: «Барақ сұлтан 50 жастары шамасы. Құнанбай бидің (болыстың) жасы Барақ сұлтаннан біраз үлкен. Бұл да – дала өңіріне аты кең жайылған адам. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдар мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты Россиялық уставтарды бес саусағындай біледі, қарақылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай-шалғай ауылдардан келіп жатады.

Тобықты руының сеніміне ие болып, ел билеушінің қызметіне сайланған. Ол өз қызметін бақайшағына дейін біліп, бар қайрат-жігерін сарқа төгіп атқарады, иегін көтерсе болды, әр бұйрығы, әр сөзі орындалады. Кезінде ол көрікті еркек болған. Бұдан бірнеше жыл бұрын шешек көрден бір-ақ шығара жаздаған, қазір оның бетінде содан қалған іздер бар. Ол көсіліп сөйлеп кеткенде, тыңдаушылар оның сиқы қашып, реңі тайған жүзін мүлде ұмытады. Қатерлі дерттің табы жерлестерінің мүсіркеп, оның жолында бәйек болғанын Құнанбайдың өзі есіне әлсін-әлсін түсіріп отырады. Осының өзі оның қызметі мен маңызының дәлелі. Құнанбайдың өзі: «Мен жанымды қайда қоярымды білмей жатқанда» – деді ол маған тебірене және мақтана, «Адамдар күні-түні менің киіз үйімді апыр-топыр болып қоршап тұратын. Олардың көз жасы мені шыжығырып әкетіп бара жатқан отты сөндіріп, менің тірілігімді Алламнан жалбарынып сұрап алып қалды».

Еуропаның білімге сусындаған елдерінің бірінде көз жұмып бара жатқан от тілді, орақ ауызды шешенді ақтық сәтте халық осылай мүсіркемеп пе еді. Олар да Құнанбай сықылды әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлық-зомбылығына қарсы болған еді.

Құнанбай сөйлеу үшін жаратылған машина ғана емес, ол тек бұрамағанда ғана тоқтайтын сағат дерсің. Төсектен тұрысымен-ақ сөйлей бастайды, содан көзі ұйқыға кеткенше толассыз сөйлеп береді. Минут сайын ақыл сұрап қазақтар оған келіп жатады. Қос қолын мықынына таянып, екі-үш сөзден кейін-ақ шарифаттан үзінді келтіріп, ол абызша сұңқылдап кетеді. Оның жадында сақтау қабілеті таң қаларлық, үкіметтің барлық указдары мен жарлықтарын кітаптан оқып отырған адамша жатқа айтады».

Бала Абай туралы мынандай естелігі бар: «Қазір асқазаны қатты ауырып жатқан баласын (Шамасы, бұл бала 1845 жылы туған Абай болса керек) Құнанабай осындай әдіспен емдейді: қара ешкіні сойып, оның майын көк белбеге жағады да, онымен баланың ішін айналдырып байлайды. Бұл маймен денесін де сылайды. Бақсы-балгерді шақыруға болмас па еді деп сұрағанымда, Құнанбай олардың дәрі-дәрмегіне пәлендей сене қоймайтынын айтты».

Бұл кезеңде даламызда қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы басшылығымен көтеріліс жүріп жатқан сәт. Автор көтерілістің аяқтау қарсаңындағы құбылысты былай сипаттады: «Абылай есімін қазақтар қатты қастерлейді. Орыстарға шабуылға шыққанда, оның есімі жауынгерлік ұранға айналды, екінші жағынан, ол ханнан көмек тілеудің ишарасы. Ұлытаудан Алатауға дейінгі ол жүріп өткен жолды қазірде ел қадірлейді. Оны осы күнге дейін «Абылай жолы» деп атайды. Қытайлықтар Абылай есімін басқа көтере сыйлайтыны сонша, оның кейбір жұрағаттарына сыйлықтар жіберіп тұрады. Кейбір тіл-маштардан Кенесарының да Абылай жұрағаты екендігін есіттік. Бұны оларға Құнанбай айтыпты. Кенесары үстіміздегі жылы 200 қазақтан Құлжаға баратын елшілік әзірлепті. Бір кезде Абылай иемденген жерлерді өзіне бөліп беру үшін ол ертеректе Қытай үкіметімен жасасқан шарттың болғандығын есіне түсірген. Жергілікті өкімет елшілікті жақсы қабылдап, Кенесарыға аса құнды тартулар жіберген, ал жер туралы мәселені шешуді Пекиндегі үкіметтің қарауына ұсынған».

Тағы да, ол: «Санаққа басшылық еткен Виктор Виткевич өзімен бірге Литваға барған бір қазақ туралы маған әңгімелеп берді. Сол жақта бір адамның асау аты болған екен. Алдынан келгенді тістеп, артынан келгенді тебетін бұл атты шынжырмен байлап ұстайды екен. Бұл жігітке осы ат үстінде құлап қалмай отырса, бірнеше алтын теңгелік бермек болып, ат иесі уәде етеді. Қазақ атқа қарғып мініп, далаға шауып ала жөнеледі де содан айызы қанғанша шабады. Атын болдыртып тастайма деп қорқып, иесі қазақтың соңынан кісі жіберіп, бәстескенін беретінін айтқызыпты» – деп қазақтың ат баптаудағы шеберлігін бағаласа, қазақтардың саятшылығын: «Төлеңгіттер, тобықтылар, керейлер осы маңда қаптап жүрген түлкілерден көп пайда көреді. Түлкіні қақпанмен, атпен қуып ұстайды, оған ит немесе қыран бүркіт салады. Қазақтарда қуғанын құтқармайтын тазы иттер көп. Ал бүркіттерді олар жоғары бағалайды. Жақсы бүркітке бір түйе, тіпті одан да көп береді. Әр киіз үй жылына жүзге тарта түлкі терісін илеп, әрқайсысын үш, бес, ал кейде елу сомнан сатады. Соңғы екі жылда түлкі аз болды. Биыл түлкінің көп болатын жылы, өйткені тышқандар қаптап кетті. Ендеше оларды аулайтын түлкілер де көбейеді. Сондай-ақ тобықтылар құлан да аулайды» -деп сипаттаған.

Әрине, азаттық жаршысы болған А.Янушкевич Орыс империясының озбырлығын әшкерелейді. Еңбегінде: «Шындығында, бұл жерлерге нендей чиновниктер келіп-кетпеген! Барып тұрған тонаушылар, барымташылар болған олар менің қолымнан көп іс өтті, жаңағылардың былықтырғанына көзім әбден жетті. Алғашқы санақтардың қалай өткізілігендігі туралы әңгімелерді есіткенде, жан түршігеді. Бұл консулсымақтардың әрқайсысы өзіне жүктелген істі тек дүние-мүлік жинаудың амалы деп білген. Қазақтарды шұбыртып ертіп келіп, бүкіл айналаның үрейін ұшырып, зорлық-зомбылықтың ешбір тәсілінен жиренбеген. Санақшының бұйрығы бойынша, табындар, отарлар жайлаудан 150 шақырым, тіпті де одан да шалғайдағы тұрған бір жерге айдатып әкелінетін. Күтпеген сапардың іздері жол бойында сайрап жататын: биелер мен сиырлар іш тастайтын, түйелер, жылқылар, қойлар қырылатын. Сосын мұндай орасан зор мөлшердегі бір жерге жиыстырылған мал бірін-бірі басып, шөпке не суға жарымай, үсті-үстіне қырыла беретін» – деп, жиркенішпен қаралады.

Інісіне жазған хатында, ол: «29 тамыз. Януарийге хат жазғанда, қазақтардың беделін тағы да көтеруге тура келді. Тынық мұхит аралдарында тұратындар еуропалық адамдардың етінен жасалған бифштексті өте жақсы көреді деседі. Менің қымбатты анам мені бұнда біреу-міреу жаңағы сияқты жеп қоймасын деп, күн сайын құдайға жалбарынатын көрінеді. Оның аналық қамқорлығына риза болсам да, бұл жерлерде менің өміріме ешқандай қауіп-қатердің жоқтығына кәміл сендіре аламын. Басқадай ең цивилизациялы халықтар сияқты, әсіресе, қазақ халқының тарапына маған келер ешқандай қауіп жоқ. Егер бұдан гөрі ашығын айтсам, мұндағы шөл-шөлейтте жүргендегіден, Неаполь көшелерінде қатты қауіптенген болар едім. Омбыдан шыққаннан бері біз бірде бір рет қауіп төнер жайды сезінгеніміз жоқ. Тәуелсіз тайпалар көшіп-қонып жүрген қытай шекарасынан ұзағанда да эскорттағы қазақтар саны төрттен аспады. Олардың өзі бізді қорғау үшін емес, бұйрық-жарлықтарды әрлі-берлі тасумен жүреді. Алғашқы кезде мен пистолеттерім мен қосауыз мылтығымды ылғи оқтап, қасымда ұстайтынмын. Таттанып кетпес үшін қазір пистолеттерімді қоржынға салып, ал мылтықты өз қабына орап қойдым. Аш төбеттерден басқа біздің киіз үйіміздің төңірегінде ешқашан күзет болған емес. Оған ешкім түнде бас сұқпайды. Осыншама айдың ішінде біздің титімдей де нәрсеміз жоғалып көрген жоқ. Білімнің аздығынан, діннің ықпалынан соқыр сенім өрістенгенінен бой көрсететін кейбір кемшіліктері болмаса, бұл халық кез келген басқа халықтан ешбір кем емес. Қазақтармен салыстырғанда біздің төменгі таптарымыз әлдеқайда нашар көрінер еді» – деп, өз ақиқатын айтты [3].

Қорыта келе, Адольф Янушкевичке мың алғыс. Оның «Күнделіктер мен хаттар» атты жинағы қазақ халқына әділ түрде жоғары баға берілген және таптырмайтын деректерге ие болған еңбек.

Әдебиеттер:

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. – А.: Мектеп, 1976. – 156 б.
2. Зелинский Г. Қазақ. – А.: Жазушы, 1982. – 25 б.
3. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар немесе Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар. – А.: Жалын, 1976. – 272 б.

*М.Н. Низамова,
к.п.н., доцент, Университет международного бизнеса*

ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ В УСЛОВИЯХ ОНЛАЙН ОБРАЗОВАНИЯ

Духовно-нравственное развитие и воспитание обучающихся является первостепенной задачей современной образовательной системы.

Воспитание человека, формирование свойств духовно развитой личности, любви к своей стране, потребности творить и совершенствоваться – важнейшие условия успешного развития в целом государства.

«Нравственность – это внутренние, духовные качества, которыми руководствуется человек, этические нормы, правила поведения, определяемые этими качествами (Ожегов С.И.).

Содержание духовно-нравственного развития и воспитания личности определяется в соответствии с базовыми национальными ценностями и приобретает определённый характер и направление в зависимости от того, какие ценности общество разделяет, как организована их передача от поколения к поколению [1, 2].

Под «духовно-нравственным воспитанием» мы понимаем процесс содействия духовно-нравственному становлению человека, формированию у него совести, долга, веры, ответственности, гражданской ответственности, патриотизма, терпения, милосердия, способности к различению добра и зла, проявлению самоотверженной любви, готовности к преодолению жизненных испытаний, готовности служения людям и Отечеству, проявления духовной рассудительности, доброй воли.

Во время офлайн обучения (традиционного) работа по духовно-нравственному воспитанию студентов проводилась по линии деканатов, молодежного совета. Мы больше говорили о нравственности на занятиях, целенаправленно посещали места с памятниками православной культуры, организовывали различные экскурсии, встречи с интересными людьми, тематические вечера, часы общения.

В условиях онлайн обучения (дистанционного) в целом систему преподавания дисциплин и ведение воспитательной работы как в школах, так и в вузах необходимо было пересмотреть.

Наряду с информационно-коммуникационными технологиями и инновационными методами обучения по дисциплинам гуманитарного цикла преподаватели начали искать и применять методы, способствующие развитию духовно-нравственных ценностей, воспитанию толерантности, отзывчивости, стрессоустойчивости.

Примером таких мероприятий могут послужить практические тематические занятия, СРСП, СРС, офис часы по дисциплинам «Русский язык», «Культура речи», «Академическое письмо». В данной статье предлагаются некоторые эффективные виды работ, которые были применены во время онлайн обучения [3, 4]:

1. Эссе. Темы: «Посткарантинное восстановление производственных и непроизводственных сфер в контексте своей специальности», «Как изобретатели могут повлиять на экономику страны?», «Геополитический климат в XXI веке: проблемы и пути его решения», «Бизнес-деятельность для своего блага или для пользы общества?», «Перспективы развития казахстанского общества: взгляд в будущее» и др.

Выполненная работа прикрепляется в определенный срок на платформу СДО Moodle, проверяется в системе антиплагиат. Содержание эссе анализируется индивидуально.

2. Ролевая игра «Пресс-конференция». Тема «Я – патриот страны».

В ходе занятия студенты-журналисты СМИ задают вопросы студентам-специалистам (сотрудникам, представителям компаний, руководителям организаций, министрам и др.). При этом вопросы должны быть актуальными в области специальности, ответы – достоверными, аргументированными.

3. Просмотр и анализ фрагментов фильмов ««Небо моего детства» (реж. Рустем Абдрашов, 2011г., https://www.youtube.com/watch?v=72_w2M94j04), «Путь Лидера. Разрывая замкнутый круг» (2015г., https://www.youtube.com/watch?v=aqAQ_oe6A_4)

4. Аудио-видеозапись выступления с презентацией.

Самостоятельная работа: снять видеосюжет на заданные темы. Основные требования к видеоролику: работа в команде, персональное участие каждого члена команды в видеоролике, раскрытие основной мысли темы.

Ссылки на видеоклипы, аудиозаписи по материалам различных тем:

1) Тема «Слова назидания Абая и современность». Студенты по подгруппам готовят видеосюжет с толкованием выбранного Слова Абая, приводят примеры, демонстрируют:

<https://drive.google.com/file/d/1VmBYxJ0kclK-eguLPqDhyS2GPV52VmcB/view?usp=sharing>

2) Видео на тему «Слово – эхо мысли» (в рамках программы "Рухани жаңғыру")

<https://youtu.be/IccwwzMuhLA>

5. Челлендж на темы «Ж.Жабаев—175», «Родная земля».

1) В рамках программы «Рухани жаңғыру» с 3 марта по 15 апреля 2021 года студенты 1 курса специальности «Финансы» УІВ (Университета Международного Бизнеса) под моим руководством приняли челлендж «Жыр алыбы Жамбылдың дала қоңырауы», организованный студентами университета «Туран» в честь 175-летия Жамбыла Жабаева, и успешно передали его студентам Алматинского технологического университета.

Ссылка на челлендж УІВ (УМБ):

<https://drive.google.com/file/d/1oOcuXmtxGDjWq49u44U9zNpHbyDSnTAM/view?usp=sharing>

2) Студенты казахского отделения 2 курса специальности "Ресторанное дело и гостиничный бизнес" УІВ начали челлендж "РОДНАЯ ЗЕМЛЯ", посвященный тридцатилетию Независимости Республики Казахстан. Ссылка:

<https://youtu.be/fcWIJ9vfc2A>

6. Участие с докладом «Перспективы развития туризма в Казахстане» на Республиканской онлайн конференции молодых ученых. Студенты группы Туризм-20.858 подготовили 5 докладов, два из которых комиссией признаны лучшими. Темы докладов:

- «Лингвистическая модель трехязычного электронного словаря основных понятий в сфере индустрии туризма»,
- «Качество обслуживания в туристической сфере»,
- «Чудеса природы и проблемы туризма страны»,
- «Перспективы развития молодежного туризма»,
- «Основные виды профессиональной деятельности выпускников специальности «Ресторанное дело и гостиничный бизнес»».

Результаты работ показывают и доказывают, что процесс выполнения такого рода задания интересен для студентов, мотивирует их к поиску информации, творческому подходу, развивает коммуникативную компетенцию, мыслительную деятельность, пробуждает интерес к культуре и истории народа, прививает любовь и уважение к родной стране, воспитывает патриотизм [5, 6].

В результате выполненных заданий студенты понимают, что основными критериями нравственности человека могут являться его убеждения, моральные принципы, ценностные ориентации. Отсюда следует, что нравственным следует считать такого человека, для которого нормы, правила и требования морали выступают как его собственные взгляды и убеждения (мотивы), как привычные формы поведения. Целью таких занятий является воспитание специалиста с нравственными качествами, активной жизненной позицией, способного выполнять свои гражданские обязанности, трудиться на благо личности и общества, быть терпимым в межнациональных отношениях.

Таким образом, воспитание студенческой молодежи с ориентацией на духовно-нравственные ценности является залогом духовно-нравственной чистоты общества, его жизнеспособности и процветания.

Литература:

1. Аяганова Ш.Ж. Использование технологии критического мышления в учебном процессе // Администратор в казахстанской школе. – 2011. – № 1. – С. 19-24.
2. Низамова М.Н Таирова Н.А. Педагогические условия развития креативного мышления в процессе языковой подготовки будущих специалистов текстильного профиля (в соавторстве). МОН РФ Известия высших учебных заведений: Технология текстильной промышленности научно-технический журнал, № 3 (357) 2015. – Иваново. – С.171-174.
3. Касимова, Т. А. Патриотическое воспитание школьников: Методическое пособие / Т. А.Касимова, Д. Е.Яковлев. – М.: Айрис-пресс, 2005. – 64 с.
4. Егоров В.И. Развитие духовно-нравственных качеств личности, воспитание патриотизма – основа формирования нравственной гражданской позиции // ТОГОУ СПО «Педагогический колледж», Тамбов, 2011 – С.58-61.
5. Низамова М.Н. Русский язык. Практико-ориентированное учебное пособие для студентов бакалавриата неязыковых специальностей вузов... Издательский отдел АТУ, Алматы, 2018 – 105 с.
6. Интернет-источники:
7. <http://www.hi-edu.ru/e-books/xbook029/01/index.html?part=005.htm>
8. www.gumer.info/bibliotek/Buks/Literat/Index_Lit.php

*Б.А. Тастанбекова, О.Б. Нурбекова,
М. Исламқұлов атындағы жалпы орта мектебі,
Түркістан облысы*

ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ – ЕГІЗ

Жас ұрпақ тәрбиесі қай заманда болмасын уақыт сөресінен түскен емес. Тәрбие мәселесі адам баласының ғұмырындағы көнермейтін, ажырамайтын баға жетпес құндылық. Бала тәрбиелеу мәселесінің негізгі өзегі – өмір тәжірибесі, өз халқының әдет ғұрпы. Білімді ұрпақ – елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға деп рухани жан дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, талап талғамы терең, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тұлғаны айтамыз. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз. Әрбір жеке тұлғаның бойында ізгілік, кішіпейілділік, батырлық, отансүйгіштік қасиеттер болуы керек. Жаңа ғасырдың тізгінін ұстайтын еркін елдің ертеңі шығармашыл, кеменгерлерді тәрбиелеу бесіктен, баланың нәрестелік шағынан басталып, үздіксіз даму барысында ғана қалыптасады.

Француз жазушысы әрі философы Жан Жак Руссо өзінің «Эмиль немесе тәрбие туралы» атты кітабында «баланы өмір сүруге үйрету керек» деп жазған екен. Бұдан өмір сүру адамның ең басты мақсаты мен міндеті екенін түсінеміз. Сондықтан да шәкірт оқу орнының табалдырығынан қандай да бір ғылым иемденіп қана емес, бірінші кезекте адам болып шығуы қажет екендігін естен шығармауымыз қажет. Ол өз жүрегі мен жанын өмірге және басқа адамдарға айқара ашқан, жалған қағидаларды ұстанбайтын, дүниеге өзіндік көзқарасы бар тұлға болуы керек.

Жан Жак Руссо XVIII ғасырда «Бізде физиктер, геометрлер, химиктер, астрономдар, ақындар, музыканттар, суретшілер бар, алайда бізде азаматтар жоқ» деп налып айтқан екен. Ал XIX ғасырда орыс педагогы Н.И. Пирогов педагогикалық процестің мақсаты оқушылардан «саудагер, теңізші, солдат, заңгерлерді тәрбиелеу емес, адам мен азамат қалыптастыру» деді. Ал қазақтың ғұлама хәкімі А.Құнанбаев «Адам бол!» деп өзінің негізгі ұстанымын білдірді.

Түркістан облысы, Ордабасы ауданына қарасты, Мұхаметқұл Исламқұлов атындағы жалпы орта мектебі Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, академик, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асқарбек Қабікенұлы Құсайыновтың бастамасымен өтіп жатқан «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы экспериментке 3 жылдан бері қатысып келеді. Экспериментке 2018-2019 оқу жылында 102 оқушы мен 10 мұғалім қатысқан болса, 2019-2020 оқу жылында жалпы 203 оқушы мен 24 мұғалім қатысты. Биылғы 2020-2021 оқу жылында 306 оқушы мен 34 мұғалім қатысып жатыр.

Профессор Асқарбек Қабікенұлының құрған эксперимент тұжырымдамасында көрсетілген алты бағыт бойынша жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, сол жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. Осы орайда, Профессор Асқарбек Қабікенұлының «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы экспериментінің тұжырымдамасында көрсетілген «Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие беру» бағытына тоқталғмыз келеді. Ең бірінші «Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие беру» бағыты бойынша баланы тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің өзара әрекетінің тиімділігін арттыру мақсатында ата-аналардың мектеп өміріне белсенді араласуына мүмкіндік жасадық. Яғни, аптаның әр сәрсенбі күніне ата-аналар үшін «Ашық есік» күні мен ай сайын ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды. Алғашқы кезде жұмыстан шыға алмай немесе жауапкершілікті сезіне алмай ата-аналар көп қатыспағанымен, келе-келе оқушылардың өзі ата-анасын сабаққа ертіп келіп, өзінің жетістігін ата-анасына көрсеткісі келетіні байқалды. Ата-анаға баласының жетістігін көруден артық бақыт болмас,сірә! Ата-аналар баласының сабағына қатысып, мұғалімдерімен, сыныптастарымен қарым-қатынасын көріп танысты. Осындай ұйымдастырылған «Ашық есік» күнінің де оқушылардың алға жылжуына, тәрбиесінің дұрыс қалыптасуына септігі тиді. Ата-аналар жиналыстарында ата-аналарға балаларын тәрбиелеу мен білім беруде атсалысқаны үшін алғыстар айтылып, марапатталды. 7 «Б», «В» сынып жетекшілері М.Садирова мен А.Сыздықова «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында жаңа форматтағы ата-аналар жиналысын өткізіп, «Ата-ананың бала өміріндегі ықпалы» тақырыбында баяндама оқыды. «Балаңыздың білімін көтеру үшін не істеп жатырсыз?» тақырыбында сауалнама жүргізді. Көптеген білім сапасын көтеруге бағытталған видеороликтер көрсетті, ата-аналардың баласының білімін көтеруге деген ынтасын оята білді. Ұйымдастырылған бұл жұмыстардың арқасында бала мен ата-ана арасы біршама жақындасты. «Мұғалім-оқушы-ата-ана» үштігі қалыптасты.

Бүкіл әлемді және басқаны түсінуге, адам болуға, адамгершілік қасиеттерді бойына дарытуға тек қарым-қатынас (диалог) арқылы ғана жетуге болатынын ескере отырып, әр сабақта оқушыға сыныптастарымен және мұғалімдерімен коммуникативтік қарым-қатынас процесінің белсенді мүшесіне айналуына жағдайлар жасалды. Оқушылардың бірін-бірі сыйлау тұрғысындағы қоян-қолтық араласуын, сабақтардағы орнаған дұрыс қарым-қатынас әрекеттерін көре отырып, қарым-қатынас – тұлғаның адамгершілік қасиеттерді иемденудің ең басты тәсілі екендігіне көз жеткіздік. Оқушылардың бойында рухани адамгершілік пен патриоттық тәрбиені дамыту мақсатында пән мұғалімдері әрбір сабақтарында әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданды. Қарт адамдарға қамқор болуға, қоршаған ортаны сақтауға, қоқыс тастамауға тәрбиеледі. Сынып жетекшілері мен педагог-ұйымдастырушы сабақтан тыс іс-шараларға оқушыларды тартып, «Ұстаз-ұлы тұлға» концерттік бағдарлама, «Менің Отаным, менің Елбасым» сурет байқауын және «Менің Отаным – Қазақстан» патриоттық әндер байқауларын өткізді. «Абайдың нақыл сөздері – рухани-адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі» атты кеш, «Адам сұлулығы неде?» эссе байқауы, «Батыр біздің ағалар» тақырыбында шығармалар байқауы, Ұлы Жеңіске байланысты Сурет көрмесі және «Ер есімі – ел есінде» атты Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырды.

Мектеп психологтары эксперименттік сынып оқушыларының сабаққа қызығушылықтарын анықтау және мектепке деген көзқарастарын дұрыс бағыттау мақсатында алынған сауалнамалары мен тесттері («Мектепте маған не ұнайды?», оқушылардың мінез типтерін анықтау мақсатында А.Беловтың «Темперамент формуласы» тесті, оқушылардың қабілеттерін анықтау мақсатында Керни-Ийрасек сауалнамасы, «Психикалық жай-күйді өзіндік бағалау» тесттері) нәтижесі де жақсы көрсеткішті көрсетті. Оқушылардың сабаққа, пәнге қызығушылықтары біршама артты. Жыл бойында психологтар мен пән мұғалімдері арасында тығыз байланыс орнады, жұмыстарды бірге жасады.

Экспериментке қатысып жүрген мұғалімдердің арасында да өзара тығыз қарым-қатынас пен ұйымшыл орта қалыптасты. Олар кестеге сәйкес өткен ақылдасу сабақтарында, аймақтық мұғалімдермен өткен ақылдасу сабақтарында оқушыларының тәрбиесінің жақсы жаққа өзгергенін көрсете алды. Мұндай кездесулер мен дөңгелек үстелде өзара іс-тәжірибелерімен бөлісті. «Өзара әріптестік көмек» жұмысының арқасында мұғалімдер сабақ жоспарларын біріге ойласып жоспарлады, ақылдасу сабақтарын өтуді жоғары деңгейге көтере алды, өз жұмыстарына рефлексия жасауға дағдыланды.

Оқушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында алынған әр апта сайынғы бақылау мен тест жұмыстарының да оқушылардың білім сапасының алға жылжуына көмегі көп болды.

Мұғалімдерге Назарбаев Зияткерлік мектептерімен бірлесе жұмыс жасауына, әртүрлі семинарларға, курстарға қатысуына жағдайлар жасалды. Мұғалімдер сабақтарда пайдаланылатын әдіс-тәсілдердің көптігіне емес, тапсырмалар мен сұрақтардың сапасына мән беруді, ҚМЖ тапсырмаларын таңдауды, дескрипторларды құрастыруды, бағалау критерийлерін қоюға дағдыланды.

Жалпы, «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы эксперименттің берері мол болғанын байқадық. Әрине, әрбір жаңа істі бастағанда, бірден жақсы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Бірақ әрбір қателікті дер кезінде көріп, оны талдап, уақытында дұрыс бағыттаса, оң нәтиже беретініне іс-тәжірибемізде көз жеткіздік.

Адам болу дегеніміз – адамгершілік қағидалар мен құндылықтарды ұстану, өмірдің мәнін өзіңнен емес, басқадан көру десек, ұстаздың басты мақсаты – шәкірттерін адам болуға баулу деп тұжырымдауға тұрарлық. Әрбір пән, әрбір сабақ, әрбір тақырып осы мақсатты жүзеге асыруға бағытталуы керек-ақ!

Әдебиеттер:

1. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. (Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)
2. Интербелсенді әдістемелік мектепте қолдану. Асхат Әлімов, Алматы, 2015
3. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. А.Қ.Құсайынов, Алматы, 2013
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2019ж. желтоқсан, №988– қаулы
5. Орта білім беру жүйесіндегі дағдарыс: шығу жолдары. А.Қ.Құсайынов, Алматы, 2016

*Ш.Ж. Арзымбетова, Г. Нұрхатова,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРАКТИКАСЫ

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» (Алматы, 2009 жылдың қазан айының 13-і) тақырыбындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттеріне оқыған дәрісінде: «Ұлттың үміті – сендерсіңдер. Саналы да, сапалы, білімді де белсенді жастары бар елдің қашанда еңсесі биік, болашағы зор болмақ. Сондықтан елдің ертеңгі бақыты сендердің қолдарыңда» деп атап көрсетті [1]. Алайда, жоғарыда көрсетілген міндетті жүзеге асыру үшін «... қазіргі бәсеке заманында жастардан қажыр-қайратын, ынта-жігерін, тынымсыз ізденісін» қалыптастыруды қажет етеді. Осыған орай, қазіргі мектеп ұжымының өз алдындарына қоғамға бейімделе алатын, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, қарым-қатынасқа бейім жастарды жаңа әлеуметтік құзырлық парадигмасы негізінде қалыптастыру жұмысын жүзеге асыруды міндет етіп қояды. Сондықтан да жастардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі таңдағы педагогика ғылымының ең көкейтесті мәселесі болып отыр.

Оқушыларда әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі бағыты ретінде – оқушыны бүгінгі қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, өз еркімен шешім қабылдай алатын жеке тұлға ретінде қалыптастыру жұмысы танылып отыр. Мектеп оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту бағытында мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің маңызы өте зор.

Әлеуметтік құзыреттілік түсінігін қарастыра отырып ең алдымен, мынаны атап өткеніміз дұрыс, кез-келген құзыреттіліктің түрі әлеуметтік ретінде анықтала алмайды. Мысал ретінде тұрмыстық техникаларды жөндеу аумағына көңіл аударамыз. Тұрмыстық техникаларды жөндеу жұмыстарын жүргізудегі құзыреттіліктер әлеуметтік болып есептелуі мүмкін бе? Әрине, жоқ. Аталған мысалда маман электр құралдарын жөндеуге байланысты мәселелерді шешеді. Бұл мәселе техникалық деп те аталуы мүмкін. Және де маман ең болмаса өзінің когнитивті қабілеттерін өзектендіре білуі қажет, ал бұл мәселенің шешімі тым болмағанда бұл тұрмыстық аспаптарды қолданатын адам өмірін қалыпқа келтіріп, жеңілдетеді де осы жердегі құзыреттілік кәсіби ретінде анықталуы мүмкін, бірақ, әлеуметтік емес.

Құзыреттілік сипаттамасы негізінде мұндай мәселелер емес, осы мәселелермен анықталған байланыс пен қарым-қатынас көрініс табады. «Әлеуметтік құзыреттілік» түсінігі мазмұнына әлеуметтік байланыстар және өзара байланыстар, әлеуметтік іс-әрекет, өзара әрекет ету және қарым-қатынас, әлеуметтік реттелу кірістіріледі. Мәніне қарай, әлеуметтік құзыреттілік қалыптасқан әлеуметтік жағдайға байланысты адамға өзіндік жүріс-тұрысын икемді етіп өзгертуге мүмкіндік беретін тиімді жүріс-тұрыс ретінде көрінеді.

Соңғы жылдары оқушыларда әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуы, оның құрылымының негізделуі және анықталуы мәселесі түрлі ғылыми білім аумағында өзіндік көріністерін табуда:

- психологияда–жеткіншектік жастағы әлеуметтік даму ерекшеліктерін ескерумен (Л.М. Фридман, Д.И. Фельдштейн және т.б.);
- педагогикада–оқушының әлеуметтену, оның субъектілі ұстанымының қалыптасуы ұстанымымен (Л.Н. Боголюбов, Е.В. Бондаревская, Т.Н. Мальковская, М.И. Шилова және т.б.);
- әлеуметтік педагогикада, тұлғаның әлеуметтік ортадағы өзара іс-әрекеті ерекшеліктерін, жоғары сынып оқушыларының ортаға бейімделу ерекшеліктерін қарастырады (В.Г. Бочарова, М.А. Галагузова, И.А. Маврина және т.б.) [2; 6 б].

Рухани – адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – баланы құрметтеу. Әрбір оқушы өзін-өзі рухани жетілдіру үшін өзін тәрбиелеуге өздігінен білім алуға ұмтылуға қажет екендігін түсінуі тиіс. Өзін-өзі тану сабақтарында оқушы ықпал ету объектісі емес, ынтымақтастыққа қызмет ететін тұлға. Сабақтың негізгі ерекшелігінің өзі де – оқушылардың үнемі қарым-қатынаста болатындығы. Балалар өзі туралы, өзінің ішкі ойлары, көзқарасы, кез-келген іс-әрекетке қарсы ойын немесе пікірін білдіре алады. Мектептегі құрбыларымен неғұрлым интенсивті қарым-қатынас жасайтын кезең болғандықтан, жоғарыда айтылғандай жарасымды қарым-қатынас олар үшін ең басты және маңызды болып табылады.

Өзін-өзі танудың негізі – әдебиеттен, тарихтан, өмірден алынатын сөзсіз. Бірақ ол – әдебиет те емес, тарих та емес, әдеби шығарма, тарихи оқиға, сол арқылы балаға не беруіміз керек, сол мақсатқа жету

үшін жұмыс жүргізіледі. Осы тұста біз, өзін-өзі тану сабақтары барысы арқылы оқушыларда әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін мектептің 5-7 сыныптарындағы сабақ тақырыптарын талдайық:

1-кесте

«Өзін-өзі тану» пәні сабақтары барысы арқылы оқушыларда әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін мектептің 5-7 сыныптарындағы сабақ тақырыптары

Сабақтар	Сабақ тақырыбы	Ұғымдар	Жеке тұлғаның сабақ барысында қалыптасатын құзыреттіліктері
19 сабақ	<i>Адам еңбекпен шыңдалады</i>	Шыдамдылық, төзімділік, табандылық, еңбек	Әлеуметтік құзыреттілік, Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі, Ақпараттық құзыреттілік, Коммуникативтік құзыреттілік
20-21 сабақ	<i>Сенім – менің серігім</i>	Сенім, қарым-қатынас, қоғам, сенімділік, достық	Әлеуметтік құзыреттілік, Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі, Ақпараттық құзыреттілік, Коммуникативтік құзыреттілік
22 сабақ	<i>Сабырлылық пен ұстамдылық</i>	Сыпайылық, сабырлылық, өзін-өзі ұстай білу, сабырлылық, ұстамдылық	Әлеуметтік құзыреттілік, Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі, Ақпараттық құзыреттілік, Коммуникативтік құзыреттілік
23-24 сабақ	<i>Адалдық пен әділдік</i>	Қарым – қатынас, адамгершілік, адалдық, әділдік	Әлеуметтік құзыреттілік, Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі, Ақпараттық құзыреттілік, Коммуникативтік құзыреттілік. Өз ісіне, сөзіне адалдық, әділдік, шынайылық

5-сынып[3]

2-кесте

«Өзін-өзі тану» пәні сабақтары барысы арқылы оқушыларда әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін мектептің 6 сыныптарындағы сабақ тақырыптары

Сабақтар	Сабақ тақырыбы	Ұғымдар	Жеке тұлғаның сабақ барысында қалыптасатын құзыреттіліктері
12-13 сабақтар	<i>Бауырмалдық және кеңпейілдік</i>	Кеңпейілділік, бауырмалдық	Әлеуметтік құзыреттілік, Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі, Ақпараттық құзыреттілік, Коммуникативтік құзыреттілік Мейірімділік, қамқорлық (сезімдер) Қайырымды, кешірімді (қасиет)
14-15 сабақтар	<i>Жанашырлық жанға қуат</i>	Жанашырлық	Әлеуметтік құзыреттілік, Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі, Ақпараттық құзыреттілік, Коммуникативтік құзыреттілік. Сезімталдық, қамқорлық (сезімдер)
16 сабақ	<i>Ынтымақ түбі – береке</i>	Ынтымақ	Әлеуметтік құзыреттілік, Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі, Ақпараттық құзыреттілік, Коммуникативтік құзыреттілік. Ұйымшылдық, береке – бірлік, татулық

6-сынып[4]

3-кесте

«Өзін-өзі тану» пәні сабақтары барысы арқылы оқушыларда әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін мектептің 7 сыныптарындағы сабақ тақырыптары

Сабақтар	Сабақ тақырыбы	Ұғымдар	Жеке тұлғаның сабақ барысында қалыптасатын құзыреттіліктері
1	2	3	4
17-18 сабақтар	<i>Ғаламшар газеттары</i>	Дұрыс іс-әрекет (құндылық), ғалам, болмыс, жаратылыс	Әлеуметтік құзыреттілік, Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі, Ақпараттық құзыреттілік, Коммуникативтік құзыреттілік. Жасампаздық, ізгі қарым-қатынас

			сезімдері; қызығу, іздену, құштарлық қасиеттері;
23-24 сабақтар	<i>Адамның азаматтық тұлғасы</i>	Құрмет, жауапкершілік, достастық, дін, діл және мәдениет	Әлеуметтік құзыреттілік, Проблеманың шешімін табу құзіреттілігі, Ақпараттық құзіреттілік, Коммуникативтік құзіреттілік
25-26 сабақтар	<i>Өмір, қымбатсың маған</i>	Өмірге құштарлық, өмір	Әлеуметтік құзыреттілік, Проблеманың шешімін табу құзіреттілігі, Ақпараттық құзіреттілік, Коммуникативтік құзіреттілік. Өмірді сүйе білу, қадірлеу, өмірді мәнді өткізу

7-сынып [5]

4-кесте

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі бойынша «Өзін-өзі тану» сабақтарында кездесетін ұғымдар жіктелімі

Ұғымдардың жіктелімі	Ұғымдар және олардың сипаттамасы	«Өзін-өзі тану» пәні сабақтарындағы көрінісі
Мінез-құлыққа байланысты әлеуметтік ұғымдар	<ul style="list-style-type: none"> – Айлакерлік – Ақ көңілділік – Ақжүректілік – Аңқаулық – Арамзалық (ж) – Ар-ұят (ұғым) – Әбестік (ж) – Әңгүдік (ж) – Әпербақандық (ж) – Бейбастақтық(ж) – Бейқамдық (ж) – Биязылық – Бойкүйездік (ж) – Дандайсу (ж) – Жағымпаздық(ж) – Кішіпейілділік – Қарапайымдылық – Қиқарлық (ж) – Қыңырлық (ж) – Мақтаншақтық (ж) – Мінез-құлық(ұғым) – Содыр мінез-құлық (ұғым) 	<p>5-сынып</p> <ul style="list-style-type: none"> – 19 сабақ «Адам еңбекпен шыңдалады» – 20-21 сабақ «Сенім – менің серігім» – 22 сабақ «Сабырлылық пен ұстамдылық» – 23-24 сабақ «Адалдық пен әділдік <p>6-сынып</p> <ul style="list-style-type: none"> – 12-13 сабақ «Бауырмалдық және кеңпейілдік» – 14-15 сабақ «Жанашырлық жанға қуат» – 16 сабақ «Ынтымақ түбі береке» <p>7-сынып</p> <ul style="list-style-type: none"> – 17-18 сабақ «Ғаламшар ғажаптары» – 23-24 сабақ «Адамның азаматтық тұлғасы» – 25-26 сабақ «Өмір, қымбатсың маған»
Әдепке байланысты әлеуметтік ұғымдар (мораль)	<ul style="list-style-type: none"> – Адалдық – Адалдық пен арамдық(ж) – Адамгершілік – Аманат – Арсыздық (ж) – Атаққұмарлық (ж) – Әдепсіздік (ж) – Әдептілік – Әділдік – Әділеттілік – Жауыздық (ж) – Залым (ж) – Инабаттылық – Инабатсыз, дөпір(ж) – Көлгірлік(ж) – Қиянат (ж) – Мейірбандық – Обал – сауап (ұғым) – Өзімшілдік (ж) – Парыз (ұғым) – Ұят (ұғым) – Ізгілік (ұғым) – Ілтипат (ұғым) – Ізеттілік (ұғым) 	<p>5-сынып</p> <ul style="list-style-type: none"> – 19 сабақ «Адам еңбекпен шыңдалады» – 20-21 сабақ «Сенім – менің серігім» – 22 сабақ «Сабырлылық пен ұстамдылық» – 23-24 сабақ «Адалдық пен әділдік <p>6-сынып</p> <ul style="list-style-type: none"> – 12-13 сабақ «Бауырмалдық және кеңпейілдік» – 14-15 сабақ «Жанашырлық жанға қуат» – 16 сабақ «Ынтымақ түбі береке» <p>7-сынып</p> <ul style="list-style-type: none"> – 17-18 сабақ «Ғаламшар ғажаптары» – 23-24 сабақ «Адамның азаматтық тұлғасы» – 25-26 сабақ «Өмір, қымбатсың маған»
Адамгершілік дәстүрлеріне байланысты әлеуметтік ұғымдар	<ul style="list-style-type: none"> – Азаматтық – Арлану – Гуманизм 	<p>5-сынып</p> <ul style="list-style-type: none"> – 19 сабақ «Адам еңбекпен шыңдалады» – 20-21 сабақ «Сенім – менің серігім»

<ul style="list-style-type: none"> – Мейірімділік – Мораль (ұғым) – Опасыздық (ж) – Өсиет (ұғым) – Пәтуә (ұғым) – Рақым (ұғым) – Сауап (ұғым) – Тағылым (ұғым) – Тәубе (ұғым) – Тектілік (ұғым) – Тиым (ұғым) – Ұлтжандылық (ұғым) – Ұлт (ұғым) – Шапағат (ұғым) – Ырым (ұғым) 	<ul style="list-style-type: none"> – 22 сабақ «Сабырлылық пен ұстамдылық» – 23-24 сабақ «Адалдық пен әділдік» – 6-сынып – 12-13 сабақ «Бауырмалдық және кеңпейілдік» – 14-15 сабақ «Жанашырлық жанға қуат» – 16 сабақ «Ынытмақ түбі береке» – 7-сынып – 17-18 сабақ «Ғаламшар ғажаптары» – 23-24 сабақ «Адамның азаматтық тұлғасы» – 25-26 сабақ «Өмір, қымбатсың маған»[6]
---	---

Бүгінгі күні құзыреттіліктердің біркелкі жіктелуі және де адам бойында қанша немесе қандай құзыреттіліктердің қалыптасуы керек туралы біртекті көзқарастар жүйесі әзірге жоқ. Алайда, әлеуметтік құзыреттіліктердің түрлері мен формаларына қатысты түрлі пікірлердің көптігіне қарамастан, жалпы оның құрылымын анықтауға негізгі екі тұғырды бөліп көрсетуге болады.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттеріне оқыған дәрісі: // Егемен Қазақстан. – 2009. – 13 қазан.
2. Рахматуллин.Р. Я.Формирование социальной компетентности учащихся в условиях обновляющейся информационно-образовательной среды (на материале учебных дисциплин социально-гуманитарного профиля): аналитический доклад. – М.:ИСП РАО, 2010. – 36 с.
3. Өзін-өзі тану. Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. \ А.Сейтақов, Ж.Қажығалиева. Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2010. – 192 б.
4. Өзін-өзі тану. Жалпы білім беретін мектептің 6-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. \ Б.Ә. Әрінова, Р.О. Ізғұттынова, Ж.Ж. Әкімбаева. Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2010. – 240 б.
5. Өзін-өзі тану. Жалпы білім беретін мектептің 7 – сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. \ Б.Әрінова, Р.Ізғұттынова Ж.Әкімбаева, Ж.Қажығалиева. Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2010. –
6. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі : Педагогика және психология/ Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми –баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ. Құсайынов – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. – 256 б.

*Г.К. Сулейменова, Б.И. Оралова,
«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы*

ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ

Елімізде болып жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени-этникалық өзгерістер халыққа білім беру мен тәрбие ісінің мазмұнын түбегейлі өзгертуді қажет етіп отыр. Бүгінгі өмірді жалғастырушы ұрпақ бұл қоғамнан өзінің келешегіне не ала алады деген сұраққа жалпы қауым болып жауап іздестіруде. Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі бірінші міндет – ол дүние жүзі елдерінде жастарды бейбітшілік рухта ынтымақтастыққа, руханилыққа тәрбиелеу және әлемдік мәдениет пен әр халықтың ұлттық мәдениетін кіріктіре меңгерту. Екіншіден, жастардың бойындағы адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, сөйтіп тәрбиелей отырып оқыту. Үшіншіден, білім беру жүйесінің басым бағдарын жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғысынан кемелденуіне көңіл бөлу. Бүгінгі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік менталитетін, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуға тырысуда. Бізді де осы үрдістен алып шығар – ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыз және білімді ұрпақ. Біз интернет жүйесімен, жаңа озық технологиямен, тіпті ғарышты игерумен де әлемді таңқалдыра алмаймыз. Санаулы жылдардан кейін еліміздегі барлық мектептердің материалдық – техникалық базасы әлемдік стандартқа сай болатынына шүбәміз жоқ. Сонда басқа елдерден немен ерекшеленеміз? Әрине ұлттық мәдениетімізбен, әдет-ғұрпымызбен, тіліміз, қазақы менталитетімізбен ерекшеленеміз. Осы тұрғыда білім үрдісінде ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына

енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді мұрат етіп отыр. Бұл орайда білім мазмұны арқылы бала рухын тербететін, жанын елжірейтін, масаттандыратын, ар намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ақ көңілділікке ұмтылдыратын – нағыз ұлттық, қазақша сөйлейтін, өз бойынан ата – бабасының қаны мен рухын сезінетін, өз халқының би, батыр, шешен даналарының өнеге – үлгісін ұстанатын, міне осындай бойына қуат жинаған жас ұрпақ келешекте бәсекеге қабілетті, тәуелсіз еліміздің қорғаны болары сөзсіз. Ендеше қазақстандық білім моделі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді, іскер білгір де білікті етіп өсірумен қатар оның адамгершілік бомысын, ішкі жан дүниесін орнықты түрде қалыптастыру болмақ. Осы тұрғыда ұлттық құндылықтарымыз бен қазіргі кезде сабақтарда қолданылып жүрген жаңа технологиялардың ең тиімді элементтерін биология сабақтарында пайдалана отырып жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Елбасының халыққа арнаған Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз және оны қалыптастыру біздің басты міндетіміз» деген сөзін басшылыққа ала отырып, «Менің Отаным – Қазақстан» деп ойлайтын әрбір азамат ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытатын тәрбие жұмысын жүргізуге міндетті. Қазақстан үшін білім мазмұнын жаңарту мен ақпараттық өркениеттің талаптарына сай етіп лайықтап, жаңа педагогикалық технология мен инновациялық қызметтің әлемдік деңгейін қамтамасыз ете отырып, оны қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтарымен үйлестіре отырып, тәрбиелейтін ұлттық білім жүйесін құру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан-ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрлермен, өнегелі әдет-ғұрыппен, үлгілі жөн жосықпен, әдепті ырым, тиыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсіріп отыр. Қазақ халқының әлеуметтік өмірін, тұрмыс ахуалына сәйкес қалыптасқан ырым-тиымдар бұлжытпай орындайтын заң ретінде қабылданып, баланы иманды болуға, кесепаттан аулақ болуға тәрбиелеген. Яғни, әрбір жасқа ұлттық тәрбие мен ұлттық идеология әрқашан серік болуға тиіс. Сонда ғана олар бабалар ізімен жүрген болады, бабалардың алдындағы борышын өтеген болады. Жалпы әр ұлттың өсіп, жетіліп келе жатқан жеткіншек ұл-қыздарының өз елінің тілін, ділін, әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын, мәдениетін жете меңгерулеріне де бірден-бір атсалысатындар да осы күнгі ұстаздар мен тәлімгерлер. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін: – жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту; – ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани мәдени мұраларды қастерлеу; – жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қарттар үйіндегі аталар мен әжелер, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын-алып, болдырмаудың негізгі жолы. Сабақты үнемі бір сарынды, бір деңгейде ұйымдастыру, баланың тез шаршауына, қабылдау мен ойлау әрекеттерінің тоқырауына, қызығушылығының төмендеуіне әкеліп соғады. Сондықтан пәндерді оқытуда да, сыныптан тыс жұмыстар жүргізгенде де жаңа технология элементтерін негізге ала отырып жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруді, қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы түсінік беруді, пайдалы, қажетті дүниелерді үнемі насихаттап отыруды дағдыға айналдыру қажет. Қазіргі Қазақстанның білім аясының ахуалы ұлттық рухтағы бағдарларды, адами құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, ойлау тәсілі мен тілді жаңғыртуды талап етеді. Дамыған елдерден қалмай отырып, Еліміздің ұлттық білім жүйесін қалыптастыру керек. Бұл білімді техникалық ақпараттық қамтамасыз етудің әлемдік деңгейіне жету мен жалпыадамзаттық құндылықтарды дәстүрлі ұлт жүйесімен байланыстыру арқылы қол жеткізуге болады. Осы жерде зерттеуге ұсынылып отырған идея әлемдік практикада өз тәжірибесін берген құбылыс болып табылады. Қазіргі әлем әдебиетінің ХХІ ғ. ұсынған құндылықтары: адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, толеранттылық, орнықты даму және т.б. Мәдени сабақтастыққа негізделген Жапония, Оңтүстік Корея, Кувейт, Бразилия елдерінің әлеуметтік тарихи тәжірибесі дәстүрлі құндылықтармен заман талабына сай мәдени жаңашылдықтарды үйлесімді біріктірудің өркениеттілікке жету жолының мүмкіндігін көрсетеді. Қазақ халқының да мыңжылдық көшіне қосатын мәдени құндылықтар жетістіктері жеткілікті. Педагогикалық сөздікте «Құндылық» – адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарымқатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін қайырымдылығы, тұрақтылығы, мейірімділік тәрбиесі» делінген. Педагогикада «Құндылық» оқу мен тәрбие жұмысы арқылы жүзеге асады. Ал ұлттық құндылық белгілі бір ұлтқа тән, адам болмысындағы, қарым қатынасындағы адами құндылықтың, ұлылықтың жетілген жемісі. Құндылықтар жүйесі белгілі әлеуметтік-этникалық қауымдастықта қалыптасып дамитын болғандықтан ол ауқымдағы мәдени, тілдік, идеялық, мұраттық маңызы зор. Ұлттық құндылық дегеніміз – адамзаттық құндылықтардың құрамдас бөлігі және әр ұлттың қоршаған табиғат ерекшеліктеріне қарай өмір салты негізінде ғасырлар

бойы жинақталған тұрмыстық және рухани мұрасы. Елді елден, халықты халықтан айыратын бірденбір белгі – оның ұлттық құндылықтары. Қазіргі кезең – ұлттық құндылықтардың жойылып бара жатқан кезі. Ұлттық құндылықтар ұлттық идея негізінде құралады. Біз, ұстаздар кез келген пән сабақтарында халық даналығын, құдіретті сөз зергерлері – жыраулар мен шешендердің, ақындардың нақыл, өсиет сөздерін, классик жазушыларымыздың қанатты сөздерін ұлттық санамызға тығыз байланыстыра отырып пайдалану арқылы білім беруіміз шарт. Осы орайда, негізгі көңіл бөлетініміз: тілге қабілеттілікті дамыту халық педагогикасының өзекті арналарымыздың бірі болып табылады. Қысқасы, әрбір ұстаз өзі өтетін әр сабақты қазіргі заман талабына сай қазақ этнопедогогикасы және оның негізі халық педогогикасымен байланыстыра отырып оны тәрбиемен ұштастыра білім берсе, өз елін сүйетін жастарды әрі ұлттық рухы қалыптасқан өскелең ұрпақты даярлап шығара алмақ. Бұған бұрынғы ата – бабаларымыз айрықша көңіл бөліп, ұрпағының білімді, ойлы да байсалды болуын мақсат етті. Мұны біз бала бойына сіңіре отырып білім нәрімен сусындата алсақ, ұтарымыз көп. Ал бұл асыл мұраларымызды бала тәрбиесінде орынды пайдалана білу әр ұстаздың біліміне байланысты. Ол үшін өзіміз білімді әрі білікті болуымыз керек. Сонда ғана ұлттық білімді қалыптастыра аламыз. Демек, оған қол жеткізу өз қолымызда. Жаңа дәуірдегі «қазақ ұлттық мектебі» дегеніміз қандай мектеп, оның негізгі қызметі, мақсат-мүддесі, ұстанымдары мен тұғыры қандай, ол қай бағытта жұмыс жасауы қажет? Сонымен ғылыми педагогикалық тұрғыдан жүйелі зерттелуі, қазақ ұлттық мектебінің теориялық – әдіснамалық негізін, ғылыми– тұжырымдамалық ұстанымдары мен модельдік үлгілерін, даму үрдісін анықтау талап етілуде. Қай ұлттың, қай халықтың болсын кемеліне келіп толысуына, рухани өсуіне, әдебиет мәдени дамуына басты ықпал жасайтын негізгі тірек-ұлттық мектеп. Қазақ тілінде оқытатын мектептердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін, дінін қастерлейтін және оны жалпы адамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Қазақстан үшін білім мазмұнын жаңарту мен ақпараттық өркениеттің талаптарына сай етіп лайықтап, жаңа педагогикалық технология мен инновациялық қызметтің әлемдік деңгейін қамтамасыз ете отырып, оны қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтарымен үйлестіре отырып, тәрбиелейтін этностық-мәдени білім жүйесін құру – бүгінгі күннің келесі мәселесі. Ұлттық тіл – әр халықтың өзіндік ой-санасы мен парасатын, бүкіл болмыс тіршілігі мен сезім-түсінігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші күретауы. Онсыз халық аты бар да, заты жоқ тобыр болмақ. Жан-жақты мәдениетті тұлға – беделді тарихи сана иесі. Нақ осы тарихи сана этностық та, жалпы мемлекеттік те сананың негізі болып табылады. Айналып келгенде, тарихы бар халықтың ертеңі нұрлы болмақ. Сабақтарда қолданатын жаңа технология және ұлттық элементтерді бірнеше топтарға бөліп, жүйелеуге болады.

1. Сөзжұмбақты сабақта қолданған кезде сабақтың мазмұнын ашу үшін қандай да бір ұлттық элементтердің сөздерін келтіруге болады. Сабақта сөзжұмбақтарды пайдалану оқушыларды ойлауға, тапқырлыққа, байқампаздыққа баулып, көп білуге, жан – жақты ізденуге ынта-жігерін арттырады.

2. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда ұлттық ойындар және ұлттық тағамдардың маңызы өте зор екенін оқушылардың санасына жеткіземіз. Ұлттық ойындардан асық иіруді оқушыларды тарауды қайталаған кезде қолданған тиімді.

3. Киіз үйдің құрылысы. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап қазақ мемлекетінің жеке шығуы ұлттық мәдениетін, оның ішінде киіз үй қадірі мен орнын өз дәрежесінде қайта көтеріп, ұлы бабаларымыздың киелі рухының қайта дәріптелуі, оларға лайықты ас пен тойлардың, соған сәйкес ұлттық мәдениеті рөлінің артуы киіз үйге құрылысы, оған қойылатын ұлттық бұйымдар туралы түсіндіру үшін алдын ала олардың аттарын конвертке салып, дайындап қойған жөн.

4. «Сөздің көркі – мақал». Қазақ халқы – ежелден сөз қадірін біліп, қасиетті сөздерді қастерлеп аузынан тастамай, өнеге ретінде данышпандығын өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп, келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққан мәтелдер мен мақалдарды ретіне қарай қолдану ұрпақ тәрбиесіне көп себебін тигізеді. Сондықтан барлық салт-дәстүрлерімізге байланысты мақал-мәтелдерді сабақтарда көптеп қолдануға болады.

а) Ата-бабамыздың өсімдіктерді ежелден қастерлеп, қадір тұтып келгендігіне өсімдіктерге арналып қойылған адам, жер – су аттары дәлел. Осыған байланысты шөп, жер, су, аң, құстардың аттарын жеке жинақтап, кейбір тақырыптарды өткенде сөзжұмбақтарға қолданған тиімді.

ә) Қазақ халқының ата – кәсібі мал өсіру болғандықтан төрт түлік мал туралы және олардан алынатын өнімнің пайдасын қалай қолданып келгені туралы, құстар мен табиғаттағы аңдарды қалай қорғап, олардың кейбір ерекшеліктерін пайдалана білгенін оқушыларға қосымша түсініктемелер беріп отыруға болады. Мысалы: үкі тырнағы, кірпі тікені, борсық ішегі, т.б. Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден- бір дара жолы – білім жүйесі. Қазақстан Республикасы «Білім туралы»

Заңының 8– бабында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерістерін технологияландыру мәселесі қойылып отыр. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, білім алушыны өзіндік жұмыс атқаруына және ең басты мәселе – білім сапасын арттыруға көмектеседі. Қазіргі оқыту барысында оқытушы қолданып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған. Білім беруде қолданыс тапқан жаңа инновациялық технологиялар мыналар: Саралап-деңгейлеп оқыту; Лысенкованың тірек сигналдары арқылы жеделдете оқыту; Ізгілендіру технологиясы (білім алушының өзін – өзі тану, қабілет қызығушылығын дамыту, тәрбие негізгі роль атқарады, салауатты өмір салты, сенімділікпен қарау, күштеусіз шығармашылыққа жетелеу); Проблемалық оқыту технологиясы (проблемалық жағдаят туғызу); Сын тұрғысынан ойлау технологиясы; Кейс технологиясы (Кейс амал-тәсілінде басты назар білім алушылардың ұсынылған шынайы немесе қиялдық жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беруі, өзінің ой-пікірін нақты әрі толық айтып беруі, т.б.); Модульдік оқыту технологиясы; Ұжымдық оқыту технологиясы. Осы инновациялық технологиялар негізінде оқытушы мен білім алушы мынадай нәтижеге қол жеткізеді: Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың мәнін терең ашуға көмектеседі; Білім алушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады; Әрбір білім алушының деңгейі анықталады; Білім алушыларды түгел бағалауға болады; Білім алушылардың жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады. Қазіргі таңда оқытушыларға осы педагогикалық жүйені дамыту, оны тәжірибеде пайдалану шарт. Бұл жетістіктерге арнайы курс, тәжірибе алмасу, біліктілігін арттыру оқытулары және жалықпай іздену арқылы жетуге болады. Қорыта айтқанда, біз тәрбиелеп отырған жеке тұлға білімді, білікті, іскер, еңбекқор, рухани жетілген, ұлттық болмысы шыңдалған, білімнің әлемдік кеңістігіне шыға алатындай әрі мейірімді болуы тиіс. Шығыс даналығымен айтсақ, «Біліммен қарулану – батырлық, білімді жетілдіру – даналық, ал оны тиімді қолдану – іскерліктің жоғарғы деңгейі».

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті– Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Бағзыбекова Н. Білім сапасын арттырудың алғы шарттары //«Қазақстан мектебі» №10, 2013 жыл.
3. Рахиева С. Инновациялық тәсілдер негізінде //«Қазақстан мектебі» №8, 2013 ж.
4. Игенбаева Б. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі. 2005 ж.

Д.С. Орынбекова,

Алматы энергетика және байланыс университеті

ДІНШІЛДІК ЖӘНЕ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ДІНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Мемлекеттің саяси-қоғамдық өмірінде діннің рөлін атқаратын факторлар – қоғамдағы идеологиялық жағдайлардың өзгеруі, әлеуметтік-мәдени дамудың жаңа шарттарын қалыптастыру, рухани бағыттаушылардың алмасуы, өз-өзін танудың соншалықты дамуы болып табылады. Әлеуметтану ғылымы діни танымды әлеуметтік шындық ретінде іс жүзінде қолданылатын дүниетану, жеке тұлға мен топтардың қоғамдық жүріс-тұрысын реттеуші жүйелердің бірі ретінде зерттеледі.

Сарапшылардың пікірі бойынша, Қазақстан халқының арасында соңғы жылдары басымдылық көрсеткен діншілдікке бетбұрыстың өсуі өткінші кезеңдегі жаппай танымдық негізде ұқсастық межелерінен шайыну арқылы таза болу ниетін білдіру әрекеттерімен байланыстырады. Діннің адамзат тарихының ең маңызды факторларының бірі екендігіне ешкімнің дауы жоқ екендігіне еш күмән жоқ. Дінді күрделі де көп деңгейлі әлеуметтік құрылыс, қоғамның қасиеттілікке мұқтаждығымен анықталатын тіршіліктің мәні мен құдіреті ретінде сипаттауға болады. Әлеуметтанудағы функционализмнің негізін салушы Э.Дюркгейм діннің басты қызметі қоғамның бірігуін нығайтумен, қоғамдастықтың барлық мүшелерінің салт-ережелерді бірге орындауының арқасында оның барлық мүшелерінің ынтымағын дамытумен және бекітумен байланысты деп есептейді. Дәстүрлі іс-әрекеттердің орындалуы барысында жеке адамдар киелілікті бірыңғай ұғынуға негізделген жақындық пен бірлік түйсігін кешеді.

Дін қоғамдық құбылыс ретінде қоғамдастықтың мүшелері – бөлек жеке тұлғалардың сенімдерімен жанға тыныштық беретіндігі баршаға мәлім. Сенім мен діншілдіктің бір-бірімен байланысы қандай? Сенім – діншілдікпен тепе-тең синоним емес. Сенім – бұл жеке адамның қандай да бір мағлұматты оның анық шындығының ешбір дәлелінсіз қабылдау қасиеті. Діни сенім, сәйкесінше, мысалы конфессиялық догматика секілді діни мазмұнды аксиомалы ақиқат дерек түрінде қабылдау қасиеті.

Бұның барлығы діни сала – жалпы түрде қоғам мен рухани саланың өте маңызды бөлігі екендігін білдіреді. Сондықтан қоғамның діни өмірін, әсіресе жалпы түрдегі қоғамның діншілдік дәрежесі мен мазмұнын үйрену маңызды мәселе болып табылады. Мәліметтердің көрсеткішінің күйі туралы деректер қоғамның бүкіл мәдени салаларын ұғынудың кілті және бұндай құбылысты идеология ретінде зерттеу мен оқып білудің қажетті шарты болып табылады.

Мүмкін, сіздің көзқарасыңыз бойынша адам дінсіз адам болмас еді, мүмкін онсыз да адам бұдан да артық кемелге ие бола алар екендігін табандылықпен дәлелдеуге болатын еді. Дін – адамзат өмірінің ақиқаты, тек осылай ғана қабылдауға тура келеді. Дін қоғамның рухани дағдарысының күшеюі тұсында тарихи арнаға шықты, діни ренессанс діни руханилыққа өзіндік қайтып оралуға себепкер болды. А.Г. Здравомыслов жеткілікті түрде әділ айтқан: «... шеттетілген және жартылай тыйым салынған мешіттер қысқа мерзімде рухани тартылыстың қуатты орталығына айналды. Сенім білдірушілердің саны түбегейлі ұлғайды: мұсылмандық мерекелер қайтадан халық өмірінің уақиғасына айналды; бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттің лауазымды адамдарының діни мейрамдарға қатысқандығының көрнекілігін жеткізді, «исламға табынушы қызметкер» лауазымы қоғамдық пікірі бойынша зор мәртебелілердің бірі болды»[2]. Жастар арасындағы дін туралы жастардың діни құндылықтар мен жүйелерге қатысу деңгейін анықтайтын әлеуметтануының орталық ұғымы «жастардың діншілдігі» атауымен түсіндіріледі.

Зерттеулердің көрсетуі бойынша саяси институттарға қарағанда респонденттердің көпшілігі діни институттарға сенім артады екен. Бұның барлығы діни сала – жалпы түрде қоғам мен рухани саланың өте маңызды бөлігі екендігін білдіреді. Сондықтан қоғамның діни өмірін, әсіресе жалпы түрдегі қоғамның діншілдік дәрежесі мен мазмұнын үйрену маңызды мәселе болып табылады. Мәліметтердің көрсеткішінің күйі туралы деректер қоғамның бүкіл мәдени салаларын ұғынудың кілті және бұндай құбылысты идеология ретінде зерттеу мен оқып білудің қажетті шарты болып табылады.

Бүгінгі студенттер – бұл қоғамның ертеңгі негізі. Дегенмен бүгін де студенттер – күмәнсіз оқып үйренуді талап ететін қоғамның белсенді тобы. Студенттердің зерттеу объектісі ретінде ерекшелігі біріншіден, студенттердің мәдени және саяси дүниетанымдық ұстанымдары қалыптасып біткен не кейбірінің қалыптасу кезеңдері аяқталмаған, екіншіден, студенттер қоғамның мәдени және саяси өміріне белсенді түрде ықпал етуге әлі де қабілетті емес. Жастарға адамгершілік шикілік тән, психиканың қалыпты түрде функция атқармауы, өздерінің әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шеше алмауы, жеке тұлға болып орнықтауы және т.б. оларды іс жүзінде болып жатқан қарама-қайшылықтарды түбегейлі шешуді жорамалдайтын көзқарастарды игеруге арандатушылық жасайды.

Дін бір жағынан адамды қисынсыз үміттер мен елестер әлеміне әкетеді, ерік-жігерін әлсіретіп, кереметке сенімін арттырады және т.б., алайда, екінші жағынан адам бойында адамгершілік сезімдерін, жауапкершілікті, қайырымдылық әрекеттер жасауына ерік-жігерін оятады. Р.Яновскийдің пікірі бойынша, көрсетілген жақтардың ешқайсысын да даралап бөлуге болмайды, жеке әлеуметтік топтарға руханилықтың тууы бірден дінмен байланысты деп таңудың қажеті жоқ. Дінсіз адамның өзі де жоғары адамгершілік санатында бола алады (бұл дінге байланысты деп жауап бергендердің үлес саны 52,3%, ал, қалған 44,4% – мәдениет пен тәрбиеге байланысты деп жауап берген), ал сыртқа жария етіп жүрген діншілдік міндетті түрде адамгершілік кемелділікті куәландыра алмайды. Идеологиялық вакуум шартында рухани күйзеліс қарым-қатынастың үзілуі ретінде, сенім мен наным дағдарысы ретінде бақыланады. Бұл құбылысты Дюркгейм аномия ұғымымен сипаттаған. Дәстүр бойынша руханилық дәстүрлі мағынадағы дінмен теңестіріледі, алайда, бүгінгі әлеуметтану мен әлеуметтік философияда руханилықтың «әулиелік» нұсқасы қоғамның іргесі деп аталады. Қоғамның руханилығының деңгейі мен күйіне көптеген факторлар әсер етеді. Руханилық – жанның материалдық қызығушылықтан бөлек интеллектуалды, адамгершілік, рухани қызығушылыққа ие болуын құрайтын қасиеті.

Жауап алынғандардың көпшілігі – 50,25% – руханилық – бұл адамгершіліктік түсінік деп айқындаса, тек қана 30,3% – діншілдік теп таныған. Діншілдік адамның ішкі әлемімен, ішкі күйзелістерімен байланысты. Зерттеулер нәтижесінде студенттік жастардың діннің қоғамдағы рөлін жоғары бағалағаны анықталған; 54% – діннің қоғамға әсері өсуде және бұл өте жақсы көрсеткіш деп санаған. Осы кезде жауап алынғандардың 59% өздерін діни сенушілер ретінде таныған, 29% осы сұрақтың жауабын анықтай алмады. Олардың ішінде діни кітаптарды (Құран, Библия және басқа да діни кітаптар) оқымағандар саны 61% көп болды. Сенім артушылардың, мешітке тұрақты қатынап,

салттарын сақтап жүргендердің үлесі – 25,%. Сенім артпайтын, бірақ діни дәстүрлерді ұстанып жүргендердің саны – 8,7%. Қазақстандық жастардың діни теңдестірілуі «үстіртін» болғанымен, сенушілердің басым көпшілігі керенаулық сенушілер (56,2%) болып шықты, олар діни қауым өміріне қатыспайды екен.

«Бос уақытыңызда немен айналысқанды дұрыс санайсыз?» – деген сұраққа 9,15% адам «діни кітаптарды оқимын» деп жауап берген.

Жастардың дінге тартылуының бір себебі – жақсылыққа үміт арту болып табылады, психологиялық қолдау алу – 67% , өзін-өзі жетілдіру – 17,1% [3]. Жауап алынғандардың көп бөлігі «конфессия аралық толеранттылық» терминін өз және басқа да діншілдік көзқарасқа құрмет карау деп анықтап берді.

Қазіргі таңдағы әртүрлі зерттеулердің мәліметтері тіпті діншілдік туралы жастардың жалпы түсінігін бере алмады. Шаралардың біріне микроәлеуметтік факторларды жатқызады. Әлеуметтік зерттеулердің деректері діни айнала деп аталатын бірінші дәрежелі мағынасын куәландырды. Бәрінен бұрын, жақын туысқандарының арасындағы діншілдік. Ең бірінші отбасылық діншілдік ұйым (50,2%) және онымен байланысты діни дәстүрлер жастардың дінге араласуының негізгі себебі болып табылады. Мұнымен бірге, біріншілік діни білімдерді алуға әсер ету жағынан екінші кезекте жауап берушілер мектеп пен қатарластарын атаған – 23,7% . Және сонымен қатар жауап бергендердің 56,8% өздерінің сенім артпаушылығын діни тәрбие мен діни отбасылық дәстүрлердің жоқтығымен түсіндіреді, ал, 38,7% – ғылыми білімінің дінге сәйкессіздігімен түсіндіреді.

Қазақстан қоғамындағы толеранттылықтың дамуы жастардың діншілдік төзімділігінің қалыпта-суымен байланысты. Бұл елдің бастапқы қоры болып табылады, сондықтан бозбалалар мен бойжеткендерді діни секталарға тарту ауыр салдарларымен лаң туғызды. Сауалдама нәтижесі дау-жанжалдарды арандатушылар – біздің қоғамымызға жат жаңа діни ағымды таратушы діни миссионерлер деп санайды – 56,5%.

Қазақстандағы діни толеранттылықты анықтау мақсатымен келесідей сауал қойылды: «Сіздің пікіріңіз бойынша, Қазақстандағы әртүрлі діндерді жақтаушы және этникалық топтарды дау-жанжалсыз бірге өмір сүру себебі неде деп санайсыз?». Сауалдама мынадай нәтижені көрсетті: 31,5 пайызы (қалалық) және 28,7 пайызы (ауылдық) өзін-өзі іске асырудың Конституцияда көрсетілген құқықтары мен мүмкіндіктерінде десе, 27,9 пайызы (қаладан) және 30,8 пайызы (ауылдық) қазақ халқының өзге ұлттар халқымен достық қарым-қатынас жасай білуінде деген, сонымен бірге 13,1 пайызы (қалалық) және 15,8 пайызы (ауылдық) біздің қоғамымызда шиеленіскен ерекше менталитетте деп жауап берген. Және тек қана 9 пайызы (қалалық) және 6,5 пайызы (ауылдық) талқыға салынған мемлекеттің ұлтаралық және конфессияаралық саясатында деп санайды. Әлеуметтік зерттеулер нәтижесі жауап бергендердің басым көпшілігі «конфессияаралық толеранттылық» терминін өз және өзге де діни көзқарастарға құрмет көрсетушілік ретінде түсіндірді (63 пайызы). Қазақстандық жастардың өздерінің этникалық топтары мен конфессияларынан басқа топтарға сенім білдіру деңгейі өте жоғары – 79,1 пайыз.

Діншілдіктің белгілі бір деңгейі бар жастардан күйзелістердің рені (уайым, қуаныш, таңдану, ыза және т.б.) мен жоғары сезімталдылық байқалмады. Бұл адамдар оқудағы қиындықтарды оңай жеңе біледі, әртүрлі ассоциациялық компанияларға қызығушылық білдірмейді, моральдық төзімділік таныту арқылы әртүрлі кері іс-әрекеттерді сирек жасайды.

Дін және сенім жастарда маңызды орын алады. Дінді психологиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, дін адамның психологиялық қорғауын, өзіне сенім арту қабілетін арттырады. «Идентификация» сөзі психикалық анализ теориясының авторы З.Фрейдпен енгізілді. Идентификацияны түсіндіре кетсек, бұл өз тобына бағыныштылық пен онымен байланыс орнатуы, яғни теңдестіру жеке адаммен бірінші кезекте туысқан болып саналатын ортада: отбасында, әрі қарай этноста, кейін қарым-қатынас жасау дәрежесінің өсуімен байланысты өркениет деңгейіне дейін көтеріледі. Этникалық тепетендік – бұл жеке адамның өз этносымен ынтымақтастығы, діни тепе-теңдік – бұл сенім, дінге табыну және діни ұйым ретіндегі ынтымақтастығы.

Рухани өмірдегі әлемдік дінмен бекітілген маңызды принципі – бұл діни құтқару. Ол жеке тұлғалардың өмірлік жүріс-тұрыстары мен мінез-құлықтарына ықпал етті. Құтқару әрекеті адамның өзін зұлымдықтан құтқару секлді тілеген шекті күйі болып табылады. Студенттер өз пікірлерінде, яғни 21,4 пайызы «сенім ақыреттік өмірде құтқарады» деп айтқан. Әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастар қоғамның негізіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастарға тәуелді болып келеді деп тұжырымдауға болады. Қазақстан үшін дәстүрлі емес болып саналатын тоталитарлық секталардың жастардың өзіне деген сенімдеріне агрессияшыл саясат жүргізетін іс-әрекеттеріне аса зор назар аудару керек.

«Жаңа діни білімдердің кең таралуының себебі неде?» деген сұраққа студенттер былай деп көрсетеді: «дәстүрлі емес діндерді уағыздаушылар адаммен сұхбаттасуға шебер және әдеиеттерді таратады» және т.б. – 39,7 пайызды құрайды; «рухани босаңсу, материалдық қанағаттанбаушылық» – 29,5 пайызды құрайды; «қоғамның әлеуметтік мәселелірі» -27,5 пайызды құрады.

Қоғамды демократияландыру мақсатында жастардың құқықтық мәдениетін көтеруді жүзеге асыратын механизмдер мен шараларды құру қажет. Қоғамдық түсінікте діншілдік ұғымы аса зор. Жиі «діншілдікті» түсінік ретінде «руханилылық» деген түсінікпен алмастырып жатады, – бұл терминологиялық жағынан дұрыс емес, дегенмен қоғамда діннің қаншалықты маңызды орын алатындығын түйсіктік түсінік арқылы көрініп тұр. Нақты мемлекеттердің, қоғамның, адамдардың өміріндегі діннің қызметі бірдей емес. Екі адамды салыстырған жеткілікті шығар: біріншісі – қандай да бір қатал және оқшауланған сектаның заңдары бойынша жүреді, екіншісі – дінге тікелей бағынып, әулиелік сипаттағы өмір кешеді. Діншілдіктің сапалы көрсеткіштерін қарастыру кезінде зерттеушілер діншілдікті біріншілік және екіншілік деп бөледі. Біріншілік діншілдік, яғни конфессиялық – сенім білдірушілердің конфессияларға салыстырмалы түрде өзін-өзі анықтауы, басқаша айтқанда, сенім арттырушы өзін қай конфессияға жатқызады. Мысалы, осы сенушіге қарағанда өзін декларацияланатын конфессияға жатқызатын сенуші. Екіншілік діншілдік – бұл әрбір адам үшін оның нақты діни көзқарастарының жиынтығы. Біріншілік діншілдіктің қалыптастыру көзі этно-мәдениеттік өзін-өзі идентификациялау болса, ал, екіншілік діншілдіктің қалыптасу көзі ретінде жеке тұлға бар болатын мәдени шаралар болып табылады.

Жастардың санасындағы діннің орны мен қызметі туралы объективті түсінігі үшін келесіні есепке алу керек: тек қана құдайға сенушілер ғана емес, сонымен бірге басқа да дүниетанымдық діндерге сенушілер мен дінге тіптен сенбейтіндер өздерін дәстүрлі діндердің жақтаушылары ретінде таныған. Мұның себебі – діни мен ұлттық өзін-өзі танудың бір-бірімен тығыз байланысы.

Сауалдама жасалған жастардың сенімі терең әрі ұғынушылықпен орнатылған деуіміз екіталай болар. Жастардың көпшілігі діннің қоғамға әсерінің өсіп келе жатқандығын білдірді. Және бұл – көңіл көтерерлік жағдай. Дін маңызды әлеуметтік-мәдени феноменге айналуда. Мемлекет пен діни бірліктердің өзара қарым-қатынасының Қазақстанмен жасалған үлгісі сенушілердің бостандықтары мен құқықтарын құрметтеудің демократиялық принциптерінің, қоғамдық және діни қызығушылықтың тепе-теңдігінің, өзара түсіністікке ұмтылу мен серіктестіктермен қарым-қатынас жасау негізінде құрылды.

Әдебиеттер:

1. Абдирайымова Г. С. Студенческая молодежь как социальная группа: Автореф. на соиск. уч. степ. к. социол. н. – Алматы, 1999.
2. Здравомыслов А.Г. Социология конфликта. М.: Аспект пресс, 1996. С.157.
3. Орынбекова Д.С. Уровень религиозности студентов АУЭС (май 2017г.). – АУЭС. 2017.

А.М. Садыкова,

*Павлодар педагогикалық университеті
гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің доценті, PhD*

М.Б. Тоғайбай,

*Павлодар педагогикалық университетінің
«Тарих» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті*

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Бүгінгі күні жаһандану жағдайында әлем тез қарқынмен дамып, өзгеруде. Бұл өзгерістер қоғамның барлық салаларына өзінің ықпалын тигізуде. Еліміздегі білім беру саласы да бірқатар реформаларды жүзеге асырып, қоғамның болашағы үшін маңызды жаңа мақсат-міндеттерді алға қойып отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз», – деп атап көрсетті [1].

Қазіргі таңда бүкіл әлемдегі өркениетті дамыған елдердің басты көңіл бөліп отырған мәселесі – оқытудың жаңа технологияларын қолдана отыра, оқушыға жалпы бірдей қалыптасқан жан-жақты, дәстүрлі әдістермен әлемдік деңгейдегі озық технологиялармен салыстырылған, өмір тәжірибесіне ұштастырылған терең білім беріп, білікті маман даярлау [2] болып табылса, Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасында белгіленген басты мақсаттардың бірі «қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» болып көрсетілген [3].

Тарих ғылым және пән ретінде білімнің аса маңызды саласына жатады. Өйткені, ол бүкіл адамзаттың тарихын жүріп өткен жолын, жинаған тәжірибесін баяндайды. Қазақстан тарихы – жалпы тарихтың құрамдас бөлігі, бұл біздің туған Отанымыздың тарихы. Қазақстан тарихын оқытудың басты мақсаты – жастарды Отан тарихымен таныстыру, қазақ халқы мәдениетінің басты-басты жетістіктерімен сусындату, өткен тарихты өздігінше сын көзбен талдап, сараптай алатын, тарихи деректермен өз бетінше жұмыс істеп, білімін үнемі толықтырып отыратын, сол білімін күнделікті төмірде қолданып, қоғам пайдасына жарата алатын азамат тәрбиелеу. Елбасы «Қазақстан тарихын оқып-үйрену арқылы тәуелсіз Қазақстанның азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихи жолын ой елегінен өткізіп, «кеше кім едік, бүгін кіміз, ертең кім боламыз» деген төңіректе ойлансын» деген болатын. Бұл деген еліміздің болашақ ұрпағы үшін Қазақстан тарихын оқытуда мұғалімдерге зор жауапкершілік жүктейді. Қазіргі кезде тарих пәнін оқытуда бірқатар ғылыми-әдістемелік талаптар қойылады және да тарихшы мұғалімдер соларды мүмкіндігінше жүзеге асырып отырғанда ғана еңбектері жеміс беруі мүмкін. Тарихты оқыту үдерісінде мұғалім оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту жөніндегі бір-бірімен тығыз байланысты міндеттерді шешуі тиіс. Қазақстан жеріндегі адамзат қоғамының ерте заманнан бастап, осы күнге дейінгі дамуымен жан-жақты таныстыра, тарихи үрдістердің, құбылыстарды, оқиғалардың тек шындық тұрғысынан ғана баяндай отырып, оқушыларға ғылыми көзқарас қалыптастырады. Тарихи материалды сәтті іріктеп, оны сапалы оқыту арқылы оқушыларды жоғары адамгершілікке, ұлтжандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Қазақстан тарихы пәнінің өзіндік ерекшелігі мынада, қоғамдық дамуды зерттеуді қажет етеді, ұлт тарихына, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады, дүниетанымын кеңейтіп, саяси ойлауға жетелейді [4].

1995 жылы М.Қ. Қозыбаевтың басшылығымен дайындалған «Тарихи сана қалыптастыру тұжырымдасында» Отан тарихын жаңадан зерттеп-зерделеу, оқыту мәселелері көтерілді [5]. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ұлттық кодты сақтау маңызы баса атап өтілсе [6], «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында: «Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты», – деп, тарихи сананы жаңғырту мәселесіне көңіл аудартады[7].

Мектеп оқушыларының бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың мәнін тарихи білім контекстінде нақтылап, бұл процесте оқу пәні ретінде тарихтың педагогикалық әлеуетін жан-жақты ашып көрсету, мектеп оқушыларының бойында ұлттық сана-сезімді тиімді қалыптастырып, дамытудың әдістемелік негізін қарастырып, неғұрлым тиімді жолдарын анықтау маңызды болып табылады. Бұл практикалық тұрғыдан жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне пайдалы болатын еді. Тарих пәні сабақтарында олар аталған мәселені зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелерді оқушылардың оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерінде негізге алып, пайдалана алатын еді.

Өскелең ұрпақтың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мәселесін қарастырып, зерттеу барысында отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми зерттеулерін талдау, олардың ұлттық сана мәні мен құрылымы, ұлттық сана мен ұлттық сана-сезім арақатынасы, ұлттық сананың негізі болатын тарихи сананы қалыптастырудағы тарихи білімнің рөлі, тарихты оқыту барысында ұлттық-аймақтық компоненттің маңызы туралы ой-пайымдаулары мен тұжырымдары ғылыми-әдістемелік тұрғыдан біз үшін маңызды болып табылады.

Отандық тарихнамада тақырыпқа қатысты жалпы аспектілер әдіскер– ғалым Т.Т. Тұрлығұл [8], К.М. Төлеубаеваның [9] оқу және оқу-әдістемелік еңбектерінде қарастырылады. Авторлар мәселені тарихты оқыту әдістемесі негізінде қойылатын талаптар, мақсат-міндеттер тұрғысынан қарастырады.

Ұлттық сана-сезімнің негізі болатын тарихи сананы қалыптастыру жолдары және тарихты оқытудағы тарихи сананы қалыптастырудың маңызы туралы ой-тұжырым Г.Б. Қозғамбаева мен Н.К. Алпысбаеваның оқу құралында айтылады [10]. Ұлттық сана, ұлттың өзін-өзі тануы мәселелерінің теориялық негіздері тарихшы ғалым Қ.М. Атабаевтың, Х.М. Әбжановтың еңбектерінде қарастырылады [11]. К. Нарисбаевтың зерттеуінде білім беру жүйесінің ұлттық моделі, әлемдік өркениетті меңгерудегі ұлттық құндылықтардың рөлі мәселелері білім беру жүйесіндегі реформалар аясында талданып, қарастырылса [12], Б. Сатершинов тарихи сананың қалыптасуы мен дамуы мәселесін әлеуметтік-философиялық білім аясында талдайды [13]. Оқушылардың бойында патриотизмді дамыту мәселесіне көңіл бөлген әдіскер оқытушылардың ішінде Темирбекова Ж.А. [14],

Джантулина М.Т. жарияланымдарын атап өту қажет [15]. Сонымен бірге жалпы білім беретін орта мектептің 6-сынып оқушыларына арналған «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқу бағдарламасы [16], оқу-әдістемелік материалдар жинағы [17], сабақ жоспарлары қарастырылып, талданды [18;19].

Ресейлік тарихнамада тұлғаны қалыптастырудағы қызметтің жетекші рөлі туралы, оның даму деңгейін анықтайтын тұлғаның ішкі өзегі ретіндегі ұлттық сана туралы Б.Г. Ананиев [20], Б.К. Мухина [21], С.А. Ретенгер [22], Ю.С.Тюников [23] қарастырады. Әр түрлі жастағы балалардың ұлттық сана-сезімін дамыту мәселелері В.Ю. Ферцер [24], Ф.Ф. Харисов [25;26], Г.Ф. Хасанова [27], Л.М. Дробижева [28], Л.П. Чагай [29] еңбектерінде талданады.

Мектеп оқушыларының ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда тарихтың рөлі А.Н. Ардашев [30], Т.С. Буторина [31], Д.А. Данилов [32], Л.А. Ефимов [33], Ю.В. Лазарев [34], Р.Р. Муниров [35], А.Е. Сейненский [36], К.Н. Хабибуллин [37] сынды авторлардың еңбектерінде зерттеледі. Бұл еңбектерде тарихтың ұлттық-аймақтық компонентінің мазмұнына қатысты аспектілерге назар аударылады. Л.П. Прокошенкованың диссертациялық зерттеуінде аймақтық негізді білім берудің орта мектеп оқушыларының бойында ұлттық сана-сезімді дамытудағы рөлі ашып көрсетіледі [38]. Ғылыми-әдістемелік тұрғыдан және шетелдік (ресейлік) тәжірибені салыстырып, қарау бағытында қызығушылық тудыратын зерттеулердің ішінде оқушылардың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына қатысты Г.Д. Очировтың [39], Г.В. Щербакова [40] зерттеулерін атауға болады. Г.Д. Очиров бастауыш буын білім алушыларын негізге алып, мәселенің теориялық негіздерін, қалыптасуға ықпал ететін факторларды зерттеп, практикалық тұрғыдан өзіндік педагогикалық технологияны ұсынады.

Бұл жұмыстардың алуан түрлілігіне қарамастан, тарихты оқыту процесінде мектеп оқушыларының бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, оның ішінде ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың шарттары, тиімді жолдарын нақты, жан-жақты ашып көрсетететін және бүгінгі күні тиімді тәжірибелік ұсыныстар берер зерттеулер отандық тарихнамада әлі де жеткіліксіз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауы. 2007 жылғы 28 ақпан. – URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2007-zhylgy-28-akpan (жүгіну күні: 29.03.2021)
2. Жансүгірова К., Күнтубай А. Оқушылардың коммуникативтік қабілетін ойын арқылы дамыту // Қазақ тілі мен орыс әдебиеті орыс мектебінде. – №6. – 2017. – Б. 50-61.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – URL: <https://egemen.kz/article/154808-tabysty-boludynh-basty-factory-%E2%88%92-bilim> (жүгіну күні: 27.04.2021)
4. Мазтаева Д. Қазақстан тарихын оқытуға қойылатын талаптар // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – №11. – 2013. – Б. 34-38.
5. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017 жылғы 12 сәуір. – URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-aty-makalasy (жүгіну күні: 30.03.2021)
6. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. 2018 жылғы 21 қараша. – URL: <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalany-nh-dgeti-quyu> (жүгіну күні: 19.02.2021)
7. Қозыбаев М.Қ. Ұлттық тарихтың басымдықтары. Қазақстан Республикасындағы тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы. – Алматы, 1995.
8. Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.
9. Төлеубаева К.М. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды, 2014. – 214 б.
10. Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Өңд., толықт. екінші бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.
11. Атабаев Қ. Ұлт және тарих / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 232 б.
12. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тұлға, теория. – Алматы, 2004. – 344 б.
12. Нарыбаев К. Реформа высшего образования в Казахстане: статьи, выступления и интервью. Размышления о судьбе высшего образования. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 391 с.
13. Сатершинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФЖСИ КБО, 2011. – 291 б.

- 14.емирбекова Ж.А. Болашақ ұрпақтың бойында ұлттық патриотизм сезімін қалыптастыру жолдары. – URL: <https://bilimsite.kz/ustaz/10084-bolashak-urpaktyn-boyyn-da-ul'ttyk-patriotizm-sezimin-kalyp-tastyru-zholdary.html>(жүгіну күні: 20.03.2021)
- 15.Джантулина М.Т. Тарих сабақтарында жеткіншек бойында патриоттық сезімін қалыптастыру. – URL:<https://infourok.ru/material.html?mid=62250>(жүгіну күні: 02.04.2021)
- 16.Қазақстан тарихы. 6-сыныпқа арналған оқу бағдарламасы. – URL:<https://bilimland.com/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp>(жүгіну күні: 02.04.2021)
- 17.Қазақстан тарихы 6-сынып бойынша оқу-әдістемелік материалдар жинағы. – URL:https://ust.kz/materialdar/kazakstan_tarihi/sabak_zhospari/6_sinip.html(жүгіну күні: 02.04.2021)
- 18.Кенжебаева А.М.Қазақ хандығының құрылуы. Қысқа мерзімді сабақ жоспары № 48 Қазақстан тарихы. – URL:https://ust.kz/word/qysqa_merzimdi_sabaq_jospary_qazaq_handygy_6_synyp-263888.html(жүгіну күні: 02.04.2021)
- 19.Ежелгі түріктердің жазуы: сабақ жоспары. – URL:https://ziatker.kz/docx/ejelgi_turikterding_jazyvy_76788.html(жүгіну күні: 04.04.2021)
- 20.Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – М.:Наука, 2000. – 351 с.
- 21.Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество. – М.: Академия, 2003. – 456 с.
- 22.Ретенгер С.А. Формирование этнического самосознания молодого поколения// Этногенез и цивилизационные перспективы в образовании России: материалы Международнойнауч.-практ. конф. – Новосибирск: Изд-во НГПУ, 2004. – С. 637-639.
- 23.Тюников Ю.С. Национальное самосознание: сущность и принципы формирования / Ю.С. Тюников, Г.Ф. Хасанов, Ф.Ф. Харисов. – Казань, 1994. – 90 с.
- 24.Ферцер В.Ю. Воспитание национального самосознания / В. Ю. Ферцер // Этногенез и цивилизационные перспективы в образовании России: материалы Международной науч.-практ. конф. – Новосибирск : Изд-во НГПУ, 2004. – С.618 -622.
- 25.Харисов Ф.Ф. Развитие у учащихся национального самосознания и способностей к творческому мышлению: Научно-практическая конференция преподавателей гимназий. – Казань, 1993. – 131 с.
- 26.Харисов Ф.Ф. Национальная культура и образование. – М.: Педагогика, 2000. – 272 с.
- 27.Хасанова Г.Ф. Теоретические основы формирования национальной культуры личности: монография. – Казань: КГТУ, 2000.
- 28.Дробижева Л.М. Этничность в современном обществе. Этнополитика и социальные практики в Российской Федерации // Мир России. – 2001. – Т.10. –№ 2. – С.167-180.
- 29.Чагай Л.П. Национальное самосознание личности: сущность, противоречия, проблемы формирования: автореф. дис. канд. филос. наук: 23.00.03. – М., 1992. – 19 с.
- 30.Ардашев А. Н. Национально-региональный компонент как фактор поликультурного образования сельских школьников: дис.канд. пед. наук: 13.00.01. – Ижевск, 2006. – 172 с.
- 31.Буторина Т.С. Воспитание патриотизма средствами образования / Т.С. Буторина, Н.П. Овчинникова. – СПб.: КАРО, 2004. – 224 с.
- 32.Данилов Д.А. Развитие этнического самосознания подростков в педагогическом процессе (на материале якутской школы): Монография / Д.А. Данилов, А.В. Иванов, И.П. Чабыев. – Якутск, 2003. – 234 с.
- 33.Ефимова Д. В. Национальное самосознание и межэтническая толерантность: Монография / Д. В. Ефимова, Ю. А. Макаров. – Пенза : ПГПУ им. В.Г. Белинского, 2004. 311 с.
- 34.Лазарев Ю.В. Национально-региональный компонент в формировании патриотически ориентированной личности старшеклассника: дис.канд. пед. наук: 13.00.01. – Москва, 1999. – 180 с.
- 35.Муниров Р.Р. Краеведение в школе: системный подход. – Уфа, 1997. – 126 с.
- 36.Сейненский А.Е. Краеведение в школьном историческом образовании// Преподавание истории и обществознания в школе. – №10. – 2004. – С.19-28.
- 37.Хабибуллин К.Н. Испытания национального самосознания /К.Н. Хабибуллин, Н.Г. Скворцов. – СПб., 1993. –190 с.
- 38.Прокошенкова Л. П. Региональный компонент общего среднего образования как средство развития национального самосознания учащихся: на примере Чувашской республики: дис.канд. пед. наук: 13.00.01. – Чебоксары, 2000. – 183 с.
- 39.Очиров Г.Д. Формирование национального самосознания младших школьников: дис. канд. ист. наук. – Улан-Удэ, 2000. – URL: <http://www.dslib.net/obw-pedagogika/formirovanie-nacionalnogo-samosoznaniya-mladshih-shkolnikov.html>(дата обращения: 15.01.2021)
- 40.Щербакова Г.В. Формирование национального самосознания школьника – задача каждого учителя. – URL: <https://nsportal.ru/shkola/materialy-metodicheskikh-obedinenii/library/2019/01/23/formirovanie-natsionalnogo>(дата обращения: 05.01.2021)

*Досалы Салқынбек,
ҚазҰАЗУ-дың профессоры, ПҒА академигі*

ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ТІЛ

Елінің бүгінін және ертеңін ойлаған қоғам, сол қоғамдағы бетке ұстар тұлғалар ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән беріп, әрдайым қаперде ұстағаны белгілі. Мемлекеттің темір қазығы отаншыл патриот жастардың қолында десек, сол бүгінгі жастар тәрбиесінің хал-ахуалы қандай деңгейде, нендей мәселелерді қалт жібердік, не мәселеге көңіл бөлу керек деген сұрақтар бүгінгі жалпы білім жүйесі мен ата-ана тәрбиесінің алдында тұрған көкейкесті мәселеге айналып отыр. 2021 жылдың қаңтар айында жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев тәуелсіздік алғаннан бергі отыз жылда жүріп өткен жолымызды, табыстарымызды саралай отырып,

алдағы он жылдықта рухани дүниемізде, жастар тәрбиесінде нендей мәселелерге басты назарды аудару керектігі жөнінде тоқталып өткен еді[1].

Ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық тәрбие туралы сөз еткенде алдағы он жылдықта сапалы секіріске қадам басып алдымызда тұрған: «Дендеп енген сыбайлас жемқорлықтан қалай арыламыз? Рулық деңгейден ұлттық деңгейге қалай көтерілеміз? Халқымыздың сана-сезімін қалай көтеруге болады? Нағыз отаншыл ел азаматтарын қалай тәрбиелеп, қалай қалыптастырамыз?» деген секілді қадау-қадау міндеттерді еңсеру жолындағы қадамдарымызды жатқызуымызға болады.

Жас ұрпақ тәрбиесі туралы сөз еткенде, бүгінгі ана тіліміздің хал-жағдайы туралы сөз етпеу мүмкін емес. Қазіргі біздің жағдайымызда тіл, тіл және тіл мәселесі өткір қойылып отыр. Тілдің артында халқымыздың бүкіл рухани болмысы және еліміздің тәуелсіздігі тұр! Республикамызда 1989 жылы 1997 жылы тіл туралы екі заң қабылданған екен. Бұл заңдарда «Мемлекеттік тіл-Қазақ тілі» деп айқын жазылған. Отыз жылдың аясында республикамызда тұрып жатқан барлық халықтардың мемлекеттік тілді және өз ана тілдерін оқып-үйренуіне барлық жағдай жасалды. Жеткілікті уақыт берілді. Мемлекеттік тілді оқып үйренуге арналған әдістемелік құралдар шығарылды. Қазақстандық патриотизмнің негізі қазақ тілін оқып-үйренуде деп ұрандатып та көрдік. Бірақ, мемлекеттік тілдің өз деңгейінде мемлекеттік тіл рөлін атқарып отырмағаны ешкімге жасырын емес. Ендігі мәселе, қашанға дейін мемлекеттік тілді білуге үндеу тастап, парыз деумен жүреміз. Отыз жыл болды емес пе осылай деп келе жатқанымызға деген сұрақты көлденеңнен қоятын уақыт болды. Осы уақытқа дейінгі қолданыста (тіл жөніндегі бұрынғы және кейінгі) келе жатқан шалағай заңдарымыздың өзі мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге тұсау болып келе жатқанын ашық мойындауға тиіспіз! Ең өкініштісі, тәуелсіз еліміздің отыз жылдық тарихында өз тілін білмейтін, білгісі де келмейтін мәңгірт жастардың өсіп шыққандығына не деуге және кімді кінәлауға болады?! Кейбір жастарымыздың бойынан ана тіліне деген құрмет пен намыстың отын көрмейтініміз қалай? Ертең ел басына күн туатын сәт болса, бетін аулақ қылсын әрине, бұлар отанын қорғауға шыға ма? Осыны ойлағанда бұндайлардан қорқасың...

Тіліміздің мәселесінде біздің алдымызда екі жол тұр. Біріншісі, мемлекеттік тілдің өркендеуін қамтамасыз ету үшін оның мемлекеттік статусына басымдық беріп, қоғамдағы рөлі айқындалып, республиканың барша халқы білуге тиісті, міндетті тілге айналуы. Екінші жолы, осы қазіргі таңдағы өлместің күйін кешкен, өгіз аяңға көну, мойынсыну. Бірақ, бұл жолдың барар бағыты, жетер жері қараңғы тұңғыық секілді көрінбейді. Міне сондықтан да, Қазақстанның барлық азаматтарын топтастырудың, қазақстандық патриотизмнің негізгі факторы болып табылатын мемлекеттік тіл туралы жаңа заң қабылдайтын уақыт келді. Онда еліміздегі әр азаматтың мемлекеттік тілді білуі айқын міндеттелуі және мемлекеттік тіл қоғамымыздың барлық саласында қажетті тілге айналуы тиіс.

Ана тіліміздің өркендеп дамуында заңдық базаның рөлі ерекше. Сонымен қатар, отбасы тәрбиесінің орны маңызды жәйт. Белгілі ғалым, академик, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының президенті А.Құсайынов «Ұлттық құндылық және ұрпақ» атты зерттеу мақаласында отбасы тәрбиесіндегі ана тілінің ерекше маңызды орын алатынына тоқтала келе: «Олар ана тілінде еркін, әрі таза сөйлесін десек, туғаннан үш жасқа дейін мүмкіндігінше ана тілін мол естулеріне жағдай жасауымыз керек. Өзіміз олармен тек қана қазақ тілінді сөйлесіп, қазақ тілінде ертегілер айтып, қазақ әндері мен күйлерін естуіне мүмкіндік жасауға тиіспіз» - деген болатын[2].

Мемлекеттік тіл туралы сөз еткенде, барша Қазақстан азаматтарының мемлекеттік тілді оқып-үйренуі де көңілді көншітпейтіні белгілі жағдай. Тәуелсіздік жылдары республикамызда тұрып жатқан барлық этнос өкілдеріне қолайлы өмір сүру үшін барлық жағдай жасалды. Олардың барлық құқықтары заңмен қорғалып, жер иесі Қазақ халқымен тең құқықты Қазақстан Республикасының азаматы ретінде өсіп-өнуі, өркендеуі қамтамасыз етілді. Мемлекет бюджетінен этнос өкілдерінің әдет-ғұрпы мен тілін дамытуға қомақты қаржы да бөлініп келеді. Республикамызда тұрып жатқан этнос өкілдеріне жасалып жатқан мұндай құрмет бұрынғы Кеңес одағының құрамына кірген бірде-бір республикада жоқ. Өзінің мемлекеттік құрылымы бойынша федерация болып табылатын көпұлтты Ресей Федерациясының өзінде бұндай жағдай жасалмағанын айту артық болмас.

Халқымыздың даналығында айталытын «алмақтың да салмағы бар» демекші, ҚХА құрылған кезінен бастап, еліміздегі ұлттыр достығын қамтамасыз етуде қандай жетістіктерге қол жеткізді? Ассамблея Елбасы қойған міндеттер үдерісінен шыға алды ма? Жер иесі Қазақ халқының алдындағы қарызы пен парызын өзге ұлттар өтей алды ма? Міне, осындай сан-салалы сұрақтарды да қоятын мезгіл жетті.

Елбасының ҚХА-ның сессияларында ұдайы көтеріп келе жатқан мәселелерінің бірі-Қазақ тілінің барлық этностары ұйымдастырушы, топтастырушы рөлі және барлық этностардың мемлекеттік тілді оқып-үйренуі жөніндегі келелі әңгімесі болып табылады. Мәселен, Елбасы 2011 жылы Қазақстан

халқы Ассамблеясының он жетінші сессиясында сөйлеген сөзінде мемлекеттік тілге байланысты: «Біз 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген Қазақстандықтар саны 80 пайызға жетсін, 2020 жылға қарай одан да көп болсын деген мақсат қойдық. Он жылдан кейін мектептеріміздің түлектері қазақ тілінде 100 пайыз сөйлейтін болуы тиіс. Барлық азаматтардың қазақ тілін білуі-әншейін бір ұран емес, бұл-олар еліміздің тарихын, ерте дәуірден білетін болады деген сөз» -, деген болатын[3,223]. Елбасы тарапынан ҚХА алдында қойып отырған талап айқын. Бірақ, нәтиже қандай? Сараптап, саралап қарасақ, еліміздегі этностардың мемлекеттік тілді оқып-үйренуге деген құлшынысының төмен екендігін қынжылыспен мойындауға мәжбүрміз. Ел бірлігі доктринасында ап-айқын жазылғандай, мемлекеттік тіл-барлық қазақстандықтардың басын біріктіруші фактор болып табылады десек те, елімізде тұрып жатқан этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуге, білуге деген ұмтылысы мардымсыз деп айтуға болады. Қазақстандық патриотизмнің бастауы мемлекеттік тілді білу емес пе еді?

Қоғамымызда күшейіп бара жатқан тағы бір келеңсіз құбылыстардың бірі – тек қана өзінің жайын күйттеп, өзі үшін ғана жұмыс жасайтын «бейсауыт» адамдар шоғырының қалыптасуы. Бұндай адамдардың қоғам үшін қандай қауіпті екенін мына бір мысалдан көруімізге болады.

1917 жылы Англияның Иракқа басып кірген әскерінің қолбасшысы Стэнли Муд қойын жайып жүрген бақташыға кездесіп, өзінің аудармашысы арқылы бақташыға өзінің иттерінің бірін өлтірсе, оған бір фунт беретінін айтады. Бақташының иттері иесіне адал, қойды бағуға көмектесіп жүрген және қасқырлардан қорғайтын, төнген қауіпті сездіретін сенімді серіктері екен. Бірақ, генерал ұсынып отырған ақшаға бағып жүрген отарының жартысын сатып алуға мүмкіндігі бар еді. Бақташы өзінің бір қойын сойып, генералдың аяғының астына тастап, мәселені шешкісі келді. Генерал одан бас тартып, иттерінің біреуін өлтіруді бұйырады. Бақташы ұзақ ойланып жатпастан солай істеді. Иттің терісін сыпырсаң, тағы бір фунт беремін деп уәде етті генерал. Бақташы қолына ақшаны алып, генерал айтқандай істеді. Мұнан соң, генерал Муд бақташы иттің етін бөлшектеп тастаса тағы бір фунт беруге уәде етті. Бақташы иттің етін бөлшектеп тастағаннан кейін генерал ақшаны беріп, бұрылып кетіп бара жатқанда бақташы: «егерде тағы бір фунт беретін болсаң, мен иттің етін жеуге дайынмын» дейді. Бұған мыскылдап күлген генерал былай дейді: «мен жай ғана сенің табиғи болмысыңды білейін деп едім. Мен сенің өзіңнің тілегіңнің құлы екеніңді түсіндім. Сен бар болғаны үш фунт үшін, өзіңнің жақын досыңды өлтірдің, оның терісін сыпырып, бөлшектеп тастадың және төртінші фунт үшін оны жеуге де дайынсың. Сен туралы менің бар білігім келгені осы еді». Осыдан кейін генерал өзінің жауынгерлеріне бұрылып былай депті: «Қазіргі уақытта мынадай адамдар көп болған бұл елде, сендер ешнәрсені уайымдамасаңдар болады». (Оқиға философия докторы Али Вердидің «Ирак тарихының элеуметтік кезеңдері» атты еңбегінде баяндалған).

Бұл оқиға қоғамдағы осындай адамдардың өздерінің жеке мүддесі, тілегіне жетуі жолында ештеңеден тайынбай кез-келген дұшпанға қызмет етіп, өз елін ыдыратып, біреудің отарына айналдыруға дайын екендіктерін көрсетеді және бізді осындай қарахан бастың, тойынған қарынның қамын ғана ойлайтын көрсоқырлардан сақ болуға үйретеді.

Өз мемлекетінің болашағы алдындағы терең жауапкершілікті сезінген ұрпақтың ғана болашақтан зор үміт күтуге қақысы бар!

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Егемен Қазақстан. 2021, 5 қаңтар.
2. Құсайнов Қ. Ұлттық құндылық және ұрпақ. Егемен Қазақстан. 2016 ж. 29 маусым.
3. Бүркітбай А., Ауанасова Ә., Сүлейменов А. Новейшая партия Казахстана: устойчивый Казахстан. Алматы: Литер, 2011.-320 с.

*Н.Ш. Алметов, Б.Е. Сарсенбаева,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан*

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА 1 КУРС СТУДЕНТТЕРІМЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛІК ІС-ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Отандық жоғары кәсіби білім беру дамуының қазіргі кезеңінде студент-жастармен тәрбиелік іс-әрекет цифрлы қоғамдағы түбегейлі өзгерістер, маман тұлғасына, оның адамгершілік келбетіне қойылатын жаңа талаптар шеңберінде басқару мен ұйымдастырудың жаңашыл, инновациялық

тұғырларын қолдануды қажет етеді. Жоғары оқу орнындағы тәрбиелік жүйелерді инновациялық менеджмент принциптері негізінде жаңғырту – заман талабы. Дегенмен, шынайы тәжірибеде студенттермен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың инновациялық формалары мен әдістері кеңінен қолданғанымен, ЖОО-ында тәрбие жұмысын басқару тәсілдері және оны ұйымдастырудың ескіше тұғырлардан әлі де арылмағандығын байқау қиын емес. Бұған студенттердің басым бөлігінің тек аудиториялық сабақтарда ғана белсенділік танытып, қоғамдық жұмыстарға кездейсоқ қатысатындығы, тәрбиелік іс-шаралар, негізінен, кураторлар тарапынан ұйымдастырылатындығы, студенттердің тәрбиелік іс-әрекеттегі субъектілік позициясының деңгейін арттыру қажеттілігі айқын дәлел бола алады.

Жоғарғы оқу орнында студенттің тәрбиелік іс-әрекетін қалыптастырудың инновациялық менеджментінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде білім мазмұнын құрайтын жоғары кәсіби-гуманитарлық сапаны қамтамасыз ете отырып, кәсіби тұрғыдан сапалы, әрі мәдениетті интеллектуалдық тұлғаны қалыптастыру қарастырылады. Оның ішінде, 1 курс студенттерінің тәрбиелік іс-әрекетін қалыптастыру жалпы орта білім беретін мектептегі алған тәрбиемен ұштастыру осы мақаланың өзектілігін арттыра түседі.

Жоғарғы оқу орнының 1 курс студенттерінің тәрбиелік іс-әрекетін қалыптастырудың негізгі мақсаты–әлемдік деңгейге енуге қабілетті, жан-жақты дамыған интеллектуалдық тұлғаны тәрбиелеу және бәсекеге қабілетті ұлттық тұлғаны қалыптастыру.

Мақалада 1 курс студенттерімен тәрбие жұмысын жүргізудің кешенді мәселелері сараланып, оларға тәрбие берудің негізгі мақсаты мен міндеті және студенттердің білім алуы барысында тәрбие үдерісін жүзеге асыру бойынша негізгі іс-шаралар мен осы жұмыстарды жетілдірудің жолдары қарастырылады.

Бүгінгі күні жастар арасында құқық бұзушылықтың көбеюі, Интернетке, ұялы телефонға тәуелділіктен бос уақыттарының дұрыс пайдаланылмауы, үйірмелерге мүлдем қатыспауы және т.б. проблемалар індетке айналу үстінде. Осы проблемаларды болдырмау мақсатында 1 курс студенттерінің тәрбиелік іс-әрекетін жалпы орта білім беретін мектептегі тәрбие жұмысымен сабақтастыру арқылы келесі бағыттар таңдап алынды:

- азаматтық-патриоттық тәрбие;
- құқықтық тәрбие: жастар ортасындағы құқық бұзушылық және қылмыстың алдын алу;
- дене тәрбиесі: спорттың көп түрінің дамуы, әуесқойлық спорттық жарыстарға қатысу, студенттерді бос уақыттарында спортқа ұйымдастыру;
- мәдени және шығармашылық тәрбие: студенттің көркем үйірмелерге, эстетикалық талғамын қалыптастыруын, өз күшімен ұйымдастырылған көркемөнерді дамыту;
- әлеуметтік тәрбие: әлеуметтік серіктестіктердің түсіндіру ұстанымы, студенттердің волонтерлік қозғалысының дамуы және қалыптасуы[1].

Келтірілген бағыттар студенттің ұтқыр, интеллектуалдық, ұлттық және әлеуметтік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етуімен ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер біртіндеп студент ретінде қалыптасуымен байланысты оқу үдерісімен бірге өзгеше студенттік мәртебесіне қатысты ұстанымдарға бет алуға мүмкіндік береді. Мектеп түлегінің келесі қадамы студент өмірінің өзгешелігі, тұлғаны қарқынды дамытуға белсенді қарым-қатынасқа қолайлы жағдай туғызады.

1 курс студентінің тәрбиелік іс-әрекетін қалыптастырудағы бағыттардың бірі ретінде әлеуметтік бағыттарды қалыптастыру, оның ішінде, құндылықтарды қалыптастыру бағытына ерекше тоқталып өтейік.

1 курс студенттерінің әлеуметтік бейімділік шарттары мыналарды талап етеді:

1) креативті, дамытатын орта, студенттердің ғылыми ізденушілігін дамыту тек оқу үдерісінің аясында ғана емес, сонымен қатар жоғарғы оқу орындарының кафедра клубтары, ғылыми үйірмелер, жеке шығармашылық, әлеуметтік-мәдени әрекеттердің әртүрлі формалары мен бағыттарын қамтамасыз ету;

2) жоғары оқу орнының қоғам үшін ашықтығы – елдердегі жоғарғы оқу орындары арасындағы байланыс, бірігіп шаралар өткізу, республикалық жастар ұйымдарына қатысу;

3) студенттерді 1 курстан бастап әлеуметтік-мәдени әрекеттерге тарту, себебі жоғарғы оқу орны туралы олардың түсініктерін біртіндеп әлеуметтік-мәдени орта арқылы қалыптастыра отырып, оған қажетті өзіндік тұлға ретінде қалыптасу қабілеттіліктерін пайдалану.


Тәрбие жұмысы аудиториядан тыс жағдаймен ғана шектелмеуі қажет. Тақырыптар тәртібіне патриоттық тәрбиеге, студенттердің азаматтық мәдениетін арттыратын, әлеуметтік-гуманитарлық циклдарға арналған тақырыптарды міндетті түрде қосу қажет.

Студенттерді жаңа қоғамдағы өмірге дайындау, ХХІ ғасырға қажетті болашақ кәсібіне үйрету, патриоттық сезімді қалыптастыру – бұл міндет. Сондықтан аталған міндет оқу үдерісінің деңгейінде шешілуі қажет. Ең алдымен, әлеуметтік-гуманитарлық тәртіп циклін оқыту. Әлеуметтік-гуманитарлық тәртібінің қызметі педагогика және психология кафедраларында оқыту қарастырылады.

Әсіресе, 1 курс студенттері үшін әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы тәрбие берудің орны ерекше. Бұл курста студенттерде бейімделу үдерісі жүргізіледі. Студенттік қадамға жас түлектің бейімделуі үшін жоғарғы оқу орындарында инновациялық тұрғыдан түрлі шараларды ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Бұл проблема инновациялық менеджмент тұрғысынан шешілері хақ. Ол үшін жоғарғы оқу орындарының 1 курс студенттерінің тәрбиелік іс-әрекетін қалыптастырудың тұжырымдамасы жасалады. Оның мақсаты – студенттердің ұлттық құндылығы мен патриоттық сана-сезімі қалыптасқан, бәсекеге қабілетті кәсіби тұлғаны қалыптастыру.

Тұжырымдаманың негізгі басымдықтары 1-сызбада берілген.



1-сызба. 1 курс студенттерінің тәрбиелік іс-әрекетін қалыптастырудың басымдықтары.

Келтірілген басымдықтар ХХІ ғасыр дағдылары мен сыни тұрғысынан ойлай алатын, коммуникативтік дағдылары мен ақпараттық сауаттылығы және құқықтық санасы қалыптасқан, әрі функционалдық сауаттылығы дамыған тұлғаны қалыптастыру идеясына негізделіп отыр. Аталған идеяны жүзеге асырудың негізгі индикаторы инновациялық менеджмент арқылы тәрбие жұмысын стратегиялық тұрғыдан ұйымдастыруға бағытталады. Сондықтан әрбір басымдықтың астарында оны ұйымдастырудың стратегиясы ойластырылған. Осы басымдықтарды жүзеге асырудың негізгі бағыттары 2-сызбада берілген.



2-сызба. 1 курс студенттерінің тәрбиелік іс-әрекетін ұйымдастыру бағыттары

2-сызбада 1 курс студенттерін тәрбиелеудің негізгі бағыттары келтірілген. Мұнда әрбір бағыт инновациялық менеджменттің, атап айтқанда, стратегиялық, педагогикалық, психологиялық, ақпараттық, экологиялық, экономикалық және т.б. түрлерін қамтиды.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдаманың негізгі басымдықтары мен бағыттары 1 курс студенттері арасында патриоттық, азаматтық, тарихи, мәдени, философиялық, экономикалық, құқықтық және саяси білімге қол жеткізу міндеттерін шешу – бәсекелестікке қабілетті кәсіби маман және жеке тұлғаны қалыптастырудың кепілі. Олай болса, 1 курс студенттерінің тәрбиелік іс-әрекетін қалыптастырудың өзектілігіне тоқталып өтейік. Жоғарғы оқу орындарында оқудан тыс жұмыстарда 1 курс студенттерін тәрбиелеудің өзіндік орны бар[2].

Оқудан тыс жұмыстар – студенттердің шығармашылық қабілетін шыңдауға, ұйымдастырушылық, басқарушылық дағдыларын жетілдіруге бірден-бір мүмкіндік. Оны жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы студенттердің ортаға бейімделуіне жағдай жасаудың тиімді әдіс-тәсілдерін айқындау өзекті мәселенің бірі болып табылады. Өзекті мәселені шешуге инновациялық менеджментті дұрыс қолдана алу ықпалын тигізеді.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің кредиттік оқу үдерісіне көшуіне байланысты оқудан тыс жұмыстардың мазмұны мен ұйымдастыру түрлерін қайта өңдеу, жетілдіру, жаңарту қажет. Бірінші курс студенттерін әлеуметтік ортаға, жоғары оқу орнының талаптарына бейімдеу мақсатында оқудан тыс жұмыстарды олардың мамандықтарына сәйкес жеке академиялық топтармен ұйымдастырған тиімді. Қазіргі таңда мыңнан астам білім алушыларды қамтитын ЖОО кездесетіндіктен жекелеген студенттің қызығушылығын ескеріп, онымен жұмыс жасау қиындық туғызады. Бұл жағдайда маман дайындайтын кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамының басшылығы мен белсенділігі маңызды. Мұнда әсіресе, әрбір студенттің жеке оқу жоспарын құруда басшылық жасау арқылы олардың даралықтарын білетін, кафедрамен байланыс жасаушы дәнекер эдвайзер, куратор-тьютордың орны ерекше. Тұлғаның қоғамдық сана-сезімінің дамуының белгілі бір сатысында, өзінің жеке басы үшін тек сыртқы әсерлерді ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу шешімдерін қабылдайды. Ол өзін-өзі тәрбиелеудің субъектісі ретінде қарап, өзінің тұлға ретінде қалыптасуы оның жеке белсенділігіне тікелей байланысты екендігін түсінеді [3].

Студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуі – оның жеке тұлғасын қалыптастыруға, өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне, өзін-өзі дамытуға, өз қабілеттерін өзі іске асыруға бағытталған мақсатты, саналы, жүйелі түрде өздiгiнен жүргізетiн iс-әрекетi. Өзiн-өзi тәрбиелеу тәрбие үдерісінің құрамды бөлігі және тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы ең маңызды күш болып саналады. Тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу тұлғаны қалыптастырудағы тұтас үдерістің екі жағы болып саналады.

Студенттер оқу және оқудан тыс жұмыстарда мамандық алумен шектелмей, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеудің әлеуметтік психологиялық механизмдері деп білуі керек. Психологиялық зерттеулерде әр адамда өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажеттілік әртүрлі жас кезеңдерінде байқалады. Осы қажеттілік әсіресе жасөспірімдік, жастық шақта анығырақ байқалады. Өзін-өзі тәрбиелеу өте ұзақ және адамның бүкіл өмірі бойы жалғасатын үдеріс екенін айта кету қажет. Өзін-өзі тәрбиелеу адамнан

көптеген күш-қайратты жоғары дәрежедегі ұйымдастырушылықты, өзіне деген сын көзбен қарауды талап етеді. Өзін-өзі тәрбиелеу адамның рухани қажеттіліктерін қалыптастыруға бағытталған [2;3].

Қорыта келе, жоғары оқу орнында бірінші курс студенттерімен тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру инновациялық менеджмент тәсілдері негізінде жүзеге асырылған жағдайда, яғни мұнда студент университеттегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың толыққанды субъектіне айналған, ал тәрбие жұмысын басқару қатынастары жеке тұлғаның қажеттіліктері мен даму үмкіндіктеріне бағыт-бағдар алған жағдайда тиімді болады.

Әдебиеттер:

1. <https://www.kaznu.kz/kz/1928/page/>.
2. Андреев В.И. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности. Основы пед. творчества. – Казань: Казанского ун-та, 1988. –236с.
3. Кузьмина Н.В. Акмеологическая теория повышения качества подготовки специалистов образования. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2001. – 149 с. 269.

Б.С. Сарсенбеков,
*«Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ,
Семей қ., Қайнар ауылы*

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің мақсаты-жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімінің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды тәрбиелеу мен қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан жас ұрпақтың бойына жастайынан ізгілік, мейрімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие екі жақты процесс. Бір жағынан, ол үлкендердің, ата-аналардың педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан, тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыруда, адамгершілік ықпалдын әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек. Жас ұрпақ бойында жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру жолдары бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиеті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» – деп Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туғанынан басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал, үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейрімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді. Олар: Қазақстан Республикасының барлық азаматының білім алуға тең құқығылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психофизиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейін кең жол ашылуы. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үдерісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерді қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелер.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деген. Ал, руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейрімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттердің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы-мәңгілік. Ол ешқашан да ескірмейді. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру– ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиет. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделекті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы борышымыз. Ата-ананың болашақ жас ұрпақ алдындағы тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы-балаға үлкен сабақ. Жас ұрпақ тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, ұстаздан насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырылады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектен білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады.

Жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу-бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Жас ұрпақтың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани-адамгершілік тәрбиені қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді. Егер:

-тәрбие үдерісі жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса;

-жас ұрпақ рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе;

-жас ұрпақтың бойында әлеуметтік мәні бар рухани-адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетінде көрсете алу мүмкіндігін ерікті таңдаса.

Демек, рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе жас ұрпақты тәрбиелеу. Сондықтан, әрбір жас ұрпақ өзін-өзі рухани жетілдіру үшін, өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екенін түсінуі тиіс деп ойлаймын.

Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар – мектеп мекемелері мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары сөзсіз. Бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, мектептің, барша халықтың міндеті.

Әдебиеттер:

1. А.Өтешова. Адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығы. www.45minut.rz
2. Б. Баймұратова. Отбасындағы баланы мектепке дайындау.-Алматы, 2000-56 Б.

Ш.Т. Таубаева,

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың педагогика және
білім беру менеджменті кафедрасының профессоры,
Солтанов Қ., педагогика магистрі
Ауеспаев М., педагогика магистрі*

«РУХ», «РУХАНИЛЫҚ» ЖӘНЕ «РУХАНИЯТ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ: АҚПАРАТТЫҚ ТҰҒЫР НЕГІЗІНДЕГІ ТАРИХИ ШОЛУ

Қазақстан Республикасында орын алған саяси-экономикалық және әлеуметтік реформалар мен қоғамның рухани қайта түлеуі кезеңдерінде жас ұрпақ тұлғасының адамгершілік келбетін сомдау ерекше мағынаға ие болып, тіпті, мемлекеттік деңгейдегі мәселеге айналады.

Абай Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтің ұлтымызға тән ұрпақ тәрбиесінің рухани-адамгершілікке бейімделуін көрсететін еңбектері, Н.А. Бердяевтің, Г.В.Ф. Гегельдің, М.С. Каганның, И.О. Лосскийдің т.б. аксиологиялық талдаулары; Г.К. Нұрғалиеваның т.б. педагогикадағы аксиологиялық тұғырдықолдану логикасы; рухани-адамгершілік тәрбиені кәсіби іс-әрекеттегі табыстылықтың негізі ретінде қарастырған А.Қ. Рысбаеваның, рухани-адамгершілік құндылықтарын бастауыш мектептен бастап қалыптастыруды ұсынған Ш. Майғаранованың, рухани-адамгершілік құндылықтарды Қазақ халқының дәстүрлері арқылы қалыптастыруға бағытталған К.Ж. Қожахметованың, рухани-адамгершілік құндылықтары арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелеріне арналған С.В. Кульневичтің; К.А. Абульханова-Славскаяның, т.б. еңбектерінде қарастырылған тұлға қалыптасуының және дамуының іс-әрекеттік тұғыры; психологиядағы тұлға тұжырымдамасы (Қ.Жарықбаев, А. Г. Асмолов, Н. И. Козлов, т.б.) құрайды.

Тұлға тәрбиесінің рухани-адамгершілік аспектілері көптеген отандық және шетелдік мәдениеттанушы, әлеуметтанушы, антрополог ғалымдардың еңбектерінен көрініс тапты. Дегенмен «тұлғаның рухани-адамгершілік әлемінің онтологиясы» деген ортақ атауға жинастыруға болатын бірқатар мәселелердің әлі де болса жете зерттелмегендігі, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының әлеуметтік мәдени аспектілері жеткілікті қарастырылмағандығы, оның әлеуметтік мәдени қажеттіліктердің құрылымына және өмірлік мәні бар бағыт-бағдарларының жүйесіне әлі де болса назар аудару қажеттілігі байқалады.

Зерделенген ғылыми әдебиеттерден тұлғаның рухани-адамгершілік құндылық бағдарларына қызығушылық, оны түсіндіруге деген талпыныстар ежелгі дәуірлерден-ақ етек алғандығы байқалады. Ежелгі дәуір философиясы адамды өзін қоршаған әлемнен бөліп алып қарастыруда елеулі қадамдар жасады. Педагогика өзінің ғылым ретінде дамуына іргетас болып қаланған философияның концепциялары мен заңдылықтарына, табиғаттың, адам сана-сезімінің және қоғамның даму заңдарына арқа сүйейтіндіктен, педагогикалық танымның қайнар көзін ежелден бері адам өмірінің мәні мен мағынасы, оның қоғамдағы орны мен рөлі төңірегіндегі сұрақтарға жауап іздеп келе жатқан ғылым – философияның қатпарларынан іздеуіміз заңдылық. Философиядағы, бұрындыры үстемдік құрған натурфилософиялық көзқарастардан «адам» тақырыбына қарай алғашқы бетбұрыс жасап, адамның саналы тіршілік ретіндегі ерекшелігіне басты мән беріп, өзін-өзі танып-білуді философияның негізгі проблемаларының бірі деп қарастырған ойшыл Сократ (б.д.д. 469-399 жж.) болатын. Адамды «барлық зат атаулының өлшемдерінен» биік қойған Протагор, оның даралығының өлшемі тек «саналылығы» ғана емес, тұлғалық руханилықтың іргетасы болып табылатын оның барлық субъективтік ерекшеліктері деп білді [1].

Әр тарихи кезең өзіне тән мәдениетті дүниеге келтіріп, әр мәдениет рухани және адамгершілік, құндылық бағдарларын жасай отырып, өзі өмір сүріп жатқан қоғамға қажетті тұлға түрін қалыптастырады («Заманына қарай адамы, адамына қарай амалы» деген халық мақалы да осыны дәлелдейді). Бұл орайда, әдетте сол дәуірге тән әлеуметтік идеалдармен біріккен, сол қоғамда қабылданған руханият формаларымен, рухани құндылықтар жүйесімен және басымдылықтармен қоректенген нақты тұлғалық мұраттар алға шығады. Соңғылардың негізінде адамның өзіндік бетбейнесі қалыптасып, солардан қоғамның ділі (менталитеті) түзіледі. Дегенмен, тұлғаның рухани-адамгершілік құндылық бағдарларының өзі – қоғамның арқасында ғана емес тіпті, кейде қоғамға кереғар жүзеге асатын, тұлғаның рухани болмысының өзіне тән (имманенттік) өлшемдері көрініс беретін, айрықша және тұтас «мәдениет әлемі» ретінде ұсынылуы да мүмкін. Жалпыадамзаттық мәдениеттің құндылығы болып табылатын рухани-адамгершілік құрам бөліктің өзі – тұтас бір ішкі элем түрінде танылады. «Адам – қоғамнан да үлкен» деген уәжді айтқан кезде Н. А. Бердяев тұлғаның осындай рухани шексіздігін меңзеген болар. Тұлғаның мағыналық сипатының қалыптасуында

руханилық феномені айрықша роль атқарады. Дәстүрлі қабылданған логикалық конструкциялардың шеңберіне сия бермейтіндіктен оның өзі айтарлықтай күрделі [2; 3]. Жалпы алғанда, руханилықтың астарынан «адамның адамгершілікке бағдарланған ерік-жігері мен санасын» танып, оны, негізін әдетте діни наным-сенімнен алатын адамның тыныс-тіршілігінің ерекше әдісі деп бағалаған И.В. Силуянованың пікірі біздің зерттеуімізге жақын [4]. Алайда, бұл тек адамның тақуалығы ғана емес, имандылық қағидаларын әспеттеуі және жаратқанның сиы ретінде өмірді қастерлеуі, табиғатқа, өзге адамдарға, өз-өзіне деген адами көзқарастарын түзетін тұлғаның биік адамгершілік-мәдени күш-қуаты болуы да мүмкін. Бұл орайда руханилық – адамгершілік дамуының ең жоғары деңгейі ретінде көрініс табады. Өзін-өзі жетілдіру үдерісінде адам индивид (элеумет «атомы») түрінен тұлғаға (дербес рухани «кеңістік») дейінгі күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы даму жолын бастан өткереді. Бұл жерде біз оның психо-физиологиялық тұрғыда жаңаруын айтып отырған жоқпыз, сөз индивидтің рухани өзгеруі, яғни, оның адамгершілік-мәдени дамуы жайлы болып тұр. Адамзаттың мәдени тәжірибесін біртіндеп игере отырып, индивид өз мазмұнын өзі толықтырады, яғни, өзінің рухани-адамгершілік бағдарларын саналы түрде айқындау үшін физикалық, ақыл-парасаттылық және рухани қырларын жетілдіреді.

Ұлтымызға тәнұрпақ тәрбиесінің рухани-адамгершілікке бейімделуі оның ұзақ ғасырлық даму кезеңінде, ең алдымен, Абай мен Шәкәрім сияқты қазақ этикалық ойының белгілі тұлғаларының шығармашылық мұраларында көрініс тапқан. Руханилықты олар адамның адам болу негізі және қоғамдық дамуға адамгершіліктік бағыт беретін жағдайы ретінде анықтайды. Руханилық Абай философиясының негізгі мәселесі болып табылады. Абай философиясындағы руханилық категориясы адам болудың әмбебап өлшемі және жеке адам мәдениеті ретінде негізделеді, оның жалпы адамдық мәніне жалпылық сипат береді. Ұлтымыздың ұлы ойшылы – «руханилық адам сенімін өзіне қайтара алады, ол элеуметтік енжарлық пен қауымның тығырыққа тірелуін жоя алады, рухани күштер жеке және қоғамдық сананы адамгершіліктік құндылықтарға, ал жеке адамды жасампаз әрекет пен қоғамдық игілікке қызмет етуге бұра алады деген ой айтқан» [5, 218 б.].

Шәкәрімнің: «... Әлемді мен билесем, Зұлымдықты сүймесем, Залымды ұндай илесем, Нәпсі болса, маған құл» [6, 186 б.] деген шумақтары да оның адамның рухани-адамгершілік болмысына қойған талабын аңғартады. «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы, Ортасы – өмір, жоқтық қой – екі басы. Сағымдай екі жоқтың арасында Тіршілік деп аталар біраз жасы. Жоқтық, барлық – жоғалмақ араласы, Үш еріксіз болады мағынасы Нажағайдай жарқ етіп өшпек болса, Өмірдің он тиындық жоқ бағасы» [6, 154 б.] – ақын өмір мен өлімнің философиялық мәселелері туралы осылай толғанады. Ойшыл ақын «Менің пайымдауымша, адамның жақсы өмір сүруінің негізіне адал еңбек, арлы ақыл-ой, шынайы жүрек жатуы тиіс» дейді [7]. Оның пікірінше, мейірімділік, қайырымдылық, ұстамдылық, саналылық, адалдық, төзімділік, әділеттілік – міне, осы қасиеттер адамға ажырамастай даруы тиіс.

Тұлғалық дамудың реттілігі – жекелеген индивидтер неғұрлым элеуметтенген, дараланған, тұлғаның дара шығармашылық әлеуеті болып табылатын қабілеттіліктері мен дарыны дамыған сайын, оның санасында жүзеге асады. Сонымен бірге, индивидтің танымдық іс-әрекетінің даму үдерісінде оның санасы бірқатар сатылардан өтеді. Бұл – бүкіл болмысты тарихи-мәдени, жалпыадами және философиялық тұрғыда танып-білумен пара-пар. Бұл үдерісті бейнелі түрде биологиядағы биогенетикалық заңның («онтогенез-филогенез») көрініс табуымен, эмбрионның ана жатырындағы аз ғана уақыт ішінде тіршіліктің бүкіл даму тарихын өтіп шығатындығымен салыстыруға болады. Философиядағы тұлғаның білім алуы мен мәдениетті сіңіруіне қатысты «даму сатысын қайталау» идеясы – «жекелеген индивид жалпыға ортақ рухтың мазмұндық қалыптасу сатыларының, өзгелер жүріп өткен жолдың барлығын басып өтуі тиіс» деп білген Гегельден бастау алады. Нақты адамның тәрбие мен білімді игеру жолын бүкіл әлемге қатысты тәрбие мен білім беру тарихының қысқаша очеркі түрінде елестетуге болатындай.

Философиялық әдебиеттерге жасалған талдау тұлғаның рухани әлемінің қалыптасуы оның элеуметтік-мәдени талаптарының өзіндік сатысын құрайтын төмендегідей бірқатар баспалдақтардан өтетіндігі туралы байлам жасауға негіз береді:

1) материалдық қажеттіліктер (индивидтің қажеттіліктері), оған тек – ас-ауқатқа, киімге, баспанаға деген негізгі биологиялық қажеттіліктер ғана емес, қарапайым элеуметтік қажеттіліктер – ауқаттылыққа, байлық жинауға, тұрмысын жақсартуға ұмтылу да кіреді. Адам өзін-өзі тек осы деңгейде ғана көрсе, осы деңгейде ғана өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылса ол тек индивид қалпында (ой-өрісі тар, тоғышар, пенде, тұтынушы болып) қалады;

2) адамға өзін-өзі жүзеге асыруға қажетті кең мүмкіндіктер спектрін ұсынатын неғұрлым күрделі қарым-қатынас аясын қалыптастыруды қажетсінетін элеуметтік қажеттіліктер. Бұған таным-білімге, еңбекке, қарым-қатынасқа ұмтылу кіреді; бұларды қанағаттандыру тұлғаны дараландыруға алып

келетін әлеуметтендіру үдерісіне тікелей әсерін тигізіп, адамның әлеуметтік мүдделер мен сұраныстарға бейімделуіне ықпал етеді;

3) негізін философиялық, адамгершілік-діни қажеттіліктер құрайтын, тұлғаның бүкіл имандылық қажеттіліктерінің спектрін қамтитын – рухани қажеттіліктер [8;9;10].

4) Аталмыш ойшылдардың мұраларын зерделеу арқылы бізге «рух», «руханилық», «руханият», «адамгершілік», «құндылық» ұғымдарының мағыналары ашыла түседі. «Адамгершіліктің» педагогикалық ұғым ретінде ғылыми тұрғыда қалыптасқан өзіндік мағынасы болса, «рух», «руханилық», «руханият» ұғымдарының мән-мағыналары көптеген салаларға тармақталып кететіндігін көреміз. Жалпы әлемдегі материалдық дүниенің өзгеше сипаты – оның рухани жағы деген түсініктің ежелгі замандардан келе жатқандығы белгілі. Рухтың не екеніне жаратылыстану тұрғысынан ешқандай дәлел дәйектемелер болмағанымен, оның нақты болмысы бар екеніне зертеушілердің көбісі күмән келтірмейді. Руханилықтың түпкілікті бастауы «рух». Философияда бұл ұғым материалдық немесе табиғи дүниеге қарама-қарсы, қолмен ұсталмайтын, тек сезіммен ғана түйсінлетін, адамның барлық идеалдық, психикалық келбетін көрсетеді. «Рух» адам психикасын жануарлар психикасынан ерекшелейтін, оның тұтастығы, белсенділігі ретінде көрініс табатын, әлеуметтік-мәдени негізге және мазмұнға ие ұғым [11, 38 б.].

4) Кез келген діни түсініктер, діни ілімдер рухтың әртүрлі сипаттағы көріністерін (негізінен Абсолюттің заңдылығына бағынатын) «табиғаттың рухы», жаратушыдан тек адамға келетін «қасиетті Рух» деген мағынада жіктейді. Жалпы табиғаттың заңдылығы материалды әлемнің үйлесімді өзара байланысы бар, суық та қатаң қатынастарына бағынады және онда жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, игілік пен қиратушы күштер түйіспейді. Махаббатқа толы қатынастар тек адам әлемінде, яғни оның жан дүниесінен туындайтын Қасиетті Рух кеңістігінде ғана бар деп түсіндіріледі [12, 351 б.]. Рухтың өмірде бар екендігінің дәлелдейтін – қоғамдық санадағы «руханият және руханилық» деген ұғымдар бар. Демек «рух» – руханият пен руханилықтың онтологиялық негізі [13, 69 б.].

5) «Рух абсолютті мағынада алғашқы» деген пікірді ұсынған Гегель, адам рух арқылы ғана өзінің табиғи шектеулі әлемінен жалпылық дүниесіне, әмбебап қатарға өрлей алатындығын ескерткен. Ол жеке тұлғаның белсенділігін ерекше құндылық ретінде дәріптейді. Абсолюттік идея дамуының рухани кезеңінде жеке тұлға өз-өзіне үңіліп, адамның сана-сезімі мен әртүрлі іс-әрекетіндегі өзінің орнын бағамдайды. Идея бұл жерде теориялық және практикалық болып екі түрлі формада көрініс табады. Практикалық рух (ерік) және теориялық рух (сана) өзара тығыз байланыста. Аталмыш философтың: «Адамның кеменгерлік пен кемелдікке қол жеткізуі ерік пен сананың тығыз байланысы арқылы ғана мүмкін болады, себебі, жеке тұлғаның рухани қасиеттері бойдағы кемшіліктерді түзетуге көмегін тигізеді» [14, 24 б.] деген ұстанымы, «рухани-адамгершілік бағдарлау әлеуметтік және кәсіби құндылықтарды қалыптастырудың негізі» деген біздің көзқарасымызға салмақты дәлел.


Рух халықтың жаны (А. Байтұрсынов), ата-баба аруағы (Ш. Уәлиханов). Рух – туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, түйіндеп айтқанда, Отанмен тағдырлас. Рухты жан қара басын күйттемейді, ол ел, Отан, халық, ұлт деп толғанады. Еліміз ежелден ұлының рухты, қызының қылықты болғанын тілеп келген. Ұлы рухты болса – сүйікті, қызы қылықты болса – бақытты. Рухты жан – Азамат – Адам, рухсызы – тұғырсыз, надан, не мәңгірт. Рух – адам баласының жан дүниесінің арқауы. Руханилық – бұл адамның ерекшелігін құрайтын, оның сыртқы әлеммен тығыз байланысқа түсетін ішкі табиғатының, ақыл-парасатының, ой-санасының, ерік-жігерінің ортақ арнадағы ағыны. Руханилық қолмен ұсталмайды, көзге көрінбейді. Адамдар оған саналы түрде, өзін-дамыту арқылы қол жеткізеді. Адам руханилығы оның болмысының қаншалықты дәрежеде биік екендігін көрсетеді. Ол имандылықпен тығыз байланысты.


Түсіндірме сөздіктен бұл ұғымның екі мағынасын көреміз. Біріншісі, «Рух – табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білдіретін философиялық ұғым». Екіншісі, «рухани күш-қуат, батылдық» дегенді білдіреді [15, 693 б.]. Сондықтан да соғыстар тарихы дәлелдеген бір шындық – әскерінің саны, қару-жарағы мен техникасы бірдей қос тараптың жеңіске рухы биігі жетеді. Қос тараптың рухтары деңгейлес болса әскер саны басым, қару-жарағы мықты жағы жеңіске жетуі мүмкін, бірақ бұл әскер саны аз, қару-жарағы әлсіз тараптың рухы төмен түсіп, міндетті түрде табанға тапталады деген сөз емес, биік рухтың қуаты ат төбеліндей аз, қару-жарағы әлсіз әскерді айбынды күшке айналдырып, жеңіс қуанышын сыйлауы мүмкін. Бұған біздің ұлтымыздың қаһарман тарихындағы, жоңғардың Батур хонтайшысы басқарған, мұздай қаруланған 50000 адамнан тұрған қолына Жетісудың Орбұлақ шатқалында бар-жоғы 600 сарбазымен үш ай бойы батыл қарсылық көрсетіп, Самарқандтан көмекке келіп жеткен Жалаңтөс батырдың 30000 адамдық қолымен бірлесіп

ойсырата жеңіп, қазақ жерінен қуып шыққан Салқам Жәңгір ханның ерлігі дәлел [16, 96-101 бб]. Әскерді жеңіске жетелеуші күш – оның асқақ рухы екендігін Б. Момышұлы да растайды: «Ұлы Отан соғысының тәжірибесі жеңіске рухтың күштілігімен жетуге болатынын, табыс әскерлердің моральдық-адамгершілік күшіне тәуелді екеніне біздің көзімізді тағы да жеткізді. Материалдық құрал-жабдықтар мен қазіргі заманғы әскери техника күрестің материалдық базасы мен қаруы болып табылады. Бәрін іске қосушы – жанды, саналы адам. Адамның моральдық-адамгершілік қасиеті рухани күш деген сөзбенен анықталады. Рухани күштің қайнар көзі мен қозғаушысы: Ақыл, Сезім, Ерік-жігер. Адам қасиетінің осы үш элементін ұштауға бағытталған мақсатты жұмыс тәрбиелеу жұмысының басты нысанасы болып табылады». Көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың ортақ пікірі – руханилық ең алдымен қоғамдық өмірдің адамгершілік, әділеттілік бастауларын, ақыл-ой еркіндігін, қоғамда қабылданған мінез-құлық пен жүріс-тұрыстың моральдық нормаларын көрсетеді дегенге саяды [17;18;19; 20]. Ол адам дүниетанымының құрамдас бөлігі, жинақтаған білімінің фрагменті. Адамның руханилығы деп оның шынайы адамгершілік құндылықтарын айыра әрі таңдай білуін, өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, жүріс-тұрысы мен өмір салтын соларға бағындыра білуін түсінеміз. Руханилық – адамның ішкі әлемін реттеуші күш. Егер адамның руханилығы оның шынайы болмысымен келіспеушілікке түссе, ішкі зілзалаға, рухани апатқа, адамгершілік дертке ұрындырады. Адамның руханилығы оның болмысымен жарасымға түссе ондай адам әлеммен де үйлесімді қарым қатынасқа түсіп, байсалдылығымен, адалдығымен, әділдігімен, қанағатшылдығымен ерекшеленетін болады. Философтар руханилықтың өркениетке де тән қасиет екендігін, қоғамдағы руханилық қандай болса мәдениет те, өркениет те сондай болатындығын алдыға тартады. Рух ұғымы діни түсініктер мен ілімдер тұрғысынан жіктелгенімен, адамзаттың санғасырлық тәжірибесі бойынша руханилық адамның қандай ұлтқа, қандай діни конфессияға жататындығына қарамайтын нәзік ұғым, әрбір адамның ішкі әлемінің байлығын анықтайтын категория.

Ұлтымыздың ойшылдары да адам бойындағы руханилықпен ерекшеленетін даралық қасиетке ерекше мән берді, кез келген кісіге қайталанбас жаратылыс жұмбағы ретінде қарады, адам мен ұлттың тарихтағы ролін дұрыс бағамдай білді. Қоғам қанша дамып, ғылыми жетістіктерге жеткенімен, руханилық пен адамгершілік жетіспесе ол адамға ешқандай ләззат әкелмейтінін ескертті. Адамның хайуаннан айырмашылығы да рухани-адамгершілік құндылықтарды ардақ тұтуынан екендігін баса айтып кетті. «Хайуан жаратылыстан өзіне біткен бір сезімнің қуатымен өзіне лайық болған әрекеттен артық еш нәрсе істемейді. Адам жүгенсіз бетімен кетсе, адамдыққа лайықсыз талай қылмысты істейді» [21]. Ж. Аймауытов «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласында ұлт мінезінің ізгі белгілерін тізбектей келіп, отарлыққа ұрынған кезде өзгеріске ұшыраған кейбір жақтарын, өзгеден жұқтырған жаман әдеттерді (ұрлық, адам өлтіру, өтірік айту, алдау) бойына сіңіріп, арыла алмай жүргенін ашына айтады. «Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген халге ұшырады. Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті» [21, 116 б.]. «Сайып келгенде, қазақта қалып тұрған өзгеше мінездер: тілі айтқанды қолы қылмайтын – тұрақсыздық, ұйымсыздық, басынан аспайтын – өзімшілдік, ездік. Халықтың өзіне айтып, мінезін түзеу қолымыздан келмейді. Жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз – оқығандарда» [21, 117-118 бб.]. «Орыс баласы оқудан қолы босаса, футбол, доп, жарыс, неше түрлі дене тәрбиесі; қазақ баласы оқудан шықса, көше қыдыру, таныс жағалау, жоқ жерден пайда қып қою...» [21, 215 б.]. Автор бұл кемшіліктердің себебі баланың өскен ортасында, әке-шешенің, қоршаған ортаның тәрбиесінде екендігіне тоқталады. Дәл осындай мағынадағы пікірлерді М. Дулатовтың, Ғ. Қараштың, М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың еңбектерінен де көптеп кездестіреміз. Қазіргідей әлемдік жаһандану үдерісі ерекше екпін алған шақта, аумалы-төкпелі сындарлы кезеңде, қоғамда діни экстремизм қаупі белең алған жағдайда ең бастысы, ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалуға тиіспіз.

Руханилықты руханияттың өзегін құрайтын құбылысқа жатқызуға болады. Ол адамды Ақиқаттың жасампаздық жүйесін қалыптастыруға шақыратын, рухани дамуды қамтамасыз ету арқылы Ғаламды рухтандыратын, қоғамды іштей үйлесімдендіретін оң мағынадағы рухани күш, феномен [22, 67 б.]. Руханият негізінен ерекше феномен ретінде қауымдастықтың, әлеуметтік субъектінің қалыптасу эволюциясының тарихи кезеңдеріне сай келеді, жалпы оның эволюциясына сәйкес кейіпте көрініс береді. Оны кез келген халықтың өткенінен көре аламыз. Келтірілген пікірлерден «рух», «руханилық» және «руханият» ұғымдарының қатынасын төмендегідей көруге болады (1–сурет)





1-сурет. «Рух», «руханилық» және «руханият» ұғымдарының арақатынасы

Руханилық – еркін шығармашылық белсенділік, әлемге деген адамгершілік қатынас арқылы қалыптасады және сол құрылымдардың нәтижесінде дамып, адам өмірінің мәніне айналады. Ал, руханият болса одан әлдеқайда кең мағынадағы қатынастар жүйесі. Ол қоғамның рухани өмірінің көптеген қырын қамтиды. Руханилық адамның жан дүниесімен байланыста болса, оның дүниетанымы зерде, ақыл-ой саласымен, рационалдылықпен астасып жатады. Дүниетаным мен руханилықтың өзара байланысын іс– әрекеттер деңгейінің биігінен іздеу керектігін зерттеушілер атап көрсетуде [17, 129 б.].

Р.Л. Лившицтің пайымдауынша руханилық – «адам өзін бүкіл дүниеге және адамзат болмысын бірегей арқалаушы ретіндегі екінші бір адамға паш ететін әлемдегі тұлғаның өмірлік маңызды ұстанымы. Руханилық – адамзат болмысының дамуын жүзеге асыратын әлеуметтік-позитивті, гуманистік құндылықтарға ұмтылушылықпен көрініс табады» [23, 32 б.]. Біз үшін руханилықты болашақ офицердің рухани мәдениетінің негізі деп түсіну маңызды. Субъектінің тұрақты қалпы ретінде руханилық тек биік рухани мәдениет арқылы ғана танылады. Солай дегенімізбен, руханилық саналы немесе санадан тыс қалыптасып жатады, ал рухани мәдениет А.Ф. Лосевтің сөзімен айтқанда «әрқашанда рухтың саналы көрініс табуы» [24]. Демек, болашақ офицердің рухани мәдениеті – өзінің құндылық-мақсаттық әлемін құруға бағыттап отыратын оның тұлғалық кіріктірушілік қасиеті; кәсіби тыныс-тіршілікте негізгі құндылықтарды танып-біліп, игеруге қабілеттілігі; рухани-адамгершілік құндылықтарды өн бойына сіңіріп, өзектендіруінің өлшемі. Осы соңғы белгі біз үшін аса маңызды. Рухани мәдениетті бұдан әрі қарай біз осы тұрғыда қарастырамыз. Болашақ офицердің рухани мәдениетінің қалыптасуы жоғары әскери оқу орнының білім, тәрбие беру үдерісінде жүзеге асырылады. Бірқатар Отандық және шетелдің педагогтар мен философтар тәрбиені тұлғаны педагогикалық мәселелер мен діни көзқарастар түйісетін биік жалпыадамзаттық құндылықтарға, мәдениет негіздеріне ортақтастыру үдерісі ретінде қарастырады [25; 26].

Кей кездері адамның жаны, ата-бабалар аруағы ретінде де қолданылатын «рух» сөзі, одан шығатын «руханилық» ұғымдары діни антропологияның негізгі категориялары болып табылғанымен адамның тұлғалық қасиетін көрсететендіктен, зайырлы педагогикалық мәдениеттің назарынан тыс қалуы мүмкін емес. Әлемдегі барлық басты діндер – мейлі ол Христиандық, немесе Ислам, Буддизм болсын, адамның рухын түзетін негізгі үш құрауыш – сенім, сана және ерікті дамытудың қажеттілігін уағыздайды. Әскери немесе әскери емес оқу орындарының білім беру үдерісінің әдіснамасында да осылар басымдылыққа ие болуы тиіс.

Ә. Нысанбаевтың басшылығымен құрастырылған «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында адамгершілік жайлы төмендегідей анықтаманы оқуға болады: «Адамгершілік – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. «Кісілік», «ізгілік», «имандылық» тәрізді ұғымдармен мәндел. Адамгершілік – адамшылық, қаталдықпен салыстырғанда жақсылық тілеу қарым-қатынастары. Халықтық дүниетанымда мінез-құлықтың әр түрлі жағымды жақтары осы ұғымнан таратылады. Мінез-құлықпен іс-әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей адамгершілік белгілерін атап өтуге болады: адамды құрметтеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рахымдылық, ізеттілікпен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылық, т.б.. Адамгершілік принциптері әлеуметтік-мәдени дамудың жемісі. Адам тумысында жақсылыққа да, зұлымдыққа да үйір емес. Адамгершілік белгілерінің қалыптасуына ерекше әсер еткен мынадай факторлар бар: жыныстық қатынастарды

реттеу, қандастарын өлтіруге тыйым салу, әлсіздерге қамқорлық ету, еңбектің қоғамдық жолмен бөлінуі және адамдар арасындағы ынтымақтастықтың қалыптасуы. Адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы үшін жүйелік (қоғамдық, мемлекеттік) және тұлғалық мүшелердің ара салмағын дұрыс айқындаудың маңызы зор. Жеке адамды жай ғана әлеуметтік қатынастардың жемісі деп қарастыру адамды жете бағаламауға әкеп соғады. Тоталитарлық қоғамдағы «Ортақ мүдде жеке адам мүддесінен жоғары» деген ұран Адамгершілік қағидаттарына нұқсан келтірді.

Халқымыздың ұлы ағартушысы Ы. Алтынсарин – «Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер» деген. Ол адамгершіліктің төмендегідей белгілерін береді: имандылық; жоғарғы әділдік; адалдық, ақкөңілділік; сыпайылық, момындық; адал ниетпен өсиет беру; жомарттық, қайырымдылық; дұрыс заңдылық [25, 266 б.]. Жоғарыдағы зерттеушілердің келтірілген пікірлерінен – адамның руханилығы мен адамгершілігі оның өз-өзін және өзін қоршаған әлемді тануға, өзінің әлемдегі орнын бағамдауға, адам болмысының анықталған заңдарына сәйкес қоғамдық өмірдің жаңа формаларын жасауға деген ықыласы, талпынысы мен қабілеттілігінен көрініс табады деген ой қорытуға болады.

Руханилықтың қыры мен сырын, ұлттық мәдениеттегі орнын терең зерттеген ғалымдардың бірі Б. Құдайбергенов оның ерекше қасиеттеріне, бағыт-бағдарларына тоқталған. Ол өзінің еңбегінде руханилықтың тұлғаға бағдар беретін құбылыс екенін және адам өзінің еркіндігін табиғи және әлеуметтік ортаны белсенді түрде жетілдіруге жұмылдыру арқылы танытатынын айтады. Адамның қоғамдағы қызметі шығармашылық сипатқа енгенде ғана өзінің шынайы мәнін ашатындығына назар аударады [26, 103 б.]. Философтың руханилық туралы бұл пікірімен педагог-зерттеушілердің берген тұжырымдары да үндес. Атап айтқанда, отандық педагог-зерттеуші К. Қожахметованың пікірі бойынша рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұны моральдық қарым-қатынастардың: өзіне, басқа адамдарға, еңбекке, табиғатқа, сұлулыққа, Отанға деген қатынастардың қалыптастыруларын қамтиды. Аталмыш зерттеуші – руханилық ұғымына «Руханилық – заттандырылған, прагматикалық құндылықтардан да жоғары, өмірде аса маңызды да биік нәрсенің бар екеніне о-бастан-ақ, саналы немесе санадантыс бағдарлау. Ол адамның шындыққа, мейрімділікке, сұлулыққа деген табиғи, үнемі қажетті іңкәрлігі мен құштарлыққа ұмтылысынан көрінеді. Ол көзге байқалмайтын, құдаймен байланысты сезінуден туындайды» деген анықтама берсе, «мораль – өмір мен әрекеттің әр түрлі саласындағы тұлғаның мінез-құлқына арналған талаптар мен ережелер, нормалар жүйесі, ал адамгершілік осы нормалар мен ережелерді сақтауға байланысты әдет-дағдылардың жиынтығы ретінде қарастырылады» дейді [27, 15 б.].

Сонымен, ғалымдардың пайымдауынша, рух – ой мен сананың шоқтығы, адамның психикалық белсенділігінің көрінісі, адамның сана-сезімі мен қимыл-әрекетінің озық болжампазы, тарихи тәжірибенің идеалды түрі. Рухты, рухани қабілетті қалыптастыру – тәрбиенің түбегейлі мақсаты.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын зерттеу шеңберінде дайындалған (Грант No AP08856223, қатысушы Таубаева Ш.Т.)

Әдебиеттер:

1. Панцхава И. Д. Сочинения: в рус.пер. – Рассмотрение платоновской философии и Прокла Диадоха, пер. и исследование.– М., Т.6, 1942. – 283 с.
2. Бердяев Н. А. Опыт. – М., 1990. – 342 с.
3. Бердяев Н.А. Самопознание. Проблема человека. К построению христианской антропологии. – Л– 1991. -с. 341-366.
4. Силуянова И. В. Духовность как способ жизнедеятельности человека. Философские науки. – № 12. – 1990. – с. 100—104.
5. Экстремизм в Центральной Азии. Бурханов К.Н., Карин Е.Т., Сатпаев Д.А., Давыдов И.М. под ред. К.Н. Бурханова. Алматы, 2000. – 108 с.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығ. екі томдық толық жинағы. I, II томдар. Алматы, Жазушы. 1995. – 336 б.
7. Құдайбердіұлы Ш. шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 230 б.
8. Долженко О. В. Очерки по философии образования: учеб. Пособие. – М.: Промо-Медиа, 1995. – 240 с.
9. Уваров В. Духовность. Грани эпохи. Этико-философский журнал. – 2005. – № 23.
10. Надуткина И. Э. Концептуальные основы воспитания студенческой молодежи в современных условиях. – Белгород, 1997.-356 с.
11. Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. Москва: Аст, Хранитель, Мидгард, 2007. 624 с.
12. Религии в Казахстане: Хрестоматия. Часть I. 2-е изд., испр. и доп. – Алматы, 2011. – 380 с.
13. Омаргазин Р. Дух как онтологическая основа духовности. Адам әлемі – Мир человека. 2006. № 3. – 69-76 с.
14. Гегель Г. Философия духа. Энциклопедия философских наук. Т. 3.– М.: Мысль, 1977. – 345 с.
15. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
16. Галиев В.З. Хан Джангир и Орбулакская битва. – Алматы: Ғылым, 1998. 125 с.
17. Хамидов А.А. Человек и его абсолюты: к архитектонике духовности. Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. Алматы: Сага, 2007. – 128-137 бб.

18. Ерғалиев І. Адамның жаңа тарихи кезеңдегі рухани қалыптасуы. Известия Министерства науки – Академии наук Республики Казахстан. Серия общественных наук. 1998. № 4. – 57 б.
19. Косиченко А.Г. Духовный путь: от существования к осмысленному бытию. Проблемы духовного развития. Алматы: Ақыл кітабы, 1998. – 195 с.
20. Марьясова Н.В. Духовность в контексте психологического анализа: личностный аспект. 13.00.08: Автореф. дис. канд. психол. наук. -Хабаровск, 2004. – 168 с.
21. Аймауытов Ж. Шығармалары, 5 томдық жинағы. – Алматы, 1999. 5-том. 132 б.
22. Капышев А.Б., Колчигин С.Ю. Онтология духа. – Алматы: Сага, 2005. – 204 с.
23. Хамидов А.А. Человек и его абсолюты: к архитектонике духовности. Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. Алматы: Сага, 2007. – 128-137 бб.
24. Лившиц Р.Л. Духовность и бездуховность личности. – Екатеринбург, 1987.-248 с.
25. Лосев А.Ф. Дерзание духа. – М.: Русская книга, 1998. – 249 с.
26. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар (екі тілде) – Алматы: Ғылым, 1955. – 413 б.
27. Кудайбергенов Б.К. Социально-философские поиски духовности: традиции и современность. – М.: Изд-во МГАП – «Мир книги», 1995. – 218 с.
28. Қожахметова К.Ж. Рухани-адамгершілік тәрбиенің этнопедагогикалық негіздері: Әдістемелік нұсқау. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 44 б.

Р.О. Изғұттынова,

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының ж.ғ.қ., п.ғ.к.

М.Б. Сахан,

Өзін-өзі тану және гуманды педагогиканың негіздері

мамандығының I курс магистранты

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ САБАҚТАРЫНДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Жеке тұлға жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде ұлттық құндылықтарды тұғыр ретінде ұстанып, өз бойынан өткере отырып, іске асыруы аса маңызды дүние болып табылады. Құндылық бағдарлар жүйесі тұлғаның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өзіне бағдарлану мазмұнын анықтайды және оның дүниеге көзқарасының негізін құрайды. Құндылық бағдарлары – бұл тұлға үшін әлеуметтік шындықтың объектілері немесе құбылыстарының жағымды немесе жағымсыз мәнін көрсететін ұғым. Құндылық бағдарлардың қалыптасуы тұлғаның дамуымен және оның бағдарымен тығыз байланысты болып келеді.

Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік 19 ғасырдың ортасында пайда болды. Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әртүрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды. Жеке тұлға өзін ұлттың ажырамас бөлшегі ретінде сезіне отырып, өз халқының тарихын, ұлттық құндылықтарды (жазу, ұлттық тіл, рухани мәдениет пен тағы басқа жетістіктері), ұлттық менталитет, халықтың әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесін бағалап, оның дамуына ықпал етеді. [1]

Тұлға (ағылшынша Persona; лат. тілінен аударғанда – актердің маскасы; рөл, позиция; тұлға). Қоғамдық ғылымдарда тұлғаны оның бірлескен қызмет пен қарым-қатынас процесінде әлеуметтік-мәдени ортада иеленген адамның ерекше сапасы ретінде қарастырады. Гуманистік философиялық-психологиялық концепцияларда тұлға – қоғам үшін дамытылатын құндылық ретіндегі адам. Тұлғаны әлеуметтендіру, оның әлеуметтік нормалар мен рөлдерді меңгеруі, әлеуметтік қатынастарды меңгеруі (көзқарас) және құндылық бағдарлары, белгілі бір қоғамдастықтың типтік мүшесі ретінде адамның әлеуметтік және ұлттық сипатын қалыптастыру.

Құндылықтық бағдарлар (ағылшынша value orientations) – тұлғаның қалауын және ұмтылысын немесе топтың жинақталған адами құндылықтарға (игілік, денсаулық, жайлылық, таным, азаматтық еркіндік, шығармашылық, еңбек және т.с.с.). қарым-қатынасын білдіретін (көрсететін) тұлға көзқарасының немесе топтық идеологияның маңызды компоненті. [2]

Құндылық бағдарлары мен жеке құндылықтар әрқашан әлеуметтанудың маңызды объектілерінің бірі болып табылады.

Жастардың құндылық бағдарын зерттеуге белгілі әлеуметтанушылар В.А. Ядов, В.Г. Лисовский, А.Г. Здравомыслов, С.Л. Рубинштейн, Е.С. Волков және басқалар үлкен үлес қосты.

Отандық ғылымда бірқатар ғалымдардың еңбегінде құндылық мәселелері көрініс тапты. Атап айтқанда көрнекті ғалым Ә.Нысанбаев «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі» кітабында: «Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи санасы мен жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымы мен дінін, ана тілі мен ерекше ділін, бай дәстүрлі төл мәдениетін, соның негізінде қазіргі бәсекеге қабілетті мәдениетті дамыту, аман алып қалу жолында жанталасуы қажет» деп айтты. [3]

Көрнекті ғалым Г.Қ. Нұрғалиеваның «Жеке құндылықтық бағдарлар: әдіснамасы, теориясы, қалыптасу практикасы» еңбегін; философ-ғалым С.Е. Нұрмұратовтың «Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. Монография» атты еңбегі ерекше атау қажет. [4;5]

Шынымен де, қазіргі таңда психологиялық-педагогикалық ғылымдарда жалпы рухани-адамгершілік тәрбие парадигмасы өзгерістерге ұшырады, адам тұлғасын жетілдіруге негізделген биологиялық және әлеуметтік деңгейлер моделінен, болмыстың рухани деңгейінің тіршілік етуін мойындайтын, адамды тұтастай түсіну моделіне көшу орын алды (Ш.А.Амонашвили, А.Джумсаи, В.И.Волынкин, В.П.Зинченко, Д.М.Маллаев, М.Щетинин, Е.В.Бондаревская, Т.И.Петракова және т.б.). [6]

Қоғамда болып жатқан өзгерістерді ескеретін болсақ, қазіргі жағдайда жастардың дүниетанымы әлі де тұрақсыз, себебі тұтынушылық өмірге деген көзқарас, руханилықтың төмендеуі өзіне және өзгелерге немқұрайлылықты, енжарлықты тудырады, бұл ұлттың моральдық-рухани саулығының жоғалуына қауіп төндіреді.

Қазіргі жастардың құндылық бағдарына әсер ететін аспектілердің біріншісі – рухани мазмұн, ол қайырымдылық пен гуманизмнен көрінеді. Екінші аспект соңғы жылдары үлкен өзектілікке ие бола бастады – бұл индивидуализм, рухани құндылықтардан материалдық құндылықтардың басымдығы. Жастардың өмірінде басты басымдықтар мыналар: табысты мансап, отбасы, достық, пайдалы байланыстар құру, өзін шығармашылықпен немесе хоббиімен жүзеге асыру мүмкіндігі. Қазіргі жастардың негізгі өмірлік құндылықтары: отбасы, достары және денсаулық, қызықты жұмыс, ақша және әділеттілік, діни сенім. Адамның жеке даму процесінде уақыт өте келе оның ішкі қозғаушы күштері үлкен маңызға ие болады, бұл оған өз қызметінің міндеттері мен бағытын, атап айтқанда оның құндылық бағдарларын өз бетінше анықтауға мүмкіндік береді.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының басты негізі болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтарды ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, ұлттық тарихты, мәдениетті тануға мүмкіндіктер туады. Сондықтан да этнопедагогикалық құралдар өзін-өзі тану сабақтарында орын алатын басты оқу компоненті ретінде саналады. Бағдарламаның жалпыадамзаттық құндылықтарды ұлттық мәдениет призмасы арқылы тануға негізделген "ұлттық мұра қағидасы" осының дәлелі бола алады.

Қазақстанның білім беру жүйесінде лайықты және ізгі мінезді оқушы тәрбиелеу басым бағыты болып табылады, сондықтан мектептің тұтас білім беру үдерісінде тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғысынан дамыту идеяларын кеңінен енгізу қажеттігі туындайды.

Қазақтың ұлттық құндылықтары кез келген халықтың құндылықтары секілді мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген. Қазақтың ұлттық тәрбиесінің мәнін ұғынып, оның игіліктерін қазіргі таңда пайдалану – әрбір азаматтың қасиетті парызы болып танылады.

Этнопедагогика – (гр. *ethnos* – халық, *pedagogike* – бала тәрбиесі туралы ғылым) – педагогика ғылымының саласы. Оның қарастыратындары:

1. Нақты халық (ұлттық педагогика) үшін дәстүрлі тәрбие және оқыту түрлері, әдісі, міндеті, тапсырма және мақсаттарын зерттеу;

2. Әр түрлі халықтарға тән тәрбие мен оқудың салыстырмалы спецификасының зерттеуі;

3. Сол немесе басқа этникалық қоғамның өкілдерін оқытумен тәрбиелеудегі ұлттық психологияның әсерінің анализі;

4. Оқыту әсерімен педагогикалықтың жүзеге асырылуы және ұйымдастырылудағы бұл процестің заңдылықтарының есебі. [7]

Қазақ этнопедагогикасы 1990 жылдардан бастап қарқынды зерттеле бастады. Қазақстандық ғалымдар этнопедагогиканың түрлі салалары бойынша зерттеу жұмыстарын қарқынды жүргізді. Атап айтқанда, қазақ этнопедагогикасының ғылыми-методологиялық және теориялық негіздерін С.Қ.Қалиев, К.Ж.Қожахметова, қазақ этнопедагогикасының тарихын Қ.Жарықбаев, Т.Әлсатов, З.Әбілова, Ә.Табылдиев, Ш.Жұматаева, қазақ этнопедагогикасындағы ұлттық тәлім-тәрбие мәселелерін Қ.Бөлеев, К.А.Оразбекова сынды ғалымдар зерттеді.

Ал С.Ұзақбаева, М.Х.Балтабаев, Т.А.Қышқашбаев халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбиені; Н.Қ.Сарыбеков, С.Ысқақов, Ж.И.Жанұзақова, Г.М.Сәбденәлиева, Ш.Ж.Арзымбетова халық педагогикасындағы экологиялық тәрбиені қарастырды.

Қазақ этнопедагогикасы материалдарын мектеп практикасына ендіру Р.Қ.Дүйсембінова, Т.Ә.Қоңыратбаева, Ә.Сәдуақасовтардың, қазақ халқының этномәдени мұралары негізінде ұлттық тәрбие беру Ж.Наурызбай, Б.Е.Қайыроғалардың, халық педагогикасындағы дене тәрбиесі Б.Төтенаев, М.Тәнікеев, Е.Сағындықов, Б.М.Досқараев, Т.Ж.Бекботчаевтардың зерттеулерінде көрініс тапты.

Қ.Қобдабай, Ә.Ашайұлы шет елдердегі қазақ диаспораларындағы ұлттық тәрбие мәселелерін қарастырды. Ш.Б.Құлманова, Р.К.Төлеубекова, Ж.С.Хасанова халық педагогикасы материалдары негізінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруді; Р.О.Ізғұттынова мектептің бастауыш сатысында қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту әдістемесін зерттеді.

Сондай-ақ жоғарғы және арнаулы оқу орындарындағы студент жастарға қазақ этнопедагогикасы мұралары негізінде білім мен тәрбие беру мәселелері Б.Ы.Мұқанова, М.Н.Сарыбеков, Ж.Асанов, Сырымбетова Л.С, халық педагогикасындағы патриоттық тәрбие С.Т.Иманбаева, халық педагогикасындағы адамгершілік тәрбиесі А.Қ.Қисымова, Ж.Б.Сәдірмекова, А.Е.Дайрабаева және басқа ғалымдардың зерттеулерінде орын алды.

Этнопедагогиканың басты мақсаты – этностың ерекшеліктеріне негізделген рухани және күнделікті тіршіліктегі тәжірибені өскелең ұрпаққа жеткізіп беру. Бұл мақсатқа қол жеткізухалық педагогикасының сан түрлі құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Этнопедагогиканың негізгі құралдарына халық ауыз әдебиетінің үлгілері жатады.

Осы тұрғыда зерттеу жұмысында өзін-өзі тану сабақтарында жеке тұлғаның құндылық бағдарларын қалыптастыру мәселесіне зор маңыз берілетінін атап өткіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Құндылық>.
2. Борис Гурьевич Мещеряков, Владимир Петрович Зинченко. Большой психологический словарь. Санкт-Петербург. 3-е изд., 2002 г.
3. Нысанбаев Ә. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі – Мир ценностей независимого Казахстана. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 271 б. – қазақша, орысша.
4. Нурғалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика формирования. – Алматы, 1993. – 334с.
5. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. Монография. – Алматы, 2000. -180б. (57б.)
6. Г.А.Омарова и др. Тренерге арналған нұсқаулық. Руководство для тренера. /Г.А.Омарова, Р.А.Мұқажанова, А.А.Карабутова, Р. Мұратханова, – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2019.-144 бет.
7. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. – 482 б.

Г.У. Сейдәлі,

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
7М01802 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 1 курс магистранты*

ОТБАСЫ ЖАС ҰРПАҚТЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ ИНСТИТУТЫ

Кіріспе

Отбасы әлеуметтік институт ретінде – адамзат дәуірінің ерте қалыптасуымен бірге пайда болды. Отбасының дербестігі болғанымен, алайда отбасылық қатынастар қоғаммен, оның даму бағытымен тікелей қарым – қатынаста.

Отбасы ұғымы – әлеуметтік топтың кіші бөлшегі, ал оның ішіндегі мүшелері некемен, қаны бір туыстығымен, тұрмыстық ортақтығымен және өзара адамгершілік жауапкершілікпен тікелей қарым – қатынаста. Отбасы – қоғамның бастапқы туындысы, қоғамның әлеуметтік құрылымының негізгі бірден – бір бөлігі болып табылады.

Айта кетсек, отбасы – некеге немесе қаны бір туыстыққа негізделген, ал оның мүшелері тұрмыстың ортақтығымен, өзара жауапкершілікпен және өзара көмек көрсетумен байланысқан шағын топ мүшесі. Неке отбасындағы қатынастарды қалыптастырушы болып айқындалады.


Маңызды некенің функцияларына жататындар. Оларға:

- ✓ жар таңдау еркіндігі;
- ✓ сүйіспеншілік;
- ✓ өзара сыйластық, т.б. жатады.

Қоршаған орта некелік байланыстардың нығаюына, отбасының тұрақтылығына мүдделі. Мемлекет отбасыға өзінің отбасы және неке туралы заңдарымен ықпал етіп, отбасы мүшелерінің бір-бірімен және олардың қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынастарын бірізді реттеп отырады.

Әлеуметтану отбасына талдау жасағанда ең алдымен оны некенің негізінде құрылған және белгілі бір әлеуметтік қызметтерді атқарушы әлеуметтік институт ретінде қарастырады, сөйтіп некенің тұрақты немесе тұрақсыздығының себептерін және отбасын нығайтудың жолдарын зерттеуге көңіл аударады. Осыдан келіп әлеуметтік институт пен шағын әлеуметтік топтың белгілерін өз төңірегіне жинақтаған отбасының пайда болуы, оның өмір сүруі мен дамуы заңдылықтарын зерттейтін әлеуметтанудың тағы бір саласы – отбасы әлеуметтануы қалыптасты.

Отбасы әлеуметтануы екі бағытта дамып келеді (1–сурет).




1-сурет. Отбасының әлеуметтану бағыты

Отбасының әлеуметтану функцияларына, отбасы саласындағы келеңсіз құбылыстарға (ажырасу санының артуы, көптеген отбасыларының дүниеге бір ғана нәресте әкелуге бағыт ұстануы, жалғыз бастылардың санының өсуі, т.б.) талдау жасауға да үлкен назар аударады.

Отбасыны әлеуметтік тұрғыдан алғанда, отбасы белгілі бір вокалдык құрылымы және атқаратын әлеуметтік қызметтерінің ерекшеліктері негізінде анықталады.

Отбасының ерекшелікті қызметтері (2-сурет).



2-сурет. Отбасының ерекше қызметтері.

Бұл қызметтер қоғамның әр дәуірде өзгерістерге түсуіне қарамастан отбасының ертеден келе жатқан міндеттері болып саналады.

Баладағы әлеуметтену жағдайы күрделі үрдіс. Оларды әлеуметтендіруде әлеуметтік институттар балаларды әлеуметтендіру амалдарымен, әдіс-тәсілдерімен қатар олардың психикасы мен санасына ықпал ету механизмдерін де кеңінен қолданады. Мысалы, ерте әлеуметтендіру кезеңінде балаға айналғандағылардың ықпал етуі – иландыру, еліктету, ұқсастыру, балалар өсе келе жағымды үлгі-өнеге арқылы тәрбиелеу, жаттықтыру, талап қою, ынталандыру, мадақтау, жазалау, айыптау т.с.с. көптеген жағымсыз жағдайлар орыналады. Ең қызығы, баланы еңбекке баулу, оған қатынас мәдениетін меңгерту, өзін-өзі тани білуін игерту, т.т. балаларды әлеуметтендіруде шешуші рөл атқарады.

Қазіргі таңдағы тәрбиенің басты мәселелерінің бірі қоғамдағы сан түрлі санаттағы және әлеуметтік құбылыс балаларды дамыту үшін "мәдени арнаны" қамтамасыз ету. Бүгінгі қоғамның шындығы – жеке

ұрпақтың дамып жетілуіне әсер етуші факторлар болып білім немесе көше, қоршаған ортасы мәдениет немесе контрмәдениет ықпал етуде.

Тұлғаның сонымен, оның ішінде мектеп оқушыларының жоғары өкілдерін жанұялық кезеңге дайын болуына психологиялық-педагогикалық тұрғыдан арттыру, олардың келешек өмірінде берік отбасы болуының негізгі белгісі болып саналады.

Ж. Аймауытов, «*Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт-жас күнде көрген өнеге*» – деп атамыз айтқанындай, балаларымызға қашанда рухани құндылықтарды бойына дарытуымыз қажет. Бұл құндылықтар, ең алдымен ата-ананың арқасы арқылы жүзеге асырылатын қағида. [1]

Барлық уақытта отбасы институты мәселесі өз еліміздегі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға байланысты түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Артта қалған уақыттың ішінде, ішінде, әсіресе соңғы бірнеше онжылдықта психологтар мен педагогтар зерттей келе, жағымсыз үрдістерді байқады: отбасылық дағдарыс және соның салдарынан отбасылық құндылықтар дағдарысы. Мемлекеттік әлеуметтік саясат дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтауға және отбасына барлық көмек көрсетуге бағытталғандығына қарамастан, жоғары сынып оқушыларының отбасылық өмірге дайын емес, әлеуметтік-педагогикалық проблемасы қазіргі білім беру жүйесінің басты тәрбиелік мәселелерінің бірі болып табылады, бұл кешегі жағдайға әкеледі. Жастарға айналған студенттер ерлі-зайыптылардың, ата-аналардың, риза балалардың рөлін қабылдауға дайын емес, бұл өз кезегіндегі ажырасулар, балалар үйі мен қарттар үйі санының артуына дейінгі дәрежеге жетіп отыр.

М.К.Цебрикованың педагогикалық мұрасында біз отбасының рухани дағдарысынан шығудың жолын табуға көмектесетін шындықтарды табамыз: «*Баланың өмірлік құрылымы отбасының қолында, отбасы балаларды ескірген идеалдарға апара алады немесе оларды өмірге келген мұраттарға көтере алады, және болашақ үшін барлығын жасай алады*» [2, 201-213б]

Балалардың бойына әлеуметтік тәжірибені, озық мінез-құлық үлгілерін және құндылықтарды сіндіру әдістері олардың ерекшелігіне орай әртүрлі болып келеді.

Әлеуметтану ғылымы балаларды әлеуметтендіру үрдісін үш кезеңге бөліп қарастырған:

- Бастапқы әлеуметтену немесе баланың әлеуметтенуі;
- Аралық әлеуметтану немесе баланың жас өспірімнің әлеуметтенуі;
- Орнықты немесе біржола әлеуметтену.

Бастапқы кезең, негізінен, отбасында және балалар бақшасында тәрбиелену кезеңімен, екінші кезең 17-18 жасқа дейінгі орта мектептегі оқу-тәрбие кезеңімен сәйкес айқындалады. Ал, үшіншісі жасөспірім шақтан ересек шаққа өту кезеңін, яғни 17-18-23-25 жас аралығын қамтиды. Бұдан кейін, әлеуметтенген, қалыптасып біткен адамның әрі қарай дамуы мен өмірге бейімделуі басталады. [3, 9-10б].

Мектептегі жоғары сынып оқушыларын жанұялық өмірге дайындау мектептің оқу-тәрбие үрдісінде әлеуметтік институт ретінде отбасының құндылық мазмұнын мектеп оқушыларының оқу және практикалық жұмыстарының әртүрлі түрлерінде ашып көрсету сияқты жағдайларды жүзеге асыруды;

- орта мектеп оқушысының болашақ отбасы адамы ретінде өзінің жыныстық-рөлдік қызметін игеруі;

- жоғары сынып оқушыларының неке мен отбасылық өмірге дайындығын мазмұнды-процедуралық дайындық пен ішкі жақты қалыптастыру өзара байланысын қамтамасыз етуі;

- оқушылардың отбасылық өмірге дайындығын қалыптастыруда отбасы мен мектептің бірлескен күш-жігерін жүзеге асыру керек. [4, 191б]

Барлық тұлғаның жетіліп дамуында отбасы маңызды рөл ойнайтынын түсіне отырып, қоғамның қай кезеңінде болмасын отбасы тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері ең өзекті мәселе ретінде көптеген ойшылдар мен ғалымдарды толғандырып келген.

Отбасы тарихын бүгінге дейін Шығыстың Ұлы ойшылдары *М.Қашғари, М.Хайдар, Әл-Фараби, Ж.Баласағұни*, және классик педагогтары: *И.Г.Песталоцци, А.Дистервег, Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Ж.Ж.Руссо*, және қазақ ағартушылары: *Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уалиханов*, кеңес педагогтары: *Н.Д.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский*, және қазақ зиялылары: *Ж.Аймауытов, С.М.Әуезов, М.Жұмабаев, Көбеев* және т.б. отбасы тәрбиесі мәселелерін жан-жақты қарастырып, зерттеген. Бүгінгі таңда отбасы тәрбиесі проблемаларының ғылыми негіздері Ресей ғалымдары *И.Гребенников, Л.Белова, Ю.Азаров, А.Пинт*, және т.б. тарапынан зерттелуде. Ал, Қазақстанда *Р.Төлеубекова, Г.Байдельдинова, Б.Айтмамбетова, С.Қоңырбаева, Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев, Ж.Әбиев*, және т.б. ғалымдар тарапынан кеңінен зерттеліп келеді. Отбасындағы тәрбие көптеген ғылым саласында (социология, педагогика, психология, экономика, демография, құқықтану

және т.б.) кеңінен зерттеліп, бүгінгі қоғам талаптарына сай отбасы тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері көпшіліктің қызығушылығын арттырып отыр [5, 1996].

Сонымен қорытындылай келе, Б.Г. Ананьев зерттеп қарастырғандай, әлеуметтендіру үрдісінде баланың тәрбие объектісінен тәрбие субъектісіне айналуы айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Отбасының рухани тіршілігіндегі негізгі функциясы бала тәрбиесі болып табылады. Отбасылық және қоғамдық тәрбие бір-бірімен өте тығыз байланысты, және олар қашанда бірін-бірі толықтырады. Алайда, отбасы тәрбиесі басқа тәрбие институттарындағы тәрбиеге қарағанда анағұрлым эмоционалды, өйткені оның негізінде өз кезегінде балалардың ата-анаға деген сүйіспеншілігін туғызатын ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігі жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р. Әбсаттаров, М.Дәкенов: Әлеуметтану/ Отбасыжәне некеәлеуметтануы 2009 жыл. – 201-213 б.
2. Сқақова Айгүл Жұмаханқызы. Отбасы жас ұрпақты әлеуметтендіру институты ретінде, авторефераты. –Астана, 2010. 9-10б.
3. Сухомлинский В.А. Цит. по книге: Тимошенко Л.Н. Воспитание старшеклассниц. М.: Просвещение, 1990. – 191 с.
4. Н.Д.Хмель, Г.Т.Хайруллин, Б.И.Муқанова //Педагогика//«Алматы», 2005ж. -199б.
5. Жумадуллаева А.А. Жоғары сынып оқушыларын отбасы некелік өмірге даярлаудың педагогикалық негіздері. : дисс. ... пед.ғыл.канд / Жумадуллаева А.А. – Түркістан, 2006.

А.М. Сембаева,

д.п.н., профессор

Казахский национальный университет имени аль-Фараби

А. Азымқұл,

магистрант 1 курса

ОП «Педагогика и психология»

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Многочисленные качественные изменения, нововведения, непрерывное развитие общественной жизни побуждают педагогов не только направить фокус на себя, но и более критически взглянуть на свою деятельность. Ведь знания, воспитание и мировоззрение учащихся формируются благодаря действиям, полученным знаниям и примеру учителя. Решение таких неоднозначных и ответственных вопросов ставит перед педагогами большие задачи.

Концепция общеобразовательных школ Республики Казахстан гласит: «Подготовка учителей в соответствии с современными требованиями, а также постоянное повышение квалификации – являющееся главным признаком мастерства учителя принято считать его высокую психологическую подготовку». Педагог может добиться высокого результата только в том случае, если знает индивидуальность каждого ребенка, присущую только ему. Нужно ли иметь педагогический талант для достижения высоких результатов? Безусловно, ведь каждый учитель может и должен быть мастером своего дела.

Работа педагога, несомненно, одна из самых важных, уважаемых, но в то же время трудных. Каждый специалист, имеющий профессию педагога, должен в полной мере владеть основами психологии для успешной работы с детьми, чтобы подходить к процессу воспитания деликатно.

Поскольку для страны и народа нет ничего важнее детей, мы заинтересованы не только физическим, но также их ментальным состоянием. Государство направило все ресурсы для полноценного и качественного развития детей. Культурное обогащение учащихся является одним из важнейших приоритетов государства, в котором педагогу отведено большое значение.

С самых древних времен профессия педагога является самой востребованной и необходимой. Существуют объективные основания для появления педагогики. В процессе развития, на каждом из этапов эволюции все человечество нуждалось в знаниях, которые могли служить ценным инструментом для обмена информацией, для перехода на новый этап эволюционного прогресса. Ни одно общество, ни одно государство не может обойтись без профессии педагога. Первыми педагогами в Древней Греции называли людей, которые исполняли обязанности воспитателя, который присматривал, обучал детей. Поскольку педагог имеет происхождение с греч. языка и переводится как «наставник, воспитатель», то изначально можно предположить, что в древности, «воспитание, обучение» стало передачей знаний и опыта, накопленных старшим поколением. Таким образом, формировался процесс воспитания, который позже стал сферой деятельности.

В педагогической деятельности предметом труда является учитель. Особенности инструментария учителя являются его знания, умения, навыки или личностные качества. Как отметил А.В. Луначарский: «Для нас важно, чтобы педагог был самым универсальным и самым прекрасным человеком в государстве, потому что он должен сделать из себя источник радостного перерождения для маленьких людей, которые живут в процессе постепенного развития своих сил. В этом высокое дело педагога, и неоспоримо, что никакая другая профессия не ставит таких требований к человеку. Педагог должен осуществлять в себе человеческий идеал». Безусловно, действия учителя, его знания и опыт напрямую связаны с уровнем его профессионализма, ведь лучшие из учителей, оттачивают свое мастерство обучаясь до самой старости.

Вооруженный знаниями, в соответствии с требованиями нынешней потребности общества, высокоинтеллектуальный, интеллигентный, развитый специалист – это те ценностные ориентиры, к которым нужно стремиться. Школа – это источник образования, место формирования мышления детей. И большая удача в жизни, учиться у лучших. «Считаю, что учителя наши – самые патриотичные, самые умные, ну и самые критичные, поскольку образованные люди. И самые патриотичные потому, что, неся на своих плечах все тяготы, трудности, все, что переживает народ, вы продолжали учить наших детей благородству, патриотизму, человечности, то есть вечным человеческим ценностям», – сказал президент Н.А.Назарбаев. Сегодня наша независимая страна, как никогда нуждается в квалифицированных специалистах, мастерах своего дела, педагогах с высокой этикой. А что лежит в основе педагогической этики? Педагогическая этика является отдельной отраслью этической науки и изучает особенности педагогической морали, реализует общие принципы морали в области педагогической деятельности. Педагогическая этика изучает характер нравственной деятельности учителя и нравственные отношения в профессиональной среде.

Педагогическая этика – совокупность норм, требований и правил, регулирующих поведение учителя во всех видах профессиональной деятельности на основе моральных норм и общечеловеческих нравственных ценностей. Предмет педагогической этики – закономерности проявления этики в сознании, поведении, отношениях и деятельности педагога. Целью определения педагогической этики является определение состояния интеллекта учителя.

Педагогическая этика выступает в качестве этической науки. Она является компонентом культуры педагога. Педагогическая этика имеет чрезвычайную важность в процессе педагогического общения, поскольку этика в первую очередь – совокупный индекс общей культуры воспитателя. Педагогический такт определение чувства меры в поведении и действиях учителя, включающее в себя высокую гуманность, уважение достоинства ученика, справедливость, выдержку и самообладание в отношениях с детьми, родителями, коллегами по труду. Педагогический такт является одной из форм реализации педагогической этики.

Наиболее известные показатели педагогической этики – это любовь к детям, взаимоуважение, поддержка, уважение себя и ребенка, проявление доброты и нежности, понимание, проявление чуткости, высокого внимания к ребенку.

Учебно-воспитательная работа не ставится в противовес нравственно-воспитательной деятельности. Эти процессы неразрывно связаны друг с другом. Одно без другого не имеет возможности эффективного взаимодействия.

Педагог должен уметь расположить к себе каждого ребенка и ловко орудовать словом. Иногда одно ласковое слово может заменить ребенку тысячи воспитательных бесед. Ведь словом можно как спасти, так и ранить.

Культурное обогащение учащегося служит главным показателем личности самого учителя. В зависимости от того, каков его нрав, его ценности, его духовно-нравственные ориентиры, можно судить и о том, чем наполнены его ученики.

Для эффективной педагогической деятельности учителю необходимы такие качества как: такт, вежливость, постоянно следить за собой, за своими словами и поступками, поскольку в процессе педагогической деятельности он выступает образцом для подражания.

Знание этических норм и культуры общения необходимо как самому педагогу, так и детям. Учитель должен вызывать такие чувства как уверенность, уважение и любовь, без которых учитель не имеет истинной репутации. Педагогическая этика является самостоятельным разделом этической науки и изучает особенности педагогической морали, реализует общие принципы нравственности в области педагогического труда. Педагогическая этика изучает характер нравственного развития педагога и нравственные отношения в профессиональной среде. Создаются основы педагогического этикета, представляющие собой совокупность специфических правил общения, стилей поведения и манеры

держат себя, сложившихся в среде людей, профессионально занимающихся воспитанием и обучением ребенка. Практическая деятельность учителя не всегда соответствует принципам профессиональной этики, так как в педагогической практике встречаются сложные проблемы и противоречия. Поэтому основной целью педагогической этики является определение состояния интеллекта учителя. Для этого необходимо использовать конкретные научно обоснованные методы.

Одним из методов, получивших широкое распространение в области педагогической этики принято считать знания, общественное мнение о ценностях личности и жизненных ориентирах педагога. Последствия педагогических ошибок, педагогические эффекты сказываются на ребенке (даже спустя несколько лет, когда он вырастет) и его близких. С другой стороны, развитие ребенка очень сложное и зависит от множества различных факторов. Следовательно, необходимо рассматривать стандартизацию педагогической деятельности через призму педагогической этики. Учитель должен понимать, когда он поступил хорошо, а когда – плохо.

Одним из важнейших направлений педагогической этики является профессионально-педагогический долг. Исходя из этого, возникает следующий комплекс нравственных заповедей и требований общества к личным профессиональным обязанностям учителя, как: формирование определенной системы труда, направленной на развитие психики ребенка; деликатное обращение с детьми, высокая коммуникативная способность при общении, правильное взаимодействие с детьми, родителями, коллегами; осознание ответственности своей профессии; понимание важности роли педагога в педагогическом коллективе и обществе. Основная задача профессиональной педагогики – направить процесс воспитания и обучения подрастающего поколения на решение конкретных и актуальных проблем современного общества. В профессиональные обязанности учителя входит постоянное развитие знаний и творческих способностей, самодисциплина, уважение к родителям и детям, правильное решение школьных трудностей, путем взаимодействия с учениками, родителями и школьной администрацией.

В «Конвенции о правах ребенка» (Одобреной Генеральной Ассамблеей ООН 20.11.1989 года) заявлено, что педагог должен уважать личность ребенка, его достоинство, уважать права учащихся на выражение мнений и убеждений.

В Рекомендациях ЮНЕСКО «О Положении Учителей» от 05.10.1966 г. также раскрываются аспекты достойного поведения учителя: внимательность, вежливость при общении с учениками, родителями и членами коллектива школы, формирование нравственного примера для обучающихся.

Согласно ст. 51 Закона Республики Казахстан № 319-III от 27.07.2007 года «Об образовании» педагогические работники обязаны соблюдать правовые, нравственные и этические нормы, следовать требованиям профессиональной этики.

Перед тем, как раскрыть сущность профессионально-педагогической культуры, необходимо прежде всего рассмотреть понятия «профессиональная культура» и «педагогическая культура». Разделение профессиональной культуры было обусловлено развитием различных видов деятельности. Профессия как социокультурный феномен имеет сложную структуру: имеет предмет, инструменты, результаты профессиональной деятельности, которыми являются: цели, ценности, нормы, методы, приемы, модели. В процессе исторического развития меняется и профессия. Одни обретают новую социокультурную форму, другие не сильно меняются, третьи исчезают, а четвертые претерпевают несколько изменений. Высокий уровень профессиональной культуры характеризуется способностью решать профессиональные задачи, посредством профессионального мышления.

Профессиональная культура – это актуальный уровень владения методами решения специальных профессиональных задач членами коллектива. Понятие «педагогическая культура» давно вошло в практику педагогической деятельности, а его теоретическое изучение только начинается. Данная проблема связана с анализом особенностей педагогической деятельности, исследованием педагогических способностей, педагогического мастерства учителя, и отражена в произведениях С.И.Архангельского, А.В.Барабанщикова, Е.В.Бондаревой, З.Ф.Исаревой, Н.В.Кузьминой и др. Проанализированы некоторые аспекты педагогической культуры, связанные с изучением культурной направленности в философии, социологии, педагогике и психологии: методологическая, нравственная, эстетическая, коммуникативная, технологическая, духовная, физическая культура личности учителя. В этих исследованиях педагогическая культура является важной частью общей культуры учителя, что находит отражение в системе педагогической деятельности. Профессионально-педагогическая культура учителя является частью педагогической культуры как социального явления. Распространителями педагогической культуры, являются люди, занимающиеся педагогической практикой на профессиональном или непрофессиональном уровне. Распространители профессионально-педагогической культуры реализуются через педагогический труд, который конструирует педагогическую деятельность, педагогическое общение, личность.

Чтобы понять суть профессионально-педагогической культуры, необходимо знать следующие особенности:

1. Профессионально-педагогическая культура – это характеристика педагогической действительности, проявляющаяся в различных формах.

2. Профессионально-педагогическая культура – это системное образование, имеющее структурно-функциональные компоненты, организацию, взаимодействующую с окружающей средой.

3. Единицей анализа профессионально-педагогической культуры является творческая педагогическая деятельность.

4. Особенности реализации и формирования профессионально-педагогической культуры обусловлены индивидуальным творчеством, психофизиологическими и возрастными различиями, социально-педагогическим опытом личности.

Учет указанных методологических основ поможет разработать модель профессионально-педагогической культуры. Выделяют три компонента профессионально-педагогической культуры: аксиологический, технологический, личностно-творческий.

Аксиологический компонент профессионально-педагогической культуры возник на современном этапе развития образования на основе совокупности педагогических ценностей личности, внесенных в единый педагогический процесс. В процессе педагогической деятельности педагог усваивает мнения и концепции, приобретает знания и умения, а сам создает гуманистическую технологию педагогической деятельности. Для общества и отдельной педагогической системы знания, установки, концепции находят отражение в качестве педагогической ценности. Педагог становится мастером своего дела, а с педагогической ценностью осваивает и развивает педагогическую деятельность. История школьного и педагогического подходов – это процесс повседневной оценки, трансформации, закрепления ценностей и овладения педагогическими технологиями в новых ситуациях. Ценность субъективного воспитания и общекультурно-педагогического звания учителя определяется его индивидуальными ценностями, профессиональной ориентацией, внутренним миром человека. В связи с этим справедливо утверждение С. Л. Рубинштейна, что ценностное общение остается способом проявления человеческой деятельности. Говоря о педагогических ценностях, можно четко выделить три основных его вида:

1. Социально-педагогическое значение
2. Групповое педагогическое значение.
3. Индивидуальная педагогическая ценность.

Технологический компонент профессионально-педагогической культуры включает средства и способы педагогической деятельности учителя. Ценности и основа педагогической культуры формируются индивидуально. Гуманистическая направленность педагогической деятельности дает возможность исследовать механизм удовлетворения духовных потребностей личности. Педагогическую деятельность мы называем технологической деятельностью. В связи с этим необходимо провести оперативный анализ педагогической деятельности, который рассматривается как решение педагогических задач. Педагогическая технология помогает понять сущность педагогической культуры, раскрывает исторически меняющиеся подходы, объясняет направления деятельности. К личностно-творческому компоненту профессионально-педагогической культуры относится механизм ее усвоения как творческого акта. Педагогические ценности осваиваются учителем на личностно-творческом уровне. Овладев ценностями педагогической культуры, педагог может их реконструировать и интерпретировать. Характеристика педагогического творчества – это вид деятельности человека, представляющий собой педагогическую культуру. Творчество требует от учителя потребности, способностей, свободы, оригинальности, ответственности.

Литература:

1. Андреев В. И. Педагогическая этика: инновационный курс для нравственного саморазвития. Казань : ЦИТ, 2003. 272 с.
2. Белухин Д. А. Педагогическая этика: желаемое и действительное. М. : МПСИ, 2007. 123 с.
3. Елисеева Ю. Н. Принципы и ценности этики в педагогической деятельности // Молодой ученый. 2016. № 3. С. 14–18.
4. Ильин Е. Н. Путь к ученику : книга для учителя. М. : Просвещение, 1988. 224 с.
5. Профессиональная культура учителя / сост. В. А. Сластенин, Н. И. Филиппенко. М. : Просвещение. 2003. 22 с.
6. Сариева А. Б. Понятие о педагогической этике и её задачи // Актуальные вопросы современной педагогики: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Уфа, июль 2012 г.). Уфа : Лето, 2012. С. 21–24
7. Мишаткина, Т.В. Педагогическая этика: Учеб. пособие / Т.В. Мишаткина. – Ростов-на-Дону : Феникс; Минск : ТетраСистемс, 2004. – 304 с.
8. И. Гликман. Качество образования и этика преподавателя // Высшее образование в России. – 2007. – № 5. – С. 117 – 121.

¹ А.А. Жолдасбеков, ¹ А.Ж. Септемирова, ² Ж.С. Сихынбаева,

¹Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент қ. Қазақстан

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университеті

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ МАГИСТРЛЕРДІҢ КРЕАТИВТІ ІС- ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі кезде креативті-шығармашыл, кәсіби құзыреттілігі мен адами көзқарасы қалыптасқан жаңашыл, интеллектуалды, креативті тұлғаларға сұраныс көп. Соған орай ЖОО-дан кейінгі білім беру жүйесі болашақ магистранттардың ынталылық, инновациялық, мобильдік, икемділік, динамизм және жан-жақтылық сияқты жаңа қырларын қалыптастыруды, креативті ойлай білетін, креативті-шығармашыл тұлға тәрбиелеуді көздейді. Адамның өзгермелі өмірлік жағдаяттарға жылдам бейімделе алуына мүмкіндік беретін креативтілік мәселесін және кәсіби қалыптасу сипатын зерттеу педагогика ғылымының негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр.

Зерттеушілер өркениеттің өзін тұлғаның креативтілігімен байланыстырады. Кәсіби қызметті іске асыру үшін, болашақ магистрдің креативтілік қабілетін дамыту өте маңызды іс[1].

Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлерді ЖОО-да дайындау жүйесі олардың теориялық материалдарды меңгеруіне, толық түсінуіне, еркін шығармашылық тұрғыдан өздерін таныта алуына бағытталған.

Педагогикалық креативтіктің әдіснамалық негіздерін алыс және жақын шетел ғалымдары Г.Ю.Айзенк, Ф.Баррон, Д.Векслер, М.Вертгеймер, Дж. Гильфорд, С.Медник, В.Смит және басқалар өз еңбектерінде қарастырған. Шығармашылық дамудың көрсеткіші креативтілік болып табылады.

Көптеген ғалымдар креативтілікті дамыту тек шығармашылық әрекетте жүзеге асады деген пікірде. Демек, шығармашылық даралықты қалыптастыру әлеуметтік орта шарттарына тәуелді [2]. Білім беру әдістерін қолданып, танымдық процесті ұйымдастыру тәсілдері арқылы тұлғаның креативтілігін дамытуды ынталандырады. Креативтілік туралы айтқанда шығармашылық, ойлау, тұлғаның қасиеті, дамуы да ескерілуі керек.

Жоғары оқу орнында кәсіби деңгейі жоғары, білікті, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол магистрлерді даярлау үшін педагогтың да, магистранттың да бірлескен іс-әрекеті қажет.

ЖОО-да болашақ магистрлерді дайындау, шеберлігін арттырып, теориялық білімі мен біліктілігін ғылыми тұрғыда дамыту,тың шешім қабылдау, үнемі өзгеретін жағдайдағы сансыз міндеттерді шешу, креативті сапасын дамытуды инновациялық білім мен технологияны меңгерген, кәсіби-педагогикалық біліктілік деңгейі, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, білім беру саласындағы инновациялық процестерді жүзеге асыруға қабілетті креативті үштілді магистр іске асыра алады.

Магистратурада теориялық білімнің, практиканың және мәнсапқа жету деңгейінің қосындысы болатын кешенді білім «өніміне» бағдарланатындықтан, білім алушыларға бәсекеге қабілетті маман болуға жол ашып береді. Шет елдік және отандық жоғарыдан кейінгі білім беру тәжірибесіне жасалған талдау магистрлік бағдарламаны жүзеге асырудың бірнеше шартты модельдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік жасады.

Солардың бірі –мамандандырылған магистрлік бағдарламаны қамтитын бірыңғай білім беру бағдарламасына сүйенетін дәстүрлі жүйе.

Магистрлік білім беруде бейінді ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы салалардың өзекті сұраныстарына сәйкес жоғары білімнің әр сатысында игерілетін жалпы және арнайы құзырлықтардың жиынтығы қарастырылады. Олар – «пәндік» және «пәннен жоғары метапәндік» құзырлықтар. Қазіргі кезде заман талабына сай кез келген саланың маманы болуға мүмкіндік беретін құзырлықтың басты екі түрі белгіленіп отыр Атап айтқанда, «пәндік» құзырлыққа белгілі бір пәнді меңгеруге немесе белгілі бір саланы меңгеруге қажетті білім мен білік жатқызылса, «пәннен жоғары метапәндік» құзырлық ретінде адамның өз білімін пайдалану және одан әрі дамытуға бағытталған ақпараттық, коммуникативтік, бірлесе жұмыс жасай алу қабілеттері, өз әрекеттерін басқару дағдылары сияқты қасиеттер.

Магистрлік білім беру біздің елімізге Боллон процесін жүзеге асыру мен білімді әлемдік кеңістікке кіріктіру нәтижесінде енген болатын. 1998 жылы Батыс Еуропаның 4 елі (Германия, Италия, Франция, Ұлыбритания) білім берудің жүйелері мен құрылымдарын сәйкестендіру жөнінде Сорбон декларациясын қабылдаған болса, 1999 жылы Еуропаның 30-ға жуық елінің білім беру өкілдері Болон

декларациясына қол қойды. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау бағытындағы құнды шешім болып табылатын 1997 жылғы Лиссобон конвенциясын Қазақстан басшылыққа алып, оқу жүйесіне ұтымды түрде пайдалануға шешім қабылдаған болатын. Себебі, кәсіптік білім берудің заманауи әдіс-тәсілдерінің басты ерекшелігі оның үздіксіздігі, мамандардың біліктілігін үнемі арттырып отыру, өмір бойы оқу (LLL) болып табылады. Ал Болон декларациясында осы мәселеге басты көңіл бөлінген.

Болон үдерісіне қатысушы елдердің Білім министрлерінің II Болон Форумында (Будапешт қаласы, Венгрия және Вена қаласы, Австрия) Қазақстан Болон декларациясына қосылып, Болон үдерісіне 47-ші ел ретінде мүше болды. Осылайша Қазақстан жоғары білімді бірыңғай еуропалық талаптарға сәйкес бірізділендіру міндетін алды, яғни, түбегейлі халықаралық интеграциялық үдеріс терге толық мүше болды. Еліміздің Болон үдерісіне қосылуы отандық білімнің жаңа талаптары мен республиканың саясиэкономикалық таңдауына толық жауап береді. Бұл – білім сапасы мен бәсекелестік мүмкіндігін көтеру мақсатында жасалып жатқан игі қадам болып саналды.

Бакалавриаттан кейінгі оқу үдерісіндегі сабақтастықты, еңбек нарығының шапшаң өзгермелігі жағдайында түлектердің академиялық ұтқырлығын және сұранысқа ие болуын қамтамасыз ететіндіктен барынша икемді және тиімді болып келетін . магистратура және (PhD) докторантура деп аталатын екі сатылы модель Еуропаның көптеген елдерінің, Австралия мен АҚШ-тың университеттерінде жүргізіледі.

Дүние жүзіндегі дамыған елдеріндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің құрылымы неғұрлым бірыңғайланған болып келеді. Осы бірыңғайлау бірінші ретте білім беру үдерісін үздіксіз үдеріс ретінде түсінумен және әр кейінгі білім беру деңгейінің кейінгі баспалдақтың білім беру деңгейімен айқындалады. Түрлі еуропалық елдерде және АҚШ-та магистрлерді дайындаудың локалдік және аймақтық ерекшеліктері ЖОО-ның деңгейінде қарастырылады.

Ирландия мен Ұлыбритания университеттерінде екі типтегі магистерлік бағдарламалар қарастырылады. Мысалы Ұлыбританияда магистрлерді дайындау бағдарламасы (Master Degree): мамандықтардың кәсіптік деңгейін арттыруға бағдарланған бағдарламалар және зерттеу іс-әрекеттеріне бағдарланады. Америкалық жоғары білім беру жүйесінің ерекшелігі ЖОО-ның өз бетінше әрекет етуі мен автономиялығымен сипатталады. Бұл жаңа және аралас оқу пәндерін, жаңа мамандықтарын ойлап табуға, сонымен бірге оқытудың инновациялық әдістерін пайдалануға мүмкіндік береді.Германиядағы жоғары білім берудің ұстанымы – академиялық еркінділік – дипломның құрамына кіретін оқу пәндердің тізімін өзбетінше анықтауға мүмкіндік беретін жүйе. Германияда осындай жоғары білім беру жүйесіндегі оқу үдерісін ғылыми зерттеумен қатар жүреді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Магистратура және PhD докторантура институтында пәндерді оқыту нәтижесінде магистрантар ғылыми зерттеулер әдіснамасы саласында, ЖОО-дағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық ісәрекет барысында, заманауи білім беру технологиялары бойынша, ғылыми жобаларды және кәсіби саласы бойынша зерттеулерді орындауда құзыретті мамандар болып қалыптасады. Осылайша магистранттарда түрлі құзырлықтар қалыптастыру ойластырылған:

– педагогикалық іс-әрекетте – түрлі білім беру сатыларында оқу тәрбие үдерісін ұйымдастырудың және жүзеге асырудың заманауи әдістер мен технологияларды қолдану қабілеті;

– әдістемелік іс-әрекетте – оқытудың әдістері, технологиялары мен тәсілдерін әзірлеу мен іске асырудың және оларды қолдану нәтижесінде олардың нәтижелерін талдау қабілеті;

– ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде – ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау және нақты білім беру және зерттеу міндеттерін шешу барысында оларды қолданудың білігі; ғылымның заманауи әдістерін пайдалана отырып, ғылыми зерттеуді өз бетінше жүзеге асыруға даярлығы7

Ғылым мен техниканың жедел дамыған ақпараттар ағымы күшейген замандағы ғылыми жетістіктер адамзат қоғамының өркендеуіне, ілгері дамуына септігін тигізуде. Қоғам дамуындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық, өркениет пен мәдениеттегі өзгерістер кәсіптік білім беру саласына әсерін тигізіп, маңыздылығын арттыра түсуде. Бүгінгі таңда кәсіптік білім беру қызметін жаңаша құрып, қол жеткен табыстарды сын көзбен саралап, кәсіптік оқыту педагогтарының іс-әрекетін креативтілікпен жаңаша ұйымдастыру іске асырылуда.

Қазіргі кезде психология-педагогика ілімінде педагогикалық іс-әрекеттің креативтілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылуда. Педагогикалық процестегі іс-әрекеттің креативтілігін қалыптастыру негіздерін анықтауда креативті іс-әрекетті қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің маңызы зор. Соған орай, іс-әрекет құрылымын анықтау қажет. Оқу процесінің логикасы –

құрылымды анықтайды. Іс-әрекеттің құрылымы жүйе ретінде қарастырылады. Өйткені, кез келген іс-әрекеттің мақсатқа жетуі мен табысты болуы жүйелілікке тәуелді.

Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті оқыту:

- магистрлердің креативті іс-әрекетті қалыптастырудың факторлары мен педагогикалық шарттарын анықтауы үшін;
- магистрлердің іс-әрекеттік біліктерін қалыптастырып, өз іс-әрекетіне деген сенімділігінің болуы үшін;
- кәсіптік мәселелерді шешудің әдістері мен тәсілдерін меңгеруі үшін, – магистрлердің іс-әрекетінің креативтілігін қалыптастыруға ынтасын арттыру қажеттілігі туындайды.
- өзін-өзі ашуы, жетілдіруі, табысқа жетуі үшін;
- креативті оқыту пәнінің мақсатын, міндетін, мазмұнын, креативті оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін меңгеруі үшін;
- оқытудың демократиялық типін жүзеге асыруы үшін (іс-әрекет еркіндігі, интеллектуалдылығы, эмоционалды-құндылықты қарым-қатынасын);
- белсенді іс-әрекетті қамтамасыз етіп, оны өзектендіруге ынталандыру, білім беруде біріккен іс-әрекетті ұйымдастыруы үшін;

Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті және кәсіптік оқыту педагогтарынан меңгерілген кәсіптік білімдер мен креативті іс-әрекеттерді өз бетімен іске асыру, бұрыннан қалыптасқан кәсіби іс-әрекет амалдары негізінде жаңа амалдарды қалыптастыру, яғни, кәсіби іс-әрекеттің креативтілігін, жаңа амалдарын жүзеге асыру іскерлігі талап етіледі. Негізі, креативті іс-әрекет мына талаптарға сай болуы керек:

- болашақ педагогтар өз қабілет-қарымын есепке алып дамыту, ауқымды білім кеңістігін игеру;
- озық тәжірибелерді қабылдау, педагогикалық шеберлік негіздерін меңгеру;
- оқу технологиясын игеріп, өз тәжірибесін жаңа ғылыми тұрғыда жетілдіру;
- оқытудың мақсаты мен міндеттерін нақтылай білу;
- тиімді әдістер мен формаларын, оқыту құралдарын сұрыптап қолдану;
- ғылыми зерттеулерін тәжірибеге енгізе білу;
- кәсіби танымға ұмтылу, өзіндік құндылықтарын жетілдіріп, рефлексия жасай білу;
- инновациялық технологияларын меңгеруге талпынысы.

Тұлға үшін педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекет құндылығы, өзін-өзі көрсету креативтілігіне қарай өз қабілетін жүзеге асыру [3]. Әрбір педагог іс-әрекет теориясына, ерекшеліктеріне терең мән беріп, оқу процесінде тиімді іске асыруы қажет. Білім беру саласындағы іс-әрекеттік теориясы сана мен іс-әрекеттің қағидасы деген психологиялық теорияға негізделеді. Бұл теория бойынша білімгерлердің оқу-танымдық іс-әрекетке саналы, белсенді қатысуы арқылы өзін-өзі іске асыруы, табысқа жетуі, кәсіби өзін-өзі анықтауы тиіс.

Қорыта келгенде, жоғары оқу орнынан кейінгі магистранттардың креативті тұлғалығын дамыту ерекше сипатта болатындығын және оның педагогика және психология ілімінде орны ерекше екендігіне көз жеткіздік.

Әдебиеттер:

1. Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: дисс. пед.ғыл.док. – Алматы, 2010
2. А.В. Морозов, Д.В. Чернилевский. Креативная педагогика и психология. М., Академический проект, 2004. 560 б.
3. Жолдасбеков А.А., Оспанова Б.А., Жолдасбекова К.А. Креативті психология. Оқулық. – Алматы, 2013. – 420 б.

Н.У. Серікова,

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

ҰЛЫ ДАЛАДА ӨМІРГЕ КЕЛГЕН ҰЛЫ ТҰЛҒА – АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Ұлы далада өмірге келген ұлы тұлғалар дүниеге келгені баршамызға аян. Солардың бірегейі – ұлы тұлғамыз, мандай алды ақынымыз Абай Құнанбаев. Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де халқымыздың Абайға көңілі айныған емес, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырлары ашылып, жаңа сырларына қанығудамыз. *Абай тағылымы-даналықтың, ғұламалықтың, имандылықтың мұхиты.* Ұлы Абайдың ағартушылық көзқарастарының алтын дінгегіадам тәрбиесі, халық

тәрбиесі болған. Қазақ халқының жарқын болашағының даңғыл жолын -білімді, адамгершілігі мол, еңбекқор жас адамдар салатынын анық айтқан. Әрбір жас адам ақыл-ойдың, мидың, жүрек пен сезім күшін пайдаланып, өз елінің кетігін бітейтін кірпіш болса деп армандаған. Абай қоғам тәрбиесі жеке адамнан басталатынын айтта келе адам түзелмей заман түзелмейтінін айтқан.

Сонда адам мұраты мен халық мүддесін ұштастыратын тәрбиедегі басты нұсқа әуелі білім, ғылым, өнер жолын тандап алып «естілерден үлгі алу, еңбекпен ғана мал табу», -деп көрсеткен Абай атамыз. [2, 9 б.].

Ұлы ұстаз жан-жақты, кемел тәрбиелі адам ғана «толық адам» санатына қосылады деп есептеген. *Ал кемелділікке жетудің тура жолы-адам бойындағы имандылық қасиеттердің туындауынан* басталады.Тәрбиенің қалған түрлері мұсылмандыққа ден қойған иманды жастың бойында тез үйірімді болатындығын айтқан.Абай көршілес халықтардың озық дәстүрлеріне,жетістіктеріне үңіле қарап, соларды үлгі-өнеге тұтқан. Озық ойлы ақыл-ой иелерінің озық шығармаларын қазақ тіліне аударып, жақсы тәлім-тәрбие иелерін батыл насихаттаған.Жастарды адамгершілік рухта тәрбиелеп, оларға ғылым мен білімге бастар жолды көрсетіп отырып, бұл мәселелердің шешімі еңбекте деген. Абай шығармалары түрлі кәсіпті еркін меңгеруіне ықпал етіп, еңбекті тиімді ұйымдастыру жолдарына баулыды.

Абай жастарды тәрбиелеу жолдарын *отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді* ұсынған. Адам тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігіне ерекше мән берген. Баланы азамат– «толық адам» етіп тәрбиелеуде ата-ана рөлінің жоғарылығын, отбасы тәрбиесінің маңызын көрсеткен. *Қазақ отбасында тәрбие ісі негізгі сегіз түрлі мәселені қамтыған:* Бірінші тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, әке-шеше баласына «әдепті бол» дегенді үйреткен.Екінші баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға тәрбиелеген. Үшінші тіл алғыш, елгезек болуға баулыған.Төртінші, адал, шыншыл болуға үйреткен.Бесінші ұстаз бен көпті көрген қарияны тыңдап, «ақпа құлақ болмай», «құйма құлақ бол» дегенді бойына біртіндеп сіңірген. Алтыншы үлкенді, ата-ананы сыйлап құрметтеуге үйретуді басты міндет қойған.Жетінші кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін әдепті азамат бол деп үйреткен.Сегізінші ел қорғаған батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнерінді соған жұмса дегенді ерінбей-жалықпай айтып, қана қоймай, жеке өнегелер арқылы көрсетіп отырған. [3, 69 б.].

Міне осындай тәрбие алған Абай әкенің ізгі қасиеттерінің үй-ішін нұрландырып тұратынын айтса, ақылды ер адамның мінезді әйелі үй ішін жұмаққа айналдырып, ондай отбасындағы бала жақсы тәрбие алатынын айтқан. Абай атамыз бала келешегіне қамқоршы ұстазы –әке дей келе, бала тәрбиесіндегі ананың да орнын ерекше бағалаған.Ана қасиетін биік тұғырдан тануына өз анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің қос мейірімі бұлағынан сусындап өсуі игі әсер еткені сөзсіз.Әжесі Зеренің «Ее...Бұлдыр-бұлдыр күн өткен.Бұрынғыдан кім өтен?,- деп басталатын ұлағатты әңгімелері, ертегі –жырлары бала Абайдың өміріне, ақындығына игі әсер беріп дана Абай болуына дара жол салғаны да анық .. Бұл туралы М.Әуезовтің «Абай жолы» романында шынайы суреттелген.Әжесі Зере немерелерінің ішінде Ибраһимді ерекше жақсы көрген. *Әжесі Зере бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Зере баласы Құнанбай қажыны дәретсіз емізбеген.*Ізгі жүректі, үлкеге қамқор, кішіге пана бола білген Зере әженің тәрбиесін көрген *дана Абайдың тектілігі барша қазақ отбасына үлгі емес.*

Ана қашанда баласының алғашқы ең аяулы тәрбиешісі.Ананың ақ сүті арқылы ана бойындағы барлық ізгі қасиеттердің бала бойына даруы ана тәлімінің бала өмірінде жоғары екендігін көрсеткен қашанда.Халық тәрбиесінде абзал аналар есейе бастаған қыздарына іс тіктіріп, үй шаруасына үйреткен.Осындай аналарды Абай қатты құрметтеген. Сондықтан, тәрбиелі аналарды құрметтеген Абай қалыңдық іздеген жігіттерге тәрбиелі аналардың қыздарына көз салуды ескерткен. Абай өзінің *«Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат»* өлеңінде:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме
Әйел жақсы болмайды көркіменен,

Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме,-деп қыз баланың түріне, сымбатына қарап бағалатпай,ішкі жан дүниесінің сұлулығына көңіл бөлдірген. Болашақ отау құру мәселесінде қыз балалардың ақылды, білімді болуына ерекше мән берген.Абай өзінің шығармаларында әйелді біреуге ана, біреуге қарындас, біреуге қыз, біреудің қорғаны ақылшысы, жанашыры,сүйген жары деп түсіндірген.[4, 55 б.].

Абай тәрбиелі аналарды құрметтеген. Аналарға *бала тәрбиесінде ұлттық дәстүрлерді* басшылыққа алуды ұсынған.Қазақ халқы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орны болмаса да өз ұрпағын бесікте жатқан күннен бастап өлең-жыр, өсе келе ертегі, тақпақ, санамақ, мақал-мәтелдер,нақыл, ақыл сөздер арқылы тәрбиелеп отырған.

Ұлы тұлға Абайдың шығармаларында ұлттық тәрбие қашанда маңызды орынға ие болып, қазіргі таңда үлкен тәрбиелік тағылымы жоғары тәрбие мектебіне айналған. Абайдың бала тәрбиесіне арналған тағылымдық өнегелі сөздерін, еңбек-өнер тәрбиесі туралы ойларын жетінші, отыз жетінші, отыз сегізінші қара сөздерінен көруімізге болады. [5, 69 б.].

Абай Құнанбаев жастардың жалынды ақылшысы болған. Абай шығармаларының ғибратты тәрбиелік сипатты мол. Ұлы ақынның шығармаларында басты орынды елдің әлеуметтік жағдайы, тәрбие, дін, табиғатты суреттеудегі эстетикалық бейнелеудің ұлттық сипатын қолдануы, ұлағатты тәрбиелік сөздерден тұрады. Абай жеткіншек ұрпаққа қоғамға пайдалы адам болуды өсиет етеді. Әрбір жас азамат әкесінің емес, адамзаттың ұлы болуға тиіс. Өз ұлтына деген отаншылдық сезімді Абай: «Қалың елім қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Көңілім қайтты достан да дұшпаннан да», «Қараша желтоқсан мен сол бір екі ай», «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» деген тәрізді ағартушының өлеңдерінде ел арманы, халық мұңы жайынан келелі сөздер қозғалады.

Сондай-ақ, Абай заманында шенқұмар, баққұмар, малқұмар, алаяқ-пасықтар көбейіп, елді қынадай қырып, ру тартысы, болыстыққа таласу, ел шабу, барымта алу күн құрғатпады. Елдің берекесін кетірді. Сол мінез-құлықты Абай қатты сынап:

Күндіз күлкі бұзылды, түнде ұйқың,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шіркін
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған соң мінсе қырқың,
Бас басына би болған өңкей қықым.
Мінеки бұзған жоқпа елдің сиқын – дейді.

Міне, біз бұдан Абайдың ру-патриархалдық әдет-ғұрыптарға, түрлі ескі ырымдарға да мейлінше қарсы болып қазақ халқының тағдырына, болашағына деген қамқорлық, отаншылдық сезімдерменен айшықталғанын көреміз. Абай құр ғана мінеп-сынап, жаман мінез пасық қылықтарды көрсетіп қана қоймайды. Соны айта отырып, елін жақсылыққа, адал іс-әрекетке жемісті еңбекке шақырады.

Ұлы Далада өмірге келген Ұлы Тұлға – Абай Құнанбаевтың шығармаларындағы тәрбиелік тағылымдарының әр қазақ азаматының өмірінде маңызды рөл атқаратынын ұлықтауда, білім беру орындары әр қазақ отбасының мүшелерімен бірлестікте аянбай тиімді ізгі шараларды ұйымдастыруы оның халқымен мәңгі бірге жасайтынының айғағы емеспе.

Осының дәлелі ретінде Ұлы тұлға Абай атамыздың туғанына 175 жылдығы қарсаңында Алматы қаласындағы «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде» өткен «XXI ғасыр педагогикасындағы Абай мұралары» атты республикалық педагогикалық олимпиадада жалынды жастарымыз өздерінің Абай атасына деген аса жоғары құрметтерін көрсетіп, оның рухани мұрасымен еркін сусындағандарын дәлелдеп берді. Онда «Абай менің өмірімде» атты сахналық қойылымдарын көрсетудегі Абайдың тәрбиелік тағылымындарын паш етуде, жастар Абайды бүкіл жүрегімен қабылдайтындықтары көрермен қауымды үлкен қуанышқа бөледі. Студенттердің таңдап алған қойылымдарының арасында «Абайтану ғылымының білгірі Мұхтар Әуезовтің сөзінше, Құнанбай баласы тек қана жыр-дастан тыңдаумен шектелген жоқ. Өз заманына дейінгі би-шешендердің де сөзін құлағына құйып өскен» дей келе, Құнанбайдың замандасы әрі жақын сырласы болған 17 жасынан сөз өнеріне араласып, дуалы ауызды би Шабанбайдан бата алған Жанқұтты шешен жолы түсіп Құнанбайдың үйіне ат басын тіреген уақытта сәлем берген бала Абайға бірнеше сұрақ қойған екен, өте данышпандықпен жауап берген *бала Абайға Жанқұтты шешен былай, – деген екен* балам, мен бүгін бір жасап қалдым. *Құнанбай мырзаның әкесінен оза туған*, Өскенбай атасына жете туған баласы бар естуші едім. Соған көзім жетіп қойған жоқ, көріп, көңілім тасып отыр, *жанарыңның оты бар екен – ойлылығың шығар, сезіміңнің нәрі бар екен – елің сұрағанда шөл қандырап бұлағы боларсың деп батасын берген екен. Сонда бала Абай* Ата, сізден бір сауал сұрасам рұқсат етесіз бе?,- деген екен Жанқұтты шешенге. Бала Абай ата, сұрасам, *арсыз не, қымбат не, дауасыз не?- деген екен.* Сонда Жанқұтты шешен Мұны сен текке сұрамадың – ау, балам! Е, шырағым, *арсыз – өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік деп жауап беріпті. Бала Абай* оныңыз рас, ата. Артыңызда айта жүрер өсиет болса, соны естіп деп едім. Оны естіп көңілім жай тапты,- деген тұстарын көрсетуі тәуелсіз қоғамның керегесінің жастайынан өнегелі тәрбие көрген шындықты айтар білімді, иманды жалынды жастармен көгеретінін бойында тұмардай сақтап жүргендерінің дәлелі екендіктерін көрсетті. [6, 3 б.].

Қазіргі таңда артындағы халқына қаншама рухани азықты аманат еткен Ұлы Тұлғамыздың құрметіне құрылған мәдени-ағарту орындарымыз, қасиетті қазынаға айналды. Оның білім тарату ісінде

рөлі аса жоғары болса, тәрбиелік тағылымдары ұшан теңіз. Абай қазақ жастарын «қиын кезеңде, ғылым жолында кездескен алғашқы сәтсіздік үстінде күдер үзбе, талаптың сұңқарын мініп, тас қияға өрле, мұратына жетпей тынба», -деп баулыған.

Ұлы ақынның «*Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп*» деген жолдары халықтар достығы ақын үшін қатар өмір сүрудің жалаң дипломатиясы ғана емес, тіршіліктің негізгі мағынасын айқындайтын ұлы мұрат екені көрінеді. Қазіргі таңда ақынның ұлы мұраты орындалып, тәуелсіз еліміз өзге елдермен достық, ынтымақтастық қарым-қатынасын сақтап, өскен елдің ғылым мен мәдениетін меңгеруде. *Ұлы Далада өмірге келген Ұлы Тұлға – Абайдың рухани мұрасынан сусындап*, өз елінің салтын сақтар тәуелсіз елдің жас қырандарының алдында әлем алындағы асар асулары, жетер белестеріне елімізде үлкен мүмкіндіктер жасалуда. Абай қоғамдық өнімді еңбек адамның жан-жақты жетіліп қалыптасуының шарты деген.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі бақи бірге, оның мол мұрасы қалың елін, қазағын жаңа асқар асуларға жетелеуде.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев. Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы.2018ж.
2. Абайдың мемлекеттік қорық мұражайы.Астана:Елорда, 2005.-20бет.
3. Абай.Қара сөздері.-Алматы:Өнер, 2010.-124 бет.
4. Қартаева А.М. «Абай мұрасы» роман-эпопеясында. Алматы, 2005.-146б.
5. Қ.Бөлеев.Қазақ отбасылық тәрбиесі.Алматы:Отан, 2014.-153б.
6. «XXI ғасыр педагогикасындағы Абай мұралары» атты республикалық педагогикалық олимпиада бағдарламасы. Алматы: Ұлағат, 2020.-7бет.

А.Қ. Спанова,
магистрант, «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
Н.А. Кулмышева,
п.ғ.к., доцент м/а. «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒАЛАМТОРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТЕРІ

Техника дамыған сайын адамның өмірі жеңілдей түседі. Адам өмірі жеңілдеген сайын денсаулығы нашарлайтын үрдіс байқалады. Бұл қазіргі уақыттың айқын ақиқаты болып отыр. Сондай аурулардың бірі, жаңа ғасыр жаңа ауруы – интернет-тәуелділік. Интернетке тәуелділік дегеніміз ауру ма? деген сұраққа сан түрлі жауап алуға болады, яғни, тартысқа толы сұрақ. Егер алкагольді ішімдіктерге тәуелділікті ауыр екендігін бұрыннан-ақ білсек, интернетке тәуелділікті де аурулар қатарына жатқызуға болады ма? Бұл сұрақ бойынша да ғалымдар екі жақты тұжырым айтады. Бірінші жақ Нью-Йорктік ғалым Ivan Goldberg-тің теориясы бойынша 1995 жылғы енгізген Интернетке тәуелділік терминін (internet addiction disorder, қысқаша IAD) жақтаушылар. Ivan Goldberg-тің теориясы бойынша мұндай тәуелділік психикалық проблема ретінде сипатталған [1].

Интернетті шамадан тыс көп пайдаланудың нәтижесі. Интернетке тәуелділікті тудыратындығы тілге тиек етілген. Ал екінші жақтың өкілдері Интернетке тәуелділікті ауру ретінде санауға нақты дәлелдер жоқ екендігін алға тартады, яғни, алдыңғылардың тұжырымдамаларына қанағаттанбайды. Себебі, ауруға тән ешқандай да синдром көрсетілмеген және интернетке тәуелділік кезінде нендей жағдайлардың орын алатындығы да анық айтылмаған екен. Bernad Vatinic, (ғалым, Гисен университеті (Германия), психология факултеті) өз ойын былайша жеткізді: «Интернетке тәуелділік проблемасы бар. өздерін интернет пайдаланудан алшақ ұстай алмайтын немесе интернет пайдалануды доғара алмайтын адамдар бар. Бірақ қалыпты адамдар мен тәуелділікке бой алдырғандардың арасындағы айырмашылықтарды нақтылау да қиын болып отыр» [2].

Көбі интернет атаулыға түгелдей тәуелді, не болмаса интернетте шамадан тыс уақыт жоғалтып қоятындары да болады. Қоғамдағы өсіп келе жатқан компьютеризация және «Интернетизациямен» байланысты шетелде 1980 жылдарда бастау алған интернетті патологиялық пайдалану проблемасы өзекті бола бастады [3].

Яғни «интернет-тәуелділік» туралы айтылып отыр (синонимдері: интернет-аддикция, нетаголизм, виртуалды аддикция, Интернет әрекет-қылықтық тәуелділік, интернетті артық (патологиялық) қолдану). Griffiths, 1995 көсетуі бойынша жоғары технологиялармен байланысты бейхимиялық (әрекет-қылықтық) аддикцияның жаңа формаларын белгілеу үшін М.Гриффитс «технологиялық

тәуелділіктер» терминін ұсынды, ол оны пассивті (Мысалы, теледидардан тәуелділік) және активті (Интернет-ойындар) деп бөлді [4]. Интернет-тәуелділігі феномені көптеген ғалымдарды алаңдатуда және осы мәселе төңірегінде медицина, әлеуметтану, физиология педагогика, экология және т.б. көптеген ғылымдар саласындағы зерттеу жұмыстары үлкен алаңдатушылықты атап көрсетеді. Қазіргі уақытта компьютер біздің өмірдің таптырмас бөлігі, алайда кей кезде біз осы түсті металдың қымбат бөліктерінің еңбекке қабілеттілігінен тәуелді болатындығымызды әрқашан да мойындамаймыз.

Қазіргі кезден компьютерлік желілер қызметтің банкілік іс, қауіпсіздік жүйесі, медицина, өндіріс, ғылым сияқты және тағы басқа маңызды салаларға ендірілген. Мұндай сфераларда қателіктер жіберілмейді, ал жіберіліп қойса, қымбат бағамен түзетіледі. Адамның компьютерден тәуелділігі мұнымен шектелмейді.

Бір жағынан компьютер өмірді айтарлықтай жеңілдетті, екінші жағынан адамзат компьютерлік ойындар мен Интернеттен тәуелділіктің қалыптасуы сияқты өзекті мәселелермен ұштасып жатыр. Қазіргі кезде жастардың белгілі бір бөлігі компьютерлік Интернет тәуелділігінің ықпалында, ал бұл қатерлі психикалық ауру болып табылады. Сондықтан да қоғам бұл мәселенің қауіптілігі мен маңыздылығын түсінуі қажет. Өркениеттілік компьютерлік желілердің негативті әсері кәметке толмағандардың қылмыстық бағдарларын және тәуелділікті қалыптастыруы ерекше қауіп тудырады.

Оның қауіптілігі мынада: тұрақты тәуелділіктің дамуы, мұнда кәметке толмаған бала тек қана интернеттегі жұмыс жайында ойлайды, егер үйде [5] интернетке қосылу мүмкіндігі болмаса компьютерлік клубқа түсу үшін туыстарынан ақша «тасиды», интернетте тым көп уақыт отырады мектептегі сабақтарынан жиі қалады, ұйқысы қанбайды және т.б. Желіде танысу мен арласу заманауи қоғамның ажырамас бөлігі, сол арқылы әлемнің әр түкпіріндегі түрлі мәдениет өкілдері жақындасады.

Дегенмен, өкінішке орай көптеген заманауи адамдар ақпараттық технологияларды орнымен пайдаланудың шегі таусылып, шамадан тыс әуесқойлықтың басталуын түсіне қоймайды. Осыған байланысты, жасөспірімдер мен жастар арасында интернетке тәуелді буын саны өсуде, олар виртуалдық қарым-қатынастың құрбанына айналған, сол себептен шынайы өмір өте ауыр көрінеді.

Кейбір елдерде нақты мәселе бойынша мамандандырылған кеңестік-диагностикалық қызметтер, клиникалар мен емханалар жұмыс істейді. Бірқатар елдер интернетке тәуелділікке байланысты нақты реформалар өткізеді, мысалы Финляндияда тәуелділікке шалдыққан бозбалаларды әскерден қалдырады [6]. Психологтар интернетке тәуелділіктің бірнеше түрін белгіледі:

- 1) Әлеуметтік, пайдаланушыға желідегі үздіксіз қарым-қатынас қажет;
- 2) Ақпараттық, пайдаланушы ақпараттардың тұрақты ағымын қажетсінеді;
- 3) Интернет– онлайн ойындарға тәуелділік [7].

Күн сайын теледидар қарап отырып не бір түрлі келеңсіз жағдайларға кезігесің. Отбасымен ажырасу, жаман әрекеттерге бару. Қорлық – зомбылық, зорлық бұның бәрі қайдан шықты дейсіз? Әрине қазір заман ауқымы, талабы әр үйде компьютер, интернет желісі бар. Жаңағы өздерің айтқандай компьютерге қол жеткізбесе де ұялы телефон арқылы интернетке де шығуға болады. Міне, сол арқылы не бір көріністер көреді, интернет арқылы танысады. Мектеп жасындағы баланың сабаққа дайындалғаннан гөрі көп уақытын ұялы телефонына үңілумен өткізеді. Ол неге үңіле береді десең, әрине ол ішіне сабағын жазып алған жоқ [8]. Небір түрлі қырғын атыс-шабыс ойынын, өзгелермен танысу, қолайсыз көріністерді көреді. Міне, содан барып, ол баланың өмірге көз-қарасы психологиясы өзгереді. Жас бала еліктегіш келеді. Әр жаман затты көрген сайын, естіген сайын оның бір ұшқыны адам санасында қалады.

Дегенмен де интернеттің жақсылықтарымен бірге келеңсіз жақтары да барын естен шығармағанымыз жөн. Ғаламторға қосылу үшін әрине бізге компьютер керек. Ал, әр күнін компьютер алдында өткізу денсаулыққа зиян екені белгілі. Сол сияқты, адам ағзасына қауіп төндірумен қатар, қызықтыратын ақпараттар желісі тоқтаусыз болғандықтан адам санасын шаршатады.

Компьютер алдында ұзақ отырса адамның көзі, жотасы ауырады және қимыл-қозғалысына, адам психологиясына да әсер етеді. Сезімдік нерв жүйесі ауруларына шалдығады.

Ғаламтор желісіне жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни интернет арқылы хат алысып, сөйлесу баланың айналасындағы адамдармен бетпе-бет сөйлесуіне де әсер етеді, сөйлеу мәдениетінен айырылады. Компьютерден бөлінетін ультра-күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді т.с.с. [8].

Бұның бәрі көп уақытын кітап оқумен емес, интернетке кіріп түрлі ойындар ойнап, уақытын тиімсіз өткізудің зардабы.

Мамандардың айтуынша, бала компьютерлік ойындардың қызығына 4-5 жасынан бастап үйренеді. Егер, осы бастан көмек бермесе, бұл есейгенде құмар ойындарына түбегейлі тәуелділікке апарады. Олай дейтін себебіміз, бұл орталыққа «тәуелділіктен» арылуға жәрдем сұрап келгендердің қатарында

жоғары сынып оқушылары, студенттер, тіпті букмекерлік кеңседен қалай құтылудың жолын сұраған атпалдай азаматтар да бар. Яғни, ХХІ ғасырдың «жетістігі» барлық жастағыларды өзіне баурап алған [7]. Бұл өз кезегінде бүлдіршіндердің психологиясына кері әсер етсе, мектеп оқушылары қажетті білімді игеруде артта қалғаны былай тұрсын, тәрбиесі тым төмендейді. Ал ересектер соңында ақшасынан, жұмысынан, тіпті отбасынан да айырылып жатады.

Бұл мәселеге ата-аналардың бей-жай қарамағаны жөн. Компьютер ойнайтын баланың психологиясында көп өзгеріс болады. Бойында іштей қарсылық, көңіл күйінде ауытқушылық, ырықсыздық пен агрессияшылдық билейді. Сондықтан, баласының болашағын ойлайтын ата-аналардың бәрі қауіпті дерттің алдын алған жөн. Баланың бос уақытын тиімді пайдалану үшін ақыл-ойды дамытатын үйірмелер мен білім беру орталықтарына жаздыртқан абзал. Әйтпесе, «батпаңдап кірген аурудан» құтылу қиындық тудырады.

«Ғаламторға тәуелділік» – ғасыр дерті. «Ғаламторға тәуелділік» – бұл Ғаламторға қосылуға байланғыштық ықылас пен интернеттен уақытында шығуға қабілетсіздік.

Ғаламтордың жеке-дара қожайыны жоқ. Оны ешкім бір жерден басқара да алмайды. Ғаламторда көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады.

Жасөспірімдер мен жастарға тән қазіргі девиантты тәуелді әрекет-қылық формаларының бірі – интернет тәуелділік.

Интернет адамдар коммуникациясының үлкен зонасы болып табылады. Компьютерлік желілерді қолдану адамның психикалық қызметіндегі айтарлықтай құрылымдық және функционалдық өзгерістеріне әкеледі. Бұл өзгерістер танымдық, коммуникативтік және жеке тұлғалық сфераларды қамтып өтеді; іс-әрекеттің атқарушылық үзбесі субъект-субъект және субъект-ақпараттық жүйелерінің өзара әрекеттестігінің кеңістік уақыттық мінездемесі, мақсат-болжамдық процестер, іс-әрекеттің қажеттіліктік-мотивациялық реттелуі трансформацияда өтеді.

Интернеттегі қарым-қатынас құралдарының түрлі классификациясы бар, дегенмен неғұрлым жалпы классификацияны Вадим Нестеров ұсынады. Ол орыс тіліндегі интернеттегі виртуалды тұлғааралық коммуникацияның барлық формаларын бөліп көрсетті:

1. Диалогтық коммуникация, off-line және on-line (электрондық пошта, ICQ);
2. Полилогтық коммуникация, off-line және on-line (конференциялар, чаттар).

Бірінші түрі анағұрлым сенімді және жеке қарым-қатынас жасаумен ерекшеленеді, екіншісіне адамдардың арнайы тақырыптарға қойылатын сұрақтарды талдау тән [2].

Мұнда мынадай болжам жасауға болады: виртуалды тұлғаны жасауға деген құмарлық реалдылықта «Мен»-нің түрлі аспектілерін жүзеге асыру үшін мүмкіндіктердің болмауы немесе реалдылық тым «рольдік» не нормативті болуы мүмкін. Бұл адамда нормативтілікті жеңуге деген құмарлықты тудырады, ал бұл нормативсіз виртуалды тұлғаны жасауға апарады. Жекелей айтқанда, бұл басқа жынысты немесе тіпті жыныссыз виртуалды тұлғаны жасаудан көрініс табады. Виртуалды қоғамда адам өзінің жынысына сәйкес әрекет-қылық демонстрациялаудан еркін, яғни желіде ол қарама-қарсы жыныс өкілі ретінде таныстырылуы мүмкін. Реалды қоғам адамның өзіндік жүзеге асырылу мүмкіндігін шектесе, ол адамда желіге шығу виртуалды тұлғаны жасау мотивациясы пайда болады.

Әдебиеттер:

- 1 Интернет-зависимость: психологическая природа и динамика развития / Сост. и ред. А. Е. Войскунский М.: Акрополь, 2009.
- 2 Virtuality (С.Миронов), роман об интернет-зависимости.
- 3 Дрепа М. И. Интернет-зависимость как объект научной рефлексии в современной психологии // Знание. Понимание. Умение. 2009. № 2. Р. 189-193.
- 4 Кочетков Н.В. Социально-психологические аспекты зависимости от онлайн-игр и методика ее диагностики // Социальная психология и общество. 2016. Т. 7. № 3. С. 148—163. doi:10.17759/sps.2016070311
- 5 Войскунский А. Е. Актуальные проблемы психологии зависимости от Интернета // Психологический журнал, 2004, т. 25, № 1, с. 90-100.
- 6 Есенова Р. К., Аяпберген А. Ғаламтордың жастар психологиясына әсерінің себептерін анықтау және оны шешудің кейбір жолдары // Молодой ученый. – 2015.
- 7 Орынбасаров М. Компьютер баланың қасы ма, досы ма? // Ана тілі. – №5. – 2011.
- 8 Көшкінбаева Г. Компьютерге таңылған ұрпақтың денсаулығы құлдырап барады. // Алтын орда. – №2. – 2001.

*G.N. Tabuldinova,
Department of General Education disciplines,
NJSC "Semei medical university"
A.M.Omarova, D.B. Islyamova,
General medicine students, NJSC "Semei medical university"*

LEISURE PREFERENCES AND SPHERE OF INTERESTS OF NJSC "SMU" STUDENTS

Namely, in their student years, most people are interested in extracurricular activities, which will raise them to the prerequisites of living conditions and contribute to the formation and strengthening of such a full-fledged personality. After all, student youth is a special social group with high intellectual potential. [1]. Not paying attention to the incomprehensibility of time and material resources that the bulk of students meet, they find the likelihood for self-development outside the professional sphere of work within the framework of all sorts of hobbies, interests.[2], In the process of realizing their needs in the field of leisure, students acquire many professional skills, get opportunities. The formation of additional youth depends on social adaptation. Various cultural institutions are interested in a number of changes in approaches and principles for interacting with young people. This proves the relevance of this study. [3].

Scientific novelty: 1. Comprehensive analysis of leisure time among students of NJSC "ICC" will be carried out. 2. The influence of the intra-university organizations of NJSC "ICC" on the leisure of students will be analyzed. 3. The connection between leisure preferences and the age of students of NJSC "ICC" will be revealed

The relevance of research: It's no secret that at the moment the social significance of the sphere of human interests is growing at an incredible speed. Choosing the right pastime at your leisure is an equally difficult and interesting part of our life. [4]. For this reason, we confidently assured that the analysis of students' leisure preferences will help to identify the main problems that can impede full-fledged leisure. Adequate leisure time contributes to the development of various skills. Communication skills are no exception.

Purpose of work: The aim of the study was to study the leisure preferences of students as a sphere of hobbies, as well as a means of acquiring knowledge.

Materials and research methods: The design of the study is a cross-sectional study, since this method is convenient for a single collection of data and their further statistical processing. Research method – statistical, sociological, psychological. The source of information is students from 1 to 5 years of the NJSC "Semey Medical University". Information will be collected through a survey among students. Since not all students will take the questionnaire, the optimal number was chosen. There are 50 respondents from each course. As a result of the research, not only the general areas of interest of students will be identified, but also their variations in terms of gender and age.


Research methods: statistical, sociological

Research results: the study involved: girls – 68% and boys – 32%

In the course of the study, relationships were identified between the following values:

1. Course of Study
2. Age
3. Gender

1. Leisure time and course of study. Unlike junior courses (1-3 courses), seniors use their leisure time to gain new knowledge and communicate with their families. Whereas the younger as a means of relaxation and uplifting.




Blue column – 1-3 courses. Red column – 4-5 courses. In addition, the first and second courses have more free time, the rest of the courses are more loaded with homework and household chores.

To the question "Do students have enough time for leisure?" answered:

Blue columns – 1-2 courses

Red columns – 3-5 courses




Statistics of the creative activity of all respondents:


2. Leisure activities and gender

There is a connection between leisure activities and gender. Among the girls are cooking, creativity (drawing, embroidery), fitness and dancing.

So, among the young men of all courses, the most popular means of spending leisure time are music and sports. In the results of individual questions about the frequency of employment in non-creative forms of leisure, the following data were obtained:



Computer games:



■ regularly 37%
 ■ often 20%
 ■ seldom 36%
 ■ never 7%




■ **completely satisfied - 50%**
■ **rather not satisfied - 40%**
■ **not satisfied at all - 10%**

«Quite often» and «regularly» were answered mostly by young men. This means that in addition to sports, computer games are popular in their leisure activities.

There is also a connection between gender and the place of leisure: girls prefer shopping and entertainment centers, while young men go for walks in the fresh air.

Blue columns – girls
Red columns – boys

Intra-university activities




With regard to intra-university activities the remaining half are not interested in participating in student organizations and circles in general.


But most of half of the respondents are members of the KazMSA student organization.

Leisure Satisfaction

Those students who are dominated by Passive rest without cultural and intellectual. Development responded that they were not satisfied. Whereas those Who are more likely to play sports, creative activities and They spend less time on the Internet; on the contrary, they are satisfied with it.



Output:



As a result, it was revealed that some students mismanage their own time: junior courses due to the prevalence of passive rest without cultural and intellectual development; elders because of the large amount of housework and household chores. The prevalence of active recreation and the acquisition of new knowledge have a good effect on the well-being of students and the feeling of satisfaction with their leisure and life in general. Thus, students who know how to use their leisure time correctly and rationally manage to

engage in various types of activities, while not forgetting about academic and household duties.

References:

1. Ostrovsky S.N. Cognitive approaches to the development of the national idea and ideological education of young people // Adobe Reader 6. – 2021. – P. 60
2. Makarova E.V., Rusyaeva E.S. Leisure preferences of modern students // Culture, personality, society in the modern world: methodology, experience of empirical research. – Yekaterinburg, 2016. – 2016. – P. 1133-1142.
3. Kuzminova N.V. Leisure preferences of modern youth // Formation of the humanitarian environment in the university: innovative educational technologies. Competence approach. – 2013. – V. 2. – P. 157-165.
4. Yudina A.I. Leisure preferences of modern adolescents: prevention of social risks // Bulletin of the Kemerovo State University of Culture and Arts. – 2017. – N. 38.
5. Bocharnikova I.S. Leisure preferences of modern Russian youth: a comparative sociological analysis // Theory and practice of social development. – 2018. – N. 1.

*Л.Р. Тайтелиева,
п.ғ.м., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы
Алматы қаласы, Қазақстан laura8788@mail.ru*

*В.У. Абдирашитова,
С.Н. Еркебай,
Исмаил Гүлім Жақанқызы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 4 курс студенттері
Алматы қаласы, Қазақстан*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АРТТЕРАПИЯ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҰСАҚ САУСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУ

Бүгінгі таңда қазіргі білім беру жүйесінің маңызды мәселелерінің бірі балалардың ақыл-ой дамуы болып табылады. Баланың толыққанды ақыл-ой дамуы үшін оның қабылдауы мен ойлауының, қозғалыс әрекеттерінің, яғни визуалды-моторлық үйлестірудің дамуына қамқорлық жасау қажет. Осыған байланысты балалардың ақыл-ой тәрбиесінің маңызды міндеттері:

- сенсорлық тәрбие (сезімдік даму);
- ақыл-ой әрекетін дамыту (танымдық процестер мен қабілеттер);
- сөйлеуді дамыту;
- қоршаған өмір құбылыстары мен заттары туралы қарапайым білім жүйесін қалыптастыру;
- практикалық қызмет дағдыларын қалыптастыру;

Сенсорлық білім(сезімдік даму) – сенсорлық танымның қалыптасуын және сезімдер мен қабылдауды жетілдіруді қамтамасыз ететін мақсатты педагогикалық әсерлер.Қоғамның кез-келген өзгерістерге шығармашылық тұрғыдан қарай алатын, бар проблемаларды дәстүрлі емес және сапалы шеше алатын адамдарға деген қажеттілігі қоғамның даму қарқынының жеделдеуіне және нәтижесінде адамдарды тез өзгеретін жағдайда өмірге дайындау қажеттілігіне байланысты артып келеді. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру теориясы мен практикасының маңызды білім беру проблемасы-баланың жеке басының шығармашылық әлеуетін ояту, жинақтау, сақтау және дамыту,

оның рухани мәдениетін дамыту. Сонымен қатар, рухани мәдениетті ойлау мәдениетін, сезім мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, бос уақытты, өзін-өзі көрсету мәдениетін қамтитын жүйе ретінде түсіну керек. Бұл мәселені шешудің бір жолы-арт-педагогикаға үндеу.

Арт-педагогика-педагогикадағы ерекше бағыт, онда тәрбие, білім беру, тұлғаны дамыту, оны түзету классикалық және халықтық өнер құралдарымен жүзеге асырылады. Өткеннің ұлы ақын-ағартушысы Абай Құнанбаев өнердің Күшін жоғары бағалады: "өнер – бұл алмастырылмайтын байлық, оған үйрену – ең асыл іс".

Арт-педагогиканың жалпы педагогикамен ортақ мақсаттары бар: балаға өзін түсінуге және өзімен бірге өмір сүруге, басқа адамдармен бірге өмір сүруге үйренуге, Сұлулық пен мораль заңдарына сәйкес айналасындағы әлемді білуге көмектесу.

Артпедагогика функциялары

* мәдениеттану (тұлғаның мәдениетпен құндылықтар жүйесі ретінде объективті байланысына, көркем мәдениетті игеру негізінде адамның Жаратушы ретіндегі дамуына байланысты);

* білім беру (жеке тұлғаны дамытуға және оның шындықты өнер арқылы тануына бағытталған; өнер саласындағы білімді және көркемдік-шығармашылық қызметтің практикалық дағдыларын меңгеруді қамтамасыз етеді);

* тәрбиелік (тұлғаның моральдық-эстетикалық, коммуникативті-рефлексиялық негіздерін қалыптастырады; өнердің көмегімен оның әлеуметтік-мәдени бейімделуіне ықпал етеді);

* түзету (даму кемшіліктерінің алдын алуға, түзетуге және орнын толтыруға ықпал етеді).

Арт-педагогиканың жалпы белгілері:

– адамзаттың зияткерлік және рухани тәжірибесін игеру үшін бейнелеу материалдарын (белсенді) пайдалану;

– білімді, іскерлікті және дағдыларды интерьерлеу (ішкі иемдену), ол үшін ерекше жағдайлар жасау, яғни материалды үш тәсілмен (көрнекі, вербалды, кинетикалық) беру);

– рухани қарым-қатынас процесінде баланың жанында мұғалімнің болуы (онсыз оқу материалын тиімді игеру мүмкін емес), олардың бірлескен көркемдік шығармашылығы, өнер туындыларын қабылдау және мұғалімнің балаға бағдарламалық материалды ішкі, терең деңгейде сәтті игеруге көмектесетін арнайы әдістерін қолдануы.

Арт-педагогиканың келесі ерекшеліктерін бөліп көрсету керек:

– мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру үдерісінде өнердің бейнелеу құралдарын пайдалану;

– ұйымдастырылған оқу процесінде және баланың әртүрлі режимдік сәттерінде педагог пен тәрбиеленушілер арасындағы диалогтың Үстемдігі;

– мұғалім мен баланың бірлескен көркем шығармашылығы, өзіндік оқу іс-әрекетінің алуан түріне "тоқылған" ;

– әр түрлі қызмет түрлерін ұйымдастыруда өнер туындыларын "қосу" (бағдарламалық материалды ішкі, терең деңгейде, ақпаратты қабылдаудың үш әдісі – Қол, ауызша, кинетикалық).

Сонымен қатар, арт-педагогиканың негізгі принциптері: ізгілендіру, шығармашылық, рефлексивтілік, интегративтілік болуы керек. Негізгі әдіс – баланың рухани – жеке саласын дамытуға, адамгершілік тәрбиесіне, этикалық және эстетикалық иммунитетті қалыптастыруға бағытталған проблемалық-диалогтық әдіс. Бұл әдістің мәні жай ғана ақпарат алмасуды ғана емес, мұғалім мен баланың ортақ ұстанымдарын, шешімдерін бірлесіп іздеуді қамтитын диалогта жатыр.

Қолдың ұсақ (жұқа) моторикасы-дәл орындау қабілеті саусақпен және қолдарымен үйлестірілген әрекеттер. Ұсақ моторика дағдылары тек тұрмыста ғана емес, оқу процесіне үлкен әсер етеді баланың. Сондықтан мектепке дайындық диагностикасында көп көңіл бөлінеді аударарды да, ұсақ моторика дамыған мектеп жасына дейінгі балалар.

Тұрмыста біз күн сайын ұсақ моториканың іс-әрекетін жасауға тура келеді:

түймелерді түймелеу, бауды байлау, асхана құралдарын ұстау. Дағдылар ұсақ моториктер жазу мен сурет салуды үйретуде маңызды:

дағдылар, атап айтқанда, адамның қолтаңбасы тәуелді болады. Сонымен қатар, ұсақ дамыту моториктер сөйлеудің дамуымен тығыз байланысты, өйткені ми қабығының аймағы, бұл функцияларға жауап беретін, бір-біріне өте жақын орналасқан.

Шағын моториканы дамытуға мектепке дейінгі жаста ерекше назар: бала мектепке барғанда, оның моторлы дағдылар жеткілікті деңгейде дамуы тиіс, әйтпесе мектепте оқыту болады оған қиындық туғызу.

Ерте және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне-өзі қызмет ету дағдысын

калыптастыру: қасық пен қарындаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Өмірінің бастапқы кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Қасықты, қарындашты ұстау алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бәтеңке бауын байлай алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Олар шашылған конструкторларды жинау, пазлмен жұмыс жасау, есептегіш таяқша және мозаикамен ойнау өте қиын.

Олар басқа балалармен ойнаудан бас тартады, осы қызметтегі жұмыс жасағанда үлгермейді. Мұндай балалар элементарлы қызметтің өзінде өздерін нашар сезінеді және бұл жағдай баланың эмоциясын мен өзін-өзі бағалауға кері әсерін тигізеді. Әрине, мектепке дейінге жасында бала тілінің дамуы, өзіне –өзі қызмет көрсету және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор.

Бала өз саусақтарын қаншалықты басқара алса, оның одан әрі дамуы да соған тікелей байланысты. Ұсақ қол моторикамен қоса балалардың есте сақтау қабілеті мен назары, сондай-ақ, сөздік қоры да дами түседі. Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді.

Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Педагогтар мен балалар психологының мақсаты – ата – аналарға ұсақ моториканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуді, тапсырманы орындауда қиындыққа кездесе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды. Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс – әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек.

Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау – балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Жас жарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады. Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы Бас миының қабығы әрқайсысы бірдеңеге жауапты бірнеше бөліктен тұрады.

Бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойнының қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір – біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егерде баланың саусағы нашар дамыған болса, ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған байланысты ғалымдар қол мойнының буынын артикуляциялық аппарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай –ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет.

Көптеген жаңашыл зерттеушілер ұсақ моториканы дамытуға байланысты саусақ моторикасын дамытуға саусақ ойындарын, саусақ ойындарын сипаттауды, сергіту сәттерін, ойын-ертегілер пайдалануды ұсынады. Т.А. Ткаченко сергіту сәтіне жаттығу 38 енгізу бас миының сөйлеу зонасының қимылын белсендіреді, ол баланың сөйлеу тілін түзетуге мүмкіндік береді деп тұжырым жасаған. Ұсақ қол моторикасын дамытуға есептеу таяқшалар мен сіріңкемен жұмыстар жасатудың әсері мол. Осындай жаттығу нәтиже-сінде баланың қызығушылығы артты, саусақ гимнастикасы тақпақ оқумен жалғастырылды. Тақпақты тыңдаған балалар саусақ қозғалысының көмегі-мен тыңдалған тақпақтар мен мазмұнын және бейнелер арқылы сахналады.

Сюжетті материал ретінде тақпақтар пайдаландым. Жаттығуға ұласқан тақпақ – сезім ритмін қалыптастыратын және жетілдіретін негіз болып табылады, қолайлы эмоционалды жағдай пайда болады, соның арқасында бала ойынмен айналысады, орындайтын қозғалысты қызығушылықпен орындайды, ал бұл саусақ қозғалысын жақсартады. Тақпақты бейнелеу, тыңдау және түсіну дағдысын дамытады. Осыған сәйкес бөлмеде саусақ жаттығуларына арнайы бұрыш ұйымдастырылды. М. Монтессори әдістемесі бойынша баулар, түрлі-түсті прищепкалар, күріш, жарма, алтын моншақтар, түрлі түсті моншақтар т. б. материалдар қойылды, ал В. Воскобовичтің тәсілі бойынша геоконт жасалды.

Қағаздан бұйымдар жасау – қол мойын буынының кіші бұлшық етін дамытуға әсер етеді. Мұндай жұмыстар баланы қызықтырады, қиялдарының дамуына, сындарлы ойлауына септігін тигізеді.

Қағазбен жұмыстың бірі ретінде жыртылған қағаздар қолданылды. Қағазды ұсақтап жырту саусақ күші мен ұсақ қимылын басқару дағдысын дамыту жаттығу болып та есептеледі. Сондай –ақ, балаларды ойындар мен инсценировкада қолданған қағаздан ұсақ – түйектер жасауға үйреттім. Бірлескен қызметке сурет салудың көптеген дәстүрлі емес түрлерін пайдаланамыз: тампондау, қылқалам, май шам, тіс щеткасы көмегімен қолдан жасалған мөр және т.б. Басты назар суреттерді бояуға бөлінді. Бояу қозғалыс үйлесімін дағдылан-дыруда ұсақ қол моторикасын дамыту мен нығайтуды қамтамасыз ететін түр сызықтарының бірнеше түрлерін қам-тыды. Қол қозғалысының анықтылығы мен сенімділігін дамыту бойынша нақты бағытта параллель сызықтар жүргізетін ойындарды да қолдандым. 39 Баланың графикалық дағдысын дамытуда неше түрлі қызықты әдіс-тәсілдер жеткілікті: нүктелер бойынша суретті бір – біріне қосу. Балаларды құрастыру ойыны өте қызықтырады. Балалар көптеген және түрлі құрылыстар тұрғызды.

Коонструктордың ұсақ детальдарымен жұмыс жасау барысында қол саусағының кіші бұлшық еттері, қиялдау, шығармашылық белсенділік қабілеттері дамиды. Балаларға пазл құрастыру, қармақ бауына моншақтар тізбектеу өте ұнады. Сондай-ақ, ұсақ заттарды (түймелер, бұршақтар, фасольдар, талшын және т.б.) қолдандым. Мысалы: заттарды іріктеу, осы заттарға массаж жасау, сипау арқылы затты анықтау, сипау арқылы заттарды санау.

Ұсақ қол моторикасын дамыту бойынша жасалған жүйелі, кешенді жұмыстың нәтижесі оң әсер еткенін көрсетті. Ата – аналармен жұмыс жасау жұмыстағы ең маңызды бағыттың бірі. Ата – аналармен жұмыстың бастапқы кезеңдегі негізгі міндеті – ата – ананың балалар қызметіне белсенді арала-суын қалыптастыру. «Саусақтық гимнастика», «Жазудың бірінші қадамы» тақырыптарда көрнекілік – папка әзірледік.

Қорытынды осылайша, жұмыс нәтижесі тиімді болуы үшін саусақтың нәзік қозғалысын қалыптастыру бойынша түрлі әдіс-тәсілдер мен қабылдаулар міндетті түрде пайдаланылуы қажет. Жұмысымның нәтижесі ретінде түрлі жұмыстар атқару барысында балалар қызығушылығының артқанын байқадым. Көрнекті ғалым – Мария Монтессори: «Жұмыс жасамас бұрын баланы үйреудің амалын табу, қайталама жаттығулар арқылы қозғалыстар дайындау қажет деп айтқан. Бала затты алғанда жаман қылық жасағанын байқаса, өзін жеке қателік жасадым деген сезімге бой алдырады, сонымен қоса баланың алғашқы әсері немесе ойы – өте анық және күшті» екенін естен шығармау керек деп жазған бола-тын. Міне, сондықтан да шығармашылық процесстен, өзі жасаған істен, әр жұмысты немесе әр қимылды жоғары қызығушылықпен жасауға үйретеміз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2050. – Алматы
2. ҚР 2020-2025 жылдарға арналған білімді және ғылымды дамыту бағдарламасы.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты / <http://iac.kz/kk/mektepke-deyingi-balalyk-shak-respublikalyk-ortalygy>
4. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы/ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы // <http://iac.kz/kk/mektepke-deyingi-balalyk-shak-respublikalyk-ortalygy>
6. Пименова Е. П. «Пальчиковые игры» / Е. П. Пименова.– Ростов н/Д: Феникс, 2007.
7. Филиппова С.О. Подготовка дошкольников к обучению письму. Влияние специальных физических упражнений на эффективность формирования графических навыков: учебное пособие/ С.О. Филиппова. – СПб.: Питер, 2000.

*А.Ф. Тоқтасынова, М.П. Сарман, Ұ. Раиш,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.*

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

XVII ғасырдағы ағарту идеялары әлемнің көптеген елдеріндегі рухани салада ең өзекті болды. Ағартушылар халық пен адам бостандығын қорғап, бейбіт өзгерістерге барлық үміт артты. Олар қазіргі элеуметтік теңсіздік адамдардың ақылсыздығынан, надандығынан туындады деп сенді. Сондықтан ағартушылар өздерінің басты мақсаты-халықты ағарту деп жариялады. Өйткені олардың пікірінше, олар өздерінің ақылсыздығымен қолданыстағы бұйрықтарды қабылдады.

Өзара іс-қимылдың жемісті болғаны соншалық, Қазақстанның XIX ғасырдың екінші жартысына айналуы туралы айтуға барлық негіз береді. Еуразиялық шекарадағы қоғамның интеллектуалды дамуының өзіндік эпицентрінде.Қазақ халқы арасында ағартушылықтың пайда болуы мен таралуына

Қазақстанның Ресейге қосылуы үлкен әсер етті. Қазақ ағартушылығының айрықша ерекшеліктері оның Қазақстанда феодалдық жүйенің табиғи пайда болған дағдарысының өнімі ретінде емес, Дала өлкесінің Ресейге қосылу салдарының идеялық көрінісі ретінде пайда болуында болды.

Демократиялық орыс мәдениеті мен қоғамдық ойдың таралуы қазақ халқының рухани өміріне пайдалы әсер етті. Оның ықпалымен қазақтың көрнекті ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың дүниетанымы қалыптасты. Олардың барлық қызметі мен шығармашылығы Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрессивті сипатын, патшалықтың еркінен тыс дамыған қазақтар мен орыстардың дәстүрлі және ажырамас достығын айқын көрсетті. Қазақ халқының білім мен мәдениетке деген құштарлығын оның керемет өкілдері айқын білдірді. Қазақтарды озық мәдениетке баулуда олар қоғам өмір сүрген қарбалас, надандық және феодалдық бақалшылықтан шығудың жалғыз дұрыс жолын көрді.

Қазақтың ірі ағартушысы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ойы, мәдениеті мен әдебиеті тарихында көрнекті жаңашыл педагог және жаңа мектептердің ұйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын, прозашы және орыс классиктері шығармаларының аудармашысы ретінде кеңінен танымал [1, 533 б.].

3. Оқу-әдістемелік аспект. Электрондық және ақпараттық ресурстарды оқу үдерісін оқу-әдістемелік сүйемелдеу ретінде пайдалануға болады.

4. Ұйымдастырушылық аспект. АКТ оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі нұсқаларында қолданылуы мүмкін:

- ✓ әрбір білім алушыны жеке жоспар негізінде жеке бағдарлама бойынша оқыту кезінде;
- ✓ фронтальды не топтық нысандардағы жұмыс кезінде.

5. Бақылау-бағалау аспектi. Акт-да білім алушылардың білім беру нәтижелерін бақылау мен бағалаудың негізгі құралы бақылаудың әртүрлі түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қабылдау, аралық және қорытынды тесттер мен тест тапсырмалары болып табылады[4].

Сонымен, жоғары оқу орындарында білім беру үдерісін басқару технологияларының қолдану ерекшеліктерін атап өтейік:

- басқару үдерісі айқын тәрбиелік сипатқа ие болады;
- басқару мақсаттардың әмбебаптығымен және күрделілігімен ерекшеленеді;
- басқару параллель ағындардан тұрады;
- басқару әртүрлі деңгейлерде жүзеге асырылады, олардың бірі: әкімшілік, оқытушы, студент.
- АКТ арқылы білім алушылардың өзіндік (жеке, жұптық) қызметін қамтамасыз етіледі.

Осылайша, білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқыту жүйелерін басқару жүйелерімен біріктіру арқылы тұтастай алғанда университеттің білім беру процесінің тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін бөліп көрсету қажет.

Қорытындылай келе, білім беру үдерісін АКТ арқылы басқару-бұл оның құрылымдық компоненттеріне және олардың арасындағы байланыстарға әсер етудің мақсатты, жүйелі ұйымдастырылған үдерісі, олардың тұтастығы мен функцияларының тиімді орындалуын, оның оңтайлы дамуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. 2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy...zhana2018
2. Новиков А.М. На смене образовательных парадигм // Качество дистанционного образования: матер.междунар. научно-практич. конф. М.: МГИУ, 2005.
3. Роберт И.В. Распределенное изучение информационных и коммуникационных технологий в общеобразовательных предметах // Информатика и образование. 2001. № 5.
4. Машбиц Е.И. Психолого-педагогические аспекты компьютеризации // Вести высшей школы. 1986. № 4.

*А.Қ. Досымбекова,
магистр, Ақпараттық жүйелер, ҚазЭҚХСҮ, Нұр-Сұлтан
М.А. Кантурсева,
PhD докторы, ҚазЭҚХСҮ, Нұр-Сұлтан*

БЛОГТЫ УНИВЕРСИТЕТ САЙТЫНА ҚОСУДЫҢ 6 СЕБЕБІ


Университеттің жақсы веб-сайты жаңа студенттерді тартуға және қазіргі студенттер, оқытушылар мен қызметкерлер үшін құнды ресурс ретінде әрекет етуге көмектеседі. Университеттің веб-сайтының көптеген аспектілерін "дәстүрлі" веб-сайт параметрлерімен, соның ішінде блогпен немесе бірнеше блогпен өңдеуге болады – бұл сіздің университетіңіздің жаңартуларымен бөлісудің, кампуста не болып жатқандығы туралы жаңалықтармен бөлісудің және университеттің әртүрлі колледждерінде не болып жатқандығы туралы ақпаратпен бөлісудің тамаша тәсілі.

Бұл мақалада біз сіздің жоғары білім веб-сайтыңыздағы блогты қосудың алты себебін және жұмысты қалай бастау керектігін талқылаймыз.

Жоғары білім берудегі блогтардың рөлі көп қырлы. Бұл сіздің сайтыңыздың пайдалылығы мен өзектілігін арттырып, студенттерді, қызметкерлерді және перспективаларды байланыстыра алады. Сіздің жарияланымдарыңыз оқу мүмкіндіктерін алғажылжыту құралы бола алады.

Сіздің университеттік блогыңыз зерттеуден бастап кампустың өмірін түсінуге дейін қабылдауға дейінгі көптеген санаттар мен тақырыптарды қамтуы мүмкін. Ол мансап бойынша кеңес бере алады, университет қаржыландыратын іс-шараларға ықпал ете алады немесе нақты бағдарламаларға терезе ұсына алады.

Мысалы, Назарбаев университетінің студенттерге арналған егжей-тегжейлі зерттеулер мен соңғы жаңалықтарды көрсететін зертханалардан алынған блог бар. Блогты зертхананың ассистенттері, оқытушы ассистенттері, техник-зертханашылар жүзеге асырады.:



Сурет 1. Назарбаев университетінің «Зертхана» блогы

Бұл бағдарламамен байланысты түсінудің пайдалы жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен қатар түлектердің мансаптық траекториясын да көрсетеді. Мүдделі студенттер осы колледжде алдыңғы қатарлы зерттеулер жүргізгенін және мүмкіндіктер бағдарламасы туралы көруге болады.

Университеттің веб-сайтында блогты қосудың 6 себебі

Университет сайтының құнын арттырудың көптеген жолдары бар. Кейбір негізгі себептерді қарастырайық, сіз оған блог қосу туралы ойлануыңыз керек.

1. Ол іздеу жүйесін оңтайландыруға көмектеседі (SEO)

Егер сіз өзіңіздің веб-сайтыңыздың іздеу жүйелерімен жақсы болуын қаласаңыз, SEO– ны ба- сымдыққа айналдыру өте маңызды. Веб – сайтыңыздың нәтиже беттерінде қай жерде аяқталатынына әсер ететін көптеген факторлар – кілт сөздерді, сілтемелерді және ерекше, сәйкес мазмұнды-блогтар арқылы жақсартуға болады[1].

Жаңа хабарламалар веб-сайтыңызға және қайталанатын трафик дискісіне жаңа мазмұн қосыңыз. Жарияланған әрбір бөлім органикалық іздеу рейтингісінде өз позициясын әртүрлі кілт сөздер мен іздеу терминдерінің кең спектріне көтеру мүмкіндігі болып табылады.

Интернеттегі студенттер үшін маңызды және құнды мазмұнды құру және оны кілт сөздермен оңтайландыру арқылы CSU өзі үшін үлкен көрінуге қол жеткізді. Google-де тізімделген бұл лауазымды көретін ықтимал аспиранттар университетті одан әрі оқуға мүмкіндік ретінде қарастыруы мүмкін.

2. Блог жеке және кәсіби дамуға мүмкіндік береді

Қызметкерлерді де, студенттерді де ұсынатын мүмкіндіктерді дамыту үшін университеттің веб-сайтына блог қосуды қарастырудың тағы бір себебі. Бэйлор медициналық колледжінің көргеніміздей, блог оқытушылар үшін саланың маңызды ақпаратымен бөлісудің тәсілі болуы мүмкін.

Блог сонымен қатар студенттерге жеке өсу үшін даму құралдарына, кеңестер мен ресурстарға оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, көптеген колледждер өз блогтарында өмір салты мен денсаулық туралы кеңестермен бөліседі:

Сонымен, егер студенттер кампус блогына өз үлестерін қоса алса, бұл оларға портфолиосын құруға көмектесу үшін жазбаша және сандық қарым-қатынас дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тек журналистика немесе маркетинг емес, ғылыми және бейнелеу өнерін қоса алғанда, көптеген зерттеу салаларында пайдалы болуы мүмкін.

3. Сіз кампустың әр түрлі көзқарастары мен пікірлерімен бөлісе аласыз.

Колледж блогы-студенттердің көзқарастары мен пікірлерін көрсететін қуатты платформа. Бұл әсіресе сіздің кампусыңызға бара алмайтын, бірақ келуді шешсе не күтетінін жақсы білгісі келетін әлеуетті келушілер үшін пайдалы болуы мүмкін.

Мысалы, "студенттік өмірдің бір күні" деп аталатын блогтар сериясы сіздің колледжіңіздің мәдениеті туралы ерекше және қызықты түсінік бере алады. Сол сияқты, студенттер мен қызметкерлердің жетістіктері туралы хабарламалар кампуста қол жетімді мүмкіндіктерге әсер етуі мүмкін.

Университеттік ортада әрдайым бір нәрсе болады, сондықтан сіздің университеттік веб-сайтыңызға үйренуге болатын тақырыптар мен шабыт көздерінің шексіз көзі бар. Оқушыларға сіздің мектебіңіздің блогына өз үлестерін қосуға мүмкіндік бере отырып, сіз оларға оқуға көмектесесіз және өзекті мазмұнның тұрақты ағынын қамтамасыз етесіз.

4. Сіздің университетіңізге әлеуетті студенттерді тартасыз.

Студенттер колледждер мен университеттер туралы ақпаратты оқыған кезде, олардың көпшілігі ең алдымен интернетке назар аударады. Сондықтан SEO өте маңызды.

Іздеу жүйесінің нәтижелері беттерінде (SERP) көрінуді арттырумен қатар, блог сізге кампустың өмірі туралы тереңірек түсінік бере отырып, әлеуетті клиенттерді тартуға көмектеседі. Университеттердің көптеген веб-сайтарында негізгі ақпаратты түсіндіретін қабылдау және өтініш беру бөлімдері бар. Алайда, блог сіздің колледжіңізге сіз айтып отырған ерекше тақырыптар, әңгімелер мен дауыстардың арқасында басқа нұсқалардан ерекшеленуге көмектеседі. Ықтимал талапкерлер студенттер мен қызметкерлердің нақты тәжірибелері туралы оқи алады, бұл сіздің мектебіңізбен көбірек байланыста болуға және өзіңізді сол жердетаныстыруға көмектеседі [2].

Жаңа әлеуетті клиенттерді тартудың тағы бір тәсілі – бұл парақтарда және блог жазбаларында әрекетке шақыру (CTA). Сіз мүдделі тараптар үшін байланыс деректерін бөлісуді жеңілдете аласыз, осылайша олармен тез байланыса аласыз.

5. Әлеуметтік желілерде қатысуыңызды күшейтесіз

Сіздің университетіңіздің веб-сайты тек қабылданған студенттер мен қызметкерлерге қатысты материалдарды қамтитын эхо-камера ретінде пайдалануға арналмаған. Блогтарды қосу-бұл сіздің веб-сайтыңыздың кең аудиторияны қызықтыратындығына көз жеткізудің тамаша тәсілі және ол сізге кең аудиторияға жетуге көмектесу үшін әлеуметтік желілерде қолдануға өте ыңғайлы материалдар көзі болып табылады [3].

Құнды мазмұнды бірнеше желілер арқылы бөлісу сіздің мектебіңіздің даңқын бірден арттырады және сіздің университетіңізді, алдағы кампустағы іс-шаралар мен академиялық бағдарламаларды жылжытудың қарапайым тәсілі болып табылады:

6. Хабарласыңыз және нақты сұрақтарға жауап бересіз

Колледждердің қабылдау комиссиялары алатын көптеген сұрақтар қайталанады. Жиі қойылатын сұрақтар парағы (FAQ) пайдалы болуы мүмкін, бірақ блог кейде жалпы мәселелерді егжей-тегжейлі шешудің тиімді әдісі болып табылады. Тақырыптар қолдану нұсқаулары мен оқу саласын таңдау бойынша кеңестерден бастап мансаптық траекторияларға дейін болуы мүмкін.

Жауап алғысы келетін адамдар оларды табу үшін Интернетке жиі жүгінеді. Жалпы сұрақтар мен мәселелерді шешетін мазмұнды жазу сіздің сайтыңызға кірушілерді жүргізу кезінде сізді құнды, сенімді ресурс ретінде көрсетуге көмектеседі.

Қорытынды

Интернеттегі күшті қатысуды құру университеттер мен колледждер үшін маңызды. Блогтың бір немесе бірнеше парағын қамтитын Веб-сайт сіздің университетіңіздің онлайн мақсаттарына жетудің құнды құралы болып табылады. Блогтар трафикті арттырады, іздеу жүйелерінде нәтижелерді орналастыруды арттырады, сілтемелер мен алмасуды көбейтеді, жалдаушылар мен қазіргі студенттерге ақпарат береді және тағы басқалар.

Әдебиеттер:

1. Игорь Ашманов, Андрей Иванов. Оптимизация и продвижение сайтов в поисковых системах – М:Питер, 2009. -400 б.
2. Дакетт Д. HTML и CSS. Разработка и дизайн веб-сайтов /Джон Дакетт; [пер. с англ.М. А. Райтмана]. – М.: Эксмо, 2013. -480 б.
3. Дакетт Д., JavaScript и jQuery. Интерактивная веб-разработка /Джон Дакетт; [пер. сангл. М. А. Райтмана]. – М.: Эксмо, 2017. -640 б.

Ж.Б. Жиенбева,

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
магистранты, Ақтөбе қ., Қазақстан*

МОБИЛЬДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандандырылған білім бері бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген, сонымен бірге «онлайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет» – деп айтылды.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін алға қарай дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттердің шешімін табу үшін, барлық білім беретін мекемедегі ұжымның, барлық оқытушылардың күнделікті ізденісі, дамуы арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, жаңа өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Осындай жағдайларды ескере отырып, қазіргі жаңару дәуірінде сабақ үдірісінде жаңа технологияларды қолданып өткізу оқушылардың қызығушылығын арттырады, әрі оқуға құлшынысын оятады. Бұл адам іс-әрекетінің көптеген сфераларын қамтып, гуманитарлық, атап айтқанда, психологиялық – педагогикалық пәндер сферасында кеңінен еніп келеді. Бүгінгі таңда педагогика мәселелерді оқытудың кене әдістерімен шешіп, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу мүмкін еместігі айқын. Бүгінгі педагогикалық технологиялар ақпараттық технологияларды кеңінен қолданбай жұмыс жасау мүмкін емес. Бұл жаңа өмір жағдайларымен – ақпараттардың артуымен, қоғамның дамуымен түсіндіріледі.

Қазіргі кезде адам өмірі жаңа технологиялардың қарыштап дамуымен және жылдам таралуымен өте байланысты болып тұр.

Мобильді оқыту – педагогтардың білім беріу жұмысын жеңілдету, мүмкіндіктерін кеңейту, білім сапасын күшейтуші технология және негізгі оқу формасына қосымша құрал ретінде қарастырылады.

Мобильді оқыту – оқушының білім алуына қолдау көрсетіп, оңтайландыру мақсатында, ақпараттармен жұмыс жасауын жақсартатын, оқытудың тиімділігін арттыруға пайдаланатын сымсыз, өте пайдалы, ыңғайлы, құрал ретінде қарастырады.

Дәстүрлі оқу жүйесін өзгертеді, оқуға қажетті ақпараттардың берілуін, ыңғайға қарай түрлендіреді, және сана мен менталитеттің жаңа формаларын қалыптастырады – дейді, Дж.Тракслер жаңаша тұжырымдамасында.

Мобильді оқыту – мобильді құрылғылардың көмегімен кез келген орында, кез келген уақатта білім алуды айтамыз.

«Мобильді технологиялар» – ақпараттарды беруді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың, ұйымдық және әкімшілік шаралар мен құжаттардың, қауіпсіздік қызметкерлердің жиынтығы немесе компьютерлік жүйе.

Мобильді технологиялар қазіргі кезде білім берудің маңызды бөлігіне айналуға. Жаңа технологияларды жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып тәрбиелеу оқытушылардың басты міндеті

болып табылады. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім беру ортасына кіруге бағыт алууда. Сондықтан педагогтарымыз білім беруге жаңашыл көзқараспен қарап, сабақты жаңа технологиялармен, жаңа әдіс-тәсілдермен білім берудің мазмұнын жаңартып өткізу тиімді.

Қазіргі уақытта білім берудің жаңаша технологияларын білмейінше сауатты, білімді маман бола алмайтының анық. Әрбір оқытушы оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдануына байланысты әртүрлі іске асуы мүмкін.

«Технология» ұғымы соңғы кездері білім алу саласының, педагогикалық әдебиеттің ең көп қолданылатын ұғымдарының бірі болып табылады. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: білім беру технологиясы, оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, қарым-қатынас технологиясы, тәрбие технологиясы, модульдік технология, мультимедиялық технология және т.б.

Қазіргі кезде білім берудің мақсаты – білім алып, солардың негізінде жылдам өзгеріп жатқан, бүгінгі күнде лайықты өмір сүріп жатқан, жұмысқа қабілетті, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, яғни жаңа ақпараттарды өздігінен тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан – жақты дамыған сауатты, білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, елінің дамуына жан-жақты үлес қоса алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі кезде оқу жүйесінде мобильді қосымшаларды қолдану маңызды болып табылады. Білім бері саласында мобильді құрылғыларды қолдану көптеген себептерге байланысты артып келеді. Оқу процесінде мобильді қосымшаларды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері қатар келеді. Мобильді технологияны оқу үдірісіне енгізу жеке тұлғаның дамуына оң әсері:

- ✓ Қатысушылардың оқу үдірісіне қатысу еркіндігін қамтамасыз етеді;
- ✓ Білімді өз бетінше, білім беру орынынан тыс оқу үдірісіне қатысуға мүмкіндік береді;
- ✓ Білім алушылардың есте сақтауларына өте тиімді, мультимедиялық ақпараттар білім алуға ынтасын арттырады;

- ✓ Мүмкіндігі шектеулі жандарға үздіксіз білім алға мүмкіндік береді;
- ✓ Мобильді құрылғыларды пайдалануға, оқу материалдарына жылдам әрі тез қол жеткізу;
- ✓ Сымсыз технологиялар арқылы байланыс (Wi-fi, GPRS, WAP, EDGE, Bluetooth) білім алушылар арасында оқу қажеттілігіне қол жеткізетін орта;

- ✓ Оқуға қызығушылықтары туындайтын оқытудың түрлі формаларын ұйымдастыру;

Мобильді технологияны оқу үдірісіне енгізу кезінде кемшіліктерде кездесіп жатады, оларға мыналарды айтуға болыды:

- ✓ Ұзақ уақыт бойы қолдану, физикалық жағдайдың нашарлауы;
- ✓ Оқу орнының техникалық қамтамасыз етуге арналған қосымшалары немесе қосымша шығындары;

- ✓ Интернет желісіндегі деректер ағынын тұрақты сүзгілеу қажеттілігі;

- ✓ Барлық тұтынушылардың сапалы құрылғыларды алуға мүмкіндігінің жеткіліксіздігі;

Электронды оқытудың ажырамас бөлігі ретінде қазірде M-learning немесе mobile learning деп аталып келе жатқан мобильді оқыту жөнінде айта кетсек. Электронды оқыту мен мобильді оқытудың айырмашылықтары бар. Мобильді оқыту өзінің автономдылығымен сипатталады. Мобильді оқыту бейресми. Осылайша оны электронды оқытудан ажыратады. Мобильді оқыту – тұтынушыларына қай жерде жүрседе, қашан оқысада өз еркінде. Әрі жылдам жүреді. Мобильді оқыту классикалық электронды оқытуға қарағанда жоғары деңгейде сапалы білім алуға бағытталған. Мобильді оқыту нетбук, смартфон, сенсорлық дисплейі бар планшетті компьютер және т.б байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім алуға қол жеткіземіз.

Мобильді оқыту технологияларын жасау және таратудың мақсаты, әлемдегі білім алушылар үшін біртұтас виртуальды мобильді оқыту жүйесін жасау болып табылады. M-learning технологиясының қалыптасуы мен дамуын бірнеше кезеңдерге бөлуге болады:

1-кезең – қалыптасу кезеңі. Бұл кезеңде алғашқы рет «m-learning» термині пайда болып, анықтамалар берілді. Мобильді оқыту мен электронды оқыту ажырамас бөлікке айналды.

2-кезең – даму кезеңі. Даму кезеңінде оқытудың мақсаты мобильді қосымшалардың бірнеше түрлері пайда болды және оқу жүйесіне ене бастады.

3-кезең – жаңа кезең. Бұл кезеңде мобильді қосымшалардың арасында бәсекелестік пайда бола бастады. Қазірде бәсекелестік өте жоғары. Себебі тұтынушылар саны күннен күнге көбейіп келе жатыр. Мобильді оқытуды білім саласына енгізуді жүзеге асыруда түрлі мобильді құрылғылардың: смартфондар, mp3 плеерлер, планшеттер, дауысты құралдардың дидактикалық мүмкіндіктері зерттеліп, білім алуға ыңғайландырыла бастады.

Мобильді оқыту қашықтан оқытумен ұғымымен өзара байланысты. Өйткені, білім беруші мен білім алушы арасындағы байланыс формасы қашықтан орындалады (оқушы – объект, оқытушы – субъект). Оқу процесіндегі оқу компоненттері толық қамтылады (мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілі, ұйымдастырылуы, құралдары).

Мобильді оқытуды ұйымдастыру білім беруде жаңа технология ретінде қарастырылып, мобильді оқыту әдебиеттерде мынадай санаттары көрсетілген:

-Технологиялық мобильді оқыту (Technology-driven mobile learning) – кейбір нақты технологиялық инновациялар техникалық мүмкіншілік пен білім беру мүмкіндіктерін көрсету үшін академиялық органы пайдаланады.

-Маниатюралық, тасымалданатын электронды оқыту (Miniature but portable e-learning) – электрондық оқулық құралдарында пайдаланылатын мобильді сымсыз және портативті технологиялар бүгінде шешімдерді қабылдауда қолданылады.

-Аудиторияға байланысты оқыту (Connected classroom learning) – мұндай технологияны класста бірігіп оқытуды қолдау үшін басқа технологияларды пайдалану.

-Бейресми, жеке, ситуациялық мобильді оқыту (Informal, personalized & situated mobile learning) – мұндай технология функциялармен күшейтілген, мысал ретінде, білім беру қызметтеріне бағытталған бейнелерді жеткізу немесе жергілікті ақпараттандыру сияқты функциялар.

-Мобильді оқыту / тиімділікті қолдау (Mobile training/performance support) – мобильді қызметкерлердің өнімділігі мен тиімділігін арттыру үшін пайдаланылады, тікелей уақыт және олардың басымдықтары бойынша ақпарат беру және қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін технология.

-Қашықтық / ауылдық / даму үстіндегі мобильді оқыту (Remote/rural/development mobile learning) – дәстүрлі электронды оқыту технологиясы жұмыс жасамайтын жерлердегі, білім беруге бағытталған, қоршаған ортаны қорғау және инфрақұрылымдық проблемаларды шешу кезінде жиі қолданылады.

Білімге мобильді технологияларды енгізу :

* білім беру процесінің қатысушыларына еркін қозғалуға мүмкіндік береді;

* оқу процесінің шеңберін оқу орнының қабырғасынан тыс кеңейтеді;

* мүмкіндігі шектеулі жандарға білім алуға мүмкіндік береді;

* дербес компьютер мен қағаз оқу әдебиетін сатып алуды талап етпейді, яғни экономикалық тұрғыдан ақталған;

* Оқу материалдары заманауи сымсыз технологиялардың (WAP, GPRS, EDGE, Bluetooth, Wi-Fi) арқасында пайдаланушылар арасында оңай таратылады);

* мультимедиялық форматтағы ақпарат оқу процесіне қызығушылықты арттыра отырып, материалды жақсы меңгеруге және есте сақтауға ықпал етеді. Осылайша, осы заманауи байланыс құралдарын оқытуда қолданудың орындылығы айқын.

Болашақта оқытушылар мен студенттер енді белгілі бір жерде және уақытта оқу және оқу мүмкіндігімен шектелмеуі керек. Мобильді құрылғылар мен сымсыз технологиялар жақын арада аудиторияда да, одан тыс жерлерде де оқытудың күнделікті бөлігі болады.

Қазіргі студенттердің көпшілігі білім беруде мобильді технологияны қолдануға техникалық және психологиялық тұрғыдан дайын, сондықтан мобильді оқытуды тиімді пайдалану үшін жаңа мүмкіндіктерді қарастыру қажет. Бұл міндетті шешу оқу орындарының оқу процесіне ұтқыр оқытудың стратегияларын, нысандары мен әдістерін енгізу бойынша білім беру басшылары, ғалымдар мен оқытушылардың зерттеу және әдістемелік жұмыстары тарапынан ұйымдастырушылық күш-жігерді талап етеді.

Еліміздің болашағы қазіргі оқушыны психологиялық және техникалық тұрғыдан мобильді құралдармен білім алуға дайындаумен байланысты. Білім беру жүйесіне осы бағыттағы әдістемелік-зерттеу жұмыстарының нәтижесін енгізу, стратегиялары мен формалары, әдіс тәсілдерін ұйымдастыруға мемлекеттік қолдаулар керек.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Жолдау Қазақстан Республикасының білім заңы;
2. <http://www.smart-edu.com/mobile-learning.html>;
3. А.И.Маматов, А.Н. Немцев, А.И. Штифанов, В.А. Беленко, Р.А. Загозоднюк, С.Н. Немцев. Использование технологии сотовой связи и мобильных устройств в дистанционном обучении;
4. Система «Білім ал» [Электрондық ресурс] URL: www.bilimal.kz;
5. <https://bilimdinews.kz/?=9463>

*Д.Қ. Мусаева, Ж.Е. Айтжанова, А.Н. Сундетова,
М. Оспанов атындағы БҚМУ, Ақтөбе қаласы*

ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі таңда ел экономикасын жан жақты дамыту арқылы, халқымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту кез-келген мемлекеттің негізгі мақсаты болып отыр. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеудің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев **цифрлық экономиканы** дамыту басты назарға алынуы тиіс екендігін айтып өтті. Онда алға қойылған басты міндет – ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымның даму деңгейі бойынша өңірдегі көшбасшылықты нығайту. Соның ішінде, Үкімет заңнаманы 5G, «Ақылды қалалар», «Үлкен деректер», блокчейн, цифрлық активтер, жаңа цифрлық қаржы құралдары сияқты **тың технологиялық құбылыстарға** бейімдеу қажет екендігі айтылған.

Қазақстанның **өзіндік брендтіне айналуы тиіс негізгі үрдістер – технологиялық серіктестік орнату**, мәлімет орталықтарын құру және орналастыру, мәліметтер транзитін дамыту, цифрлық қызметтердің жаһандық нарығына қатысу үшін **ашық юрисдикция ретінде жұмыс жасау көзделген** [1].

Біздің келешегіміз – цифрлы экономика. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында «Цифрлы Қазақстан» кешенді бағдарламасы арқылы, «2018 жылы цифрлы дәуір» өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеуге кірісу қажеттігі айтылды.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру процесіне цифрландыру жүйесі өте қажет. Бүгінде, көптеген жоғары оқу орындары білім беру жүйесінің ұзақ мерзімді тәжірибесін талдап, осы әдістің артықшылықтарын түсінді. Бұл жүйе білім беру сапасын жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту, заманауи қағаз процестерін жеделдету, мекеменің әкімшілік және басқарушы қызметкерлеріне қажет [2].

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, «елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы». Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді. Сондықтан, цифрландыру – Қазақстанның озық ел атану жолындағы басты құралы. Қазақстан 2018-2022 жылдары «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын іске асырады. Бағдарламада экономика саласын цифрландыру, сандық мемлекетке көшіру мақсаты айқын көрсетілген. Сонымен бірге, цифрлық Жібек жолын іске асыру, адами капиталды дамыту, инновациялық экожүйені құру бағытын қамтиды.

Жалпы, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бірнеше негізгі бағыттар бойынша жалғасады. Осы бағыттардың негізгісі, яғни, бірінші бағытында – әлеуметтік қатынастар саласын цифрландыру мәселесі қойылған. Осы аталмыш бағытта әлеуметтік қорғау, халықты жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, білім беру мәселелерін цифрландыру бойынша міндеттер көзделген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті», – деп өз сөзінде нақтылап берген болатын. Қазіргі таңда білім және ғылым жүйесінің алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер тұр. Оларды шешу үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға негізделген, білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жаңа мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары туралы баяндамасында «Бағдарлама жобасы педагогикалық ұжымдарда мұғалімдермен, Президент жанындағы Ұлттық кеңестің өкілдерімен, сарапшылармен және Парламент депутаттарымен талқыланды. Жаңа Мемлекеттік бағдарлама жобасында 2 мақсат, 11 міндет, 8 индикатор, 39 көрсеткіш қарастырылған, – деді [3].

Министр А.Аймағамбетов мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес "Цифрлық білім" ауқымды жобасын жүзеге асыруды ұсынды. Жоба негізгі үш бағытты қамтиды. Біріншісі – базалық цифрлы құзырет. Бұл барлық азаматқа бағытталған. Мұндай бағдарламалардың мазмұнына күнделікті өмір үшін қажет ІТ құралдарды пайдалану, цифрлық ортада бағдарлау, қарапайым ІТ өнімдерін жасау сияқты дағдылар кіреді. Екіншісі – мамандандырылған ІТ-кадрларды даярлау. Нарықтың сұранысына

сәйкес жоғары сапалы, IT саласын терең игерген 320 мың маман дайындау көзделіп отыр. Үшіншісі – басқа сала жұмыскерлерін IT құзыретпен ұйқастырып даярлау. Бұл ретте барлық саланың білім алушылары IT құзыретін өз мамандығымен қоса пайдаланатын деңгейде үйренеді", – деді. Аталмыш осы жобаның нәтижесінде терең IT білімі бар жаңа мамандар дайындалады. Сонымен қатар жобаның аясында жыл сайын 400 мыңнан астам кадр "цифрлық құзыретке" ие болып шығады. Осылайша, 2030 жылы әр деңгейдегі оқу орындары жаңа формациядағы 3 миллионнан астам маман даярлайды», – деді Асхат Аймағамбетов [4].

Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі – желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері – бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау. Осының барлығы сандық экономикадағы құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып отыр. Сондықтан білім беру ұйымдарында IT-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын дамыту көзделді. Жыл сайын IT-университеттер инновациялық ортаны құруға және инновациялық қызметтің өсуіне ықпал ететін ғылыми-техникалық өнімдерді әзірлейді және енгізеді. Оқудың жобалық тәсілі, білім беру бағдарламаларын инновациялық жаңғырту, әрбір студентті өз жобаларын құруға тарту, стартап-қозғалысты дамыту – осы барлық міндеттер университеттер үшін басымдық болып табылады.

Цифрлік оқытудағы инновациялар техникалық инновацияларды емес, сонымен қатар университеттің құрылымы мен ұйымдық принциптерінде білім беру курстарының мазмұны мен ұйымдастырылуының өзгеруін білдіреді. Цифрлік оқыту қалыптастыру барысында білім беру құрылымы мен оқу үдерісін ұйымдастыру түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Бұл өзгерістер оқу курстарын толтыру үшін және оларды ұйымдастыру үшін және университетті басқару үшін материалды іріктеуде күрделі мәселе болып табылады. Цифрландыру тікелей бұрын қол жетімді болмаған жоғары оқу орындары мен мектептер үшін ашылатын цифрлік технологияның оқу құралдарымен байланысты. Олардың ішінде онлайн оқу аса ерекшеленеді.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім.

Қазіргі ақпараттық технологиялар дегеніміз – цифрлы сана мен технологияларға қол жеткізудің басты алғышарты. Олай болса, жұмыс қызметін цифрландыру технологиялардың жұмыс ортасына және әрбір қызметкердің жеке кеңістігіне енуіне жол ашу үшін цифрлық сауаттылық бағытындағы әртүрлі курстар ұйымдастырылып, оқытылуда. Цифрлық сауаттылық курстарын ұйымдастырудың мақсаты – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану саласындағы әртүрлі міндеттерді шешу қабілеті: ақпаратты іздеу мен алмасуды, сұрақтарға жауаптарды, басқа адамдармен өзара іс-қимылды және компьютерлік бағдарламалауды қоса алғанда, цифрлық технологиялардың көмегімен мазмұнды пайдалану және құруды меңгерту.

Жалпы цифрлық сауаттылық арттыру курстарының маңыздылығы жаңа медианы қолдану арқылы оқытудың әрі қарай дамуының бастапқы шарты болып табылады, сонымен қатар жоғары оқу орындарында ұйымдастырушылық пен құрылымдық өзгерістер, жаңа заманауи инновациялар құрылымдары және де оны бағалау критерийі – білім алушы үшін пайдалы, нақты деңгейде болуы керек.

Оқу курстарының мазмұны цифрлық контент жасауға және алмасуға, оқытуда, жұмыста және жалпы әлеуметтік қызметте тиімді және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыру үшін проблемаларды коммуникациялауға және шешуге мүмкіндік береді және білім берудегі цифрлық өзгерістер инновациялар, өмір сүру деңгейінің өсуі және әлеуметтік әл-ауқатының драйвері болып табылады. Сондықтан да университет қызметкерлерінің жаңа технологияларға көшуі, жаңа білім мен технологияларды игеруі тұрақты оқыту курстары арқылы іске асырылып отырады[5].

Сонымен, цифрландырудың маңыздылығы, цифрлық сана мен технологияларға қол жеткізу арқылы еліміздің барлық өңірлеріндегі әр саланың дамуына жаңа серпін көрсететіні мәлім. Мемлекеттің жүргізіп отырған ауқымды қызметтері қоғамның әр саласын цифрландыру арқылы бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруда және халықтың тұрмысын, өмір сүру сапасын жақсартуда, білім беру жүйесін дамытуда цифрландыру маңыздылығы артып отыр.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы., «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеудің негізі». -А.:2 қыркүйек 2019ж.
2. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». –А.: 31 қаңтар 2017ж.
3. Ахметқалиев Н.Н.,Жұмаханова Ж.Б.Цифрлық білім беру – заманауи оқытудың кілті.«Білімді ел – Образованная страна» газеті, 19 маусым 2020ж.
4. Сүйіндік Н."Цифрлық білім" жобасы қалай іске асады. 30 маусым 2020ж. <https://strategy2050.kz/news/tsifrlly-bilim-zhobasy-alay-iske-asady/>
5. Такишева Г.А. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті кадрларының цифрлық сауаттылығы – ақпараттық-білім беру кеңістігін құрудың негізі. «Білімді ел – Образованная страна» газеті, 24 мамыр 2020ж.

¹А.А. Жолдасбеков, ²Е.Е. Мырзабеков,

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

²Академик А. Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті Шымкент қ. Қазақстан

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КРЕАТИВТІ ТҰЛҒАЛЫҒЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕССИНДЕ ДАМУ

Қазіргі психология мен педагогика ілімінде шығармашылық саласындағы зерттеулердің басым бөлігі әлеуметтік тәжірибе психологиялық-педагогикалық ойды шығармашылық жетістіктердің жеке емес, әлеуметтік мәні бар екенін мойындай отырып жүгінуге меңзейді.

Жоғары оқу орындарында болашақ бакалаврларды кәсіби даярлаудың басты мақсаты – шығармашылық даралығы мен ерекше шығармашылық ойлауы бар тұлғаны дамыту. Білім алушы студенттерге текқана арнайы білім беріп қана емес, жекешеленген тұлғалардың жекеше бейімділігі мен шығармашылық, креативті тұрғыда дамытылып, жетілуін ескерген жөн [1].

Педагогті болашаққа, ғылымның жаңа жетістіктеріне бағыттайтын инновациялық қызмет, ал инновациялық жұмыс істейтін білім беру мекемелері бәсекелестік артықшылықтарға ие болады және сол арқылы өз дамуында білім беру жүйесінің басқа құрылымдық элементтерінен оза түседі. Сондықтан да осы тұрғыда болашақ мұғалімдердің креативтілігін дамыту мәселесі бүгінгі күнгі психология және педагогика іліміндегі өзекті мәселе болып табылады.

Креативтілікті шығармашылықтың психологиялық және педагогикалық түйіткілді мәселелерін шетелдік ғалымдар: К.Тейлор, Е.Торренс, Х.Трик, М. Уоллах, Дж.Гилфорд, С.Медник, В.Смит, Д.Халперн және т.б. жасады. Бірақта осы тұлғалар Э.Г. Юдин, М.Г. Ярошевский, А.Н. Лук, Я.А.Пономарев, Н.Т.Апексеев, СМ. Бернштейн, Н.Г. Фролов өз зерттеулерінде көрсеткен.

Көптеген зерттеулерде креативтілікті әр адамның бойында бар психологиялық креативтілік механизмдер мен шығармашылық әлеуетті анықтау тұрғысында баса назар аударылады. Бұл жағдайда мәселе олардың даму деңгейі мен дәрежесі және көрінісіндегі айырмашылықта ғана туындайды[2].

Осылайша, дәстүрлі психология мен педагогикада креативтілік жеке категория ретінде қарастырылды және оның түсіндірілуін нақтылау туралы пікірталастар негізінен жүргізілді, атап айтқанда: креативтілік дивергентті ойлау ретінде (Дж.Гилфорд, О.К. Тихомиров) немесе зияткерлік белсенділік (Д.Б. Богоявленская, Л. Б. Ермолаева-Томина) немесе жеке тұлғаның интеграцияланған сапасы ретінде (Я. А. Пономарев және т. б.).

Елімізде педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы, осы кездердегі проблемалық мәселелерді үш негізгі бағытта жүргізу дұрыс екендігіне тоқталады. Олар :

– педагогикалық мамандықты таңдауда болашақта арнайы мұғалім болу мақсатындағы маңыздылығына басымдық жасау: ҰБТ– да педагогикалық бағыттарға түсетін талапкерлердің емтихан балының төмендігі; креативті, ынталы студенттерді іріктеу мүмкіндігінің жоқтығы; мамандық бойынша түлектің жұмысқа орналасу пайызының төмендігі;

– болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетке дайындығы: креативтіліктің жеткіліксіз сапасы (дәстүрлі әдістер мен технологиялар; практикаға арналған сағаттардың жетіспеушілігі; кәсіби дайындық пен жұмыс берушілердің талаптары арасындағы сабақтастықтың болмауы; студенттерді даярлауда әрекеттік тәсілді сауатсыз іске асыру), студенттердің әртүрлі зерттеу қызметінің болмауы, педагогикалық бағдарламаларда оқу-тәрбие процесін материалдық-техникалық және ресурстық қамтамасыз етудің нашарлығы;

– педагогикалық мамандықта қолдау: педагогикалық кадрларға қажеттілікті болжаудың болмауы (өңірлер, ел бойынша); қабілетті түлектерді жұмысқа орналастыру кезінде жұмыс берушілермен

(мектептермен) байланыс тетігінің жеткіліксіздігі; студенттерді кәсіби қолдау мен сүйемелдеу деңгейінің төмендігі; мұғалім кәсібінде мансаптық өсудің болмауы.

Осыған байланысты болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетке дайындаудың қазіргі жағдайы «Педагогикалық білім беру» бағыты бойынша студенттерді даярлау сапасын арттыру аспектісінде оқытудың классикалық парадигмасынан бағдарламаны игерудің сызықтық емес траекториясына көшу есебінен, педагогтің жаңа кәсіби стандартын іске асыру контекстінде болашақ мұғалімді оқытудың негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасы мен технологиясының мазмұнын өзгерту, студентті практикалық даярлауға бағдарлау (практикалық), болашақ мұғалімнің кеңейтілген практикасы мен тағылымдамасын енгізу, желілік өзара іс-қимыл негізінде бірлескен бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру, педагогикалық бағыттағы түлектерді тәуелсіз кәсіби сертификаттау жүйесін енгізу талап етіледі.

Креативті компонент мұғалімнің инновацияға деген көзқарасын практикада кездесетін дайын формалардың қосындысы ретінде емес, қайта құру, өзгерту (жаңа күрделі синтездерде өзіндік ерекшелігі мен студенттік ұжымның ерекшеліктеріне сәйкес дамыту), сондай-ақ ғылыми рефлексияның болуы ретінде қамтиды. Ол сонымен қатар кәсіби қызметті жүзеге асырудың жаңа жолдары мен тәсілдерін іздеудің ерекшеліктері мен шарттары туралы білім мен идеялардың болуын, жаңасын қабылдауға дайын болуды және жаңасын құру қажеттілігін қамтиды [3].

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту-сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады. Жаһандық инновациялық процестер әлеуметтік және жеке әлеуметтік-мәдени даму қарқыны арасындағы қарама-қайшылықты күшейтетін және тереңдететін әлеуметтік өмірдің барлық жақтарының даму үдерісімен қатар жүреді.

Шығармашылық қабілеттер дегеніміз – интеллектуалды ерекшеліктердің дамуына ықпал ететін жеке қасиеттер, сипаттамалар, сонымен қатар осы мақсатқа жетудің ішкі ресурсы – білім беру үдерісінде жаңа және түпнұсқаны дамыту [4].

Біздің жұмыс тәжірибеміз көрсеткендей, бұл білімді игеру, дағдыларды игеру, болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетке дайындаудың қазіргі жағдайы мен ұйымдастырушылық және технологиялық инновациялармен байланысты күзiретiлiктердi қалыптастыру және инновациялық қызметке дайын болу, білім беру жүйесінде қайта құру қажеттілігін түсіну арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Болашақ мұғалім инновациялық қызметке деген көзқарасты қалыптастырады.

Инновациялық қызметтің құрылымдық-басқарушылық компоненті педагогикалық бейіндегі мамандарды кәсіби даярлау жүйесіне инвестициялар тарту әдістерін, білім беру мекемелерінің өзара іс-қимыл нысандарын, педагогикалық даярлық бейіні бойынша кәсіптік білім беру қызметтерінің өңірлік нарықтарын қалыптастыру және дамыту тетіктерін, болашақ педагогтарды кәсіптік даярлау сапасын бағалау мониторингін және олардың өңірлік еңбек нарықтарында қажеттілігін қамтиды, жалпы білім беруді кадрлық қамтамасыз етуді жаңғыртуды ескереді. Инновациялық қызметтің бұл компоненті болашақ мұғалімнің дағдылары мен креативтілігін қалыптастыруға бағытталған инновациялық қызметті жобалау, тәуекелдерді анықтау, ұйымдастыру, қорытынды шығару (талдау), инновациялық іс-әрекетке дайындау болып табылады.

А.В.Хуторскийдің пікірінше, педагогикалық инноватикада инновацияның жеке факторы, яғни инновациялық қызмет субъектісінің жеке басындағы өзгерістер ерекше рөл атқарады.

Болашақ мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің құрылымын қысқаша қарастырайық. Яғни инновациялық қызмет ең алдымен мотивтердің әсерінен құрылады. Олар:

- 1) сыртқы ынталандыру (материалдық қажеттілік, іскерлік қажеттілікке байланысты жоғары баға тағайындау және т.б.);
- 2) мұғалімнің сыртқы өзін-өзі растау мотивтері және т.б.;
- 3) кәсіби мотив (оқыту мен тәрбиелеуге деген ұмтылыс, инновацияны студенттерге бағыттау және т.б.);
- 4) жеке өзін-өзі жүзеге асыру мотивтері.

Үшінші және төртінші топтардың мотивтері креативті жұмыс істейтін мұғалімдерге тән.

Қазіргі кезеңде тәрбиешілердің – жаңашылдардың қызметін және өздерінің инновациялық іс-әрекеттерін бақылау қарапайым дағдылар мен жаңашылдықтар арасында шекара қою қиынға соғатынын көрсетеді, өйткені белгілі принциптер мен әдістерді игере отырып, мұғалім әдетте тек алға ұмтылады. Барған сайын жаңа түпнұсқалы техниканы іздеу немесе қолдану, яғни ескі әдістерді жаңа тәсілмен тиімді ұштастыру арқылы біртіндеп нағыз жаңашылға айналады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, педагогикалық шеберлік пен педагогикалық шығармашылық бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ бірдей емес екендігін атап өту керек.

Болашақ мұғалімдердің шығармашылығын қалыптастыру тікелей оқу процесінде қажет. Осы қабілеттің иесі – жоғары мектепте дайындалуы тиіс креативті педагог қана студенттердің креативтілігін қалыптастыра және дамыта алады. Педагогикалық білім бакалаврларының кәсіби қызметінде шығармашылықтың болуы іс-әрекеттің мотивтерін материалдық ынталандырудан қызмет процесіне ауыстыруға әкеледі.

Егер жеке тұлғаның өз тарапынан креативтілік белсенділікті қалыптастыру әрекеттеріне бақылау жасамаса, ізденіс нәтижесі бағаланбаса, жетістіктерге жетуге болады деп айту қиын. Инновациялық оқыту арқылы креативтілікті қалыптастыру – жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын, рухани құндылықтарды игерудің бірден – бір жолы. Жаңашыл – оқытушы өзін-өзі педагогикалық қызметте жүзеге асыру барысында міндетті түрде инновациялық үдеріске енеді де, нәтижесінде креативті-шығармашылыққа қол жеткізеді.

Қорыта айтқанда, қазіргі білім беру жүйесіндегі психологиялық пәндер, соның ішінде, креативті психология болашақтағы жаңашыл маманның «өзегін» құрайтын тұлғаның сапасын қалыптастырады, яғни олардың инициативтілігі, өз бетімен әрекетшілдігі, рефлексивтілігі, нәтиженің озық үлгісін, өз мүмкіндіктеріне әділ баға беруі, креативті ойлауы, сыншыл талдау жасау қабілеттері артады.

Әдебиеттер:

1. Башина, Т. Ф. Креативность как основа инновационной педагогической деятельности / Т. Ф. Башина. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2013. – № 4 (51). – С. 521-525. – URL: <https://moluch.ru/archive/51/6639/>
2. Варлакова, Ю. Р. Теория и методика развития креативности будущих дизайнеров-педагогов / Ю.Р. Варлакова // Вестник Томского государственного педагогического университета. – 2011. – № 4 (106). – С. 73-76 (0,25 п.л.).
3. Жолдасбеков А.А., Оспанова Б.А., Жолдасбекова К.А. Креативті психология./ Оқулық. – Алматы, 2013. – 410 б.
4. Тутолмин А.В. Адаптивность и креативность в становлении и развитии творческой личности будущего учителя в системе непрерывного педагогического образования // Фундаментальные исследования. – 2012. – № 12 – С. 44-49

Г.Н. Нұрман,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
I курс магистранты*

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ӨЗЕКТЕНДІРУ МОТИВАЦИЯСЫН ДАМУ КӘСІБИ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ

XXI ғасырдың бірінші ширегінде әлемдік шеңберде ақпараттар ағымының ұдайы артуы мен ғылымға негізделген технологиялардың қоғам өміріне батыл енуі өркениеттік диалогтың қалыптасу қарқынына ықпал етіп отыр. Заманауи үрдістер педагог– психологтарды кәсіби даярлау жүйесін жетілдіруді талап етеді. Кәсіптік даярлықтың табыстылығы адекватты қалыптасқан тұлғалық және кәсіби мотивацияға тікелей байланысты. Адам мотивациясын психологиялық және педагогикалық феномен ретінде зерттеу күрделі болып келеді. Мотивация – кез-келген тәуелсіз әрекеттің негізі.

Мотивация ғылым арнасында 150-ге жуық анықтамалары орын алған [1].

Мотивация дегеніміз – адамныңөзінің күш-жігерін, уақытын, білімін, талантын, ерік-жігері сияқты ресурстарды қалаған мақсатқа жетуде инвестициялауы. Мотивация тиімді оқыту/оқу үдерісінің басты шарты екендігі даусыз және ол университетте немесе мектепте оқытылатын барлық пәндерге қатысты. Сонымен қатар, ынталандыру (немесе оның болмауы) көбінесе оқушының мұғаліммен табысты ынтымақтастығының негізгі алғышарты болып табылады және сонымен бірге түсініспеушіліктің жиі себебі болады. Себебі, мұғалімдер студенттердің жоғары мотивациясын күтеді және оларға сенеді – олар студенттердің мүмкін болатын ақпараттың максималды көлемін, максималды дағдыларды алуға ұмтылатындығына сенімді болып, студенттердің ынтасы жоғары болады деген түсінік қалыптасып қалғандықтан, оқытушымен студент арасындағы байланыс кедергілерге ұшырап жатады. Бірақ шындық нәтиже күтуші тараптың көңілін қалдырады, осылайша мұғалім немесе нұсқаушы студенттердің күнделікті іс-әрекеттерінде, яғни сабақта, оларға дайындық кезінде әлсіз (немесе төмен) мотивацияға тап болады. Екінші жағынан, студенттер оқу үдерісіне қанағаттанбайды, олардың шағымдары көбінесе көптеген мұғалімдердің білімдері мен дағдыларын тиімді ауыстыра алмайтындығымен байланысты, бұл көбінесе мұғалімдер қабілетсіз деп тұжырымдалады.

Нәтижесі қандай? Оқу процесінің екі жағындағы қатысушылар бір-бірінің қажеттіліктерін

түсінбейді. Егер тиімді таным процесінің негізгі шарты жұмыс істемесе, интеграцияланған тәсілді қолдана отырып, осы құбылыстың себептерін тереңірек түсіну қажет болады. Тиісті зерттеулерді ұйымдастыру керек, студенттердің, мұғалімдер мен оқушылардың қызығушылықтары мен тәсілдерінің сәйкес келмеу себептерін тереңірек түсінуге тырысу керек. Қазіргі уақытта осындай күрделі ғылыми зерттеулердің жетіспеушілігі айқын байқалады. Әдетте студенттер оқытушы тарапынан «жаңаша форматтағы» оқыту тәсілін талап етеді, яғни пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында, осыдан айқын байқалатын көрініс, ол мотивация мәселесінің тек студент тарапынан сұраныста болуы. Туындап отырған мәселе педагогика-психология мамандығының білім алушыларына да тікелей байланысты болып отыр, сол себепті өзектілігі анықталған тақырып аясында теориялық мәліметтерге тоқталу міндетті.

Мотивация – бұл әртүрлі психологиялық түсініктерді ұстанатын психологтар арасында көптеген қайшылықтарды тудыратын күрделі психологиялық құбылыс.

Мотивация процесін зерттеудің күрделілігімен сәйкессіздігі әр автордың бұл мәселеге өзіндік көзқарасы бар екендігімен түсіндіріледі, әрқайсысы осы процестің мазмұнын, мотивация құрылымын өзінше түсіндіреді.

Қазіргі заманғы психологияда мотивацияның мұндай теориялары дәстүрлі түрде орыс психологтарының еңбектеріндегі қажеттілік теориялары, бихевиористік теориялар, когнитивті теориялар, психоналитикалық және мотивация теориялары ретінде қарастырылады. Мотивация теориялары ежелгі философтардың еңбектерінде өздерін орната бастады, мұнда психологиялық білімнің өзі алғаш пайда болды және көп жағдайда қазіргі заманғы мотивация теорияларын күтті.

Ғылымға дейінгі кезеңде қажеттілікке негізделген мотивация теориялары өзекті болды. Адам мен жануарлар қызметінің себептерін, оларды анықтауды зерттеудің осы кезеңінде ежелгі ойшылдар – «өмір мұғалімі» ретінде «қажеттілікті» айтқан Аристотель, Гераклит, Демокрит, Лукреций, Платон, Сократтың көзқарастары өзекті болды.

Гуманистік психология өкілдері А. Маслоу[2], К. Роджерс [3] адамның жетілдіруге, өзінің әлеуетін іске асыруға, өзін-өзі көрсетуге деген ұмтылысын баса көрсетеді.

Фрейдтің теориясы бойынша, адамның мотивациясы толығымен қозу энергиясынан негізделген, ол өз кезегінде дене қажеттіліктері немесе инстинкттермен қозғалады. Бұл жағдайда белгілі бір қажеттіліктен туындаған қозу деңгейі ақыл немесе сана арқылы басқарылады. Адамның кез-келген психикалық әрекеті (ойлау, қабылдау, есте сақтау және елестету) түйсіктермен анықталады. Адамдар өзін немесе өзін солай ұстайды, өйткені оларға бейсаналық шиеленіс түрткі болады – олардың әрекеттері осы шиеленісті азайту мақсатына қызмет етеді. Осындай түйсіктер «кез-келген қызметтің түпкі мақсаты» болып табылады. Бихевиоризм теориясы (Б. Скиннер, Э. Торндайк, Д. Уотсон, К. Халл және т.б.) көптеген психологиялық шындықтарды түсінуде революциялық болды, оған сәйкес адам мінез-құлқының негізгі механизмі қажеттіліктер емес, «ынталандыру-жауап» принципі болып табылады.

Оқу теориялары Дж.Роттер, Г.Келли, Х.Хекхаузен, Дж.Аткинсон, Д.Макклелландтың мотивацияның когнитивті теорияларының негізін құрады, олар адамның мінез-құлқын анықтауда сананың жетекші рөлін мойындаумен сипатталады. Нәтижесінде жаңа мотивациялық тұжырымдамалар: әлеуметтік қажеттіліктер, когнитивті диссонанс, құндылықтар, сәттілік күту, сәтсіздік қорқынышы, ұмтылыс деңгейі. Танымдық теориялардың барлығы дерлік когнитивтік құрылымдардың дамуы мотивациялық процестермен байланысты деген тұжырымға негізделген. Сонымен бірге, мотивация адамның қазіргі кезде түсінуге қабілеті мен қоршаған әлемдегі өзгерістерді түсіну үшін не түсінуі керек екендігі арасындағы сәйкессіздік ретінде түсіндіріледі [4].

Болашақ педагог-психолог тұлғасының мотивациялық сферасы кәсіби маманның тиімділігі мен жетістігінің критерийлерінің бірі болып табылады, оны қалыптастыру кәсіби іс-әрекет сатысында ғана емес, болашақ мамандарды кәсіби даярлау процесінде де жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда студенттерге пәндік білім, білік, дағдыларды үйрету ғана емес, сонымен бірге болашақ тұлғалық іс-әрекеттің тиімділігін де, академиялық жетістіктерін де анықтайтын студенттің жеке басы, жетістік мотивациясының ерекшеліктері алға шығады.

Мотивация проблемасының күрделілігі мен көп өлшемділігі оның мәнін, табиғатын, құрылымын, сонымен қатар мотивтердің функцияларын түсінудің көп түрлілігін анықтайды. Дәстүрлі түрде психологияда бұл мәселенің келесі аспектілері барынша егжей-тегжейлі келтірілген: мотив пен қажеттіліктің ара қатынасы (Л.И.Божович[5], А.Н.Леонтьев [6], С.П.Манукян, Ю.В.Шаровжәнет.б.); белгілі бір иерархиялық құрылымдарды (В.Г.Асеев, Л.И. Божович, Б.И. Додонов, А. Маслоу) және мотивтердің әр түрлі типтерін (Б. Ф. Ломов, К. Обуховский, П.М. Якобсон[6]) қамтитын күрделі жүйе

ретіндегі адам қызметінің мотивациясы жәнет.б.

Мотивация құрылымын зерттеу үшін Б.И.Додоновтың төрт құрылым компоненттерін бөліп көрсетуі орынды болды: тұлғаға мәжбүрлік қысым көрсетіп, іс әрекет үшін марапаттап «мотивациялық» күш, іс әрекет нәтижесінің тұлғаға маңыздылығы, іс әрекеттен қанағаттану[8].

Ақпараттандыру студенттердің шығармашылық ойлауын ынталандыру үшін қосымша мүмкіндіктер жасайды, олардың өзіндік жұмысының маңыздылығын арттырады, өзіндік жұмысты бақылау мен өзін-өзі бақылау жеңілдетіледі. Мұғалімнің жеке жұмыс деңгейі жоғарылайды, оқу жұмысындағы зияткерлік және күнделікті әдеттегі арақатынасы өзгереді. Қазіргі уақытта адамзат үшін «шекарасыз қоғам» деп аталатын ашық қоғам құру өзекті болып табылады. Оны қалыптастырудың маңызды шарты білім беру жүйесін ашықтық пен еркіндік қағидаттарында жетілдіру қажеттілігі болып танылады. Ашық және еркін білім беру бірыңғай білім беру кеңістігін құруды, білім беру процесінің барлық қатысушыларына ақпараттық және білім беру ресурстарына тең мүмкіндіктер беруді қамтиды, әр оқушыға өзінің жеке қасиеттерін барынша дамытуға мүмкіндік береді [1].

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру тұжырымдамасы ашық білім беру идеяларына толық жауап береді. Бірақ білім беру парадигмасының ауысуы педагогикалық жүйелердегі педагогикалық технологияларды жетілдіру негізінде білім берудің жаңа моделін құруды қажет етеді. Әлемдік және қазақстандық білім беруде қазіргі уақытта желілік ақпараттық технологиялар негізінде интеграцияланған білім беру жүйелерін құру үрдісі байқалады. Ашық білім беру идеяларын іске асыру үшін жаңа тәсілдер, білім берудің инновациялық технологиялары қажет. Бұл жүйеде оқушының өзіндік және жеке жұмысына, қашықтықтан, «виртуалды» оқыту формаларына ерекше орын беріледі [2].

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялар неғұрлым басым білім беру мақсаттарына қол жеткізудің негізгі құралына айналуға. Жаңа ақпараттық технологиялар (ЖАТ) қазіргі уақытта оқыту процесінде компьютерлерді пайдаланумен тікелей байланысты. Компьютер оқытудың әмбебап құралы болып

табылады, ол студенттерде тек білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар студенттің жеке басын дамытуға, оның танымдық мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Жалпы білім беретін мектепте және ЖОО-да ақпараттық технологияларды қолдану мұғалім мен оқушының ролін және олардың қарым-қатынасын өзгертеді. Мұғалім студенттердің алдында бастапқы ақпарат көзі ретінде әрекет етуді тоқтатады. Осы немесе басқа ақпаратты қайдан алу керек деген сұрақ студенттердің қандай формада және қанша деректерді қабылдауы және игеруі мүмкін деген сұрақпен ауыстырылады. ЖАТ қолдану оқытушы мен студенттер арасындағы өзара байланыстардың сипатына өзгерістер енгізеді. ЖАТ құралдары студенттердің өзіндік және бірлескен шығармашылық қызметі үшін шексіз мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Енді оның негізгі міндеті – студенттердің жеке басының дамуына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау және олардың ұжымдық жұмысын ұйымдастыру [3].

Оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану оқытудың маңызды принципін – даралау принципін анықтады. Әрбір оқушы жеке оқу ырғағына, өзіне қажетті көмек деңгейіне, жұмыс қарқынына, зерттелетін материалдың берілген тереңдігіне сәйкес келеді. Оқу процесінің тұтастығы бұл ретте бұзылмайды. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, оқытудың индивидуализациясы арқылы оны саралауға көшу жүзеге асырылады. Сондай-ақ, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану кезінде студенттердің мотивациясында өзгерістер болады.

Білім беру процесінде ақпараттық технологияларды қолданудың орындылығы олардың көмегімен студенттердің ғылыми, қол жетімділігі, көрнекілігі, санасы мен белсенділігі, оқуға жеке көзқарас сияқты дидактикалық принциптер тиімді жүзеге асырылатындығымен анықталады. ЖАТ пайдалану кезінде оқытудың әртүрлі әдістері, формалары мен құралдары сәтті үйлеседі.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқыту-қажет болған жағдайда оқытушыны алмастыра алатын, яғни тәуелсіз бола алатын оқыту тәсілі. Жаңа ақпараттық және демонстрациялық бағдарламаларды, модельдейтін бағдарламаларды, оқушының компьютермен интерактивті жұмыс режимін қамтамасыз ететін бағдарламаларды, оқу деңгейін диагностикалауға арналған сараптамалық жүйелерді, Интернеттің ақпараттық ресурстарына қол жетімділікті қолданудың үлкен әсері.

Соңғы 10 жыл ішінде жасанды интеллект бойынша зерттеулер аясында өзіндік жеке бағыт – сараптамалық жүйелер (СЖ) қалыптасты. Сараптамалық жүйелердің мақсаты-қарастырылып отырған проблемалық аймақтағы жұмыс тәжірибесін көрсететін жинақталған білім базасы негізінде өте қиын мәселелерді шешу болып табылады. Сараптамалық жүйелерді қолданудың артықшылығы – ерекше жағдайларда шешім қабылдау мүмкіндігі, олар үшін алгоритм алдын-ала белгісіз және де ол білім базасынан ойлау тізбегі (шешім қабылдау ережелері) түрінде бастапқы мәліметтер бойынша қалыптасады. Соңғы жылдары білім беру саласына арналған сараптамалық жүйелерді құру және пайдалану саласында белсенді зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Сараптамалық жүйелердің жаңа класы пайда болды – сараптамалық оқыту жүйелері.

Сараптамалық оқыту жүйесі (СОЖ) – бұл бағдарлама, белгілі бір пән саласындағы сарапшының білімі негізінде қандай да бір педагогикалық тізбекті жүзеге асыру, оқыту диагностикасын және оқытуды басқаруды жүзеге асыру, сондай-ақ сарапшылардың (пән мамандарының, әдіскерлердің, психологтардың) мінез-құлқын көрсету. Оқу процесінде мұндай СОЖ «мұғалімнің» белсенді ролін ғана емес, сонымен бірге оқушыға қолданбалы аймақты модельдеу арқылы жүйеде болып жатқан ішкі процестерді зерттеуге көмектесетін анықтамалық ролін де орындайды [4].

Білім беру процесінде СОЖ технологиясына негізделген компьютерлік химиялық бағдарламалар көбірек таралуда. Қазіргі уақытта ЖАТ қолдануда жаңа саты белгіленуде. Ұсынылып отырған тұжырымдаманың негізінде мынадай ережелер жатыр:

– КОБ (компьютерлік оқыту бағдарламалары) оқытудың эксклюзивті нысаны ретінде қарастырыла алмайды және оқу процесінің дәстүрлі түрлерімен – дәрістермен, консультациялармен, зертханалық жұмыстармен ұштастырылуы тиіс. Оларға алынған химиялық ақпарат КОБ-ны қолдана отырып, практикалық сабақтарда таратылады, олардың негізгі мақсаты-білімді бекіту, олардың ары сақталуын арттыру. Сондай-ақ студенттердің аудиториядан тыс өзіндік жұмысы кезінде КОБ тарту пайдалы деп тану керек;

– осыған байланысты КОБ типтік құрылымы айқын: курс бағдарламасына нақты сәйкес келетін ақпараттың, оның ойға қонымдылығын бақылауға арналған жеке тапсырмалармен ауысуы;

– КОБ-да оқушының әртүрлі заттармен, олардың қасиеттерімен және түрлендірулерімен танысуы жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай «қатысу әсері» химиялық процестерді зерттеуде өте қажет, оларды тікелей бақылау мүмкін емес.

– Жоғарыда айтылғандар, әрине, белгілі бір химиялық пәннің профиліне байланысты КОБқұру әдістемесінің ерекшеліктерін анықтайды:

1. КОБ-дағы ақпарат стандартты емес, мүмкіндігінше қызықты және ең бастысы ықшам түрде ұсынылуы керек. Мәтіндерді, егжей-тегжейлі және көптеген теңдеулерді визуалды кескін ретінде пайдалану азайтылуы керек. Олардың орнына формулалар, қысқа схемалар және ең алдымен дисплей экранында газдардың шығуын, тұнбалардың түсуін және реагенттердің түсінің өзгеруін имитациялауға мүмкіндік беретін химиялық процестерді компьютерлік модельдеу қажет. Соңғысына ерекше назар аудару керек, өйткені химиядағы түс өте мазмұнды;

2. Экранда химиялық реакцияларды имитациялап қана қоймай, сонымен қатар студенттің тиісті сандық ақпаратты алуын ұйымдастырған жөн – мысалы, «синтезделген» заттың шығуын, оның маңызды константалары мен сипаттамаларын анықтау;

3. Оқушыға ұсынылған тапсырмалар жартылай нұсқалы болуы қажет. Алдыңғы ақпаратқа жүгіну мүмкіндігін қамтамасыз ету керек, сондай-ақ дұрыс жауап болмаған кездесілеме көмектесу, ал кейіннен сәтсіздік болған жағдайда, дұрыс жауабын беру. КОБ-ны тәжірибелік тексеру процесінде студенттердің тапсырмалар бойынша жұмыс нәтижелеріне статистикалық талдау жүргізіп, олардың көлемі мен күрделілік деңгейін одан әрі оңтайландырған жөн.

Жоғарыда айтылғандардың бәріне сүйене отырып, СОЖ негізіндегі компьютерлік оқыту бағдарламаларын химия курсын зерттеуде сәтті қолдануға болатындығын атап өткім келеді. Білімді және сызықтық емес логика жүйесін қолдана отырып, интеллектуалды интерфейспен бірге, мұндай КОБ абстрактілі тұжырымдарды қажет ететін салаларда, мысалы, кванттық химия және зат құрылымы курстарында сәтті қолданыла алады. КОБ пайдаланған кезде ақпарат ыңғайлы және ықшам түрде беріледі, бұл оларды жалпы және бейорганикалық химия курсында пайдалануға мүмкіндік береді: энергетикалық диаграммаларды иллюстрациялау кезінде; білім беруді визуалды БМ модельдеу үшін; технологиялық процестерді модельдеу және болжау үшін; каталикалық және каталикалық емес процестердің барысын модельдеу үшін және т. б. Органикалық химия және ЖМҚ(жоғары молекулалық қосылыстар) химиясы курсында мұндай КОБ оқушыларға реакциялардың өту механизмдерін түсіндіру үшін пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, СОЖ студенттердің білімін ағымдағы және қорытынды бақылауға мүмкіндік береді. Сараптамалық жүйелердің үлкен артықшылығы – олар қолданушылардың жұмысындағы құрал ретінде практикалық жұмыс барысында қиын, ерекше тапсырмаларды шешу мүмкіндіктерін жетілдіре түседі.

Әдебиеттер:

1. Самолысов П.В., Ромашенко Т.Ю. Нелинейные процедурные знания – основа построения систем дистанционного обучения // Образование и общество. Москва, 2001, №5.-С.142-148.
2. Добрыдин С.Н. Некоторые аспекты использования новых информационных технологий в обучении // Материалы всероссийской конференции «Наука и образование». Москва, 2002.-С.162-165.
3. Коджаспирова Г.М., Петров К.В. Технические средства обучения и методика их использования: Учеб. Пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 256 с.
4. Матрос Д.Ш., Полев Д.М., Мельникова Н.Н. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий и образовательного мониторинга. Издание 2-е, исправленное и дополнительное.-М.: Педагогическое общество России, 2001. – 128 с.

4-СЕКЦИЯ
ӘЛЕМДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫ:
САЛЫСТЫРМАЛЫ АСПЕКТ

КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ В МИРЕ И КАЗАХСТАНЕ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АСПЕКТ

THE QUALITY OF EDUCATION IN THE WORLD AND IN KAZAKHSTAN:
A COMPARATIVE ASPECT

Т.А. Алдиярова,
Түркістан облысы Ордабасы ауданы

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Елбасымыз Қазақстанның қарқынды даму барысында әр жылы халыққа арналған жолдауларында оқу білім саласын міндетті түрде қамтып, бағытымызды анықтап, жолымызды саралап келеді. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» Н.Ә.Назарбаев

Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Сонықтан білім мазмұнын жаңартудың басты мақсаты – білім сапасын көтеру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 2016-217оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады. Білім алуда жақсы деңгей көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, білім қорытындысында өз мүмкіндіктерін көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттіліктеріне сәйкес келмей жататын кездер жиі кездеседі. Оқушылар ОЖСБ, әсіресе ҰБТ-да өз білімдерін дәлелдей алмай жатады. Халықаралық PISA, TIMSS зерттеулерінің нәтижесі біздің еліміз әлем бойынша төменгі нәтижелер қатарында тұр. Әлемдегі өзгерістерге сәйкес құндылықтар білім маңызын қайта қарауды қажет етеді. Осы мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізу керектігі туындап отыр. Әлем елдеріндегі білім азығы – Сингапур, Жапония, Финляндия елдерінің білім жүйесіндегі ерекшеліктерін бір-бірімен салыстырар болсақ, білім сапасын көтеру мәселесі қарастырылатынын көруге болады. Ондағы мақсат дамыған елдердің басым жақтарымен, әлсіз жақтарын қалай бақылайтынын анықтау.

Сингапур елінің білім жүйесі аз уақыт аралығында табысқа қалай жетті? Бұл елде білім беру жүйесінде нені басты назарға алады екен? Тәуелсіздік алған соң мемлекеттің даму жолдарын іздестіріп, жан-жақты анықтай бастады. Табиғи ресурстардың болмауына байланысты жоғарғы кәсіби нарық құру, шетелдік инвесторларды тарту және экспорттауға бағытталған экономикаға көшу үшін үкімет интеллектуалды модернизация жолын таңдады. Білім жүйесінің алдындағы міндет – елді сауатты және техникалық білімді мамандармен қамтамасыз ету. Бірнеше ұлттардың білім құрылымдарына біркелкі стандартты енгізу арқылы оптимизациялау мәселесі туындады. Барлық пәндерді бір тілде жүргізу таңдалды, ол – ағылшын тілі. Сингапурдың барлық азаматын ағылшын тілінде сөйлеуге әзірлеу, дайындау жүйесі халықаралық өндіріс, сауда және білім саясатын жүргізуге бағытталса, ал қытай тілі Азиялық бизнеске тиімді. Бүгінгі уақытта Сингапурда он жылдық білім жүйесі, алты жастан бастап сан қырлы, түрлі оқу бағдарламалар аясында білім алады. Осы жүйе әр оқушының бейім-қажеттілігіне қарай таңдау және мектеп кеңесінің берген бағдарламасымен оқуға мүмкіндік туғызады. Оқушыларға мектепте қосымша спорт, шығармашылық іс-әрекеттерге көп көңіл бөлінеді екен. Барлық білім жүйесі әлемге ашық топта жұмыс істей алатын көшбасшыларды тәрбиелеуге бағытталған. Сыныптың тығыздығы 40 балаға дейін екен, мұғалім сабақты сегіз топқа бөліп, топтық әрекеттермен өткізеді. Сонымен, еліміздің оқу жүйесін Сингапурдағы білім беру жүйесімен салыстырсақ, екі елдің өзіндік ерекшеліктері байқалады. Сингапурда әр оқушының бейім-қажеттілігіне қарай таңдау мүмкіндігі беріледі және әлемдік экономиканың саясатына сәйкес ағылшын тілінде дәріс беріледі. Білімнің даму сатысында адамның өмір бойы білім алуына, жаңа технологияларды игеріп, өзіне жауапкершілік пен міндеттер алуына ынталандыру ортасы құрылған, негізгі идеясы қабілетті, дарындыларды қолдауға,

көшбасшыларды тәрбиелеуге арналған. Сабақтарын бақылайтын болсақ, әр топтан оқыту, қарым-қатынас, жеке тұлғаны қалыптастыратын жұмысты байқауға болады. Соңғы кезде біздің елімізде де көп тілділікке терең көңіл бөлініп отыр. Ағылшын тілін жаппай меңгеруге біртіндеп көшуде. Көптеген мектептерде тіл игеру бірінші сыныптан енгізіліп, кей мектептер жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту жолдарын қарастыруда.

Жапония жастары не үшін бәсекеге қабілетті? Жапон елінің білім беру жүйесі де ерекше. Жапон елінде балалар қиындықтарды өздері шешеді. Олардың бар қиындықтары оқуда ғана, сондықтан олар емтихан тапсыру арқылы өзінің орнын анықтайды. Егер жақсы білім алса, мемлекеттік жоғарғы оқу орындарында оқуын жалғастырып, мемлекеттік қызметке орналаса алады. Оқу деңгейі төмендеу болса, жеке меншік қымбат оқуға түсуге мүмкіндігі ғана болады және оны тамамдаған мамандарды жұмысқа алмайды. Сонымен олардың қоғамда бөлінуі бала кезінде емтихандардан өтуіне байланысты, бәсекелестік ерте жастан басталады. Білім берудегі тәрбие мен оқудың негізгі саясаты-ерекше ойлайтын, шығармашыл, жан дүниесі бай тұлға тәрбиелеу. Барлық білім бөлімдерінің мақсаты – өскелең ұрпағына дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын үйрету. Ол елде мектепке дейінгі білімге көп көңіл бөлінеді, кіші жастағы балаларда қарым-қатынас дағдысы қалыптасады, ұжымдыққа баулитын құндылықтар өте маңызды. Балаларға отбасының тәрбиесі өте маңызды, өмірінің мәні балалардың тәрбиелі болуына байланысты екенін айтады. Кіші және орта буындарда топтық тәртіппен оқытылады, топ құрамы іс-әрекетінің тиімділігіне сәйкес 7-8 баладан тұрады. Өңгімелеуші құрбысына қалай қарау, оның пікірін тыңдай білу, өзін көрсету дағдыларын қалыптастырады. Мұғалімдер мен балалар тапсырмаларды бағалау кезінде тәртібі мен басқа мәселелер туралы сұрақтар туындаса, жеке оқушыға емес, топқа байланысты, ол жүйе алшақтатудың, кикілжінді болдырмай, балалардың денсаулығын сақтауға ықпал етеді. Мектепте білім алу мерзімі 12 жыл, ана тілінің қиындығына байланысты оның жартысы бастауыш. Ағарту министрлігімен бекітілген бастауыш сыныпта минимум 1850 иероглиф меңгерілуі тиіс. Кітап оқу үшін 3 мыңнан артық білу керек. Сонымен қатар, мектеп оқушылары мектептен кейін міндетті емес «шеберлік» мектебінде дайындыққа қатыса алады. Кіші және орта буында барлық бағдарламалар арқылы күнделікті өмірде өзін бақылай білуге, адамдарға, жануарларға, табиғатқа қамқорлықпен қарауға, әдемілікті сезінуге, қоғамның дамуына өз үлесін қосуға бағыттайды, білім-білік дағдысына аз көңіл бөлінеді. Жоғары сыныптарында жоғарғы оқуға түсуге дайындайды. Қоғамда адам еңбекпен тәрбиеленген, тек іскер қабілетімен ғана бағаланады. Жапон халқының тағы бір ерекшелігі қыз бала үшін негізгісі қызмет емес, ана болу деп қарайды да, ер балаларға ерекше қатал талаптар қойылады. Халықаралық математикалық сайыстардан жүлделі орындарды иеленеді.

Финляндияның ерекшелігі неде? Әлемдегі білім беру жүйесі ең үздіктердің қатарында Финляндия елі. Олар оқу-тәрбие үрдісінде қандай алдыңғы қатарлы ғылыми технологияларды қолданады? Финляндияның білім жүйесінің қысқаша тарихымен танысатын болсақ, 2000 жылғы PISA зерттеулері қорытындысы бойынша Финляндия білім жүйесі бірінші орынға ие болды. Бұл елдің білім беру жүйесіндегі реформасына және оны бағалауына тоқсалсақ, дұрыс құралған реформа – білімнің табысты болуына, баланың қоғамға сай бейімделуіне ықпал етеді. Елдің экономикалық дамуы, заманына сай мектептің бағалануы, білім жүйесінің дамуы реформаның негізгі аспектілерімен сипатталады. Реформаның негізгі аспектілері оқу бағдарламасын қайта құру, реформаның дидактикасы, мектепті және білім сапасын басқару. Білім жүйесі балабақшадан басталады. Бүкіл қоғам болып баланың дамуына зиян келтірмей балабақшадан мектепке көшіру жағдайын ойластырады. Негізгі мектеп бітірсе де емтихан тапсырылмайды, дифференциалды сыныптар жоқ, бар сыныптар біркелкі. Мектептен кейін бала бір-ақ рет матрикуляцияндық емтихан тапсырады. Мектептерінде оқушылардың әлеуметтік шығындарын мемлекет төлейді. Финляндияда оқушыға сенім, мұғалімге сенім және мектепке сенім деген принциппен жұмыс істейді. Финляндияда әрбір мұғалім өзінің қоғаммен қалай бағаланытынын біледі.

Оқушылардың оқудағы қиындықтарды барлық деңгейде жеңе білуі оқудағы проблемаларға ерекше көңіл аудартады. Оқу материалдарында басты назар нақты мақсаттар мен оқу тапсырмаларына бөлінеді. Мақсатқа жетуі қалыптастырушы және жиынтық бағалау арқылы қадағаланады. Қалыптастырушы бағалау материалды оқу кезінде қай бөлімінде қиындық туындады, қандай оқушының оқуда проблемалары бар екенін ажырата алуға көмектеседі. Оқудағы қиындықтың алдын алу дереу оқытуды түзету арқылы іске асырылады, өзіне, өз күшіне сену, қабілеттеріне және оқуға деген оңтайлы көзқарас табысқа деген ұмтылыспен іске асады. Мұғалім мақсатына сай сабағын жоспарлап, әр мақсаттың маңызын түсініп оқушының оқуы үшін іс-әрекетін алға жылжуын бақылай алады, оқу үрдісіне әр баланың ерекшелігін ескере отырып түзетіп, ынталандыра отырып кері байланыс жасай алады. Елде белгілі бір сыныпты бітіргенде баланың білім деңгейін тексерудің

бірыңғай жүйесі қарастырылмаған. Финляндияның білім жүйесінің біздің елмен ұқсастығы білім алудың балабақшадан басталатындығы, оқушыға, мұғалімге және мектепке сенім деген принциппен жұмыс істейтіндігі, білім алу оқушының табысқа жетуіне бағытталған, бағалаудың әр түрлі әдістерін пайдаланады. Бұл елдің мектептері статуска бөлінбейді, барлық балаға нәтижеге бағытталған білім мен тәрбие бірдей берілу керек. Сингапур, Жапон, Финляндияның білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында жүргізілген реформаларын зерттей келе елімізде білім жүйесін дамытуға байланысты белгілі жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы дейінгі Білім беруді дамыту тұжырымдамасы
2. У.Б.Жексенбаева «Компетентностно ориентированное образование в современной школе» – Алматы; 2009 г.
3. Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/42367/

А.Е. Амангельдинова,

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Жахина Б.Б. п.ғ.д., профессор*

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРДЫҢ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ИДЕЯЛАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Қоғамдағы жаңарулар, мемлекеттегі саяси жағдайлар, ел дамуындағы стратегиялық бағдарлар, ғылым мен техниканың дамуы білім беру жүйесінде де өзгерістердің пайда болуына әсер ететін факторлар екендігі сөзсіз. Сондай өзгерістер мен жаңарудың нәтижесінде қоғамда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда өмір сүруге бейімделген, функционалдық сауаттылығы жоғары, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру қажеттілігі туындады. Педагогика ғылымының алдына білім беруді жаңаша құру міндеті қойылды. Ондай міндеттің қойылуына себепші болған саяси факторлардың бірі – Елбасының ХХІ ғасырда еліміздің көшбасшы отыз ұлттың бірі болуға қойылған мақсаты [1]. Мемлекет басшысы 2011 жылы Қазақстан халқына Жолдауында 2020 жылы 12 жылдық мектеп толықтай қызмет етуі қажеттігін атап өтсе, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сәйкес 2016-2017 оқу жылынан бастап елімізде жаңартылған білім мазмұнына көшу жұмыстары қолға алынды. Ұлттық жоспар негізінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың бірінші тетігі бойынша білім беру мазмұнының методологиясы түбегейлі жаңара бастады. Білім беру мазмұнының методологиясын жаңарту – білім беру бағдарламасы мен құжаттарының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің негізгі мақсатына айналды. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқушыларды алған білімдерін кез келген әлеуметтік ортада, жалпы өмірде тиімді, сауатты пайдалана білуге дағдыландыру ұстаздардың кәсіби құзыреттілігінің жоғары болуын, асқан шеберлігін, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты талап етеді. Ұлы ойшыл ғұлама Әл-Фарабидің «Адам бойындағы ең үлкен қасиет – қабілет, өмірді түсіну, қанағат тұту, ұстанымдылық және өзгеге ұқсамайтын даралық» деген сөзі бүгінгі білімнің басты үйлесімділігін анық көрсетіп тұрғандай. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсат – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету деп көрсетілген [2]. Аталған мақсаттың мазмұны осыған дейінгі 2013 жылы әзірленген типтік бағдарламадан мүлдем өзгеше деп айтуға болмайды. Екі бағдарламаны салыстыру барысында пәнді оқытуда қойылатын мақсат пен міндеттің ортақтығы байқалды. Жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі – пән мазмұнының спиральді қағидатпен берілуі. Біз білеміз, білім беру жүйесінде спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға

негізделеді деп көрсетіліп жүр. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасы бойынша оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқып, әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі де, жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады. Біз оны Ахмет Байтұрсынұновтың оқытуда ұсынған «жеңілден ауырға қарай» принципімен байланыста қарастырамыз. Ол дидактиканың заңдарын терең біліп, әдістемеді шебер қолданған. Мысалы, ғалым ұсынған әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған үлестірілмелі карточканың мақсатынан көруге болады (1-ші карточка ойын түрінде беріледі, сөзді шырпымен жазу ұсынылады, 2-ші карточкада жазуға жаттығу, санақ үшін ұпай ойыны беріледі, 3-ші карточкада сөйлем құрастырып, сөздерді алмастырып қосып, алты сөзден оннан аса сөйлем құрастыру мақсат етіп қойылады) [3]. Жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады: тыңдалым мен айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормаларын сақтау. Ахмет Байтұрсынұлының «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің аталған 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгерудің әдістері жайында ой-пікірлерін табуға болады. Ғалым «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» – дегені ақиқат. Әдіскер тіл үйрету әрекеттерін былайша көрсетеді: оқылым – оқу үйрету; жазылым – жазу үйрету; айтылым–сөйлеу үйрету.

Қазіргі уақытта тіл ғылымындағы жаңалықтардың бірі -тілді танымдық тұрғыдан зерттеу кеңінен өріс алып, өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Білім беру жүйесінде де бұл бағыт өте маңызды болып табылады. Себебі, когнитивтік лингвистика жүйесі тіл мен ойлау, тіл мен таным процестерінің арақатынасына сүйенеді және осы тұрғыдан қарастырғанда қазіргі білім беру жүйесіне қойылған негізгі мақсаттардың бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ең тиімді жолы екендігі даусыз. «Тілдің ішінен бәрі табылады, тек тани білетін қырағылық керек» дейді көрнекті тілші ғалым Ғ.Мұсабаев [4]. А.Байтұрсынұлының лингвистикалық идеяларының ұшқырлығы сонда: сол дәуірдің өзінде-ақ тілдің антропоөзектік табиғатын дәл байқап, анық аңғарған. Ғалымның мына пікірін дәлел ретінде келтіруге болады: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі». Осы сөзінен «адам»-ды орталық тұлға ретінде алғандығын аңғаруға болады. Тілді тек құрылымдық ерекшелік ретінде емес, адам баласының болмысына, танымына, ойлау қабілетіне, қарым-қатынас жасау үдерісіне қажетті ең маңызды бөлшек ретінде бағалайды. Осы орайда Э. Оразалиева ғалымның «Тіл– құралына» қатысты ойларын айта кеткен жөн: «Біріншіден, терең этнолингвистикалық зерделенудің үлгісін көрсетті, екіншіден, «Тіл-құрал»деп атауының өзі жеке қазақ тілінде емес, жалпы тіл ұғымына, оның қызметіне, арналып тағайындалған, үшіншіден, ғалым тіл табиғатын зерделей келе, тілдің ойлау жүйесімен байланысына ерекше мән береді» дейді [5]. Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне: ақылға, қиялға, көңілге тірелетінін айта келе, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түю, толғау»,– дейді де, «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау», -деп қорытады. Бұл сөзінен тілді тілдік сана мен таным тұрғысынан сипаттағанына көз жеткізуге болады. Сонымен қатар А. Байтұрсынұнов тілдік материалды меңгеру кезеңіндегі оқушылардың ойлау қабілеттерін эмпирикалық ойлау (I кезең), теориялық ойлау (II кезең), шығармашылық ойлау (III кезең) деп қарастырғанының өзі – тілді меңгеруде когнитивтік бағытты ұстанғандығының бір белгісі және де бұл балаларға білімді игертудің ұтымды жолы болып табылады [6]. Ғалымның әдістемелік жаңалығы бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Себебі теориялық ойлау мен шығармашылық ойлау – ең жоғарғы ойлау сатысы. Ол эмпирикалық ойлаудың негізінде болатындығын анықтап, тілдік материалды тек теориялық тұрғыдан ғана үйретіп қоймай, оқушылар күнделікті өмірде білімдерін кеңінен қолдана алатын дағдыларды қалыптастырудың негізін қалаған.

Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр. Өткенге барлап қарасақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн болар. Бұны біз ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақалаларынан да аңғарамыз. Мәселен, Ахмет

Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Қазіргі таңда ересектерді оқытатын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде «Блум таксономиясын» басшылыққа алады. Блум таксономиясының 6 түрлі ережесі кез келген ақпаратты үйретудің ең ұтымды тәсілдері ретінде тәжірибеде дәлелденіп жүр. Осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өз заманында сан жылдар бұрын айтылып кеткен А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады.

Жаңартылған білім беру мазмұнына негізделіп өткізілетін сабақтың методологиялық құрылымы өзгергенімен, дидактикалық құрылымының өзгермегені анық. Сабақта жаңа материал оқытылып, үйретіледі, білім, іскерлік пен дағды қалыптастырылады, алған білімдері жүйеленіп, жинақталады, соңында қорытындыланады. Ахмет Байтұрсынов оқушының меңгерген білімін тәжірибеде орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін тілдік материалды үш кезеңде жұмыстарын жүргізу қажеттігін айтып: « Бірінші кезеңде тіл білімінің сыртқы болмысын таныту жұмыстары жүргізіледі. Мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді орынды пайдалана отырып тіл заңдылықтары мен ережелерінің болмысын меңгертеді. Екінші кезеңде оқушылардың тәжірибеде өз білімін қолдана алу дағдылары мен біліктерін, білімдерін бекіту үшін «Сынау» және «Дағдыландыру» жұмыстары жүргізіледі. Үшінші кезеңде оқушыларды шығармашылық ойлауға дағдыландыру үшін дидактикалық ойындар қолданылады», -деп көрсетеді. Бұл пікірін қазіргі білім беру жүйесінде, оқытуда тиімді болып табылатын технологиялардың бірі – дамыта оқыту технологиясымен байланыста қарастыруға болады. Өйткені дамыта оқыту жүйесінде оқушыны белгілі көлемдегі білім, білік дағдыларымен қаруландырумен ғана шектелмейді, Байтұрсынов көрсеткендей баланың өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс істейтіндей мүмкіндік беріледі. Ғ. Қазбекова дамыта оқытуға келесі анықтама береді: «Дамыта оқыту дегеніміз – мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастарды жетілдіру, оқушылардың өздігінен білім алып, дүниетанымын қалыптастыруға жетекші рөл атқаратын оқытудың бір түрі» [7].

Қорыта келгенде, қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістердің нәтижесінде енгізілген инновациялық технологиялар оқытудың әдістемесі немесе оқытудың мүлдем жаңаша жолдарын қарастырады деп айтуға болмайды. Осы тұрғыдан келгенде инновациялық технология – оқыту мен тәрбиелеудің ең озық, тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту деп түсінгеніміз жөн. Оған жоғарыда көрсетілген мысалдар дәлел бола алады. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгертудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігі бүгінгі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұраларынан, ғылыми зерттеу еңбектерінен-ақ белгілі. Әдіскер-ғалымның өз дәуірінде қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» т.б. оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. Ахмет Байтұрсыновтың «Әдіс – ерекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері қазіргі мұғалімдер ұстанатын негізгі қағида болары анық.

Әдебиеттер:

1. Назарбева Н.Ә. «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт Жоспары, 2015.
2. «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы, – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1988.
5. Оразалиева Э. Коннитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан-Арыс, 2007.
6. Жахина Б.Б. Қазақ тілі сөзжасамы: оны тереңдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі. – Көкшетау: Келешек-2030, 2014.
7. Қазбекова Ғ. Дамыта оқыту тәсілдері. – Қазақ тілі мен әдебиеті, 1997.

*Атем М.Н.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Педагогика және психология мамандығының PhD докторанты*

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы бойынша Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.[1] Осы бағдарламада 2-ші мақсат: Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру болатын.

2019-2020 оқу жылында Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізген эксперименттің тұжырымдамасында: 3.4. Экспериментке қатысты зерттеу жұмыстарының сапасын көтеру бабы жазылған. Осы бап бойынша 7 бағытта жұмыс жасау көзделген және осы бағыттарды көптеген жұмыстар жүргізілді.[2]

Білім мен ғылым егіз ұғым. Ғылыми дәлелденген теориялар ғана қолданысқа еніп, білімге айналады. Ғылыми зерттеу жұмыстары арқылы жаңа заңдылықтар ашылып, жаңалықтар пайда болады. Білім көкжиегі кеңейіп, дүниетаным мен ойлау өрісі дамиды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына баланы жастайынан дағдыландыру арқылы баланың бойында ақпаратты саралай білу, талдай білу, объективті ақпаратқа жүгіну, білімнің түп тамырын анықтау, әр түрлі ғылым саласынан хабардар болу, зерттеу жұмысын ұйымдастыра алу, өздігімен жаңа эксперименттер жасау, жаңалық ашу сынды біліктер мен дағдыларды қалыптастырамыз.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) – қол жеткен білімдерді кеңейту және жаңа білімдер алу, ғылыми топшылауларды тексеру, табиғат пен қоғамда көрініс табатын заңдылықтарды анықтау, жобаларды ғылыми тұрғыда жинақтап қорытындылау, ғылымды негіздеу мақсатындағы зерттеулер, тәжірибелер жүргізумен, ғылыми ізденістермен байланысты ғылыми сипаттағы жұмыстар, талдамалар.[3]

Мектептерде ғылыми жұмыстар жас ерекшелігі мен баланың қызығушылығына, шығармашылығына қарай ұйымдастырылып, ынталандырылып отырады. Білім сапасын арттырудағы негізгі құрауыштардың бірі болып табылатын ғылыми іс-әрекет болашақта нағыз ғалымдардың пайда болуына, ғалым болмаса да қандай да бір білімнің бастауы ғылымнан екенін түсінетін, жалған ақпаратты аңғара алатын, тек сенімді әдебиеттерге жүгінетін, қандай да бір мәселе болса оның ғылыми бастауын анықтай алатын саналы азаматты қалыптастыруға септігін тигізбек. Осылайша өзекті болып табылатын бұл құрауыштан әлемдегі білім сапасы дамыған елдердің де назары тыс қалмаған.

Елдегі қаржының басым бөлігі ғылым мен білімге бөлінетін дамыған елдерде жыл сайын ғылыми зерттеу жұмыстары ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар, білім салсында енгізілгелі отырған кез келген реформаларды ендірмес бұрын ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылып, қордағы ақшамен қамтамасыз етіліп отырады. Қазіргі таңдағы жүлдегер елдердің барлығы білім беру жүйесін қанағаттанарлықсыз деңгейден үздік деңгейге жеткізгенше жүйелі жұмыс атқарған. Сол сепбепті де еліміздегі зерттеу жұмыстарының жүйелі жүргізілуі білім мен ғылым саласының дамуында басты рөлге ие.

Жоғарыда айтылған Түркістан облысында жүргізілген эксперимент төрт жақты меморандум негізінде іске асырылған болатын. Соның ішінде мектеп мұғалімдері мен оқушылардың зерттеушілік дағдаларын қалыптастыруға әдістемелік көмек көрсету үшін Экспериментке М.Әуезов атындағы ОҚМУ тартылған. Университеттің профессорлар құрамы мұғалімдердің сұранысы бойынша ғылыми мақалалар жазып, оны басылымдарда жарық көруіне көмектесті. Әрі эксперимент сыныптарының оқушыларының ғылыми жобамен айналысуы барысында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға ат салысты. Эксперимент жетекшісі А.Қ.Құсайынов Педагогикалық Ғылымдар академиясының басқарма төрағасы, академик. Академик А.Қ.Құсайыновтың ұйымдастыруымен жүргізілген бұл эксперимент толығымен ғылыми негізделген. Компоротивист ғалым ретінде өзінің еңбек жолындағы барша зерттеулерін қорыта отырып, эксперименттің Тұжырымдамасын, оның негізінде эксперимент бағдарламасы мен жұмыс жоспарының үлгісін ұсынып, барынша жүйелі жұмыс атқарылды. Эксперимент бағдарламасында көрсетілген жұмыстар Облыстық білім басқармасына, Аудандық білім бөлімі, әдістемелік кабинет, эксперименттік мектеп директорларына жүктелген.

Эксперимент бағдарламасында атқарылу керек жұмыстар бойынша анализ жасайтын болсақ:

3.4.1 Аудандық әдістемелік кабинеттер мен мектеп басшылары Ақылдасу сабақтарының өткізілуі мен олардың талқылануын зерттеп, нәтижелілігін көтеруге қатысты пікір білдіру. Эксперименттік мектептер аудандық және аймақтық оқыту семинарларына, Ақылдасу сабақтарына қатысуы қадағаланып отырған. Ақылдасу сабағының мұғалімдер үшін тиімділігі:

- Бірлесе жоспар құру арқылы сабақ жоспарының сапасын көтеру, оқушының белсенділігі мен қызығушылығын арттыру;
- Мұғалімнің құрған жоспары мен оқыту барысындағы жағдайы қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге, жоспарды оқушы мүмкіндігіне қарай өзгертуге мүмкіндік;
- Оқытудың нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;
- Бір-бірін сынамай, тек сабақ жоспарын жетілдіру үшін бірлесе топта жұмыс істеуге мүмкіндік береді;
- Кәсіби шеберлігі шындалады, жаңа идеялар туындайды;
- Озық іс тәжірибе таратылады.

3.4.2 Мұғалімдердің Ақылдасу сабақтарын өткізулері мен оларға қатысуларын зерттеп, сабақ сапасын арттыруға қажетті пікір айту.

1. Ақылдасу сабақтары бүгінгі күнге дейін өз деңгейінде қарсылықсыз жүзеге асты;
2. Мұғалімдердің ақылдасу сабақтарына деген көзқарасы өзгерді;
3. ЭС туындаған мәселелер директор жанындағы кеңесте қаралды, ұжыммен бірге талқыланды;
4. Әдістемелік кеңесте талқыланып, хаттама түзілді.

Бұл ақпараттар эксперименттік мектептердің жыл соңында өткізген есебінен алынған.

3.4.3 Мұғалімдердің оқушыларға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие берудегі тәжірибелерін зерттеп, нәтижелі іс-шараларды, озық тәжірибелерді таратып отыру.

- Оқушылардың білім жетістіктері туралы жан-жақты ақпарат алу мақсатында арнайы «tolebi.bilim malimet» деректер базасы жасалынды;
- «Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауын ұйымдастыру әдістемесі», «Қалыптастырушы бағалау әдістемесі», «Саралауды жүргізудің тиімділігі» т.б тақырыптарында 6 мұғалімнің көмекші құрал жұмыс дәптері пән мұғалімдеріне өз тәжірибелерінде пайдалануға ұсынылды;
- Білімдегі кемшіліктердің себептерін анықтау үшін «Оқуға не кедергі болады?» сауалнама, «Жеке пәндер бойынша оқуға көзқарасың қандай?» оқушыларға арналған дебат, «Мұғалім оқушы көзімен» жетекші және магниттік мектептердің мұғалімдері арасында шебер сыныптар ұйымдастырылды;
- Жүйелі түрде ата-аналарға арналған ақпараттық парақшалар таратылып отырған;
- Практикумдарда ата-аналарды топтарға бөліп, оларға түрлі тапсырмаларды беріп, тәжірибелерін ортаға салуда ашық диалогтік алаңдар ұйымдастырылды.
- Ақылдасу сабақтарының нәтижесінде үлгермеушілік себептері анықталып, жою жолдары нақты көрсетіліп, оқыту процесінің белсенділігі артып, үлгермеуші оқушылардың саны азайған.

Сайрам ауданы, №29 К.Тленшин атындағы жалпы орта мектебінде:

- Мұғалімнің педагогикалық қызметі сапасын бағалау критерийлері жасалды;
- Оқыту сапасын жақсарту үшін эксперименттік сыныптарда жұмыс жасап жүрген біліктілігі жоғары мұғалімдер мен әдіскерлер тәжірибесін пайдалануда педагог-зерттеуші, педагог шебер және мектеп әкімшілігі бірлесіп «Оқушылардың білім сапасын арттырудағы жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігі» тақырыбында мектепшілік семинар өтті.

Отырар ауданы, С.Әшіров атындағы ЖОМ ДҒІЖО С.А. Бабашов өз мақаласында: «Егер де эксперимент осылай, дұрыс жүргізіліп және білім сапасын құраушылар 60 – 80% мөлшерінде іске асырылатын болса, онда, мектеп бітіргенше, экспериментке қатысқан сынып оқушыларының білім сапасы, салыстырмалы түрде алып қарағанда, 50 – 70%-ға көтеріледі» деген тұжырымын білдірген. Сонымен қатар, эксперимент егер жалғасын табар болса, экспериментке қатысуға дайын екендігін білдірген болатын.[4]

3.4.5 Мектеп басшыларының экспериментті ұйымдастырып, оны басқарудағы іс-тәжірибелерін жинақтап, қажетті қорытындылар шығарып отыру.

Эксперимент барысында жүргізілген зерттеу нәтижесінде:

1. Жетекші мектептер мен магниттік мектептердің өзара байланысы нығайды;
2. Ақылдасу сабақтарының нәтижесінде сабақтың сапасы артты;
3. Экспериментке қатысушы әрбір мұғалім НЗМ, ПШО, жоғарғы оқу орындарымен, әдіскерлермен, әріптестерімен үздіксіз тәжірибе алмасуының нәтижесінде кәсіби шындалды;
4. Мектеп директорларының көшбасшылық қызметі артып, өзара кәсіби бәсекелестік орнады;

5. Мұғалімдердің кәсіби шығармашылық ізденістері артып, біліктілігін көтеру тестіне өтініш берген ұстаздар 100 пайыз өтті;

6. Эксперимент сыныптардағы оқушылардың бойында сенімділік, еркіндік, ойын ашық жеткізу, түрлі жағдаяттардан шығуға бейімделді;

7. Ата-аналарға арналған бейнероликтер, әдістемелік парақшалардың, педагогикалық ағарту жұмыстарының нәтижесінде «Ата-ана – ұстаз – оқушы» ынтымақтастық байланысы нығайды;

8. Мектептер ішкі резервті ұтымды пайдалану негізінде білім сапасы жоғарылатуға болады, деген қорытындыға қол жеткіздік.

3.4.6 Мектептердің, эксперименттік сыныптардың материалды-техникалық базасын зерттеп, білім саласы басшылығына ұсыныс-пікірлер білдіру.

Эксперименттік сыныптар эксперимент басталмас бұрын барлық материалды-техникалық базамен қамтылуы қажет болған. Себебі тұжырымдаманың мәні де осында, егер білім сапасын құраушылардың әрқайсысының сапасын көтере отырып, жүйелі түрде бір баланың білім сапасын арттыруға жұмылдырсақ, білім сапасы артады делінген болатын. Сол себепті, эксперименттік сыныптар интерактивті тақтасы бар сыныптарда білім алды, барынша ішкі резервті тиімді пайдалана отырып материалдық базамен қамтылған. Мемлекет тарапынан, облыс тарапынан бөлінген құралдар да ең алдымен эксперименттік сыныптарды қамтуға тырысты. Мұғалімдер оқу процесі барысында өз сұраныстарын білдіріп отырды.

3.4.7 Мұғалімдердің жақсы сабақ берулеріне қажетті әдістемелік және материалды-техникалық құралдармен қамтамасыз етілулерін зерттеп, олардың тиімділігін арттыру мақсатында қажетті ұсыныстар жасау.

Эксперимент 2-ші, 6-шы сыныптарда сабақ жүргізетін педагогтар оқу жылы басынан Назарбаев Зияткерлік мектебі, Педагогикалық шеберлік орталығы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ғалымдарымен бірлескен оқу семинарлары, конференцияларға қатысып, тәжірибе жинақтады. Эксперименттік мектеп мұғалімдері білім беру үдерісінде формативті бағалау, өзін-өзі және өзара бағалау, әдістемелік нұсқаулық ұстаздарға көмек, Блум таксономиясына сәйкес оқу мақсаттары, желілік-қоғамдастық, csm.kz, smk.edu.kz, bilimland.kz, imektep.kz, itest.kz, twig-bilim.kz арқылы қазіргі күнге дейін іс-тәжірибесіне пайдаланды. Сонымен бірге, экспериментке қатысқан мұғалімдер Назарбаев Зияткерлік мектебінің және Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері көптеген арнайы семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізді. Бұл жұмыстар нәтижесін берді. Сол себепті, мектеп басшылығы эксперимент жұмысын келесі оқу жылында қайта жалғастыруды ұсынды.

Эксперимент бағдарламасында зерттеу жұмысының сапасы жалпы білім сапасын құраушыларының сапасын зерттеумен анықталады. Яғни, әр бап бойынша атқарылған жұмыстарды зерттеп, қорытынды шағару зерттеу жұмысының сапасын көрсетеді. Одан бөлек, университеттің қолдауымен, мектеп мұғалімдердің жетекшілігімен бірнеше ғылыми жобалар жазылып, оқушылар жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсақ: Төлеби ауданында №3 жалпы орта мектебінен: 2 «Ә» сынып оқушысы Туйчөбай Мерей II орын, 3 «Б» сынып оқушысы Кинисбай Абзал III орын иеленді.

Мектепте ОҚМУ ғалымдарымен өткізілген семинарлар нәтижесінде мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми жұмыспен айналысуына үлкен жол ашылып, ғылыми жұмыстардың жазылуы мен мақала, баяндамаларды рәсімдеу талаптары туралы толық ақпарат алып отырды. ОҚМУ ғалымдары А.Полатбек, А.Усеновамен бірге «Үздік баяндама», «Үздік мақала» тақырыбында байқаулар ұйымдастырылып, осы сынды оқыту семинарлардың нәтижесінде 8 мақала жазылып, басылымға ұсынылған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен «Үздік қаламгер» жобасы, математикадан «Ұшқыр жетілік» сабақ құрылымы, жаратылыстану пәндері үшін «Сөз сізде» ток–шоулар мен марафондар, биология пәнінен «Оқушының сабақ бойынша дерек жинау жұмыс дәптері» ұйымдастырылды. Мұның барлығы өз кезегінде, эксперимент аясындағы зерттеу жұмыстарының сапасын көтеру ісінің жүйелі жүргізілгенін білдіреді.

Қорытындылайтын болсақ, ғылыми зерттеу жұмысының сапасын арттыру арқылы тұтас ғылымның дамуына жол ашылады. Мұғалімдердің сапалы зерттеу жүргізе алуы, оқушылардың ғылыми жұмыспен айналысуға деген қызығушылықтарын ояту, зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту білім сапасын арттырады. Сол себепті де білім сапасын арттыру барысында ғылыми зерттеу жұмысына баса назар аудару ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

2. Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізілетін эксперименттердің тұжырымдамасы.-Түркістан, 2019. – 16 б.

3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9, X том

4. Білім сапасын ғылыми негізде көтеру: Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағы / Ғылыми жетекшісі: А.Құсайынов; Жалпы редакциясын басқарған: М.Н.Атем; Құраст.: Қасымбаева Б.Ш., Тұрғанова А.Ж., Ембай Д.П., Ұябаева Н., Абдукаримов Б.А., Жеткерова М.Б., Джасанова А.Д. -Алматы: ПФА, 2020.-240б.-қазақ тілінде

*G. Berdykulova, Y. Schildibekov, A. Li,
International Information Technology University, Kazakhstan*

The University Change Management: Case of Kazakhstan and USA

In the ranking of the best countries for education, Kazakhstan took 70th place out of 73, ranking.kz reports. The country is located between Lebanon (69th place) and Myanmar (71st). The top five are USA, Great Britain, Canada, Germany, and France[1].

The issues of ensuring the proper quality of products and services have been relevant at all times, but they acquired special urgency in time, when the need arose to produce competitive products. Since the twentieth century, a new direction of applied science began to form, associated with the formation of quality management.

All over the world, it is recognized that the manufacturer of products or services had a special quality management system that met the Total Quality Management. TQM had integrated the best practice that had been accumulated in previous periods. This experience had been implemented in ISO standards, which had become the basis and methodology of quality management.

Kazakhstani universities obliged implementing a quality management system since 2011. Two hundred thirty three documents according requirements of national standard ST RK ISO 9001-2016 regulate the main and supporting processes of the university. Despite an intention to develop quality of all aspects of university's activity, an administrative approach is prevailed; the provisions on measuring the quality of academic staff work, prescribed in the documents, increase the teaching load without changing wages; the results of annual individual plan conducting do not consistent with motivation and incentives based on work results [2].

To clarify a management quality in the International IT University in Kazakhstan (IITU) and the Northern Arizona University in USA (NAU), a public research university with a main campus in Flagstaff, Arizona, Quality assurance management/Quality management system was compared.



Figure Quality assurance system [3]

IITU: The survey was attended by: Head of the Department of Economics and Business, head of the Department of IT Department and teachers of foreign languages. Below are the opinions that converge among the heads of departments: taking responsibility for the effectiveness of the QM. Sensing the development of Quality Policies and Objectives that are appropriate to the university environment and its strategic direction; ensuring the integration of QMS requirements into the educational process; Ensuring the availability of the resources required for the QMS.

In Macedonia, the Law on Primary Education has obligations to provide education for children with special needs, children with learning difficulties and gifted children. The law includes several articles on different groups of children with difficulties, disabilities and special needs. In Moldova, the «Law on Education» includes education of persons with special needs, and in the «National Strategy of Education for all» education of persons with special needs is one of three priorities.

In Montenegro, the education of persons with special needs is included into seven different laws: General Law on Education (2002), Law on Pre-school Education (2002), Law on Primary Education (2002), Law on Gymnasium (2002), Law on Secondary Vocational Education (2002), Law on Adult Education (2002) and Law on Special Education (1992).

Serbia has also signed a number of international documents on education and children's rights. The Primary School Education Act makes no reference to children with special needs, but the 2002-year amendments refer to children with «developmental problems» and provide a procedure for classifying children. It is also worth noting that the basic principles and objectives of education were revised in the Law on the Foundations of the Education System in 2003, and for the first time the law referred to «educational outcomes» that could have a long-term impact on the education of persons with special needs, which also indicates the mainstreaming of inclusive education.

The lack of resources (especially human resources) and training materials, is a serious obstacle, and only a few countries in South-Eastern Europe have been able to access information technology as a learning resource. The «constructivist» approach of the program «Step by Step» and support of the government of Finland in the development of the program of preparation of teachers to work with children with special educational needs is quite significant.

In Romania, children with mental and complex disabilities attend special schools, while children with physical and sensory disabilities attend regular schools. Moreover, in this country, the examination system allows the use of devices for children with special needs, for example, in providing more time for examinations, the use of a larger font or Braille for the blind. These students can enter higher education institutions if they pass the exams successfully. In other countries, the creation of special classes in regular schools is practiced to help bridge the gap between special and regular schools.

In Finland, inclusive education is enshrined in legislation. The law reflects the accessibility of education for persons with disabilities, providing for a differentiated learning environment depending on the nature of disability. Special changes have been made in the national curriculum to ensure integrated education of people with disabilities in mass schools. In addition, there is a system of public education and counselling centers providing support to students with disabilities, their parents and teachers. The staff of the center conducts long-term courses organized in the center, short-term courses on the basis of conventional schools, as well as master classes for children with disabilities. Teachers are taught to work with children with special needs. There are seven such centers in Finland. However, they are located unevenly. For example, in the north there is only one center. The problem is that children begin studying in the center late, as there is no single national database of children with disabilities.

In Sweden, the right of children with disabilities to attend mass school is enshrined in law. At the same time, the state provides social and financial support to such schools. All teacher-training programmes at universities have compulsory special education courses (15 credits). All teachers form the basics of inclusive thinking during the training period.

In Denmark, inclusive education is not only enshrined in law, but also a national strategy for the implementation of inclusive education. The National Resource Center manages the implementation of inclusive education. There is an operational group of representatives from different universities in the country conducting research in the field of inclusive education and monitoring the work of municipalities in the implementation of inclusive education.

France has adopted a number of laws to ensure equal rights and opportunities for citizens, including in the field of education. The state ensures the creation of conditions for the successful adaptation of children with disabilities in the educational environment, including funding for the acquisition of the necessary technical means and payment for the work of specialists (teacher's assistants for individual and collective integration). In addition, there are Public Resource Centers to support children with disabilities who are enrolled in mass school. The main problems of implementation of inclusive education in France are the development of methodological support of inclusive practices, lack of staffing.

Thus, the analysis of educational systems of different countries in the aspect of the implementation of inclusive practices shows that the mandatory basis for the implementation of inclusive education is a system of legislative acts, providing both a Declaration of Rights and Freedoms, and mechanisms to ensure them [3].

At the same time, national educational systems should have a clear concept and strategy for the implementation of inclusive education, including a system of training. Effective scientific and methodological support for inclusive practices should be provided at the municipal level. The experience gained in the field of inclusive education shows that the education system of none of the European countries contains all the above-mentioned necessary components.

Analysis of integration of children with special educational needs in secondary schools of Kazakhstan.

The problem of integration of persons with special needs into society is one of the most urgent and priority directions of state policy. Socio-cultural conditions, the economic situation in modern Kazakhstan actualize the qualitative transformation of the existing state social policy in the field of education, its focus on the reduction of inequality practices, increasing the availability of forms and types of education for representatives of different groups of society.

In Kazakhstan, it is possible to observe a typical situation for transformation periods, which is characterized by the emergence of a gap between the laws declaring the rights of persons with special needs for education, social integration, and the actual lack of mechanisms for its implementation. There are clear and latent violations of the constitutional rights of children and young people with special needs to live and be brought up in the family, to complete secondary education, to access to information, recreational and life resources in general [4]. The severity of the problem is determined by the steady increase in the number of young people with developmental disabilities.

There is an annual increase in the number of this category of citizens. At the same time, about 8 thousand children have physical disabilities, which complicates their movement and access to social and educational resources. This shows the scale of the disability problem and determines the need for a set of measures at the state level to create a system of social protection and social integration of persons with special needs.

The state social policy has focused mainly on the isolation of children with special needs and their maintenance in closed residential institutions. The basis of this traditional approach is the fact that in a special (correctional) educational institution such children can supposedly create the optimal environment for development, education and upbringing. It is still declared that special education is a form of socializing practice creating social order in relation to children with special needs. In Soviet times, Kazakhstan created an extensive network of special (correctional) educational institutions for children with various developmental disabilities.

There are 102 special school educational institutions in the Republic, which educate about 20,000 children. Among them: 4 schools for children with disorders of the musculoskeletal system, 56 schools for children with intellectual disabilities, 9 – for children with mental retardation, 20 – for children with hearing impairment, 9 – for children with visual impairment, 5 – for children with severe speech impairment. In addition, there are 377 classes for children with mental retardation in secondary schools where 4415 pupils study. A large number of children and young people with disabilities do not receive any education at all and are most often at home due to limited opportunities for existing social rehabilitation and education.

Special educational institutions are located on the territory of the Republic unevenly with greater localization in regional centers, so more than 90% of children are forced to live in boarding schools, away from their families and homes.

Education of children with special needs in special (correctional) educational institutions of Kazakhstan is strictly differentiated by types of disabilities. This is due to the stereotype attitude to children with special needs and the existing system of teachers training in our society. Today, a child with special needs can receive qualified psychological and pedagogical assistance only in the system of differentiated education, because only correctional educational institutions employ specialists with relevant professional knowledge and experience [5].

The insufficient number of special educational institutions in Kazakhstan, the remoteness of special schools from places of residence, the desire of parents to teach their children in terms of general education have led to the fact that about 70 thousand children with special needs are enrolled in secondary schools. They are usually children with not severe hearing, vision, intellect, speech, mental retardation. For example, an experimental study conducted by Pedagogical Medical Committee in Almaty in 114 General education schools covering 2200 primary school students showed that 639 students have developmental disabilities (speech disorders – 518 people, mentally retarded – 121 children).

In modern socio-political conditions of Kazakhstan, the priority tasks are creating new relationships between the individual, society and the state. There is a search for optimal ways of socialization, upbringing, education, social support and adaptation of children with special needs.

The main directions of development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan are the following: Organizational direction; Creation of legal and regulatory framework; Financial security; Software-methodical

and didactic support; Staffing; Changing public attitudes towards people with special needs; Vocational training; Determining the priority areas of research [5].

While implementing the law "On social, medical and pedagogical correctional support for children with disabilities", there appeared new types of educational institutions providing correctional and pedagogical support for children with disabilities, who study in kindergartens, secondary schools and are brought up at home. These are Remediation Center and Psycho-pedagogical Correction Offices. Children can receive necessary assistance from the first year of life in these educational institutions. Early psychological and pedagogical support being in time and well organized, provides a significant part of children with the opportunity for full social integration and inclusion into the general education environment at the stage of preschool and primary school age.

Successful experience of training and education of children with special needs has been accumulated in special (correctional) educational institutions. The institutions have specialists needed for educating these children. However, they usually do not help children who are integrated into mass school. In this regard, the special education organizations get another function – providing specialized psycho-pedagogical and advisory assistance to children with special needs, teachers working with them in the conditions of mass school and the parents. This is one of the ways to establish a qualitatively new interaction between special and mass education, and to have "transparent" boundaries between them. Such a path will overcome the barriers of isolation. Kazakhstan has already taken the first steps in this direction. In "Rules of organization of activities of special educational organizations" special schools are given the right to open a Consultative (Resource) Office and carry out relevant activities. Such Consultative and Methodological Offices have already been established. They are working effectively in Aktobe and Uralsk.

The specificity and complexity of the modern period in the development of educational integration of students with special needs in Kazakhstan is that there is no single state policy in this area. The development and expansion of integration practices in the system of additional education, in general and special education will not only enable children with special needs to feel like full members of society, but also teach ordinary children who do not have developmental disabilities, to sympathize, to think about another person, to help him/her. Integration practices have already shown that ordinary children do not show a negative attitude, for example, to children with hearing, vision or musculoskeletal system impairments. Only in some cases they demonstrate indifference.

Thus, the complex problem of inclusive education is really social, as its solution affects the interests of representatives of different social groups, and also the younger generation. Society should give any person the right to choose the type of education depending on his/her interests, needs and opportunities. On the way to establishment of inclusive education institute, one of the important tasks is the positive transformation of attitudes towards people with special needs. Success in preparing each child with special educational needs for the future social and personal life depends largely on the processes of differentiation within the educational system and the transition to the development of inclusive technologies.

References:

1. Semago N.Ya., Semago M.M., Semenov M.L., Dmitrieva T.P., Averina I.E. Inclusive education as the first stage on the way to inclusive society // Psychological science and education. 2011. № 1. – P. 51-59.
2. Dmitriyeva T. Evaluation of the effectiveness of the educational organization for the implementation of inclusive practice // Handbook of the head of the educational institution. – 2013. – № 12. – P. 58-62
3. Kusainov A.K., Argynov A.H., Zhumakanova R.A. Problems of professional training in the field of inclusive education: Materials for school headmasters, specialists of district, city and regional departments, teachers, psychologists, social teachers. – Almaty, 2008. – 101 p.
4. Alekhina S.V., Alekseeva M.N., Agafonova E.L. Readiness of teachers as the main factor of success of inclusive process in education. Psychological science and education. 2011. № 1. – P. 83-92.
5. Zabramnaya S.D. Practical material for psychological and pedagogical examination of children – M.: Vldos, 2008. – 32 p.

Ж.А. Исаева,

*«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы*

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шәкіртке жан – жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Осы мақсатта мектептегі балаларды адамгершілік сана-сезімін оятып, жағымды мінез-құлқын қалыптастыруда ойын-сабақтарын және бүгінгі таңда әлеуметтік желідегі ойын түрлерінің атауларын пайдалана отырып, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланудың нәтижесі мол болмақ. Мұның бәрі адами қасиеттермен қатар сапалы білім мен саналы ұрпақ тәрбиелеуде маңызды.

Халқымыздың «Ойын-баланы өсіреді» деген сөзі тегін айтылмаса керек. Бала ойнап жүріп, ойланады, жүйкесі тынығады, ойы сергиді, денесі шымырланады. Өздерінің құрбы-құрдастарымен жақсы араласуды үйренеді. Сан алуан ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып, жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға, мақсатқа жетуде төзімділікті ұлғайтуға тәрбиелеуде ерекше мәні бар. Ойын –баланы жан-жақты, тез ойланып шешім қабылдауға, кешірімді, жанашырлыққа тәрбиелейтіні анық. Мектеп мұғалімі болғандықтан осы орайда елімізде болып жатқан жағдайларға байланысты, қашықтықтан оқуда мен өз іс тәжірибеммен бөліскім келді. Қашықтықтан оқуда, оқушыны сабаққа қызықтыру мақсатында мынадай әдіс-тәсілдермен бөлісе кетуді жөн санадым. Қазақ тілін оқытуда жазылым дағдыларын дамытудың тиімді тәсілдері туралы айта кетейін. Жазылым төрт дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. Жазылым – ойды жарыққа шығаруды қамтамасыз ететін тілдік әрекет. Жазба жұмыстарынсыз лексика-грамматикалық материалды есте сақтау оқушыларға қиындық туғызады. Жазылым жұмысының сәтті шығуы: сөздік қордың мол болуы, сөздік қор оқылым арқылы келеді. Оны танымал адамдардың сөздері арқылы дәлелдеуге болады. Көп оқитын адам ғана жақсы жаза алады. (Самуэл Джонсон) Жазу – құмырашының балшығы секілді пайдаға асқанша бірнеше түзетулерден өтеді. Сол тәрізді күтілетін нәтиже: Өз көз қарасын білдіріп, тиісті стильді пайдаланып, түрлі тақырыптарда жаза алады. Мысалы: жоспар, түрлі жанрда мәтін құрай алады. Мәтіндерді салыстырып, мәтіндерді түзетіп және түрлендіре алады. Эссе жазады және машықтары қалыптасады. Оқушының нақты іріктелген лексикалық бірліктерді қолдануына мәселен (сөз тіркестерін), ережеге сай грамматиканы дұрыс қолдануына (етістіктің шақтары), сөздердің үйлесімділігін қадағалау (сөздердің бір-бірімен байланысы) секілді жазылым дағдыларында оқушыға мұғалімнің қолдауы керек.

Қашықтық оқытуда жазылым дағдысын қолданудағы тиімді тәсілдер:


«Майнкрафт әдісі», «Белсенді блогер әдісі», «Мега ойыны әдісі», «Лүпіл немесе пікір» («Лайк – комментарий әдісі»).

Жазылым дағдысында жоспар құру, әртүрлі жанрда мәтін құрастыру, жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну, эссе жазу, жинақы мәтін жазу, мәтіндерді түзету және редакциялау міндетті. «Майнкрафт әдісі». «Майнкрафт» сөзі – құрастыру деген мағына береді. Қазіргі таңда балалар қызыға ойнайтын ойындардың бірі. Осы ойын үлгісін пайдалана отырып, оқушыларға берілген тірек сөздерден мәтін құрастыру. Мысалы, мына үлгідегі тапсырма сияқты «Майнкрафт» әдісі. Берілген тірек сөздерден мәтін құрастыру.

Бағалы, ермек, абырой, үлгілі, қуаныш сөздерінің синонимдік қатарын жазыңыз.

Дескриптор: Берілген сөздердің синонимдік қатарын жазады. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрастырады.


«Белсенді блогер» әдісі. Бұл әдіс бойынша жазылым тапсырмаларын ең көп тапсырма орындаған оқушыны «белсенді блогер» деп мадақтау, сол оқушыны статуска қою. Оқушының қызығушылығын, белсенділігін арттырады.



Кері байланыс: «Белсенді блогер» әдісі арқылы кері байланыс беру. Бұл әдіс -тәсілді жазылым тапсырмаларын әр сабақ соңында қорытып, берілген тапсырмаларды дер кезінде мұқият орындаған оқушыны «Белсенді блогер» деп мақтау -мадақтар айтып, оқушы суретін статуска қою. Статуска қойылған сурет бір тәулік бойы сақталады, оны мұғалім өзі қояды. Статус суретін көрген оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, белсенділікке жетелейді. «Белсенді блогер» әдісі арқылы кері байланыс беру. Бұл әдіс-тәсілді жазылым тапсырмаларын әр сабақ соңында қорытып, берілген тапсырмаларды дер кезінде мұқият орындаған оқушыны «Белсенді блогер» деп мақтау-мадақтар айтып, оқушы суретін статуска қоюға болады. Статуска қойылған сурет бір тәулік бойы сақталады, оны мұғалім өзі қояды. Статус суретін көрген оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, белсенділікке жетелейді. «Мега ойыны» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыратын әдістердің бірі. Шарты: Берілген сұрақтарға ұтымды, дәлелді жауап жазу. Кейде оны баған түрінде де түрлендіріп қолдануға да болады. «Мега ойыны» әдісі. Берілген тапсырмаға ұтымды, дәлелді жауап жазу. Кейде оны түрлі графикалық баған түрінде де түрлендіріп қолдануға болады. Мысалы: Артық сөзді сызып, себебін екінші бағанға жазыңдар.

Дүниетаным, өліара, шегара, дәстүрлі	Бұл сөз үндестік заңына сәйкес бірыңғай жінішке айтылады.
Күн, Ай, Шолпан, Марс	Бұл сөз үндестік заңына сәйкес бірыңғай жуан айтылады.
Юпитер, астрономия, атау	
Ауа райы, оңтүстік, солтүстік	Ауа райы күрделі сөзге жатады.

«Лайк-коментарий» әдісі (лүпіл мен пікір). Бұл әдіс кері байланыс беруге өте тиімді. Әр оқушы өзінің ой-пікірін жазады. Ұнаған коментариге лүпіл-лайк басады.



Қашықтықтан ұйымдастырылған сабақ жазылымнан кейінгі нәтиже:

Шағын әңгіме, мәтін, ертегі, әңгімені өз бетімен аяқтай алды. Оқушылар құттықтау хат, жарнама, шақыру хаттарын жаза алды. Оқушылар жеке жұмыс істеуге үйренді. Грамматикалық құрылымдарды оңай түсінді. Есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қаблеттері дамиды. Сабаққа деген қызығушылығы артты. Өз ойын еркін жазбаша түрде бере алды.

Қорыта айтқанда, сабақтың қай құрылымында болмасын жазылым дағдысында түрлі әдіс-тәсілді қолданамыз. Өздігінен білім алып, ізденіс арқылы дамитын, дұрыс шешім қабылдайтын, өмірге бейім, жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Сабаққа қойылатын талаптарды ескерген мұғалім, оқушы шығармашылығын арттырып, білім бәсекесіне дұрыс бағыт-бағдар бере алатын болады. Оқушының жазылым дағдысын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер жетерлік. Мен соның бірнешеуін ғана ұсынып отырмын.

Б.Ш. Касымбаева,

Түркістан облысы әдістемелік орталығының бастауыш сынып әдіскері, эксперимент үйлестіруші

ОБЛЫСТЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ – БІЛІМ САПАСЫНЫҢ АРТУЫНА ОҢ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОР

*Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі,
ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.
Н.Ә. Назарбаев*

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралықкелісім», «ҚР. Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» сияқтыбағдарламалар–ұлттымызды,яғнибаршақазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы. [Болашаққа бағдар Елбасы жолдауынан]

ХХІ ғасырдың талап–тілегіне сай келетін, ұстаз алдында маңызды міндеттер мен қолжетімді мақсаттар туындады.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай:«Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс–тәжірибесі зерттеліп, мектепөміріне енуде. Соның бірі Педагогикалық Ғылымдар Академиясы (ПҒА) және академик Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов ұстаздың басшылығыменТүркістан облысы Төлеби, Ордабасы, Отырар, Сайрам аудандарында «Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбында жасалған тұжырымдама аясында эксперимент жүргізілді.

Тұжырымдаманың мақсаты Түркістан облысының экспериментке қатысатын мектеп сыныптарында оқитын оқушылардың білім сапасын көтеру.

Тұжырымдама міндеттері:

- мектеп ұстаздарының кәсіби біліктілігін көтеру;
- білім беруді бағалау сапасын жетілдіру;
- жеке тұлғаға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын арттыру;
- экспериментке қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- басқару жүйесінің сапасын көтеру;

мектептердің, эксперименттік сыныптардың материалдық-техникалық базасын жақсарту.

А.Құсайыновтың тұжырымдамада берілген білім беруді бағалау сапасын жетілдіру саласы бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілді.

Қазіргі тағдағы кезек күттірмес білім саласына түбегейлі өзгеріс ендіру бағыты бойынша ҚР. Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы енгізілді. 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама, Академик А.Құсайыновтың тұжырымдамасы

аясында эксперименттік мектептердің 2,3 сынып пән мұғалімдеріне «Қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы авторлық жобаны ендіріп, әдістемелік көмек көрсетілді.

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Келер ұрпақты білімді ету үшін әрине, білім сапасын арттыру қажет. Ал білім сапасы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау арқылы белгіленеді, яғни бағалау – білім сапасын басқарудың негізгі критерийі.

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістігін бағалауды қазіргі тәжірибеге енгізудің негізін критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан үшін ұсынылып отырған жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Егер әр білім алушыға және оның ата-анасына түсінікті болатындай нақты әрі өлшемді бағалау критерийлері белгіленетін болса, бұған жетуге әбден болады. Анық құрастырылған бағалау критерийлерінің көмегімен мұғалім де, білім алушыда:

- Білім алушы оқытудың қайсатысында?
- Олар білім алуда неге талпынады?
- Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу керек? екенін түсінеді.

Бұл әдісті сабақ барысында қолдану оқушыларыма жаңа серпіліс әкелді. Себебі оқушыларға оқыту үшін бағалау және оқуды бағалауды үйрету ең маңызды қадам болды. Оқушылар бағалаудың бұл түрін ерекше қызығушылықпен қабылдады.

«Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, қалыптастырушы (формативті) бағалауды эксперимент сынып пән мұғалімдері үнемі іс-тәжірибеде кеңінен қолданып отырды. Осының оңтайлылығынан оқушыоқуға ынталанып, өз-өзіне деген сенім артты. ЭС оқушылары алғаш өзін, сыныптас достарын бағалауға болатындықтарын білгенде сабаққа қызығушылықпен қарады. Сабақ барысында оқушылар бір-бірінің жұмысын талдап, жетістігі мен кемшілігін айтып бағалау нәтижесінде олардың арасында тығыз қарым – қатынас орнады. Бұрынғыдай апай неше қояр екен деп көздері жәудіреп отырмай, бұл әрекетті шешуге өздері қатысып, шешті. Сыныпта өзгеше ахуал байқалды. Сонымен қатар керібайланыс жасауды да үйренді. Оқу мен оқытудағы өзгерістердің бірі сабақ соңында рефлексия жасау.

Соның ішінде Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы керібайланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі. Білім беру барысында жаңартылған білім саласындағы жаңаша бағалаудың бір бөлігі яғни, қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдерін облыстағы 42 эксперимент мектептердің іс-тәжірибесінде іске асырып, тиімділігі анықталып, зерттеу жұмысы жүргізілді.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылатындықтан, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырды. Тоқсан соңында, I жарты жылдық қорытындысында жеке талдап білім сапасының едәуір артқандығын байқатты. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар эксперимент сыныптар және эксперимент емес сыныптар арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктер зерттелуде. 2018-19 оқу жылы мен 2019-2020 оқу жылдарын салыстыра келгенде білім сапасы бастауыш сыныптар бойынша 10% – 20% өскен.

Оқушылар өзінің білім алуы үшін өзіне жауапкершілік алуы тиіс, себебі басқа ешкім де олар үшін оны істемейді. Яғни, осылайша оқушылар оқытуды бағалау үдерісіне тартылуы қажет. Бұл мәнмәтінде үздіксіз дамуға ықпал ету, оқыту үдерісін сезіну және оқушылардың оларды басқару қабілеттілігі ерекше маңыздылыққа ие болады. [Бағалауды Жақсарту тобы, 1999]. Осы ойды негізге ала отырып, сабақ үрдісінде әр қадам, әр іс-әрекетте қалыптастырушы бағалаудың жүргізілуі маңызды. Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері тақырыбында жүргізілген эксперимент білім сапасының артуына оң ықпал ететін нақты фактор.

Қорыта келе, оқушы өз пікірін анық жеткізе алатындай тілдік дағдыға ие болып, ізденушілік қабілеті артса, сыни ойлау белсенділігі жоғарыласа, мұғалімнің еңбегі жанғаны және эксперименттің оңтайлы жүргені. Әр мұғалім жаңа үдерісті экспериментті жатырқамай қабылдап, оны өз тәжірибесінде енгізуі тиіс.

Аңдатпа. Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері тақырыбында жүргізілген эксперимент тәжірибелері бойынша инновациялық технологияларды сабақта пайдалану балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың жүйелі өтуін қамтамасыз етіп, білім сапасының артуына ықпал етіп, ең бастысы – мұғалімдерді жаңа ақпараттық желілік технологияларды

пайдалануға дағдыландырады және қалыптастырушы бағалаудың тиімді әдіс-тәсілдерін іс-тәжірибиеде кеңінен пайдалануға арналған.

Әдебиеттер:

1. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық 2016 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
3. «Қазақстан Республикасының Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
4. А.Құсайынов «Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізілетін эксперименттердің тұжырымдамасы»
5. А.Құсайынов «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы»

*З.С. Кеутаева,
Түркістан облысы Әдістемелік орталығы,
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдіскері*

АҚЫЛДАСУ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ТИІМДІ ФАКТОРЛАР

«Бала – баршаның байлығы мен бақыты».

Бүгінгі бала ертеңгі ер азамат, азаматша болғандықтан да балаға қарап біз болашағымызды болжап, бағалаймыз, бағдарлаймыз. Тіршіліктің табалдырығынан енді аттаған сәбидің алдымен адам, жеке тұлға, саналы, парасатты азамат болып қалыптасуына берілетін тәрбие мен білімнің ықпалы зор. Мектеп қабырғасына дейінгі бүлдіршін балаға біліммен қатар тәрбиенің дұрыс бағытта берілуінің өзінде үлкен мән жатыр. Ұлт көшбасшысы– Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында білім беруде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды дамытуға, коммуникативтіліктік пен командада жұмыс істеуге басымдық беріле бастағанына назар аударды.

Заманауи еңбек нарығында өзекті болып табылатын дағдылар тізімін анықтауға бағытталған ғылыми ізденістер мен зерттеулер халықаралық деңгейде де жүргізілуде. Мысалы: ХХІ ғасыр дағдылары бойынша әріптестік сыни ойлау, креативтілік, қарым қатынаста және ұжымдаса жұмыс істеуді ХХІ ғасырдағы білім беру шеңберінің маңызды бөлігі ретінде қарастырады.

Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумда ұсынылған «New Vision for Education» баяндамасында қазіргі кезде адам үшін маңызды үш сала анықталды: функционалдық сауаттылық, ХХІ ғасыр құзіреттіліктері (сыни ойлау, креативтілік, коммуникация, ынтымақтастық) және жеке тұлғалық қасиеттер (білімқұмарлық, бастамашылдық, табандылық, көшбасшылық, әлеуметтік және мәдени хабардарлық).

Осындай зерттеу барысында әлем елдерінің білім беру жүйелерінің әр алуандығына көзін жеткізе отырып, әр елдің білім беру жүйесі, басқаға ұқсамайтын, өзіндік ерекшелігі бар бір шоқ гүл тәрізді, ал тұтас алғанда – әртүрлі гүлдер өскен ғажайып гүл бағын елестетуге болатынын, оның бақта басқалардан ерекше құлпыра өсіп гүлденетінін кездестіруге болады. Еліміздің гүлі де сондай болып өссін десек, онда сол гүлдерді жіті зерттеу қажет, сол сияқты, білім беру сапасын озық елдердің қатарына қосамыз десек, кең көлемде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ғылыми негізде соны пікірлер жасау қажет екенін осы салада өзіндік эксперименттік тәжірибеден өткізіп нәтижесінде білім беру сапасында кең көлемде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ғылыми негізде пікірлерлерді салыстыра отырып, ұзақ жылғы зерттеулер нәтижесінде орта білім беру жүйесі аса күрделі жүйе екені және барлық күрделі жүйелер сияқты, оның да жүйе құраушылары бар екені белгілі екенін білім беру сапасын көтеру үшін оның барлық жүйе құраушыларының сапасын көтеру қажет деп таба білген академик А.Құсайынов формуласын жоғарыда айтылып өткендей нағыз заманауи еңбек нарығындағы өзекті болып табылатын дағдылар тізіміндегі анықтауға бағытталған ғылыми ізденістер мен зерттеулердің нәтижесі деп айтуға болады. А.Құсайыновтың орта білім беру жүйесінің 8 жүйе құраушысы бар екенін анықтап, білім беру сапасын көтерудің төмендегі формуласын жасап шығуы бұл үлкен істі жауапкершілікпен білімқұмарлықпен жасап шыққан еңбек екенін көрсетіп берді.

(академик А.Құсайыновтың формуласы):

Сбіл = Сст + Со + Сқкб + Смс + Ст + Сғзж + Сбас + Смтб

Сбіл – білім сапасы;

Сст – білім стандарттары мен оқу бағдарламаларының сапасы;

Со – оқу әдебиетінің сапасы;

Сккб – педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі;

Смс – білім мониторингі сапасы;

Ст – рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы;

Сғзж – ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы;

Сбас – басқару жүйесінің сапасы;

Смтб – материалды-техникалық база сапасы.

Эксперименттің басты идеясы білім беру сапасын құраушылардың сапасын көтеру үшін облыстық білім беру жүйесінің, яғни, мектептердің, аудандық және облыстық білім беру басқармаларының ішкі резервтерін ғылыми-практикалық негізде барынша кеңінен пайдалу болды. Түркістан (Шымкент) облысында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізілетін эксперименттің ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ жазылып, бекітілді. Осы тұжырымдама негізінде оның БАҒДАРЛАМАСЫ жазылды. Бағдарламада Экспериментке тартылған мектептердің, Аудандық әдістемелік кабинеттер мен Облыстық әдістемелік орталықтың атқаратын жұмыстары көрсетілді. Сол негізде олар өз Жұмыс жоспарларын жасады. Бұл идеяны «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ААҚ Басқарма төрайымы К.Н. Шамшидинова мен М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры Д.П. Қожамжарова қолдады. Осы эксперименттің сапалы жүруіне қолдау көрсету мақсатында Түркістан (Шымкент) облыстық білім басқармасы, Педагогикалық Ғылымдар Академиясы, НЗМ ААҚ және М.Әуезов атындағы ОҚМУ арасында төрт жақты меморандум жасалды.

Білім сапасын көтеру мақсатында түрлі жұмыстар атқарылып, ішкі резервті көтеру жолында, педагогтер бір бірімен тығыз байланыс орнату үшін, ашық сабақтар орнына ақылдасу сабақтарын өткізуді тиімді шешім деп қабылдай білді. Мұндағы мақсат экспериментке қатысатын мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру үшін, оларға нақты көмек көрсету болды. Осындай ақылдасу сабағын ұйымдастырудағы факторлардың тиімділігі жөнінде мынадай жолдарымен түсіндіріп көрсетуге болады.

I. Ақылдасу сабағының адами факторлары:

«Адам баласы теңіз дауылындағы кеме іспетті. Компас сынып, карта ескіріп, капитан борттан шет қалғанда, матростар кезекпен оның орнын ауыстыруға мәжбүр. Тек штурвалдың әр бұрылысын тек командамен емес, палубадағы көбейіп жатқан жолаушылармен де ақылдасу керек.» (У. Черчилль) айтқандай, компасты-жоспар капитан – педагог, матростарды – әріптестер, жолаушыларды – оқушылар деп алғанда бір тығырықтан шығатын әрекет ете отырып, жасауға болады.

II. Ақылдастар алқасы:

Істейтін ісінді бұрын мұны сынап көрген, тәжірибелі кісімен ақылдас. Өйткені ол өзіне қымбатқа түскен нәрсені саған тегін береді. Бұл жерде ақылдастар алқасын алар болсақ, мектеп басшылығы; ең бірінші жұмыс жоспарыңызды қарап, дұрыстығына мән беретін сізге жол көрсетуші ол әрине мектеп басшысы. Тәжірибелі педагог; бұл жерде аты айтып тұрғандай тәжірибесімен бөлісе алатын, өзіңе бағыт бағдар беретін педагогпен ақылдасу болады. Жас іскер мамандар; әрине жас келсе іске деп, қазақ даналығы бекер айтылмаса керек. Қазіргі заманауи технологияларды меңгеруде жас мамандардың зеректігі, ұшқыр ойлы маман педагогтардың қатысуы шабыт береді. Ойы озық оқушылар; болашаққа ұтымды ойларымен, нақты бір іске белсене араласа отырып, мақсатқа бірге жетуде өз ойларын жеткізе білетін озық ойлы оқушыларымыздың да орнын ескере отыруымыз қажет.

III. Педагог үшін тиімді фактор:

Білім – теңіз, мектеп – кеме. Мұғалім – мектептің жүрегі. Білім нәрімен сусындап, оның құпиясын аша білу – күрделі де қиын іс. Осы білім теңізінде еркін жүздіру – бала жанының бағбаны мұғалімнің іс – әрекеті. Мұғалімнің бір – біріне және ешкімге ұқсамайтын сабақтары келер ұрпақты заман талабына сай білім, тәрбие бермек. Осы жөнінен келгенде педагогтеріміз үнемі ізденісте білімділікке құштар болуы, ҚР нормативті құжаттары, нақты мақсатты SMART жоспары, материалдармен түрлі ресурстары, сандық сауаттылықты білуі шарт.

IV. Кәсіби дамуды жоғарылатуға нақты стратегиясы бар креативті факторлар:

«Сын түзелмей мін түзелмейді». Топтық жұмысты құрылымдай білуде әр топ мүшесінің жауапкершілігі мен өкілеттігін реттеп алудың мәні зор. Салыстыра сөйлеуге, нәтижені талдауға үйрете отырып, ымырашылдыққа мүмкіндік жасау. Олар мынадай топпен немесе командамен; басшылық, әдіскерлер, әлеуметтік-педагог, педагог-психолог, ата-ана, өзара әріптестер, білім саласының тренерлері, пән мұғалімдерінен құрауға болады.

V. Ақылдасу сабақтарының нәтижесі:

«Ақылдасып пішкен тон келте болмас»деп, айтылғандай педагогтеріміз бір-бірімен ақылдасу кезінде тек ғана ақылымен емес тәжірибе, әдіс-тәсілдермен ой бөлісіп отырытыны белгілі. Бұл педагогті үнемі ізденіске, шығармашылыққа, өзін-өзі дұрыс бағалай білуге, әр түрлі сыни ой-пікірлерді қабылдай білуде, оқытудың барлық принциптері негізінде жұмыс жасап, педагогикалық шеберлігін арттырады. Ақылдасу сабақтары педагогтерімізге қай тұрғыдан алсақ та оң нәтижесін көрсететінін айқындап отыр. Сапалы білім, саналы тәрбие беруде педагогтеріміз заман талабына сай білім нәрімен келешек ұрпақ тәрбиесінде қажырлы еңбектерімен аянбай етуде. Білім айдынында кемеңіз өрге жүзе берсін!

Әдебиеттер:

1. А.К. Құсайыновтың Білім сапасын көтеру басты мақсат жазбасы
2. 2018ж Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауынан үзінді
3. НЗМ ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының ғылыми әдістемелік нұсқаулығынан

*А. Қожаева,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.*

ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ЗЕРДЕЛЕУ МАҢЫЗЫ

Білім мен тәрбиенің ақиқатын әртүрлі педагогикалық жүйелерді және қазіргі мен өткен тәжірибені салыстыруда білу тиімдірек. Шет елдерде педагогикалық тәжірибені, оқыту және білім беру, бағалау теорияларын салыстырмалы зерттеу арқылы өз Отанымызда білім беру жүйесін ұтымды жетілдірудің үлгісі бола алады. Салыстырмалы педагогика– ғылым ретінде салыстырмалы түрде білім беру теориясы мен практикасын дамытудың халықаралық тәжірибесін объективті түрде зерттеуге арналған. Отандық салыстырмалы педагогиканың міндеттері шетелде білім беру мен тәрбие саласында болып жатқан процестерді зерттеуге, педагогикалық құбылыстар мен тенденциялардың жағымды және жағымсыз жақтарын отандық педагогика мен мектептің дамуын, білім сапасын жоғарылатудың одан әрі жетілдіру алғышарттары ретінде анықтауға көмектеседі.

Салыстырмалы педагогиканың өзіндік нақты белгіленген зерттеу пәні бар – бұл әлемнің әртүрлі елдерінің білім беру жүйелері. Білім беруді дамытудың әлемдік тәжірибесін талдау– салыстырмалы педагогиканы ғылыми білімнің дербес саласы ретінде жүзеге асыруға арналған. Бұл ғылым, негізінен, жаһандық ауқымда білім беруді дамытудың жай-күйін, негізгі тенденциялары мен заңдылықтарын талдайды, ұлттық немесе аймақтық ерекшеліктердің жалпы тенденцияларының арақатынасын ашады, халықаралық педагогикалық тәжірибенің оң және теріс аспектілерін, ұлттық педагогикалық мәдениеттерді өзара байытудың формалары мен әдістерін ашады. Кез-келген тәуелсіз ғылым сияқты, зерттеу пәнімен қоса салыстырмалы педагогиканың өзіндік объектісі, нақты функциялары мен міндеттері бар [1].

Б. Л. Вульфсона, З. А. Малькова пікірлерінше, салыстырмалы педагогиканың объектісі – қазіргі әлемдегі білім беруді дамыту. Радионов М. Л. салыстырмалы педагогиканың объектісі – әлемнің әртүрлі елдері мен аймақтарындағы педагогикалық теория мен практика, Джурицкий А. Н. қазіргі әлемдегі білім мен тәрбие деп санайды[2].

Салыстырмалы педагогика теорияны, мазмұнды, әдістерді, сондай-ақ білім беру мен тәрбиелеуді ұйымдастыруды қоса алғанда, көптеген мәселелерді зерттеумен айналысады. Сондықтан салыстырмалы педагогиканың объектісі білім беру Қазіргі әлемдегі адамның әлеуметтік-мәдени көбею процесі ретінде, сондай-ақ жаһандық, аймақтық және ұлттық масштабтағы әлеуметтік институт ретінде көзге түседі[3].

Білім беру жүйелерін салыстырудың өзі оларды педагогикалық ғылым саласына жобалау дегенді білдірмейді. Тек мақсаттарды, міндеттерді, зерттеу әдістерін, проблемаларды анықтау жеке зерттеулерді ғылымның тәуелсіз саласына айналдырады. Салыстырмалы педагогиканың негізгі ұғымдары: білім беру, әлемдік білім беру жүйесі, әлеуметтік білім беру институты, білім беруді дамыту стратегиясы, б білім беруді стандарттау, заманауи шетелдік педагогикалық тәжірибе, Ұлттық білім беру және тәрбие жүйесі, педагогикалық мәдениет, білім беру саясаты, педагогикалық құжаттама.

Қазіргі уақытта педагогикалық тәжірибені және басқа елдердің педагогикалық білім беру жүйесін реформалау тәжірибесін зерттеу ерекше маңызға ие. Шетелде мұғалімдерді кәсіби даярлау тәжірибесін зерделеу, талдау, түсіну қазіргі кезеңде қазақстандық педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруге ықпал ететін пайдалы нәрсені анықтауға мүмкіндік береді және басқа елдер жіберген қателіктерден аулақ болуға көмектеседі.

Бүгінгі таңда білім беру саласындағы жаһандық өзгерістердің әсерінен педагогтердің кәсіби қызметінде оқытудың мазмұны мен әдістемелеріне, оқушылардың жетістіктерін бағалау құралдарына және т.б. қатысты елеулі өзгерістер болып жатыр. Мысалы, үздіксіз білім беру жүйесіне көшуді және қашықтықтан білім берудің маңыздылығының өсуін, сондай-ақ ғылыми және кәсіби білімнің қарқынды жаңаруын қамтитын білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістері педагогтердің өздеріне қойылатын талаптарды талап етеді [4]. Олардан кәсіби құзыреттілікті тұрақты дамыту талап етіледі. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда мұғалімге қажет кәсіби өзін-өзі жетілдіру біліктілікті арттыруды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық даралықты дамытуды, инновацияларға сезімталдықты қалыптастыруды және үнемі өзгеріп отыратын білім беру ортасына бейімделу қабілетімен жұмысты қамтиды.

Мұғалімнің қазіргі уақыт талаптарына сәйкестігін бағалау мәселесі қиын екені анық. Тұрақты негізде өткізілетін мұғалімдер мен оқытушыларды аттестаттау өмірлік қажеттілікке айналды. Алайда, егер ол материалды иеленудің ресми критерийлері мен дәрежесінің сәйкестігін ғана анықтауға бағытталған болса, күтілетін нәтижелерге қол жеткізе алмайды. Педагогикалық білім беру жүйесін зерттеу және әр түрлі білім беру жүйелеріндегі мұғалімдердің кәсіби өсуін қолдауда ең жақсы жетістіктер жүйенің орталығында мұғалім орналасқан жерде болады, яғни, оның білім беру сапасы, оқыту және педагогикалық мамандықтың беделі бар екенін көрсетеді. Мұндай жүйенің жарқын мысалы Сингапурдың педагогикалық білім беру жүйесі. Мұғалімдер үшін біліктілікті арттыру бағыттарының вариативтілігі [5], кәсіби даму үшін ресурстардың қолжетімділігі, кәсіби өсу кезеңдерінің айқын критерийлері, мұғалімнің даралығына, оның қабілеттері мен қажеттіліктеріне назар аудару – өзіне сенімді және өз оқушыларында кәсіби табысты сингапурлық мұғалімдерге маңызды кезең болды. Әр түрлі елдерде педагог қызметкерлердің қызметін бағалау мәселесі (teacher performance appraisal/evaluation) әр түрлі шешіледі. Бұл жағдайда аттестаттау жүйелерін және олармен байланысты ықтимал проблемаларды барынша егжей-тегжейлі талдау үшін білім беру сапасы рейтингісінде бірінші орынға ие елдердің (мысалы, Жапония, Сингапур, АҚШ, Финляндия және т.б.), сондай-ақ үздік ондыққа кіретіндердің тәжірибесіне жүгінген жөн. Әр түрлі елдердегі педагог қызметкерлерді аттестаттау жүйесін талдау бүгінгі күні оларды ұйымдастырудың бірнеше моделі бар деп айтуға болатындығын көрсетеді [6]. Мәселен, мектептегі білім беру жүйесінде ең көп таралған – бұл мұғалімнің жоғары органдар-ресми институттар алдындағы жауапкершілігін көздейтін ұйымдастырушылық есеп беру моделі. Бұл жүйенің тиімділігі әрдайым жоғары, бұл ресми институттардың ынталандыру мен санкциялар жиынтығы арқылы қызметкерлердің оларға қойылатын талаптарды орындауын қамтамасыз ету қабілеті қаншалықты жоғары екенін көрсетеді [7]. Педагогтың қойылған мақсаттарды орындауға және берілген талаптарды орындауға дайындығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым тиімді және қол жетімді болады. Бұл жағдайда жоғарыдан өткізілетін педагог қызметкерлерді аттестаттаудың негізгі проблемасы білім берудегі мақсаттар көп, оларға қол жеткізу құралдары әрдайым айқын бола бермейді, ал нәтижесі – оқушылардың білімі – педагогтың күш-жігері мен іскерлігіне ғана байланысты емес.

Ұйымдастырушылық модель аясында өткізілетін мұғалімдерді сертификаттау кезіндегі бағалау критерийлері әр түрлі болуы мүмкін: ресми және бейресми, жоғарыдан төмен, толығымен немесе ішінара жергілікті деңгейде немесе оқу орнының өзінде қалыптасқан, қарапайым, стандартты немесе күрделі, күрделі. Кейде бағалау критерийі оқушылардың үлгерімі болып табылады. Сонымен, АҚШ-та оқушылардың жетістіктері мұғалімнің құзыреттілігімен тікелей байланысты. Оқытушы қызметінің тиімділігін мониторингілеу және бағалау кезінде тексерушілер бірінші кезекте оның оқушыларының қандай нәтижелер көрсететініне назар аударады.

Германияда сондай-ақ аттестациядан сәтті өткендерге арналған бонустар жүйесі жұмыс істейді. Қызметтік бағалау деп аталатын процедураның өзі алты жылда бір рет жасалады және оның нәтижелеріне байланысты ең танымал кеңесшіге, аға кеңесшіге, оқу бөлімінің директорына құрметті атақтар беруді қарастырады. Осы атақтардың әрқайсысы жалақыға қосымша үстеме береді.

Ұйымдастырушылық есеп берушіліктен айырмашылығы, кәсіби есеп берушілікке негізделген бағалау моделі бар, ол мұғалім өзін өз мамандығы мен оның стандарттарымен нақты анықтайды деп болжайды. Әдетте, мұндай сәйкестендірудің пайда болуы мен өсуіне қоғамдағы педагогикалық

қызметтің беделі ықпал етеді. Мұндай модельде мұғалімді сертификаттау кезінде кәсіби нормалар мен әріптестерді бағалау маңызды рөл атқарады. Бұл модель, мысалы, Финляндия мен Жапонияда сәтті қолданылады.

Мұғалімнің тиімділігін бағалаудың тағы бір тәсілі-оны білім беру қызметін тұтынушылардың өздері: оқышулар мен олардың ата-аналары білім беру қызметін жеткізуші рөлінде таңдау. Шартты түрде "нарықтық есеп берушілікке" негізделген осындай аттестация үлгісін белгілеуге болады [8]. Мұндай модельдің артықшылығы-бұл білім беру мекемелері арасындағы бәсекелестікті ынталандырады, нәтижесінде білім беру қызметтерінің сапасын арттырады. Мұғалімнің құзыреттілігін және оның бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін осы модельде оқушыларды тестілеу жиі қолданылады. Мұндай сертификаттау жүйелері икемділік дәрежесіне байланысты сәтті болуы мүмкін. Олардың ішіндегі ең сәттісі-аттестаттаудан сәтсіз өту мұғалім мен оқу орнының үкіміне айналмайтын, барлығы екінші мүмкіндік алуға мүмкіндік алады және аттестаттаудан сәтті өткен кезде мұғалім бірқатар бонустар алады. Мұғалімнің іс – әрекетін бағалаудағы тағы бір маңызды сәт-бұл білім беру мекемесі мен педагогикалық қоғамдастыққа "қысым жасау" механизмі болып табылатын ата-аналардың пікірі. Бұл ата-аналардың баланың белгілі бір оқу орнында білім алуы үшін ақы төлеуге дайын болуы, сайып келгенде, оның тиімділігінің бейресми көрсеткіші болады. Дәстүр бойынша, ата-аналардың білім сапасы туралы пікірінің рөлі Жапония мен Оңтүстік Кореяда жоғары.

Осылайша, мұғалімдердің аттестаттау модельдері мен сертификаттау жүйелерінің көптеген түрлері бар. Қандай да бір тетіктерді таңдау Мемлекеттік органдардың білім беру жүйесіндегі басымдықпен, оқушылар мен олардың ата-аналарының пікірімен немесе педагогикалық қоғамдастықтың беделімен негізделеді. Алайда, бүгінгі таңда бірқатар жалпы мәселелер бойынша консенсус бар деп айтуға болады[9]:

Біріншіден, аттестаттау рәсімін өткізудің жүйелілігі педагогтер қызметінің тиімділігінің мониторингін және олардың тез өзгертін жағдайларға бейімделу қабілетін қамтамасыз етеді, онсыз үздіксіз білім беруге көшуді елестету мүмкін емес. Процедураның өзі толығымен ашық, мөлдір болуы керек.

Екіншіден, педагогикалық қызметкерлерді аттестаттауға жүгінетін барлық дерлік елдер бағалау жүйесіне әр түрлі ресми және бейресми критерийлерді қамтиды: сарапшылардың, әріптестердің, студенттер мен ата-аналардың бағалауы, сондай-ақ мұғалімдердің өздері мен олардың студенттері үшін әртүрлі тесттер. Қазіргі жағдайда тек бір критерийді қолдану мүмкін емес сияқты.

Үшіншіден, көптеген елдерде мұғалімнің тиімділігін бағалау үшін студенттердің білімін бағалауды қолдану жиі кездеседі. Алайда, тағы да, бұл индикаторды негізгі және одан да жалғыз ретінде қолданған жөн, өйткені мұғалімнің құзыреттілігі материалды игерудің сәттілігін анықтап қана қоймайды.

Қорытындылай келе, сертификаттау жүйесі мұғалімдер мен білім беру мекемелері үшін жазалау әдісіболмауы керек. Салыстырмалы педагогика арқылы, халықаралық тәжірибені зерделеу арқылы аттестаттаудың неғұрлым икемді жүйелері педагогтердің өздері үшін де, жалпы білім беру жүйесі үшін де айтарлықтай көбірек мүмкіндіктер беретінін көреміз. Аттестаттаудан сәтті өткендерге ынталандыру және бонустар жүйесін пайдалану, мұғалімге әріптестерінің білікті көмегін алу, біліктілікті арттыру курстарынан өту, сәтсіздікке кез – келген басқа қолдау мүмкіндігін ұсынудың екінші мүмкіндігі-бұл жазалауға емес, оқытушының құзыреттілігін арттыруға бағытталған механизмдер болуы керек.

Әдебиеттер:

1. Вульфсон, Б. Л. Сравнительная педагогика. История и современные проблемы / Б. Л. Вульфсон. – М.: УРАО, 2003. – 230 с.
2. Джурицкий, А. Н. Сравнительная педагогика учеб. пособие / А. Н. Джурицкий. – М.: Издательский центр «Академия», 1998. – 176 с.
3. Сравнительная педагогика. Школа и образования за рубежом. Режим доступа: <http://paidagogos.com/?p=4450>. – Дата доступа: 15.09.2103.
4. Дембский, Л. К. Технология передачи знаний и приобретения умений / Л. К. Дембский, Н. В. Чирский [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://eyecenter.com.ua/teach/trans/1_2.htm. – Дата доступа: 15.09.2013.
5. Сергиенко А.Ю. Проектирование профессионального роста учителя с использованием стажировочной площадки в системе образования Сингапура // Человек и образование, 2015. №4. С. 134-138.
6. Administration and Evaluation Structures for Primary and Secondary Schools in the 12 Member States of the European Community. Brussels 2001.
7. Allgemeine Bestimmungen für Diplomprüfungen: Handbuch Hochschulen in Nordrhein-Westfalen. Dusseldorf, 2009.
8. Bericht über die Entwicklung des Bildungswesens, 1992-1994 Bonn, 2004.
9. Проведение аттестации педагогических кадров в условиях обновления содержания образования. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 48 с.

*Ж.А. Куандыкова,
«Б. Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы*

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖОЛДАРЫ

Зерттеу – дарынды балаларды оқытудың негізі. Онсыз баланың потенциалды қабілетін ашу, дамыту мүмкін емес. Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру зерттеуге оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс. Өйткені, бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып, танысуға деген құштарлығын әрқайсымыз білеміз.

Ендеше, мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Оған қол жеткізетін тиімді жұмыс түрінің бірі-оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру (ОҒҚ).

Дарынды оқушылар, сөздік қоры мол, есте сақтау қабілеті жоғары, әділетті, әзілқой, қиыншылықтан қорықпайды, танымдық қасиеті жоғары болады.

Міндеттері:

- оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін жетілдіру;
- шәкірттердің шығармашылық жеке дарындылығын дамыту;
- дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына қошаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен, оны қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру қажет. Яғни оқушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ол мектепте оқып жүргенде-ақ қоғам мүшесі екенін сезініп, өз бетінше шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге, әдебиеттермен жұмыс істей білуге, баяндама жасауға, талдауға қатысуға, басқаларды тыңдауға үйренуі қажет.

Оқушының талабын, қызығушылығын аңғармай тұрып оған баяндама жасауды тапсыруға болмайды. Сондай-ақ топпен жұмыс істеп үйренбеген баланы аудитория алдында сөйлеуге мәжбүрлеуге болмайды. Баланың зерттеуге деген ынтасын туғызу үшін ОҒҚ мүшелері ортасында оларды қызықтыратын, ізденушілікке баулитын танымдық-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру керек. Мұндай сабақтарды кітапханашы, психолог, әдебиет пен тарих пәндерінің мұғалімдері жүргізеді.

Қазіргі оқу үрдісін ұйымдастыру тек қана білім берумен шектелмеуі тиіс. Шәкірттеріміздің жан жақты дамып, ойлау тәсілдерін меңгертіп, байқампаздығын арттырып, талдау жасау, салыстыра білу, қорытынды жасауға үйрету үшін оларды география пәні бойынша бастап ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу қажеттігі туындайды.

Тарих пәні бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарына үйрету балалардың ерік жігері, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылуына әсерін тигізеді. Оқушыларды жас ерекшеліктеріне қарай, зерттеушілік дағдылары қалыптасқан оқушыларды дайындауға қол жеткізсек, орта буынды әрі қарай қиналмай, еркін жалғастырып кететін шығармашыл, теориялық білімін іс жүзінде қолдана алатын, елжанды жас ұрпақты дайындаған болып шығамыз. Ғылыми жобаны жазу туралы арнайы нұсқауды негізге алу жөн. Оқушыдан әдебиеттермен жиі жұмыс жасауды, мәселелердің жан– жақты және кешенді қарастыру қағидаларын білу. Ғылыми жоба жұмысымен үнемі үздіксіз жұмыс жүргізу үшін оқушылардың бойында тақырып бойынша әдебиеттерді таңдай білуді, жоспарды сауатты құра білуді қалыптастыру керек. Осы жұмысты орындаған кезде ойын жазбаша түсіруге дағдыландыру іске асырылады. Олай болса, бұл – жүйелі түрде жүріп отыратын ұзақ үдерістің түпкі нәтижесі.

Оқушының өмірден көрген, бақылаған өз тәжірибесі, өзінің күнделікті үздіксіз жүргізген жұмысы өз нәтижесін береді. Нәтиже қай жұмыста да нәтижелілігімен бағалы. Жас ұрпаққа білім беруде олардың ғылыми жобаға деген көзқарасын қалыптастыру үлкен рөл атқарады бұндай жұмыстар оқушылардың ой – қабілеттерін арттыра түсетіні белгілі.

Мектепте жоба жазуды 5 – сыныпта бастаған жөн деп ойлаймын. Жобалау жұмысын үйрету шәкірттеріміздің өзінше еңбек етіп, еркінше талаптануына, өз пікірін, ойын сарапқа салуына әсерін тигізери сөзсіз.

Зерттеу жұмыстары ең алдымен зерттеу күнделігін жүргізуді үйретуден басталады. Зерттеу күнделігі оқушылардың тақырыпты таңдаған күнінен басталады, әдебиеттермен жұмыс жасайды және жобаны рәсімдеу мен қажетті құжаттарды дайындау кезінде аяқталады. Зерттеу күнделігіне автордың барлық істеген жұмыстары көрсетілу керек.

Ғылыми жобада мазмұны, кіріспе, теориялық бөлімі, зерттеу бөлімі, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі, қосымша (егер қажет болса) болуы керек. Жалпы алғанда, оқушының ғылыми жобасы ұқыпты орындалу керек және әдемі рәсімделу керек.

Нағыз ұстаз қай ғасырда да – ұстаз болып қала бермек. Ұстазға қойылатын талап пен тілек қашан да ортақ. Ол – Білімділік, Имандылық, Парасаттылық. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік, негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

Зерттеу-дарынды балаларды оқытудың негізі. Онсыз баланың потенциалды қабілетін ашу, дамыту мүмкін емес. Айналасындағыларды танып білуге деген талпыныстың арқасында ғана тіршілік иесі белгілі бір ортаға икемделіп, өмір сүру қалпын қалыптастырады.

Биік таным қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілікке баулу керек. Өйткені география пәні бойынша оқушылардың түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып, танысуға деген құштарлығы жоғары болады, танымдық қабілеті үнемі сұранысқа ие, мұғалімнің қандайда болмасын жаңашыл ұсынысын аса қызығушылықпен қабылдайды және орындауға асығып тұрады. Ал зерттеу мен ізденіс теориялық білімді практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді, оқушының болашақ мамандық таңдауына да бағдар болады.

Ғылыми жұмысты бастаудың бірінші шарты: білімге ынтызар, табанды, танымдық қабілеті терең оқушыны сыныпта байқау және болашақ жұмысқа бейімдеу, әдеби кітаптар беру, ғылыми-көпшілік журналдарды оқыту. Әрине, бұл жерде мұғалім бір оқушыны бөліп-жармай сыныппен жұмыс жүргізуі тиіс;

Бірінші шарты: сабақ процесінде өтілетін тақырыптарды қызықты өткізу. Түрлі есептерді, зертеу, саралау, бақылау элементтеріне баулу. Сабақты үнемі өмірмен, басқа пәндермен байланыстырып отыру және ең бастысы оқулық шегінен тыс қызығалықты мәліметтерді беріп отыру. Бұл әрине мұғалімнің сабаққа тыңғылықты дайындалуына тікелей тәуелді.

Екінші шарты: сыныптан тыс шараларды, пән апталықтарын үлкен дайындықпен өткізу. Мектепшілік шараларда география пәнін мәселесін оқушылар арасында кеңінен насихаттау. Осы шарттар орындалған жағдайда шәкірттердің арасынан пәнге деген қызығушылығы жоғары оқушылар іріктеле бастайды. Олар сабақ процесінде сұрақтарды көп қояды, шараларға белсене қатысады және мұғалімнің көмекшілеріне айналады. Мұғалім мен оқушы арасында өзара сенім орнайды.

Үшінші шарты: пәрменді шаралар арқылы оқушылардың белсенділіктерін көтеру. Оларға акциялар, топсеруендер, саяхаттар жатады. Осы жұмыстардың басы қасында өз көшбасшылары пайда болады. Олар хабарламалар дайындап, қабырға газеттерін шығарады, өлең, шағын әңгімелер жазады, яғни шығармашылық белсенділіктерін көрсете бастайды. Осы шарттар орындалған жағдайда ғылыми жұмысқа дайын, үздік оқушы іріктеледі.

Ізденіс барысында оқушыларға шығармашылық мүмкіндіктер беріледі. Оқушылар дүниетанымының мүмкіндігіне қарай, ғылыми түрде шығармаларды таңдайды. Мұғалім мен оқушы бірлесе отырып, ғылыми жұмыстың көкейкестілігін, шығармашылық аясын айқындады, осы міндеттер бойынша оқушылармен қосымша ізденуге жағдай жасай алады.

Осы жұмыс барысында ғылыми жұмысты жүргізудің теориялық принциптерін пайдаланып, жұмыстанып келемін.

1. Ғылыми жұмысты ұйымдастыруда белгілі бір тақырып бойынша көмек көрсетемін, қосымша мағлұматтар беремін.
2. Ғылыми бағыт бойынша зерттеу материалдарының тізбесін жасаймыз және сұрыптаймыз.
3. Жұмыстың өміршендігіне мән беріп, ортамен байланысына көңіл бөлу.
4. Оқушының жұмыс барысындағы жеке қолтаңбасы, жаңалық қыры, шығармаларын талдай білуі ескеріледі.

5. Жұмыстың соңында қорытындылар мен пайдаланылған әдебиеттердің тізіміне көңіл бөлінеді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, дамыту – оқушы шығармашылығын қалыптастырудың нақты жолдарының бірі екенін де естен шығармау қажет. Бұл жұмыс заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қажетті бағдарлы базаларға еніп, деректер қорымен жұмыс жасауды қамтамасыз етеді.

Қазіргі оқытушының басты қызметі – білім беру мен жеке тұлға тәрбиесін сабақтастыру болса, оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы олардың өзін-өзі дамыту, айқындай үдері қалыптастырылды.

Ғылыми жұмыстарды орындау барысында оқушылар ғылыми әдебиеттермен, интернет арқылы мәліметтер жинап, бақылау жұмыстарын жүргізеді, зерттеу жұмыс жоспарын жасайды. Атап айтқанда:

1. Тақырыбын таңдау;
2. Пәні, мақсат-міндеттерін қою;
3. Зерттеудің теориялық, практикалық маңыздылығы;
4. Тақырыпқа сай мәліметтер жинау;
5. Теориялық білімінің жоспарын талдау, оны бақылау дәптеріне жазып отыру;
6. Практикалық бөлімнің жоспарын талдау, зерттеуге керекті тәжірибе жүргізу;
7. Нәтижелерін талдау;
8. Редакторлау;
9. Презентациялау;
10. Жобаны қорғау;

Дарынды, шығармашыл балалар халқымыздың баға жетпес байлығы, ұлы қазынасы. Олар ертеңгі заман жүгін көтеретін, дәуір көшін бастайтындар. Ауданда шығармашыл, дарынды балаларға қолдау көрсету үшін барлық жағдайлар жасалған. Кіші Ғылыми жоба жұмыстарының байқауларын өткізіп дарынды оқушыларды анықтаймыз.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылар үлкен өмірлік тәжірибе жинақтайды. Ізденісте жүретін балаларды шығармашылық іс-әрекетке баулу өз нәтежиесін беретініне көзім жетті. Тек қана мұғалімнің жан-жақты ізденісі, таптауырын методикадан бас тартып оқушыларды өмірге практикалық, іс-әрекет тұрғысында тәрбиелеу үлкен нәтижеге жеткізбек. Дарындылықты дамыту, қызыреттілігі бекем тұлғаны өмірге дайындау өзіміздің қолымызда.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұраттың ең бастысы – өзінің ісін өмірін жалғастыратын саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Әдебиеттер:

1. Жексембекова В. Қазақстандағы этникалық қарым– қатынастар: прогресс үшін бірігу // Саясат, 2002, №11. 30-32 б.
2. Борисова Б.М. Даралық және кәсіп.– М: Білім, 1991. 116 б.
3. Қысқаша психологиялық сөздік. / ред. А.В. Петровский. Ростов Н/Д: «Феникс» баспасы, 1998. 81-82 б.

Ф.А. Маширикова,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

1-курс магистранты

ГЕРМАНИЯДАҒЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

XXI ғасыр идеялар мен инновациялық технологиялардың бәсекелестік ғасырына айналып барады. Осы кезеңде мектептегі білім беру сасалысының өзектілігі артуда. Отандық салыстырмалы-педагогикалық зерттеулерге зор үлес қосқан ғалым, п.ғ.д., профессор, Қазақстан ПҒА басқарма төрағасы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Асқарбек Қабыкенұлы Құсайыновтың пікірінше «мектептердің сапасы әр баланың дербес өмір жолын қалыптастыра отырып, олардың өмірінің барлық аспектілеріне және қоғамның жалпы алғанда шығармашылық әрі экономикалық тұрғыда дамуына әсер етеді» [1]. Сондықтан да қазіргі таңда отандық мектеп жүйесінің реформасын жүргізуде білім беру жүйесінде лидер елдердің тәжірибесі аса құнды.

Осы тұрғыда, Германиядағы орта білім беру жүйесі қызығушылықты тудыртады. Германия Федеративтік Республикасы 16 елден тұрады. Әрбір ел білім беру саласы бойынша сұрақтарды шешуге құқылы, бірақ білім туралы федералды заң болғанымен ол өңірлік заңнама алдында басымдылығы жоқ. Германияның дәстүрлі білім беру жүйесі мектепке дейінгі, орта және жоғары білім беру жүйелерін

камтиды. Федералды деңгейде білім беру мәселелерімен Германия елдерінің білім беру және мәдениет бойынша Министрлердің Тұрақты Конференциясы айналысады [2].

Германиядағы мектептік білім беру жүйесі білім берудің міндетті деңгейі болып табылады және жалпылама білім беру жүйесі деп аталады. Мектептегі білім беру жүйесі үш деңгейден тұрады:

1. бастауыш мектеп (1 – 6 сынып аралығында)
2. орта мектеп (7 – 10 сынып аралығында)
3. жоғары мектеп (11 – 13 сынып аралығында).

Германияда мектептегі білім беру әртүрлі білім беру мекемелерінде іске асырылады. Мектептің типіне байланысты нақты білім беру деңгейлері де сәйкес келеді: бастауыш мектепте, кіріктірілген мектепте, гимназияда.

Бастауыш мектепке балалар бжастан бастап қабылдайды және бірінші сыныпқа білім деңгейін анықтайтын тестті өткізбей барлығын қабылдайды. Бірінші және екінші сыныпта балалар бір топта оқығанымен, әртүрлі бағдарламалармен оқытылады. Бастауыш сыныптағы негізгі мақсат «оқуға үйрету» ұғымына сай келеді. Германиядағы бастауыш мектептегі басты ерекшелік – балалардың даярлық деңгейіне байланысты жеке тапсырмалар берілу қажеттілігінде. Сол себепті бастауыш мектептегі мұғалімдердің жұмысы күрделі және көп қырлы болып саналады.

Бірінші және екінші сыныптарда балаларға баға қойылмайды. Тек үшінші сыныптан бастап мұғалімдер балалардың пәндік жетістіктерін бағалайды, соның негізінде ата-аналарға кейін мектептің қай типінде бала оқуын жалғастыратыны жөнінде ұсыныстар беріледі. Үшінші сыныптан кейін бақылау шаралары өткізіледі, мәселен орталықтандырылған немесе өңірлік тестілеулер. Тек осы деңгейде ғана әрбір баланың жеке жетістіктерінің нәтижелері анықталады. Осыған орай бастауыш мектептегі төртінші жылында оқу аса маңызды болып табылады, себебі осы оқу жылының ортасында келесі мектепке тіркелу өткізіледі. Яғни, баланың мектеп шағында төртінші сыныптың ақпан айындағы табелі маңызды рольді атқарады [3]. Төртінші сыныптан кейін ата-аналар баланы бастауыш мектеп бағдарламасымен жалғастырып оқытуға немесе күрделі гимназияның бағдарламасына көшуді таңдауға құқылы.

Германиядағы орта мектеп жалпы білім беретін бағдарламаларды меңгеруге бірнеше мүмкіндіктер береді. Оған кіріктірілген мектепте немесе гимназияда оқу жатқызылады. Кіріктірілген мектептің гимназиядан айырмашылығы – үлгерімі жоғары болмаған балаларды қабылдауға міндетті. Бұл мектептерде оқытумен қатар кәсіби анықтау жүргізіледі. Жалпы білім беретін циклдегі пәндерді оқыту көбінесе тәжірибеге бағытталған сипатқа ие. Білім алушылар уақыттың көп бөлігін жақсы қамтылған лабораториялар мен шеберханаларда өткізеді. Оқытудың кейбір кезеңдерінде жалпы білім беретін циклдегі пәндер кәсіби циклдегі пәндермен қатар оқытылады [4].

Кіріктірілген мектептерде тәртіпке аса қатты назар аударылады. Мәселен, Берлиндегі Фридрих Бергиус кіріктірілген мектебінде: – ұялы телефонмен кіруге мүлдем рұқсат етілмейді; – сабақ кезінде тәртіпті бұзған оқушыны, белгілі бір уақытқа сыныптан шығарып жібереді; – мектепке, не сабаққа кешігіп келген оқушыны сабаққа кіргізбей, мектеп территориясын тазалаумен жазалайды және т.б. [5]

Кіріктірілген мектепте оқу 10 сыныпқа дейін мүмкін, одан кейін оқушы өз білімін жоғары кіріктірілген мектепте жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік беретін абитур деңгейіне (12-13 сыныптар) дейін оқи алады. Бірақ кіріктірілген мектептің деңгейі көбінесе кәсіптік білік алуға бағытталады, яғни кәсіби даярлыққа бағдарланады.

Гимназияда білім алу 5 сыныптан басталады және мектептің бұл типінде оқуға тек білім деңгейі жоғары оқушылардың ғана мүмкіндігі бар. Гимназияда сонымен бірге математиканы, жаратылыстану ғылымдарын, шетел тілдерін оқиды. Гимназияны аяқтағаннан кейін оқушы абитур деңгейін алып, білімін университетте жалғастыра алады. Сонымен бірге, гимназияны 10 сыныпта аяқтап, білім алуды өндірісте жалғастыруға болады.

Жоғары мектептегі оқуды гимназияда, кіріктірілген орта мектепте және кәсіби гимназияда жалғастыруға болады. Бұл 11-13 сыныптарға арналған білім және ол жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік береді.

Германияда мемлекеттік және жеке мектептер бар. Мемлекеттік мектептерде оқушыларға оқу құралдары, соның ішінде компьютерлік технологиялар федералды елдердің бюджеті есебінен тегін беріледі. Жеке мектептерде ата-аналар оқулықтар үшін жылына 100 евро (2017 ж. мәлімет бойынша, Берлиндегі мектептерде) төлейді, бұл соммадан асатын шығынды федералды елдер өздері өтейді.

Германиядағы мектептердегі білім берудің өзекті мәселесі бұл шетелдіктердің балаларын оқыту. Тек 2015 жылдың өзінде Германияға 1 млн мигрант келді, оның 78 000 балалар [6]. Осы мәселені ескере

келе, Германияда шетелдік оқушылардың неміс білім беру үдерісіне кіріктірілуі бойынша нақты шаралар ұйымдастырды:

- балабақшада неміс тілін мақсатты қолдау;
- неміс тілін игермеген және балабақшаға бармайтын балалар үшін міндетті курстар;
- мектептерде неміс тілін қосымша кіріктірілген қолдау;
- неміс тілін білмейтін мигранттар үшін арнайы сыныптар;
- екі тілді: неміс-түрік тілдерінің сауаттылығына оқыту;
- неміс тілін қолдауға арналған модельді типтегі бағдарламалар;
- қорлармен серістестік, неміс тілі бойынша шәкірт ақы бағдарламалары мен жазғы курстар;
- балабақшадағы, мектептегі ата-аналар, әсіресе ең алдымен аналар үшін неміс тілі курстары.

Сонымен қатар оқушыларды заманауи неміс қоғамының полимәдениетті және поликонфессионалды жағдайларында азаматтық тәрбиені іске асыру келесі бағыттар бойынша іске асады:

- оқушылардың назарын жаһандық көлемдегі, әлемдік маңызды жағдаяттарға аударту;
- әртүрлі мәдениеттерге тұрақты қызығушылық пен сыйластық сезімін және мәдениеттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары жөнінде түсініктерді қалыптастыру;
- мәдениеттерге толеранттылық қатынасты қалыптастыру;
- жастарда жаһандық мәселелерді шешуге ұмтылыстарын қалыптастыру және осы мәселені шешуде өзіндік жауапкершілікті сездірту [7].

Қортындылай келе, Германиядағы мектептік білімнің үйлесімді сипатын атап өтуге болады: жылдық қортынды шаралардың минималдылығы, әсіресе бастауыш мектепте. Бастауыш мектептің деңгейі нақты оқушының қабылеттеріне сәйкес бейімделдіріліп, меңгеруге аса жеңіл кезең. Бастауыш білімді 4-6 жылда меңгере алу мүмкіндігі аса өзекті. Орта және жоғары мектептерде оқушыларды болашақ жұмыскерлер мен қызметкерлерге немесе жоғары санаттағы мамандарға бөлуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге шетелдік оқушылардың Германияның білім беру жүйесіне кіріктіру тәжірибесінің байлығы.

Әдебиеттер:

1. Құсайынов А.К. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – А., 2013. – 196 б.
2. Кусаинов А.К. Развитие образования в Казахстане и Германии. – А., 1997. – 204 с.
3. Шмелева С. И., Голоюс Е. А. Особенности системы образования в Германии. Проблемы взаимодействия между школой и родителями-иммигрантами в связи с адаптацией к новым условиям жизни // Сборники конференция НИЦ Социосфера. – 2014. – № 42. – С. 127–132.
4. Овсянникова М. А. Проблема получения законченного среднего общего образования в ФРГ // Университет XXI века: научное измерение: материалы науч. конф. науч.-пед. работников, аспирантов и магистрантов ТГПУ им. Л. Н. Толстого. – Тула, 2017.
5. Поликашина О. В., Мякина С. Б. Некоторые вопросы школьного образования города Берлина: содержание, особенности организации и международный опыт // Наука и школа. – 2018. – №4. – с. 169-174.
6. Сорока А. Десятки тысяч: дети-мигранты без сопровождения. – URL: <https://germania.one/desjatki-tysjach-deti-migranty-bez-soprovozhenija/>
7. Князькова Н. П. Опыт интеграции общегражданского и профессионально-религиозного воспитания в реальных школах Германии // Научные исследования в образовании. – 2009. – № 8. – С. 28–31.

*Ы.А. Нәби,
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей
Г.Г. Шапрова,
Халықаралық білім беру корпорациясы, Алматы
Ә.Ә. Төлбаев,
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан
Ө.Ш. Ібішев,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы*

EFQM МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕГІ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МӘНМӘТІНІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУҒА ДЕГЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСНАМАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Біздің бұдан бұрын жарық көрген еңбегімізде жүргізілген контент-талдау көрсеткендей, егер білім беруді жаңартудың ең көп тараған анықтамасын басшылыққа алатын болсақ, онда оны зерттеуге кешенді, жүйелік, іс-әрекеттік, функционалды, динамикалық көзқарастарды пайдалануға болады, сонымен қатар басқа да көзқарастарды қарастырмай тастауға болмайды [1]. Сол себептен басқа әдіснамалық көзқарастарды дәйектеуді мақсат етеміз. Осы мақсатты орындау барысында біз мынадай әдістерді қолдандық.

1. Зерттеу әдістері

1) терминологиялық талдау әдісі

Терминологиялық талдау—зерттелетін педагогикалық құбылыстардың оларды білдіретін терминдердің (ұғымдардың) мағынасы мен мәнін анықтау және нақтылау арқылы ашуға бағытталған теориялық зерттеу әдістерінің бірі. Терминологиялық талдаудың нәтижесі, әдетте, анықтамалар мен экспликациялар, сондай-ақ тиісті ұғымдарды түсіндіру мен анықтауға арналған ғылыми тәсілдерді (позицияларды) белгілеу болып табылады [2]. Автор терминологиялық талдаудың 5 көзқарасын сипаттайды және олардың арасында аналитикалық көзқарасты бөлек шығарады, өйткені. оны қолданған жағдайда зерттеуші талдаудың тиісті қажетті қисындық операцияларын орындайды, олар мыналар: заттың маңызды белгілерін іздеу; салыстыру – маңызды немесе маңызды емес белгілер бойынша тұжырымдардың ұқсастығын немесе айырмашылығын анықтау; абстракциялау – заттың кейбір белгілерін бөліп көрсету және басқаларынан алшақтату; жалпылау – жекелеген заттарды белгілі бір ұғымға біріктіру. Автордың пікірінше, бұл көзқарас ғылыми талдаусыз зерттеушілердің өз ұстанымына негізделген компиляторлық, селективті және басқа көзқарасдан ерекшеленеді.

2) оңтайландыру әдісі

Қазақ ғалымы Е. Арын оңтайландырудың классикалық анықтамасын берді: «Оңтайландыру – мақсатты функциясы бойынша ең жақсы, ымыралы келісімді табу жолымен жүйенің сипаттамаларын жақсарту» [3]. Е.А. Оспанов критерий таңдау қажеттілігіне назар аударады: «Оптимизациялау – өндіріс объектілерінің таңдалған критерийлері бойынша ең тиімді жұмыс режимін табу, мысалы, өнім көлемі мен сапасын барынша арттыру (максимизациялау), зиянды заттар мен шығындарды азайту (минимизациялау)» [4].

Шетелдік сөздік авторлары да математикалық процедуралар мысалында объект жасау тиімділігін атайды: «Optimization – an act, process, or methodology of making something (such as a design, system, or decision) as fully perfect, functional, or effective as possible specifically: the mathematical procedures (such as finding the maximum of a function) involved in this», яғни "Оңтайландыру – мүмкіндігінше жетілдірілген, функционалды немесе тиімді бір нәрсені жасау әдісі, процесі немесе әдістемесі (мысалы, жоба, жүйе немесе шешім), атап айтқанда: осы процеске қатысатын математикалық процедуралар (мысалы, функцияның максимумын табу)» [5].

Талдау көрсеткендей, оңтайландыру тек математикада ғана қолданылмайды (мысалы, [6],[7]-лерді қараңыз).

3) ми шабуылы әдісі

Ми шабуылы –біз идеялармен жұмыс жасайтын мәселелерді шешудің ең шығармашылық әдістерінің бірі. Біз жаңа идеяны ойластыра аламыз немесе бұрыннан бар идеяны дамыта аламыз. Ми шабуылында практикалық ереже болмағандықтан, оны жеке немесе топта қолдануға болады. Ми шабуылының кейбір түрлері: ақыл-ой карталауы, кері ми шабуылы, SWOT-талдау, бос орындарды толтыру және әртүрлі талдау [8].

4) карталау әдісі

И. А. Скалабан бастапқыда карталауды немесе картографияны физикалық картаны жасауды, құрастыруды, картаға түсіруді білдіреді деп жазды. Бүгінгі таңда зерттеу әдебиетінде биологиялық, ландшафтық-морфологиялық, геологиялық картографиялау, табиғи құбылыстарды картаға түсіру, генетикалық, физикалық, әлеуметтік, мәдени, танымдық карта жасау, технологияны картаға түсіру кеңінен ұсынылған. Классикалық картографиядан тыс, соңғы онжылдықтарда карта тілін дамыту бағытындағы тренд ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау саласында барған сайын сұранысқа ие бола бастады, сонымен бірге үлкен семантикалық, әдістемелік және стильдік әртүрлілікке ие болды [9].

5) сараптамалық бағалау әдісі

«Сараптама» термині қазіргі білім берудің тұжырымдамалық аппаратына жеткілікті түрде кірді. Сараптамалық бағалау – тікелей өлшеуге келмейтін процестерді немесе құбылыстарды сандық немесе балдық бағалау [10].

2. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу мәнмәтінінде білім беруді жаңғыртуға деген әдіснамалық тәсілдерді оңтайландыру критерийлері

Біз оңтайландыру әдісінің сипаттамасында әдісті көптеген салада қолдануға болатындығын көрсеттік. Алайда, әлеуметтік салада мақсатты функцияны формуламен білдіру мүмкін емес. Сондықтан біз мақсатты функция ретінде инновациялық тәсілдердің санын таңдадық. Ол үшін біз ми шабуылы әдісін қолдандық. Ми шабуылы топтық және жеке болатыны белгілі. А. Рожков жазғандай, жеке ми шабуылы көбінесе айтарлықтай нәтиже береді, өйткені топтарда ми шабуылының ережелері жиі бұзылады, ал мәселені жалғыз ойлау идеясы құнды нәрсеге айналдыруға көмектеседі [11]. Жеке ми шабуылының пайдасына қосымша фактор – ол біздің зерттеу тобымыз командаларға бөліну үшін аз болып тұр. Сондықтан ми шабуылын профессор Ы.Нәбиге жүктелді. Осы әдісті қолдану нәтижесінде ол инновациялық көзқарастардың оңтайлы санын 2 деп санайды. Осы нәтижені дәлелдеу үшін Ы.Нәби мақаланың басында көрсетілген ми шабуылының түрлерінен SWOT-талдауды таңдады (1-кесте), өйткені ол жоғарыда аталған түрлердің ішіндегі ең ықшам болып табылады.

1-кесте

Таңдалған оңтайлылық критерийі дұрыстығының SWOT-талдауы

S(strenght)	W(weakness)
1) тек бір көзқарас қарастырылып отырған мәселенің күрделілігіне сәйкес келмейді; 2) зерттеуді екі аспектісімен шектеудің орындылығы дәлелденді; 3) инновациялық көзқарастарды әзірлеу міндетін шешуге және көптеген жалпыға мәлім тәсілді пайдаланбауға мүмкіндік береді	Басқада болуы мүмкін көзқарастар есепке алынбайды
O(opportunity)	T (threat)
Автордың тәжірибесіне сүйену ғылымдардың, атап айтқанда педагогика мен инноватиканың, әлеуетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді	Басқа, тәжірибесі молырақ зерттеушілер көзқарастардың басқа санының қажеттілігін дәлелдей алады

3 Картографиялық көзқарас

Біз Е.В. Титованың ([2]) аналитикалық көзқарас қолда бар тәсілдердің ішіндегі ең тиімдісі, өйткені талдаудың қисындық операцияларын орындауға мүмкіндік береді деген пікірімен келісеміз. Біз оны «білім беруді жаңғырту» анықтамасын нақтылау үшін қолдандық. Бастапқыда біз зерттелетін құбылыстың маңызды белгісін анықтадық, атап айтқанда, білім беруді жаңғырту – бұл жаңару процесі екенін. Салыстыру және абстракция операцияларын біз карталау әдісін қолдана отырып жүргіздік. Сонымен бірге біз үшінші, ең кең әдісті таңдадық. Бұл әдіс – графикалық, семантикалық, символдық сипаттау, кез-келген материалдық және дерексіз нысанды жүйелеу әдісі, ол бірқатар элементті салыстыру арқылы объектілер модельдерін құру үшін бастапқы деректерді дәйекті түрде сипаттауға, топтастыруға және жалпылауға мүмкіндік береді [9]. Карталау әдісінің үшінші жолын қолдана отырып, біз анықтамалар картасын жасадық. Салыстыру кейбір анықтамалар мен карта элементтері бір-бірімен байланысты емес екенін көрсетті. Біз картаны қарастырудан алған екінші қорытынды – білім беруді жаңғыртудың көптеген мақсатын абстракциялау және осы зерттеу тақырыбымен байланысты мақсатқа назар аудару қажет. Сондықтан белгілі бір шекараларды белгілеу керек, атап айтқанда зерттеу аспектілерінен шықпау керек. Үшінші қорытынды – картаға тән нышанды, яғни масштабты, қолдану керек және нәтижелерді мына бағытта немесе басқа бағытта масштабтау (қолдану ауқымын ұлғайту немесе азайту).

Алынған қорытындыларды жалпылай келе, атқарылған жұмыстың мәніне сүйене отырып, біз әзірленген көзқарасты картографиялық деп атадық. Картографиялық көзқарасты қолдану бізге келесі

анықтаманы негіздеуге мүмкіндік берді: «оқы-тәрбие процесі шекарасындағы білім беруді жаңғырту – бұл EFQM моделі негізінде институционалдық аккредиттеу тұжырымдамасын кеңейту арқылы оның сапасын қамтамасыз ету мақсатында оны үздіксіз жаңарту».

4 Квантитативті-квалиметриялық көзқарас

4.1 EFQM моделі негізінде институционалдық аккредиттеу тұжырымдамасының негізгі ережелері
Бұрын біз EFQM моделі негізінде институционалдық аккредиттеу тұжырымдамасын әзірледік [12].

Ол мыналарды қамтиды:

- білім беру ұйымдарының аккредиттеудің генезисі, функциялары және деңгейлері;
- институционалдық аккредиттеу тұрғысынан EFQM моделінің сипаттамасы;
- EFQM моделіне негізделген институционалдық аккредиттеудің түсінігі, аспектілері, қағидаттары;
- RADAR матрицасының көрсеткіштеріне сарапшының субъективизмінен айырылған нақты ұпайларды тағайындау мүмкіндігі.

Тұжырымдамада біз институционалдық аккредиттеуге басты назар аудардық. Тұжырымдама ұпайларды (25, 50, 75 немесе 100) тағайындау кезінде субъективтілікті болдырмау үшін RADAR матрицасын жетілдіру идеясына негізделген [13]. RADAR матрицалық құралы ұйымның тиімділігін бағалау үшін қажет және EFQM жетілдіру моделінің бөлігі ретінде қолданылады [14]. RADAR матрицасын пайдалану бағалаудың өзін-өзі бағалау профилін толтыруға негізделген. Өзін-өзі бағалау туралы есеп аяқталғаннан кейін білім беру ұйымы жақсартуға болатын бағыттар бойынша жетілдіру жоспарын әзірлеуі және жоспарды бірнеше жылға іске асыру жөніндегі шараларды белгілеуі тиіс. Сараптамалық топтың ресми сапарына дейін білім беру ұйымы өзін-өзі бағалау парағында 3 тармақты белгілеп, осы тармақтар бойынша жақсартулар енгізуі тиіс. Алайда, RADAR-дың кемшілігі – бағалаудың сарапшының субъективті пікіріне тәуелділігі. Осыған байланысты тұжырымдамада қойылған сұрақтарға жауаптарды қалай рәсімдеуге болатындығы туралы мысал келтірілген.

4.2 Квалиметриялық көзқарасты кеңейту

Квалиметрия кез-келген объектілер мен процестердің сапасын өлшеу және бағалау туралы ғылым ретінде «өлшеу», «бағалау», «масштаптау» категорияларды өз пәні ретінде қолданады [15]. Біздің зерттеуімізде қолдану үшін квалиметриялық көзқарас негізгі болуы керек деп санаймыз. Алайда, ол нақтылауды қажет етеді. Біздің жағдайымызда біз білім беру сапасын өлшеу үшін нәтижелерді тиісті шәкілдер бойынша бағалауды, ал шәкіл ретінде сандық қатарды қолдануды мақсат етіп қойдық. Белгілі сапа өлшеу модельдерінен сандар түрінде сандық деректерді алу үшін тек EFQM моделі қолайлы.

RADAR матрицасын формальды жауаптармен толықтырудың мысалы ұпайларды тағайындау кезінде сарапшының субъективті пікірінің әсерін азайтуға болатындығын көрсетеді. Сонда ықтималдық үлесі жоғары сандық деректерді білім беру ұйымында сапаны қамтамасыз ету жағдайы туралы қорытындыларды талдау, салыстыру және тұжырымдау үшін пайдалануға болады. Осыған байланысты біз тәсілді квантитативті-квалиметриялық деп атадық.

Өздеріңіз білетіндей, сараптамалық әдісті қолдану дайын шешімдер болмаған кезде және қажетті ақпаратты өлшеу құралдарымен алу мүмкін болмаған жағдайда қолданылады [10]. Сондықтан біздің жағдайымызда біз әзірленген әдіснамалық көзқарастардың инновациялылығын бағалау үшін сараптамалық бағалау әдісін қолдандық.

Аббревиатуралар

EFQM – European Foundation for Quality Management

RADAR – Results – Approach— Deployment – Assessment— Review

Ризашылық білдіру. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (№AP08955408 грант)

Әдебиеттер:

1. Білім беруді жаңғыртуға деген әдіснамалық көзқарастарды талдау// Евразийский союз ученых: Международный научно-исследовательский журнал.-No1 (82/2021) ISSN 2411-6467 DOI: 10.31618/ESU.2413. -9335.2021.1.82.– 35-38-б.
2. Титова Е.В. (2010) Терминологический анализ как метод и задача исследования. TheEmissia. OfflineLetters: Электронное научное издание (научно-педагогический интернет-журнал) Июнь 2010.ev-titova@yandex.ru
3. Орысша-қазақша түсіндірме жалпы сөздік: Көлік / профессор Е. Арын – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ. 2006.
4. Оспанов Е.А. Өндірістік нысандарды басқарудың интеллектуалдық жүйелерінің шешім қабылдау алгоритмдері мен математикалық моделін жете зерттеп жасау бD070200 – Автоматтандыру және басқару: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Нұр-Сұлтан, 2019.– 130 б. iao.hfuu.edu.cn/blogs/25-what-is-optimization
5. Definition of Optimization by Merriam-Webster merriam-webster.com/dictionary/optimization:The center of the research of our institute is optimization.

6. Бекхожаева, А. К. Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін оңтайландыру мәселелері / А. К. Бекхожаева, Ажар Базыл. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2016. – № 5.5 (109.5). – С. 37-42. – URL: <https://moluch.ru/archive/109/26857/>
7. Столярова Э. Білім жүйесін оңтайландыру маңызды / Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті vkgu.kz/kk/newsitem/bilim-zhuyesin-ontaylandyru-...
8. What is Brainstorming – Definition, Benefits, Types and More mindmaster.io/article/what-is-brainstorming.html
9. Скалабан И.А. Социальное картирование как метод анализа социально-территориального пространства // The Journal of Social Policy Studies. - том 10, #1
10. Retrieved from <http://www.glossary.ru>
11. Рожков А. Мозговой штурм: 7 правил, 19 техник и 10 частых ошибок // [TexTerra.ru/Блог/Мозговой штурм](http://TexTerra.ru/Блог/Мозговой_штурм) Опубликовано 28 ноября 2016
12. Expanding the Application of EFQM model for Institutional Accreditation of Educational Organizations print Advances in Social Sciences Research Journal – Vol.8, No.1 Publication Date: January 25, 2021 DOI:10.14738/assrj.81.9624.P.289-295
13. EFQM Framework ec.europa.eu/easme/sites/easme...EFQM-framework...
14. The RADAR matrix cycle as a methodology of EFQM.. researchgate.net/figure/The-RADAR-matrix...as...EFQM...
15. Яковлев Е.В. (2000) Теория и практика внутривузовского управления качеством образования: дисс. док. пед. наук. - Челябинск, 2000 – 418 с.

Х.М. Омарова,

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы М. Исламқұлов атындағы жалпы орта мектебі, Бастауыш сынып мұғалімі

ӘЛЕМДЕГІ ҚАРҚЫНДЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім парадигмасының өзгерулерімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А. Коменскийдің, И. Герbartтың дәстүрлі объекті-субъектілігі педагогикасының орнына басқасы келді, ол балаға оқу қызметінің субъектілер ретінде, өзін-өзі өзектендіруге, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде көрініс болуда. Мұндай жағдайды педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысы емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Бүгінгі Әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні "білім қоғамы" және "білім экономикасын" құру бағытында. Бұл идея бүкіл білім беру жүйесіне реформа жүргізіп, оны модернизациялауды қажеттейді. Еліміз жоғары мектеп жүйесі Болонья процесінің идеяларын толығымен қабылдап, өзінің мазмұнымен мен болашағын осы үдеріске байланыстыру жоғарғы оқу орындарының жұмысына елеулі өзгерістер енгізілді. Менің ойымша бүгінгі күні Қазақстанды экономикасы дамыған жоғары білікті маманы және білім көкжиегінде өз орны бар, мемлекет ретінде көргіміз келсе, білім беру жүйесіне өзгеріс енгізу онда бірінші мәселе деп ойлаймын. Білім беру деңгейі – ғылыми техникалық прогрестің және экономикалық дамудың бастау көзі ретінде мемлекет пен қоғамның табысты дамуына кепілдік береді.

XX-ғасыр түрлі өзгерістерге негізделген. Білім мен ғылымның дәуірлеу кезеңі белең алып тұрған заманда білім саласына өзгеріс енгізу ұшқыр қиялды үнемі ізденіс үстіндегі мұғалімнің ғана қолынан келеді. Қазіргі оқу үдерісінде болып жатқан түрлі өзгерістер барлығымызды бір жағынан алаңдатуда, бір жағынан қызықтырып отыр. Біз осы өзгерістің тиімді жақтарын қабылдай отырып, қолдануға міндеттіміз деп ойлаймын. Бізге озық елдердің реформалары білім беру жүйемізге де тың серпіліс беруде. Сондықтан мен озық елдер қатарындағы біршама елдердің реформаларына шолу жасадым. Шолу жасай отырып, Білімі жоғары дамыған елдердің Жапония, Финляндия, Сингапур, білім беру үрдісінде Қазақстанның жағдайына ыңғайлап, етіп енгізудің маңызы мол болады деп ойлаймын.

Осы елдердің бірнешеуінің білім беру жүйесіндегі жүргізіліп жатқан реформалардың өзіндік ерекше тұстарына тоқталсып өтсем, XX ғасырдың 80-ші жылдары Финляндия елінің білім беру жүйесіндегі реформалар жүзеге аса бастаған екен. Осы жылдар арасында білім беру жүйесі көптеген жетістіктерге жетіп отырған. Оны дәлелі ретінде айтсам Финляндия 50 елдің ішінде зерттеулер нәтижесіне бірінші орынға шыққанынан білдім. Бұл елдің мектептерінде міндетті оқу 9 жыл және барлық бала бірдей білім алады екен. Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі (әртүрлі жетіспеушілігі немесе мүкістері) бар балалар да бірге білім алады екен. Олардың өздерін басқаша сезінуіне жол

берілмейтіндігі маған ұнады. Мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынас достастыққа бағытталған. Ата-аналар мен оқушыларға мұғалім беделі ылғи да жоғары тұрады екен. Яғни мұғалімнің құзыреттілігі жоғары деңгейде. Қабілетті оқушылар сабақ үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі және ол әрқашан қолдау табады. Оқушылардың 96 пайызы 9-сыныптан соң гимназияларға немесе кәсіптік училищелерге түседі және оқу орындарына түсуге арналған арнайы емтихандар алынбайды. Кәсіптік училищелер мен гимназияларды бітірген соң бітіру емтиханын тапсырып жоғары оқу орындарына түсулеріне болады екен. Финляндияда сауаттылық деңгейі өте жоғары, кітапхана қоры өте мол, кітапханалар мен оқу орындары арасында байланыс жоғары деңгейде дамығанын байқадым. Тағы да шолу барысында байқағаным бастауыш мектептерде әрбір төртінші педагог ер азамат екендігі, орта мектептерде ер мұғалімдер 45 пайызды құрайтындығы, тіпті мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде де ер азамат қызмет атқаратындығы болып отыр. Біздің елімізде ұлттық мәдениеті сақталған өзіндік құндылыққа ие. Бұл реформа мектеп оқушылары мен мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілері үшін бұл өте маңызды болып саналады және қуанышты жағдай. Сонымен бірге Финляндияда дарынды оқушыларға көп көңіл бөле отырып, гуманитарлық бағыттағы пәндерді көбірек оқытуды қажет деп санайды.

Финляндияда мұғалімдерге жағдай жасалған әлеуметтік мәселері шешім тапқан. Айтарлық әрбір мұғалімнің айлық көрсеткіші 2000 евро шақталған. Біздің елімізде айлық көрсеткішіміз аз, ең төменгі айлығымыз 40-60 мың теңге аралығында, ол ер азаматтар үшін ,аз айлық көрсеткіш. Финляндия еліндегідей айлық жалақымыз көп болса ер азаматтарымызда мұғалімдікті таңдаған болар еді. Қазіргі заманда мамандық күн көрістің көзіне айналуға .Ол ащы да болса шындық. Білімнің бастауы - мектеп. Сондықтан мектеп мұғалімдерінің айлық жалақысын көтерсе, біздің елімізде де ер азаматтар мұғалім болар еді. Финляндия еліндегідей бізде де дербес мектептер болғаны дұрыс. Зияткерлік мектептер бар, бірақ ол өте аз. Оған ата-аналар мен оқушылардың сұранысы көп. Дербес және зияткерлік мектептерді біздің елімізге көбейту керек деп санаймын.

Сингапурда жақын арада енгізілген ұлттық білім беру бағдарламасы ұлттық бірлікті , ынтымақтастық арттыруға, өмір сүру мен болашаққа деген нық сенімге негізделгендігіне куә болдым. Сонымен қатар Сингапурдың білім беру жүйесі икемі және қабілеті, қызығушылығы әр түрлі балалар сұранысын қанағаттандырады, рухани – адамгершілікке тәрбиелейді екен. Сингапурда қабылданған оқу бағдарламасы ана тілі ,ағылшын тілі, математика, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар, адамгершілік тәрбие деген сияқты пәндердің ауқымды, қамтып отырғаны байқалады. Себебі өз елінің мәдени мұрасын жоғары қоятындығы және оқушыларға түсіндіру үшін ана тілін оқытудың маңызы зор екені анықтадым. Бірақ оқушыларды оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі . Тәуелсіз мектептерді арнайы бағдарлама қадағалайды. Бұл мектептердің бағдарламалары екі тілді оқыту сияқты мемлекеттік талаптарға сәйкес келеді және мемлекеттік деңгейде экзамен тапсыруға қажетті дайындық береді. Біздің елімізде де ағылшын тіліндегі мектептер болғаны дұрыс, өйткені бізде озық елдер қатарына қосылуымыз керек деп санаймын. Тағы бір өзіндік ерекшелігі бұл мектептерде оқу бағдарламасын оқушы таңдауына еркіндік берілген. Сингапурда әрбір бала орта білім алу барысында кем дегенде 10 жыл оқуға міндетті екен. Сингапурдың білім беру жүйесінде басты назар оқу, санау, екі тілді меңгеру, физикалық және адамгершілік тәрбиеге, сонымен қатар еркін ойлау және шығармашылық деңгейі болып бөлінетіндігі жаңалық болмаса да мен үшін ерекшелік болып көрінді. Сондай-ақ тілдік саясатта әрбір бала тек өз ана тілі ғана емес өзге тіл ағылшын тілін де меңгеріп шығуы кере делінген. Яғни, бұл балаларға туған тілді де, ағылшын тілін де жетік білуге мүмкіндік береді деген сөз. Мектептерде сондай-ақ компьютерлік бағдарламалар енгізіліп жатыр екен. Білім беруге көп көңіл бөлінетіндігінің тағы бірашықты айғағы ретінде айтар болсам, әлеуметтік жағдайы нашар оқушылар үшін арнайы жеңілдіктер көрсету туралы бұйрық та шыққан. Ол бұйрықта әрбір 6 мен 16 жас аралығындағы оқушы үшін Edusave бағдарламасы жасалған. Әр баланың білім алуы үшін ашылған Edusave шотына белгілі көлемде ақша бөлінеді. Ал, ұсталмаған қаражат Орталық қамсыздандыру қорына аударылады екен. Оны кәметке толған кездеалып пайдалануға болады. Бағдарлама сондай-ақ жеке меншік мектептер оқушыларының шығындарының төрттен бірін жабу үшін стипендия төлеуді де қарастырған. Сонымен қатар бұл бағдарлама басқару органдарының қолдауына ие және мемлекеттік мектептер оқушылары да Edusave стипендиясын алады. Осылай қабілеті бар оқушыларды ынталандыру жүйесі жұмыс істейтіндігін байқадым. Негізінен Сингапурде үкімет техникалық базалық дайындық пен жоғарғы білімге басымдылық көрсетеді және көп ынталандыру стипендиясын тағайындайды. Ынталандыру мақсатында біздің елімізде стипендия тағайындалса білім саласында әжептеуір ілгерлеу болар еді деген ой. Біздің елімізде шәкірт ақы бар, сондықтан болар оқушылар грантпен ЖОО -на түсуге ынталы.

Жапония елінің білім жүйесіндегі реформалардың ерекшелігіне шолу жасағанда аңғарғанымыз, 1984 жылы ХХІ ғасырға арналған халыққа білім беру реформасының алғашқы дайындығы Жапония елінде басталып та кетіпті. Жапондықтар оны реформа эпохасының басталуы деп сипаттаған және жекелеген жақтары ғана емес білім беру жүйесінің негізі реформалануы тиіс делінген..

Жаңа реформаның негізгі міндеттері:

-Әрбір адамға өмір бойы әсер ететін, үздіксіз білім беру жүйесін қалыптастыру.

-Балалар мен жасөспірімдердің білім алу кезеңінде оқытудың құрамы мен әдісін қайта жасау.

Яғни біз ол елден көп қалық екенімізді мойындауымыз керек. Бірақ та қалдық екен деп отырмай, ол елдің озық реформаларын өз елімізге қосуды ұсынамын. Жапон елінде білім беру жүйесіндегі негізгі саяси көзқарастар әртүрлі қоғамдық және мемлекеттік структураларда қызмет ете алатын және ерекше ойлай алатын, шығармашыл жан дүниесі бай тұлғаны қалыптастыру болып табылатыны байқалды. Барлық білім беру жүйелері бір-бірімен тығыз байланысты және бір мақсатта – өсіп келе жатқан жас ұрпаққа дамыған жапон қоғамының ұлттық мәдени құндылықтарын беру мақсатын басымдылыққа алған . Әрине бұл әр ел үшін ерекше құндылық болмақ ,Құнды болып та қала бермек. Міне сондықтан да жапонияның білім беру жүйесі еуропалық мәдениеттің әсеріне ұшырамай ұлттық құндылықтарын сақтап отырғаны.Ал керісінше бізде ұлттық құндылықтарға аз көңіл бөлінген.

Концентрическая структура задумана так, чтоб осуществлялся переход от простого к сложному, постоянный возврат к уже рассмотренным материалам. Один и тот же вопрос повторяется несколько раз, причем его содержание постепенно расширяется, обогащается новыми сведениями, связями и зависимостями. На первых ступенях обучения географии даются элементарные представления, которые по мере накопления знаний и роста познавательных возможностей углубляются и расширяются.

Характерной особенностью *спиральной* структуры является то, что учащиеся, не теряя из поля зрения исходную проблему, постепенно расширяют и углубляют круг связанных с ней знаний. В спиральной структуре нет перерывов, характерных для концентрической структуры, нет и одноразовости в изучении знаний, которая отличает линейную структуру.

Современные учебники географии Казахстана сегодня все больше используют возможности *смешанной* структуры, являющейся комбинацией линейной, концентрической и спиральной структур. Она позволяет маневрировать при организации содержания, излагать в то же время отдельные его части различными способами[6].

Таким образом, одним из направлений педагогических исследований Казахстана являются определение научно-дидактических подходов к проектированию содержания учебников географии. Результаты исследований позволяют выявлять научно-дидактические и методические условия и требования к конструированию содержания учебников ориентированных на компетентностное обучение; разрабатывать методические требования к конструированию содержания учебников на основе казахстанского и международного опыта построения учебников; обосновывать научно-дидактические и методические подходы к конструированию содержания учебников в соответствии с обновленной программой.

Литература:

1. Рыжаков М.В. Академический школьный учебник: вопросы методологии. // Проблемы школьного учебника. М. ИСМО РАО. 2005. – 211 с.
2. Мамирова К.Н. Школьный учебник. Учебное пособие. А. 2015. – 221 с.
3. Мамирова К.Н. *Монография*. Школьный учебник (на примере анализа учебников географии). А. 2015. – 198 с.
4. Кусаинов А.К., Асылыов У.А. Актуальные проблемы учебниковедения. М. Просвещение. 2003. – 72 с.
5. Мамирова К.Н. Реализация компетентностного обучения посредством учебника. Ж. «Вестник Академии педагогических наук Казахстана», №3, 2010. 19–22 с.
6. Мамирова К.Н. Учебные ситуации как элементы содержания учебника, ориентированного на компетентностное обучение. Ж. География в школах и вузах Казахстана. №4, 2010. 13-17с.

5-СЕКЦИЯ

**АКАДЕМИК А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВТЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ПЕДАГОГИКА
САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕКТЕБІ**

**НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ШКОЛА АКАДЕМИКА А.К. КУСАИНОВА
ПО СРАВНИТЕЛЬНОЙ ПЕДАГОГИКЕ**

**SCIENTIFIC AND PEDAGOGICAL SCHOOL OF ACADEMICIAN A.K. KUSAINOV
ON COMPARATIVE PEDAGOGY**

Е.Х. Ишанов,

Полковник запаса, ветеран Афганской войны

КТО ВЫИГРЫВАЕТ ВОЙНЫ

*Учитель работает над самой ответственной задачей,
– он формирует человека. Педагог – это инженер человеческих душ.
М.И. Калинин*

Эти слова всесоюзного старосты очень емко отражают личность Аскарбека Кабыкеновича. В педагогику Аскарбек Кабыкенович пришел как инженер, получил признание в Германии именно с такой формулировкой – «Доктор-инженер ФРГ». Крепкое образование, полученное в политехническом университете позволило закончить аспирантуру в Германской Демократической Республики и защитить кандидатскую диссертацию на немецком языке по теме: «Исследование электрической дуги аппаратом Шлирена». Schlieren означает неоднородность в стекле. Аппарат Шлирена обнаруживает оптические неоднородности в прозрачных, преломляющих средах и выявляет дефекты отражающих поверхностей. Говоря по простому, он позволяет увидеть невидимое, например: дуновение ветра, течение воды или растворение одной жидкости в другой жидкости.

Этот подход позже ляжет в основу научно-педагогической школы Кусаинова – возможность увидеть порой невидимые процессы. Если как инженер Кусаинов А.К. исследовал шлирен-метод, основанный на преломлении света при прохождении через среды с различной плотностью, то как педагог, Кусаинов А.К. видел метод, основанный на сравнительно-педагогических характеристиках зарубежного и отечественного образовательной среды с различной так сказать «плотностью». Инженерный подход Аскарбека Кабыкеновича, его шлирен-метод дает возможность увидеть изменения не только в воздухе, но и в образовании. Его глубокое понимание систем образования в разных странах, желание повышать качество образования, учить детей, воодушевлять как учителей, так и учеников отражает мысль Уильяма Уорда: «Посредственный учитель излагает. Хороший учитель объясняет. Выдающийся учитель показывает. Великий учитель вдохновляет».

Для меня, человека, прошедшего немалый жизненный путь, встреча с такими людьми лишней раз показывает, как многому еще надо учиться. Очень рад, что для меня он стал тем, кого называют Учителем с большой буквы. Учителем, который умеет вдохновлять, знает, что обучение похоже на ухаживание за садом. И те, кто не знает, что делать с колючками, никогда не должны заниматься цветами.

Аскарбек Кабыкенович был научным руководителем моей магистерской диссертации «Развитие информационно-управленческой компетентности будущих руководителей структурных подразделений ВУЗА», преподавал в магистратуре «Сравнительную педагогику», где щедро делился полученными знаниями и побуждал к анализу современного состояния образования в глобальном, региональном и национальном масштабах. На его уроках мы занимались изучением тенденций и закономерностей развития зарубежного и отечественного педагогических культур.

Педагогическая компаративистика Кусаинова А.К. не просто анализ, сколько синтез, не простое внедрение успешного зарубежного опыта, а бережное включение с учетом особенностей культуры и сохранения национальных традиций. Аскарбек Кабыкенович очень трепетно относится к воспитанию и следует идеи Шалва Александровича Амонашвили: «Действительно гуманная педагогика – это та, которая в состоянии приобщить детей к процессу созидания самих себя». Данный процесс достаточно

сложный, в нем участвует много факторов, агентов, институтов. В своем интервью Кусаинов А.К. говорит об архиважной роли воспитания, где главными ответственными агентами являются семья и общество: «...без участия общественности повысить качество образования практически невозможно. Духовно-нравственное воспитание зависит от семьи. Если родители и общественные организации оторваны от школы, ни о каком повышении качества образования не может идти речь... У казахов тоже была традиция воспитывать детей родителями, деревней, школой, сейчас утрачено. Духовность – это культура, искусство, творчество».

В общении с коллегами, студентами Аскарбек Кабыкенович всегда вежлив, подает пример высокой культуры, с ним очень интересно беседовать и спорить, он не наполняет наши умы как сосуды, он зажигает наши умы как факел, заставляя думать, критически переоценивать и искать решения проблем. Ведь в педагогике самым хорошим примером служит сам учитель.

Он понимает ответственность перед учениками как задачу непрерывного самообразования, он мотивирует на дальнейшие задачи. Про таких как он говорят: «Идеальные учителя – это люди-мосты, которые предлагают своим студентам перейти на другой берег. В тот момент, когда они решаются, мосты разрушаются и учителя вдохновляют студентов строить свои мосты». (Никос Казандзакис).

Инженерное образование, профессиональный энтузиазм, системное видение, опыт руководящей работы привели к созданию «Академии педагогических наук Казахстана», позволившей отвечать вызовам, стоящими перед отечественным образованием. Под научным руководством Аскарбек Кабыкеновича разработаны проекты Национальной программы государственной поддержки образования и Государственной программы реформирования и развития системы образования Республики Казахстан, нового Закона РК «Об образовании» (2007 г.); он участвовал в разработке стандартов среднего образования; Основных положений государственного общеобязательного стандарта образования Республики Казахстан.

Аскарбек Кабыкенович занимался изучением проблем создания учебников, разработал систему мониторинга учебной литературы, подтверждая тезис В. Ф. Шаталова о том, что «Педагог не тот, кто учит, педагог тот, кто чувствует, как ученик учится». В одной из своих статей Кусаинов А.К. приводит аналогию А. Колмогорова, где академик сравнил создание учебника с конструированием реактивного самолета. Поэтому он сам, ратуя за качество образования, осваивал науку создания самолета, науку написания хорошего учебника. Становление учебниковедения как науки в Казахстане шло благодаря кропотливой работе по сравнению, отбору, анализу эффективности учебников, используя так сказать свой шпирен-метод. Аскарбек Кабыкенович правильно отмечает, что «учебная литература является важным идеологическим средством. Материалы, представленные во всех учебниках, должны воспитывать у молодежи глубокое чувство уважения, гордости и любви к своей Родине, Земле и своему народу. Они должны служить воспитанию молодого поколения настоящими патриотами своей страны» [1].

Много сил Кусаинов А.К. вложил в переводческую деятельность, результатом которой стал 31-томный сериал терминологических словарей, за что ему была присуждена Государственная премия Республики Казахстан. И эту деятельность можно выразить в афоризме Элберт Хаббард : «Учитель – это человек, который выращивает две мысли там, где раньше росла одна».

Отечественные и зарубежные коллеги отмечают масштаб личности Аскарбек Кабыкеновича, результаты его трудов востребованы не только в Казахстане, но и в ближнем и дальнем зарубежье, особой популярностью пользуется книга «Качество образования в мире и в Казахстане». Преданность делу, патриотизм А.К.Кусаинова можно проиллюстрировать словами Д.И.Менделеева: «К педагогическому делу надо призывать, как к делу морскому, медицинскому или тому подобным, не тех, которые стремятся только обеспечить свою жизнь, а тех, которые чувствуют к этому делу и к науке сознательное призвание и предчувствуют в нем свое удовлетворение, понимая общую народную надобность».

Важным моментом в деле служения образования для Кусаинова А.К. является ориентация на результат, о которой он начал говорить задолго до общественной повестки. На занятиях по повышению квалификации педагогов-химиков, он просил объяснить химические свойства жидких моющих средств и как знания по химии используются в повседневной жизни? Аналогичные вопросы задаем мы сами: как мы во взрослой жизни используем знания по тригонометрии например? Может полезней было бы в шахматы научить, стратегическому мышлению? Или научить составлению бизнес – планов? Это не просто вопросы, это попытки понять, как реформировать систему образования, как сделать обучение результативным, полезным каждому человеку и стране в целом. Ответ подсказывает Кусаинов А.К. утверждая, что «в развитых странах, где реализована парадигма образования, ориентированная на результат, одной из задач преподавания какого-либо предмета является применение полученных знаний на практике».

Практикорентированность является сегодня лейтмотивом в образовании и предстоит много сделать, чтобы она была актуальной и для этого педагог должен быть в авангарде социальных изменений, первым учиться новому, соответствовать современным требованиям. Аскарбек Кабыкенович подчеркивает, что в образование должны приходить лучшие, ибо «профессия учителя налагает большую ответственность, является очень сложной профессией, требующей особой избирательности, большого личного вклада, глубокого знания, хорошего понимания психологии ребенка, умения общаться с людьми, душевной чистоты и честности. Поэтому не каждый человек может быть хорошим учителем».

Аскарбек Кабыкенович свое призвание видит в расцвете школы, как колыбели возрождения, прилагая усилия, вовлекая людей в это благородное дело, понимая, что образование – это фундамент общества, не просто процесс становления, совершенствования, восхождения души, а целой нации и страны. Без сильной, развитой школы, достойного учителя, нет ни героя, ни поэта, ни политика, ни ученого, ни будущего. Поэтому, как человек военный, я хочу повторить слова Отто фон Бисмарка: «Войны выигрывают не генералы, войны выигрывают школьные учителя и приходские священники». Войны выигрывают такие как Кусаинов Аскарбек Кабыкенович!

Атем М.Н.,

*«Педагогика және психология» мамандығының 2 курс докторанты
Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор, академик Құсайынов А.Қ.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», деген ұлы кеменгер Абай Құнанбайұлы. Білім мен ғылым іздеп келген жас шәкіртке жақсы ұстаз болу, ақылгөй дана болу, жол көрсету көптің қолынан келе бермейтін іс. Ол үшін өзің үлгі болуың, сөзіңе ісің сай болуы маңызды. Осы тұста, мен ғылым жолындағы жетекшім Аскарбек Қабыкеноұлы туралы айтқым келеді. Әр секунды, минутына дейін жоспарлап жүретін, ұқыптылықты, тиянақтылықты сүйетін, нағыз перфекционист ғалымның шәкірті болу үлкен жауапкершілік. Аскарбек Қабыкеноұлының еңбекқорлығы, әр істі жан тәнімен жасайтындығы мені әр кез таң қалдырады. Еліне деген патриоттық сезімі, ғылым мен білімді дамытсам деген асқақ арманы ол кісіге бір минут та демалуға мұрсат бермейді. Бар өмірін білім мен ғылымға арнаған ғалым ұстаздың өмірі баршамызға үлгі боларлықтай.

Аскарбек Қабыкеноұлы Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Қайнар аулында халыққа сыйлы үлкен отбасында дүниеге келген. Германияның доктор-инженері, педагогика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, академик, Педагогикалық Ғылымдар Академиясының Басқарма төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері. Сондай-ақ, Қазақстанда «Салыстырмалы педагогика» ғылымының және Ұ. Асыловпен бірге «Оқулықтану» ғылымының негізін салған ғалым.

Ол жоғары оқу орындарына арнап жазылған алғашқы «Салыстырмалы педагогика» оқулығының, «Салыстырмалы педагогика әдіснамасы мен әдістері» оқу құралының, «Салыстырмалы педагогика» курсының типтік оқу бағдарламасының, осы салада жазылған көптеген монографиялық еңбектердің авторы. Оның ұсынысымен жоғары оқу орындарында Салыстырмалы педагогика пәні енгізілген. Салыстырмалы педагогика мәселелері бойынша 20-дан аса елдерде өткен халықаралық конференцияларда, симпозиумдарда, Бүкіл дүниежүзілік салыстырмалы білім беру қоғамдары кеңесінің (БСББҚК) Конгрестерінде баяндамалар жасаған.

А.Құсайыновтың бастамасымен Педагогикалық ғылымдар академиясы (ПҒА) жанынан Қазақстан Салыстырмалы педагогика кеңесі (ҚСПК) құрылды. Бұл кеңес АҚШ, Гавайя, Гонолулу қаласында өткен БСББҚК мәжілісінде оған толық мүше болып қабылданып, профессор А.Құсайынов оның Атқарушы комитетінің мүшесі болып сайланды.

2008 жылдан бастап Педагогикалық ғылымдар академиясы жыл сайын салыстырмалы педагогика ғылымының өзекті мәселелеріне арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіп келеді.

Аскарбек Қабыкеноұлының салыстырмалы педагогиканың дамуына қосқан үлесін әлем мойындаған. Танымал компаративист-ғалым А.Н.Джуринский өзінің Салыстырмалы педагогика деген оқулығында: «Салыстырмалы педагогикада дәстүрлі көшбасшылармен бірге жаңа көшбасшылар пайда

болды: Б.Л. Вульфсон, А.Н. Джурицкий, Н.Д. Никандров (Ресей); Ф.Альтбах, М.Кроссли, М.Экштейн (АҚШ); М.Брей (Гонконг); К.А. Торрес (Аргентина); Р.Коуэн (Англия); Ю.Шрейвер (Германия); Валь Руст, Фарик Жубиш (Франция); А.Кусаинов (Қазақстан); Юкико Санаво, Т.Эндо (Жапония) және т.б.» – деп жаза отырып, академик А.Құсайыновтың салыстырмалы педагогика саласындағы еңбегін жоғары бағалап, оны әлемдегі көшбасшы компаративист-ғалымдардың қатарына қосқан.[1]

А.Құсайынов 2000 ж. ҚР Президенті жарлығымен бекітіген «Білім беру» бағдарламасын және 2006 ж. қабылданған ҚР «Білім туралы» Заңын (жаңа редакция) жазуға тікелей араласқан ғалымдардың бірі.

Профессор А.Құсайынов Ы.Алтынсарина атындағы Ұлттық білім академиясының президенті болып жүріп Мемлекеттік білім беру стандарттарын жасау мақсатында көптеген жұмыстар атқарды. 2002 ж. А.Құсайыновтың, М.Ж. Жадринаның және С.Д. Муканованың жалпы басшылығымен 6-том жинақ «Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті орта білім беру стандартының негізгі ережелері» және 41 стандарт пен 34 оқу бағдарламалары жазылған «Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары» жазылып, бекітілді. Осы жұмысқа жүздеген ғалымдар, мұғалімдер мен әдіскерлер жұмылдырылды. Бұл стандарттар елімізді білім беру жүйесінің дамуына мол үлес қосты.

Бастапқы білімі инженерлік болғандықтан, әр нәрсені математикалық тұрғыда шебер қарастыратын ғалым бүгінде білім беру жүйесінің құрауыштарын формула түрінде ұсынып, орта білім беру сапасын арттырумен айналысуда. Орта білім беру сапасын ғылыми негізде арттыру мақсатында Түркістан облысының Ордабасы, Төлеби, Сайрам және Отырар аудандарында эксперимент жұмысын ұйымдастырды. Экспериментке 3171 оқушы, 385 мұғалім қатысты. Эксперимент жетекшісі ретінде ғылыми негізделген тұжырымдама, эксперимент бағдарламасын, экспериментке қатысушы мектепке, аудандық әдістемелік кабинетке, облыстық білім беру орталығына жұмыс жоспарын ұсына отырып, жүйелі жұмыстың арқасында оң нәтижеге қол жеткізді.[2,3] Эксперимент барысында үнемі мектеп мұғалімдеріне қолдау көрсетуге ұмтылатын ғалым ұстаздарға әдістемелік көмек көрсетуге, тәжірибе алмасуға жол ашу мақсатында қолданысқа Ақылдасу сабағын енгізді. Ақылдасу сабағында мұғалімдер бір-бірлерін сынамастан, әріптестік көмек беруге ұмтылды.

Шетелдің білім беру жүйесін зерттей отырып, бүкіл әлемдік салыстырмалы талдау жасаудағы негізгі мақсаты еліміздің білім беру жүйесін дамыту болатын. Білім әлемдік, ал тәрбие ұлттық болу керектігін терең түсінетін ғалым ұстаз ешқашан бала тәрбиесін тасада қалдырмаған. Қазақ баласына сапалы білім беру мен қатар ұлттық тәрбие берілу керек деп ұрандайтыны әрбір ісінен байқалатын патриот тұлғаның бойынан ел мен жерге деген, оның болашағына деген үлкен сүйіспеншілікті байқауға болады.

Үнемі орта білім беру сапасын қалай арттырамыз деген сұраққа жауап іздеу барысында маған «Біз мың балаға қалай білім беруді емес, бір балаға қалай білім беруді ойлауымыз керек» деп баланың тұлғалық құндылығын асқақтатып отыратын жетекшінің сөзінен, ол кісінің шын мәнінде үлкен жүректі ұстаз екенін түсіндім. Ол өзінің «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» атты оқулығында «Орта білім беру сапасын көтеру үшін білім беру құраушыларының әр қайсысы әр бір бала үшін жұмыс жасауы қажет. Сонда ғана сапалы білім мен білімді ұрпақ қалыптасады» деп жазған болатын.[4]

«Ұстаз – ұлт игілігі»,– деп есептейді жапондықтар. «Үш қадам артқа шегін, бірақ мұғалімнің көлеңкесін баспа»,– дейді ежелгі даналық. Ұстаздың тәрбиесі мен өнегесі шәкірттің болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Сол себепті де, өмірі өнегелі, әр сөзі тәлім-тәрбие беретін, білім мен ғылым жолында сара жолы бар, еліміздің білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына зор үлесін қосқан ғалым ұстаздың жолын жалғастырар шәкірті болғанымды бақыт санаймын. Ұстазымның мерейтойы қарсаңында Ұстаздық атты ұлы жолда жасаған еңбектеріңіз ақтала берсін, мақтан тұтар шәкірттеріңіз көп болсын деген тілегімді арнағым келеді.

Әдебиеттер:

1. Джурицкий, А. Н. Сравнительная педагогика. – Москва : Издательство Юрайт, 2013 – 26 с.
2. Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізілетін эксперименттердің тұжырымдамасы. – Түркістан, 2019. – 16 б.
3. Құсайынов А.Қ. Алғы сөз // Білім сапасын ғылыми негізде көтеру: Түркістан облысы Ордабасы және Төлеби ауд. 2018-2019 о.ж. жүргізілген эксперименттің қорытынды есептер жинағы. – Алматы: ПҒА, 2019. – 264 б.
4. Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. – 196 б.

*Қ.А. Аманбаева,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы,
М. Исламқұлов атындағы ЖОМ, география пәні мұғалімі*

САПАЛЫ БІЛІМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Бүгінгі таңда жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанға айналу, жанарту үдерісі қоғамның барлық саласында жүргізілуі әлемдік деңгейге сай дамуды талап етеді. Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – білімді де білікті, іскер де белсенді азаматтар. Әрине, келешектің иесі – жас ұрпақ және жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына ұқсас келеді. Сондықтан да қоғам талабына сай, әлемдік өркениет көшіне ұялмай тізе қостыратын, дамыған елдермен терезе теңестіретін, бәсекелестікке қабілетті отыз елдің санатына қосылу үшін елімізге тәрбиелі, білімді ұрпақ керек екені айтпаса да түсінікті. Қазіргі таңда еліміздің білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары, сапалы білім беруге қол жеткізіп, оны қоғамның және еліміздің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру. Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде қоғам өркендеуінің индикаторы функционалдық сауаттылық болып табылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әр түрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептегі білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзіреттілігі қалыптасуы тиіс. Бүгінгі таңдағы оқушылардың білім сапасы олардың функционалдық сауаттылықтары қандай деңгейде қалыптасқандығы мен нәтижеге бағдарланған білімімен анықталады. Білім сапасын көтеру мақсатында Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті, академик А.Құсайыновтың ғылыми жетекшілігімен Түркістан облысы, Ордабасы ауданында «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбында жүргізілген эксперименттік жоба нәтижелі болды.

Эксперименттің мақсаты: оқушылардың білім сапасын ғылыми негізде арттыру.

Осы мақсатты жүзеге асыруда эксперимент жетекшісі А.Құсайыновтың 8 жүйе құраушысы бар формуласын негізге алып, көптеген ізденіс жұмыстарын жүргіздім.

Эксперименттің алға қойған міндеттері мынадай болды:

- білім стандарты мен оқу бағдарламасының сапасын көтеру;
- оқу әдебиеті сапасын көтеру;
- педагог кадрларының кәсіби біліктілігі;
- білім мониторингі сапасы;
- рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие сапасы;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы;
- басқару жүйесінің сапасы;
- материалдық-техникалық база сапасы.

Эксперимент жасау кезеңінде әрбір жасаған іс-әрекетімізге талдау жасап, зерттеуді үйрендік. Осы орайда оқушылардың білім сапасын көтерудің бір жолы ретінде тізбектелген ақылдасу сабақтарын жоспарладық. Тізбектелген сабақтар барысында оқушылардың оқып үйренуінде ілгерілеу байқалып отырды. Ақылдасу сабақтары әріптестеріміздің кәсіби біліктілігін көтеріп, білімін жетілдірудің тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісін меңгеруге көп септігін тигізді. Мен білім алушылардың білім сапасын көтеру барысында сабағымда күтілетін нәтиже туралы мағлұмат беруден бастадым. Сабағымда оқушылардың деңгейіне қарай саралау жұмысын жүргіздім. Әр деңгейдегі оқушыларды зерттей келе, оқушыларға қабілетіне қарай тапсырмалар беру қажеттігіне назар аудардым. Жоғарғы деңгейдегі оқушыны шығармашылықпен яғни жеке ізденуіне мүмкіндіктер беру арқылы соған жетелеу. Орта деңгейдегі балаға тақырыптағы нақты мәліметтерді анықтауға, өз ойларын ашық айтуға, дағдыларын ой өрістерінің дамуына мүмкіндіктер беруге жол ашу. Оқуға мотивациясы төмен деңгейдегі балаға тапсырма беру барысында тапсырманың жеңіл түрін түрлендіріп беру, ойларын ашық айтуына, сөздік қорын молайту үшін әдеби кітаптар оқуға, тілді жаттықтыру үшін жаңылтпаштар айтқызу, есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін жұмбақтар айтқызу және әр сабақты жаратылыстану бағытындағы пәндермен байланыстырып отырдым. Балалардың білім сапасын көтеру үшін қандай мәселе өзекті екендігі туралы ойланып және оны қандай жолмен жоғарылату керек екенін ойша сараладым. Күнделікті сабақта бала нәліктен үлгермеді, не кедергі келтірді, қай ережені меңгермеді, ол жолдан қалай алып шығу керектігін ойлана келе, оны кері байланыстары арқылы рефлексия жасап,

әр баланың жасаған кері байланысы мен ұсыныстарына талдау жасап, келесі сабақта ол кемшіліктерді болдырмауды жоспарладым. Күнделікті жұмысыма рефлексия жасап «күнделік» жазуға дағдыландым. Күнделік жазу арқылы күнделікті жұмысыма зерттеу жүргізіп өз тәжірибемді жетілдіріп отырдым. Балалар жұмыс жасау барысында бірін-бірі мадақтап, коментарилер айту арқылы бағаланып отырды. Ол да өздерінің білімге деген құштарлығын арттырып, әсерін тигізіп отырды. Сонымен қатар саралау жұмыстарынан кейін әрбір оқушының деңгейлеріне қарай тапсырмалар дайындадым. Деңгейлік тапсырмаларды түрлендіре отырып қолдану білім сапаларының артуына өте көп көмегін тигізгеніне көз жеткіздім. Тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай ауыстырып отырдым. Оқушылардың білім сапасының жоғарылауына бірден-бір септігін тигізген «аралық тест» болды. Әр бөлімнен кейін «аралық тест» алып отырдым. Тест алу барысында оқушылар арасында бәсекелестік пайда болып өзара байланыс орнатып отырды. Әр тест қорытындысы сынып кабинетіне ілініп отырды. Сабақ барысында оқушыларда өткен сабақтарға қарағанда сенімділік пайда болғанын аңғардым. Сыныпта өзіндік идеясын ұсынып, болжамдар жасайтын ғылым мен техника саласында ерекше қабілетін көрсете алатын зияты жоғары оқушылар кездесе бастады. Өз пікірін айтуда «Неге?», «Қалай?» деген сұрақтар қойып, жаңалық ашуға ұмтылатын оқушылар байқалды. Топтық жұмыста топ мүшелері бір-бірімен әңгімелесу негізінде ой бөлісіп, пікірлерін ашық айту арқылы ортақ шешімге келіп, топтағы әр оқушыға өз тобы үшін жауапкершілікті сезініп, белсенділік танытты. Сабаққа көп қатыса бермейтін оқушылардың да өз ойларын ортаға салып, пікірлерін айтуға ұмтылғаны байқалды. Бұл жерде оқушылардың білімдерінің алға қарай жылжуы анық байқалып отырды. Оқушылардың бірлесіп жұмыс жасауы барысында өздеріне деген сенімділік пен шыншыл, ынтымақтастық қарым-қатынасы нығайды. Сонымен қатар бір-біріне жанашырлық көзқараспен қатар, артта қалған баланы өздерінен тастамай, алға жетелеу сезімдері мен достық қарым-қатынастары артты. Олар бірлесе отырып, жаңа тәсілдерді пайдаланып жүргізген сабақтарда көптеген жаңа идеялар алды деген сенімдемін. Әр сабаққа күнделікті жоспар құру барысында оқушының белсенділігін, ой-өрісін кеңейтудің, сыни ойлауды дамытудың, тиімді әдістерін іздестіріп, оларға ең тиімді жақтарын қарастыра отырып жоспарладым. Оқушылармен үнемі пікір алмасып отырдым. Пікірлерін тыңдап жеке-жеке жауап қайтардым. Оқушылар да өз ойларын ашық айтуға машықтанды. Бұл да білім сапаларын арттырудың бір тиімді жолы болды. Түрлі әдістер мен күнделікті қадағалау сабақ барысында дарынды оқушыларды анықтауға болатындығын дәлелдеді. Күнделікті сабақтарда орташа деңгейде көрініп жүрген оқушылардың сабаққа қызығушылықтары оянды, білімге деген ынтасы, белсенділігі артты. Балалардың білім сапасының көтерілуіне оқушылардың кері байланыс жасауы да көп ықпалын тигізді. Сабақтың соңында берген әр баланың кері байланысын ерінбей оқып, берген ұсынысын келесі қадамдарды анықтауға дағдыландым. Кеткен кемшіліктерге жеке-жеке рефлексия жасап, келесі сабақтарда ол кемшіліктерді жойып отырдым. Балалар да осы дағдыға қалыптасып, өздерінің жіберген кемшіліктерін дер кезінде түзетіп, білмегенін сұрап, мұғаліммен ақылдасып, өз араларында талқыға салып, уақытында түзеп отырды. Қорыта келгенде, эксперимент негізінде мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда жаңа көзқарас қалыптасты. Ақылдасу сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, алған білімдерін өмірде, кез келген әлеуметтік ортада қолдана алуға үйретеп келеміз. Сондықтанда болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана екенін естен шығармауымыз керек. Біздің еліміздің тірегі, зияткерлік – ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы – біздер үшін маңызды міндет!

Әдебиеттер:

1. Құсайынов А.Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. Алматы 2013
2. Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізілетін эксперименттердің тұжырымдамасы. Түркістан 2019-16 б.

*Б.А. Абдукаримов,
Түркістан облысы, Отырар ауданының адами
әлеуметті дамыту бөлімі, әдістемелік кабинеттің әдіскері*

САЛЫСТЫРМАЛЫ ПЕДАГОГИКА САЛАСЫНЫҢ РӨЛІ

*Ғылым білімге қонады, ғылымсыз білім тым құрғақ.
Жүсіпбек Аймауытов*

Қазақстан Республикасында білім беру саласында жүріп жатқан реформаның басымдық алуы мемлекет дамуындағы ұзақ мерзімге межеленген мақсаттарға жету бағытындағы қоғамдық прогрестің заңдылықтарынан туындайды. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы қоғам өмірінің барлық саласында, соның ішінде әлемдегі елдердің озық тәжірибесін тиімді пайдаланып тұлға қалыптасуының негізін қалайтын орта мектептің білім беру жүйесінде оң өзгерістер жасауды қажет етеді. Болашақ ұрпақтарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, қазіргі мектептің құрылымы мен білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер оқу – тәрбие үдерісін жетілдіруге жаңа талаптар қояды.

Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Қазіргі кезде «білім» ұғымының мағынасы өте терең, ол өзінің құрамына өмірдің әлеуметтік және мәдени жағдайларын да қамтиды. Сондықтан оқушылардың мәдени құндылықтарды, әртүрлі іс-әрекет түрлерін, білім мен білік, дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік тудырады. «Білім беру сапасына» оқыту мен оқу, тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу, дамыту мен өздігінен даму, тұлғаның әлеуметтенуі мен жан дүниесінің өсуі жатады. Сондықтан білім беру саласы қоғам мен өркениеттің проблемаларын шеше отырып, білім сапасының маңыздылығын арттырады.

Білімнің қайнар көзі – мектеп. Яғни, білім мектептен басталады. Олай болса, жас ұрпақтың білімінің сапасын арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселелері болып табылады. Осы тұрғыда салыстырмалы педагогика саласының аларорны ерекше.

Салыстырмалы педагогика білім берудің басымдықтарын жақсырақ танып-білуге, олардың дамуын бағыттауға және болжамдауға мүмкіндік береді. Ол білім берудің заманауи проблемаларын біртұтас көре білуді қамтамасыз етеді және оларды шешу мүмкіндіктерін көрсетеді. Білім беру жүйелерін талдау білім беруді ұйымдастыруға әсер ететін әр түрлі факторлар серпінін түсінуі ғана емес, білім беру жүйесіне сыни көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Жалпы, салыстырмалы педагогика – педагогика ғылымының шетелдердегі тәрбие және оқыту жүйесін салыстырмалы түрде зерттейтін саласы.

Яғни, салыстырмалы педагогика, басқаша компаративистика (лат. comparativus – салыстырмалы) деп аталатын педагогика-халықаралық педагогикалық тәжірибені, сондай ақ, ондағы барлық оңды нәрселерді пайдаланудың мүмкіндіктері мен жолдарын зерделеумен айналысатын заманауи педагогика салаларының бірі.

Олай болса, еліміздегі салыстырмалы педагогиканы зерттеп жүрген Педагогика ғылымдар академиясының президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Кусаинов Аскарбек Кабикенович «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» еңбегінде білім сапасын арттырудың нақты формуласын көрсетті.

Әуелі білім беру саласының әлемдік табелін анықтау бойынша өз зерттеулерінің нәтижелерін мысалға келтіре отырып, көптеген ғалымдардың жүргізген білім беру сапасының артуына және әлемдегі көш бастап келе жатқан білім беру жүйелерін жетілдіруге алып келетін, жалпы басым бағыттарды анықтау жөніндегі зерттеулердің нәтижелерін талдау жүргізді.

Бұл зерттеуде даму сапасы мен динамикасындағы айырмашылықтар неге байланысты екенін анықтау үшін 25 елдің және бір-біріне мүлде ұқсамайтын бастапқы ұстанымға ие болған және маңызды әрі тұрақты табысқа қол жеткізген білім беру жүйесін зерттеді.

Сондай-ақ, білім сапасының артуын қамтамасыз етуге әсер ететін төмендегідей алты факторды анықтап, тұжырымдамасын жасады.

1. Білім беру стандартының халықаралық талаптарға сәйкес келуі;
2. Педагог кадрлар мәртебесі және олардың кәсіби біліктілігінің деңгейі;
3. Білім беру сапасын бағалаудың шынайылығы;
4. Өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру ісінің тиімділігі;

5. Білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер;

6. Білім беруді басқару жүйесінің тиімділігі.

Асқарбек Кабикеновичтің бастамасымен білім сапасын арттыруға бағытталған «Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбында 2019-2020 оқу жылында 2, 6 сыныптарға эксперимент ретінде Қазақстан тарихы, жаратылыстану, математика, әдебиеттік оқу, қазақ тілі пәндері енгізілді.

Осылайша экспериментке енгізілген 5 мектепте (С.Құртаев атындағы шағын жинақты жалпы орта мектеп, Отырар жалпы орта мектеп, Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектеп, С.Әшіров атындағы жалпы орта мектеп, Ш.Қалдаяқов атындағы мектеп-гимназиясы) тұжырымдама негізінде 42 мұғалім жұмыс жасады және оған 359 оқушы қатысты.

Осыған орай, тұжырымдама негізделген бағыттар бойынша төмендегідей жұмыстар нақты атқарылды.

1. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі сапасын көтеру (С_{ккб}) мақсатында мұғалімдерге және мектеп басшыларына әдістемелік көмек көрсетілді. Мұғалімдердің кәсіби құзыретін көтеру жолдары қарастырылды. Белгілі бір пәндерден сабақ беретін мұғалімдердің бір-бірімен тығыз жұмыс жасауларын қамтамасыз ету және ол үшін әртүрлі іс-әрекет формаларын қолдануларына қолдау көрсетілді. «Ақылдасу сабақтарын» өткізу, оған басқа мектептерде сабақ беретін пән мұғалімдерінің қатысуына және ол сабақтардың нәтижелерінің тиянақты талқылануына қолдау көрсетілді. Мұғалімнің педагогикалық қызметі сапасын бағалау жүйесі құрылды. Мұғалім еңбегін қолдау және ынталандыру жүйесі ұйымдастырылды. Барлық эксперименттік сыныптарда эксперименттік пәндерден бірдей сабақ берілуі қамтамасыз етілді. Мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасауларына қолдау көрсетілді;

2. Білім мониторингі сапасын көтеру (С_{мс}) мақсатында оқушылардың оқу жетістіктері туралы жан-жақты ақпарат алу және оларды қортындылап отыру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың білім сапасы қадағаланды. Артта қалушылар дәрежесіне өту қаупі бар оқушыларды қолдауға бағытталған шаралар жүргізілді. Бір пәннен дәріс беретін мұғалімдер белгілі бір тарауларды оқушылардың меңгеруін жан-жақты талдап, қортындылар шығарып отырылды. Озат іс-тәжірибені жинақтау және оны қолдану жұмыстары жүргізілді. Эксперименттік сынып оқушыларының білім сапасын экспериментке қатыспаған сынып оқушыларымен салыстырып, тиісті қортындылар жасалынды.

3. Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын көтеру (С_т) мақсатында оқушыларға «Мәңгілік ел» және басқа да ұлттық идеялардың мән-мағынасын түсіндіріліп, оларды осы идеялар аясында тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінді. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатылып, бірге жұмыс жасау жолдары жоспарланды. Ата-аналарды бала тәрбиесі мен олардың сапалы білім алуларына жұмылдырылды және бала тәрбиесін басты назарда ұстауларына педагогикалық тұрғыдан көмек көрсетілді. Оқушыларға ел бірлігін, толеранттықты және халықтар достығын сақтау идеяларының маңыздылығы түсіндірілді. Оқушылардың рухани бай тұлға болып өсулеріне қамқорлық жасалынды және еңбексүйгіштік қасиеттерін дамытып, денсаулықтары мен қоршаған ортаны сақтау мәдениеті қалыптастырылды.

4. Экспериментке қатысты зерттеу жұмыстарының сапасын көтеру (С_з) мақсатында ақылдасу сабақтарының өткізілуі мен олардың талқылануына көңіл аударылып, нәтижелілігін көтеруге қатысты пікір білдірілді. Мұғалімдердің оқушыларға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие берудегі тәжірибелерін зерттеп, нәтижелі іс-шараларын, озық тәжірибелерін тарату жұмыстары жүргізілді. Эксперименттік сынып оқушылары ата-аналарының мектеппен өзара іс-әрекеттерін зерттеп, оны жетілдіру жолдары қарастырылып отырылды. Мектеп басшыларының экспериментті ұйымдастырып, оны басқарудағы іс-тәжірибелерін жинақтап, қажетті қорытындылар шығарылып отырылды.

5. Басқару жүйесінің сапасын көтеру (С_{бас}) мақсатында аудандық білім бөлімі (қазіргі адам әлеуетті дамыту бөлімі) тарапынан эксперимент өткізуге қатысты арнайы бұйрық шығарылды. Экспериментке қатысатын мектеп директорларымен, мұғалімдермен арнайы мәжіліс өткізіліп, олардың міндеттерін кеңінен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

6. Материалдық база сапасын көтеру (С_{мтб}) мақсатында эксперименттік сыныптарда жұмыс жасайтын мұғалімдерді қажетті оқу-әдістемелік және қосымша құралдармен, компьютерлік техникамен қамтамасыз етілді және оларға мүмкіндігінше қажетті жағдайлар жасалынды.

Осы жоғарыда аталған жұмыстардың нәтижесінде эксперименттік сыныптардың білім сапасы 4 пайыздан 8 пайызға артты. «Бұлақ көрсең, көзін аш» -деген, қазақ халқымыз. Эксперименттік сыныптармен жұмыс жасау барысында Асқарбек Кабикеновичтің тұжырымдамасының білім сапасын артуына оң ықпал еткені сөзсіз. Олай болса, барлық сыныптарға (барлық пәндерге) енгізілсе, жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім берілетіндігіне кәміл сенімдімін. Сондықтан да, егер біз білім

сапасын арттырғымыз келсе, онда, бірінші кезекте еліміздің барлық өңірлеріндегі мектептеріне Аскарбек Кабикеновичтің «Білім сапасын арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбындағы тұжырымдамасы негізінде жұмыс жүргізілуі тиіс – деп білемін.

Әдебиеттер:

1. А.Құсайынов. «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы». – Алматы, 2013.
2. Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті Аскарбек Кабикенұлы Құсайыновтың «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» тұжырымдамасы
3. А.К.Құсайынов. Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізілетін эксперименттердің ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ;

*Ж.Г. Искакова, Е.Х. Ишанов,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.*

ҚР МЕН ҚХР МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Білім беруді белгілі бір білім жүйесін, дағдыларды, ойлау тәсілдерін игеру процесі мен нәтижесі ретінде және осы негізде жеке дамудың тиісті деңгейіне кепілдік беру бейнесі ретінде қарастыруға болады. [1]. Білім берудің бастапқы кезеңінде балалардың моральдық сипаттағы жағдайын қалыптастыру, сонымен қатар олардың зияткерлік және физикалық қабілеттерін дамыту маңызды. Білім беру мазмұнының өзегі белгілі бір мәдениетте бар студенттердің құндылық бағдарларын қалыптастыру болып табылады.

Мектептегі оқыту үдерісі – жалпы білім беру процесінің маңызды кезеңі болып табылады. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5-бабы, 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленген болатын. 05.05. 2020 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілді [2].

Қытай Білім Министрлігі де «Жалпы білім беру Кодексін» шығарған (2015 жылы қайта қаралған) [3]. Жаңа "Кодекс" мектеп оқушылары үшін жалпы дамудың негізгі талаптарын қарастырады: жоғары моральға тәрбиелеу, білім беру, дене шынықтыру, эстетикалық тәрбие және еңбек.

Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік білім беру стандарттарына салыстырмалы талдауларды біздің білуімізше – қазақ жәте қытай халқының ғылымында ешкім жасаған жоқ.

Біздің зерттеу нысанамыз Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жалпы білім берудегі мемлекеттік білім беру стандарты. Зерттеу пәні – стандарттардың құндылық параметрлері. Мақаланың мақсаты екі стандарттың құндылық бағдарларын салыстырмалы талдау болып табылады. Зерттеу материалы: ҚР мен ҚХР білім беру стандарттары.

ҚР білім беру стандарты білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, білім берудің мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру қызметін:

- 1) осы стандартқа;
- 2) оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларына;
- 3) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы белгіленген тәртіппен бекіткен басқа да нормативтік құқықтық және құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады. [2].

"Қытай тілі бағдарламаларын міндетті оқыту стандарты" бойынша оқу бағдарламасының мақсаты оқушыларға ана тілін үйрету барысында патриотизмді, ұжымшылдықты, социалистік идеология мен моральды, салауатты эстетикалық талғамды, тұлға ретінде дамыту, сондай-ақ жаңашылдық пен ынтымақтастық рухын дамыту, біртіндеп өмірге оң көзқарас пен дұрыс дүниетанымдық құндылықтарды қалыптастыру қажеттігін көрсетеді [4].

Мәдениеттің қалыптасуы тұрғысынан Қытай стандартында қытай мәдениетінің тереңдігі мен даналығын білу, қазіргі мәдени өмірге қамқорлық жасау, жеке мәдениеттерді құрметтеу және мәдениет деңгейін арттыру міндеттері қойылған. Қытай стандартында "Оқушыларға арналған Кодекс" бар, ол тез есте сақтау мақсатында өлең түрінде берілген. Оқушылар оның мәтінін жатқа білуі керек. Ол 9 тармақтан тұрады. Алдымен, негізгі құндылықтар немесе құндылық белгілері бар 7 иероглиф, содан кейін нақты түсініктемелер – егжей-тегжейлі көрсетілген. Бұл қағида Кодекстің бүкіл мәтінінде

сақталады. ҚР стандартында оқушыларға арналған кодекс жоқ және оқушылар стандартпен таныс емес, ол мұғалімдерге арналған.

Алдымен "құндылық" ұғымының мағынасын анықтайық. «Мәдениеттанудың үлкен түсіндірме сөздігі» құндылықты «қоршаған әлем объектілерінің оң немесе теріс маңыздылығы... олардың қасиеттерімен емес, олардың адам өміріне, ...әлеуметтік қатынастарға қатысуы; моральдық принциптер мен нормаларда, идеалдарда, көзқарастарда, мақсаттарда көрсетілген осы маңыздылықты бағалау критерийлері мен әдістері " ретінде анықтайды [5].

Құндылықтардың әртүрлі жіктелуі бар. Біз Б.С. Ерасов ұсынған жалпы қабылданған типологияны таңдадық: өмірлік, әлеуметтік, саяси, моральдық, экономикалық, діни және эстетикалық құндылықтар [6]. Қазақстан мен Қытай стандарттарында діни құндылықтар жоқ екенін бірден ескеруге болады. Әрі қарай, біз Қазақстан және Қытай стандарттарындағы құндылықтарды егжей-тегжейлі жіктейміз.

1-кестеден көріп отырғанымыздай, өмірлік құндылықтар Қазақстан және Қытай елінің нұсқаларында да бар. Салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру қажеттілігі барлық жерде атап өтіледі. Бірақ қытайлық "кодексте" нақты тұжырымдалуы керек, мысалы, күшті болу, өзін-өзі реттеу, денсаулықты қатаң сақтау, ішімдік ішпеу және т.б. Сондай-ақ жол қауіпсіздігінің ережелері егжей-тегжейлі көрсетілген: қызыл түс – тоқтау, жасыл түс – өту. Қазақстанда жол қозғалысының ережелері бойынша жаяу жүргіншілерзебрада тұрған кезде жүргізушілер жол беруі керек деп анықталса, Қытайда мұндай ереже жоқ, бірақ қазір кейбір қалаларда, мысалы Сиан қаласында, мемлекет тарапынан жүргізушілерді зебрадағы жаяу жүргіншілерге жол беруге ынталандыру жұмыстары жүргізілуде, бұл жол қозғалысының өркениетті формасын жасайды.

Экономикалық құндылықтар ертеден ақ түрлі халық өкілдерінің өмірінде маңызды рөл атқарады. Қазақстанның стандартында «материалдық және рухани құндылықтарға ұқыпты қарауды» дамыту міндеті тұжырымдалған. «Кодексте» қытай оқушыларынан үнемшіл, мұқият болу талап етіледі. Мұқияттылық бала кезінен тәрбиеленеді. Бұдан әрі егжей-тегжейлі ұстанымдар бар: гүлдер, шөптер, ағаштарды қастерлеу, материалдық ресурстарды үнемдеу: тамақ, су, электр энергиясына мұқият болу, экологиялық принциптерді басшылыққа ала отырып өмір сүру. 2021 жылғы халық санағына сәйкес, Қытайда 1,4 млрд адам тұрады, бұл ел халық саны бойынша әлемде бірінші орында. Қытайлық оқушыларға дәріптейтін ең маңызды құндылықтық ұстаным – міндетті түрде ресурстарды үнемдеу.

1-кесте

Қазақстан мен Қытайдың стандарттарындағы өмірлік, экономикалық және эстетикалық құндылықтар мен құндылық бағдарлары

Құндылық түрлері	Тұлғалық нәтижелер	
	ҚР	Қытайоқушыларының Кодексі бойынша
Өмірлік	Қауіпсіз, салауатты өмір салтын қалыптастыру	Күшті болу, өзін – өзі реттеу және өзін – өзі дамытумен айналысу, денсаулықты нығайту, темекі шекпеу, алкоголь ішпеу, есірткі қолданбау; өміріңізді бағалаңыз және қауіпсіздікке ұмтылыңыз (қызыл түс-тоқтау, жасыл түс-өту), суда абай болу, отпен ойнауға болмайды, өзіңді қорғай біл
Экономикалық	Материалдық және рухани құндылықтарға ұқыпты қарау	Үнемді болу, өз үйімен халқын қорғау; гүлдер, шөптер, ағаштарды қастерлеу; тамақты, суды, электрді үнемдеу; экология қағидаттарын сақтау; қоғамдық меншікті қорғау
Эстетикалық	Эстетикалыққұндылықтармен сезімдерді қалыптастыру	Салауатты эстетикалық талғам

Қазақстан мен Қытайдың білім беру стандарттарында белгіленген эстетикалық құндылықтар бірдей: эстетикалық қажеттіліктерді, құндылықтар мен сезімдерді қалыптастыру. Бірақ сонымен бірге "Кодексте" мынадай критерий бар: салауатты эстетикалық талғам қалыптастыру, бірақ бұл тұжырымдаманың мазмұны нақтыланбаған.


Саяси құндылықтарды қалыптастыру екі елдің білім беру стандарттарының міндеті болып табылады. Қазақстандық стандарт көпұлтты қоғамның демократиялық құндылық бағдарлары мен құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған (2-кесте). Қытайдың «Кодексінде» ҚХР-дағы ұлттық жағдаймен белгіленген «Қытай Коммунистік партиясына сүйіспеншілік» бірінші орынға шығады. ҚКП – билеуші саяси партия. Ол Қытайдың дамуын басқарады, сондықтан Отанға деген сүйіспеншілік партияға деген махаббатпен тығыз байланысты. Саяси құндылықтар Қытай өмірінде маңызды орын алады.

Қазақстан және Қытайдың жалпыға бірдей білім беру стандарттарындағы саяси құндылықтар мен құндылықтықбағдарлары

Құндылық түрлері	Тұлғалық нәтижелер	
	ҚР	ҚХР
Саяси	Көпұлтты қазақ қоғамының құндылықтарын қалыптастыру, демократиялық құндылық бағдарларын қалыптастыру	Қытай Коммунистік партиясына деген сүйіспеншілік, партия тарихын түсіну

Мектепте қалыптасқан құндылықтар мен құндылықтық бағдарлардың көпшілігі әлеуметтік болып табылады (3-кесте). Сөзсіз, Отанға және халыққа деген сүйіспеншілік, патриотизм – бұл азаматтық бірегейлікті қалыптастыру үшін ең маңызды бағыт, бұл екі елдің білім беру стандарттарының құрылымында көрініс тапқан.

Қытай және қазақ елінің стандарттарында оқушылар арасында ынтымақтастықты, еңбекқорлықты және тәуелсіздікті дамытуға арналған нұсқаулар бар. Қазақстанның нұсқасында нәтижеге бағытталған жұмыс және шығармашылық жұмысқа деген ынтаның қалыптасуы, ал қытай елінде – еңбекқор болу қажеттілігі туралы айтылады. Біздің көзқарасымыз бойынша, қазақ елінің нұсқасында еңбекке ынталандыруды, ал қытай елі – еңбекке деген сүйіспеншілікті дәріптейді. Мұғалім мен студенттер арасындағы қарым-қатынастың, сондай-ақ басшы мен бағыныштылар арасындағы айырмашылық 1 суретте жақсы түсіндіріледі. Мысалы, Германияда жетекші тұлға әріптестерімен қатар тұрса, ал Қытайда ол әріптестерінің арасында ең жоғары орынға ие.



1-сурет. Ұжымдағы жетекшінің орны (Германия және Қытай) [7]

Қарастырылып отырған білім беру стандарттарының әлеуметтік құндылық бағдарларында тағы бір айырмашылық бар. ҚР нұсқасында басты мәселе жанжалдарды жасамау және даулы жағдайлардан шығу мүмкіндігін қалыптастыру болып табылады. Қытайлар "和" деп қалайды, бұл "үйлесімділік, бейбітшілік" дегенді білдіреді. Конфуций "үйлесімділік – құнды болуы керек" деп санаған [8], бұл конфуцийшілдікпен қорғалатын этикалық, саяси және әлеуметтік принцип. Осындай тұғырмен қытай және қазақ мәдениеттері өзара ерекшеленеді.

Қазақстан мен Қытайдың жалпыға бірдей білім беру стандарттарындағы әлеуметтік құндылықтар мен құндылықтық бағдарлар

Құндылық түрі	Тұлғалық нәтижелер	
	ҚР	ҚХР
Әлеуметтік	Азаматтық бірегейліктің негіздерін қалыптастыру, өз Отаны, халқы және тарихы үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру; олардың этникалық және ұлттық ерекшеліктерін білу	Отанды және халықты сүю, мемлекеттік намысты сақтау
	Әр түрлі әлеуметтік жағдайдағы ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастық дағдыларын дамыту	Басқа адамдармен біріге білу және ынтымақтаса өмір сүре білу
	Шығармашылық еңбек мотивациясының болуы, нәтижеге қарай жұмыс істеу	Еңбекқор болу, өз ісіңізді жақсы орындау және басқаларға көмектесуге дайын болу; үй тапсырмасын орындауда бастама көтеру; еңбек тәжірибесіне қатысу, ерікті негізде қызмет көрсетуге ұмтылу (еріктілік)

Өз әрекеттеріне жеке басымен жауап бере алу қабілетін дамыту	Жеке даралықты дамыту, өз бетінше өз жұмыстарын, міндеттерін атқара білуді дамыту
Әлеуметтік бостандықпен әділдік туралы түсінік	Мемлекеттік Заңды сақтау және мектептің қағидалардың мойындау
Жанжалдарды жасамау және даулы жағдайлардан шығу жолын табу қабілетін дамыту	

Моральдық құндылықтар туралы айта отырып (4-кесте), ескере кету керек, ҚР білім беру стандартында адамгершілік нормалары жалпылай сипатталған. Қытайдың «Кодексі» талап етілетін моральдық қасиеттер егжей-тегжейлі көрсетілген: сыпайы және ақкөңіл, адал, сенімді ақтау, өз міндеттерін орындау және т.б. және бұл құндылықтардың барлығы моральдық нормаларға енеді.

Осыдан 2500 жыл бұрын Конфуций білім беру идеясын – «адамгершілікті» алға тартты. Конфуций: "Үйде ата-ананы құрметтеп, оларға мойынсұну керек, ал сыртта үлкендерді құрметтеу және сүю керек", – деді. Адамгершілік принципі осылай жүзеге асырылады. Қытайдың көне мақал-мәтелі бар: "Барлық моральдық принциптердің ішіндегі ең бастысы – ата-ананы құрметтеу". Қытайдың мектеп оқушыларының кодексі «Ата – ананы құрметтеу және тыңдау, мұғалімді құрметтеу және адамдарға жақсы қарау» ойын жалғастыруда.

4-кесте

ҚР мен ҚХР мектебінің стандарттарындағы моральдық құндылықтар мен құндылықтық бағдарлар

Құндылық түрлері	Тұлғалық нәтижелер	
	ҚР	Қытай оқушыларының Кодексі бойынша
Моральдық	Моральдық нормалар туралы идеялар, этикалық сезімдерді, мейірімділік пен эмоционалды-адамгершілік жауапкершілік сезімдерін дамыту	Оптимистік және ашық, Интернетте өзін өркениетті ұстау; басқаларға қызғаныш білдірменіз; сыпайы және ақкөңіл болу; саналы түрде кезекке тұру; жалпы тазалықты сақтау
	Басқа адамдардың сезімдерін түсіну және бөлісу	Адал болыңыз, өзіңізге деген сенімді ақтаңыз; әрекеттер сөздерге сәйкес келуі керек, өтірік айтпауы керек, теріс пайдаланбау керек, қарыздарын уақытында қайтаруы керек; егер қателер болса, оларды түзетіңіз
		Ата-аналарды құрметтеу және тыңдау, мұғалімді құрметтеу және адамдарға жақсы қарау; ұжымды қорғау, оқушыларға көмектесу; сынды кішіпейілділікпен қабылдау

Осылайша, мектепке арналған екі стандарттың құндылық параметрлерін талдау негізінде біз Қытай және Қазақстан мектептерінің оқушыларында қалыптасқан көптеген құндылықтар сәйкес келеді деп тұжырымдаймыз. Бірақ сонымен бірге айырмашылықтар да бар. Олар саяси құндылықтарға қатысты. Қытайлық "Кодекс" негізінен елдің саясатына бағытталған. Оқушылар арасында қалыптасқан саяси құндылықтың мысалы – бұл партияға деген сүйіспеншілік. ҚР білім беру стандарты әлеуметтік әділеттілікті, бостандықты және демократиялық құндылықтарды тәрбиелеу міндетін тұжырымдайды. Қытайда жаңа білім беру реформасы мұғалімдер мен студенттер арасында үйлесімді және әділ қарым-қатынас орнатуды ұсынады. Қытайлық "Кодекс" әлеуметтік моральдық құндылықтармен қатар, ҚР стандартында ұсынылғандарға сәйкес келеді, конфуцийшілдік идеяларын жалғастыруда, студенттерді үйлесімділік, адамгершілік және құрмет қағидастарына сәйкес тәрбиелейді.

Әдебиеттер:

1. Исмаилова З.К., Байбаева М.Х., Сапаров А.Б. Основные категории педагогики – развитие, воспитание, обучение, образование // Молодой ученый. 2015. № 8. С. 937–940.
2. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік
3. жалпыға міндетті стандарты (2020.05.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электронды ресурс] // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38444433#pos=6;-108
4. 小学生守则 (2015 年修订) = Кодекс школы (пересмотренный в 2015 г.) [Электронный ресурс] // 中华人民共和国教育部 = Министерство образования Китайской Народной Республики. URL: http://www.moe.edu.cn/srcsite/A06/s3325/201508/t20150827_203482.html
5. 义务教育语文课程标准 (2011 年版) [Электронный ресурс] = Стандарт обязательного обучения программ китайского языка (пересмотренный в 2011 г.) // 中华人民共和国教育部 = Министерство образования Китайской Народной Республики. URL: http://old.pep.com.cn/xiaoyu/jiaoshi/tbjx/kbjd/kb2011/201202/t20120206_1099044.htm
6. Кононенко Б.И. Большой толковый словарь по культурологии. М., 2003. 511 с.

7. Ерасов Б.С. Социальная культурология : учеб. для студентов высших учеб. заведений. Изд. 3-е, дораб. и доп. М., 2000. 591 с.
8. Ost trifft West – Deutschland & China [Электронный ресурс] = Встреча Востока и Запада – Германия и Китай // Baidu. URL: <http://wenku.baidu.com/view/2629de7f7375a417866f8f77.html?from=search>
9. 张侠. «论语» 成语»以和为贵»所体现的传统文化智慧 = Чжан Ся. Идиома «гармония должна быть драгоценной», воплощенная в «Аналитике Конфуция», традиционная культурная мудрость // 语文学刊 = Филологический журнал. 2013 年. 第 8 期. 第 84 页.

*Д.С. Карынтаева, А.К. Усипбаева,
«Атамекен» жалпы орта мектебінің эксперимент
бойынша үйлестірушісі*

ЭКСПЕРИМЕНТ – БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ

«Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбында жүргізілген эксперимент жоғары сыныптарға: қазақ тілі, жаратылыстану, Қазақстан тарихы, математика, химия, физика, биология, география пәндері, ал бастауыш сыныптарда: қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика, дүниетану пәндерін қамтыды. Бастапқыдағы ЭС-ды қосқанда жалпы сегіз сыныпта эксперимент жүргізілді.

Біз басты мәселе ретінде педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі сапасын көтеруді жөн деп санап, алғашқы қадамды білім сапасын көтеру мақсатында жүргізіліп жатқан эксперимент мұғалімдердің де кәсіби біліктілігі сапасының өз дәрежесінде болғанын қажет ететінін байқадық. Әрбір педагог өзінің кәсіби біліктілігі сапасын көтеру үшін еңбек етуі тиіс екенін біліп, түрлі семинарлар мен Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығы мен химия-биология және физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектептерімен бірлесе жұмыс жасай отырып, эксперимент сыныптарда жұмыс жасайтын мұғалімдердің біліктілігін арттырудың тиімді және сан алуан жүйелерін жүргіздік.

Мамыр айында ЭС-ға сабақ беретін «Атамекен» жалпы орта мектебінің мұғалімдері Карынтаева Д., Усипбаева А., Мамедкаримова Ш., Усербаева Н., Халмуратов, Айнадин К., Муратова Б. педагог-зерттеуші болып мемлекеттік аттестациялаудан өтсе, қараша айында Ермекбаева А. Томанова А., Кулантаева З. аттестациялаудан өтіп, педагог-сарапшы санатын иеленді. Аттестациялауда жоғары балл жинап атаулы санаттарды қорғап шыққан мұғалімдердің жетістіктері эксперимент жүргізу барысындағы ізденіс пен талпыныстардың да нәтижесі деп білеміз.

Осы эксперимент жұмыстары жүргізілген уақытта пән мұғалімдерінің жылдық жоспары мен ақылдасу сабақтарының жоспарын құрудан басталды және оқу жылының басында ЭС-ға сабақ беретін пән мұғалімдерінің әдістемелік отырысы ұйымдастырылды. Бұл отырыста өткен оқу жылында атқарылған жұмыстардың келеңсіз тұстары айтылып, сабақты жоспарлау жұмыстарын жетілдіру керектігі сөз болды. Мәтін талдауда, тілдік дағдыларды қалыптастыруда, оқу мақсаттарына қол жеткізудің тиімді жолдарын анықтауда мұғалім өзі жан-жақты ізденуі тиіс екеніне көз жеткізді. [Тапсырма дайындаудан бір сәт те жалығуға болмайды, себебі мұғалім жұмысы мен ізденісі үздіксіз үдеріс болуы тиіс.]. Экспериментке жаңадан қосылған пән мұғалімдеріне түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда: эксперименттің мақсаттары мен міндеттері түсіндірілді; эксперимент тұжырымдамасы таныстырылды; ЭМ ПШО мен НЗМ-нен алған іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Жаңа оқу жылында атқарылуы тиіс жұмыстар жоспарланды. Әрбір пән мұғаліміне әр тоқсанға 2 ақылдасу сабағы қойылды. Бір жылда пән мұғалімдері 16 ақылдасу сабағын өтті де басқа да ақылдасу сабақтарына кіріп, 180 сабақ талданды.

Ақылдасу сабақтарын жоспарлау, өту, талқылау барысында мынадай нәтижелерге қол жеткіздік: Сабақты тиімді жоспарлау мақсатында оқу мақсаттарына бағытталған әдіс-тәсілдер кеңінен талқыланды. Ақылдасу сабақтарынан соң қолданылған әдіс-тәсілдердің SMART негізінде алынып, қай дағдыны қалыптастыруда тиімді екендігі анықталды. Мысалы: «INSERT» әдісі оқылым дағдысында іріктеп оқу мақсатына жету үшін өте тиімді әдіс екендігіне көз жеткіздік. «Қос жазба күнделігі» әдісі жазбаша комментарий білдіруге қолайлы, «Ақпаратты сүзіп ал», «Балық қаңқасы» әдістері негізгі, қосымша ақпараттарды анықтауда өте тиімді екендігі анықталды, «Төрт сөйлем» әдісі өз ойын жинақтауға, көтерілген мәселені талдауға сәйкес келеді, т.б.с.с.

Саралау тапсырмаларын дұрыс берудің маңыздылығы анықталды. Оқушыға саралау жүріп жатқанын білдірмей жұмыс жасаудың жолдары талқыланды: деңгейлік тапсырмаларды дұрыс әзірлеу,

реттеуші сұрақтарды дұрыс бағыттау, жауаптардың пирамидасын өздеріне құрғызу сияқты ұсыныстар айтылып, сол ұсыныстар келесі ақылдасу сабақтарында ескеріліп, саралау жұмыстары жүзеге асты.

Таратпа материалдарының оқушыға қолдау көрсету, қызығушылығын арттыру мен уақытты ұтымды пайдалану үшін маңызды екендігін білдік. Мысалы, келісу-келіспеу эссесін жазындар деп тастап қоя салмайсыз, құрылымын, жазылу әдісін түсіндіруге уақыт кетеді. Ал сұлбасын ұсыну оқушыға да, мұғалімге де өте тиімді.

Бірінші ақылдасу сабағында талқыланған әдіс-тәсілдер мен сабақты жоспарлауға айтылған ұсыныстар кейінгі ақылдасу сабақтарында ескеріліп, өз нәтижесін берді. Мысалы, «Сөз ойла, тез ойла» әдісі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді түсініп қолдануда, жаңа, көнерген, кәсіби немесе термин сөздерді сөйлеу барысында қолдану үшін ұсынылса, сол ұсыныстың ұтымды болғанын көрсетіп отырды. «Төрт сөйлем» әдісі мен «Ромбтық жіктелім» әдістері математика сабағында оқушының шығармашылық және сыни ойлау деңгейін анықтауда тиімді әдіс екендігіне осындай талқылаулардан соң көз жеткіздік.

Оқушылар кері байланыс жасауға, өзара топтық, жұптық бағалауға қалыптасып кетті.

Әдеби тіл нормаларын сақтау қамтылған оқу мақсаттарымен сапалы жұмыс атқарылып, оқушылардың грамматикалық сауаттылығын арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдер қолданылды. «Кім көп табады?», «Ақылды маркер», «Екі жақтама күнделік», «Конверт-сұрақ», «Аяқталмаған сөйлем», «Бес жолды өлең», т.б. Нәтижесінде оқушылардың сауатты жазуға деген жауапкершіліктері мен қызығушылықтары артты.

ЭМ арасында әріптестік ынтымақтастық орнады.

Білім мониторингі сапасын көтеру мақсатында оқушылардың оқытудың түрлі кезеңдеріндегі және эксперименттік пәндер бойынша оқу жетістіктері туралы жан-жақты ақпарат алынып отырды және үнемі бақылауда болды.

Пәндер бойынша оқытудың жартыжылдық кезеңінде оқу жетістіктері төмендегідей болды:

ЭС оқушылары эксперимент жүргізілген жылдары «Ұлттық және отбасылық құндылықтар», «Адамгершілік асыл қасиет», «Тарихи тұлғалар» бойынша танысып, барлық пәндерге кірітріле отырып, танымдық қабілеттерін арттырды. Берілген тақырыптар аясында оқушылар:

- тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым дағдыларына бейімделіп, осы дағдыларды сауатты түрде қолдануды үйренді;

- танымдық ақпарат ала отырып, оны өмірлік қажеттіліктеріне жұмсаудың жолдарын ізденді;
- өзге пәндер бойынша меңгерген білімдерін барлық пәнде сауатты қолдануға дағдыланды.

Коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағдарламада арнайы жүйеленіп көрсетілген оқу мақсаттары арқылы жүзеге асты. Болжам жасау, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау, оқылым стратегияларын тиімді пайдалану сынды дағдыларын дамыта білді. ЭС бастауыш оқушылары жыл бойында «Денсаулық – зор байлық», «Сүйіспеншілік пен достық», «Атадан қалған асыл сөз» атты тәрбие сағаттарын өту арқылы адамгершілік қасиеттерді танып біле отырып, осы қасиеттерді оқу мақсаттарына сай қолдану арқылы коммуникативтік дағдылары қалыптасты. Автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау, проблемалық сұрақтар құрастыру, сөйлеушінің сөйлеу ырғағы арқылы негізгі ойды анықтау сияқты оқу мақсаттарына жету үшін талпынды. Атап айтқанда:

- Тақырыпты болжау дағдылары қалыптасты;
- Мәтінде көтерілген мәселені талдап, оған пікір білдіріп, диалогке түсуді меңгерді;
- Мәтін мазмұнын түсіне отырып, негізгі және қосымша ақпараттарды табуды үйренді;
- Ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің ерекшеліктерін тілдік құралдар арқылы танитын болды;
- Өртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескеріп, қарапайым жоспар құратын болды;
- Жанрлық және стилдік ерекшелігіне сай құттықтау, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазуды меңгерді;

- Эссе жазуда құрылымын сақтап жазуды үйренді;
- Тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазуды меңгерді;

- Екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдануды меңгерді;

- Мәтіннің құрылымына назар аударып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды еркін анықтай алатын болды;

- коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестерді, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу арқылы өз ойын жеткізуді меңгерді;

- ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырататын болды;
- мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыруды меңгерді;
- эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазатын болды (келісу-келіспеу эссесі);
- көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсініп, ажыратуды меңгерді;
- ЭС жоғары сынып оқушылары тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіне отырып, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажыратуды үйренді.
- Тақырыпқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу дағдылары қалыптасты;
- Публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы танытын болды. Мысалы, публицистикалық мақала мен ғылыми мақаланы ажырата біледі;
- Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдауды меңгере бастады;
- Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құруды үйренді;
- Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешімін іздеп, өз көзқарасын білдіре отырып, дискуссивті эссе жазуды меңгерді.
- Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану дағдылары қалыптасты;
- Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдануды меңгерді.

Жоғарғы ЭС оқушылары эксперимент жүргізілген уақытта оқу мақсаттарының арасында шиыршықтау әдісі жүзеге асты. Оқу мақсаттарына жету үшін оқушылар бағалау критерилері мен тапсырма дескрипторларына сай әрекет етуге талпынатын болды. Өздері критерий ұсынатын болды. Шығармашылық қабілеттері жетілді. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, тапсырма орындағанда көбінесе қолдауды қажет етпейтін болды. Мысалы, бұрын «Төрт сөйлем» әдісінің үлгісін пайдаланса, қазір өздері жазатын болды. «Фишбоун» әдісін қолданғанда балық қаңқасын өздері сызып, тапсырманы әрі қарай жалғастырып орындайды. Тапсырмалар орындағанда үлгісін қажет етпейді. Кері байланыста әділ, еркін, шынайы болуды үйренді. Бағалаудың барлық түрлерін біледі (өзін-өзі бағалау, жұптық бағалау, топтық бағалау) және бағалай алады. Ынталандыру жұмыстары үнемі іске асып отырды. /мақтау, мадақтау, ұсыныс айту, ауызша және жазбаша кері байланыс беру, т.б./

ЭС-дың білім сапасының жоғарылауы ЭС мұғалімдерінің практикалық семинарларға барып, тәжірибе алмасудың, ақылдасу сабақ жоспарларының белсенді талқылануының, "Ашық есік" күндерінің жүйелі жұмыс жасаудың арқасында деп ойлаймыз. Жаңартылған білім беру бағдарламалары дайын оқу мақсаттарымен ерекшеленеді.

Оқу мақсаттарына бағытталған әдіс-тәсілдер БС-ның көтерілуіне септігін тигізіп, қолданудың жүйелілігі мен бірізділігін қалыптастырды. «Ромбтық жіктелім», «РАФТ», «Т-кестесі», «Еркін жазу», «Төрт сөйлем», «Автор орындығы», «Қос жазба күнделігі», «Түртіп алу», шығармашылық тапсырмалар, т.б әдіс-тәсілдер тапсырмаларға бағыттталып, өз нәтижесін берді. Бұл әдіс-тәсілдердің арқасында оқушылардың қоғамдық маңызы зор мәселелерді іріктеу, шынайы өмірмен байланыстыра білу, өз ойы мен көзқарасын дәлелдеу, комментарий білдіру сияқты дағдылары қалыптасты. Дайын тіркестер мен үлгілерді беріп тура қолдау көрсету мен ынталандыру жұмыстарының арқасында да сапа нәтижелі болды.

Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын көтеру

Оқушылардың санасына «Мәңгілік ел» идеясын сіңіру мақсатында әрбір сабақта түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, тарихи мұраларға құрметпен қарау, отансүйгіштікке тәрбиелеу барлық сабақтардың өн бойында жүре береді. Мысалы, 6-сыныптарда «Қазақстанның көрікті жерлері» бөліміндегі тақырыптарды өткенде оқушылардың туған жерге, атамекенге деген сүйіспеншіліктерін арттырып, оны қастерлеуге, көркейтуге тәрбиелеуге болады. Ол үшін мәселені талқылау, проблемалық сұрақтар құрастыру, болжау, мәселенің оңтайлы шешімін табу сияқты оқу мақсаттарына сәйкес келетін тапсырмаларды дұрыс беріп, іс-әрекеттерді дұрыс бағыттауға

тырыстық. Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие берудің сапасын көтеру мақсатында төмендегі жұмыстар атқарылды:

Ана тілімізде таза әрі мәдениетті сөйлеу, сауатты жазу тілді сақтаудың негізі екендігі сабақ барысында насихатталып отырды.

Бөлім тақырыптарына орай туған жерді қастерлеу, тарихи мұраларға құрметпен қарау, тарихи тұлғаларды танып-білу, ұлттық құндылықтарымызды сақтау сияқты пікір мен көзқарастарын қалыптастыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. /мысалы, «Бір ауыз сөз», «Төрт сөйлем», «Пікірлер алаңы», «Сен білесің бе?», т.б./

«Болжау» әдісі немесе талқылау сұрақтары арқылы да оқушыларды туған елдің жарқын болашағына үлес қосқысы келетіндей құлшыныс туғызуға болады екен. Мысалы, «Еліміздегі болашақ әуежайларды қалай елестетесіңдер?», «Түркістанды көркейту үшін не істеу керек деп ойлайсың?» сияқты талқылау сұрақтары да оқушылардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыра түсті.

Сонымен қатар, эксперимент сынып оқушыларының қатысуымен «Абай дана, Абай дара қазақта!» тақырыбында әдеби кеш өткіздік. Кеште оқушылар Абай өлеңдері мен қара сөздерін жатқа айтып, әндерін орындады.

Биология пәні бойынша «Табиғатты аялайық», математика пәні бойынша «Әл Фарабиге– 1150 жыл» жас математиктерге арналған сайыстар ұйымдастырылды.

Ата-аналар үшін «Ашық есік» күндері жарияланып, олардың сабаққа еніп, балаларының сабаққа қатысуын бақылауына мүмкіндік жасалды.

Экспериментке қатысты зерттеу жұмыстарының сапасын көтеру үшін алдымен әр бір мұғалімге көңіл бөліп, өткізетін сабақтардың сапасын жақсарту үшін, оларды сынамастан үлкен қамқорлықпен барынша қолдау және көмек көрсету керек. Экспериментке қатысты зерттеу жұмыстарының сапасын көтеру үшін төмендегі жұмыстар жүйелі атқарылды:

Ақылдасу сабақтарын жоспарлау, өту, талқылау жұмыстарын ұйымдастыруға пәндер бойынша шағын топтар құрылды.

Бұл топтардың жұмыстары үнемі үйлестірушінің назарында болды. Әдіс-тәсілдерді талқылау, іріктеу және ұсыну жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асты. Саралап оқыту және оқытуды саралау жұмыстары белсенді жүргізілді. Деңгейлік тапсырмаларды беруде реттілікті сақтау дағдысы қалыптаса бастады. Оқушыларға тура қолдау көрсетіліп, әр тоқсан сайын мақтау қағаздарымен марапатталды, оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында оларды ынталандыру үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды.

«Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбында жүргізілген эксперимент барысындағы жұмыстар негізінде ата-ана, мектеп мұғалімдерімен тығыз байланыс жасау қажеттігін және сапалы білім алуға ата-ана қамқорлығының ерекше маңызды екенін түсінді. Эксперимент сыныптарда пәндерден дәріс берген ұстаздар оқушыларға ата-анасын сыйлау, Отанын сүю, ұлттық мәдениет пен тарихты білу қажеттігін айтып, осы мақсатта ата-аналармен тығыз жұмыстар жүргізілді.

Осы эксперимент барысында мұғалімдердің кәсіби шеберлігі жетілдіріліп, түрлі әдіс-тәсілді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығы оятып, ойлау белсенділігін арттырды.

Әдебиеттер:

1. «Білім сапасын арттырудың ғылыми негіздері» тақырыбында жүргізіліп жатқан эксперимент тұжырымдамасы
2. «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» мақсатында Түркістан облысы Ордабасы және Төле би аудандарында 2018 – 2019 оқу жылында жүргізілген эксперименттің қортындысы.

З.Е. Кулантаева,
*Ордабасы ауданы «Атамекен» жалпы орта мектебі КММ,
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі*

БІЛІМ САПАСЫН ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕ КӨТЕРУДЕ АҚЫЛДАСУ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Экспериментқұбылысты тек қана сипаттауға емес, сонымен бірге оны түсіндіруге мүмкіндік беретін асихикалық зерттеу әдісін көрсетуде. Зерттеуші болып жатқан оқиғаға заңдылықтарды ашу, аса қолайлы жағдайлар кешенін бөлу мақсатында жоспарлы түрде ықпал етеді. Бұл әдіс негізінен, педагогика саласындағы ғылыми жұмыста қолданылады. Сондай-ақ жаңа жұмыс тәсілдерінің және оларды ынталандырудың күнделікті іс-әрекетінде қолданыла алады.

Сабақ – педагогикалық туынды, мұғалімнің жұмысының көзге көрінетін негізгі бір бөлігі. Әрбір сабақ біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға бағытталады: оқыту, дамыту, тәрбиелеу. Сабақ сыныпқа кіргенге дейін оған алғашқы дайындықтан басталады және сабақ жоспарын дайындау - табысты сабақты құрылымдаудағы жауапты кезең. Белсенді сабақ – табысты сабақтың алғышарттарының бірі. Ақылдасу сабақтарын жоспарлауды неден бастадық? Алдымен дайындық жұмыстарын жасадық:

- оқу бағдарламасындағы, тізбектелген сабақтар топтамасындағы осы сабақтың орнын белгіледік;
- оқу мақсаттарына байланысты сабақтың тақырыбын,мақсаттарын анықтадық;
- тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдар мен түсініктерді зерделедік;
- өткен және келесі сабақтарға шолу жасап,осы тақырыппен байланысын ескеру арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ойларды толықтырып жинақтадық.

Келесі кезекте, сабақтың кеңейтілген жоспарын жазып,әдістемелік жобасын құру қажет болды. Ақылдасу сабақты жоспарлау үрдісі әрбір педагогке белгілі келесі қадамдардан тұрды:

- Сабақтың мақсат, міндеттерін анықтау (тақырыпқа байланысты сабақтың оқу мақсаттарын,тілдік мақсаттарын анықтау);
- Бағалау критерийлерін анықтау (белгіленген мақсаттарға жету деңгейін бағамдауға қолданылатын бағалау критерийлерін анықтау);
- Оқу материалының мазмұнын саралау;
- Оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдау;
- Оқушылардың сабақта жұмыс істеу түрін, оқыту үлгілерін анықтау;
- Бағалауға арналған тапсырмаларды дайындау;
- Үйге берілетін тапсырмаларды таңдау;
- Бақылау, бағалау түрлерін белгілеу;
- Сабақты қорытындылауға қажетті сұрақтарды дайындау, т.б.

Әрбір кезеңде қолданылатын оқыту үлгілеріне (жеке, жұптық, топтық, бүкіл сыныптық), оқытудың әдіс-тәсілдеріне мән беру керектігін түсіндік, себебі ақылдасу сабағында мұғалім мен оқушының атқаратын қызметі мен іс-әрекеттерінде үлкен өзгеріс бар; сабақты жоспарлағанда біз педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнын анық, яғни өзіміздің және оқушыларымыздың орындайтын әрекеттерін ашып көрсеттік. Ақылдасу сабағында оқушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс табады.

Оқу мақсаттары нені оқып-білу және нені бағалай алу керектігін көрсетеді. Егер нәтижесінде неге қол жеткізуіміз керектігін білмесек, оқу мен оқытудың табыстылығын бағалау мүмкін емес. Бағалау критерийлері оқу мақсатына жетуге бағыттарған қадамдар ретінде қарастырылады. Бағалау критерийлерін нақты анықтамай қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізу мүмкін емес.

Ақылдасу сабақтарында белсенді оқу әдістерін ұтымды қолдану, оқу-танымдық үдерістің табыстылығын арттыруда ынталандыру, жағымды психологиялық орта орнату, оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру сияқты маңызды мәселелерді басты назарға алдық.

Табыстылыққа ұмтылу – оқу мен оқытудың негізгі мақсаты. Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу алдын ала болжауға да мүмкін болмайтын көптеген жағдайларға тәуелді күрделі үдеріс.

Оқытудың табыстылығы пәннің ерекшелігіне сәйкес тиімді әдістерді таңдай білетін мұғалімнің шеберлігіне байланысты болатыны анық. Сабақ мақсаттарына сай тиімді әдістерді таңдап алуды әріптестерімізден үйрендік, түсінбеген жайларын бірге талқыладық. Сонымен қатар мұғалімнің мәдениеті мен оқушыларға деген сүйіспеншілігін маңызы зор. Осы орайда оқушыларға мәдениетті сөйлеп, жылы шырай таныттық. Ақылдасу сабағынан оқушы өзіне қажетті, жаңа нәрсе үйреніп, көңілі

толып шықса мұғалімнің еңбегі табысты болады. Керісінше болса – сабақтың сәтсіз болғаны. Мұндай жағдайда мұғалімнің ойлануы керек деген сөз. Сабақтың табысты болуы тек мұғалімге ғана қатысты нәрсе емес, оқушының ынта-жігері мен өзіндік білім алуына деген жауапкершілік пен ата-анаға да байланысты. Мұғалім дайын, жаттанды білім беруден арылып, оқушыны жаңа білімді өздігінен игеруіне бағыттауы керек.

Тиімді сабақта еркіндік, серіктестік (мұғалім мен оқушы), сенімділік (табысқа жету), толеранттық (дамуға қолайлы орта), шыдамдылық қағидаттарын қамтамасыз ету қажет.

Сабақтың тиімділігін арттыту әрбір педагогтың қолынан келеді. Мұғалім қиындықтарды шешу жолында әріптестерімен үнемі байланыста болып, ақылдасып тұруы қажет...

Бізге ақылдасу сабақтарының тигізген пайдасы орасан зор. Дәлірек айтар болсақ, Назарбаев зияткерлік мектебінен алған тиімді әдіс-тәсілдеріміз: саралап оқыту, жазылым тапсырмаларының тиімді жолдары жұмысымызға ерекше бағыт берді. Өзіміздегі мектепшілік және аймақтық ақылдасу сабақтарынан да тиімді әдіс-тәсілдерді қолданудың маңызын талқылау да ерекше әсер етті. Саралап оқытудың ең тиімдісі «А», «В», «С» деңгейіндегі оқушыларға жаңа сабақты меңгеруіне ықпал жасайтынына көзіміз жетті. Саралау арқылы бір тапсырманы үш рет түрлендіріп беру оқушыға оң нәтиже беретіндігін байқадық.

Өзін-өзі оқыту арқылы оқушы оқушының тілін түсінетіндігіне, бірге талдап, талқылай алады. ЖАДА арқылы оқушы өзін сатылай дамуға бағыттайды, сабақты жеңіл түрде меңгереді, әрі оқыту арқылы бір-бірінің білімін шыңдайды.

Сабақтағы түрлі әдіс-тәсілдер, шығармашылық тапсырма арқылы шығармашылыққа баулу: «Бес жолды өлең» әдісі, эссе жазу, «Сен білесің бе?» әдісі арқылы ақпарат жинау арқылы «А» дәрежесіндегі оқушылардың ойлау қабілеті дамып, сабақтағы тақырыптарды жүйелі жоспарлай алады. «Бес жолды өлең» әдісі арқылы оқушы өлең шығаруға дағдыланады. Сенбі күндері өзіндік тапсырма (көркем әдеби кітаптар оқу) бере отырып, кітапханамен тікелей байланыс орнаттық. Мысалы:

1. Кім? Зат есім
2. Қандай? Сын есім
3. Не істеді? Етістік
4. Сөз тіркесі.

5. Синоним-деп «Бес жолды өлең» әдісін пайдалану арқылы оқушылардың поэзияға деген ынтасын арттыруға болады.

Эссе жазу арқылы саралау жұмысы тиімді екеніне көзіміз жетті. Жазба жұмысын жазу барысында дайын тіркестер беру, оқушының ойын жүйелей отырып, тапсырманы орындауға жетелейді. Мысалы:

1. Кіріспе (Кім? Не? туралы жазғалы отырғаныңыз туралы қысқаша мәлімет беріңіз)
2. Негізгі бөлім (Тақырыпқа байланысты дайын тіркестер беріледі)
3. Қорытынды (Ойын тұжырымдау мақсатында дайын тіркестер беріледі)

Саралау арқылы «В», «С» дәрежесіндегі оқушыларды жетелеуге болатындығына көзіміз жетті.

«Сен білесің бе?» әдісі арқылы ақпарат жинау арқылы «А» дәрежесіндегі оқушы ғаламтормен (смартфон) жұмыс жасай отырғызып, ізденіс жұмыстарына бағыттадық. Оқушы негізгі және қосымша ақпарат жинай отырып, тапсырманы толық аша алады.

Әр сабақта сабақ мақсатына сай әріптестермен ақылдаса отырып, әдіс-тәсілдер қолданып отырдық. Әсіресе жаңа сабақты тануда «Менің сөзім» әдісі оқушыларға жаңа сабақты меңгеруге өз септігін тигізді. Онда оқушылар мәтінді оқып, ой қорытып болған соң, мәтіннен бір-бір ақпарат айтады дағы «Менің сөзімді жалғастыр...» – деп, келесі оқушыға сөз береді. Келесі оқушы ойды жалғастырды.



Осы әдіс-тәсілдер нәтижесінде білім сапасы да көтерілді. Қазақтың Ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы болашақ білім мен ғылымның заманы боларын анық біліп, ілім қуған ұрпаққа «Ғылым

таппай мақтанба»-деп, бір-ақ ауыз сөзбен айтқан. Мен білім алуға ынталы баланы талапты, талантты, шығармашыл бала деймін.

Бүгінгі заман жаңашылдыққа бет бұрған заман. Барлық баланың бір нәрсеге қабілеті болады. Тек оны дұрыс бағыттап, кілтін, кетігін таба білу қажет. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқушылар қабілетін дұрыс талдау керек болады. Бұл ақылдасу сабақтарында тиімді жүзеге асады. Тіл сабақтарында оқушыларға ауызша және жазбаша тапсырмалар беру арқылы шығармашылық қабілеттерін ашуды ұйғардым.

Қазақ халқы салт –дәстүрге бай халық. Балаларға арналған, оларға қызықты болған дәстүрлерді оқушыларға тапсырма етіп бердім. Олар ақпарат жинады.

Жинаған ақпараттарын ортаға салып, нақты және қосымша ақпараттарға бөліп талдады. Бұны дамыту үшін қанатты сөздер, даналық сөздер, мақал-мәтелдер беріп, пысықтай жүрдім. Оқушының білімге деген құштарлығы артты. Сөйлеу тілі дамыды. Сөздік қоры байыды. Осы арада бір-біріне сұрақ қойдырып, өз ойларын толықтырып, дәлелдеуге үйреттім.

Өзі қызыққан тақырыпты жаттап алуды ұсындым. Кейінгі сабақтарды жаттағандарын сұрап, марапаттап отырдым. Жаңашыл ұстаз – күнде ізденетін, тыным таппайтын, талапшыл ұстаз.

Білім сапасын көтеру жолында мұғалім іс-әрекеттің үйлестірушісі, ұйымдастырушысы, білімнің құндылығына мән беруші, жаңа жолдар табушы болуы керек деп ойлаймын.

Білім шыңына бағыттауда, шығармашыл жасты тәрбиелеуде жаңа ақпаратты беріп қана қоймай, оқушыны шыңдай түсуі қажет. Оның үшін ақылдасу сабақтарын ұйымдастыру керек. Ақылдасу сабақтарын өткізу арқылы оқушының танымдық ізденімпаздығын қалыптастырамыз, сұрақтармен мәселелерді терең талдауға, кітаппен жұмыс жасап, көркем және ғылыми әдебиеттермен танысып, сөз мәдениетін қалыптастыруға, тұжырым жасап, қорытындылауға, білімін жүйелі толықтыруға үйретеміз.

Сабақта техникалық құралдарды пайдалану, бейнесабақтар қою, анимациялық фильмдер, аудиожазба, бейнетаспа материалдары арқылы сабақты түрлендіру сабақ сапасын арттырды. Бұл оқушының білім алуға деген ынтасын одан әрі шыңдай түстеді.

Бүгінгі күн ұстазы алдында білім мен тәрбие беру атты үлкен жауапкершілік тұр. Болашақ ұрпақ кемелді, білімді болу ұстаз арқасында. Ұлы Абайдың сөзімен айтқанда «Жақсы адам болу жақсы ұстаздан...» дегендей, бала бойындағы данынды танып, оған дұрыс бағыт-бағдар беру жаңашыл ұстаздың ерен еңбегі екені хақ.

Әдебиеттер:

1. ҚР Білім туралы Заңы. Астана. 2004 жыл.
2. Н. Ә. Назарбаев «Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек» «Егемен Қазақстан». 31 тамыз. 2000 жыл.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 2016ж.
4. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. 1991ж.
5. Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізілетін эксперименттердің тұжырымдамасы.– Түркістан, 2019ж.

*А.К. Рысбаева, Б.К. Кудышева, Г.И. Калиева, Б.Ч. Дуанабаева,
члены АПН Казахстана*

ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ – ОСНОВА ПРОЦВЕТАНИЯ СТРАНЫ

Благополучие современного мира в решающей степени обусловлено духовными ценностями и идеалами. Мощный национальный дух является «формулой успеха» тех стран, которые сумели завоевать устойчивые позиции в числе конкурентоспособных современных государств. Благодаря человеческому фактору, а именно высокому чувству патриотизма, национальной гордости, помноженному на интеллектуальный, образовательный ресурс стало возможным их динамичное и успешное развитие.

Каждая культура – это набор конкретных, разделяемых большинством ее представителей ценностей, находящихся в определенной субординации. Зародившись в истории человеческого рода как некие духовные опоры, ценности помогают человеку устоять перед лицом любых жизненных испытаний. Постигание культурных ценностей – средство самопознания человека, способствующее максимальному раскрытию его духовных и нравственных сил.

Обретение независимости стало переломной вехой в истории Казахстана и его многонационального народа. В силу проявления объективных законов возникла необходимость в переоценке социальных идеалов, ценностей и приоритетов. В новых исторических условиях важно было обеспечить сохранение гуманистических и национальных идеалов, государственной независимости и единства народа, ценностей семьи и личности.

С первых лет суверенитета начались глубинные преобразования во всех сферах общественной жизни страны. В педагогической теории и практике велись активные поиски оптимальной национальной модели образования, опирающейся на традиционные духовные ценности народа и учитывающей вызовы эпохи глобализации.

Основу национальной идентичности составляет самосознание личности, группы, народа, их ответы на вопросы: «Кто мы?», «Какие мы?». Идентичность рассматривается как отождествление себя с общностью, представление о ней, эмоциональное переживание этих представлений и готовность действовать. Национальная идентичность – это показатель единства граждан страны, общности их целей, интересов, ценностей и ответственности, показатель их самовосприятия как части единого целого.

Ключевым направлением модернизации общественного сознания в Казахстане является повышение конкурентоспособности личности и нации в целом. В связи с ускорением изменений в промышленности, экономике и обществе, обусловленным развитием технологий, возникает необходимость поиска новых источников национальной конкурентоспособности.

В 2004 году доктор педагогических наук, профессор Кусаинов Аскарбек Кабыкенович вместе с группой ученых-единомышленников инициировал создание Академии педагогических наук Казахстана. Огромной его заслугой является то, что деятельность этого общественного объединения изначально была ориентирована на консолидацию известных ученых, учителей, работников системы образования в целях поступательного развития педагогической науки Казахстана.

На базе АПНК за время ее существования были выполнены многочисленные фундаментальные и прикладные научно-исследовательские проекты, направленные на повышение качества отечественного образования. Под научным руководством Кусаинова А.К. защищены докторские, кандидатские и магистерские диссертации, посвященные проблемам истории педагогики, сравнительного образования, разработке проблем учебниковедения, модернизации отечественного образования и науки.

Научные книги, статьи, выступления на семинарах и конференциях членов АПНК способствовали повышению качества образования, совершенствованию духовно-нравственного, интеллектуального, патриотического воспитания и развития подрастающего поколения.

В период 2018-2020 гг. при поддержке Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан на базе АПНК под руководством доктора педагогических наук, профессора Рысбаевой Аршагуль Клышбековны был успешно реализован исследовательский проект «Развитие воспитательной системы школы на основе программы нравственно-духовного образования «Самопознание» в контексте модернизации общественного сознания» (№ АР05131383).

Хотелось бы более подробно описать результаты реализации данного проекта, которые позволяют поднять на качественно новый уровень организацию воспитательной работы в казахстанских школах, чтобы каждая из них могла стать воспитательной системой, отвечающей вызовам времени.

Во-первых, определены концептуальные подходы к развитию воспитательной системы школы на основе программы нравственно-духовного образования «Самопознание» в контексте модернизации общественного сознания. Возможности воспитательной системы школы рассмотрены сквозь призму *аксиологического, деятельностного, личностно-ориентированного и системного подходов*.

Научное осмысление категории «воспитательная система» стало возможным вследствие влияния на теорию и практику воспитания идей системного подхода, получивших широкое распространение в психолого-педагогической науке. Воспитательная система школы рассмотрена нами как устойчивая социально-педагогическая целостность, определяющая характер отношений педагогов, учащихся, их родителей и объединяющая все виды их совместной деятельности (учебной, внеучебной, внеурочной и внешкольной) вокруг наиболее актуальных общих смыслов, ценностей, целей воспитания.

С позиции личностно-ориентированного подхода сделан акцент на воспитании личности, способной к творческой самореализации, культурной идентификации, нравственной саморегуляции и адаптации в изменяющейся социокультурной среде. Личностно-ориентированный подход предполагает не прямое, а опосредованное влияние на личность, когда предметом управления становятся отбор личностно-развивающего содержания и технологий, осуществление мониторинга воспитанности учащихся.

В содержании воспитания выделены: ценностный, мировоззренческий компонент (система ценностей или жизненных смыслов); культурологический компонент (освоение культуры); компонент социализации (накопление общественного опыта, опыта гражданского поведения личности); личностный компонент (развитие способностей личности к самопознанию, саморегуляции, самоконтролю, самоорганизации).

Во-вторых, в рамках данного проекта разработана теоретическая модель воспитательной системы школы на основе программы нравственно-духовного образования «Самопознание». С учетом имеющегося опыта проектирования школьных воспитательных систем в модели ВСШ нами выделены следующие **компоненты**:

- ценностно-целевой;
- функционально-деятельностный;
- субъектно-отношенческий;
- пространственно-средовой;
- оценочно-результативный.

На уровне *ценностно-целевого компонента воспитательной системы школы на основе программы НДО «Самопознание»* уточнены и конкретизированы цели и задачи воспитания, обучения и развития школьников, в контексте задач модернизации общественного сознания переосмыслены ценности общества педагогов, детей и их родителей.

В качестве обобщенных ценностно-целевых ориентиров развития воспитательных систем в условиях модернизации общества и системы образования обоснованы следующие приоритеты: *формирование у учащихся культа знаний, сохранение и укрепление национальной идентичности, развитие конкурентоспособности, открытости сознания и социальной ответственности.*

Особенностью реализации *функционально-деятельностного компонента воспитательной системы школы на основе программы НДО «Самопознание»* выступает соответствие задачам модернизации общественного сознания системообразующего вида деятельности школы, конкретных форм и методов организации совместной деятельности и общения основных субъектов образовательного процесса (школьников, родителей, педагогов), содержания и стиля жизни всего школьного сообщества. Большое значение при этом имеет создание воспитательной среды, воссоздающей конструктивные модели жизнедеятельности современного гражданского общества.

Особенностью функционирования *субъектно-отношенческого компонента воспитательной системы школы на основе программы НДО «Самопознание»* является высокая активность детей и взрослых, участвующих в создании, управлении и развитии воспитательной системы в контексте задач модернизации общественного сознания.

Особенностью функционирования *пространственно-средового компонента школьной воспитательной системы* является освоенная в процессе развития воспитательной системы среда, а также связи и отношения школьного общества с другими общностями.

Оценочно-результативный компонент воспитательной системы предусматривает рассмотрение критериев эффективности воспитательной системы, методов и приемов изучения результативности воспитательной системы, форм и способов анализа, оценки и интерпретации полученных результатов. При отсутствии достоверной, подвергнутой тщательному анализу информации о развитии личности ребенка и формировании коллектива ставится под сомнение педагогическая целесообразность всей достаточно сложной и трудоемкой деятельности, проводимой по построению воспитательной системы.

В-третьих, в данном исследовании предложено научно-методическое обеспечение функционирования воспитательной системы школы на основе программы нравственно-духовного образования «Самопознание». Изучены и обобщены основные сферы сотрудничества субъектов образовательного процесса – педагогов, детей, родителей: *управление воспитательной системой; учебный процесс; внеучебная деятельность; дополнительное образование; взаимодействие с семьей; взаимодействие с обществом.*

Современные методы управления школой направлены на реализацию актуальных запросов коллектива, определяющих роль и статус личности, социально-психологический климат, этику поведения и общения субъектов образовательного процесса. Главной особенностью этих методов является обращение к внутреннему миру человека, его личности, с целью мобилизации внутреннего потенциала человека (интеллекта, чувств) для решения конкретных задач организации.

В учебном процессе важно учитывать *систему взаимоотношений* всех участников познавательной деятельности: педагога по отношению к детям, детей по отношению к педагогу, детей по отношению

друг к другу. Отношения, складывающиеся между субъектами образовательного процесса, формируют атмосферу, в которой происходит духовно-нравственное развитие личности учащегося.

Ценностные ориентиры и жизненные навыки учащихся развиваются в рамках социальных практик и программ, которые существенно расширяют границы воспитательной системы школы.

Важным направлением деятельности школы является сотрудничество с родителями. Казахстанскими школами накоплен продуктивный опыт, интегрирующий традиционные и новые, интерактивные формы работы с родителями.

В контексте модернизации общественного сознания важное значение имеет развитие социального партнерства субъектов, заинтересованных в создании благоприятных условий для обучения, воспитания и развития школьников.

Как видим, программа «Самопознание» является системообразующим компонентом усиления ценностного потенциала воспитательной системы школы и общества. Особенность настоящего этапа в развитии программы нравственно-духовного образования «Самопознание» определяется усилением ее направленности на реализацию задач модернизации общественного сознания и духовного возрождения казахстанского общества.

Научно-обоснованные разработки, полученные в ходе исследования, расширяют возможности совершенствования воспитательных систем в общеобразовательных школах Казахстана. Конкретные результаты исследования предлагаются педагогической общественности в качестве рекомендаций для разработки системных мер по улучшению качества среднего образования.

В заключение хотим отметить, что 30-летие Независимости Казахстана ознаменовано признанием Академии педагогических наук Казахстана в стране и за рубежом. Президент АПНК, доктор педагогических наук Казахстана, профессор Аскарбек Кусаинов, который отмечает свой 70-летний юбилей, сегодня является почетным профессором более 10 академий и университетов Казахстана и зарубежных стран, членом Исполнительного комитета Всемирного совета общества по сравнительному образованию, международным экспертом по сравнительной педагогике.

Мы глубоко признательны президенту Академии педагогических наук Казахстана Кусаинову Аскарбеку Кабыкеновичу за огромный личный вклад в развитие педагогической науки Казахстана и подготовку научно-педагогических кадров. Своими научными поисками и многогранным жизненным опытом он на личном примере показывает как много может сделать один человек во имя процветания своей Родины.

Р.Б. Умирбаева,

«7M01101 – Педагогика және психология» мамандығы,

1 курс магистранты

*Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор, академик Құсайынов А.Қ.,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЕР ТҮЛҒА

Белгілі компаративист ғалым және академик, педагогика ғылымдарының докторы, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, Салыстырмалы білім беру қоғамдарының бүкіләлемдік кеңесінің Атқарушы комитетінің мүшесі, Қазақстанда Салыстырмалы педагогика ғылымының негізін қалаушы, ғылым, техника және білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Аскарбек Қабыкеноұлы Құсайыновтың отандық білім беру жүйесін дамытудағы қосқан үлесі зор.

Аскарбек Қабыкеноұлының салыстырмалы педагогика саласындағы ғылыми еңбектері әлемдік білім кеңістігінде туындаған маңызды проблемалық сұрақтарды шешуге бағытталған зерттеулердің шынайы нәтижелеріне сүйеніп, оларды отандық білім біру кеңістігін өркендетуге лайықтап ұсынады. Осы себептен де, профессор, академик Аскарбек Қабыкеноұлының әлем кеңістігіндегі озық теория мен практика жетістіктерін отандық білім кеңістігіне таратуы – еліміздің материалдық және рухани байлығын арттыруға құйылып жатқан басты инвестиция десек те болады.

Аскарбек Қабыкеноұлы Құсайынов Шығыс Қазақстан облысындағы Қайнар ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Қайнар орта мектебін бітіріп, Қазақ политехникалық институтына түсті. 1973 жылдан бастап ғылыми жұмыспен айналысып, 1975 жылы Алматы энергетика институтының аспирантурасына түседі. 1976-1979 жылдары Германияның Ильменау қаласындағы Жоғары

техникалық мектебінің докторантурасында оқуын жалғастырып, 1979 жылы диссертациясын сәтті қорғап, «Доктор-инженер» ғылыми дәрежесін алады. Асқарбек Қабыкенұлы біздің еліміздегі шетелде техникалық салада білім алған, сондай-ақ осындай дәрежеге ие болған алғашқы ғалым болды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінде жұмыс барысында шет елдердің білім беру жүйесін зерттеу мәселесімен және олардың оң тәжірибесін біздің елімізде қолдану жолдарын анықтаумен белсенді түрде айналысты. Бұл жұмыстар профессордың Салыстырмалы педагогика ғылымына келуіне себепші болды. Оның Салыстырмалы педагогика ғылымы саласы бойынша жазған алғашқы еңбектерінің бірі – «Германия Федеративтік Республикасында және Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту (салыстырмалы-педагогикалық сипаттама)» («Развитие образования в Федеративной Республике Германии и Республике Казахстан (сравнительно-педагогическая характеристика)»).

